

811.512.1'27

6188

к



Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

МӘНГІЛІК МАЙДАН

немесе тілдер тоғысындағы

түркі әлемі

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

МӘНГІЛІК МАЙДАН
немесе тілдер тоғысындағы
түркі әлемі



Алматы
2014

УДК 811
ББК 81.2
Ы 88

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Түркі филологиясының терминологиясы: тілтану,
әдебиеттану» жобасы аясында шығарылды.

Жұмыс С. Демирел атындағы университеттің филология
факультетінің қазақ филологиясы кафедрасында
орындалып, университеттің ғылыми кеңесінде бекітілген.


ЫСҚАҚҰЛЫ Д.

Ы 88 **Мәңгілік майдан.** *Монография.* – Алматы: «Таңбалы»
баспасы, 2014. – 408 бет.

ISBN 978-601-80344-5-9

Монографияда жаһандану кезіндегі қоғамда жүріп жатқан тілдік құбылыстар әлеуметтік, филологиялық тұрғыдан талданылып, әлемнің тілдік бейнесі, түркі тілдерінің, оның ішіндегі қазақ тілінің тағдыр-талайы, жүріп өткен жолдары мен бүгінгі күнгі жай-күйі, болашағы ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараланады. Түркі халықтарының ортақ әліпбиі, тілі, рухани құндылықтары сияқты мәселелер кеңінен сөз болады.

Кітап өз ұлтының болашақ тағдырына бейтарап қарай алмайтын ұлтжанды зиялыларға, ғалымдарға, бакалаврлар мен магистранттарға, докторанттарға, жалпы қалың оқырман қауымға арналған.



УДК 811
ББК 81.2

ISBN 978-601-80344-5-9

© Ысқақұлы Д., 2014
© «Таңбалы», 2014

ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дауылдатқан, бұрқ-сарқ қайнаған саяси оқиғаларға толы ХХ ғасырды артқа, тарихтың еншісіне қалдырып, адамзат баласы болашаққа деген үлкен үмітпен жаңа жүзжылдыққа қадам басты. Өткен ғасырдағы қоғамдық даму әлеуметтік-саяси жағынан аса маңызды оқиғаларды басынан өткерді: адамзат баласының бақытты өмір сүретін заманы саналып, жер бетінің үштен біріндейінде орнаған социализмнің «салтанатты сарайының» ақыр соңында өзінен өзі шаңырағы ортасына түсіп, қирады; Азия мен Африканың көптеген елдері ұлт-азаттық қозғалыстың барысында тәуелсіздіктеріне қол жеткізіп, капитализмнің отаршылдық жүйесінің тасталқаны шықты. Дамудың негізгі көрсеткіштерінің бірінен саналатын ғылым мен техникада да орасан жаңалықтар өмірге енді; солардың ішінде адам баласының айға ұшуын, атом энергиясының ашылуын, адам сияқты ойлайтын машиналардың жасалуын алдымен, айтар едік. Адам баласының өміріне ұлы өзгерістер әкелген мұндай жаңалықтар ХХ ғасырды ғарыш ғасыры, атом ғасыры, ақпараттық технологиялар ғасыры атандырды.

Жиырмамыншы ғасырдың басында марксизм-ленинизм классиктері «Еуропаны елес кезіп жүр, ол – коммунизм елесі» деп, жар салса, ақырында сол елес шындыққа айналып, жетпіс жылдай әлемді капитализм-социализмге қақ жарып, бір-біріне қырғиқабақ қылып қойса, жиырма бірінші ғасырдың басында әлемді жаһандану елесі кезіп жүр.

Жаһандану дегеніміз – «жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі» (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3 том, Алматы, 2001, 610-бет); «адамның қоғамдық өмірінің барлық саласында еркіндік, теңдік, ашықтық жағдайындағы өзара

байланыстылық тәртібін орнатуға бағытталған бүкіләлемдік үдеріс» (Борзых С. В. Понятие глобализации: новое прочтение. «Век глобализации», 2011, №2); «мемлекеттер мен ұлттық және этникалық одақтардың мемлекеттік құрылымдырының арасындағы мәдени, идеологиялық және экономикалық жағынан бір қалыпқа түсіруді көздейтін жалпы және жан-жақты үдеріс» (А. Е. Абуов. Национальная культура и глобализация. «Қазақ өркениеті». 2010, №4); «Жалпы, ғаламдастыру деген ұғым-түсінік ұлтты жоққа шығарып, жалпыхалықтық, жалпыелдік, яғни бір орталыққа бағынған әлемдік экономикалық-саяси, қоғамдық-идеологиялық баланстағы қаржылық-интернеттік жүйе қалыптастырғысы келеді» (А. Әлімұлы. Ұлт боламын десек, «руыңмен у ішпе, қазақ!» немесе ұлттық идея туралы ой. «Ақиқат», 2014, №11). Бұл төрт анықтамаға да ортақ ең маңыздысы еркіндік, ашықтық, теңдік, қолжетімділік, өзгермелілік секілді ұстанымдарға сүйене отырып, жаһандану барысында жер бетіндегі адамзат қоғамы көрінбейтін бір орталыққа бағынатын біртұтас әлем құруға ұмтылады.

Жаһанданудың идеологтары бұл болмай қоймайтын, жалпы адамзат баласын жарқын болашаққа бастайтын бірден-бір жол, басқа барар жер жоқ деп, күндіз-түні жарнамалауда. Жан-жақты жарнамаланып, насихатталып жатқан жаһанданудың алғашқы жетістіктерінен-ақ Батыстағылар оның болашағынан үлкен үміт күтуде. Үстіміздегі ХХІ ғасырды бір сөзбен айтқанда, жаһандану дәуірі деп атауға болады. Жаңа заман – жаһандану дәуірінде өткен ғасырдың қоғамдық-әлеуметтік дамуындағы үдерістер әбден пісіп, жетіліп, енді жаңаша формада жалғасын табуда.

Шындығында да, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан Батыста өріс ала бастап, тоқсаныншы жылдардан жаңаша қарқын алған жаһандану – адамзат қоғамы дамуының ғасырлар бойғы барысында жинақталған озық тәжірибелер жиынтығының халықтар арасына кеңінен таратуы. Қандай да бір ел болмасын, күнделікті тіршілікте томаға

тұйық өмір сүре алмайды; өйтсе, артта қалып қояды; мұның арғы жағында өмір сүруге қабілетсіз халық ретінде жойылып кету қаупі тұр. Көршілерімен экономикалық, мәдени қарым-қатынастар жасап, олардың жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп дегендей, байланыста болу – қоғамдық дамудың бірден-бір шарты. Сондықтан да жаһандану бұрын да болған, қазір де жүріп жатыр, алдағы уақыттарда да күшейе бермек.

Жаһандану адамзат қоғамына не берді дегенде, алдымен, ғылыми-техникалық, экономикалық жетістіктерді айтар едік. Әлемнің бір түкпірінде ашылған ғылыми жаңалық интернет арқылы сол сәтінде жер жүзіне тарап, жалпы адам баласының игілігіне айналуда. Жер бетінде жаһандануға ұшырамаған ел кем де кем. Тілдік, ұлттық, мемлекеттік шекараларды білмейтін жаһандану бүкіл әлемді қоғамдық дамудың тайқазанында бұрқ-сарқ қайнап жатқан біртұтас дүниеге айналдыруда.

Қазір әлемде жаһандану қамтымаған сала жоқ. Ішіп-жеген тамағымыздан бастап, киген киімімізге, мінген көлігімізге, өндіріс орындарының құрал-жабдықтарына, тұрғын, жатын, жұмыс жайларындағы жиһаздарға, техникаларға, рухани құндылықтарымызға, жалпы өмір сүру, еңбек ету салтымызға, рухани өмірімізге дейін қамтып, өзінің өміршеңдігін көрсетіп жатыр. Мұның барлығы да жер бетінде бір үйдің баласындай өмір сүріп жатқан халықтардың әрқайсысының жаңадан «Американы ашпай-ақ», бірінде барды басқаларының да пайдаланып, қоғамдық-экономикалық-мәдени жағынан дами, материалдық құндылықтарының жетіле түсуіне септігі тиері анық.

Демек, жаһанданудан үрке бермей, ақылға салып, оның жақсы жақтарын орынды пайдалана білсек, ұлттық мүддемізге қызмет еткізе білсек, ұтатынымыз анық. Қазіргі заманда әлемдік ауқымда барынша қарқынмен жүріп жатқан мәдениеттер мен өркениеттер қақтығысынан үркіп, жаңа заманға бейімделмей, өткенді аңсап, өткенмен ғана өмір

сүру, консерватизм ұлттық дамуды тежейді; тіпті жолда қалдырады. Сондықтан да жаһанданудың жақсы жақтарын ала білу ұлттық дамудың маңызды шарттарының бірі болып отыр. Бұл – жаһанданудың қоғамдық дамудың барысында туындаған қажеттілік, пайдалы жағы.

Жаһанданудың қазіргі замандағы бірден-бір дұрыс жолы – ол тең құқылы мәдениеттердің бір-біріне әсер ете отырып, қатар өмір сүруі; мәдениеттердің теңдігіне негізделген плюрализм мен әріптестік, диалог болып табылады (Сеидова Г. Н. Ислам и глобализация: за и против. «Век глобализации». Исследования современных глобальных процессов. 2013, №1, 70-бет). Өмір көрсетіп отырғанындай, жаһанданудың мұндай шарттары орындалмай, күш көрсетушілік, әлім жеттілік секілді тұрпайы тәсілдердің көп қолданылуы бұл үдерістің басқыншылық сыпатын арттыра түсуде.

Жаһандануды қолдаушылармен бірге оған қарсылар да жеткілікті. Екі жақтың да дәлелдері тыңғылықты. Бір-біріне мүлдем қарама-қарсы ымыраға келмейтін екі жақтың қайсысынікі дұрыс? Бұған нақтылы жауап беру оңай емес, қиын. Өйткені, жаһандану – өте күрделі, бірден байқала бермейтін сан қырлы құбылыс. Шындықты осы көп салалы құбылысты зерттеп барып, бір-біріне қарсы жақтардың пікірлерін саралап, таразыға салып барып, ортасынан іздеу керек сияқты.

Жаһанданудың ойланарлық, байқамаса, орны толмас зардаптарға, өкініштерге апарып соқтыратын тұстары да баршылық. «Өркениеттік қажеттіліктер сыртқы ортадағы қажеттіліктерді құрайды. Мұндай қажеттіліктердің ұлттық рухани қажеттіліктермен мазмұны, мәні жағынан сәйкес келмейтіні белгілі. Бірақ олардың өзара ықпалдастықта дамуы – өркениет талабын іске асырудың бір жолы. Сондықтан да осы арада қажеттіліктер арақатысы деген мәселе төбе көрсетеді» (Ж. Әбілов. Этнодеформация. (Ұлттық сана мәселелері. Қызылорда, 2007, 21-бет).

Мұндағы бар мәселе сыртқы құндылықтар мен ішкі құндылықтардың арақатынасына, яғни сырттан келіп жатқан

құндылықтардың ішкі құндылықтарға сәйкес келіп, оның ұлттық дәстүрлердің өзіндік табиғи жолымен дамуына кедергі келтірмейтіндей, керісінше, байытқа түсетіндей болуына байланысты болмақ. Өкінішке орай, ұлттық мәдениеттердің, тілдердің сырттан өзіне қажетті құндылықтарды алып, байи түсуімен қатар, сәйкеспей, ұлттық болмысты деформацияға ұшырату үдерісі де қатар жүруде.

Жаһандану барысында ұлттық мәдениет бір жағынан, жалпыадамзаттық құндылықтарға жақындай түссе, екінші жағынан, оны басқалардан ерекшелендіріп тұратын, тек өзіне ғана тән аса пайдалы, бағалы құндылықтарынан айрыла да бастайды. Осы бір-біріне қарама-қарсы үдеріс мүмкін болғанынша жүреді де белгілі бір шекке жеткенде, қарама-қарсылықтардың параллель дамуы тоқтап, текетіреске, конфликтіге ұласады. Мұндай жағдайлар көпшілігінде басым мәдениеттің әлсіз мәдениетті өзіне сіңіріп алуымен, яғни басым ұлттың әлсіз ұлтты «жұтып» жіберуімен аяқталып жатады.

Американың атақты ғалымы С. Хантингтон қазіргі таңдағы халықаралық жағдайдың ушыға бастауын алдымен, осы мәдениеттердің тоғысуынан көреді. «Адамзат баласын бір-бірінен бөліп тұрған маңызды шекара, халықаралық шиеленістердің көпшілігінің қайнар көзі – мәдениет. Ұлттық мемлекеттер халықаралық істердегі негізгі атқарушыларға айналып, әлемдік ауқымдағы негізгі текетірес әртүрлі мәдениеттерге жататын ұлттардың арасында жүретін болады. Өркениеттер тоғысы әлемдік саясаттың негізгі қозғаушы күшіне айналады» (С. Хантингтон. Столкновение цивилизаций. 1994, №1) – деп біледі.

С. Хантингтон жалпыадамзаттық ортақ құндылықтарға негізделген мәдениетпен бірге оған үйлесе бермейтін ұлттық мәдениеттердің де өмір сүріп жатқандығын, оның үстіне Батыс пен Шығыс мәдениетінің табиғаты мүлдем басқаша екендігін айтады. Мысалы, ислам, будда, православие, индуизм сияқты діни және жапон сияқты көптеген ұлттық

мәдениеттер мен Батыстың барлық халықтарға ортақ әмбебап деп ұсынып отырған «тобырлық мәдениетінің» бір-бірімен үйлеспейтін арасы – жер мен көктей. Осы себептерден де қазіргі жаһандану үдерісінің барысы үйлесімділіктен гөрі «мәдениеттер тоғысына», мәдениеттер текетіресіне, мұның аяғы қарулы қақтығыстарға ұласып жатыр.

Индивидуализмге, жеке адамның құқықтарын сақтауға негізделген батыстық құндылықтардың, американдық өмір салтының барынша насихатталуы аз санды ұлттардың ғана емес, ірі халықтардың да ұлттық-мәдени болмысына айтарлықтай әсер етіп, ұлттық болашағына қауіп төндіруде. Жаһандануда жеке адам бірінші кезекке шығып, оның барлық проблемасын шешу негізгі мақсат тұтылады. Жаһанданудың қайнаған қазаны адамның бұл өмірдегі тамағының тоқтығы, киімінің көктігі, тұратын үйінің жайлылығы, денінің саулығы, өзінді асырай, сақтай алатын мамандығының, қызметінің болуы, еркін өмір сүруге, қыдыруға қаржының болуы деген сияқты күнделікті тіршіліктің негізгі мәселелерін мемлекеттік тұрғыдан шешуді мақсат етіп, ұлттық жағын әр адамның өзі шешетін жеке ісі деп, шетке ығыстырады. Шындығында да Батыстың дамыған елдерінде адамдардың материалдық жағдайын, яғни әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуда айтарлықтай жетістіктерге жетіп жатқандығы да – өмір шындығы.

Кез келген нәрсенің тек қана экономикалық жағынан тиімді-тиімсіз екендігіне қарай бағалануы, материалдық байлықтың алға шығуы ұлттық құндылықтарды аяққа таптап, адамзат баласының моральдық болмысын азғындатып, рухани дамуын тежей бастады. Бұрын қоғам дамуында әр халықтың өзіндік ұлттық болмысы, рухани құндылықтары, ерекшеліктері шешуші рөл атқарып, қоғамның үйлесімді дамуын қамтамасыз етіп келсе, енді бұған деген кедергілер көбейіп, адамзат қауымдастығын дағдарыс жайлады. Қазір әлемді жайлап бара жатқан экономикалық, рухани дағдарыстардың негізгі себептері – осылар. Мұндай жағдай Қазақстанда да орын алуда.

Мәдениеттер қақтығысында ұлттық ерекшеліктермен қатар оның діни сипаты да олардың арасындағы антогонистік қарама-қайшылықты күшейте түсуде. Қазір Таяу Шығыста орын алып жатқан оқиғаларда дін орталық мәселеге, негізгі қозғаушы күшке айналып келе жатқандығын байқау қиын емес.

Жаһанданудың негізгі мақсаты – жер бетінде бір тілде, яғни ағылшынша сөйлейтін, сол тілде жасалынған құндылықтармен, Батыстық өмір салтымен өмір сүретін бірыңғай қоғам орнату; бұған ұлттық мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктерін жою арқылы адамзат қоғамының ортақ әмбебап мәдениетін жасау жолымен қол жеткізу.

Ұлттық дәстүр, ұлттық құндылықтар атаулыны, яғни адамзат баласының ғасырлар бойғы дамуы барысында жасаған мәдениетін, жетістіктерін мойындай бермейтін жаһанданудың оның орнына ұсынатыны – американдық үлгіде жасалынып, ақпараттық құралдар, интернет арқылы қаптатып таратып жатқан «бұқаралық мәдениет», түсінікті тілмен айтқанда, қалың көпшілікке арналған әмбебап «тобырлық мәдениет». Жаһандану арқылы жер-көкке таралып жатқан «бұқаралық мәдениеттің» ұлттық құндылықтар атаулыға қауіп төндіріп жатқаны қазір көп айтылып та, жазылып та жатыр (Б. Н. Воронцов. Феномен массовой культуры: этико-философский анализ. «Философские науки», 2002, №3, 110-123 беттер; Т. И. Сулова. Глобализация: к вопросу идентичности русской культуры. «Век глобализации», 2010, №2, 154-162 беттер; т.б.).

Ал ортақ мәдениет жасау, мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктерін жою, ұлт тілдерін, сол тілдерде жасалынған ұлттық құндылықтарды, яғни ұлт атаулыны құрту арқылы ғана мүмкін. Сондықтан да Батыстың идеологтары жаһандану барысында қазіргі замандағы қоғамдық құрылыстың негізі болып табылатын этностық, ұлттық топтардың барлығы да табиғи түрде жойылып, жаңа жалпыхалықтық қауымдастық өмірге келуі заңды дегенді құлаққа құйып жатыр.

Ал «Ұлт – ортақ тілі, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт-дәстүрлері мен діні бар адамдардың әлеуметтік бірлестігі» (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9 том. Алматы, 2007, 22-бет); «Ұлт – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық қауымының жоғары түрі. Ұлт оның құрамына кірген адамдардың материалдық тұрмыс жағдайларының, территориясы мен экономикалық өмірінің тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік психологиясындағы кейбір этникалық ерекшеліктерінің ортақтығы негізінде қалыптасты» (Қазақ совет энциклопедиясы. 11 том. 1977, 349-бет).

«Ұлт өзіне тән мәдениеті бар топ деген сөз...

Ұлт – тіл, дін, мораль және барлық көркем өнер салалары тұрғысынан ортақ, яғни бірдей тәрбие алған адамдардан тұратын бірлестік... Осы сияқты әр адам өзінің сезімдері арқылы белгілі бір ұлтқа жатады. Бұл ұлт сол адам ішінде өмір сүретін қоғамның барлық сезімін тәрбие арқылы қабылдаған және соған теңелген. Онда бұл адам тек осы қоғамның ішінде өмір сүрсе ғана бақытты бола алады. Басқа қоғамға кірсе, ол ауруға ұшырайды, сезім-түйсігі үйлесім тапқан қоғамға қайтадан оралуды аңсайды. Олай болса, қалаған кезінде ұлтын ауыстыру адамның өз қолында емес. Өйткені, әрбір ұлт өмір шындығы. Адам өз ұлтын білмей, тани алмай жүрсе, іздеу мен сұрастыру арқылы оны таба алады. Бірақ саяси партияға кірген сияқты кез-келген ұлтқа еркін кіріп, шыға алмайды» (З. Көкалып. Түрікшілдіктің негіздері. Алматы, 2000, 15-16, 18 беттер). Ғасырлар бойы тілдік, дүниетанымдық, ортақ мәдениет негізінде қалыптасқан ұлтты жойып жіберу оңай шаруа емес.

Жаһандандудың осы уақытқа дейінгі тәжірибелері бұл мәселенің осылайша оңай шешіле салмайтығын көрсетіп отыр. Керісінше, жаһандану қарқын алған сайын бұған дейін жер бетінде өзінше өмір сүріп жатқан этностық топтар тарапынан оған деген қарсылықтың күшейіп, мұның өзі ұлттық сана-сезімдерінің ояна түсуіне себеп болып жатқандығын айғақтап жатыр (А. Л. Сафонов, А. Д. Орлов. На-

ция и этнос. «Век глобализации», 2013, №2, 155-165 беттер). Бір жағынан, әлсіз ұлттарды жалмауыздай жұтқысы келетін жаһандану жұтынып тұрса, екінші жағынан, қалайда өзін ұлт ретінде қорғап, сақтап қалуға тас-түйін бекінген мемлекеттер ашық майданға шығып, осының салдарынан этносаралық, ұлтаралық, мемлекетаралық, дінаралық қатығыстар күшейіп, өріс алуда.

Кезінде Ысмайыл Ғаспарлының түрлі түсініспестіктің салдарынан соғыстан көз ашпай қойған жер бетінде тыныштық орнауы үшін негізгі шарттың бірі туыстас халықтар арасында ынтымақтастық орнату қажет екендігін ескертіп, түркі халықтарын «тілде, ділде, істе бірлікте» болуға шақырғаны мәлім. Алдымен, от басы, ошақ қасында, ағайын-туыстар арасында, ұлтшілік, ұлтаралық, мемлекетаралық түсіністік, ынтымақтастық орнамай, қоғамда тыныштық болмайтындығы – анық. Бейбітшілік жолындағы осы бір аса маңызды мәселені көтергені үшін Ы. Ғаспарлыны кезінде халықтар арасында бейбітшілікті нығайтқаны үшін Нобельдік сыйлыққа да ұсынған болатын. Бірақ та мұндай қозғалыс өздерінің мақсат-мүдделеріне сай келмейтін кеңестік империя мұны «пантюркизм» атап, халыққа қарсы құбыжық ретінде көрсетіп, қудалап, осы жолға түскен қайраткерлердің барлығын қуғынға ұшыратып, жазалады.

Енді міне, араға бір ғасырдай салып, бас көтеріп, әлемді жайпап бара жатқан жаһандану осы түркішілдіктің басқаша, тіпті қарама-қарсы сыпат алған түрі сияқты. Түркішілдікте алдымен, қоғамның даму заңдылықтары, оның адам, ол өмір сүретін ұлттық орта, мемлекет ерекшеліктері толық ескеріле отырып, жүзеге асуы керек болса, қазіргі жаһандануда мұның барлығы жоққа шығарылып, аяққа тапталып, мәдениеттердің, сол мәдениетке негізделген ұлттардың, мемлекеттердің барлығын жоюды ұсынады. Істі басынан бастап, қоғамның эволюциялық даму заңдылықтарына сай біртіндеп жүзеге асырудың орнына бірден соңынан бастап, сондықтан да икемге келмей жатқан жерлерін тізеге салудың

салдарынан қоғамда түрлі келеңсіз құбылыстар туындап, қақтығыстар өріс алуға.

Жаһандануды кейбір зерттеушілер оны «мәдениеттер тоғысы» (С. Хантингтон), «бір алып мемлекеттің көшбасшылығы» (Г. Кисинджер), «мәдени шекаралардың барған сайын бұзыла түсуі» (П. Катценштейн, Р. Кохэйн, С. Краснер), «отаршылдықтың жаңа түрі» (А. Торкаман) деп те атап жүр.

Мәдениеттердің жойылуы сол мәдениетті ұстанатын халықтың ғасырлар бойы өз тілі арқылы тірнектеп жинап, жасаған өмір, қоғамда тіршілік жасаудың өзіндік жолдары туралы ұлттық білім-ғылымның барлығын жоққа шығарып, ұлттық жадынан, ұлттық даму жолынан айырады. Сондықтан да қазір жаһандану қазір ұлтаралық, мемлекетаралық қарым-қатынастарды барынша ушықтырып, жер-жерлерде оған қарсы аумақтар пайда болып, халықаралық жағдай шиеленісе түсуде. «Қоғамдық құндылықтар жасампаз әрі имандылыққа негізделсе, ондай құндылықтарды ұстанатын қоғам дамиды. Ал құндылықтары азып-тозған қоғамның өзі де кері кетеді. Құндылықтар жүйесі мен мемлекеттің қалыптасуы және дамуы, ұлттың мықтылығы әрі келешегінің кемел болуы да сонымен тығыз байланысты. Мемлекет құрушы ұлттың құндылықтар жүйесі күшті болса, ұлттық мемлекет те осал болмайды» (С. Мұсатаев. Батыстық сарын басып бара ма, қалай? «Ақиқат», 2014, №8, 36-бет). Бұл туралы

Жаһандану барысында әлсіз ұлттар өзін ұлт ретінде ерекшелендіріп келген ұлттық құндылықтарынан айрылып, ұлт ретінде өмір сүруін тоқтатады. Бұл туралы Л. Н. Гумилев «Халықтар өлмейді... тек басқа халықтарға сіңіп кетеді, бұрынғыдай өз алдына этнос емес, атын жояды» – деп жазыпты.

Постиндустриалдық қоғамның негізін салушы теоретиктерінің бірі О. Тоффлер «білім күшті, білім билейді дегеннің дәуірі өтті, енді жаңа заманға білім туралы білім керек» деп, адамзат баласының ғасырлар бойы тірнектеп жүріп жасаған рухани қазынасына топырақ шашып жі-

берді. Олардың ойластырғанындай жаңа заманға білімді адамдардың қажеті шамалы. Билікке ұмтылмайтын, алдына амбициялық міндеттер қоймайтын, күнделікті тіршіліктің қамымен ғана жүретін орта деңгейлі адамдар осындай қоғамның негізін құрайтын болады. Осындай мақсаттармен қоғамдық өмірдің барлық салаларында дерлік халықаралық стандарттар енгізілуде. Солардың бірі – әлемдік білім беру саласын бір ізге, яғни Батыстық қалыпқа түсіруді көздейтін Болон жүйесі.

Осындай жағдайда жаһандану жолын қабылдап, оған бейімделіп жатқандар да, жартылай ғана кіріскендер де, мүлдем қарсы шығып жатқандар да жеткілікті. Әсіресе қарсылар көп. Ғасырлар бойы дамудың өзіне ғана тән дәстүрлі жолымен жүріп, әлемдік ортақ мәдениетке айтарлықтай өз үлестерін қосып келген, өздерінің болашағын ұлттық дамудан көретін халықтардың, мемлекеттердің бұған көнбесі – заңды. Бұған қоя салатын жаһандану көрінбейді. Батыстың қуатты экономикасына арқаны нық сүйеп отырған жаһандану дегеніне көнбегендерге түрлі айла-амалдарды қолдануда; түрлі экономикалық, саяси қысымдар жасап, тіпті қажет болса тізеге салып, күш қолдануға дейін баруда. Міне, осы сияқты әрекеттердің салдарынан өмірде түрлі келіспеушіліктер, дағдарыстар, қақтығыстар өріс алып, мұның аяғы қарулы соғыстарға ұласып жатуы да жиіледі.

Мысалы, бір кездерде әлемдік өркениеттің бір отаны болған Сирияда бүгінгі күндері жүріп жатқан қақтығыстардың табиғаты – мүлдем өзгеше; кіммен кімнің соғысып жатқанын айырудың өзі қиын. Бұл соғыстың діни конфессия аралық, ұлтаралық, әлеуметтік сыпаты күрделеніп, бір мемлекеттің ауқымынан шығып, өңірлік сыпат алып барады. Бейбіт жатқан елдің осыншалықты қантөгіске ұшырауы жаһандану үдерісін өздерінің ыңғайына қарай бұрғысы келген Батыс елдерінің орынды-орынсыз араласуы салдарынан болып отыр.

Жаһанданудың табиғи жолмен емес, осындай күшпен жүргізілуі салдарынан қоғамды үрей билеп, адамдардың

жан жүйесіне салмақ түсуде. Әдет-ғұрпынан, адамгершілік нормаларынан, ұлттық дәстүрлерінен айрылып, ертеңгі күнінен үмітін үзе бастаған болашағы күңгірт қазіргі адамдар бұл тығырықтан шығар жолды шарқ ұрып іздегенімен де гуманистік бет пердесі жыртылған маймыл қоғамда бейшаралықпен өмір сүруге мәжбүр.

Қазіргі таңда жер бетінде жаһанданудан тыс қалған бір де бір ел жоқ деуге болады. Демек, әлемде болып жатқан ауқымды өзгерістерден тысқары ешқандай мемлекет қалыпты өмір сүре алмайды. Ұлттық шекаралардың маңызы жойылып, бір мемлекеттің ішінде болып жатқан оқиғалар басқа да жерлерге сол заматында әсер етуде. Осы сияқты көптеген факторлар экономиканы әлемдік біртұтас жүйеге айналдырып жатыр. Бұған Батыста құрылған түрлі қаржылық, экономикалық орталықтар басшылық жасап, әлемдік қаржының көзін өз қолдарына шоғырландыруда. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі экономикалық дамудың қозғаушы күші саналып отырған «интеграция», «модернизация», «инновация» деген секілділердің барлығы да – шынтуайтына келгенде, әлемнің бар байлығын Батыстың қолына жинап апарып беретін, болмаса солардың ырқымен жүргізетін жолдар. Мұның өзі адамзат қоғамының ғасырлар бойғы дамуы барысында қол жеткізген әлемдік құрылыстың, әлемдік өркениеттің қирауына қарай алып бара жатыр. Бұл үдерістің қарқын алуы соншалық, кей аймақтарда бой бермес топалаңдарға апарып соқтыруда. Батыстың жаһандануды экспорттау мақсатымен араб елдеріне, Ауғанстанға күшпен араласқан кездері ешқандай жақсылық әкелген жоқ; керісінше, біршама қалыпты өмір сүріп жатқан елдерді бүліншілікке ұшыратып кетті.

Әлемдік экономиканың осындай бағытта дамуы табыстың бөлінуінде әділетсіздіктер туғызып, бай мен кедейдің арасын алшақтата түсуде. Қазір әлем халқының 80 пайызы әлемдік табыстың 20 пайызы ғана түсетін кедей елдерде тұрады. Әлемнің ең бай 200 адамының байлығы жер

шары халқының 41 пайызының табысынан көп. Қоғамда жүріп жатқан мұндай әділетсіздіктер халықтың ашу-ыза-сын тудырып, әлеуметтік толқулар тудыруда. Мұның аяғы мемлекетішілік ұлттаралық, дінаралық, азаматтық қақтығыстарға соқтырып жатыр.

Сондықтан да әлемдік ауқымда болмай қоймайтын қоғамдық құбылыс ретінде насихатталып жатқан бұл үдерісті Иранның рухани көсемі С. М. Хаменей «сайтан ғаламдасу» деп атады (Хаменей С. М. Толкование глобализации в исламе. «Глобалистика: международный междисциплинарный словарь». Нью-Йорк. 2006, 171-бет). Иранның тағы бір ғалымы Ансари жаһандасудың барысында ұлттық құндылық атаулының барлығы жойылып, ең соңында ұлт жойылып, халық бар байлығынан, өз билігінен айрылатын ерекшелігін ескертеді (Ансари Г. Приветствие. «Глобализация и справедливость!». Москва, 2010, 11-12 беттер).

Ғарифолла Есім жаһандануды «американдық саясаткерлердің идеологиялық ой-санасы», «мәдениеттегі, саясаттағы, идеологиядағы, халықаралық қатынастардағы американдық вектор», американдық «саяси бағыт» (Ғ. Есім. Саяси философия. Астана, 2009, 334,335-беттер) санайды. Сондықтан да жаһандануды өзгелер үшін «жат идея» деп біледі.

Осы уақытқа дейін қоғам дамуының негізгі қозғаушы күші ғылыми-техникалық революция деп келсек, енді ақпараттар ағыны деген көп айтылып, алға шықты. Жаһанданудың негізгі қозғаушы күшіне айналған ақпараттар ағыны ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерінің арқасында мүмкін болып, ол өз кезегінде мықты материалдық қолдаудың нәтижесінде барып жүзеге асып отыр. Сол себептерден де қазіргі заманда экономика алға шығып, мемлекеттік саясаттың негізгі өзегіне айналуда. Осындай жағдайларда экономикасы дамыған Батыстың алдында жаңадан жанданып келе жатқан Азия, Африка, Латын Америкасы елдері мәжбүрлікпен тізе бүгіп, ұлттық байлықтарынан, рухани құндылықтарынан айрыла түсуде.

Жер бетінде билік жүргізісі келгендер бұл мақсатына тек қарудың күшімен жете алмастарына көздері жетіп, оған жаңа жол іздеп, оны тапқандай да болды. Ол жол – адамның миын, сана-сезімін жаулап алу арқылы оның өзін бағындыру. Ал сана-сезім дегеніміз – тіл, сол тіл арқылы қалыптасқан дүниетаным, әдет-ғұрып, салт-сана, мәдениет, білім-ғылым, бір сөзбен айтқанда, адамның рухани өмірін қамтамасыз ететін компоненттер жиынтығы.

Жаһанданудың алдында тұрған бірден бір тосқауыл – ұлттық руханият. Сондықтан да әлемді билеп төстегісі келетіндер қазір ұлттық тіл, ұлттық мәдениет атаулыға қарсы кең ауқымды шабуылдарын бастап та кетті. Қазір әлемдік деңгейде жүріп жатқан «Ақпараттық соғыс ұлттың сана-сезімін күйретіп, әдет-ғұрпын, ділі мен дінін жойып, қадір-қасиетінен айырып» (С. Мұсатаев. Демографиялық соғыс: жеңістер мен жеңілістер. «Ақиқат», 2013, №3, 33-бет) жатыр. Мұның алғашқы «жетістіктері» де көріне бастады.

Белгілі саясаттанушы ғалым, профессор С. Борбасов «Әлемдік жаһандану үрдістері жүздеген халықтардың этнос ретінде өздерінің ұлттық келбеттерін, дінін, реңкін, тілдерін сақтауына мүмкіндік бермейді. ХХІ ғасыр аз санды этностардың ассимиляциялануы, жоғалып кетуі процесі жылдамдайтын ғасыр болатын сыңайы бар. Оның объективті себептеріне ортақ әлемдік шаруашылық және сауда кеңестігінің қалыптасуын, ғылыми-техникалық дамудың унификациялануы, барлық мемлекеттерді өзара ұқсастыратын индустриалдық және постиндустриалдық қоғамның қалыптасуы, ақпараттану, бұқаралық мәдинеті ықпалының күшейе түсуі, өмір салтының, киім-кешек үлгілерінің, тіптен тамақтандырудың әлемдік ортақ үлгілерімен, стандарттарға бағына бастауы т.б. құбылыстарды атауға болады. Аталмыш құбылыстар әлем ұлттары мен этностарын «қайнатушы қазанға» (плавильный котелге) тықпалап жатыр» (С. Борбасов. «Қазақстандық ұлт» туралы. «sagar.kz» порталы. 13.12.2013) – деп, жазыпты.

Бұл үрдіске ұлт зиялылары не дейді? Жаһандану туралы Рахманқұл Бердібай «Ғаламданудың мақсаты – халықты тарихынан, дәстүрінен, әдет-ғұрпынан бездіріп, дүниеге көзқарасын өзгертіп жіберу. Ғаламдану идеологтары жас қауымды тек қарнының тоқтығын, киімінің бүтіндігін ойлайтын мәңгүрт етуді көздейді» («Дәстүр қуаты», А., 2005, 47-бет) – деп, көрсетіпті.

«Жаһанданудың «негізгі мақсаты – ең алдымен, ақпараттық төңкеріс жасау арқылы түрлі мемлекеттердің саясатын, экономикасын, мәдениетін, ділі мен тілін, білімін, рухани байлығын, және басқа да салаларын бір арнаға тоғыстырып, қаржылық-ақпараттық, адами-ресурстық әлемді тұтастыра біріктіріп, бір монополияны құрып, ортақ планета жасап, билік жүргізу» (Е. Құрмашев. Батыстандыру саясаты орыстандыру саясатынан да сорақы. «Жас алаш», 01.08.2013).

Бұрын адамзат қоғамы социалистік, капиталистік болып екіге бөлінгенде, әлемдік бәсекелестік осы екі жүйенің арасында өтсе, ХХІ ғасыр тілдердің, сол тілдерде жасалынған мәдениеттердің текетіресіне айналды. Жаһандану үдерісін зерттеген ғалымдар болашақта әлемде бес-алты ғана тіл қалып, американдық, батыстық мәдениет, өмір салты үстемдік құратын болады деген болжам айтады. Бұл дегеніміз – жаһандану үдерісінің барысында әлемде санаулы ұлттар ғана қалып, «өз қалпын сақтай алмаған» (Орхан Памук), бәсекеге қабілетсіз басқаларының әдет-ғұрып, тұрмыс-салт, ұлттық сана, әдет-ғұрып, тілімен қоса жойылады деген сөз.

Жазушы М. Әбдіәкімұлы «Жаһанданудың ақиқаты мен басты мақсаты – әлем халықтарын технологиялық тұрғыдан теңестіру ғана емес, бір тіл мен бір мәдениетке шоғырландыру. Ол кезде дамыған елдердің ғана тілдері сақталып қалуы мүмкін. Бірақ ортақ ағылшын тілі болып қалары хақ. Әлемде қандай тіл үстемдік құрса, басқалардың мәдениеті де, халықтық рухы да сол тілге қарап, бой түзейді. Мұндайда қазақ сияқты аз халықтардың тілі мен мәдениеті

қолданыстан шығып қалуы әбден мүмкін. Шықпаған күннің өзінде де ауыл-ауылдардың қыр жотасынан аспайтын өлі тілге айналуы ықтимал» (М. Әбдікімұлы. Қайда барасың, қазақ қоғамы? «Қалам мезгіл», 27.11.2014) – деп, жаһанданудың тіл, мәдениет саласына қауіп төндіретінін жазыпты.

Жаһандану үдерісінде ағылшын тілі – негізгі қозғаушы күш. Қазіргі заманда білім мен ғылымның тіліне айналған ағылшын тілін өмір қажеттілігіне байланысты қолдану барысында басқа ұлттың өкілдері біртіндеп ана тілінде сөйлеуден қалып, ұлттық құндылықтарынан бас тартып жатыр. Мектептерде, жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде оқыту бір жағынан, бүгінгі күннің қажеттілігінен туындап отырса, екінші жағынан, өз тілінен, дінінен жеріп, ұлттық рухынан ажырап қалған «мәңгіұрт», «көзқаман» ұрпақ тәрбиелеп, ұлттық дамудың өзегін өртеп, ертеңіне балта шабу да.

Жаһанданудың ең басты ерекшелігі ол ағылшын тілінен басқа еш бір тілді тіл деп, мәдениетті мәдениет деп, ұлтты ұлт деп, танымайды; керісінше, негізгі мақсаты ұлттық мәдениеттерді жою, соған қол жеткізетін жастар мен жасөспірімдер болып отыр. Өзінің алдына қойған мақсатына жету үшін алдымен, өмірлік тәжірибелері аз жас ұрпақтың санасын улап, өз ұлтына қарсы қоятын түрлі «теорияларды», соларға негізделген субмәдениеттерді (американдық «жаппай мәдениет», Батыс Еуропаның «тұтынушылық мәдениеті», т.б.) ойлап тауып, оларды жүзеге асыру үшін барын салуда. Өз пиғылдарына адамды, ұлтты, халықты аздырып-тоздырып жіберу арқылы жетпек болған Батыс қазір бұл «майданға» барлық күшін жұмылдыра түсуде.

Академик Д. С. Лихачев жаһанданудың жарқ-жүрқ еткен қызығына тояттап, өзінің ұлттық мәдениетінен қол үзген адамның ішкі жан дүниесінде дүниетанымдық, моральдық жағынан айтарлықтай өзгерістер болып, мұның аяғы ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық адамгершілік нормаларының бұзылуына алып баратындығын ескертеді.

Әлемдік ауқымда қарқын алып бара жатқан жаһандану

ұлттық мәдениеттердің сақталуына, өмір сүруіне, дамуына жасанды түрде түрлі кедергілер жасап, адамдарды мәдениетсіздікке қарай бағыттауда; ұлтаралық, мәдениетаралық қарым-қатынастарды барынша ушықтыра түсуде. Жаһандану адамзат баласын ұлттық рухани тамырынан айырып, сол рухани құндылықтарына негізделген этностық болмысынан, адамгершілік қағидаларынан, бір-бірімен қарым-қатынас жасау мәдениетінен жұрдай қылуға. Моральдық, рухани-мәдени құндылықтарға сүйенбеген халықтың қоғамдық-саяси, мәдени-моральдық, экономикалық дамуда жетістіктерге жетуі екіталай. Қоғамда жүріп жатқан осы сияқты келеңсіз үдерістің салдарынан қазір әлемде экономикалық, әлеуметтік дағдарыстар өріс ала түсуде (Е. Саиров. Культурная идентичность и диалог культур Евразии. Тарихи-мәдени мұраның өркениеттер диалогындағы ролі. Алматы, 2009, 22-бет).

Жаһанданудың барысында Батыстың ұлттық мәдениеттердің орнына бізге ұсынып отырғаны – «тобырлық мәдениет». Тарихи тамыры, ұлттық сыпаты, адамзаттық адамгершілік нормаларынан жұрдай еркіндікке негізделген «бұқаралық мәдениет» бүгінгі күннің қызығын көріп қалу өмірдің негізгі мақсаты деп білетін батыстық әуейі жастардың ойынан шығып, жұқпалы аурудай тез тарауда. Жаһандану өмірдің мәні ішіп-жеу, бүгінгі күннің қызығын көріп қалу, барлығы мен үшін деп түсінетін, жалпы өзінен басқа ешкімді, еш нәрсені – өткен тарихыңды, тарихи дәстүрлеріңді, тарихи тұлғаларыңды, ұлттарды, ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық-аламгершілік нормаларды мойындамайтын космополит жастарды тәрбиелеп, тарихтың сахнасына шығарып жатыр.

Қазір түрлі руханияттардың, діндердің арасындағы бәсекелестіктер барынша күшейіп, тілдер соғысына, діндер соғысына, мәдениеттер соғысына, Батыс пен Шығыстың текетіресіне айналып бара жатыр. Осылардың ішінде тіл мәселесінің шешілуі шешуші рөл атқаруда. Тіл тәуелсіз

болмай, сол тілде жасалынатын рух тәуелсіз болмай, ұлт, халық, мемлекет тәуелсіз бола алмайды. Міне, не олай, не бұлай болатын осындай жағдайлар сыпайы түрде «мәдениеттер тоғысы» аталып жүрген жаңа заманда бүкіл адамзат баласының қоғамдық дамуы алдына мүлдем жаңа міндеттер қойып отыр. Осылардың қалай шешілуі жер бетінде өмір сүріп жатқан ұлттар мен халықтардың рухани жағынан дамуының негізгі бағыт-бағдарын айқындамақшы.

Жалпы, ұлттардың, халықтардың арасындағы қоғамдық даму барысындағы бәсекелестік, өмір сүру жағдайын жақсарту жолындағы күрес атам заманнан бері келе жатқан қоғамдық дамудың бірден-бір қозғаушы күші болып келгендігі аян. Осындай себептерден де адамзат баласының бүкіл тарихы күштінің әлсізге жасаған зорлығы, болмаса әлсіздің өзін-өзі қорғауы, азаттыққа ұмтылған іс-әрекеттері салдарынан туындаған соғыстар тізбегінен тұрады десе де болғандай. Сондықтан да тарихтан соғыссыз кездерді кездестіру өте қиын.

Тарихқа көз жіберетін болсақ, әлемнің жарымына жуығын қарудың күшімен бағындырған небір ұлы империяларды, осындай басқыншылықтар барысында алдымен тілін, сосын мәдениетін жоғалтып алып, соңынан өздерінің де жойылуына тура келген не бір ұлттар, мемлекеттер болған. Осындай әрекеттер бүгінгі күндерге дейін жалғасуда.

XX ғасырдағы Батыстың Азия мен Африка елдерін жарылқаймыз деп, қанаушылыққа ұшыратқан отаршылдық жүйесі, Ресейдің қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман – социализм орнатамыз деп, әлемнің үштен біріне жуығын жаулап алуы сияқты озбырлық әрекеттері сырты қаншама әдемі сөздермен көмкеріліп, ғылыми жағынан негізделгенімен де түптің түбінде мықтының әлсіздің жерін, байлығын иелену мақсатымен жасалынған басқыншылығы болатын. Осының барлығы да негізінен күшті экономиканың, ғылым мен техниканың озық технологиялық жетістіктеріне сүйенген идеологиялық шабуылдардың күшімен жүзеге асырылған-тұғын.

Жер жүзінде әділеттілік салтанат құратын социализм орнатпақшы болған Ресейдің құрамында XX ғасырдың басында 200-ден астам ұлт болса, 1991-жылы империя ыдырағанда, соның 100-дейі тілінен айрылып, ұлт ретінде өмір сүруін тоқтатыпты. Бұл жойылыпты немесе қырылып қалды деген сөз емес, тілінен айрылған соң, ұлттық болмысынан да айрылып, сол кездегі ресми саясат бойынша, совет халқына айналып, турасын айтатын болсақ, орысқа сіңіп кеткен.

Өзін сақтап қалу мақсатымен азаттыққа ұмтылып, отаршылдыққа қарсы шыққан аз ұлттардың бас көтерулерін компартиялық билік қарудың күшімен аяусыз қан-жоса қып басып отырды. Қазірдің өзінде де әлемдік ақпарат құралдары Ресейде 136 тілге жойылу қаупі төніп келе жатқандығын жазып жатыр.

КСРО құламағанда, енді тағы бір елу жылдың өзінде-ақ тағы да талай тілдердің жаназасы шығарылып қалуы мүмкін еді. Жалпыхалықтық тіл жасаймыз деген озбыр жалған саясаттың салдарынан көп зардап шегіп, жар жағасына жетіп, құрудың сәл-ақ алдында қалған тілдердің бірі – қазақ тілі. Енді сол жар жағасында тұрып, айналаға көз салсақ, әлемдік руханиятта, оның ішінде тіл майданында болып жатқан аумалы-төкпелі жағдайларды көреміз.

ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Тіл дегеніміз, «адамдардың қоғамдық өмірде бірін-бірі түсінісіп, пікір алысар қатынас құралы болып табылатын, дыбыстық және сөз құрамдары мен грамматикалық тәсілдер жүйесі», «адамдардың ойлау қабілетін іске асырып, оны дамытатын, ерік-жігерін, сезімін білдіретін, мәдени-тарихи дәстүрлерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал», «айтпақ ойды білдіретін сөз, мәнерлі тіркес» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 14 том, Алматы, 2011, 601-бет).

Шындығында, тілдің қызметі осы айтылғандармен ғана шектеліне ме? Біздіңше, бұл – тілге оның қоғамда атқаратын қызметі тұрғысынан ғана берілген анықтама. Осы мәселе күні бүгінге дейін көбіне таза тілдік тұрғыдан әңгімеленіп жүр де, оның қоғамдық-әлеуметтік жақтарына, сол тілде сөйлейтін этностың тағдырымен тікелей байланыста болып, заманмен бірге өзгеріп отыратындығына, тілдің бүгінгі қоғамдық өміріміздегі атқарып отырған рөліне енді ғана көңіл бөліне бастаған сияқты.

Адамдардың ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынас құралы, қаруы саналатын тілдің күнделікті өмірімізде алатын ерекше орнын білгенімізбен де қоғамдық-әлеуметтік қыр-сырларына әлі тереңдеп бара алмай жатырмыз деуге болады. Ф. Энгельс «адамды адам еткен – еңбек» десе, осыған орайлас, «адамды адам еткен – тіл» деуге де болады. Шындығында да, адам хайуаннан тілі, сол тілде жасалынған адамзаттық рухани құндылықтары арқылы ғана ерекшеленеді.

Тілмен бірге адамның өзін қоршаған табиғат, қоғам туралы ұғымдары ұлғайып, ойлау қабілеті пайда болып, дами түсті. Ең соңында тіл ойлау арқылы адамның қоғамдық өмір туралы сана-сезімін өсіріп, тұтастай бір идеялардың, ілімдер жүйесінің пайда болуына алып келіп, мұның өзі қоғамдық

дамудың қозғаушы күшіне айналды. Қазіргі заман тілін дамытқан елдің өзі де дамитындығын, тілі арттағы елдің өзі де мешеу қалғанын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бұдан тілдің тек қарым-қатынас құралы, болмаса белгілі бір тілдің заманалар бойы қалыптасқан жүйесі ғана емес, сонымен бірге қазіргі таңда қоғамдық-әлеуметтік сыпаты күн сайын өсіп бара жатқан аса ауқымды, сан салалы проблемаға айналып отырғандығы байқалады. Біз осы уақытқа дейін тіл мәселелерін көбіне таза тілдік тұрғыдан зерттеп келген болсақ, жаңа жаһандану дәуірі тіл тіршілігінің, тіл тағдырының қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-саяси мәселелерге тікелей қатысты екендігін көрсетіп отыр.

Тіл дегеніміз – адам, ұлт, мемлекет, руханият, тарих, өркениет. Тіл – адамзат баласының қоғамдық-әлеуметтік дамуының бірден бір көрсеткіші. Бұл турасында академик М. Қозыбаев былайша ой толғайды: «Ұлт деген ұлағаты бойында, қандас, бауырмал, өзектес жандардың шаруашылық тауқыметі ойында, болашағы отбасы мен Отанының жолында, өз тағдыры өз қолында, тілі бір, ділі бір жандардың қауымдастығы болса керек. Оларды ортақтастыратын тілі, тағдырластыратын тарихы, сырластыратын, силастыратын, мұндастыратын, жырластыратын әдебиеті, ата-мекенінің тұтастығын, бүгіні мен ертеңін ойластыратын, Отанын қорғауды ұйымдастыратын мемлекеті. Ендеше, тіл, тарих, әдебиет – ұлттың жаны мен қаны, рухани болмысы. Тіл дамып, әдеби тілге айналған тұста, шығыстанушы академик Н. И. Конрад айтқандай, жаңа этнос қалыптасып, биік тұғырға қонады. Тек тіл, тарих, әдебиет бірігіп-кірігіп, тұтас бір рухани материк болып, ұлттық болмысты тудырады» (М. Қозыбаев. Өркениет және ұлт. Алматы, 2001, 221-бет).

Қазақстандық неміс жазушысы Герольд Бельгер «Тіл тек қатынас құралы емес. Ол – халықтың жүрегі, жаны, ділі, діні, мақсат-мүддесі, ой-арманы, болмыс-тірлігі» (Герольд Бельгер. Тіл туралы тезистер. «Ақиқат», 2014, №10, 69-бет) – деп, жазады.

Адамзат қоғамының бар проблемасының бастауы, бір ұшығы тілде жатыр. Тілі дамыған ұлт, тіл мәселесі дұрыс шешілген мемлекет қоғамдық дамудың даңғыл жолында, өркениеттің өрінде көрінсе, бұл мәселе дұрыс шешілмеген елдерде алға дамымақ түгілі, этносаралық қарым-қатынастар ушығып, мұның аяғы қарулы қақтығыстарға, қантөгістерге, әлеуметтік апаттарға апарып соқтыруда. Демек, «ана тілі тағдыры – ұлт тағдыры» (сонда, 226-бет).

Тіл есте жоқ ескі замандарда адам баласымен, адамзат қауымымен бірге пайда болып, қоғам мен халықтың дамуымен бірге дамып, оған қызмет етіп, яғни адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасының, оның дүниетанымындағы, ойлау жүйесіндегі ақпараттарды сақтау, сыртқа шығарудың әлеуметтік құралы болып келді. Тіл қашан, қалай пайда болды дегенге әлі күнге дейін нақтылы жауап жоқ.

Тіл табиғаттағы құстардың сайрағанына, хайуанаттардың түрліше дауыстауына, сарқырап аққан судың сылдырына, құлаған заттың салдырына, т.б. түрлі дыбыстарға еліктеуден, адамның қуанғанда, қорыққанда, ауырғанда еріксіз шығаратын одағайларынан, ұжымдасып, бір ырғақпен жұмыс істегендегі күш беру мақсатындағы айқайларынан, адамдардың зағтар мен құбылыстарды нақтылы бір атаулармен атау туралы келісімдерінен пайда болған деген сияқты болжамдар бар (К. Аханов. Тіл біліміне кіріспе. Алматы, 1993, 442-444 беттер). Жер бетіндегі тілдер о баста бір тілден тараған дейтін пікір де бар. Сол сияқты жер бетіндегі адамдар неге бір тілде сөйлемей, көп тілде сөйлейді деген сияқты сауалдар да туындайды.

Табиғат өзіндік заңдылықтары бар шексіз әлем болса, тіл де сол сияқты. Жер бетінде санаулы ғана адамдар қолданатын тілдер мен миллиардтан астам сөйлеушісі бар тілдер қатар өмір сүріп жатыр. Мысалы, агул, цахур, рутул, анди, дидой тілдерінде бір ғана ауылдың адамдары сөйлейді. Ал қытай, ағылшын тілдерін қолданатындардың саны миллиардтың үстінде.

Тіл – аса күрделі әлеуметтік құбылыс. Тіл адам мен сол адамдардың өзгелерге ұқсамайтын, өздерін бір-бірімен ұқсастырып, жақындық тобын құрайтын ұлттың негізгі белгілерінің бірі. Тіл – ұлттың негізгі қасиеттерінің бірі. Өзіндік тілі болмаса, онда ұлт та болмайды. Тіл мен ұлт ажырамас бірлікте. Бірінсіз бірі жоқ.

Кеңес өкіметі жылдарында тіл туралы ұғымдар марксизм-ленинизм ілімі тұрғысынан түсіндіріліп, мұның өзі оның шынайы табиғатын ашуға мүмкіндіктер бермей келді. Тілді де адамзат қоғамы дамуының марксизм-ленинизм анықтаған схемасына салып, ру (род) тілі, тайпа (диалект) тілі, халық (народность) тілі, ұлт тілі деп жіктеді. Бұл ілім бойынша ру тілі қазір жоқ. Ал тайпа тіліне Солтүстік, Орталық, Оңтүстік Американың тұрғылықты халықтары қолданатын атапаск, алгон, ирокез, аровак, мая, сондай-ақ, Азия мен Африканың көптеген аз санды халықтары жатады. Дағыстандағы негізінен, бір ауылдың аясында ғана қолданылатын агул, цахур, рутул, анди, дидой тілдері де осы топтан орын алған.

Тілдердің көпшілігі халық (народность) тобынан орын алған. Бұлардың қатарында авар, алтай, балқар, даргин, карел, қарашай, құмық, лак, лезгин, манси, нанай, табасаран, хахас, ханты, чукот, эскимос, т.б. көптеген тілдер бар.

Ал ең дамыған, барлығынан жоғары тұрған – ұлт тілдері. Бұған әлемдік ауқымдағы араб, ағылшын, жапон, испан, италян, қытай, неміс, орыс, француз, хинди сияқты тілдермен қатар армян, әзербайжан, башқұрт, белорус, бурят, грузин, қазақ, қырғыз, латыш, лит, молдаван, осетин, татар, тәжік, түркімен, якут, эстон, т.б. тілдер жатқызылған (А. Т. Базиев, М. И. Исаев. Язык и нация. Москва, «Наука», 1973, 13-бет).

Тілдерді бұлайша жіктеу марксизм-ленинизм арқасында жүзеге асты. Қоғам дамуын алғашқы қауымдық, құлиеленушілік, феодалдық, капиталистік, социалистік, коммунистік дәуірлерге бөліп қарастырып, тілді де осы жүйеге салып, қарастырды. Адамдар негізінен рулық, тайпалық жүйеде бөлектеніп өмір сүретін феодализм дәуірінде рулық, тайпалық тілдер көп болады. Ал бәсекелестікке негізделген капита-

лизм кезінде ру, тайпалар ұлт болып ұйысады да, олардың тілдері де сұрыпталып ұлт тіліне айналады деп түсіндірілді. Тілдің де қоғам дамуымен бірге өркендеп отыратыны рас. Десек те барлық уақытта осылай бола бермейтіндігі тағы бар.

Әрине, бұлайша жіктеу сын көтермейді. Мұнда Ресей құрамында тұратын халықтардың тілі олардың саяси-территориялық жағынан қандай мәртебеде өмір сүріп жатқандығына қарай анықталды. Мәселеге осы тұрғыдан келіп, автономиялы облыстағы ұлттардың тілдері төменгі, ал автономиялы республикасы барлар дамыған тілдер атанған. Осылайша келу салдарынан халық саны, қолданылу аясы жағынан да шамалас, қатарлас қарақалпақ, қарашай, құмық, якут, эстон сияқты тілдер түрліше топтарда көрініп, мәртебелері бөлектенген.

Осы жерде мына бір мәселеге де тоқтала кеткен жөн. Марксизм-ленинизм ілімі бойынша, қазақ халқы 1917 жылғы большевиктік төңкеріске дейін ұлт болмапты. Өйткені, ұлт капитализм мен социализм кезінде ғана қалыптасады екен. Қазақтар капитализм формациясын басынан кешірмей, кеңес өкіметінің арқасында бірден феодализмнен социализмге секіріп кеткен. Бұрын рулық-тайпалық деңгейде жүрген қазақтар социализм кезінде ғана ұлт болып қалыптасты. Сондықтан да қазақтар – социалистік ұлт.

Міне, күні кешеге дейін үстемдік етіп келген осы теория бойынша, қазақ тілі кеңестік дәуірде ғана толыққанды ұлт тілі болып қалыптасыпты. Мәселеге осылайша келгенде, қазақтар Ресейдің құрамында болып, кеңестік империяны басынан кешірмегенде, ол ұлт болып есептелмейтін де еді, ал оның тілі дамымаған күйінде қалып, ұлт тілі деңгейіне жете алмайтын еді. Әрине, мұның ешқандай сын көтермейтіндігі, ғылыми негізсіздігі көрініп тұр. Бұл жердегі басты мәселе тілдің өзіндік өмір сүру, даму заңдылықтары ескерілмей, оны қоғам дамуының жасанды схемасына салып жібергендігінде болып отыр.

Күні бүгінге дейін жер бетінде қанша ұлт, қанша тіл бар деген сауалға нақтылы жауап жоқ. Оның басты себебі – ұлт дегеніміз не, тіл дегеніміз не секілді сұрақтарға толық анықтамалардың жоқтығы. Қоғамтану ғылымы күні бүгінге дейін тайпа, халық (народность), ұлт ұғымдарының ара жігін нақтылы ашып бере алмай келеді.

Десек те қазір «ұлт» ұғымына деген екі түрлі тісінік бар. Оның біріншісі, әрі негізгісі бір тілде сөйлейтін, тегі, тарихы, мәдениеті, болмысы, территориясы бір этникалық топты білдірсе, екіншісі – бір мемлекеттің ішінде азаматтық аясында қалыптасқан қауымдастық.; басқаша айтқанда, француз – Францияның азаматы; американдық – Америка Құрама Штаттарының азаматы дегендей.

Осы сияқты басы ашылмаған мәселелер тілдің төңірегінде де жеткілікті. Осындай себептердің салдарынан әлемде қанша тіл бар дегенде, түрліше мәліметтер айтылып келеді. Бір кездерде жер бетінде 150 мыңдай тіл мен диалект болған дейді. Сол тілдер жойыла-жойыла 6-7 мыңның айналасында ғана қалыпты.

КСРО Ғылым Академиясы Этнография институты ғалымдарының күшімен жарық көрген «Әлем халықтарының саны мен орналасуы» (Численность и расселение народов мира. Москва, 1962) атты академиялық еңбекте 1600, «Әлем халықтарының атласында» (Атлас народов мира. Москва, 1964) 910 халықтың аты аталған. Демек, бұл дегеніміз, осыншама тіл бар деген сөз. Фр. Финктің «Жер шарындағы тіл ошақтары» («Семьи языков мира») атты кітабында бұл сан 2250 деп көрсетілген.

Орыстың тілтанушы ғалымдары бұл санды түрліше көрсетуде. У. А. Реформатский 2500 (Введение в языкознание. Москва, 1967, 298-бет), Ю. Д. Дешериев, М. Д. Каммари, М. Меликян 2500-3000 («Коммунист», 1965, №13) тіл бар деп жазады. Тілші ғалымдардың Аликантада (Испания) өткен конгресінде жер бетіндегі адамдардың 2976 тілде сөйлейтіндігі хабарланды («За рубежом», 1969, №16). Американың аса көрнекті тілтанушысы, тіл білімі теоретиктерінің

бірі Л. Блумфилдтың өзі итальян, француз, испан, португал, румын тілдерін бірде жеке тіл атаса, енді бірде романдық диалектілер ретінде қарастырады (Л. Блумфилд. Язык. Москва, 2002, 27-бет).

Жер бетіндегі тілдердің саны осылайша әртүрлі көрсетіліп жүр. Өткен ғасырдың соңына қарай ғалымдардың көпшілігі 6 000-7 000 тіл бар деп келсе, қазір кей зерттеушілер 3 000-нан 4 000-ға дейінгі санды келтіреді. Тілдер санының бұлайша әртүрлі беріліп жүруінің басты себептері жеке тілді анықтаудың жұрт мойындаған негізгі өлшемдерінің жоқтығы, немесе жетілмегендігі мен күні бүгінге дейін жер шарының алыс түкпір-түкпірлерінен бұрын беймәлім болып келген тайпалардың табылып, олардың тілдерінің тізімге қосылуы болса керек.

ЮНЕСКО-ның есебі бойынша, 2004 жылы әлемде 6809 тіл болған. Осы тілдердің тең жарымы 8 елде, атап айтқанда, Индонезия, Мексика, Бразилия, Камерун, Индия, Қытай, АҚШ, Ресей мемлекеттерінде. Соның ішінде ең көп тілділері Үндістанда 845, Папуа-Жаңа Гвинеяда 820 тіл бар.

Әлем халқының 80 пайыздайы негізгі 80 тілде, ал қалған 3,5 мың тілде тек 0,2 пайызы ғана сөйлейді. Жер бетіндегі тілдердің 96 пайызында жалпы халықтың 3-ақ пайызы, қалған 97 пайызы барлық тілдердің 4 пайызын қолданады. Осы 97 пайыз – басына қауіп төніп тұрған жергілікті ұлттардың тілі. Сонда жойылып бара жатқан тілдермен бірге жер бетіндегі ұлттардың 97 пайызы құритындығы адамзат қоғамы орны толмас гуманитарлық апат екендігі түсінікті болса керек.

Тағы бір деректерде «дүниежүзіндегі қазіргі бар тілдердің келешекте тек бес пайызы аман қалады екен» (Герольд Бельгер. Тіл туралы тезистер. «Ақиқат», 2014, №10, 69-бет). Осы сияқты деректерге сенсек, жыл сайын 25 тіл «өліп», XXI ғасырда әлем тілдерінің 80 пайыздайы жоғалады екен.

Жер шарындағы адамзат баласының тең жарымы, яғни 3,2 миллиард адам кең тараған 20 тілді өзара қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланады. 6809 тілдің 90 пайызын 100

мыңға жетпейтін халық қолданады. 500 тілдің әрқайсысында 100-ден кем, 1500 тілде 1000, 3340 тілде 10 000 адам сөйлейді (Ахметжанова З.. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. Алматы, 2012, 462-463 беттер).

Халықтың 60 пайыздайы он шақты, нақтылай түскенде қытай тілінде 850 млн, ағылшын тілінде 500 млн., хинди тілінде 273, араб тілінде 140 млн., испан тілінде 230 млн., орыс тілінде 200 млн., португал тілінде 115 млн., жапон тілінде 110 млн., неміс тілінде 100-ден астам млн., француз тілінде 70-тен астам млн. адам тілде сөйлейді (С. К. Утешов, А. М. Чинасилова. Этносоциология. Алматы, 2011, 40-бет). Осы тілдер әлем халқының 2,4 миллиард халқының күнделікті қарым-қатынас қажетін өтеп отыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымына қазір 193 мемлекет мүше болса, олардың мемлекеттік тілі ретінде 95 тіл ресми түрде қолданылады. Ағылшын тілі 55 елде мемлекеттік тіл ретінде қолданылатын болса, бір елде бірнеше тілдің қолданылатыны да жиі кездеседі. Мысалы Индияда хинди және ағылшынмен қатар 22 тілдің мемлекеттік мәртебесі бар; Оңтүстік Африка Республикасында ағылшын, африканс, венда, зулу, коса, ндебеле, свати, сото, сесото, тсвана, тсонго секілді 11 тіл мемлекеттік тіл саналады. Еуропадағы Швейцарияда неміс, француз, итальян және ретороман тілдері қатар жүреді.

Ағылшын тілі қазір әлемнің барлық жерінде дерлік қолданылатын халықаралық тіл деңгейіне көтерілген; елуге жуық елде мемлекеттік тіл мәртебесі бар. Қытай тілін қолданатын қытайлар негізінен Қытайда, Шығыс Азияда тұрады. Хинди тіліндегі индустар Үндістан түбегін мекендейді. Араб тілін жиырмадан асатын араб мемлекеттері орналасқан Солтүстік Африка мен Азия, Африкадағы елдердегі мұсылман дінін ұстанатындар ислам тілі ретінде қолданады. Испан тілі – Оңтүстік және Орталық Америка құрлығында, португал тілі Португалия мен Бразилияда негізгі мемлекеттік тіл. Неміс тілінде Германияда және Еуропаның кейбір елдерінде, француз тілінде Франция мен

Канадада мемлекеттік тіл болумен бірге бұрын Францияның отары болған Африканың кейбір мемлекеттерінде сөйлейді. Орыс тілі бұрын КСРО-ның құрамында болған елдерде өріс алған.

Тіл де тірі организм сияқты өсіп-өніп, өшіп-құрып отырады. Соңғы ширек ғасырдың ішінде топ басындағылардың ішінде ағылшын мен қытай тілін қолданатындардың саны өсіп, орыс, неміс, француз тілдерінде сөйлейтіндер азая түскен.

Әлем тілдеріндегі әр тіл бір-біріне ұқсамай, өзінше өрнек танытады. Тілдердің әрқайсысы – өзінше бір ерекше құбылыс, өзінше бір үлкенді-кішілі әлем. Мысалы, ағылшын тілі 55 елде мемлекеттік тіл болса, кей шағын тілдерде санаулы ғана адамдар сөйлейді.

Әдетте тіл дегеніміз – ұлт, бір ұлт бір тілде сөйлейді деп білсек, екі тілде сөйлейтін ұлттар да бар екен. Мысалы, мордвалықтар мокшан, эрзан тілдерінде, мари шығыстық, таулы-қыраттық тілдерінде, осетиндер иран, дигор тілдерінде, еврейлер иврит, идиш тілдерінде сөйлейді.

Тіл жоғалса, ұлт та жойылады деп жатамыз. Этнос тілінен айрылып қалғанымен де ұлттық мәдениетінің негізін сақтап қалған жағдайлар да кездеседі. Шотландықтар мен ирландықтардың көпшілігі ағылшын тілінде сөйлегенімен де олар өздерінің ұлттық болмысын сақтап қала білді.

Тілдің қоғамда атқаратын қызмет салаларының санын ғалымдар түрліше көрсетіп жүр. Мысалы, Ю. Д. Дешериев 22, Б. Хасанов 70 дейді. «Көп тілдер көптеген функциялар атқарады, мысалы, орыс тілі әртүрлі салада 50 функция атқарады, ал қазақ тілі оған қарағанда азырақ» (Утешов С. К., Чинасилова А. М. Этносоциология. Алматы, 2011, 43-бет). Ал қазақ тілінің деңгейіне жете алмайтын тілдер қаншама.

АҚШ конгресі кітапханасының анықтауынша, жер бетінде 7048 тіл бар. Осы тілдердің ішінен әр екі аптада 1 тіл жойылып отырады. 1992-жылы жарық көрген «Лингвистикалық энциклопедияда» әлемде 6 300 тіл бар деп көрсетілген. Енді бір мәліметтерде 6 700 тіл көрсетілсе, соның

жартысы – жойылуға бет алып, ғасыр соңында өлетіндер. Тағы бірінде шамамен 6 000-нан астам тіл көрсетіліп, соның ішінде 600-і қауіпсіз, яғни жойылу қаупі төнбей, қалғандарының төбесіне қара бұлт үйіріліп тұрған көрінеді. Әлем тілдері санының әр түрлі берілуі тіл ұғымының түрліше ұғынылуына байланысты болса керек.

Жалпы «адам – адамға дос» дегендей, «тіл – тілге дос». Тілдер бір бірімен араласу арқылы бірінде жоқты бірінен алып, бірін бірі байытпа түседі. Тілдердің дамуында көрші, дамыған тілдерден сөз алмасу ерекше маңызға ие. Сондықтан да дамыған тілдердің жарымына жуығын сырттан келген жаңа терминдер, сөздер құрайды. Әр нәрсенің жақсы жағымен бірге келеңсіз тұстарының болуы да заңдылық. Тілдің тілге сәулесін шашып тұруымен бірге көлеңкесін түсіріп тұратыны да белгілі.

Бәсекеге негізделген тіршілікте тіл де өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатымен бір-бірімен бітіспес майданға шығады. Тілдің тағдыры сол тілді қолданатын ұлттың, мемлекеттің саяси, экономикалық, рухани, мәдени, ғылыми-техникалық даму деңгейіне тікелей байланысты болып, солармен бірге, бір-біріне көмектесе, әсер ете отырып, дамиды. Өйткені бұлардың барлығы бір-бірімен тығыз байланыста, бірінсіз бірінің күні жоқ. Демек, экономикасы, мәдениеті, ғылымы мен техникасы дамыған елдердің тілі де мықты. Бұдан бір тілдердің дамып, енді бір тілдердің құлдырап жатуының табиғи құбылыс екендігі көрнеді. Ұлтаралық қарым-қатынастардағы осы бір аса нәзік мәселеге тұрпайы ұлтшылдық араласқан кезде жағдай ушығып сала береді.

Әлем тілдерінің 90 пайызын 100 000 ғана халық қолданатындықтан да бұлардың болашағы – күнгірт. Жоғалып бара жатқан тілдердің 28 пайызының мыңнан сәл-ақ астам сөйлеушісі бар. Мысалы, чемеуеви тілінде 3, лемеригте 2, кайксана тілінде 1, бузу тілінде 8 адам ғана сөйлейді. 357 тілдің қолданушысы 50-ге жетпейді; ал 46-сында бір-бірден ғана сөйлеушісі бар. Бұл дегеніміз – осы санаулы адамдар

қайтыс болса, сонымен бірге оның тілі де, ұлты да өлді деген сөз.

Ғалымдардың айтуынша, тілдің қалыпты өмір сүруі үшін оны қарым-қатынас құралы ретінде қолданушылардың саны миллионнан кем болмауы керек. Ал миллионнан артық сөйлеушісі бар тілдердің саны – 250. Сонда қалған тілдердің барлығы дерлік, қауіпті жағдайда деуге болады. Тіпті, халқының саны миллионнан асатын ұлттар үшін де тілінің дамуына барлық жағдайларды жасап отырмаса, қазіргі тіл майданы барынша өршіп тұрған заманда қиын.

ЮНЕСКО-ның анықтауынша, қазір Еуропаның 50, Тынық мұхит өңірінің 2000, Африканың 900 тілі қауіпті жағдайда. Ал Орталық және Оңтүстік Америкада көптілділік жоқ. Өйткені, кезінде Бразилияда, Аргентинада, Уругвайда жергілікті халықтарды жаппай қырып, жерін тартып алу саясаты жүргізілді.

Мұндай жағдай Еуразия кеңістігінде де сақталып отыр. Мысалы, Қырымдағы қарайымдар 671, қырымшақтар 204 қана қалған. Құрып бара жатқандардың қатарында русин, ұрым, гагауыз секілді көптеген тілдер бар. Ресей Федерациясындағы аз санды ұлттардың тілдік жағдайы сын көтермейді.

Адамзат тарихының барысында осы уақытқа дейін шамамен 9000-дай тіл «өлген». Осы өшкен тілдердің ішінде кезінде білім мен ғылымның тілі болған көне грек, тарамей, латын, санскрит, веди, ассирия, ескі славян, ескі иран, т.б. тілдер де бар.


Тілдің «өлуі» екі түрлі жағдайда болады. Оның біріншісі сол тілде сөйлейтін ұлт өкілдерінің өліп таусылуынан болса, екіншісі – билеуші басқа ұлттың қысымымен оның тілін меңгеріп, екі тілді ұлтқа айналып, соңынан ассимиляцияға ұшырап, өзінің тілін ұмытып, басқа тілге жұтылып кету. Бұл жағдай көбіне аз санды ұлттардың басына келіп, не өмір, не өлім дегендей таңдау жасауына тура келеді.

Әрбір адам өмір сүру үшін қалай күресетін болса, ұлт та болашағы үшін солай күреседі. Адамның адам ретіндегі қабілеті тікелей оның денсаулығын сақтай білуіне байланысты десек, ұлт да солай. Адамға жан кіргізіп, күш, қуат беріп тұратын жүректің соғысымен адамның тамырларында жүріп, бүкіл организмді қоректендіріп тұратын қан болса, ұлтта бұл міндетті тіл, сол тілде жасалынған рухани құндылықтар атқарады. Ұлт тілінің, сол тілде жасалынған рухани азықтың аяқасты болуы ұлттың да «денсаулығының» нашарлай бастағанын білдіреді.

Сондықтан да әрбір ұлт қолынан келгенше «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмауға» тырысады. Тілін де, экономикасын да қатар дамытып, өркениеттен қалмай өмір сүріп жатқан ұлт – мықты ұлт. Бұл жерде тілдің дамуы экономикаға негізделіп, ұлттық сана-сезімнің өсуімен қатар жүретіні әрдайым есте болғаны жөн. Алдымен, тілді, болмаса, экономиканы дамытып алайық деуге қоғамдық өмірдің даму заңдылықтары сәйкес келе бермейді. Өйткені, адамзат қоғамының рухани және материалдық жағы біртұтас, бірінсіз бірінің шындап дамып кетуі екіталай, бола қалғанның өзінде де арасында сәйкессіздіктер (диспропорция) пайда болып, ұзаққа бармайды.

Әлемдегі тілдердің тағдырына көз жіберсек, өмір мен өлімнің айқасқан мәңгілік майданын көреміз. Мәңгілікке айналған тіл мәселесін шешуге тырысқан ұмтылыстарды байқаймыз. Осы орайда айтылған не бір құнарлы пікірлердің бар екендігіне көзіміз жетеді. Солардың бірі атақты тілтанушы И. А. Бодуэн де Куртенэ «Мен үшін жер бетіндегі бір де бір тіл қымбат емес, ешқандай құқы да жоқ. Мен үшін қымбаты – сол тілде сөйлеп, оқу құқы. Мен үшін адамдардың еш қандай қысымға ұшырамастан, өз тілінде сөйлеп, ана тілін өз өмірінде жан-жақты пайдалану, сол тілдің төңірегіне топтаса алу құқы қымбат» (И. А. Бодуэн де Куртенэ. Избранные труды по языкознанию. 2-том, Москва, 1963, 145-бет) –

депті.



Сонымен бірге ол Ресейде тек қана орыс тілінің мемлекеттік тіл болып, басқа тілдердің қолданылуын шектеуге қарсылық танытты; кез келген азаматтың мемлекеттік мекемелерге өз ана тілінде қарым-қатынас жасауына құқы бар деп санады. Тілдерді пайдалануға барлық еркіндіктің берілуін ұлтаралық, халықаралық, мемлекетаралық қақтығыстардың алдын алудың бірден бір жолы санады.

Әлемде тіл мәселесін дұрыс реттеп отыратын барлық тілдерге бірдей қолдануға келетін әмбебап заң күні бүгінге дейін жасалына қойған жоқ. Өйткені, қанша тіл, қанша мемлекет болса, сол тіл өмір сүріп отырған қоғамда қалыптасқан өзіндік саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты тіл мәселесін шешудің де сонша жолдары алдан шығады. Қоғамдағы тіл мәселесін шешуде бір ғана мәселе анық; ол – бір тілге қамқорлық жасау екінші бір тілдің есебінен жүрмеуі керек. Бұл мәселені өзіндік тарихи, демографиялық, әлеуметтік-саяси ерекшеліктеріне орай әр мемлекет өзінше шешіп келеді.

Әлемдік тәжірибеде тіл мәселесінің дұрыстау шешімін тапқан үлгілері де жоқ емес. Әзірше бұл мәселеде Швейцария үлгі болып тұр. Еуропаның негізгі ұлттары қоныстанған осы шағын ғана елде итальян, неміс, француз тілдері қатарынан бірдей мемлекеттік тіл саналады. Осы елдегі әрбір мемлекеттік қызметкер осы үш тілді жетік біліп, сол тілдерде қарым-қатынас жасап, іс қағаздарын жүргізе алатын болуы керек. Ал көрші Бельгияда фламанд пен француз тілдері бірдей – ресми түрде мемлекеттік тіл. Мұндай жағдайға фламандтар ұзақ уақыттар бойы жүргізген саяси күрестерінің барысында қол жеткізді. Тіпті қазір фламандтар тұратын аймақтардағы барлық іс қағаздарымен бірге оқу орындарындағы оқу түгелдей фламанд тіліне көшіп, осы өңірдегі басқа этникалық топтарға өктемдік көрсете бастаған.

Бұрын бір тілді болып келген Францияда 1951 жылы азшылық ұлттарға қойылған шектеулерді алып тастауға мәжбүр болды. Соның нәтижесінде қазір мұнда бретон,

баск, каталон, эльзас, корсикан, фламанд секілді тілдер осы ұлт өкілдері жинақты тұратын жерлерде қолданылатын мәдени автономия мәртебесіне ие болды. Соған қарамастан бұл азшылық ұлттар толық автономияға қол жеткізу үшін өздерінің саяси күресін тоқтатқан жоқ. Норвегияда елуінші жылдардан бастап, саам тілінде мектептер ашылып, мәдениет ошақтары жұмыс істей бастады.

Америкада еуропалықтардың жаңа жерге қоныстануы жергілікті халықтардың жерін күшпен тартып алу арқылы жүрді де мұның ақыры индеецтердің жаппай қырғынға ұшырап, олармен бірге ондаған тілдердің де жоғалуына апарып соқтырды. Осындай саясат жүргізудің барысында Австралия халықтарының 250-дей тілінің 100-ден астамы «өліп», қалған 100-дейінің халі мүшкіл халде. Жапониядағы тұрғылықты бірден бір азшылық ұлт болып келген айндар да осындай себептерден өмір сүруін тоқтатуға мәжбүр болды.

Әлем тілдері жайлы кейбір мәліметтерге тағы да назар аударайық. Қазіргі қолданыстағы тілдердің тең жарымы тек ауызша қолданылады; жазуы жоқ болғандықтан да соңғы сөйлеушісі өлгенде, оның да күні бітіп, тез ұмытылады. Тілдердің 40 пайыздайына жоғалу қаупі барынша төніп тұр.

Американдық профессор Харрисонның анықтауынша, табиғаттағы өсімдік түрлерінің 8, сүтқоректілердің 18 пайызы жоғалып кету қаупіне ұшыраса, тілдерге келгенде, бұл көрсеткіш 40 пайызды құрайды. Сонда, табиғаттағы флора мен фаунаны қорғайық деп, дабыл қағып, оларды Қызыл кітапқа кіргізіп, бүкіл әлем жұртшылығы болып қорғауға алып жатқанда, жар басында құлайын деп тұрған тілдерге неге осындай қамқорлықтар жасамасқа?

Аз санды тілдерге негізгі қауіп ағылшын, қытай, орыс секілді алпауыт тілдер тарапынан келіп жатыр. Шағын тілдердің жоғалу қарқыны әсіресе Австралияның солтүстігінде, Орталық Америкада, АҚШ-тың оңтүстік-батысында, Британдық Колумбия мен Шығыс Сібірде жоғары.

Тілдердің бәсекеге шыдамай, тіршіліктен түсіп қалып жатуы бұрын да болған, қазір де жүріп жатыр, алдағы

уақыттарда да жалғаса береді, бұл қоғамдық өмірдің, табиғаттың заңы, оған араласудың қажеті жоқ дейтіндер де бар. Олардың ойынша, өмірде мәңгілік нәрсе жоқ; бәрі де өзгерісте, даму үстінде болады; бір кездерде шарықтап өркендеп, енді бірде, құлдырайды; тіл де, сол тілде жасалынған мәдениет те, сол тілде сөйлейтін ұлт та заманмен бірге бірде дамып, енді бірде кері кетіп, құлдырап, тіпті бір кездерде орнын өзінен мықтылық көрсеткен басқаларға босатып жатады; өзінен күштілерге орнын босатып, кетіп бара жатқан тілдерді құтқарамыз деу – табиғаттың өзгеріс үстіндегі даму заңына қарсы шығу; өмірдің алға қарай жылжып, жақсара түсуіне қарсылық, консерваторлық. Кез келген тіл де, сол тілде жасалынған мәдениет те мәңгілік емес. Сондықтан да кез келген тілді, сол тілде жасалынған ұлттық мәдениетті сақтап қаламыз деп, әрекет жасаушылық ақылға сыймайды.

Енді біреулер әлсіз тілдердің күштілердің қысымымен қолданыстан шығып қалып жатуын қазіргі заманғы қоғамдық дамудың бірден-бір жетістігі саналатын демократиямен, яғни адамдардың еркін өмір сүруімен байланыстырады: кез келген қоғамдық, мемлекеттік құрылыс қазіргі заманда адамдардың ыркымен, қалауымен сайланып қойылады; ондағы тіл мәселесі де заң арқылы реттеледі; қай тілді қолдану әр адамның құқықтық таңдауында; оған ешкімнің араласуына болмайды; аралассaq, демократиялық негізде қабылданған заңды бұзушылыққа ұшыраймыз; тіл – демократия алаңы; адамдар өзінің демократиялық құқықтарын ең алдымен, қалаған тілінде сөйлеу арқылы жүзеге асырады; сондықтан да сен мына тілде сөйле деушілік адам құқықтарын бұзушылық, оған қысым жасаушылық болып табылады.

Бұл жерде біздің айтарымыз: сырт қарағанда, заңдық тұрғыдан алғанда, барлығы да дұрыс. Ал зерттей қараған адамға заңсыздықты, күштінің әлсізге көрсетіп жатқан бірде ашық, бірде жабық зорлықтары осы жерде айқын көрінеді.

Осы іс-әрекеттердің барлығы да күштілердің мүдделеріне сай қабылданған түрлі заңдар арқылы қорғалып отырады.

Бұрындары тілдердің арасындағы бәсекелестік негізінен, табиғи түрде жүрсе, қазір шағын тілдерге алпауыт тілдердің зорлық-зомбылығы арта түсуі салдарынан әлсіз тілдердің тарих сахнасынан күшпен ығыстырылуы қарқын ала түсті. Осындай келеңсіздіктерді түрлі жолдармен тоқтату арқылы тілдердің көпшілігінің төбесіне төне бастаған қара бұлтты сейілтуге, тілдердің жоғалу үдерісін тоқтатуға, болмаса, баяулатуға болады.

Тілдің саулығы сол ұлт өкілдерінің, әсіресе балалардың сөйлеуінен айқын көрінеді. Жалпы халық санының аздығына қарамастан, сол ұлттың тілінде балалары түгел сөйлесе, ол ұлттың дені сау; оған жоғалу қаупі жоламайды. Ал балалар сөйлемей, басқа тілдерді қолдана бастаса, бұл тілмен бірге ұлттың да басына төне бастаған қауіптің алғашқы белгісі.

Қазір әлемдік тілдердің көшбасында ағылшын, қытай, хинди, испан, француз, неміс, орыс, араб тілдері тұр. Соңғы уақыттарда жапон тілі кеңінен таныла бастады.

Кейбір ғалымдардың анықтауынша, түптің түбінде жер бетінде 27 тіл қалып, қалғандары бұл өмірмен қоштасады. Осы 27 тіл әлсіз тілдердің қорындағы қолдануға икемді әдемі сөздерінің 37 пайыздайын «жұтып», бойына сіңіріп, қуаттана түсетін болады («Алматы ақшамы», 19. 03. 2013).

Деректер ғасыр соңына дейін әлем тілдерінің 50-ден 90 пайызына дейін өледі дейді (Langvia.com; Homelang.ru). Бұл көрсеткішті 95-ке жеткізетіндер де бар. Сонымен, әлемдік тілдік ахуалды әлеуметтік тұрғыдан зерттеушілердің көпшілігі ғасыр соңына дейін қазір өмір сүріп жатқан тілдердің 90 пайыздайы жойылуы мүмкін деген пікірді білдіреді.

Жер бетіндегі қазіргі тілдерді қауіпсіздік деңгейіне қарай төмендегіше топтауға болады:

Қауіпсіз тілдерге барлық ұрпақтар сөйлеп, тілдің келесі ұрпаққа берілуі бұзылмаған ағылшын, араб, неміс, орыс, француз, т.б. тілдері жатады.

Балалардың көпшілігі сөйлегенімен де жалпы қолданылуы шектеулі (үйде ғана өз тілінде, ал мектепте, жұмыста басқа тілде) абхаз, адыгей, аймара, аквава, анал, ачи, башқұрт, белорус, қарашай-балқар, латгаль, сицилия, шуваш тілдері қалт-құлт етіп, **байлаулы тұрған тілдер** саналады.

Мектепте ана тілі ретінде оқылмайтын абаз, баоань, карель, корсика, ломбард, мокшан, эмилиано-романьоль, эрзян, т. б. тілдерге **елеулі қауіп** бар.

Аға ұрпақ қана пайдаланатын, ата-аналарға түсінікті болғанымен де олардың балаларымен қарым-қатынасында қолданылмайтын арнаут, ижор, кили, коряк, лангедок, лимузен, нанай, нганасан, чанго, чукот, т.б. тілдер **аса қауіпті** жағдайда.

Орок, вод, тофалар, бакпинка, дахлик корн, лив, мэн секілді тілдер сирек қолданылып, онда да қолданушылардың ең жасы бірлі-жарым қарттар болғандықтан да **жойылу алдында** тұр.

Бір де бір сөйлеушісі жоқ арман, ата, бабин, керек, обиспень, саам тілдері **өлі тілдерге** жатады (Википедия).

«Википедия» энциклопедиясы бойынша, осы уақытқа дейін 2500-дей тіл өлген. (Кей деректерде 9000-дай екендігін жоғарыда айтып өттік). Алдағы уақыттарда қазіргінің үштен бірі осындай күйді кешуі мүмкін. Қазіргі кезде Ресейде жасайтын халықтардың 116-сының тілдері осындай қауіпті аймақта.

Ғалымдардың ойынша, құрып бара жатқан тілдерді құтқаруға болады. Бұл пікірді ЮНЕСКО-ның мамандары да қолдап отыр. Тілдің дамуына тосқауыл болып отырған қолдан жасалған кедергілерді алып тастаса, жағдайлар жасаса, оны қалпына келтіріп, жандандыруға болатындығын алғашқы тәжірибелер дәлелдеуде. Міне, осындай істерді қолға алудың барысында Жапонияның Хоккайдо аралында 1980-жылы айн тілінде 8-ақ адам сөйлесе, бүгінгі күні олардың саны бірнеше мыңға жеткен. Осындай жағдай Англияның Корнуэлл жарты аралындағы кельт тобының бір тармағы саналатын корн тілінде де болды. 1777-жылы

өлді деп саналған бұл тіл соңғы он жыл ішінде жасалған шаралардың барысында қайта тіріліп, оны қолданушылардың саны 2000 адамға жеткен.

Өлген тілді қайта тірілуі болған Мұның жарқын мысалына иврит тілі жатады. 2000 жылдай өлдіге саналып, қолданыста болмаған иврит тілін жиырмасынша ғасырда қайта тірілтіп, Израиль мемлекетінің мемлекеттік тіліне айналдырып, қазір бұл тілде 10 миллиондай адам сөйлейді.

Өмірде сирек кездесетін оқиға болғандықтан да иврит тілінің қалайша қайта тірілгеніне тоқтала кетейік. Он тоғызыншы ғасырда Белоруссияда туылып, өмір сүрген Лейзер-Ицхок Перельман 1881 жылы Палестинаға көшіп келіп, қоныстанады. Ол кезде Израиль мемлекеті әлі жоқ; бірақ оған қарамастан, дүние жүзіне шашырап кеткен еврейлер атамекені саналатын Палестинада мемлекеттігін құру мақсатымен осылай қарай ағыла бастаған болатын. Палестинаға келіп орныққан соң, Лейзер Ицхок Перельман фамилиясын Элизер Бен Йехуда қылып өзгертеді. Ол осы аты-жөнімен бүкіл әлемге танылады.

Алдымен, оның аты ол кезде жүзеге асуы мүмкін емес көрінген иврит тілін күнделікті қарым-қатынас тілі жасау идеясын көтерумен аты шықты. Замандастары оның өліп қалған тілді тірілтумен айналысуын дені сау адамның ісі емес, тіпті есуастық санады. Жұрт не десе де ол алған бетінен қайтпады.

Оның ойынша, оның жаңадан туылған ұлы Бен-Ционның ана тілі иврит болуы керек. Осы мақсатына жету үшін ұлының тілін ивритше шығарды. Ол үшін жас баласымен анасы мен әкесі тек ивритше сөйлесті; ивритше сөйлесе алатын адамдармен ғана араластырып, басқа тілділерді маңына жолатпады; бесік жыры мен музыка тек ивритше орындалды. Мұның барлығы оңайға түспеген. Бірде ұмытып кетіп, баласын жұбату үшін орысша ән айтқан әйелімен қатты ұрысып қалады. Осы кезде төрт жасқа дейін тілі шықпай келген бала қорықанынан жылап жіберіп, ивритше сөйлеп кетеді.

Осылайша иврит тілі алғаш рет Элизер Бен Йехуданың отбасында күнделікті қарым-қатынас тілі ретінде өзінің екінші өмірін бастайды. Бұл бастама еврейлер арасынан қолдау тауып, үйлерінде ивритше сөйлейтіндер көбейе береді. Тілді қолдану барысында бұрын адамдардың арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қолданылмағандықтан және жаңадан туындап жатқан ұғымдарды білдіретін сөздердің болмауы салдарынан көптеген қиындықтар алдан шығады. Бірақ та қиыншылықтар еврейлер қасиетті санайтын иврит тілін жандандыру идеясына көзсіз берілгендерді бетінен қайтара алмайды. Жоқ сөздердің орнына жаңадан сөздер жасап, психологиялық кедергілермен күресе білудің барысында иврит тілін қолданушылардың аясы кеңі береді.

Палестинаға ата қоныс ретінде әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған еврейлер 1949 жылы Израиль мемлекетінің құрылғанын жариялайды. Міне, осы кезде жаңа мемлекеттің мемлекеттік тілін белгілеу күн тәртібіне қойылғанда, еврей мемлекетінің тілі еврей тілі болуы керектігі шешіліп, иврит тілінің жұлдызы жарқырап жанады; Израиль мемлекетінің мемлекеттік тілі иврит тілі болып жарияланады.

Мемлекеттік тіл болғаннан кейін де иврит тілінің алдынан көптеген қиындықтар шығады. Сөйтіп, еврейлердің ұлттық сана-сезімінің жоғарылығының арқасында иврит тілі барлық қиындықтарды жеңе біліп, қайта тірілді; мемлекеттік тілге айналды; әлемнің түкпір-түкпірінде қолданылатын болды.

Google Inc компаниясы 2012 жылы 21 мусымда өліп бара жатқан тілдерді құтқару жобасын жариялады. Жоба бойынша басына қауіп үйірілген тілдердің жалпы саны – 3054. Сайтта осы жоғалып бара жатқан тілдердің географиялық орналасуы, қазіргі жай-күйі жайлы толық мағлұматтар берілген. Тіпті, мұнда бұрындары онша мәлім емес, немесе сирек кездесетін тілдер де орын алған. Олардың ішінде саам, вод, ханти секілді тілдердің бірнеше диалектілері де бар.

Францияның бұрынғы президенті Жак Ширак жағдайы нашарлап, жоғалуға бет алған тілдерді сақтап қалу үшін төтенше шаралар қолдануға шақырып, осы мақсатқа жұм-

сау мақсатымен арнайы қор құрды. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымы мен ЮНЕСКО-ны өліп бара жатқан тілдерді сақтап қалу үшін шұғыл шешімдер қабылдауға шақырып, осы мәселені жан-жақты талқылайтын халықаралық саммит ұйымдастыруды ұсынды. Ж. Ширактың бұл бастамасын Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан, үш Нобель сыйлығының иегері, сондай-ақ көптеген қоғам қайраткерлері, саясаткерлер қолдады.

Тіл дегеніміз – тұтас бір әлем. Тіл – адамдардың арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге сол халықтың ғасырлар бойғы дамуы барысында жинақтанған өмір, қоғам, табиғат жайлы білім-ғылымдарының жиынтығы, адамзат қоғамының бір бөлшегі ретіндегі өздері, басқалар туралы мағлұматтар, т.б. Демек, бір тілдің, немесе ұлттың тарихтың сахнасынан жоғалуы – адамзат қоғамының, кейінгі өз ұрпақтарының жақсы, бақытты ғұмыр сүруі үшін пайдалануы тиіс болған ол жасаған рухани, мәдени қазынасының бір бөлшегінен айрылу, ұлттық, тарихи, жергілікті ерекшеліктері бар адамзаттық мәдениеттің жойылуы деген сөз. Бұл дегеніміз – бір сөзбен айтқанда, тілдік, этникалық, мәдени апат. Мұның өзі – қоғам үшін орны толмас олқылықтар.

Әрине, мұндай жағдайдың кімді де болса, бей-жай қалдырмасы анық. Өмірдің күрес заңына орай жүріп жатқан іс-әрекеттердің кей тұстарда жыртқыштық сыпат алуы салдарынан туындап, адамзат баласының болашақ өміріне қауіп төндіре бастаған мұндай қауіпті жағдайлардан шығудың жолдарын қазір қоғам болып іздестіруде. Солардың бірін Google сайты ұйымдастырыпты.

Ғалымдардың анықтауынша, жер бетіндегі тілдер түбірі, ұқсастығы жағынан, негізгі екі мыңдай тілдік топты құрайды. Олар негізінен, генеалогиялық (шығу тегі), типологиялық (морфологиялық) және қопармалы болып жіктеледі. Морфологиялық жағынан тілдер жалғамалы, жалғамасыз (қытай) дегендей, тағы да бөлінеді. Жалғамалы тілдерде тілдің құрылысында сөзге жалғанатын қосымшалар

белсенді рөл атқарса, жалғамасызда сөзге жалғау-жұрнақтар жалғанбай, сөйлемдегі өзін қоршаған синтаксистік орта аса маңызға ие болады. Қопармалыда сөздің ішінде дауысты дыбыстардың қосылуы, не болмаса түсіп қалуы арқылы сөздің мағынасы өзгеріп, синтаксистік байланысқа түсіп отырады.

Тіл білімінде көбірек зерттелініп, жиірек қолданылатыны – геналогиялық жүйе. Ұлттың негізгі белгісі тіл дейтін болсақ, туыстас халықтардың тілдері де жақын болады. Туысқан тілдер тамырын бір кезде ортақ тіл болған негізгі түбірден алады. Кейіннен адамзат қоғамының дамуы барысында халықтар түрлі географиялық, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге ұшырап отырғанымен де олардың тілдеріндегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктер сақталынып қалады.

Әлем тілдері жақындығы жағынан алтай, индоеуропалық, кавказдық, семит-хамиттық, банту, манде, нилот, орал, қытай-тибет, мон-кхемер, мунда, дравид, малай-полинезия, эскимос-алеут деген сияқты бірнеше негізгі семьяларға бөлінеді. Олар ары қарай тағы да іштей жіктеліп, жалғаса береді. Бұлайша жіктеуге келе бермей, оқшау тұратын бірнеше тілдер тағы бар.

Қазір индоеуропалық семьяға жататын жалпы саны 440 миллиондай (тағы бір деректерде 278 миллион. «Алматы ақшамы», 11.07.2013) адам сөйлейтін негізгі 13 славян тілі бар. Ал бір жарым миллиардтай адам сөйлейтін қытай тілі де іштей бөлінгенімен де оларды жеке тіл ретінде емес, диалектілер ретінде қарастырады. 240 миллиондай адам ана тілі санайтын араб тілі де әрқайсысын жеке тіл дейтіндей, негізгі 5 диалектіден тұрады. Бұлардың арасының алшақтығы соншалық, Ирактың арабы мен Марокконың арабы өзара сөйлескенде, еркін түсінісіп кете алмайтындай дәрежеде. Бірақ сол Азия мен Африканың ұланғайыр жерінде өмір сүріп жатқан арабтардың барлығының басын қосып, бір ұлт қылып отырған – арабтың ортақ әдеби тілі, яғни Құранның тілі. Бүкіл араб елдерінде мемлекеттік

іс қағаздары, іс шаралары, білім-ғылым, ақпарат құралдары, халықаралық қатынастар – барлығы да осы ортақ әдеби тілде жүргізілетіндіктен де олардың өзара байланыстарында айтарлықтай қиындықтар жоқ. Бұл жерде бүкіл араб әлемін бір ұлт ретінде ұйыстырып отырған ортақ тілдің күдіреті көрінеді.

Әрине, адам өз өмірінің мәңгілік еместігін біле тұра ұзағырақ өмір сүргісі келетіндігі сияқты сол адамдардан тұратын ұлттың да өз тілін сақтағысы келетіндігі де-зандылық. Сондықтан да ұлттың алдында тұрған ең басты міндет өзін-өзі сақтау болса, ол тілін қорғай білу арқылы жүзеге асады. Осындай мақсатпен қазір әлемнің көп елдерінде бұл мәселеге айрықша мән беріп отыр.

Кей кездерде осындай шарасыз жағдайларға тап болған ұлттардың алдында тілді сақтау үшін ешкіммен араласпай, әлемде болып жатқан жаңалықтардан оқшау томаға тұйық өмір сүру, не болмаса, тілді құрбандыққа шалып, әлемдік өркениеттен қалмай, дамыған елдердің қатарында баршылықта өмір сүру таңдауын шешуге тура келеді. Өйткені тілдің дамуы барлық уақытта да саясатқа байланып, экономиканың, ұлттық болмыстың дамуына тікелей байланыста болып отырады.

Ал енді осы көптеген тілдерге қауіп төндіріп отырған қандай тіл дегенде, әр жерлердегі аймақтық алпауыт тілдермен бірге алдымен, ауызға ағылшын тілі түседі. Мұның да жаны бар. Оған төмендегідей деректермен танысқанда, көзіңіз жетеді. Англияда ХХ ғасырдың басында 6 миллиондай халық тұрған. Осы кезде ата қазақ Ахмет Байтұрсыновтың «алхамдулла, алты миллион халықпыз» дегені де еске түседі.

Жүз жылдан соң Ұлыбританияда 60 миллионнан астам адам тұрса, Қазақстанда 17 миллионға жаңа жетті. Онда да оның 11 миллионы ғана – қазақ. Қазір ағылшын тілін ана тілі санайтындардың саны 12 мемлекетте 500 миллионнан, жалпы сөйлейтіндер 1,5 миллиардтан асып, 62 елде мемлекеттік тіл, 90 елде қолданылатын болса, қазақтардың үштен біріне жуығы ана тілінде еркін сөйлей алмайды;

Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік тіл болғанымен де өз функциясын толық мәнінде атқара алмай отыр.

2015 жылға дейін бүкіл әлем халқының 50 пайыздайы ағылшын тілінде сөйлейтін болады деп, күтілуде. Бұған сенуге болады. Өйткені қазірдің өзінде-ақ халықаралық түрлі қарым-қатынастардың, сауда-саттықтың 80 пайыздайы, ғылыми жаңалықтардың, ғылыми әдебиеттердің 85-90 пайыздайы ағылшын тілінде. Әлемге әйгілі Си-би-эс, Эн-би-си, Эй-би-си, Би-би-си және Си-би-си секілді алпауыт телекомпаниялар дүниежүзіне ақпараттарды ағылшын тілінде таратады (Г. Айтжанбай. Тіл үшін текетірес. «Айқын». 29.05.2014).

Ал қазіргі заманның сыпатын, құдіретін, бағытын айқындайтын интернет тіл майданындағы тілдердің белгілі бір дәрежедегі орнын анық көрсете алады. Ағылшын тілі ғаламторда да көш бастап, қолданылуы жағынан 55 пайызбен басқа тілдерден көш бойы алда дара тұр. Енді ақпарат құралдарында (С. Айжанов. Интернетте қай тіл көп қолданылады? «Алаш айнасы», 27.05.2014) жарияланған мына бір мәліметтерден қазіргі алпауыт тілдердің жай-күйін біршама байқауға болады:

«Интернет сайттары мен беттері ағылшын тілін негізгі тіл ретінде пайдаланады. Биыл W3Techs компаниясы жүргізген зерттеудің нәтижесіне қарағанда, ғаламдық желідегі сайттардың 55%-ға жуығы – ағылшын тілінде. Ал ағылшыннан басқа көп қолданылатын тілдердің қатарына неміс, жапон, испан, қытай, француз, орыс, итальян, түрік тілдері жатады. W3Techs-тің мәліметінше, веб-сайттарда көп қолданылатын тілдердің алғашқы ондығы мынадай:

ағылшын	– 55,5%;
орыс	– 6,3%;
неміс	– 5,6%;
жапон	– 4,9%;
испан	– 4,3%;
қытай	– 4%;
француз	– 3,8%;

португал – 2,3%;
поляк – 1,8%;
итальян – 1,6%.

Жалпы, ХХІ ғасырдың ақырына дейін дүниежүзіндегі тілдердің 10-ақ пайызы қалып, 90 пайызы бақилық болады, әр айда екі тіл өліп, соңында 600 ғана тіл қалады деген де болжам бар. Сонда бүкіл әлем көпұлтты, көптілді сыпатынан айрылғанда, адамзат қоғамының болашағы қандай болмақ?

Бұл мысалдардан тілдердің дамуы барысында бір-бірімен араласып, бір-біріне әсер етіп, сөз алмасып отыруы табиғи заңдылық екендігі көрінеді. Әлемде аралас-құралассыз өмір сүретін бір де бір тіл жоқ деуге де болады. Өйткені аралас-құраласта болу – дамудың басты шарттарының бірі. Бұл жердегі бар мәселе бұл процестің тілдердің теңдік жағдайда өмір сүруіне, күштінің әлсізге озбырлығы болмай, табиғи жағдайда жүруіне тікелей байланысты. Мұндай жағдай сақталмаған кездерде тілдік агрессия жүріп, аз санды тілдердің жойылуына алып барады.

«Тілдік агрессиялар» ХХ ғасырдың орта шенінде-ақ күшейе түсіп, сол кезде өмір сүріп жатқан тілдердің тең жарымына қауіп төндіре бастаған. Қауіп төндіргендердің қатарында ағылшын тілі ғана емес, басқа да тілдер болды. Осы кездерде әлем халқының 96 пайыздайы 45 тілде сөйледі. Сол 45 тілдің алғашқы ондығын қытай, хинди, ағылшын, испан, араб, бенгал, португал, француз, орыс, неміс тілдері құраса, ары қарай жапон, түрік тілдері болып жалғасты. Бұл жағдай ХХІ ғасырдың басынан бастап өзгерді де ағылшын тілі жеке дара көш бастап, тіпті миллиардтан астам халық сөйлейтін тілдердің өзіне биіктік көрсете бастады. Міне, осындай жағдайда қазір тіпті бұрындары ұлы халықтардың ұлы тілдері саналып келген күшті тілдердің өздері ертеңгі күндерінің қамына кірісті.

Бір кездері әлем халқының үштен біріндегі социализмде қолданылған тілдің болашағының өзі қазір орыстарды ойландырып жатыр. Сондай бір мақалада ағылшын тілін қанішер тіл, жендет тіл, тілдер ұясындағы көкек тіл атап,

жаһандануды лингвистикалық геноцид, лингвистикалық империализм, білім саласында адамзат баласына жасалып жатқан қылмыс деп, айыптаған («...английский – язык убийца, язык тиранозавр, язык – кукушонок в гнезде языков и даже лингвистический геноцид, лингвистический империализм, преступления против человечности в области образования». Алла Кирилина. Глобализация и судьбы языков, останется ли русский язык великим и могучим? «Литературная газета», 8-14 февраля, 2012 г.).

Тіл дегеніміз – сол тілде жасалынған әдебиет, мәдениет, рухани өмір, сол тілде сөйлейтін ұлт. Ол да – үнемі даму үстінде болатын жанды организм. Адамның бір жері ауырса, жаны тура сол жерде болатынындай, тіл негізін құрайтын рухани өмірде табиғи жолмен, не жасанды түрде болсын, бір өзгерістер болса, ол сол заматында ұлттық болмысқа да әсер етеді. Ол әсер жағымды да, жағымсыз да болуы мүмкін. Әдетте жағымды істерге жолды кеңірек ашып, зиянды әрекеттерден қорғанып отырады. Ұлттың болашағы оның сол ұлттық болмысқа залалды құбылыстардан қорғана білуіне тікелей байланысты.

Ұлттық организмге түскен ауруды сол заматында байқап, уақтылы емдей алмаған, сылып тастап, кеселден арыла алмаған ұлт түптің түбінде өмір сүруін тоқтатуына тура келсе, ауруын жазып, оның қалыпты жұмыс жасауына барлық жағдайларын жасай алған ұлттар өсіп, өркендеп, тасы өрге домалайды. Демек, өссе де, өшсе де оның бар кілттипаны өзгеде емес, негізінен сол ұлттың өзінің қолында. Яғни, бұл өмірде өзін сақтай алған ұлттың ғана өмір сүруге хақысы бар да, ол қолынан келмесе, бұған сырттан ешкім емес, өзі кінәлі. Өйткені қоғамдық өмірдің қатал заңы осылай.

Тілдердің бәсекелестігі мәдениеттердің тоғысына алып келіп, мұның өзі ұлттық мәдениеттердің байи түсуіне, ұлт-аралық қарым-қатынастардың өріс алып, түрлі ұлттардың, халықтардың, мемлекеттердің арасындағы байланыстардың жақындаса түсуіне, нәтижесінде адамдардың жер бетінде

еркін, толыққанды өмір сүруіне барлық жолдарды ашып тастады. Бұл – жаһанданудың ең негізгі жақсы жақтары.

Адам үшін ең қымбаты – тыныштықта өмір сүру. Тарихқа көз жіберсек, адамзат баласының бейбіт қатар өмір сүрген кездері өте аз, болмаған деуге де болады; ең құрығында әлемнің ең бір алыс түкпірінде көрші жатқан тайпалар бір-бірімен жауласып жатқан. Тыныш заман дегеннің өзінде де көрші жатқан, тіпті мұхиттың ар жақ, бер жағындағы елдердің, мемлекеттердің арасында жерге, байлыққа, өктемдікке таласқан идеологиялық «қырғиқабақ соғыстар» ешуақытта толастаған емес. Бұған күнделікті тұрмыс-тіршілікте адамдардың арасында болып жататын түрлі дау-дамайларды, ұрыс-керістерді, түкке керегі жоқ кикілжіңдерді қосыңыз. Сонда адамдардың көзді ашып-жұмғанша өте шығатын қысқа ғұмыры негізінен тыныштықта, тату-тәтті тіршілікте емес, керісінше, пайдалы істерге арналуы тиіс асыл уақыттары босқа, түк пайдасызға жұмсалып, өмірін күрделілендіріп, қысқартып, бір-бірімен қырықпышақ, болмайтын нәрсеге қырқысып өтеді екен. Сонда адамзат қоғамындағы осы бір келеңсіз құбылыстардан құтылудың жолы бар ма? Бар.

Адамдардың арасында болатын түрлі келеңсіздіктердің барлығы да бір-бірін түсінбеушіліктен туындайды. Оған апарып соқтыратын факторлар: тілдің, дүниетанымның, діни наным-сенімдердің, ұлттық ерекшеліктердің, өмір сүру салттарының түрліше болуы. Халықтар неғұрлым бір-бірімен араласа түссе, араларында достық қарым-қатынастар орнаса, адамдардың арасындағы түсіністіктерге кең жолдар ашылып, түрлі келеңсіздіктердің жолы жабыла түседі. Сондықтан да жекелеген адамдардан бастап, мемлекеттерге шейін тату көршілік жағдайында өмір сүрудің маңызы өте зор.

Міне, осы бір адамзат қоғамының бейбітшілік, бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ететін жағдайды Батыс өз мүддесіне шебер пайдалануда. Олардың ойынша, жер бетінде адамдардың, ұлттардың, халықтардың, мемлекеттердің

арасындағы түрлі тілдік, дүниетанымдық, ұлттық, мемлекеттік ерекшеліктер жойылғанда барып, адамзат қоғамында түрлі түсінбеушіліктерден туындайтын келеңсіз құбылыстардың жолы жабылып, тыныштық орнайды; бейбіт қатар өмір сүру – бақытты болашаққа бастайды. Сондықтан да барлық түсінбеушіліктің қайнар көздері болып табылатын тілдік, ұлттық ерекшеліктерді жойып, оған біртіндеп қол жеткізу үшін ұлттық мемлекет атаулының шекараларын ашып тастап, барлық халықтардың қалай өмір сүруіне еркіндік беру керек. Мұны жүзеге асыратын – жаһандану.

Жаһанданудың басты мақсаты – ұлттық атаулының барлығын сыпырып тастау, яғни ұлттық тіл, ұлттық мемлекеттерді түгелдей жойып, оның орнына барлық адамдар бірдей азаматтық қоғам орнату. Азаматтық қоғамның үлгісі – қазіргі Америка Құрама Штаттары.

Азаматтық қоғамда адамдар жалпыхалықтық ортақ тілмен, яғни ағылшын тілінде сөйлеп, жалпыхалықтық ортақ рухани құндылықтармен, өмір салтымен, яғни Батыстық дүниетаным негізіндегі құндылықтармен, американдық өмір салтымен ғұмыр кешетін болады. Қазіргі Батыстың басқа елдерге қарсы жүргізіп жатқан ақпараттық шабуылдарында жаһанданудың мұндай тұстары әдейі қалтарыста қалып, оның жарқ-жүрқ еткен адамдарды қызықтырарлық, назар аударарлық жақтарына баса көңіл бөлуде.

Десек те мұның ойлануға мәжбүр ететін кілттипандары да баршылық. Солардың ішіндегі ең бастысы қазір тілдердің, оның артында тұрған ұлттардың алдында тұрған екі-ақ жолдың қайсысына түсу керектігін анықтап алу қажет. Оның біріншісі бар мүмкіндіктерді пайдаланып, тілін сақтау арқылы ұлтты сақтап қалу болса, екінші жолға қолынан ештеңе келмегендік, амалдың жоқтығы, шарасыздық алып барады. Кімнің өмір сүргісі келмейді. Қазір әлемдегі ірі мемлекеттерден бастап, шағындарына дейін өздерінің ұлттық тілдерін сақтап қалуға барынша әрекеттеніп жатыр.

Кезінде Англияның премьер-министрі Уинстон Черчилльдің «Ең бастысы, ағылшын тілді халықтардың мүддесін

қорғауымыз керек. Олар бірігіп, бүкіл әлемді уысында ұстаулары керек» дегені бар-тұғын. Сол сияқты екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тың, Батыстың стратегиялық даму жолын бүге-шігесіне дейін айқындап берген буржуазиялық идеолог А. Даллестің алысты көздеген жоспарларының мылтықсыз майданда сол күйінде жүзеге асып жатқаныны таң қаласыз.

Аллен Даллесті тыңдайық: «Соғыс аяқталды. Тіршілік біртіндеп түзелуге бет алып, дүние тыныштала бастады. Осындай кезде біз қолымыздағының бәрін, яғни, алтынымызды, басқа да байлығымызды, бар күшімізді басқаларды ақымақ, мәнгүрт етуге жұмсауға тиіспіз. Адам миы, санасы өзгеруге бейім. Дүниені алақұйын етіп, басқалардың асылын жасанды жасыққа айналдыруға және де олардың сол жасанды жасығын «асылым» деп қабылдауға мәжбүр етуіміз керек. Қалайша? Әдебиеті мен өнерін, мысалы, олардың әлеуметтік мақсат-мүддесін өшіріп, салт-дәстүрін мазақ қып көрсетіп, суреткерлерін қалың көпшіліктің көкейкесті ой-ниеттерін зерттеуден, айшықтап көрсетуден айырамыз. Әдебиеті, театры, киносы бәрі де адами арзан сезімдерді малданатын, мадақтайтын болады. Жезөкшелікті, зорлық-зомбылықты, айуандықты, сатқындықты, яғни, ұлтсыздық атаулыны, суреткерсымақтарын қолдаймыз. Ұлттың мүддесін қорғайтын шенеуніктері дөрекі, пәтуәсыз ретінде дәріптеліп, күлкі-келекеге жем етіліп, ескінің сарқыншағы делінеді. Екіжүзділік, бетсіздік, суайттықпен сайқалдық, маскүнемдік пен нашақорлық, бірінен бірі хайуандық қорқу, өзара қырқысу, бірін-бірі көреалмаушылықты, білімділерін күндеу мен дұшпандық – осының бәрі оларды ыстан бетер қақтайды, күйелейді. Төңірегінде не болып жатқанын аңғара алатындар, түсінетіндер азаяды. Ал, есі барларын дәрменсіздікке ұшыратып, қолжаулық етіп, өлтіре мазақтап, қоғамның сілімтіктеріне айналдырып, масқаралаймыз. Рухани бейшара, байғұс етіп, адамгершілік атаулыны мүлдем ұмыттырамыз. Ұлтын ойлайтындарды, әсіресе, ұлт үшін жанын беретіндерді, салт-дәстүрлерін дәріптейтіндерді ес-

кішіл, білімсіз деп, өздері-ақ мазақ ететін болады. Бала кездерінен, жасөспірім шақтарынан бастарын шырғалаңға душар етіп, әбден азғындатамыз. Ибалы қыздарын ардан жұрдай етеміз. Сөйтіп, олардан түйсіксіз, отансыз тобыр жасаймыз».

Бүгінгі ағылшын тілді Батыс осы бір бағдарлама іспеттес сөздерде айтылған идеяларды жүзеге асыру үшін жаһандануды барынша пайдаланып, оның қарқынды дамып, салтанат құруына барын салып жатыр. Ең бастысы бұл үдеріс болмай қоймайтын, жаңа заманның өзіндік қажеттіліктерінен туындап отырған, қоғамдық өмір заңдылықтары бойынша жүріп жатқан табиғи құбылыс деп құлаққа құйылуда. Бұрыннан келе жатқан демократия секілді қоғамдық өмірдің жетістіктерін өздерінің онтайына орай түсіндіріп, қолданып, толеранттылық, адам хұқықтары деген сияқты не бір «өміршең теорияларды» ойлап тауып, жаһанданудың ғылыми негіздерін жасауда. Мұндай жобаларды жүзеге асыру үшін Батыстың аса қуатты идеологиялық, экономикалық әлеуеті барынша жұмылдырылуда.

Міне, осындай аса қуатты қарқынмен жүргізіліп жатқан агрессиялық науқанға қарсылық та күшейе түсуде. Сырттан келіп жатқан түрлі мәдениеттерге қарсылық білдірген Францияның президенті 2010 жылы былай деді: «Егер сен Францияда өмір сүруді қалайтын болсаң, сен сол жердің мәдениетін игеруге, сол жердің мәдениетіне біржола сіңіп кетуге, біртекті қоғамның ажырамас бөлшегіне айналуға, нақтырақ айтқанда, ұлттық қоғамның бөлшегіне айналуға дайын болуың керек. Ал бұған көнбейді екенсің, Францияға қонақ болуға хұқың жоқ...Біз осы уақытқа дейін жат-жерліктердің қамын ойлап, оларға, олардың мәдениетіне жағдай жасаумен болдық, ал өзімізді көп жағдайда назардан тыс қалдырып отырыппыз. Енді олай болмайды. Мысалы, біздің мұсылман отандастарымыз еліміздің әрбір толыққанды азаматы секілді өзінің сенімін берік ұстануына хұқы бар, бірақ біз франция көшелерінің бойында, қоғамдық орындарда баз біреулердің боямалы түрде құлшылық жасап

жатуын қаламаймыз. Әрине, біз әртектілікті құрметтеуіміз керек, бірақ қазір бұлай істегіміз келмейді» – деп, жатжұрттық түрлі мәдениеттерге қарсылық білдірді; бір мемлекеттің ішінде көпұлтты, көпмәдениетті құрылымнан біржола бас тартқысы келетіндігін ашық айтты.

Германияның канцлері Ангела Меркель елге келген иммигранттарды қабылдауға қашан да болса дайын екендігін, бірақ олардың неміс тілін үйреніп, балаларын неміс тілінде оқытуға міндетті екенін айта келіп, «Барлығымыз бір қоғамдық ортада бір-бірімізді құрметтей отырып, тең қатынаста қатар өмір сүре аламыз деген мультимәдениеттік көзқарас қате болып шықты» – деп, бұдан былай шетелдіктерге қойылатын тілдік талаптардың күшейе түсетіндігін мәлімдеді.

Осындай мәлімдемені ағылшын тілді Австралияның өзі де жариялады: «Австралияда жүрген жатжерліктер жергілікті мәдениетке бейімделуі керек. Әркім өз мәдениетін, өз ұстанымын, өз көзқарасын ұстанғысы келеді. Жоқ, олай болмайды, әр мәдениеттің өз Отаны бар. Австралияның мемлекеттік тілі – ағылшын. Яғни, қанша жерден тірегі мықты десеңіз де қытай, жапон, араб, испан тілдерінің ешқайсысы бізде қауқарсыз болып табылады» (Джон Ховард) (Қараңыз: С. Көкенов. Еуропа мультимәдениеттен неге бас тартып жатыр? «Алаш айнасы», 16. 02. 2012).

Міне, осындай жағдайға байланысты Ресей зиялылары «орыс тіліне қауіп төнді» деп, дабыл қақты. Халықтың тілегімен санасқан Ресей Федерациясында орыс тілін қорғау туралы арнайы заң қабылданған. Онда осы елге келіп, жұмыс істегісі келетін әрбір шетелдіктің міндетті түрде орыс тілін білуі қатаң талап етілген. Ресей Федерациясы Мемлекеттік думасының спикері Сергей Нарышкин: «Орыс тілі – бұрынғы кеңес республикаларында тұратын адамдарды біріктіретін негізгі фактор. Жер бетінде 160 миллион адам орыс тілін ана тілі санаса, ал оны күнделікті өмірде 278 миллион адам қолданады. Сондықтан да қоғамда үнемі орыс тілінің құндылығын насихаттайтын пікірталас жүргізу қажет. Орыс тілі посткеңестік кеңістіктегі тиімді ұлтара-

лық тіл екенін ұмытпау керек» – десе, Ресей үкіметі төрағасының орынбасары Дмитрий Рагозин: «Орыс тілі – орыс адамдары тұратын кез-келген мемлекетте мемлекеттік, аймақтық, немесе ресми тіл мәртебесін алуы керек. Керек десеңіз, біз бірнеше миллион орыс тілділер мекен еткен Еуроодақта да орыс тіліне ресми мәртебе алуға қол жеткізуге тырысамыз. Ол үшін мектептер мен жоғары оқу орындарында орыс тілінде оқытуды сақтап, оны ары қарай дамытып отыру керек. Жақында Латвияда өткен референдумда халықтың 74,8 пайызы орыс тіліне қарсылық танытты. Бұл басқа елдердегі отандастарымызға жеткілікті деңгейде көңіл бөлмей отырғанымызды дәлелдейді» (Қараңыз: «Алматы ақшамы», 11.07.2013) –деп, орыс тілінің басқа елдердегі құлдырап бара жатқан жағдайымен келіспей, бұрынғы өктемдік кезін аңсап, соны қалпына келтіру үшін күресетіндіктерін ашық мәлімдеп отыр. Бұл жерде Ресей басшыларының бұрындары Ресей құрамында бодандықта болған елдердің бүгінгі жаңа заманда тәуелсіз ел ретінде өмір сүріп отырған шындығын онша мойындай бермейтіндігі анық байқалады.

Жуырда ғана Ресейдің Мемлекеттік Думасы орыс тілінде жазғанда, сөйлегенде шет тіліндегі сөздермен араластыратындарды жазалау туралы жаңа заң қабылдады. Бұл заң бойынша, тәртіп бұзушыларға 2 мыңнан 50 мың рубльге дейін айыппұл салынады. Осы заң туралы Мемлекеттік Думаның Мәдениет комитетінің төрағасының орынбасары, режиссер Владимир Бортко «Мұндай шешім қабылдағандардың алғашқысы да, соңғысы да біз емеспіз. Француздар осыдан екі жыл бұрын тілдеріне ағылшындық бояудың басым болып бара жатқандығына алаңдап, бұған заңмен шектеу қойды. Мен әлемнің барлық тілдерін құрметтеймін. Бірақ мемлекетіме, Пушкин мен Толстой сөйлеген Ұлы орыс тіліне деген құрметім шексіз. Сондықтан қасиетті тіліміздің көз алдымызда шұбарланып, құрдымға кетуіне жол бере алмаймыз» – деп, мәлімдеді (Г. Айтжанбай. Бөтен сөзбен былғанса, айыппұл салынады. «Айқын», 25.06.2014).

Сөйтіп жаһанданудың қазіргі беталысы, қарқыны заң арқылы қорғанысқа көшпек түгілі, кешегі КСРО-ның, бүгінгі Ресейдің құрамындағы басқа тілдерді, мәдениеттерді өзіне қарай иіп, тізесін батырып отырған орыс тілінің өзіне бас қамын жасауға мәжбүр етті. Мұндай шараларға тек Ресей ғана емес, әлемдік өркениетке айтарлықтай үлес қосқан, бүгінгі күндері де өздерінің әлемдік мәдениеттегі көшбасшылық рөлінен айырыла қоймаған басқа мемлекеттер де барып жатыр.

Жуырда ғана миллиардтан астам халқы бар, осы уақытқа дейін мемлекеттік тілі түрлі себептермен ағылшын тілі болып келген Үндістанның премьер-министрі Наренде Моди мемлекеттік мекемелерде тек хинди тілін қолдану туралы заңға қол қойды. Бұл заң бойынша барлық мемлекеттік мекемелерде, корпорациялар мен банктерде, әлеуметтік желілерде іс қағаздары хинди тілінде толтырылып, ұлықтар осы тілде сөйлеуге міндеттелді (Ағылшын тілінен бас тартады. «Ана тілі», 21.08.2014).

Халқы 100-ден астам тілде, оның ішінде 40 пайызы ғана хиндише сөйлейтін елде бұл заңның шығуы елеулі оқиғаға айналып отыр. Мұндай заң бұрын Үндістан тәуелсіздігін алғаннан кейін, бір рет қабылданып, елдегі хиндиден басқа тілдердің де мемлекеттік мәртебеден дәмесі болып, қарсы шығуы барысында жүзеге аспай, барлығына ортақ тіл ретінде бір кездерде осы елді отарлап келген ағылшындардың тілі мемлекеттік тіл мәртебесін атқарып келген еді. Енді жаһандану дәуіріне жұтылып кетпес үшін Үндістан халқы тағы да ағылшын тілінен құтылудың амалын жасап жатыр.

Алпауыт елдердің өзі осылай қамын жасап жатқанда, басқалардың халі қалай болмақ. Көпшілік елдер руханият мәселесіне ерекше назар аударып, дәстүрлі мәдениеттерін сақтауға кіріскен. Тілін, әдебиетін, мәдениетін, ұлттық дәстүрлерін, жалпы ұлттық болмысын сақтап қалудың хұқықтық мүмкіндіктері барынша пайдаланылуда. Кейбір мемлекеттер қоғамдық дамудың болашағы ретінде барынша насихатталып, ұсынылып жатқан бағыстық өмір салтына ашық

қарсы шығып, рухани құндылықтарын, дәстүрлерін, өмір сүру салтын сақтау үшін батыл қадамдарға барып жатыр.

Латвияның халқы 2,3 миллион болса, соның 40 пайызы орыс болғанына қарамастан, 2011 оқу жылынан бастап, бүкіл оқу жүйесін латыш тіліне көшірді. Республикадағы барлық іс қағаздарын мемлекеттік тіл – латыш тілінде жүргізуге міндеттеді. Адамдардың аты-жөнінен бастап, шеттен енген сөздерге шейін латыш транскрипциясына сай жазылатын болды. Тіл саясатының жүзеге асуын қадағалап отыру әділет министрлігіне тапсырылған. Мемлекеттік тілдің күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылуын қадағалап отыратын тіл инспекторлары жұмыс істейді. Тіл инспекциясының жұмысынан бір мысал: жуырда Латвияның Лиепае қаласының тұрғыны Евгений Осипов өзі тұратын үйдің көше атауын латыш тілімен қатар орыс тілінде де жазып қойғандығы үшін әкімшілік іс қозғалған. Өйткені, бұл – Латвия үшін мемлекеттік тіл туралы заңды бұзушылық.

Шағын Эстония да бұл бағытта батыл әрекеттерге барған. Халқының 30 пайыздан астамы орыс бұл елдің қоғамдық өмірінің барлық салаларында эстон тілі үстемдік етеді. Тіпті, 5-ақ пайыз жергілікті тұрғындар тұратын Нарва қаласында да мемлекеттік тіл туралы заңға сүйене отырып, барлық іс қағаздары, оқу орындары түгелдей эстон тіліне көшірілген.

Халқының саны 1 миллионның ар жақ, бер жағындағы халқы бар Эстония секілді елдердің шаңырақ көтеріп, жеке мемлекет болып отыруының құпиясы, оған қол жеткізген негізгі қозғаушы күш – құл болмай, азат өмір сүруге деген ұмтылыс. Ал құлдықта болмаудың, ұлтты сақтаудың жалғыз жолы – ана тілін сақтау. «Құлдықтан құтылудың жалғыз ғана жолы – ана тілін ұмытпау және қорғау» (Альфонс Даудет, француз жазушысы). Түркіменстан мен Өзбекстанның рухани өмірінде Батыстық үлгілерге жол жабық. Бұл елдер таза ұлттық даму жолына түсіп жатыр.

Көршіміз Қырғызстанның Конституциясында орыс тілінің мәртебесі ресми тіл ретінде анықталған. Орыс тілінің

ықпалында отырған қырғыз елі де жуырда жаппай ана тіліне көшу туралы шешім қабылдады. Қырғызстан президенті Алмазбек Атамбаев: «Бұл жұртқа ұнай ма, ұнамай ма, оны білмеймін, алайда, бізге мемлекеттік тілді дамыту қажет. Тілді үйренбеудің сылтауларын іздемеу керек, керісінше, тілді үйрену қажет» – деп, жариялады.

Қазіргі заманда томаға-тұйық өмір сүру мүмкін емес деп, Батыс идеологтары күнде құлағымызға құйып жатқандарының шындыққа жанаса бермейтіндігін осы елдің бүгінгі тыныс-тіршілігі дәлелдеуде. Орта Азияның қақ ортасында орналасқан бұл елдердің материалдық байлықтан гөрі адамгершілік байлығын жоғары қоятын рухани өмірі түркілік дәстүрлердің өміршендігін көрсетіп отыр. Бұл елдер Батыстық рухани құндылықтарға, өмір салтына тосқауыл қойып отырғанымен де экономикалық, басқа да қарым-қатынастарын тоқтатқан жоқ. Десек те ұлттық даму жолына түскен елдердің алдында да өмір ұсынып отырған қоғамдық дамудың аса күрделі мәселелерін шешу міндеттері тұр. Мұндай жағдайлар түркі тектес елдердің барлығының да алдынан шығып тұр.

ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ТҮРКІ ӘЛЕМІ

Түркі әлемі – үлкен мәдениет.

Л. Н. Гумилев

Бүгінгі таңда ұлттық, ұлтаралық мәселелерге келгенде, өркениетті елдер халықаралық мәртебелі ұйымдар қабылдаған бірнеше құжаттарды басшылыққа алады. Осы саладағы аса маңызды құжаттардың қатарында 1948 жылдың 10 желтоқсан айында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған «Адам құқықтарының жалпы декларациясы», осы негізде қабылданған «Адам құқықтарының Еуропалық конвенциясы» (04.11.1950), Біріккен Ұлттар Ұйымының «Азаматтық және саяси құқықтар пакті» (1966), «Ұлттық, немесе этникалық, діни, немесе тілдік азшылық өкілдері құқықтарының декларациясы» (18.12.1992), 1992 жылғы «Өңірлік тілдер мен ұлттық азшылық тілдерінің Еуропалық хартиясы», Еуропа Кеңесінің «Ұлттық азшылықтарды қорғау туралы рамалық конвенциясы» (1995), 2006 жылы 25 мамырда Баутценде өткен Еуропа халықтары (ұлттық азшылықтары) Федеральдық Одағының делегаттары қатысқан құрылтайда қабылданған «Еуропадағы автономдық ұлттық азшылықтардың хартиясы» секілді маңызды құжаттар бар.

Осылардың ішінде ең негізгісі болып табылатын БҰҰ-ның «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» екінші бабында «Әр адам, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық, немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан, осы Декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға алаңбай, бірдей тең ие болуы тиіс.

Сонымен қатар, «ешкім де өзі тұратын елінің, не болмаса территорияның саяси, құқықтық, немесе халықаралық мәртебесінің негізі бойынша, және де ол территория тәуелсіз, әлде біреудің қарамағында, әлде өзін-өзі басқарушы емес, немесе оның егемендігі әртүрлі нысанда шектеулі болған күннің өзінде де, алаланбауы тиіс» – деп көрсетілген.

Әрбір мемлекет осы «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы және халықаралық ұйымдар қабылдаған жоғарыда келтірілген құжаттарға сүйене отырып, өз елдерінің ерекшеліктеріне орай, тілдік қатынастарды реттеп отыратын заңдар шығарған. Тіл туралы заңның қаншалықты дәрежеде мүдделерді ескеріп, ғылыми, саяси жағынан сауатты болуы, сонымен бірге оның орындалуы секілді мәселелер сол елдің саяси-әлеуметтік даму деңгейін де аңғарта алады. Енді осы заңдық құқы бар халықаралық құжаттарға сүйене отырып, түркі әлемінің қазіргі жай-күйіне көз салайық.

Жиырмамыншы ғасырдың соңына қарай, бір кездері әлемдік дамудың көшінде жетекші роль атқарып, тарихта өшпес із қалдырған, «көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай сансыз мақтаулы қасиетке ие» (Махмұд Қашқари) түркі халықтары тарихтың сахнасына қайта шықты. Ұзақ жылдар бойы еуропаорталықтық саясаттың өктемдігі салдарынан өзінің шынайы тарихынан, рухани құндылықтарынан айрыла бастаған түркі халықтары жана заманда енді біз осы кімбіз, қандай халықпыз, бұрын қандай болдық, қолымыздан не келеді, болашақта қайда бет аламыз, қалай жүруіміз керек деген сияқты сандаған сауалдарға жауап іздей бастады.

Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі жайлы бұрындары да талай атағы жер жарған ғалымдар пікір айттып, мойындалып келген болатын. Солардың бірі орыстың атақты түркітанушысы Лев Гумилев «...көне түріктердің адамзат тарихындағы маңызы орасан зор, бірақ бұ халықтың тарихы әлі күнге жазылмаған. Ол жол-жөнекей үстірт баяндалып келген, бұл бастаутану, ономастикалық, этнонимдік,

топономикалық сыпаттағы қиындықтарды айналып өтуге жағдай жасады» (Лев Гумилев. Көне түріктер. Алматы, 1994, 5-бет) – деп жазса, академик А. П. Окладников: «Көне түркілік Сібірдің Батысқа қарағанда, Шығыспен байланысы тығыз болған. Оның тарихы өте терең. Байкал мен Ленаның жағалауында Шығыс пен Батыстың көне мәдениеттері біте қайнасып жатты, осының арқасында сол кездегі күшті мәдени ошақтар өмір сүрді. Бұларсыз біз Еуразияның тарихын толық тани алмаймыз. Байкалдан табылған археологиялық мұралар бұл байланыстарды Дон мен Дунайға дейін алып барды» (М. Аджи. Азиатская Европа. Москва, 2008, 207-бет) – дейді.

Шындығында, түркі әлемінің адамзаттың бақытты қоғам құру жолындағы үлесі аса зор. «Мәдениет саласында бүгінгі күні белгілі болып отырғандай, түркілер сол заманда алдыңғы қатарлы болған мәдениет пен өркениетке ие бола отырып (соңғы кезде археологтар прототүркілер мен түркілердің әлемдік өркениеттің ең көне ошақтарын тұрғызғандығын дәлелдеуде), әлемдік өркениет пен мәдениеттің дамуына елеулі ықпал жасаған... Түркілер керемет рухани мұра қалдырып қана қоймай, материалды мұралары арқылы да адамды таң қалдырды... Жаулап алуда әлемде бір де бір халық түркілерге жетпейді» (С. Бөлекбаев, Ж. Алтаев. Түркілер әлем өркениетінде. «DA-Қазақстан», 2011, №20).

Ш. Монтескьенің мына бір пікірінен де шындықтың шырайы шуақ шашады: «Әлемдегі бір де бір халық өзінің жаулап алуы мен жеңісі жағынан татарларды басып оза алмайды. Шын мәнінде бұл халық әлемді билеуші, басқа халықтар оларға бағыну үшін жаралғандай. Сонымен қоса ол – империяларды жоюшы және оны қалыптастырушы. Олар барлық уақыттарда да, ғасырларда да үстемдікке жетіп отырды. Олар – Моғол империясы атты иелікке ие. Олар – Персияның билеушілері және Кир мен Гистасктың орнына отырушылар. Олар түркі есімдерімен Еуропада, Азияда, Африкада жорықтарын жүргізді және үш бөлікке үстемдік етті. Ары барсақ, Рим империясын құлатушыларға тірелеміз. Шыңғыс

хан жорықтарымен салыстырғанда, Александр жорықтары қандай? Бұл халықтың тарихын жазуға тарихшылар да жетпейтін шығар. Қанша ерліктер тарих тылсымына айтылмастан кетті! Олар біз білмейтін қанша империя құрды! Бұл – үнемі жеңіске жетуші ержүрек халық, өздерінің ерліктері жайлы болашаққа қалдырмаған халық».

Міне, адамзат қоғамының тарихында, өркениеттің дамуында өшпес із қалдырған түркі халықтарының өткендегі бейнесі, болмысы осы жолдардан анық көрінсе, ал енді бүгінгі жағдайы қаншалықты дәрежеде? Әлемдік дамуға түркілік өркениетпен үлес қосқан түркі әлемінің қазіргі жаһандану дәуіріндегі жай-күйі қандай?

Түркі әлемі Еуразия құрлығының едәуір бөлігін алып жатқан қырықтан астам этникалық топты құрайды. Түркі-тектес халықтар Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Түркіменстан, Өзбекстан сияқты тәуелсіз мемлекеттер мен Ресей мен Қытайда тұтас өмір сүріп келеді. Сондай-ақ Ауғанстанда, Болгарияда, Грекия, Иракта, Кипрде, Моңғолияда тұрып жатқан түркілік диаспоралардың саны да едәуір. Қазіргі миграциялық үдерістің үдеп тұрған заманында түркілерді төрткүл дүниенің төрт бұрышынан да кездестіруге болады.

Аймақтарға орналасуы жағынан түркі әлемінің географиялық бейнесі төмендегідей:

Орта Азия мен Қазақстанда – қазақ, өзбек, түркімен, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр;

Алдыңғы Азия мен Балқанда – түрік;

Кавказда – әзірбайжан, құмық, қарашай, балқар, трухмен, ноғай;

Еділ бойы, Оралда – татар, башқұрт, шуваш;

Сібірде – алтай, тыва, шор, чұлым, хақас, саха; Шығыс Еуропада – гагауыз, қырым татары, қарайым, қырымшақ, ұрым халықтары өмір сүріп жатыр.

Әзірбайжан Ғылым академиясы География институтының директоры, география ғылымдарының докторы, профессор Будаг Абдулалиоглының анықтауынша «1991-жылғы

деректер бойынша, дүние жүзіндегі түркі тектес халықтардың жалпы саны 153 миллион 553 мың 800 адам» («Егемен Қазақстан», 02.10.1997), Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, 2010-жылы жалпы түркітектес халықтардың саны 197,9 миллион болған. Қазір «Шамамен 220 миллион түркі тектес халық бар». (Невзат Иалчынташ. Түркі әлемі бірігуге мүдделі. «Түркістан», 27.11.2014). Кейбір деректер бойынша, жалпы түркітектес ұлттар мен ұлыстарды түгел қосқанда, шамамен 350 миллионға жуықтап қалады.

Географиялық орналасуы жағынан алғанда, түркі тектес халықтардың 142,1 миллионы Солтүстік Кипрді қоса есептегендегі алты тәуелсіз түркі мемлекетінде, 23,6 миллионы парсы-түркі тектес мемлекеттерде, 23,6 миллионы құрамында түркілік автономиясы бар мемлекеттерде, 2,7 миллионы Еуразияның басқа мемлекеттерінде, 5,5 миллионы Еуропа мен Америкада, 0,5 миллионы парсы шығанағы елдері мен Африкада тұрып жатыр (Шыңғыс Мұқан. 10 причин, почему важно знать и говорить на казахском языке. Алматы, 2012, 290-бет).

Ататүріктің анықтауынша, түркі халықтары деп жүргеніміздің барлығы бір-ақ ұлт, яғни түрік, оның тілі де жалғыз – түрік тілі; ал қалғандары түрік тілінің диалектілері (лехчелері); «Дүниедегі ең әдемі, ең бай және ең оңай тіл – түрік тілі. Түрік ұлтының жүрегі және санасы болған түрік тілі түріктердің адамгершілігін, салт-дәстүрін, ескерткіштерін, құндылықтарын, қысқаша айтқанда, Түрік ұлтын ұлт қылған барлық нәрсені сақтап келген қасиетті қазына».

Тілдердің алтай тобына моңғол, тұңғыс-манчжур тілдерімен бірге түркі тілдері де кіреді. Бұрын біртұтас бір болған түркі тілі кейін дами, тармақтала келіп, жалпы саны елудің о жақ, бұ жағындағы тілдерге жіктеледі. Түркі тілдерін іштей жүйелеудің бірнеше түрі бар. Көрнекті түркітанушы Э. Р. Тенишевтің анықтауынша, көне сына жазуларынан бастау алатын түркі тілдері алдымен, көне және жаңа тілдер болып бөлінеді. Ежелгі және ескі жазба тілдерге бұлғар, ғұн, көне ұйғыр, қараханид ұйғыр, мәмлүк-қыпшақ,

оғыз, печенег, половец, селжүк (ескі анадолы түрік), хазар, хорезм түркі, шағатай тілдері жатады. Ежелгі түркі тілдері тарихи дамуы барысында түрлі өзгерістерге ұшырап, жаңа тілдерге айналды; кейбіреулері жойылып кетті.

Түркі тілдері жайлы алғаш рет жүйелі түрде пікір айтқан – Махмұд Қашғари. Ол өзінің атақты «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде «Түркі халықтары негізінен жиырма тайпа» дей келіп, олардың әрқайсысына қысқаша сыпаттамалар береді. Түркі тілдерін Қашғар қаласынан Шынға (Қытай) дейінгі және Рұм өлкесінен Машынға шейінгі аралықты мекендеп жатқан тайпалардың тілдеріне бөліп қарастырады (М. Қашғари. Түбі бір түркі тілі. Алматы, «Ана тілі», 1993, 10-12 беттер).

«Жалпы, түркі әлемінде 40-тай тілде сөйлейтін 200 миллиондай адам өмір сүріп жатыр. Түркі әлемінің тілдік көрінісін айқындау үшін сандарды «сөйлетейік». Сол 200 миллиондай халықтың 40 пайыздайы 1 тілде, 70 пайыздайы 6 тілде, ал қалған 30 пайызы 34 тілде сөйлейді екен. Халқының саны жағынан алғашқы ондықты 80 миллион түік, 35 миллион әзірбайжан, 30 миллион өзбек, 12 миллион қазақ, 9 миллион ұйғыр, 7 миллион түркімен, 6,5 миллион татар, 4,5 миллион қырғыз, 2,2 башқұрт, 1,5 миллион қашқай тілдері құрайды. Саны ең азы – 2 500 адамдық шұлым, 5 000 адам сөйлейтін долған және жұғыр, 7 000 адамнан тұратын айну тілдері. Қарайым мен тофа тілдерін бірде есепке алып, енді бірде өлі тілге жатқызып жүр» (Г. Қортабаева. Латын әліпбиіне көшсек... «Таң-Шолпан», 2014, №3, 118-бет).

Тірісі бар, өлісі бар түркі тілдері қатарында негізінен, алтай, әзірбайжан, башқұрт, бұлғар, гагауыз, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қарашай-балқар, қарлұқ-ұйғыр, қарлұқ хорезм, қыпшақ, құмық, қырғыз, қырғыз-қыпшақ, қырым татарлары, ноғай, оғыз, өзбек, салар, сары ұйғыр, татар, тува, түрік, түркімен, ұйғыр-оғыз, ұйғыр, хахас, халадж, хазар, чуваш, якут тілдері аталады (Алдашева А., Сүлейменова Э., Авакова Р. Түркі тілдері. Түркістан, 2004, 45-67 беттер).

Қазіргі заман тілдерінің қатарында алтай, әзірбайжан, башқұрт, гагауыз, долған, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қырғыз, қырым татарлары, қырымшақ, құмық, ноғай, салар, сары үйсін, сонкор, татар, тофа, тува, түрік, түркімен, өзбек, ұйғыр, ұрым, фуой қырғыздары, хахас, халадж, хорасан түркі, шуваш, шұлым, шор, якут тілдері аталып жүр. Мұның ішінде татардың өзі абакан татарлары, алабұғат татарлары, барабин татарлары, қырым татарлары, жұрт (көшпелі) татарлары, юрт татарлары болып бөлініп, оның әрқайсысы жеке этнос, тіл ретінде танылып жүр. Сол сияқты айрум, афшар, баят, қарадағ, қарапапах, қашқай, қызылбас, падар, шахсеван, хаджарлардың жеке этнос, не болмаса әзербайжанның бір бөлігі екендігі жайлы да түрліше пікірлер бар. Ал жалпы түркі тілдерін, диалектілерін, говорларын, өлі, тірісін барлығын қоса есептегенде, 400-ден асып жығылады (Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. Астана, 2002, 682-692 беттер)

Еуропа ғалымдарынан түркі тілдеріне алғаш классификация жасаған А. Ремюза (1820). Ол түркі тілдерін якут тобы (якут тілі), ұйғыр тобы (ұйғыр, шағатай, түркімен тілдері), ноғай тобы (Қырым-Астрахан маңындағы татарлар тілі), қырғыз тобы, түрік тобы деп, беске бөлді.

Түркі тілдерін зерттеп, жіктеу барысында ғалымдардың көбіне фонетикалық, морфологиялық, территориялық ұстанымдарды басшылыққа алып отырғандығы байқалады. Мысалы, В. В. Радлов түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктеріне сүйене отырып, шығыс, батыс, оңтүстік, Орта Азия деп, төрт, И. Бентинг бұлғар, оңтүстік немесе оғыз, батыс немесе қыпшақ, батыс немесе ұйғыр, солтүстік деп, 5 топқа жіктейді.

Орыстың әйгілі түркітанушысы Н. А. Баскаков түркі тілдерін төмендегіше жіктейді. Ол түркі тілдерін алдымен, батыс ғұн тілдері, шығыс ғұн тілдеріне бөліп, ары қарай батыс ғұн тілдерін бұлғар, оғыз, ал шығыс ғұн тілдерін ұйғыр-оғыз топтарына, оларды ары қарай топшаларға, топшаларды тілдерге жіктейді. Осы жүйеде қазақ тілі батыс

ғұн тілдерінің оғыз тобындағы қыпшақ-ноғай топшасында қарайым, ноғай, қарақалпақ, қарлұқ тілдерімен қатар орналасқан.

Академик А. Н. Самойлович түркі тілдерін төмендегіше жіктейді:

Шағатай (оңтүстік-шығыс) тобы: өзбек, ұйғыр.

Түркімен «оңтүстік-батыс) тобы: әзірбайжан, гагауыз, түрік, түркімен.

Бұлғар (шуваш) (оңтүстік-шығыс) тобы: сарыұйғыр, тофалар, тыва, хакас шор, якут.

Қыпшақ (солтүстік-батыс) тобы: алтай, башқұрт, қазақ, қарайым, татар, қарашай, балқар, қырғыз, құмық, ноғай.

Еуропалық түркітанушылардың біразы:

- сына жазулары;
- таулы-алтай тілдері;
- қарлұқ тілдері;
- қыпшақ тілдері;
- оғұз тілдері;
- саян (тоба) тілдері;
- хакас (қырғыз) тілдері;
- якут тілдері

деп, жіктегенді жөн көреді (/ by Igor de Rachewiltz and Volker Rybatzki; with the collaboration of Hung Chin-fu. p. cm. – (Handbook of Oriental Studies = Handbuch der Orientalistik. Section 8, Central Asia; 20). – Leiden; Boston, 2010. – P. 7) .

Татар ғалымы Г. Ахатов түркі тілдерін үлкен 5 топқа бөледі.

1. Қыпшақ тобы.

1. Қыпшақ-бұлғар топшасы

1. Татар тілі
2. Сібір татарларының тілі (диалекті)
3. Башқұрт тілі

2. Алан-скиф топшасы

1. Қарашай тілі
2. Балқар тілі
3. Қырым татар тілінің солтүстік диалектілері

3. Арал-каспий топшасы

1. Қазақ тілі
2. Қырғыз тілі
3. Қарақалпақ тілі
4. Ноғай тілі

2. Бұлғар тобы

1. Бұлғар-шуваш топшасы

1. Шуваш тіл

3. Қыпшақ-ортазиялық тобы

1. Қыпшақ-ұйғыр топшасы

1. Өзбек тілі
2. Ұйғыр тілі

4. Оғыз тобы

1. Оғыз-осман топшасы

1. Түрік тілі
2. Әзербайжан тілі
3. Салар тілі
4. Гагауыз тілі (Молдавия)
5. Қырым татар тілінің оңтүстік диалектілері

2. Оғыз-түркмен топшасы

1. Гагауыз тілі
2. Құмық тілі
3. Түркімен тілі

5. Сібір-алтай тобы

1. Якут топшасы

1. Якут тілі
2. Долған тілі

2. Қарағас-тува топшасы

1. Тува тілі

3. Хахас топшасы

1. Хахас тілі
2. Кюри тілі
3. Шор тілі
4. Алтай тілінің солтүстік диалектілері
5. Сары ұйғыр тілі
6. Фуюй-қырғыз тілі

4. Алтай топшасы

1. Алтай тілінің оңтүстік диалектілері.

Түркі Халықтарының Дүниежүзілік Ассамблеясының президенті Е. Сұлтанмұрат түркі халықтарын төмендегіше топтастырыпты:

Бұлғар тобы

- шуваштар

Таулы-алтай (орталық-шығыс) тобы

- шорлар
- алтайлықтар
- қырғыздар
- шұлымдар (жартылай)
- ферғана қыпшақтары

Қарлұқ (оңтүстік-шығыс) тобы

- өзбектер
- ұйғырлар
- эйну (абдалы)
- лобнорлықтар
- хотондар
- халадждар

Қыпшақ (солтүстік-батыс) тобы

Қыпшақ-бұлғар (Волга бойы-қыпшақ) халықтары

- башқұрттар
- татарлар
- крешендер
- нағайбақтар

Қыпшақ-половец (половец) халықтары

- қырым татарлары
- құмықтар
- балқарлар
- қарашайлар
- қарайымдар
- қырымшақтар
- ұрымдар

Қыпшақ-ноғай (ноғай) халықтары

- ноғайлар

- қазақтар
- қарақалпақтар
- Астрахан татарлары
- пол-литов татарлары
- Сібір татарлары
- юрт татарлары

Оғыз (оңтүстік-батыс) тобы

- гагауыздар
- Балқан түріктері
- әзербайжандар
- түріктер
- кипрлік түріктер
- месхеттік түріктер
- ұрымдар (жартылай)
- Қырым татарлары
- Ирак түріктері (түркомамдар)
- Сирия түріктері
- түркімендер
- хамзелер
- саларлар
- юрюктер
- қарамандықтар
- өзбектер

Саян (тобас) тобы

Дала топшасы

- тувальқтар
- моншақтар
- цэнгэлдер

Тайга (таежная) топшасы

- тофалар
- дувалар (тоджиндер)
- сойоттар
- ұранхайлар
- цаатандар (цатандар)

Ұйғыр (қырғыз) тобы

- сары ұйғырлар (сары ұйғырлар, қара ұйғырлар)

- фую кыргыздары
- хахастар
- шұлымдар
- шорлар

Якут тобы

- якуттар
- долғандар.

Академик Ә. Қайдаров пен М. Оразов түркі тілдерін алдымен, батыс хун, шығыс хун тілдеріне бөліп, ары қарай тағы да таратады. Батыс хун тілдерін бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлық топтарына жіктеп, бұлғар тобына шувашты, оғыз тобының ішіндегі оғыз-бұлғарға гагауыз, балқан түркілерінің диалектілерін, оғыз-селджукке әзербайжан, түрік, ұрым, қырым татар диалектілерін, оғыз түркіменге түркімен, трухмен тілдерін, қыпшақ тобының ішіндегі қыпшақ бұлғарға татар, башқұртты, қыпшақ половецке қарайым, қарашай-балқар, қырым татар, қырымшақты, қыпшақ ноғайға ноғай, қазақ, қарақалпақты, қарлық тобына өзбек, ұйғыр тілдерін жатқызған. Ары қарай шығыс хун тілдерін ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ тілдеріне бөледі. Оның ұйғыр-оғыз тобының ішіндегі ұйғыр-туваға тува, тофалар, якутқа якут, хақасқа хақас, шор, камасин, шұлым, алтай, сары ұйғыр тілдері, қырғыз-қыпшақ тобына қырғыз, алтай тілдері жатқызылған (Ә. Қайдаров, М. Оразов. Түркологияға кіріспе. Алматы, «Мектеп», 139-бет).

Түркі әлемі жайлы көлемді еңбектер жазған С. Бизақов түркі тілдерін негізінен, төрт топқа бөліп, қарастырады. Сейдін түркі тілдерін

Қыпшақ бұтағы

- Қазақтар
- Татарлар
- Барабиндер
- Ноғайбақтар
- Башқұрттар
- Қарақалпақтар
- Қырым татарлары

Құмықтар
Қарашайлар
Балқарлар
Ноғайлар
Астрахан түркілері (ноғайлары)
Юрттар
Қарағаштар
Қарайымдар
Қырымшақтар
Ұрымдар

Оғыз бұтағы

Түріктер
Әзербайжандар
Қашқайлар
Қарапақтар
Шахсевандар
Қызылбастар
Соннорлар
Хорасандар
Боджнұрдшер
Афшарлар
Түрікмендер
Трухмендер
Гагауыздар

Қарлұқ бұтағы

Өзбектер
Құрамалар
Ұйғырлар
Лобнорлар

Аралық бұтақ

Қырғыздар
Алтайлықтар
Тувалықтар
Тофалар
Шұлымдар
Хахастар

Шорлар
Саларлар
Сары ұйғырлар
Фуюйлер
Орталық Азия түркілері
Сахалар
Долғандар
Шуваштар

ретінде жүйелепті (Қараңыз: С. Бизақов. Түбі бір түркілер. Алматы, 2000; С. Бизақов. Мир тюркских народов. Алматы, 2014).

Тарихшы А. Тоқтабай түркі халықтарын орналасуына орай жіктеп, географиялық ұстанымды басшылыққа алыпты:

Орта Азия түріктері:

Қазақтар
Өзбектер
Түркімендер
Қырғыздар
Ұйғырлар
Қарақалпақтар

Сібір түріктері:

Якуттер (саха)
Тывалықтар
Алтайлықтар
Шорлар
Хақастар
Долғандар

Еділ-Кама түріктері

Татарлар
Башқұрттар
Чуваштар

Кавказ түріктері

Әзірбайжандар
Балқарлар
Қарашайлар

Құмықтар
Ноғайлар
Еуразия түріктері
Гагауыздар
Ұрымдар
Түріктер
Қырым татарлары
Кипр түріктері
Ирандағы түрік ұлыстары
Қарайымдар

(А. Тоқтабай. Түркі халықтарының этномәдениеті. Алматы, 2006, 12-бет).

Түркі тілдері бұлғар (шуваш), оғыз (әзербайжан, түрік, түркімен, гагауыз, қашқай, қарапапах, шахсеван, қызылбас, хорасан, афшар, т.б.), қыпшақ (башқұрт, балқар, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қарашай, құмық, ноғай, татар, қырым татарлары, т.б.), қарлұқ (өзбек, ұйғыр, лобнор, т.б.), ұйғыр-оғыз (қамасин, тыба, хахас, шор, шұлым, сары ұйғыр, тофа, якут, т.б.), қырғыз-қыпшақ (қырғыз, алтай, т.б.) топтарына бөлінеді (Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы, 1998, 406-407 беттер). Түркі тілдерін басқаша жүйелеу да бар.

Жоғарыда біз түркі тілдерін жүйелеудің түрлі ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, жасалынған бірнеше түрлерін әдейі келтірдік. Ондағы мақсатымыз-түркі тектес тілдерді жіктеудің жұрт мойындаған ғылыми жүйесінің әлі күнге дейін жасалмағандығы, оның аса күрделілігі. Жүйелеудің бұлайша көп түрлілігі зерттеу істерінде басшылыққа алынып отыратын ортақ ғылыми өлшемдердің жоқтығынан болса керек. Тілдерді топтастырудың барысында бір ғалымдардың тілдердің өзара жақындығын негізге алса, енді біреулері олардың туыстық, географиялық орналасу жақтарына назар аударғандығы байқалады.

Сонымен бірге күні бүгінге дейін тілді анықтаудың негізгі талаптары айқындалмағанының салдарынан жеке тіл мен оның ішіне кіретін, соның бір бөлшегі саналатын диалектінің ара жіктері ашылмай, барлығы да тіл санатын-

да жүр. Тіпті түрік ғалымдары қазақ, қырғыз сияқты тілдерді түрік тілінің бір диалектісі санап, қазақ түрікшесі, қырғыз түрікшесі атап жүрсе, басқа ғалымдар бұлардың әрқайсысын жеке тіл ретінде қарастырады. Алдағы уақыттарда түркітану саласындағы ізденістерді бір ізге, жүйеге түсіру үшін бұл мәселелердің ғылыми тұрғыдан шешімін табуы аса маңызды.

Тілдері фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жағынан бір-біріне жақын, ұқсас, туыстас түркі әлемі Тынық мұхитынан Атлант мұхитына дейінгі аралықта созылып жатыр. Қазір 40-тай (кейбір зерттеушілер – 25, енді біреулері – 49 деп, көрсетеді) тілде сөйлейтін 250 миллиондай адам өмір сүріп жатыр. Әлем бойынша түркі халықтарының жалпы саны 1992 жылы төмендегідей болған :

түріктер – 57,0 млн.

өзбектер – 19,8 млн.

эзербайжандар – 16,2 млн.

қазақтар – 10,5 млн.

ұйғырлар – 7,9 млн.

татарлар – 7,2 млн.

түркімендер – 7,2 млн.

қырғыздар – 3,0 млн.

шуваштар – 1,9 млн.

башқұрттар – 1,6 млн.

қырымдықтар – 790 мың

қашқайлар – 780 мың

қызылбастар – 630 мың

қарақалпақ – 475 мың

якуттар – 400 мың

афшарлар – 390 мың

шахсевандар – 320 мың

құмықтар – 315 мың

тувалар – 250 мың

месхеттер – 225 мың

гагауыздар – 223 мың

қарашайлар – 170 мың

кипрліктер – 155 мың
қарапапахтар – 105 мың
балқарлар – 100 мың
саларлар – 95 мың
хахастар – 93 мың
ноғайлар – 90 мың
алтайлықтар – 85 мың
бұхар еврейлері – 40 мың
қаджарлар – 38 мың
ұранқайлар – 30 мың
қарадағдар – 25 мың
шорлар – 20 мың
сары ұйғырлар – 14 мың
долғандар – 7 мың
хотандықтар – 5 мың
қарайымдар – 4 мың
қырымшақтар – 2 мың
тофалар – 1 мың

(Хайруш Абдрахман. Түркілер: тарихы мен тағдыры. Алматы, 2002, 135-136 беттер).

Осы есеп бойынша 1992 жылы әлемдегі түркі тектес халықтардың жалпы саны 135 миллион 682 мыңды құрапты. Ал 2005 жылы түркі халықтарының жалпы саны Г. П. Самаевтың мәліметі бойынша, 172 миллионға жеткен. Нақтылағанда:

әзербайжандар – 26 млн.
алтайлық тывалар – 8,5 мың
алтайлықтар – 70 мың
афшарлар – 750 мың
балқарлар – 115 мың
гагауыздар – 250 мың
долғандар – 7 мың
қаджарлар – 40 мың
қазақтар – 12млн. 300 мың
қарадағтар – 35 мың
қарайымдар – 30 мың

қарақалпақтар – 660 мың
қарапапақтар – 140 мың
қарашайлар – 200 мың
қашқайлар – 1 млн. 300 мың
қырым татарлары – 500 мың
қырымшақтар – 1,5 мың
құмықтар – 470 мың
құмандар – 3 мың
қырғыздар – 4 млн. 100 мың
ноғайлар – 95 мың
саларлар – 100 мың
сары ұйғырлар 14 мың
сахалар – 460 мың
сойоттар – 3 мың
татарлар – 6 млн. 300 мың
телеңгіттер – 2,4 мың
телеуттер – 2,7 мың
тофалар – 0,8 мың
тубалар – 1,6 мың
тывалар – 260 мың
түріктер – 70 млн.
түркімендер – 7 млн.

оңтүстік және шығыс иран түріктері: бахарлу, инанлу, нафар, хорасани, пигачи, теймурташ, гударии, карайи, байат, қарагөзлі, кенгерлі – 500 мың
өзбектер – 26 млн. 800 мың
ұйғырлар – 8 млн. 920 мың
хакастар – 76 мың
халадждар – 60 мың
хотондар – 5 мың
челкандар – 0,9 мың
шуваштар – 1 млн. 640 мың
шұлымдар – 0,6 мың
шахсевандар – 600 мың
шорлар – 14 мың

(Алтай – прародина тюрок. Горно-Алтайск, 2013, 6-7 беттер).

Сонда 1992 жылдан 2005 жылға дейінгі 13 жылдың ішінде бұл көрсеткіш 37 миллионға өскен. Өскенде де барлық халықтар бірдей емес, ала-құлалық байқалады. Өсім негізінен көп санды ұлттардың есебінен болып, шағындарының өспек түгілі, өзін әрең сақтап тұрған. Жылдық өсім орта есеппен 3 миллиондай болып отырған. 2010-жылы жалпы түркітөктес халықтардың саны 197,9 миллион болған; яғни жыл сайын 5 миллиондай қосылып, 25 миллион 218 мыңға көбейген. Осы есеппен келгенде, қазіргі түркі әлемі (2014 жылы) орта есеппен 203-205 миллионды құрайды.

«Қазақ тілінің түркі тілдерімен туыстас болатын себебі ай, тәңір, көк, жер, су, бас, тіс, көз, қол, аяқзат есімдер, бірлік, ондық, жүздік, мыңдықты білдіретін сан есімдер, бар, кел, жүр, ұш, отыр, тұр, жат тәрізді етістік, апа, қарындас, ата, келін, қайын, т.б. сияқты туыстық атаулар ортақ болып келеді. Өмірлік мәні бар мұндай атаулар әдетте ауыстыйістікке жатпайды, сондай-ақ олар түркі тілдерінің бір негізден, бір ата тілден тарағандығының белгісі болып табылады. Грамматикалық шақ, жақ көрсеткіштері мен негізгі септіктердің түркі тілдеріне ортақ болып келуі олардың бір ата тілден тарағандығын, туыстығын көрсететін ең сенімді тілдік деректер болып табылады» (Н. Уәлиұлы. «Ана тілі», 18.12.2008).

С. Бизақұлының анықтауынша, «...27 түркі тілі жоғалып кетті. Қазір қалғаны – 27. Ал сол 27 түркі мемлекеттің 6-сы ғана егемен болса, 21-і өзге елдердің қол астында отыр» (Тіл – бірлігіміздің тірегі. «Қазақ әдебиеті», 16.08.2013).

Түркі әлемінің тілдік көрінісін көру үшін алдымен, мына бір цифрларға сөз берейік. Академик Б. Абдулалиоғлы «...оғыз тобына жататын, түркі тілінде сөйлейтіндердің саны – 94 миллион 543 мың 400 адам. Олар 1 миллион 465 мың 500 шаршы километр аумақты мекендейді. Ал қыпшақ тобына жататын, түркі тілінде сөйлейтіндердің жалпы саны – 24 миллион 530 мың 400 адам. Олар 3 миллион 259 мың 100 шаршы километр аумақты мекендейді. Қарлық-ұйғыр тобында сөйлейтіндер 31 миллион 570 мың

адам, мекендейтін аумағы – 2 миллион 47 мың шаршы километр. Ұйғыр-оғыз тобында сөйлейтіндер – 321 мың адам, мекендейтін аумағы – 232 мың 400 шаршы километр. Чуваш-якут тобында сөйлейтіндер – 2 миллион 224 мың адам, мекендейтін аумағы – 3 миллион 121 мың 500 шаршы километр» («Егемен Қазақстан», 02.10.1997) – деп жазыпты.

Сандық жағынан алғанда, қазір жер жүзіндегі түркі халықтары тізімінің алғашқыларын 80 миллион түрік, 35 миллион әзірбайжан, 30 миллион өзбек, 12 миллион қазақ, 9 миллион ұйғыр, 7 миллион түркімен, 6,5 миллион татар, 4,5 миллион қырғыз, 2,2 миллион башқұрт, 1 839 228 (1989) чуваш, 1,5 млн. қашқай құрайды. Саны миллионға жетпейтін

айналлы – 7 мыңдай,
айну – 7 мың,
айрум – 10 мың,
алтайлық – 201 600 (1996),
афшар – 850 мың (1997),
балқар – 88 771
барабин – 7 528 (1926),
баят – 15 мың,
боджнұрды – 20 мың,
гагауыз – 172 800,
долған – 7 мың (1989),
жұғыр – 5 мың,
қарағаш – 6 мың (1973),
қарадағ – 25 мың,
қарайым – 6 144
қарақалпақ – 423 436 (1989),
қарапапах – 105 мың (1992),
қарашай – 156 140
қырымшақ – 1448 (1989),
құмық – 282 178 (1989),
құрама – 53 мың (1917),
қызылбас – 630 мың, ,
лобнор – 2 мың,

нағайбақ – 37 мың (1926),
ноғай – 90 мың (1992),
салар 72 мың (1982),
падар – 3 мың,
сары ұйғыр – 11 мың (1991),
сонқор – 35 мың,
тофа – 731 (1989),
трухмен – 16 мың,
тува – 206 924,
месхет түріктері – 139 мың (1944),
ұрым 70 мың (1989),
фуй қырғыздары – 4 600 (1957),
хаджар – 38 мың,
халадж – 20 мың,
хахас – 81 428,
шұлым – 500,
шахсевен – 400 мың (1992),
шор – 17 мың (1995),
юрт татарлары – 12 мың (1991),
якут – 382 255, т.б.

өмір сүреді (Тюркские народы. Алматы, 2004, 348-381 беттер; Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы, 1998, 405-409 беттер).

Әрине, бұл мәліметтердің толық емес екендігі көрініп тұр. Оның басты себебі – түрлі объективтік, субъективтік жағдайларға байланысты аз санды ұлыстарға қатысты деректердің жұтандығы, болмаса, жоқтығы, болған күннің өзінде де нақтылы еместігі. Өмір сүріп жатқан елдерінде олардың тым аз болуына байланысты жеке ұлт ретінде танымаушылық, не болмаса, санын қасақана азайтып көрсетушілік те кездеседі. Осындай түрлі себептердің салдарынан кейбір аз санды ұлттар жайлы деректерді табудың өзі аса қиынға түседі. Мысалы, қарлұқ, лақай, месхет түріктері, борчалы түріктері, сібір татарлары кейде жеке тіл, ұлт ретінде аталып жүргенімен де біз жоғарыда келтірген тізімдерде кездесе бермейді. Бұлар туралы жазылған ғылыми еңбектер де – жоқтың қасы. Сондықтан да осы сияқты

күн сайын азайып бара жатқан аз этникалық топтардың тілдерін, өзіндік ерекшеліктерін зерттеп, ғылымға қосу бүгінгі түркітанудың алдында тұрған кезек күттірмейтін мәселе болып тұр.

«Түркі тілді халықтар сан жағынан Еуразияда қытай, үнді, славян, роман, герман тілдерінен кейін алтыншы орында. Екі жүз миллион түркілердің тек 120 миллионы ғана өздерінің тәуелсіз алты мемлекетінде өмір сүрсе, қалғаны басқа елдерде өмір сүреді» (Ғ. Хабсаттарұлы. Қазақ болмысы. Алматы, 2011, 63-бет). «Қалғаны» 12 жартылай тәуелсіз республика мен 50-ден астам ұлттық аумақтарда тұрады (сонда, 223-бет).

Сол 250 миллион халықтың 40 пайыздайы бір, 70 пайыздайы 6 тілде де қалған 30 пайызы 34 тілде сөйлейді екен. Саны ең азы – 500 адамдық шұлым, 731 тофа, 2 мыңдай лобнор, 3 мың падар, 5 мың жұғыр, 6 мыңдық қарағаш пен қарайым, әрқайсысы 7 000 адамнан тұратын айналлы, айну, барабин, долған тілдері. Кейбір елдерде кейбір зерттеушілер бұларды жеке тіл ретінде бірде есепке алып, енді бірде өлі тілге жатқызып жүр.

Бұл жерде күні бүгінге дейін ғылыми жағынан шешімін таппай келе жатқан тағы бір нәзік мәселенің шеті қылтияды. Біз тізіп, санын келтіріп, жеке ұлт ретінде аталғандардың барлығы дерлік жеке ұлт па, ұлт тілі ме, болмаса...

Мәселеге осы уақытқа дейін ұлтқа қойылатын талаптар тұрғысынан келетін болсақ, біз жеке ұлт, жеке ұлттық тіл ретінде атап отырғандарымыздың біразы ондай өлшемдерге толық жауап бере алмайды. «Ұлт – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық қауымының жоғары түрі» (Ғ. Райыс. Эстетика. Алматы, 2012, 422-бет). Нақтылай түссек, ұлт дегеніміз, белгілі бір территорияда өмір сүретін, басқалардан ерекшелендіріп тұратын тарихи қалыптасқан экономикасы, мәдениеті, ұлттық болмысы, тілі бар этностық қауым. Ұлттың басты айқындаушысы, темірқазығы – оның тілі. Десек те, жоғарыда біз атағандардың біразы мұндай өлшемдерге сай келе бермегенімен де, қалыптасқан дәстүр

бойынша, бұлар жеке тіл ретінде аталып жүр. Бұл жердегі мәселенің анықтығын айқындау ғалымдардың алдында шешімін күтіп тұрған, уақыттың еншісіндегі міндет болып табылмақ.

Қырықтай тіл дегенімізбен, бұлардың түбі бір, бір-бірімен түсінісе алатындай жақын; көршілері өзара сөйлескенде, еркін ұғыныса алады да, тұрағы қашықтаған сайын түрлі жағдайлардың әсерінен болған айырмашылықтар сезіле бастайды. Сол жақын-қашықтығына қарай түркі тілдері негізінен қыпшақ, оғыз, ұйғыр, Сібір, аралық топтарына бөлінеді. Бұларға Ресейде тұратын 2 миллиондай халқы бар шуаштар мен Ирандағы 42 мыңдай Һалаж қосылмайды.

Түркі халықтарының кейбіреулерінің тегі жайында басқаша пайымдайтын пікірлер де бар. Мысалы, шуваштарды бір зерттеушілер түркіленген моңғол тектілер десе, енді біреулері керісінше, моңғолданған түркілер санайды. В. Радлов сахаларды моңғолданған түркілер десе, «сахалар Байкал жағалауына қоныс аударған түркі тілдес халықтар мен жергілікті тұрғындардың араласуынан қалыптасқан көне халықтың көзі» (И. Қабышұлы. Тұран әлемі. Алматы, 2007, 277-бет) деген де пікірлер бар.

Ал алтайлықтар болса, өздерін жоңғардың бір үрім-бұтағы санайтын ойрат әулетінен таратады. Белгілі түркітанушы, моңғолтанушы Ислам Қабышұлы да «моңғол тектес ойрат халқының төрт руынан тараған шағын халық» деп жазады (сонда, 268-бет).

Түркі халықтарының ішінде қазақ, әзірбайжан, қырғыз, өзбек, түрік, түркімен ұлттары өздерінің мемлекеттігін құрып, тілдеріне мемлекеттік тіл мәртебесін беріп, дамуына жан-жақты жағдайлар жасап отыр. Мемлекеттік тұрғыдан қорғалып отырған бұл тілдерге дәл қазір төніп тұрған қауіптің жолы біршама жабық деуге болады.

Ал екінші топқа алтай, башқұрт, балқар, қарашай, құмық, саха, татар, тыва, ұйғыр, шуаш, хақас тілдері жатады. Бұл халықтардың ұлттық толық тәуелсіздігі жоқ, сондықтан да тілдерінің тіршілік еркіндігі шектеулі. Ресей мен Қытайдың

құрамындағы бұл елдердің саяси хұқы автономиямен шектеліп, тілдеріне жергілікті ресми тіл дәрежесі берілген. Бұл тілдер жергілікті автономиялық облыс, аудан аумағында ғана, онда да сол өздері өмір сүріп жатқан елдердің мемлекеттік тіліне қосымша ретінде ғана қолданылады.

Ресми тіл болғанымен де бұл топтағы тілдердің болашағы жарқырап тұрған жоқ; тіпті оның дамуына кедергілер, қыспақтар көбеюде. Ресми жағынан тіл еркіндігіне қарамастан, іс жүзінде қоғамдық өмірде қолданылу аясы тарыла түсуде. Осындай жағдайлардың салдарынан аз санды халықтар түгілі, 8 миллиондай татар мен 3 миллионнан астам башқұрт халықтары да ұлттық даму жағынан қысым көріп жатыр.

Түркілік ұлттардың көбірек тұратын жері – Ресей Федерациясы. Мұнда Ресей халқының 80 пайыздайын құрайтын 150 миллиондай орыстармен бірге осы елде атам заманнан бері өмір сүріп келе жатқан алтайлық (69 400), балқар (78 300), башқұрт (3 000 000), долған (6 600), ингуш (215 100), қарашай (150 300), құмық (277 200), нағайбақ (8 000), ноғай (73 700), татар (7 500 000), телеуіт, тофа (700), тыва (206 200), хахас (78 500), шуваш (1 773 600), шұлым (1 000), шор (15 700), якут (380 200) секілді тұрғылықты халықтармен әзербайжан, гагауыз, қазақ, қарайым, қырғыз, қырым татары, түрік, түркімен, өзбек, ұйғыр секілді ұлттық және этникалық азшылықтар, тағы да басқа көптеген мигранттар тұрады.

КСРО кезіндегі аз ұлттардың тағдыр-талайын мына бір фактілерден-ақ байқауға болады. 1926-жылы КСРО құрылғанда, ресми түрде 194 ұлт-тіл болса, 1979-жылы соның 101-і ғана қалған. Сонда жарты ғасыр уақыт ішінде бір ғана Ресейде 93 ұлт жойылып кеткен. Мұндай жағдай бір Ресейде ғана емес, басқа да елдерде жүріп жатты. Мысалы, Австралияда жергілікті 250 тілдің 100-дейі бұл өмірмен қоштасып, енді тағы бір жүздеі жоғалудың сәл-ақ алдында тұр (Сулейменова Э. Д., Смагулова Ж. С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. Алматы, 2005, 60-бет).

Ресей империясы тұсындағы отаршылдық саясаттың түркі тілдеріне тигізген зардабы жайлы профессор М. Мырзахметов төмендегідей мәліметтер келтіреді: «...Ресей осы кезден бастап түркі халықтарының жендетіне айналғаны шындық қой? Ресей 49 топқа бөлінетін түркі халықтарының 47-ін жаулап алуы, бүгінде солардың 27-ін шоқындырып, орыстандырып жіберуі ата-бабаларымыздың ескерткен қауіптің өзі емес пе? Мысалы, Ресей империясының ірі халық ретінде саналатын ноғай, қазақ, қырым татарын ыдыратып, санын жыл өткен сайын қысқартып жіберуі – осының айғағы. Он алтыншы ғасырда орыстар төрт миллион болса, қырым татары мен ноғайлардың саны да төрт миллион болатын. Ал бүгінде орыс халқы 140 миллионнан астам болып тұр. Ноғай бүгін 90 мыңға түсіп кетсе, қырым татарлары жарты миллионға жетпей отыр. Ал қазақтар 1916 жылы 47 түрік халқының 5,7 пайызы болса, бүгінде үш есе азайып, 2,3 пайызға түсіп кетуі нені көрсетеді? Әрине, Ресей империясының түркі халықтарының «жендетіне» айналғанын айғақтап отыр» (М. Мырзахмет. Қазіргі кезде қазақ елі дүниетаным жағынан әрі-сәрі күйде тұр. «Қазақстан-Заман», 29.05.2014).

Түркі халықтары дүниежүзілік ассамблеясының президенті Е. Сұлтанмұратов Ресей құрамында болған қырым татарларының тағдыры жайлы мынадай мәліметтерді келтіреді: орыстардың Қырым хандығын басып алған он сегізінші ғасырдың жетпісінші жылдарында қырым татарларының саны 460 мың болып, халықтың 92 пайызын құраса, 1930-жылы олар 218 мыңға дейін азайып, жарты арал халқының 19,4 пайызын ғана құрады; мұнымен ғана шектелмей, 1944 жылы оларды түгелдей Орта Азияға күшпен көшіріп, жерін тартып алды. 1956-жылы ғана оларға елге оралуға рұхсат берілді. Бірақ жерінен, бар мүлкінен айрылған қырым татарлары күні бүгінге дейін өз жерінде қайыршылық күн кешуде. 1991 жылы КСРО ыдырағанда Украинаға өткен Қырым жарты аралын орыстардың қайтадан өз қарамағына қайтаруы бұрындары осында тұрып келген қырым татарлары, қырымшақ, ұрым секілді түркі тектес аз ұлттардың жағдайын мүлдем қиындата түсті.

Ресей Федерациясы 1991 жылдың 25 қазанында «РСФСР халықтарының тілдері туралы заң» («Закон о языках народов РСФСР») қабылдап, «Ресей халықтарының тілдері туралы декларация» («Декларация о языках народов России») жариялады.

«РСФСР халықтарының тілдері туралы заңда» «РСФСР халықтарының тілдері – Ресейдің ұлттық мақтанышы» («Языки народов РСФСР-национальное достояние Российского государства»), Мемлекет РСФСР-дің барлық жерінде ұлттық тілдерді, қостілділікті, көптілділікті дамытуға жағдай жасайды» («Государство на всей территории РСФСР способствует развитию национальных языков, двуязычия и многоязычия»), «Мемлекет барлық тілдердің сақталуға, дамуға тең құқылығын мойындайды» («Государство признает равные права всех языков народов РСФСР на их сохранение и развитие»), «халықтар мен жекелеген адамдардың тіл суверенділігі заңмен қоғалады» («Языковой суверенитет народов и личности охраняется законом»), «РСФСР халықтарының тілдері мемлекеттің қорғауында» («Языки народов РСФСР пользуются защитой государства») деген баптардан бұл елде тіл мәселесі біржола шешімін тапқандай көрінеді.

Шындығында бұл заңда ұлттық тілдерге белгілі бір деңгейде екінші кезектегі мәртебе берілгенімен де негізінен орыс тілінің қамы, оның басқа тілдерге басымдығы заңдас-тырылған. Ресей стратегтерінің жоспарлауынша, қазіргі кездегі қостілділік, көптілділік біртіндеп, бір тілге, яғни орыс тіліне орын беруі керек. Бұл дегеніміз – түптің түбінде орыс тілінің басқа тілдерді жұтып қоюы, болмаса, аз ұлттардың ассимиляцияланып, орысқа сіңіп, жұтылып кетуі деген сөз.

Академик А. Н. Баскаковтың пайымдауынша, орыс тілі жуық арада қандай да жағдай болмасын, өзінің ғылымдағы, білім беру саласындағы, информатикадағы, өндірістегі басымдығын сақтап қала береді (А. Н. Баскаков. Социолингвистический анализ языкового законодательства в Российской Федерации. «Языковые проблемы Российской

Федерации и законы о языках». Москва, 1994, 40-бет). Бұл жоспарлардың жүзеге асуы бір жағынан, бұрын империя кезінде 350 миллион болған, қазір 270 миллиондай сөйлеушісі бар орыс тілінің қуаттылығына, өміршеңдігіне байланысты болса, екінші жағынан, осы елдегі басқа ұлттардың еркіндікке деген мүмкіндігін, ұмтылысын басу, шектеу арқылы жүзеге аспақ.

Бұл жерде Ресейдің тіл саясатына әсер етіп отырған мына бір факторды да ескерген жөн. Арада ширек ғасырдай уақыт өтсе де орыс ұлтшылдары Ресей империясының шынымен ыдырап, келмесе кеткеніне сенгісі жоқ. «КСРО-ның бұрынғы шегараларында қайтадан қалпына келу мүмкіндігіне сену қиын, дегенмен де «соңғы империя» мәңгілік келмесе кетті, бөлініп шыққан 14 мемлекеттің бір де біреуі ешқашан да енді Ресеймен бірікпейді дегенге де негіз жоқ» («Трудно верить в возможность воссоздания СССР в прежних границах, но считать что «последняя империя» распалась навсегда и ни одно из 14 государств уже никогда не объединится с Россией, нет оснований»). В. М. Алпатов. 150 языков и политика: 1917-2000. Москва, 2000, 200-бет).

«Общественное мнение» қорының сұрау салып анықтауы бойынша, Ресей халқының 54 пайызы Кеңестер Одағының тарап кеткеніне өкініш білдіреді екен. Ал 35 пайызы КСРО-ның қайта қалпына келетінінен сенімді («Жас алаш», 13.02.2014).

Міне, осы сияқты факторлар орыс тілін айналасындағыларға жақсы жағынан гөрі теріс әсерлерін көбірек тигізген, мұндай әрекеттерін әлі күнге дейін жалғастырып келе жатқан өктем тілге айналдырып отыр.

Тіл білімінде бір тілдің өзге тілдерге өктемдігін жүргізіп, белсенді қимылдар жасауының барысында оларды өздерінің қолданылу аясынан тықсырып, жұтып қою арқылы күшпен орнын басу әрекеттерін «тіл басқыншылығы» («языковая агрессия») деп атайды. Мұндай құбылыстар көбіне империялық тілдер тарабынан болады.

Ресей империясы кезінде басқа ұлттарды бағынышты етіп ұстаудың бірден бір жолы ретінде негізінен оларды мәнгүрттендіру, ассимиляциялау саясаты басшылыққа алынды да мұны аз ұлттардың тілін қолданыстан ығыстырып шығару арқылы жүзеге асыру көзделді. КСРО құрылғанда оның құрамында болған екі жүздей ұлттан ол құлағанда, жүзге жетер жетпестей қалғаны, «қазақтың санын 3 есе, татардың санын 5 есе, ноғайдың санын 30 (!) есе, сібірліктердің санын 6 есе, башқұрттың санын 3 есе тежеген» (Ғ. Хабсатарұлы. Қазақ болмысы. Алматы, 2011, 224-бет) осындай саясаттың «жемісі» болатын. Өкінішке орай, алып империя құлағанымен де оның орнында шаңырақ көтерген Ресей Федерациясы да осы саясатты жалғастырып отыр. Мұның зардабын осы елдің құрамында өмір сүріп жатқан көптеген ұлттармен бірге түркітөктес халықтар да шегіп отыр.

Көпұлтты империялық сыпаттағы Ресей мемлекетіндегі ұлтаралық қарым-қатынастарда халықаралық ұйымдар қабылдаған, халықаралық мәртебесі бар құжаттардың және де елдің жоғары саяси билігі қабылдаған тіл туралы заңының басшылыққа алынуы, орындалуы, жүзеге асуы көп сыналып жүр.

«Бүгінде Ресей Федерациясының құрамындағы автономиялық республикалардың ана тілінің жағдайы мәз емес. Жалпы бүгінге дейін Ресей Федерациясының құрамында болған ұлттардың біразы фузиялық әрекеттің құрбаны болды. Ең алдымен тілі, ділі, діні жоғалып, кейіннен ұлттың өзін толығымен сіңіріп жіберді. Ендігі кезек татар мен башқұртқа келген секілді. Қазіргі кезде башқұрт, татар ұлттары өз ана тілін сақтап қалу үшін күресіп жатыр. Бұл ұлттардың зиялы қауымының күн тәртібіне қойып отырған мәселесі – ана тілдерінің қолданыс аясын барынша кеңейту, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін ана тілін үйрету. Олар ана тілін сонау балабақшадан бастап дамытып, оны қарапайым кітап шығарудан бастауды, кешкі тегін тіл курстарын ұйымдастыруды, телеарналарды барынша

ана тiлiнде сөйлетудi қолға алу керектiгiн ескерттi. Алайда тiл мәселесiне келген кезде кейбiр татар журналистерiнiң бiр мәмiлеге келе алмай жатқан тұстары да бар. Оған себеп: мектеп қабырғасын бiтiрген түлектiң өз ана тiлiне емес, өзге тiлге мұқтаждығының басым болуы. Егер университетке тапсырғанда, бiрiншiден, орыс тiлiнен, екiншiден, математика секiлдi пәндерден орысша емтихан тапсыру мiндеттi болғандықтан, татар тiлiнiң қажетi аз деген сауал қояды. Осы мәселенi шешу жөнiнде Ресей әкiметiне арнайы хат жолдап, ЖОО-ға түсу үшiн талапкерлерге ерiк беруiн, таңдау хұқығын алдыға шығаруды, өз ана тiлдерiнде емтихан тапсыруды сұрамақшы» (Татар, башқұрттардың ана тiлi үшiн жанталасы. «Қазақстан-Заман», 28.02.2013). Бұл жолдардан татар, башқұрт тiлдерiнiң бүгiнгi халжағдайы, тыныс-тiршiлiгi анық көрiнедi.

Ресей құрамында жеке республика саналатын Татарстан өзiнiң заңды құқықтарын пайдалана отырып, заманның ағымына, ұлттық мүдделерiне орай, 1999-жылдың қыркүйегiнде латын әлiпбиiне көшу туралы шешiм қабылдады. Бұл туралы атақты француз ғалымы Э. Каррер д Анкосс «Фигаро» газетiнде арнайы мақала жазды. «Татарстанның президентi Мiнтемiр Шаймиев саяси тәуелсiздiк танытып отыр... Әрине, реформаның мақсаты саяси екенi – сөзсiз. Ол татарларды Орталық Азия тәуелсiз мемлекеттерiндегi бауырларымен, Таяу Шығыстағы мұсылмандармен жақындата түседi. Ең бастысы – ол Ресей Федерациясындағы бiр алфавиттi, орыс тiлiн пайдалану секiлдi бiрлiктiң санаулы факторларының бiрiн бұзады. Аландаушылық туғызатын бұл заң Ресей Федерациясының құрамына кiретiн басқа да халықтарға үлгi боларлық» («Безусловно, президент Татарстана Минтемир Шаймиев проявляет немалую политическую независимость... Конечная цель реформы, несомненно политическая. Она сближает татар ... с их братьями из независимых государств Центральной Азии и мусулманами Ближнего Востока. А главное – она разрушает один из многих факторов единства Российской Федерации: исполь-

зование одного и того же алфавита, что позволяет легко прибегать к русскому языку. Этот закон, вызывающий беспокойство сам по себе, может также послужить примером для других народов, входящих в Федерацию». («Глобус», 1999, №50).

Әрине, Татарстанның мұндай саяси еркіндігі Кремльге ұнаған жоқ. Онсыз да күшпен әрең отырған елдің шырқын бұзбас үшін, басқалар да үлгі тұтып, осы бағытқа түсіп кетпес үшін Ресей Федерациясының саяси билігі бұл жолды ресми түрде кесті.

Осындай жағдай көпұлтты Қытайда да орын алып отыр. Миллиардтың ішіндегі аз санды ұлттардың ассимиляцияға түсуі уақыт өткен сайын қарқын алуда. Шағын ұлттарды былай қойып, он миллионның о жақ бұ жағындағы ұйғырлардың өзінің ұлттық болашағы күнгірттеніп барады. Ұлтының болашағын ойлаған ұлтжанды ұйғырлардың осы бағыттағы іс-әрекеттері қарсылыққа ұшырап, аяғы қанды қақтығыстарға дейін барып жатыр.

Ал автономиялық мәртебесі бар шуаштардың ұлттық жағдайы сын көтермейді. Патшалы Ресей кезінде күшпен жаппай шоқындырылып, христиан дінін қабылдаған халықтың ана тілі тек ауылдағы аға буынның ғана тіліне айналған. Мектептегі оқудың, барлық іс-қағаздарының, ресми жиындардың орыс тілінде жүруі салдарынан, яғни өмірлік қажеттілігі жоқтықтан шуаштардың бүгінгі ұрпағы ана тілінен айрылып қалған. Жағдай осылай жалғаса беретін болса, енді екі, үш ұрпақтан соң шуаш тілінде сөйлейтін адамды табудың өзі қиынға айналуы мүмкін.

Ресейдің құрамында автономиялы республика саналатын Якутияда миллионға жуық халық тұратын болса, соның 462 492-сі, яғни жарымы – сахалар. Жеріне бес Франция сыйып кететіндей ұлан-ғайыр, табиғаты қатал өңірде тұрып жатқан сахалар сан жағынан аздап өсіп жатқанымен де тілінің қолданылу аясы тарылып бара жатыр. Түркі тектес халықтардан қашықта, оның үстіне басқа мәдениеттің аясында өмір сүріп, христиан дінін қабылдағандықтан да ұлттық болмысының түркілік сыпаты кеми түскен.

Десек те сахалар басқа түскен рухани ауыртпалықтарға көніп, қарап жатқан жоқ. Мектептен бастап, қоғамдық өмірдің барлық саласында дерлік ұлттық тілін, рухани құндылықтарын сақтап қалуға тырысып жатқан әрекеттері босқа кетіп жатқан жоқ. Тоқсаныншы жылдардан басталған әрекеттер барысында «Олонхо» жырын ЮНЕСКО-да «Адамзат баласы материалдық емес мәдениетінің асылы» («Шедевр нематериальной культуры человечества» номинациясы бойынша тіркетуге қол жеткізіп, мұның өзі сахалардың ұлттық оянуына жол бастады. Якут зиялыларының ерен еңбегі арқасында әлемдік әдебиеттің асыл қазынасына қосылған «Олонхо» қазір сахалардың тұрмыс-тіршілігінің идеологиясына айналған.

Әрбір елді мекенінде халықтық, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын «Олонхо» театрлары ашылған Якутия бүгінгі күндері осы әлмес жырдың рухымен тыныстайды десе де болғандай. Жыл сайын 21-22 маусымда өтетін «Ысак» ұлттық құндылықтардың мерекесіне айналған. Бұл күндері «мен сахамын» дегеннің барлығы дәстүрлі киімдерін киіп шығып, ұлттық өнердің түр-түрлері бойынша өтетін конкурстарды, спорттық жарыстарды тамашалайды; эпосты жатқа жырлайтын оқушы «олонхошылардың» жыл сайын өтетін дәстүрлі конкурсында олардың жырларын тындап, үздіктерін марапаттайды; «Олонхоның» халық өмірінің шешуші тұстарын суреттеген тұстарынан сахналық көріністер тамашалап, бүгінгі күнгі халық ардагерлерін ұлықтайды. Бүкіл республика көлемінде өтіп, жалпыхалықтық, жалпыұлттық сыпат алған осы бағыттағы шаралардың барлығының якут тілінде жүргізілуі Ресей құрамындағы сахалардың ұлттық даму жолында екендігін айғақтай алады. Мұның өзі екінші жағынан, Ресей Федерациясындағы ұлт саясатының, қолданыста жүрген тіл туралы заңдарын тиімді қолдана білсе, ұлттық дамуға жол ашық екендігін де айта кеткен жөн.

Міне, осы сияқты жағдайлар билік басындағыларға ұнамауда. Сахалардың өз тілінде сөйлеп, ұлттық құндылық-

тарымен өмір сүре бастауы орыс тілінің алатын орнын кемсітушілік деп бағалануда: «Соңғы уақыттардағы Якутиядағы орыс тілін ашық бағаламаушылық жағдайы алаңдатады. Мектептегі оқу пәні ретіндегі рөлі мен орнының төмендеуі оны оқытуға бөлінген сағаттардың кемуіне әкеліп соқтырды... 5-9 сыныптарда орыс тілінде оқытылып жүрген басқа пәндер ана тіліне көшірілген» («Не может не тревожить явная недооценка в последнее время роли и места русского языка в Якутии. Принижена его роль как учебного предмета в школе, что проявились в резком сокращении количества учебного времени, отводимого на его изучение... В 6-9 классах с русского на родной язык переводится преподавание и других предметов»). Н. Г. Самсонов. Языковая ситуация в Республике Саха. «Языковые проблемы в Российской Федерации и законы о языках». Москва, 1994, 183-бет).

Осы сияқты Якутияның президенті М. Николаевтың ағылшын тілін ресми жиындардың жұмыс тілі етіп жариялауына, сондай-ақ оны мектептерде, жоғары оқу орындарында оқыту туралы қаулы қабылдағанына да сын көзімен қарап, мұның өзі орыс тілі есебінен ағылшын тілі қызмет аясының ұлғаюына апарып соқпас па екен деген қауіппен қарайды («Век», 04.02.2000).

Осы сияқты жағдайлар Ресей Федерациясында өмір сүріп жатқан басқа аз ұлттарға да оңайға түсіп жатпағаны анық. Мысалы, тура осындай жолмен Адыгей автономиялы республикасының оқу министрі Нілби Жарымов та сынга алынады. Министр мектептерде адыгей тілін оқытуды енгізбек болғандығы үшін айыпталған. «Бұған 2003-жылдан бастап барлық іс қағаздары екі тілде жүргізілуін міндеттеген адыгей тілінің мәртебесі туралы заңды қосыңыз. Сонда орыс тілділер кез келген басшылық лауазымды қызметтерге алынбайтын болады» («Независимая газета»-регион, 11.01.2000) – деп, дабыл қаққан. Ресей Федерациясының құрамындағы шағын Адыгей автономиялы республикасында адыгей (жалпы саны 80 мың халық) тілін мектептерде оқыту арқылы мемлекеттік орыс (жалпы

саны 150 миллион) тіліне қауіп төндіре бастады дегенге адам сене ме?

Тыва республикасында тұратын тывалықтар 260 мыңдай тұрғылықты халықтың 80,9 пайызын құрайды (И. Н. Трошкина. Семья титульных этносов Южной Сибири. Абакан, 2014, 45-бет); кей мәліметтер 87 пайызды айтады. Тывалықтардың 81,9 пайызы орыс тілін меңгерген.

Ресей құрамына толық 1944-жылы кірген тывалықтар өздерінің ұлттық тілін, дәстүрін сақтап отыр. Көп уақыттар бойы манчжурлармен бірге бір мемлекетте болған тывалықтардың тілінде моңғол тілінің әсері басым болып келді. Ғалымдар тыва тілінің 40 пайыздайын моңғол тілінен енген сөздер құрайды.

Негізінен Қытайда (8,2 млн), Қырғызстанда (500 мың), Қазақстанда (300 мың) өмір сүріп жатқан жалпы саны 9 миллионнан асатын ұйғырлардың да тілдік жағынан дамуы ойдағыдай емес. Негізгі диаспорасы Шығыс Түркістанда тұратын ұйғырлардың ресми түрде автономиялық хұқы бар болғанымен де өлкеде қытайлардың үлес салмағы жергілікті ұлттан көп болғандықтан да ұйғыр тілін қоғамдық өмірдің барлық саласында қолдануға келгенде, белгілі бір қиындықтар туындап отыр. Мұның аяғы кей кездерде ушығып, ұлтаралық қарулы қақтығыстарға шейін апарып соқтырды. Ал Қазақстанда ұйғырларға біршама жағдайлар жасалынған; автономиялы ауданы бар, мектептерінде оқу ана тілінде жүреді, мәдени дамуына көңіл бөлінген.

Қытайда тұратын екі миллиондай (М. Тәтімов. Қазақ халқының жиынтық саны. Кітапта: Қазақтану өрісі. Алматы, «Қазақ университеті», 2005, 174-бет) қазақтың жағдайы да ойландыратын:

«Қытай билігі соңғы жылдары «ұлтсыздандыру» саясатын мықтап қолға алды. Соның салдарынан қазақ мектептері жабылып, қос тілді мектепке айналды.

1980 жылдары ондағы таза қазақ тілінде оқытатын мектептер саны 2000-ға жуық болса, қазір 200-ге де жетпейді екен. Тіпті, Қытай білім және ғылым министрлігі тарапы-

нан мемлекеттік тапсырыс бойынша балабақша тәрбиесінде негізгі тіл – қытай тілі болып бекітілген. Бұл жүйе сол елде тұратын тек қазақтың ғана емес, барша аз санды ұлттарға ортақ.

Ал, қытай-қазақ «қос тілді» мектептерінде қазақ тілі пәні ғана қазақша жүргені болмаса, қалған пәндердің барлығы қытай тілінде оқытылады. Жалғыз қазақ тілін қазақша оқыту үшін оған «қытай-қазақ мектебі» деген ат берген.

Соңғы ақпараттарға сүйенсек, Қытай үкіметі өткен жылы аз ұлттардың (қытай ұлтынан өзге адам саны аз ұлттар) оқуға түсуіне орталық қазынадан 21 миллиард 390 миллион юань (1 юань – 28 теңге) қаржы бөлді. Ал Шынжаң өлкесінің жергілікті қазынасына 128 миллион юань қаржы аударған.

Қытай үкіметінің «қос тілдік» оқу-ағартуына мұншалық жомарттық танытуының арғы жағында не жатыр? Әуелі балабақшадан басталған тіл үйрету сабағы баланы 3-4 жасында тілінен айыра бастады. Егер мектеп жасына толған балалар қытайша білмесе, оларды мектепке қабылдамайтын заң шығарды. Сосын, қандастарымыз еріксіз балаларын балабақшаға бергенде де қытай балабақшасына тапсыратын болды. Осылайша ана тілінде енді ғана былдырлап жүрген күнәсіз періштелер өзге тілдің құрсауына келіп шырмалады. Ары қарай ойлай беріңіз...

Кеңестік кезеңдегі қазақтың орыстануы секілді. Аты «қос тілді» болғанымен, негізінде Қазақ тілі пәнінен бөлек пәндердің барлығы қытайша жүргізілді. Ал жоғарғы оқу орындарындағы жағдай бұдан да сорақы. Ондағы білім тек қана қытай тілінде беріледі. Мемлекеттік тіл дәрежесіндегі қытай тілін білу аз санды ұлт тұлғаларының борышы мен міндеті болып табылады. Түрлі мекемелер мен жергілікті әкімшілік, сонымен қатар мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін тұлғаларға қойылатын ең басты талап – қытай тілін білу. Онда тек біліп қоюмен шектеліп қалмай, мемлекеттік емтиханнан өту (8-дәреже бойынша) шарт.

Шынжаң автономиялы заңындағы бұрынғы «қытай тілі жергілікті ұлт тілімен қатар жүреді» деген тармақ қағаз жүзінде қалып қойды. Бұл күнде қытай қазақтарының бір кездегі шұрайлы, мәекті тілі көркеюдің орнына қолдану аясы тарылып, тіпті кейінгі жастар өз тілін мүлдем ұмыта бастады.

Ол жақтағы аз ұлттардан шыққан белгілі зиялы қауымы осы қиындықтарды ашып айтайын десе, аяқ астынан «коммунистік партиямыздың, республикамыздың заңсаясатына қарсы тұрдың» деген қалпақ киіп жазаланамын ба деп қорқады. Міне, соның кесірінен бұрыннан келе жатқан ұлттық салт-дәстүр сабақтары жойылып, оның орнын қытайдың (Хань) бес мың жылдық тарихы мен мәдениеті басты. Бойынан қазақылық емес, басқа қасиеттердің белгісі белең алып, соңғы 10 жылдың ішінде қытайланған бір буын өсіп, жетіліп келеді.

Иә, алғашқы буындар аз болса да, ана тілінде дәріс алды. Енді келесі буынның жағдайы бізді тіптен алаңдатады. Қытай үкіметі «қытайландыру» саясатын жүргізу барысында неше түрлі құйтұрқы амал-тәсілдерді ойлап табуда. Соңғы бірнеше жылда олар тағы бір аз ұлттардың білім алуына «тамаша сыйлық» жасапты. Бала мектеп табалдырығын аттап, ақ-қараны ажырататын 3-4-сыныпқа келгенде ішіндегі үздік оқитын, бойында білімге деген құштарлығы басым балаларды іріктеп, Қытайдың арғы жағындағы ішкі өлкелеріне тегін оқуға алып кететін болыпты. Ал санасын әбден қытай саясаты улаған ата-аналары: «баламызды Қытай үкіметі тегін оқытып жатыр, бұдан басқа бізге не керек» деп мәз болады. Тіпті, кейбір отбасылар 7-8 жастағы баласының құрттай қайнаған Қытайдың ішкі өлкелеріне тегін оқуға кеткеніне қуанып, ағайын туыстарын шақырып, той жасайтын деңгейге жетті.

Бұл арада Қытай үкіметі аз ұлттарға жаны ашып, көмек бергісі келіп отыр ма? Бұл саясаттың түбінде не жатқанын сол балалардың ата-анасы түсінбейді-ау, шіркін! Ертең сол басының дымы кеппей, ата-анасының мейірімімен емес,

қытайдың қолдан жасаған «шапағытымен» сусындаған ұрпақ ұлтының кім екені былай тұрсын, ата-анасының кім екенін ұмытып кетпесіне кім кепіл...

Біздің ел, біздің үкімет қытайдағы қандастарымыздың осындай қиын тағдырына назарын аударса деген тілегіміз бар» (Күнсұлтан Отарбай. Қытайда түрі қазақ, тілі қытай ұрпақ өсіп келеді. «Халық сөзі», 20.03.2014).

Қытайдағы қазақтың басына төніп отырған осындай жағдай басқа да қырғыз, өзбек сияқты көптеген аз ұлттардың барлығына да тән. Аз санды ұлттардың тілін, мәдениетін сақтауға бірсыпыра шаралар қолданылып жатқанымен де мұның өзі миллиардтың ішінде аман қалуды қамтамасыз ете алмай жатыр.

Жоғарыдағылармен салыстырғанда, Өзбекстанның құрамына кіретін 400 мыңнан асатын қарақалпақтардың жағдайы мүлдем өзгеше. Өзбек тілінің де қарақалпақ тілі секілді түркі тілдері тобына жатуы екі тілдің көбіне жат сөздермен емес, бірінде жоқ болса, екіншісінде бар түбірі ортақ сөздермен толығып, түркілік негізде жақындаса түсуіне мүмкіндіктер беріп отыр.

Десек те, бірге бір мемлекетте қатар өмір сүріп жатқан екі халықтың арасындағы қарым-қатынастар әр түрлі әлеуметтік-қоғамдық жағдайлардың салдарынан соңғы уақыттарда шиеленісе түскен. Қарақалпақтар мен өзбектердің арасында күнделікті тіршіліктің барысында туындаған тұрмыстық шиеленістер ушыға түскен. Түбі бір туысқан халықтардың арасындағы тұрмыстық, әлеуметтік жанжалдардың дер кезінде билік тарапынан нақтылы шешім тауып тұрмауы, сосын негізінен, бір ұлт саналатын туысқан халықтарды жеке-жеке ұлтқа жатқызып, бір-біріне жат санау сияқты көптеген объективтік, субъективтік себептердің салдарынан қазір қарақалпақтардың арасында Өзбекстаннан бөлініп шығуды қалайтын сепаратистік пиғылдар кеңінен орын алуда (В Каракалпакии все громче раздаются требования о выходе республики из состава Узбекистана и о сближении с Россией. «Русская планета» пор-

талы, 29.10.2014). Бауырлас халықтардың арасындағы бұл сияқты тұрмыстық, әлеуметтік деңгейде туындаған келеңсіз жағдайлар саяси тұрғыдан дер кезінде өз шешімін тауып отырғанда ғана екі халықтың арасында туыстық қатынастар орнай алмақ.

Алтай, балқар, қарашай, құмық, хақас халықтары Ресейдің құрамында ұлттық автономия мәртебесінде өмір сүріп жатқанымен де көпшілігі өз тілінде сөйлемейтін, ұлттық болмысы әлсіреген халықтарға айналып барады. Мемлекеттік мәртебедегі орыс тілінің тықсыруымен басқа аз халықтардың тілдері тұрмыстық деңгейде ғана қалып, мектептегі, жоғары оқу орындарындағы оқудан бастап, қоғамдық, саяси, ғылыми, экономикалық өмірдің барлық саласында дерлік қолданылудан шығып қалуы олардың тамырына балта шапқанмен бірдей болып отыр.

Мысалы, Хақасия республикасында барлығы 532,4 адам тұрса, соның 12,1 пайызы ғана хақастар, 80,3-і орыстар болып отыр. Хақастар соңғы он жылдың ішінде өсудің орнына азая түсіп, ана тілінде сөйлейтіндер 10,6 пайызға кеміп, олардың саны 42,6 адам болған ((И. Н. Трошкина. Семья титульных этносов Южной Сибири. Абакан, 2014, 53, 58 беттер; Народы и культуры Южной Сибири и сопредельных территорий. Материалы Международной научной конференции, посвященной 70-летию Хакасского научно-исследовательского института языка, литературы и истории (24-25 сентября 2014 года). Абакан. 2014, 108-бет). Жалпы хақастардың 2, оның ішінде Хақасияда тұратындарының (65 421) 2,13, Ресейдегілердің (65 624) 1,86 пайызы ғана ана тілінде сөйлей алады (А. Д. Каксин. Хакасы: культурные традиции и их трансформация (конец XX – начало XXI в.) Абакан, 2013, 106-бет).

Іс қағаздарының барлығы, оқу орындарындағы оқу түгелдей дерлік орыс тілінде жүреді. Ақпараттық құралдардың дені орыс тілінде. Хақас тілінде шығып тұратын республикалық ресми орган «Хабардың» таралымы 1630 дана ғана. Христиан дінін қабылдап, славяндық мәдениеттің

аясында өмір сүріп жатқан хақастар түркілік мазмұны азайып, тілі жойылуға бет алған ұлттардың қатарында. Мамандар бір ұрпақтан (25 жыл) кейін хақас тілі жойылды деген де болжамдар жасай бастады (В. П. Кривоногов. Хақасы в начале XXI века: современные этнические процессы. Абакан. 2011, 135-бет).

Ұлттық автономия аясында ұлттық тілдерді дамытуға арналған түрлі шаралар қолға алынып жатса да онда тіл дамуының басты мәселесі шешілмегендіктен де оң нәтижелер беріп жатқаны жоқ; керісінше аз ұлттардың сандық, тілдік дамуының құлдырауы күшейе түсуде. Мысалы, 1992 жылы 85 мың, 2005 жылы 70 мыңнан асатын алтайлықтар қазір 62,2 мыңға түсіп, Алтай Республикасының 30,6 (Республика Алтай. Краткая энциклопедия. Новосибирск, 2010, 26-бет; Языковая ситуация и языковая политика в республике Алтай. Горно-Алтайск, 2010, 3-бет), кей деректерде 35,3 (И. Н. Трошкина. Семья титульных этносов Южной Сибири. Абакан, 2014, 36-бет) пайызын ғана құрайды. Олардың шамамен 86,7 пайызы алтай тілін ғана ана тілі санаса, 74 пайыздайы сөйлесе алады (Республика Алтай. Горно-Алтайск, 2011, 63-бет). Алтай тілі мамандығы тек Таулы Алтай университетінде ғана оқытылады да мектептер мен жоғары оқу орындарының барлығында дерлік оқу орыс тілінде де, алтай тілі жекелеген пәндердің бірі ретінде жүреді.

Дағыстанға кіретін 500 мыңдай құмықтың, бірі шеркестермен, енді бірі кабардиндермен қосылып, автономия құрған 250 мың қарашай-балқардың, 65 мыңдай хахастың, 260 мың тываның тілдік жағдайлары да осы деңгейден алыс емес.

«Жалпы Ресей мемлекетінде тіл жағдайы аса мәз емес. Ғылыми негізде әлем тілдері пайдаланылу дәрежесіне қарай 6 топқа топтастырылатынын ескерсек, Ресейдің қолданыстағы тілдерінің «қауіпсіздер» тобына орыс, татар, украин, «жоғалуы мүмкін» деген болжам қатарына 20, «өте қауіптілерге» 29, «нашар жағдайдағыларға» 22, ал

«жоғалғандар» санатына 20 тіл жатады» (А. Құлтай. Қазақ тілінің қауқары қандай? «Жас қазақ үні», 29.03.2011-04.04.2011).

Әдетте, жоғалып бара жатқан тілдерге әрқайсысында бір-неше адамнан бірнеше мындай ғана сөйлеушісі бар тілдер жатады. Кей тілдерде сөйлейтіндердің саны саусақпен санарлық қана. Соңғы сөйлеушісі өлгенде ол тіл де өлгенге саналады. Мысалы, жуырда ғана ең соңғы сөйлеушісі қайтыс болумен бірге 84 дауыссыз және бір ғана дауысты (а) дыбыстан тұратын өзгеше бір убых тілі өлді.

Қазір Ресейдегі құрып бара жатқан вод (10 адам), манси (3000 адам), энец (30 адам), селькуп (1000 адам), алеут (1550 адам), юкагир (200 адам), орок (50 адам) сияқты тілдерімен қатар әрқайсысында сөйлейтін 35 адамы бар шұлым мен тофа секілді түркі тілдері де бар.

Ресей Федерациясы құрамындағы түркі тектес халықтардың мұндай аянышты күйге ұшырауының басты себебі өкіметте отырған биліктің түптің түбінде орыстан басқа ұлттарды құрдымға алып баратын саясат жүргізуінде болып отыр. «Кавказдағы қарашай, балқар, ноғай, құмық сынды түркі тектес халықтарға қарсы шешен, осетин, ингуш, даргин, авар, лезгин сынды өзге этностарды айдап салуда. Құмықтың да, ноғайдың да өздерінің байырғы мекендерінде автономиялық статус беруді сұраған өтініштерін Ресей билігі тыңдап отырған жоқ. Тіпті, тыңдамақ түгілі Ресей Федерациясының құрамындағы ұлттық республикаларды жою саясатын жүргізіп отыр.

Қазір Ресейде «Қазан универсиадасынан кейін Татарстаннан республика мәртебесі алынып тасталады екен» деген алып-қашпа әңгіме өрбіп кетті... Демек, ұлттық республикаларды жою Ресей үшін маңызды шаруа болып тұр. Ең өкініштісі, Ресей билігі бірінші кезекте түркі халықтарының ұлттық республикаларын жоюды көздеп отырған сыңайлы. Өйткені қазір Ресейде өздерінің құқықтарын қорғап, ұлттық рухты ояту жолында белсеніп жүргендер көбіне түркі халықтарының арасында жиі кездесуде. Ұлттық

мүддені бірінші орынға қоятын қозғалыстар тек татар, башқұрт, тыуа, саха халықтарында ғана бар. Ал Кавказ жақтағы түркі халықтарының көбі қазір Ресей билігінің айтағына ерген көрші этностармен қырғи қабақ күй кешуде» («Қазақстан-Заман», 01.08.2013).

Қырықтай түркі тілдерінің ішінде алтауының ғана мемлекеттік тіл, он екісінің мемлекет ішіндегі автономиялық тіл мәртебесі бар болса, мұның өзі мүмкіндігіне, заңдық күшіне орай сол тілдердің қалыпты өмір сүруін әрқалай қамтамасыз етіп отырса, қалғандарын қорғансыз тілдер қатарына жатқызуға болады. Бұлардың кейбіреулерінің әлсірегені соншалық, сол тілде сөйлейтін санаулы адамдар ғана қалған.

Мысалы, қарайым тілінде Литвада 20, Украинада 10, Польшада 10 адам ғана сөйлейді. Осы қырықтай адам өмірден өтсе, қарайым тілі де өледі. Демек, қарайым тілі қазір хал үстінде. Мұның өзі ертеңгі күні қарайым тілі ғана емес, сол тілде сөйлеген тұтас бір халық, яғни бір кездері Еуразияның Тынық мұхиттан Атлант мұхитына дейінгі аралығында ат ойнатып, билік жүргізген көк түрік ұрпақтарының бір әулеті, сол тілде жасалынған тұтас бір рухани әлем де бұл өмірмен қоштасады деген сөз.

Қарайым тілі сияқты Иранда тұратын 7 мыңдай айналлы, Қытайдағы 5 мың жұғыр мен 7 мың айну, Ресейдегі 5 мыңдай долған, 2 жарым мыңдай шұлым, 10 мыңдай шор тілдеріне де қауіптің кара бұлты үйіріліп тұр. Ал тофа тілін ғалымдар қазірдің өзінде-ақ өлі тілге жатқызып қойған.

Украинада (200 000), Өзбекстанда (190 000), Қырғызстанда (40 000) тұратын 500 мыңдай қырым татарының, Молдавияда (170 000), Балқанда (130 000), Украинада (20 000), Болгарияда (10 000), жалпы саны 330 мыңдай гагауыздың, Ирандағы 400 мың хорасанның, 1,5 миллиондай қашқайдың, 42 мың халаждың, Ауғанстандағы 300 мыңдай афшардың, Қытайдағы 55 мың салардың, Солтүстік Кавказдағы 70 мыңдай ноғайдың ресми түрде тәуелсіздіктері болмағандықтан да ұлт ретінде даму мүмкіндік-

тері шектеулі қалпында қалып отыр. Мұның өзі олардың тілдерін өмір сүріп отырған мемлекеттеріндегі ресми тілдердің қысымына ұшыратып, қолданылу аясын тарылта түсуде.

Белгілі түркітанушы И. Қабышұлы Иранда тұратын түркінің оғыз бұтағынан тарайтын түрік, әзербайжан, түркімендерге жақын афшар, гагауыз, қақшай, ирандық қарақалпақ, шахсеван, қызылбас, соннар, халадж, хорасан, болджнұрди, трухмендерді «парсыланған түркі тектес әулеттер» атайды. Иран «Жоғарыдағы хорасандар да материалдық, рухани жағынан түрікпен, әзербайжанға жақын тұрғанына қарамастан, оларды парсыландыру саясатын жүргізіп келді. Демек, хорасандар әбден парсыланған түркі тектес халықтың оғыз бұтағының оңтүстік бұтағына жатады. Хорасан тілі «зербайжан, түркімен тілінен алшақтап, өшіп бара жатқан тіл деуге болады. Борджнұрдилер туралы да хорасандарға тән болжамды айтуға болады. Иранның Хорасан ауданының батыс өңірін мекендейтін түркі тектес бұл халықтар құрып жоғалудың алдында тұрған ел деуге болғандай. Түркі тектес халықтың оғыз бұтағына жататын қызылбастар, соннорлар, шахсевандар, қарақалпақтарды да парсыланып бара жатқан түркі тектес халықтың бұтағы деп айтар едік» (И. Қабышұлы. Тұран әлемі. Алматы, 2007, 293-бет).

Әрине, Ресейдегі, Ирандағы, Қытайдағы мұндай тілдік жағдайларға аз ұлттардың төтеп бере алуы қиын. 1959 жылға қарағанда, 1989 жылы Ресейде өз тілін ана тілі санаған мансийлар – 41%, ульчи – 36%, удэгей – 35%, нивх – 30%, орош – 28% болды (Н. Вахтин Коренное население Крайнего Севера Российской Федерации. Москва, 1993, 47-48 беттер). Ал, тілдік басқыншылықтар барынша күшейіп тұрған мына ХХІ ғасырда бұл тілдер тіл майданынан аман шыға ала ма?

Біз бұл жерде баспасөз бетінде ресми түрде жарияланған дерек көздерін пайдаландық. Түркі халықтарының жалпы саны, оның ішіндегі әрбір ұлттың жай-күйі жайлы

басқа да материалдардың бар екендігін ескертеміз. Мұндай мәліметтердің түрліше болуы негізінен басқа мемлекеттердің құрамында қалып отырған ұлттар санының белгілі бір есептермен әдейі азайтылып берілуіне және де сол елдің ұлттық-саяси құрылымына байланысты болса керек (Мысалы, Түркия мен Иранда ұлтқа іштей бөлу жоқ. Сондықтан да бұл елде тұратындардың барлығы да түріктер, не ирандықтар деп саналады).

Жуырда біздің қолымызға жоғарыда айтылғандай, жағдайларды ескере отырып, жасалынған бір құжат түсті. Біздіңше, назар аударуға тұрарлық, осында келтірілген мәліметтерге көз салайық. Мұнда ең алдымен, көзге түсетіні жалпы түркі халықтарының саны жоғарыда біз келтіргеннен екі еседей көбейтіліп, 400 миллион деп көрсетілген.

Әлемдегі түркі халықтарының саны:

- | | |
|---------------------------------------|------------|
| 1. Түріктер | – 100 млн; |
| 2. Әзірбайжандар | – 60 млн; |
| 3. Өзбектер | – 50 млн; |
| 4. Ұйғырлар | – 30 млн; |
| 5. Қазақтар | – 20 млн; |
| 6. Американың байырғы түркі халықтары | – 20 млн; |
| 7. Түркімендер | – 20 млн; |
| 8. Қазан татарлары | – 10 млн; |
| 9. Қырғыздар | – 8 млн; |
| 10. Шуаштар | – 2 млн |
| 11. Башқұрттар | – 2 млн; |
| 12. Қашайлар | – 2 млн; |
| 13. Мазандаран түркілері (Иран) | – 2 млн; |
| 14. Қарақалпақтар | – 1 млн; |
| 15. Қырым татарлары | – 1 млн; |
| 16. Сібір татарлары | – 500 тыс; |
| 17. Құмықтар | – 500 тыс; |
| 18. Сахалар-якуттар | – 500 тыс; |
| 19. Месхет түріктері | – 500 тыс; |
| 20. Тыбалар | – 300 тыс; |
| 21. Тыба-тоджинлер | – 50 тыс; |

22. Гагауыздар	– 300 тыс;
23. Қарашайлар	– 300 тыс;
24. Балкарлар	– 150 тыс;
25. Алтайлықтар	– 80 тыс;
26. Хакастар	– 80 тыс;
27. Ноғайлар	– 90 тыс;
28. Қажарлар	– 40 тыс;
29. Шорлар	– 16 тыс;
30. Телеуіттер	– 3 тыс;
31. Құмандар	– 3 тыс;
32. Тофалар	– 1 тыс;
33. Қарайымдар	– 3 тыс;
34. Қырымшақтар (Қырым татарлары)	– 1 тыс;
35. Саларлар	– 200 тыс;
36. Сары ұйғырлар (Қытай)	– 500 тыс;
37. Афшарлар (Иран)	– 400 тыс;
38. Нағайбақтар	– 10 тыс;
39. Шұлымдар	– 1 тыс;

«Қарашай» қоғамдық қоры келтірген бұл мәліметтерден түркі халықтарының әрқайсысының саны ресмидегіден екі есеге жуық көбейтіліп берілгендігі бірден көзге түседі. Ұсынылған мағлұматтардың неге осылай беріліп отырғандығына нақтылы дәлелдер келтірілген.

Мысалы, ресми мәліметтерде 9 миллион деп көрсетіліп жүрген ұйғырлардың саны біз сөз етіп отырған құжатта 30 миллион деп берілген. Аралары тым алшақ. Десек те авторлар бұл деректі былайша дәлелдейді: «1993 жылдың желтоқсан айында Вашингтон қаласында өткен түркі құрылтайында ұйғыр делегациясының басшысы қытай және батыс деректерінде ұйғыр халқының жалпы санын өте азайтып беріп жүр. Басқа жақтағы диаспораларды есептегенде, Шығыс Түркістанның өзінде «ең аз дегенде 25 миллион ұйғыр бар». Ол «25 миллион ұйғыр бар» дегенді үш рет қайталап айтты. Жиынды жүргізіп отырған төраға «Қытайдан басқа Қазақстанда, Өзбекстанда, Ресейде және Батыс елдерінде тұратын дарды қосқанда барлығы 30 миллион ұйғыр бауырларымыз бар» деп, нақтылай түсті.

Осында қазақтар жайлы мынадай мағлұматтар келтіріліпті: «Қазақтар – 20 миллион. Бұрын қазақтар тұрған «тың» жерлерді игеру науқанына дейін-ақ бұл жерлерді шынымен-ақ нағыз тың жерлерге айналдырып жіберген болатын. Республиканы Кремльдің қолшоқпары Голощекин билеген отызыншы жылдары қолдан жасалған аштықтың салдарынан алт миллион халықтың екі миллионы ғана қалды... КСРО құлағанға дейін-ақ ресми статистика әлемдегі қазақтардың саны 10 миллионға жетті деп, жариялаған. Бұл – халықтың өміршеңдігінің, табиғи өсімінің жоғарылығының көрсеткіші. Содан бергі шамамен отыз жылдың ішінде халықтың саны екі есе өсті. Шығыс Түркістандағы Іле қазақ автономиялы облысында екі миллиондай қазақ тұрады. Осынша қазақ Өзбекстанда, Ресейде бір миллион, оның үстіне Ауғанстанда, Түркияда, Германияда, АҚШ-та қазақ диаспоралары бар». Бұл келтірілген мәліметтер көтеріңкілеу көрінгенімен де ойландырарлық жақтары да жоқ емес.

АҚШ-та, Канадада, Мексикада тұратын индеецтердің абсолютті көпшілігін, Оңтүстік Америкалықтарының бір бөлегін түркі тектестерге жатқызып, олардың саны 20 миллион, одан да артық болуы мүмкін деп көрсетуі де алдағы уақыттарда бұл мәселені зерттей, нақтылай түсуді қажет етеді. Сондай-ақ, мұнда бұрындары аттары аталынбай, болмаса, өліге жатқызылып жүрген нағайбақ, құман, телеуіт, кажар сияқты халықтар туралы да мәліметтер берілген.

Жақында қазақ баспасөз бетінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж. Артықбаевтың «Лақай – түркінің бір бұтағы» («Ана тілі», 11-17.04.2013) тақырыбындағы мақаласын оқып, бұрындары беймәлімдеу болып келген тағы бір туыстас халықтың тағдырымен таныстық. Жалпы саны бір миллиондай лақайлар Жиделі-Байсын жерінде өсіп-өніп, қазір сол халықтың жартысы Тәжікстанда, қалғаны Ауғанстанның Бағлан, Құндыз, Хелман, Тахор уалаяттарында, Иранның Тегеран, Исфахан, Сейстан, Шираз уалаяттарында, Сауд Арабиясында, Түркияда, Еуропа, Америка елдерінде тұрады екен.

Тілі, әдет-ғұрпы, салт-санасы қазақтарға өте жақын лақайлар қуғын-сүргінді көп көріп, соның салдарынан жан сақтаудың қамымен шашырап өмір сүріп жатыр. Өмір сүретін тұрақты мекені, ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттігі жоқ аз ғана лақайлар қазір жойылып кетудің сәлақ алдында тұр. Сол лақайлардың бірі Тәжікстанда туылып, Ресейдің азаматтығын алып, Өзбекстанда жұмыс жасайтын ғалым Насриддин Назаров Қазақстанға ғылыми конференцияға келгенінде, біз жойылып кеткенше, қазақ болып, қазаққа қосылайық, бізді көшіріп алындар дегендей пікір білдірген. Басқа халықтардың ортасында жүріп, соларға сіңіп, жоқ болып кеткенше, туыстас халықтарға қосылып, ең құрығанда, түркілік тамырын жоғалтпауды мақсат тұтып отырғаны кім-кімді болса да ойлантады. Біздіңше, бұл ұсынысты қолдап, «Нұрлы көш» бағдарламасы ауқымында лақайларды Қазақстанға көшіріп алу мәселесі ойластырылса, бұдан екі жақтың да ұтары анық.

Тағы да осы сияқты бір мақала «Жас алаш» (06.08.2013) газетінде жарияланды. «Болған» деген тайпа бар. Қазақ атауын олар қашан жоғалтты екен?» деген тақырыбының өзі мен мұндалап тұр. Мұндағы әңгіме өздерін бұрындары «болған», «сары ұйғыр», кейіннен «игу» ұлты ретінде бекітіліп, Қытайдағы 56 ұлттың бірі болып өмір сүріп жатқан халық жайында өрбіген. Олардың айтуынша: «Біз үйсін боламыз. Ежелгі үйсін мекеніне кейін қайта оралыппыз. Қазір үлкендер ескі тілді, ата тілді бұлыңғырлау болса да біледі, бірақ жастар жағы оқу оқып кетті де дәстүрлі салттан өзгеріп, тілді де ұмыта бастады. Жалпы біз жойылған ұлтпыз деуге болады, Әйтеуір Қытай мемлекеті үйсіндер туралы кино түсірді ғой, сол бізге кәдімгідей медет болып жүр» (Ш. Қалиұлы. «Болған» деген тайпа бар. Қазақ атауын олар қашан жоғалтты екен? «Жас алаш», 06.08.2013) – дейді түркітектес игудің өкілі.

Кезінде исламда болып, кейіннен дінінен айрылып қалған («Бізде бұрын Ғұран (Құран) болған екен, оны оқитын адам болмаған соң, әр адам өлген сайын бір бетін жыртып,

бірге жерлей берген. Ең соңында Ғұранның беті де таусылған, содан біз еш дінді ұстанбай қалған дінсіз халықпыз»), сонысына қарамай, құран оқылғандай, бата қылғандай ас ішіп болған соң, қос қолдарын жайып, беттерін сыйпайтын халықты қалың қытайдың ішінен тауып алып, рухани жағынан оң-солын тануына көмектесу, жоғалып бара жатқан тілін, ділін зерттеп, бүгінгі түркітану ілімінің көкжиегін кеңейте беру – кешіктіруді кешпейтін шаралардың бірі.

Қытайдағы түркі тектес аз ұлттардың тағдырын мына бір жолдардан анық байқауға болады:

«Ал Тұрфан мен Шығыс Түркістанға ойысқан түркі тектес әулеттің нәсілін қытайша «Юйгу», өздерінше «Сары югур», моңғолша «Шанту», немесе «Шар уйгар» – «Сары ұйғырлар» десе, саларларды «Хиргисууд» (қырғыздар) деген сөзді қытайлар тілі келмей, «Хир тюз» деп, ақырында орыс оқымыстылары сол өлкенің атына ұйқастырып, «Фууй» деп атап кеткен-ді. Өздерін қырғыздардың қалдықтары атаған азғантай ғана адамы бар фуюйлердің көнекөз қариялары ертедегі қырғыз, хахас, шор, шұлым тілдерін араластырып сөйлегені болмаса, әбден қытайланған нәсілге айналды... Тәңірге табынудан соң, будда дінін тұтынған бұл ел Фууй уезіне мекендеп қалып, кейінде әбден қытайланып, ұмыт бола бастайды. Демек, бұлар қырғыз, тыва, алтайлықтарға арғы тегі жақын болғанымен, бүгіндері – үрім-бұтағы құрып кеткен әулет.

...сары ұйғырлардың бүгінгі қалдықтары екі-үш мыңнан аспайтыны былай тұрсын, ана тіл, дәстүрін әбден ұмытып, ханзу халқына біржолата сіңісіп кеткен түркі нәсілдері болып есептеледі.

...Әлденеше ауданға шашырай қоныстанғандықтан, саларлар тілі бір кезде шағатай, ұйғыр, парсы тілдеріндегі әдебиеттерді пайдаланса, соңғы кездері бұл халық ханзу тілі мен ұйғыр тілдерін қосарлана қоректеніп, өз тілін әбден ұмытқан-ды.

...Сары ұйғырлар мен саларлар осылайша екі дінге бөлініп, тілдік, әдет-ғұрып, салт-санасынан алыстап, хан-

зуланып бара жатқан түркі халқының ең аянышты үрім-бұтақтары.

...тофалар мен шорлар, долғандар мен шұлымдар Ресей құрамындағы құрып бара жатқан халық болып есептелсе, саларлар мен фууйлер, сары ұйғырлар біржолата қытайланып бара жатса, моңғолдағы көне ұйғырлар мен хотандар соңғы екі ғасыр аясында әбден моңғолданып кеткен түркі тұқымдас ел» (И. Қабышұлы. Тұран әлемі. Алматы, 2007, 294-298 беттер).

Түркі әлемінің тарихы мен бүгінгі жай-күйін зерттеп, елеулі еңбектер жазған Ислам Қабышұлы «Көне түркі тілінен Еуропадағы мажор-бұлғар, чуваштар славяндарға, Ирандағы халықтың 3 миллиондайы парсыға сіңген түркілер нәсілі болса, Сібірдегі долған, тофа, Қытайдағы салар, сары ұйғырлар, Моңғолдағы хотандардың тілі әбден жойылып бітті» – дей келіп, «Тілі, діні, ділінен айрылған халық ел болып көсегені көгертпейтіні, кешікпей ұмыт болып кететінін бұл өлкенің шағын халықтарының ащы да болса шынайы тарихы дәлелдеп отыр. Мүмкін, келесі ғасырда мұндай халықтың болғаны тек қағаз бетінде қалуы мүмкін» (сонда) – деген болжамын да жасырмапты. Әрине, өкінішті жағдай.

Қазіргі таңда түркітөктес қандай халықтар өмір сүріп отыр, олардың әрқайсысының, барлығының саны қанша, қаншасы «тірі», қаншасы «өлі», ұлттық болмысының, тілінің жағдайы қалай, ұлттық дамуының болашағы қандай деген сауалдарға нақтылы жауап берудің қиындығы жоғарыда біз тоқталып өткен жағдайлардан анық байқалады. Мұның өзі біздегі түркітану ғылымының жалпы деңгейін аңғарта алса керек.

Сондықтан да бұл мәселені жүйелі, жоспарлы түрде жүргізіп, бағыт-бағдар беріп отыратын ғылыми орталықтың қажеттілігі күн тәртібінде тұр. Бұрын түркітану ғылымының негізгі мәселелерімен көбіне Батыстың ғалымдары айналысып, зерттеулерін өздерінің саяси мүдделеріне орай жүргізіп келсе, енді мұндай жағдаймен келісе

бермейтін кез келді. Түркітану саласындағы зерттеулер ғылыми негізге сүйене отырып, әдейі, қасақана жасалынған жалған «теориясымақтардан», зиянды пікірлерден арыла отырып, түркілік бағытта жүріп, олардың жарқын болашағына қызмет етуі қажет.

Өмірде мәңгілік ешнәрсе жоқ, бәрі де – өткінші. Сол сияқты ұлт та, тіл де мәңгілік емес. Тіл де өмір заңдарына сәйкес пайда болып, өсіп-өркендеп, әлсіреп, жоғалып, немесе басқа тілге айналып отырады. Кейбір зерттеушілердің анықтауынша, тіл орта есеппен бір жарым мың жыл жасайды екен. Міне, осы тұрғыдан келіп, ғалымдар түркі халықтарының тарихында бұлғар, ғұн, хазар, абар, көне түркі, айни, шағатай, құман, қыпшақ, печенег, ежелгі татар, қырымлы, османлы тілдері болды деп, бұларды өлі тілдерге жатқызып жүр.

Бәсекелестікке негізделген қоғамдық өмірдің даму заңы аса қатал, оған ешкім қарсы шыға алмайды десек те, мынадай жағдайларға назар аударған жөн секілді. Өмірге келген әрбір адамның өмір сүруге хұқы бар, одан оны бір алладан басқа ешкімнің айыруға хақы жоқ. Сол сияқты сол адамдардан тұратын ұлттар мен сол ұлттағы адамдар сөйлейтін тілдер де өмір сүруге хұқылы. Тіл майданында жүріп жатқан мәңгілік майданды ешкім тоқтата алмайды, оған ешкім де қарсы емес. Қарсылық осы бәсекелестік барысында жасанды түрде опасыздықпен қолдан жасалынған кедергілерден, зұлымдықпен қасақана істелінген қастандықтардан, арам ниетпен қазылған орлардан, жалпы жеке дара билеп төстеушілікке ұмтылған тілдердің өктемдігінен туындайды.

Әлемге тілдік тұрғыдан көз жіберсек, көпшілік халықтардың өз әліпбилері бар. Мысалы, славяндарда – кириллица, Батыс Еуропа елдерінде – латын, араб, парсы елдерінде – араб, Шығыс елдерінде – иероглиф, үнді халықтарында – санскрит. Ал түркі халықтарына келсек, дүние жүзіндегі өзіндік төл жазуы жоқ бірден-бір әлем екен.

Кезінде жер бетіндегі алғашқы жазу үлгілерінің бірі болған сына жазуын ойлап тауып, пайдаланғанымен де кейіннен түрлі объективтік, субъективтік жағдайларға байланысты онысынан айрылып қалып, басқалардың жазу үлгілерін пайдалануға мәжбүр болып келеді. Мысалы, қазақ халқының өзі ғана соңғы бір ғасырдың ішінде ғана төрт бірдей, яғни араб, кирилица, латын, орыс әліпбилерін пайдаланыпты. Ал әзербайжан, қарақалпақ, түркімен, өзбек халықтары бұлардың үстіне тағы да латын жазуына көшті. Қазіргі түркі әлемі араб, кирилица, латын әліпбилерімен оқып, жазады. Түркі бірлігінің ең басты проблемалары осы ортақ жазудың болмауынан туындап жатыр.

Жоғарыда біз қарастырып өткен кейбір түркі тілдерінің мүшкіл халі ең алдымен, олардың өздерін заманға орай, ұлт ретінде сақтап, қорғап, қоғамдық дамуға ілесе алмағандықтарынан, шамалары келмегендіктерінен, ең бастысы бәсекелестікке төтеп бере білмеген қабілетсіздіктерінен десек те көпшілігі түрлі саяси озбырлықтардың салдарынан екендігі де анық.

Десек те салмақтың ауыры сол ұлттың өзіне түседі. Тілді сақтай білу негізінен сол тілде сөйлейтіндердің санына емес, сапасына, яғни ұлттық сана-сезімінің қаншалықты дәрежеде екендігіне байланыстылығын өмір көрсетіп отыр. Халқының саны миллионнан сәл-ақ асатын эстон, латыш, литовтардың өздерінің тілдерін көзінің қарашығындай сақтап, ешбір халықаралық тілдерден кем қылмай мәпелеп отырғаны, соның арқасында өздерінің де Еуропаның дамыған елдерімен терезесі тең өмір сүріп жатқаны – бұл айтқандарымызға дәлел.

Ал ұлттық сана, ұлттық рух күшті болса, оның алмайтын қамалы жоқтығын еврейлер әлемге паш етті. Олар өліп қалған иврит тілін он тоғыз ғасырдан соң қайта тірілтіп, Израильдің мемлекеттік тіліне айналдырды. Иврит тілін жандандыруды профессор Бен-Иехуде 1881 жылы қолға алып, бұл тілді алдымен балаларына оқытудан бастап, содан кейін өзгелерге насихаттап, нәтижесінде жап-

пай үйрену басталды. XX ғасырдың басында санаулы-ақ адам сөйлеген иврит тілі 1918 жылы еврей халқының 40 пайызының ана тіліне, 1921 жылы ағылшын, араб тілдерімен бірге Палестинаның ресми тіліне айналды. 1949 жылы Израиль мемлекеті құрылғанда, оның мемлекеттік тілі болып жарияланды. Қазір Израильде бар тіршілік иврит тілінде тыныстап тұр. Мемлекеттік тілді білмеген адам ол елде өмір сүрмек түгілі, азаматығын да ала алмайды. Иврит тілі әлемнің 500-ден астам университетінде шет тілі ретінде оқытылады. Еврейлердің ана тіліне деген ерекше ықыласын қазақ зиялылары ерте кезден-ақ байқап, ылғи да үлгі етіп отырған («Айқап», 1915, №1).

Қазір бүкіл әлемде табиғатты қорғау қозғалысы өріс алуда. Мұның мәні – табиғатқа біліп, немесе білместікпен жасалынған зиянкестіктердің салдарынан құрып бара жатқан фауна мен флораны сақтап қалу. Қозғалыс қазір бүкіләлемдік қолдауға ие болып, жер-жерлерде тұқымы құрып бара жатқан аңдар мен өсімдіктерді жойылып кетуден құтқару, сақтау үшін оларға барлық жағдайлар жасалынуда. Олардың аттары «Қызыл кітапқа» жазылып, мұны орындау әрбір адамның азаматтық парызына айналып отыр. Сонда аң-құсқа, өсімдіктерге, ескінің көзі тарихи ескерткіштерге жасалынып жатқан қамқорлық неге адам баласына, сол адамдардан тұратын аз ұлттарға, олардың тіліне жасалынбайды деген сауалдардың туындауы да заңды.

Табиғат жер бедерімен, сол жер бетінде жайқалып өсіп тұрған қызылды-жасылды құлпырып тұрған көгеріш көрпесімен, тау-тастың, орман-тоғайдың арасында, өзен-көлдің жағасында мыңғырып жатқан аң-құсымен, малымен сұлу болса, адамзат қоғамы да сол жер-ананың үстінде сұлу табиғаттың аясында өмір сүріп, түрлі тілде ойлап, сөйлеп, ән салып, той тойлап, өзінше тіршілік жасап, тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан әр түрлі ұлттарымен – көркем.

Ауруды емдейді. Қоғамдық, әлеуметтік теңсіздіктер салдарынан ауыр халге түскен тілдерге қол ұшын созып, қоғамдық кеселдерге қарсы шара қолданса, олардың сауы-

ғып, табиғи даму жолына түсіп кетері анық. Бұлай істеу – ХХІ ғасырда демократиялық жолмен әділетті қоғам орнатамыз деп жатқан адамзат қоғамына –үлкен сын.

Орыстың атақты шығыстанушысы Л. Н. Гумилев бір кездері «Түркі әлемі – үлкен мәдениет. Бірақ тарих сахнасынан ерте кетіп қалу себебі – халқының санының аздығынан» деп, жазса, ХХІ ғасырдағы қазақ ғалымы «Түркілер – басқа көптеген ірі халықтармен салыстырғанда, этникалық құрылым, тілінің біртектілігі жағынан әлдеқайда біртекті халық. Түріктердің өзара туыстығы бүкіл славян халықтарының өзара туыстығынан көп жақын деуге болады, әрі бірлігі де айтарлықтай жақсы, қазіргі кезде бір-бірімен ашық тіресіп отырған ешбір ел жоқ. Кез келген славяндар бір-бірімен ұғысып кете алмайды, ал түркілер керісінше, мысалы, өзара айтарлықтай ұзақ бұтақ болатын анадолы түрігімен шығыстағы түркілер (қазақтар) тура түсінісе алады» (Ғ. Хабсатарұлы. Қазақ болмысы. Алматы, 2011, 224-бет) – деп, түркі бірлігінің болашағына үлкен үмітпен қарайды.

Жылдарды алдына салып, қазір заман өзгерді. Заманмен бірге халқының саны да, рухы да өсіп, бір кездерде құрып кетудің сәл-ақ алдында қалған түркі әлемі қайта түлеп, жоғалтқанын түгендеп, адамзат тарихындағы бір кездегі көш бастаған түркілік өркениетті дамытуға ұмтылуда. Түркілік өркениеттің салтанат құратындығына сенгің келеді.

«МЫҢ ӨЛШІ, МЫҢ ТІРЛІГЕН» ҚАЗАҚ ТІЛІ

*Тіл – ұлттың автопортреті.
Шыңғыс Айтматов*

Қазақ тілі сөйлейтін адамдарының саны жағынан әлемдік тілдер арасында 87-ші (Шыңғыс Мұқан. «10 причин, почему важно знать и говорить на казахском языке». Алматы, 2012, 103, 147-беттер), тағы бір деректерде 93-ші (Э. Д. Сулейманова, Н. Ж. Шаймерденова, Д. Х. Аканова. Языки народов Казахстана. Алматы, 2007, 87-бет) орында. Ең бай тіл саналатын араб тілінде 12 миллион 300 мың сөз болса, бұл көрсеткіш ағылшын тілінде 750 мың, қазақ тілінде 500 мың, ал испан тілінде 300 мың, орыс тілінде 150 мың сөзді құрап, қазіргі қытайлар 87 019 иероглифті қолданады екен. Демек, қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдердің төрінен орын алады.

Тілдің қуаттылығының, өміршеңдігінің тағы бір көрсеткіші болып табылатын оның тазалығы жағына келгенде де қазақ тілінің сапалық деңгейі – жоғары. Қым-қиғаш араласқан, сапырылысқан заманда таза тіл – жоқтың қасы. Тілдер бір-біріне барынша әсер етіп, біреулері өзінде жоғын басқалардан алып, байып жатса, бұлай жасай алмаған енді біреулері алпауыт тілдерге жұтылып кетіп жатыр. Мысалы, ағылшын тілі жыл сайын өзінде жоқ 25 мыңдай сөзді басқа тілдерден алып, толыға түссе, отыздай тіл өмір сүруін тоқтатып жатады екен. Бұл жағынан келгенде де қазақ тілі өзінің табиғи негізін сақтай біліпті; осы уақытқа дейін тілімізге араб, парсы, орыс тілдері молынан еніп келсе, бүгінгі күндері ағылшын тілінен келген жаңа терминдерге жатырқамай жатсақ та қазақ тілінің сөздік қорының 60 пайыздайы түркілік түбірлі сөздер екен. Бұл – түркі тілдерінің ішіндегі ең жоғарғы көрсеткіш.

Осы жерде салыстру ретінде келтіре кетсек, орыс тілінің славяндық негізі 45 пайызды ғана құрайды. Кейбір деректер бойынша, 80 пайыздайы шеттен енген сөздерден тұрады. Мысалы, орыс тіліндегі колчан, шалаш, баклажан, арбуз, сундук, казна, караул, очаг, ярлык, барабан, беркут, изюм, деньги, ералаш, каблук, фата, сарафан, бисер, карандаш, диван, хозяин, балбес, маяк, архар, кавардак, малахай, казы, арык, сайга, шалвар, калам, богатырь, т.б. секілді көптеген сөздердің түркілік төркіні анық көрініп тұр (Жадыра Төлегенқызы. Орыс тіліне түркілерден енген сөздер. «Парасат», 2014, №9).

Сонда Еуразиядағы көптеген ұлттардың тіліне тізесі батып, өктем әсер етіп отырған әлеуеті күшті орыс тілі сөздік құрамының жарымынан астамы өзі араласқан тілдерден енген сөздер екен. Міне, осындай жағдайға байланысты орыс зиялылары дабыл қағып, орыс тілінің тазалығын сақтау мәселесін көтеріп, жалпы ертеңгі күнгі болашағын ойлауға шақырып жатыр.

Сонымен, қазақ тілі – сан жағынан әлем тілдері ішінде жетпісінші орында, түркі тілдерінің арасында төртінші тұрған, ал тіл байлығы жағынан үшінші орынды алатын, түркілік болмысының сақталуы жағынан келгенде, ең бірінші тұрған тіл болса, оның осындай қасиеттерімен ұлы тілдердің қатарында жүруге тиіс бүгінгі тыныс-тіршілігі патша көңілді көншіте бермейді. Қазақ тілінің әлемдік тілдердің арасында иеленетін осындай биік орнына қарамастан, тәуелсіздік алғанымен бүгінгі күндері де мүшкіл хал кешіп жатқанын немен түсіндіруге болады? Бұрындары бар бәлені отаршылдыққа жауып келдік, енді кімнен көреміз. Бұған жауап берудің оңай еместігі, себеп-салдарларының бір бірімен әбден шатасып, тереңде жатқандығы байқалады.

Қазақ тілінің тағдыры кезінде Ресей империясының қол астында болған көптеген ұлттардың тілдерімен тағдырлас. Өткен ғасырдың басында алты миллион қазақ сан жағынан түркі халықтарының ішінде түріктерден кейінгі екінші орында болған. Бір ғасыр өткен соң, төртінші орынға түсті.

Қазір түріктер 80, әзірбайжан 35, өзбек 30 миллион болса, қазақтар 17 миллионға енді жетті (М. Тәтімов. Біз енді 17 миллионбыз. «Президент және халық», 21.03.2013). Мұның өзі орыс отаршылдығы кезінде басқа халықтарға қарағанда, қазақтардың көбірек теперіш көргендігін, тәуелсіздік алғаннан кейін де қазақтардың көсіліп кете алмай жатқандығын байқатады.

Кремль Еуразияның қақ ортасында жатқан қазақ даласын «игеруге» ерекше көңіл бөлді. 1897 жылы Ресей империясында алғаш рет халық санағы жүргізілген. Санақ нәтижесінде қазақ 4 миллион 84 мың адам деп көрсетілген. 1911 жылғы санақта қазақтың саны 8 миллионның үстіне шығады. 1939 жылғы санақта қазақ небәрі 2 миллион 300 мың ғана болды» (Абай.кз» сайты). «Егер 1897 жылы Бүкілресейлік халық санағының мәліметтері бойынша, қазақ өлкесінің қазіргі шекарасы шебіндегі аумағында 4147,8 мың адамның 3392,7 мыңы, немесе 81,7 пайызы қазақтар болса, 1914 жылға қарай 5 910,0 мың өлке халқының қазақтары 65,1 пайызға төмендеді» (Ө. Бәкір. Мемлекеттік тіл туралы заңды енді кешеуілдетуге болмайды. «Қазақстан-Заман», 20.09.2012). Мақаш Тәтімовтің көрсетуінше 1915 жылы қазақтардың жалпы саны 5 500 000 адам болған (сонда).

Қазақ даласында отарлау саясатының қарқынды жүргізілуі барысында республикадағы жергілікті халықтың үлес салмағы төмендегіше өзгерді: 1907 жылы – 81, 1914 жылы – 59, 1926 жылы – 58, 1937 жылы – 42, 1939 жылы – 38, 1945 жылы – 27, 1959 жылы – 30, 1970 жылы – 32,6, 1979 жылы – 36, 1989 жылы – 39,7, 1999 жылы – 53,4, 2009 жылы – 63,6, 2013 жылы – 65,2 пайызды құрады.

Профессор А. Айталы мынадай деректер келтіреді: 1897 жылы Ресей империясында алғаш жүргізілген санақтың нәтижесі бойынша, қазақтар жалпы халықтың 71,9%, орыстар 10,15%, қалғаны басқа ұлттар болған. Одан ары қарай 1959-жылға дейін қазақтардың үлес салмағы кеми берген. 1928-жылы 58,5%, 1939-жылы 37,8%, 1959-жылы 30% пайызға дейін құлдыраған. Республикадағы қазақтар

жетпісінші жылдардан бастап өсе бастады. 1970-жылы 32,6%, 1979-жылы 36,8%, 1989-жылы 40%, 1999-жылы 53,4%, 2009-жылы 63,7%, 2013-жылы 65% болды (А. Айталы. Қазақтың саны мен сапасының арасында алшақтық бар. «Айқын», 24.07.2014).

Осы мағлұматтарды мына бір материалдағы деректер толықтыра түседі: «1959 жылы қазақ ел халқының 30 пайызы болса, орыстар – 42,7 пайыз болды. 1970 жылы қазақтар – 32,6 пайыз, орыстар – 42,4 пайыз, 1979 жылы қазақтар – 36 пайыз, орыстар – 40,8 пайыз, 1989 жылы қазақтар – 40,1 пайыз, орыстар – 37,4 пайыз, 1999 жылы қазақтар – 53,4 пайыз, орыстар – 30 пайыз, 2009 жылы қазақтар – 63,1 пайыз, қазір 66 пайызға жақындап қалды. Орыстар болса – 21,8 пайыз. Байқасаңыз, орыстардың үлесі соңғы әр он жылда 7 пайызға жуық азайып келеді» (А. Тойшыбайұлы. Тіл бірлігі – мемлекет тәуелсіздігінің кепілі. Ұлт.кз. 20.01.2014). Осы есепті ары қарай жалғастырар болсақ, 2014 жылы еліміздегі қазақтар шамамен 70 пайыздың о жақ, бұ жағында болып қалды.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жарымынан бастап қазақ даласында шыға бастаған «Дала уалаятының газетінде» қазақтың мәселесі, қазақ тілі проблема ретінде көтеріле бастады. Соның бірінде төмендегіше жазылыпты: «Арапша, парсыша, түрікше һәм өзге тілдерді қазақтардың оқымысты адамдарының араластырып сөйлескендері мейлінше көп болады. Өздерінің мұндай сөйлегендерін білімшіліктің белгісі деп ойлайды. Ләкин намысқа тартпай, өзінің затын қорлаған екенін білмейді. Біздің қазақтың маймылға ұқсап, біреу не қылса, соны қылатұғыны бек көп... Енді бірақ біз айтамыз, әрбір халықтың өз тілі өзіне болысып, жол ашып, жол көрсететұғын жалғыз үлкен, зор себеп болса керек һәм сол халық қадірден, құрметті һәм кейінгісі жақсы болып оңар еді егерде өзінің тілін қадірлеп, күтіп, ілгері бастырыпкөбейтпекке ұмтылса. Қазақтың тілі жыл-жыл сайын төмендеп бара жатыр. Бұл қазақтың тілін көтеріп, молайтып, ілгері бастырмаққа қажет дүр... Өзге әртүрлі ке-

рексіз тілдердің орнына қазақтың тілін көтеріп, ілгері бастырып, молайтпақ, орыстың оқуын үйретпек – қазақ халқының өнерлі, оқымысты, бас адамдарының міндетті жұмысы болса керек. Мұндай қадірлі жұмысқа «Дала уалаятының» қазақша газеті жәрдем қылса жарайды. Өзге әртүрлі бөтен тілдерді араластырмастан қазақтың таза тілімен жазып үлгі көрсетіп тұрса жарар еді. Қазақтың тілін түзу қылып сөйлеуге һәм жазуға болмайды дегенге илану жарамайды» (Асылқожа Құрманбаев, Қазақ тілі турасынан. «Дала уалаятының газеті», 1894, №27). Бір таң қаларлығы – осыдан жүз жиырма жыл бұрын «Дала уалаятының газеті» көтерген мәселелер күні бүгінге дейін өзінің зәрулігін жоймай, бүгін айтылғандай күн тәртібінен түспей келеді.

Жиырмамыншы ғасырдың басында қазақ зиялылары ұлт басына төніп келе жатқан қауіпті шындап сезіне бастады. «Қазақ», «Айқап» секілді басылым беттерінде ұлттық тәуелсіздік, ұлттық тіл, ұлттың болашағы секілді мәселелерге аландаған материалдар жиі көріне бастады. Солардың бірінде «Біздің қазақ халқы Россияда инородец болған жұрттардың да ғылым жағынан төмен халқы болып та жер судың арқасында күн көріп, ойнап-күлгенге мәз болып жүріп жатыр. Бұл күндерде бізден басқа халықтардың бәрі де оянып, не нәрсе өзіне пайдалы жағын ұстап, залалы жағын қоя беріп жатыр. Біздің қазақ әлгі өзінің қызығында жүр. Орыстардың бағызы білгіш кісілері айтады: осы қалыпта болса, енді бір ғасырдан кейін яғни жүз жылдан соң, «қазақпын» деген адам, «қазақпын» деген жұрт болмаса керек дейді. Бұлар біздің жүз жылдан соң болмайтындығымызды ешқайсысы көріп білген жоқ, алайда болса, қазақтың жүрген жүрісінен, тұрған тұрысынан шамалайды. Қанеки, біздің қазақ жер-судан айрылып қалса, не күн көрмекші? (Ғ. Мамиков. Біздің қазақ баласына не қылғанда басқа жұрттарға теңелуі хақында біраз кеңес. «Айқап», 1915, №1) – деп жазыпты. Осында жазылған бір ғасырдан соң қазақ жойылады деген пікірдің айтылғанына да бір ғасырдай уақыт болыпты. Біздің бағымызға орай, отаршылдардың

бұл зымиян ойлары жүзеге аспай қалды. Оған басты себептер Ресейдегі барлық ұлттарға теңдік береміз деп, жаһанға жар салған Қазан төңкерісінің барысында социалистік құрылыстың өмірге келуі де, ең бастысы 1991-жылы еліміздің тәуелсіздік алуы болды.

Орыс революциясының көсемі В.И. Ленин 1914 жылы «Міндетті мемлекеттік тіл деген нені білдіреді? Бұл дегеніміз – ұлы орыстардың тілін Ресейдегі барлық басқа ұлттарға күштеп таңу деген сөз. Орыс марксистері жер-жерлердегі мектептердің оқуын жергілікті тілдермен қамтамасыз етуге келгенде, міндетті түрдегі мемлекеттік тілдің болмағанын қалайды» (В. И. Ленин. Шығармалары. 24-том, 293, 295 беттер) – деп жазса, орыс мемлекетін өткен ғасырдың ортасына дейін басқарып, империяға айналдырған, соңында әлемнің үштен біріне жуығын өз ықпалына түсіріп, социалистік жүйені құрған И. В. Сталин 1918 жылы РСФСР-дың жаңа конституциясына байланысты «Сот жүргізу істерінде, мектептерде ешқандай міндетті мемлекеттік тіл болмасын! Әр жерлерде тұратын ұлттардың азшылық, көпшілік болуларына орай тілдердің тең құқылығын сақтай отырып, қай тілді таңдайтынын өздері шешеді» (Сталин. Шығармалары. 4-том, 70-бет) – деген нұсқау берген болатын. Бірақ бұл сөздердің барлығы да уақытында басқа ұлттардың бетін бермен қарату мақсатымен айтылған жалған ұрандар болып, кеңес өкіметі күшіне енген кездерде біртіндеп ұмытыла бастады да сөз басқа, іс басқа болып, басқа ұлттарды орыстандыру саясаты күшіне ене түсті.

Кеңес өкіметі КСРО құрамындағы барлық ұлттардың, тілдердің теңдігін жариялаумен бірге орыс халқының, орыс тілінің ұлылығын насихаттауды бір сәтке де тоқтатқан жоқ. Мысалы, «Правда» газеті 1936 жылы «Одақтас республикалар шоғырында Ресей Социалистік Федеративтік Советтік Республикасы ең алдыңғы орынды иеленеді. Тең ұлттар арасында орыс халқы бірінші орында» («В созвездии союзных республик первой величиной является Российская Социалистическая Федеративная Советская Республика.

И первым среди равных является русский народ» («Правда», 01.02.1936) – деп жазды.

Ал КСРО халықтарының ішінде бірінші орынды алған орыс халқының тілі де «ұлттық қарым-қатынас тілі», «жаңа тарихи қауымдастық совет халқының табиғи қалыптасқан тілі» деген сияқты ерекше мәртебелерге ие болып, орыстандыру саясатының негізгі өзегіне айналды.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін большевиктер Ресей құрамында бодандықта болған барлық ұлттардың теңдігін жариялады. Солардың бірі болып жаңа заман жаңа бақыт әкеледі деп сенген қазақ елі де 1920 жылы Қырғыз АССР-і, 1924 жылы Қазақ АССР-і, 1936 жылы Қазақ ССР-і болып, яғни одақтас республика болып, жаңа тұрпатты өз мемлекеттігін құрды. Ғасырлар бойы жүректерде ұялаған асыл армандар жүзеге аса бастағандай болған.

Осы кездерде Мыржақып Дулатов «Қазақ тілі мемлекет тілі болды, енді заң-закон, бұйрық-жарлықтың, кеңсе істерінің бәрін қазақшаға айналдырамыз... Енді әр халық өз тілінде оқуға, өз тілінде жазуға, өз тілінде тергеуге тиіс. Мемлекет заңынан бастап, ауылнай комитеттерінің істеріне шейін жазу әр халықтың өз тілінде болуы керек. Бұған енді дау-дамай жоқ. Тек жүзеге асыру қалды. Сүйекке сіңген ескі дерттен құтыла алмай, бұл күнге шейін орыстан хатшы алып, отырған болыстар бар, мұның атын өшіріп, енді «орысшалауды» ұмыту керек. Кеңес hükіметі қазір сауатсыздықты жоғалтпақ болып отыр. Олай болса, өзінше хат танымайтын бір азамат қалмай, мекемелерде, соттарда жауап беру түгіл, заң-законды өз көзімен, өз тілімен оқи білмейтін біреу де болмасқа тиіс» («Алаштың тілдік мұрасы», Алматы, 2009, 151, 152 беттер) – деп жар салды.

Бірақ Қазақстан ресми түрде жеке республика атанып, қазақ тілі мемлекеттік тіл саналғанымен де билік орыстардың қолында болып, ресми іс қағаздары негізінен орыс тілінде жүргізіле берді. Күткен үміт ақталмады. Міне, осындай кездерде қазақтың жоғын жоқтап, мұңын мұндап жүрген ұлтжанды азаматтары үнсіз қала алмады. «Еңбекші

қазақ» газетінің бетінде Нәзір Төреқұлов «Қазақ тілінің үкімет тілі, мемлекеттік тіл деп жарияланғанына талай уақыт өтті. Сөйтсе де әлі қазақтың дара әліппесі жоқ. Тіл деген кабинетте жасалмайды. Қазақ секілді бұрын езіліп келген ұлттың тілі үкімет кеңесіне кіріп, күн сайын жұмсауда болса ғана бел буыны қатады. Екіншіден, қазақ тілінің кеңсеге кіруі ортадағы «тілмаштарды» одан шығарып, тастап, қалың кедей елдің Кеңес маңына жақындауына себеп болады» (Н. Төреқұлов. «Қашан болады?», «Еңбекші қазақ», 29.01.1925) – деп, дабыл қақты.

Мыржақып тағы да қолына қалам алып, сол кездегі республика басшыларының бірі Жалау Мыңбайұлының атына қазақ тілінің атынан хат жазды:

«Қазақ тілінің мұңы

Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын.

Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?

Маған әкеліп, парсы мен арабты қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Өлі де үшбақы болғыр, Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді алдымен, айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (Байтұрсынов) деген кісіден ғана естідім.

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің күнім туды ғой деп, қуанушы едім. Жаны жәндемкеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едік. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не

керегі бар, босқа қуанған екенмін...Жанның бәрі теңдік алып жатқан кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып, кім көрінген созғылай бастады. Өзгені не қылайын, отаршылдық саясатын қолданбас-ау дейтін білім кеңесі екеш білім кеңесі де мені аямады...

Менің ойлап тапқаным – Жалау жолдас, сен болдың. Сен өкімет басындағы ақсақалымыз едің. Сен нағыз қазақтың бел баласы едің. Сен адырайған адай едің. Мұңымды мен жалғыз-ақ саған шағамын. Өзге комиссиялардың көбіне сенбеймін. Олардан да жақсылық көріп жүргенім жоқ. Газетке арнаған сөздерін суылдатып орысша жазады да шала-шарпы тілмаштарына аудартып, жанымды шығара жаздайды. «Тасты жапалаққа ұрса да жапалақ өледі, жапалақты тасқа ұрса да жапалақ өледі» дегендей, бәз баяғы менің сорым... Жалаужан, мен саған жалынам... Жортқанда жолың болсын... Бірақ мені қорға, таза сақта, көрінген тілмаштарыңа тағы да қор қылма.. Азар коменес болып кетсең де ата-бабаң қазақ еді ғой, не жазығым бар, ая мені!» («Алаштың тілдік мұрасы», Алматы, 2009, 157-158 беттер). Кеңес өкіметі жылдарында қазақ тілінің мұндай зарын тындайтын құлақ билік басында жоқ болатын. Болған күннің өзінде де компартия мұны жөндеуге жол бермейтін.

Оның үстіне жоспарлы түрде дүркін-дүркін жүргізілген қазақ зиялыларын «Сәдуақасовшылдық», «Рысқұовшылдық», «Қожановшылдық», «Сейфуллишілдік», «Мендешовшілдік» «халыққа жат», «партияға жат» деген сияқты неше түрлі «ұлтшылдықпен» айыптау саяси науқандары да ұлттық мәселелермен айналысуға мұрсат бере бермеді. Әсіресе өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастау алған «ұлтшылдарды» қудалау елуінші жылдардың ортасына дейін жалғасып, қазақ халқының ұлттық дамуына орны толмастай нұқсандар келтірді. Қазақ халқы сан жағынан ойсырап, ғасыр басындағы алты миллионнан соғыстан кейін 2,5 миллионға дейін кеміді; ұлттық көшбасшыларынан, элитасынан айрылған, «ұлтшылдықтан» әбден зәре-құты қашқан қара халықты орыстандыру саясаты қанат жая түсті.

Кенес өкіметі жылдарында Қазақстанның кең байтақ жатқан жерін отарлау, халқын орыстандыру отызыншы – елуінші жылдары еш жазығы жоқ жеке азаматтарды ғана емес, КСРО аумағында тұратын тұтас халықтарды саяси сенімсіздікпен айыптап, Одақтың шығыс файмақтарына, оның ішінде Қазақстанға жаппай жер аудару арқылы қарқынды жүргізілді. Сталиннің халықтарды Қазақстанға жер аударуы Батыс Украинадан басталды. 1936 жылдың сәуір айында КСРО Халық кеңесі комитеті «Саяси сенімсіз поляктарды Украин КСР-нан Қазақ КСР-на көшіру туралы» қаулы қабылдайды. КСРО Министрлер Кеңесінің 1936 жылғы 28 сәуірдегі № 776-120 «өте құпия» грифімен бекітілген қаулысына сәйкес Украинадан күштеп көшірілгендерді орналастыру жөнінде БКП(б) Қазақ өлкелік комитеті бюросының жоспарымен Украина мен Польша шекарасынан Қарағанды облысына 35 820 поляк, 10 000 неміс жер аударылды.

1937 жылдың 21 тамызындағы КСРО ХКК мен БКП(б) ОК-ның №1428-326 «Қиыр Шығыстың шекаралық аумақтарынан кәріс ұлтын көшіру туралы» қаулысымен қазақ жеріне 98 474 кәріс азаматы көшірілді. 1938 жылдың қазанында осы «өте құпия» бұйрықпен «Әзербайжан КСР шекаралық аймағынан ирандықтарды көшіру туралы» қаулы шықты. 1940 жылы көктемде Батыс Украина мен Белоруссиядан кеңеске қарсы көтерілістерге қатысушылар мен бұрынғы Польша армиясының офицерлері, сотталғандар қоныс аударылды.

Қазақстанда 1941 жылдың басында 53 772 поляк тұрып жатты. КСРО ХКК мен БКП(б) ОК-ның 1941 жылғы 26 тамыздағы қаулысымен Поволжьедегі неміс тұрғындары түгелдей фашистердің шпиондар деп жарияланып, Қазақстанға көшіріле бастады. 1943-1944 жылдары қазақ жеріне қарашайлар, қалмақтар, чечендер, ингуштар, еврейлер, қырым татарлары, гректер, армяндар, балкарлар, болғарлар, түрік-месхеттіктері әкелінді.

Осы сияқты шаралардың барысында көпұлтты республикаға айнала бастаған Қазақстанда қазақ тілінің жағдайы

нашарлай түсті. Мұндай жағдай ел қамын жеген азаматтарды ойландыра бастады. Міне, осы кездерде елге демалысқа келіп жатқан халық батыры Бауыржан Момышұлы тіл саясатындағы өрескелдіктер туралы республика басшылығына арнайы хат жазуына тура келді. Атақты қолбасшының сол кездегі республикадағы идеологиялық жұмыстарға тікелей жауапты Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің хатшысы М. Әбдіхалықовтың атына жазған хатында (15-25. 02.1944) мынадай жолдар бар:

«...қазақ тілі өзінің таза түрінде, бірнеше ғасыр, біздің заманымызға дейін, өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан-жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді, көңіл көтеріп, керегінде жанға тиіп, ашындырып, өтін сыртқа шығарып, долдандырып, қысыл-таяң – қатал жағдайда қайрап, егеп «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын, қан майданда, қырғын соғыста қасиетті тудай жоғары көтеріп, текті сезім оятып – туғызып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл болған емес пе еді.

Қазақ тілі еш уақытта, өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған емес пе еді.

Барлық өткен заманның, халық тәжірибе-қасиеттерін, ғылыми-мәдениетін, өнеркәсібін бойымызға тарата сіңіріп, жағдайға толық түсіндіріп, ұғындыра, ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған алдымен тіл ұлтын, емес пе. Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе».

Сөз өнерінен қашықтау әскери адамның қаламынан өрнек тапқан осы бір парсатты пайымдардан өзінің тілін, елін сүйген, ұлтының руханият айдынында еркін жүзе білген, сондықтан да оған төніп келе жатқан қара бұлтты жүрек көзімен көре біліп, дабыл қаққан азаматтың асыл

бейнесін көргендей боламыз. Бауыржанның қазақ тілі туралы толғамды ойларының иірімдері тереңіне қарай шымырлатып тарта түседі:

«Тілсізді – айуан дейді. Тілі кедей елді – мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды. Тіл адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан – тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми-әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстары мен салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің – мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мөлшері (мерило).

Б. Момышұлы тіл туралы осылайша толғана келіп, қазақ тілінің, тіл білімінің алдында тұрған практикалық, теориялық мәселелер хақындағы ойларын 10 пунктпен нақтылап, таратып ортаға салған; оны шешудің жолдарын ұсынған. Не пайда, қаншама құнды пікірлер айтылғанымен де оған құлақ асқан билік болмады; тіл, ұлттық атаулыға қарсы неоколониалдық саясат әдемі сөздермен бүркемеленіп, керісінше өріс ала түсті.

КСРО НКВД арнайы қоныстандыру бөлімінің 1946 жылдың қазан айындағы анықтамасы бойынша жер аударылған 2 436 940 адам есепте тұрған. Осы жылы ғана Қазақстанға 890 698 адам сырттан қоныстандырылған екен. Соғыстан кейін Украина ұлтшылдары әскери жасағының сарбаздары мен олардың отбасы мүшелерінен 150 мың адам Одақтың түкпір-түкпіріне, соның ішінде Қазақстанға да лақтырылды. Украин ұлтшылдарының бір бөлігі қазақ даласына өткен ғасырдың 20-30 жылдары кулак ретінде жер аударылған болатын.

1953 жылы КСРО ИМ қадағалаушы органының есебінде 2 826 419 арнайы қоныстанушылар болса, соның 1 013 610 адамы Қазақстанда тұрып жатты.

Кезінде Қазақстанның экономикасын, мәдениетін дамыту үшін деп жүргізілген қазақ даласының бос жатқан тың және тыңайған жерлерін игеру науқаны шын мәнінде, ұлт үшін орны толмас олқылықтарға апарып соқтырды. Оған мына деректер көз жеткізеді. 1954-57 жылдары жал-

пы саны 1,2-1,5 миллионнан астам адам, оның ішінде 700 мыңнан асатын славян ұлтының өкілдері Қазақстанға келіп қоныс тепкен. Есесіне Ресейдің қарамағына өткен байырғы қазақ жерлері Орынбор, Омбы, Қорған, Астрахан, Саратов секілді өңірлердің 500 мыңдай қазағы атамекенге оралуға, тың жерлерді игеруге ниет білдіргенде, оларға кеңес өкіметі рұхсат бермеді. Осындай құйтұрқы саясат жүргізілуінің салдарынан қазақтың өз еліндегі үлесі 29 пайызға дейін төмендеп, ұлттық диаспоралардың саны 127-ге жетті (Қараңыз: Дәулет Асауов. Қазақстан қалай «ұлттар лабораториясына» айналды? «Алаш айнасы газетінің» сайты).

Осы кездерде жаппай ұлттық мектептер жабылып, ұлттық кадрлар билік басынан шеттетілді, іс қағаздары орыс тіліне көшірілді. Елдің тілін білмейтін, менталитетін, салт-дәстүрін сыйламайтын келімсектер мен олардың шотын шапқан жағымпаздар билікке келді. Сөйтіп, Қазақстан кеңес өкіметінің қолымен жасалған «ұлттар лабораториясына» айналды.

И. В. Сталиннің «Бір ғана совет халқы және бір ғана мемлекеттік тіл – орыс тілі болуға тиіс» («Должен быть единый советский народ и единый государственный язык, каковы должны быть русский язык»), Н. С. Хрущевтің «Орыс тілін неғұрлым тезірек меңгерсек, коммунизмді де соғұрлым тез құрамыз» («Чем быстрее мы будем говорить по-русски, тем быстрее построим коммунизм») – деген сияқты нұсқауларын басшылыққа алған кеңес өкіметінің ұлттық, яғни орыстандыру саясаты елуінші жылдардан бастап, өз «жемісін» бере бастады.

«Тың жатқан жерлерді игеру» науқанының нәтижесінде отызыншы жылдардағы аштық кезінде қырылған қазақтардың жеріне ішкі Ресейден орыстарды, украиндарды, басқа да ұлттарды әкеліп қоныстандыру барысында бүкіл солтүстік Қазақстан орыстандырылды деуге болады. Орыстардың көпшілік болуы жер-су аттарының өзгеруіне, мектептегі оқу істерінің түгелдей орыс тіліне көшуіне, іс қағаздарының орыс тілінде жүруіне алып келді. Солтүстік

Қазақстаннан басталған орыстандыру саясаты ресмилік сыпат алып, бүкіл республика көлемінде қарқынды жүргізілді. Нәтижесінде ұлттық республикадағы қазақтардың үлес саны үштен біріне де жетпей қалды.

«Кеңес өкіметі идеологиясының тек таптық мемлекет орнатуға бағытталып қана қоймай, соған бар күшін жұмылдыруы – оның құрамындағы орыс емес халықтардың ұлттық санасын этнодеформациялық мобилизацияға ұшыратты» (Жұмабай Әбілов. Этнодеформация (Ұлттық сана мәселелері). Қызылорда, «Тұмар», 2007, 6- бет).

Сол кездегі КСРО құрамында болған басқа ұлттық республикаларда да пролетарлық интернационализм саясаты қарқынды жүргізіліп жатқанымен де Қазақстанда қалыптасқан жағдай ерекше еді. Оған мына бір деректер көз жеткізеді. КСРО-да жүргізілген 1989 жылғы санақ бойынша, одақтас республикаларында армяндар – 93,3, әзербайжандар 82,6, орыстар – 82,5, литвандар – 78,6, белорустар – 78,1, украиндар – 72, 8, түркімендер 71,8, грузиндер – 70,2, өзбектер – 68,7, молдавандар – 64,4, тәжіктер – 62,2, эстондар – 61,7, қырғыздар – 52,4, лагыштар – 52,1 болса, қазақтар – 39,7 пайыз болды.

Біздің алдымызда өз жерінде әрбір төртеудің бірі болған башқұрт, бесеудің бірі болған адыгей, онның бірі болған карель сияқты ұлттар ғана бар еді. Өз елінде азшылыққа ұшыраған халықтың барлық жағынан да еркін дами алмайтындығы, өз жеріне өктемдікпен енген басқа ұлттардың қысымшылығынан ассимиляцияға ұшырап жататыны белгілі болса керек. КСРО-да біртұтас «совет халқын» жасау жолында орын алған осындай жағдайды Әбіш Кекілбаев «этностық эгоизм» атапты (Ә. Кекілбай. Тіл және тәуелсіздік. Астана, 2007, 131-бет).

Қазір сырттан келіп жатқан ағайындарымыз бар, өз ішіміздің табиғи өсімі бар қазақ Қазақстанда тұратын 17 миллиондай халықтың 70 пайызына жақындап қалды. Ал жүз отыздай деп жүрген ұлттық диаспоралардың 72-сінің саны 1000 адамнан аспайтын, 44-інің өкілдері 100-ге де жетпейтін

көрінеді. Ел азаматы ретінде тіркелген 5 эскимос, 8 орочей, 4 чукча, 61 хорват та жеке-жеке диаспора саналады.

1989-жылғы халық санағының мәліметтері бойынша өз елінде жалпы халықтың 39,7 пайызын құраған қазақтың 40 пайызы өзінің ана тілін білмеді, білгеннің өзінде де нашар білді; қазақтардың орыс тілін білуі 62,8 пайызды, орыстардың қазақ тілін меңгеруі 0,9 пайызды құрады. Бұл дегеніміз, қазақтардың алпыс пайыздан астамы қазақ және орыс тілдерін қатар меңгеріп, қос тілді болды деген сөз. Бұл жерде қостілділіктің екі жақты емес, бір жақты, яғни қазақтардың ғана орыс тілін үйренуі барысында жүргенін байқау қиын емес. Қазақстан халқының орыс тілінде сөйлеген 60 пайызды құрайтын басқа ұлттар мен 60 пайыздан астамы орыс тілін білетін қазақтар, 40 пайыз шала қазақтар арқылы Қазақстанда қазақ тілі шетке ығыстырылып, орыс тілді елге айналды.

Бұған көз жеткізу үшін бір-екі мысал келтірсек те жетеді. Қазақстандағы бүкіл билік орыс тілі арқылы жүзеге асты. Орыс тілін білмеген басшылық қызметтің маңына да жолай алмады. Ғылыми жұмыстардың барлығы да орыс тілінде жүріп, ғылыми өнімдердің 90 пайызы орыс тілінде жарық көрді. Осындай нәтижелерге бүкіл білім беру жүйесін орыстандыру арқылы қол жеткізді.

Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарындағы қазақ мектептері түгелге жуық жабылып, бір-бірден ғана малшының балаларына арналған облыстық интернаттар ғана жұмыс істеді. Қазақтың атын иеленіп отырған Қазақстанның астанасы Алматыда бір ғана қазақ орта мектебі жұмыс істеді. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетінен басқа мамандықтардың барлығы дерлік орыс тілінде оқытылды. Осы кездерде Қазақстан бойынша 700-дей қазақ мектебі жабылып, олардың орнына орысша оқытатын, немесе қазақ, орыс сыныптары қатар жұмыс істеуі тиіс, бірақ іс жүзінде бүкіл тәрбие, іс қағаздары, қарым-қатынас орыс тілінде жүретін аралас мектептер қаптады. Жоғары оқу орнына түсу үшін талапкер міндетті түрде орыс тілінен емтихан тапсыру тиіс

болды. Мұның өзі ауылда қазақ мектебін бітіріп келген қазақ жастарының институт, университетке түсіп, жоғары білім алуына кәдімгідей кедергі еді.

Алашшыл азаматтар жар салып, «Тіл – қай халықтың болса да басты бепгісі» (Шоқан), «Өз тілін білмеген ел ел болмайды» (Халел), «Ана тілі – халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы; һаман өсіп, өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешірген дәуірлерін, дүниеге көзқарасын, нанымын-айманын, қайғысын, қуанышын, қысқасы жанының барлық толқындарын тұқымынан тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы – сол халықтың тілі» (Жүсіпбек), «Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңалмайды» (Сәкен) деген сияқты тілдің қоғам өміріндегі шешуші орнын айқындап берген ұлағатты сөздері қалың қазақтың ойынан шығып, қолдағанымен де билік басында отырған компартияға ұнамай, ұлттық атаулы қасиетті ұғымдарға қарсы қитұрқы майдан ашты.

Патша өкіметінің отаршылдық саясатын сыртын жарқырата сырлап, жаңаша формада жалғастырған коммунистік билік ұлттық сана-сезімі жоғары халықты басқару қиын болатындығын ескеріп, оны түрлі жолдармен санадан өшіруге барын салды. Осындай мақсаттармен аты бар да заты жоқ, ұлттық тілдерді қолдау туралы не бір жасанды, екіжүзді заңдар шықты; көпұлтты совет халқы, халықтар достығының жалпыхалықтық ортақ тілі – орыс тілінің ұлылығы барынша насихатталды.

Кеңестік биліктің мұндай саясатына қарсы шыққан кейбір ұлтжанды азаматтардың саяси қысымның салдарынан шетелге кетуіне тура келді. Солардың бірі 1923 жылы елден кетуге мәжбүр болған башқұрт Зәки Валиди болатын. Түркияда эмиграцияда болған ол Ресейдегі түркітөктес халықтардың отаршылдықтың салдарынан ұлттық болмысынан ажырай бастағанын айтып, жар салып жатты. Ол әсіресе «Қазақстандағы орыстандыру саясаты өте қарқынды жүргізіліп жатыр», «Қазақстандағы ұлттық мектептердің саны кеміп барады» – деп, шетелдік баспасөз бетінде жұртшылық назарын аударды.

Зәки Валиди Ресейде қазіргі таңда қалыптасып отырған жағдайда саяси күрес қолай емес деп, басқа түскен қиын жағдайдың өзінде де ұлтты сақтап қалудың жолдарын айтып, алыстан өсиет-сәлем жолдап жатты. Онда мынадай жолдар бар:

«1. Жастарды, ұл-қыздарыңызды ана тілінде оқытыңыздар. Олардан ғалымдар мен техникалық мамандарды көбірек даярлауға күш салыңыздар.

2. Кеңес өкіметі аппаратындағы жауапты қызметтерге орналасуға және осы орынға орнығып қалуға тырысыңыздар. Осы қызметті пайдаланып, өз халқыңыздың мұны мен мұқтажын өтеуге көңіл бөліңіздер.

3. Дінді қорғаңыздар. Тілді сақтаңыздар. Қайткен күнде де дін мен тілден айрылмаңыздар. Сіздерді дін мен тілден, яки ұлтты ұстап тұратын негізгі екі ұстыннан айырудың бүкіл құйтұрқы амал-айласы жасалады. Барша ынта-ықыластарыңызды дін мен тілді қорғауға жұмсаңыздар. Егер заңның күші жетіп жатса, заң жүзінде, ал жетпей жатса, заңнан тыс жасырын күресуге әрекеттеніңіздер.

4. Еділ бойы мен Орал түркілері өзінің Түркістандағы бауырларымен тізе қоса, бірге күрескенде ғана ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізуге болатынын еш уақытта естен шығармаңыздар» (Зәки Валиди. Тілден, діннен айырылмандар! «Қазақ әдебиеті», 09.04.1996).

Осы кездерде тілтану мәселелерін зерттеудің негізгі проблемасы орыс тілінің ұлылығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеу болды. Мысалы, кеңестік дәуірдегі атақты ғалымдардың бірі академик В. В. Виноградовтың орыс тіл біліміне үлес болып қосылған бір еңбегі бастан-аяқ орыс тілінің басқа тілдерден артықшылығын дәлелдеуге арналған. «Ұлы орыс тілі» аталған монографияның атына заты сай шыққан. Осындағы орыс тілі әлемдік мәдениеттегі теңдесі жоқ ерекше бір құбылыс, ол КСРО халықтарының тілінің дами түсуіне ерекше ықпал жасап отыр (В. В. Виноградов. Великий русский язык. Москва, 1945, 158-бет) деген сияқты «ғылыми тұжырымдары» сол кезде жүргізіліп жатқан тіл саясатынан толық хабардар етеді. Бұл дегеніміз, іс

жүзінде басқа ұлттардың тілдерін орыстандыру жұмыстарын ғылыми жақтарынан негіздеу, ақтау болатын. Іс жүзінде мұның барлығы да түрлі жолдармен халықты алдаусырату, ұлт тілдерінің өрісін тарылтып, сана-сезімін өшіру еді.

Осы жылдары орыстандыру саясаты КСРО халықтарының жазуын кирилицаға көшірумен ғана тынбай, оның грамматикасын да орыс тілінің заңдылықтарына сай пішті. Басқаша айтқанда, басқа тілдердің грамматикасын орыс тіл білімінің стандарттарына көшіру қолға алынды. Тіл неғұрлым орыс тіліне жақын болса, ол соғұрлым дамыған, қашық болса, дамымаған саналды. Сондықтан да «дамымаған» тілдерді дамыту үшін, оны орыстың сөздерімен «байытып», грамматикасын да осы тілдің үлгісіне «күштеп» сиғызды.

КСРО халықтары тілдерінің грамматикасын жасағанда, «шапирогафия» әдісі кеңінен қолданылды. Бұл жердегі әдістің атауы болып отырған А. Б. Шапиро орыс тілінің оқулығын жазған профессор болатын. Сонда басқа тілдердің грамматикасын жасағандар осы оқулықты басшылыққа алып, осы үлгіге салып жазу үрдіске айналды. Мысалы, бір тілде сын есім сөздер орыс тіліне қарағанда аз болса, оны орыс тілі есебінен көбейту, ал көп болса, оны азайту ұсынылды. Жүргізілген осындай шаралардың барысында КСРО халықтарының тілдеріне 30-40 жылдары орыс тілінен енген терминдер орта есеппен 70-80 пайызды құрады. Осы секілді басқа ұлттардың тілдерін орыстандыру мақсатымен жүргізілген шаралардың барлығы да ұлт тілдерінің дамуына жасалып жатқан партиялық қамқорлық, ұлт тілдерінің гүлдене түсуі деп жарияланды (В. М. Алпатов. 150 языков и политика: 1917-2000. Москва, 2000, 91-93 беттер).

Сексенінші жылдардан бастап, Батыстан соққан демократияның жылы желі Кеңестер Одағының ұлттық саясатына едәуір әсер етіп, мұның өзі тіл мәселесіне келгенде де біршама өзгерістер әкелді. Енді бұрынғы «ғылыми тұрғыда» қатал жүргізілген орыстандыру саясатының орнына еркіндікке негізделген қос тілділік өмірге келді.

Баспасөз беттерінде қостілділікті насихаттауға орыс ғалымдарымен бірге басқа ұлт өкілдері де ат салысты. Мысалы, осы тақырыпқа байланысты башқұрт жазушысы Айдар Халим «Әр адамның екі тілі болу керек: ана тілі мен ата тілі. Ана тілі – сезімтал, рухани, жүрек тілі. Ата тілі – адамның ойы, миы арқылы игерілетін, сіңетін ой тілі. Сезім тілі ананың ақ сүтімен адамның бойына сіңетіндіктен де ана тілі аталған. Ал ана тілінің негізінде ой арқылы игерілген тіл – ата тілі... Тілін жоғалтқан өзі сияқтыларға қарағанда, мың есе көп жоғалтады. Тіл дегеніміз – философия мен мораль, рухани ережелер мен заңдардың жиынтығы, үйлесімділік пен поэзияның мәңгілік қайнар көзі... Туған жерге, оның ормандары мен қайнарбұлақтарына деген сүйіспеншілік тек ана тілі арқылы ғана бойға сіңеді. Оны еш нәрсемен ауыстыру мүмкін емес. Ана тілінсіз өскен адам өз елінде өгей, жартылай келімсек» («Дружба народов», 1988, №6, 227-228 беттер) – деген мазмұнда пікір білдіріпті.

Айтылып жатқан ой қанша жақсы болғанымен де, іс жүзінде империялық орыс тілі мен оған бағынышты тілдердің қосарланып қатар жүре алмасы тағы белгілі болса керек (Өкінішке орай, орыс тілін оздыруды ойластыратын осы бір ұранның күні бүгінге дейін артымыздан қалмай, Қазақстанда «қос тіл – қос қанатың» деп, тіпті одан да асып түсіп, «үш тұғырлы тілді» қолға алып, жалғасын тауып келе жатқанына ішін ашиды).

Кенес өкіметі жылдарында жүзеге асырылған осындай шаралардың мақсаты туралы филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмабай Әбілов «Бойын жат рух билеген адамдардың ұлттық құндылықтарға қарама-қарсы мәндегі құбылыстарға деген табиғи ұмтылысы этнодеформацияның өз-өзінен мобилизациялануын орнықтырады. Расында да мобилизацияның өздігінен мобилизациялануы – адамдардың тілге, дінге, жерге бөлінуіне ұйытқы болатын жат рухтағы сананың бір бағыттағы, бір мақсаттағы қозғалысын халықтың ежелден қалыптасқан ортақ сенімі, ортақ мәдениеті, ортақ тағдыры дегендерді мүлдем жоққа шығаратын, халық ішінен шыққан топтардың көбеюінің

атауы. Осындай құбылыс этнодеформациялық деформацияның нағыз күшіне енген уақыты болып саналады. Мұндай мобилизация халықтың өз ішінен басқа этнос жасауға қызмет етеді» (Жұмабай Әбілов. Этнодеформация (Ұлттық сана мәселелері). Қызылорда, «Тұмар», 2007, 12-13 беттер) – деп жазды.

1953 жылы «халықтар көсемі» атанған И. В. Сталин қайтыс болғаннан соңғы жылымықты пайдаланып, қазақ зиялылары құрдымға кетіп бара жатқан қазақ тілінің жай-күйін айтып, қайтадан мәселе көтере бастады. Ұлтжанды азаматтардың тағы да қудалана бастағанына, «тың және тыңайған жерлерді игеру» науқанының, жалпы Қазақстанды орыстандыру саясатының барынша қарқынды жүргізілуіне қарамастан, оған деген жалпыхалықтық қарсылық іштей күшейе түсті. Тіл үшін күрес кең өріс алып, алпысыншы жылдары жаңа биіктерге көтерілді. Мәскеуде құрылған «Жас тұлпар» ұйымының жұмыс істей бастауы, Ілияс Есенберлиннің орыс отаршылдығына қарсы күрескен Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық күрестерін суреттеген «Қаһар» романының жарық көруі бұл салада қол жеткен алғашқы ірі жеңістер еді.

Сексенінші жылдарға қарай Қазақстандағы ұлттық қозғалыс жалпыхалықтық сыпат алып, онымен биліктің санасуына тура келді. Белгілі ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шақановтың белсене араласуымен 1989 жылдың 22 қыркүйегінде тіл туралы заңның қабылдануы ел өміріндегі елеулі оқиға болды (Бұл туралы М.Шақановтың «Желтоқсан эпопеясының» 401-414 беттерінде толығырақ баяндалады). Заң қабылданған күн жыл сайын Тіл мейрамы ретінде күні бүгінге дейін аталып келді.

«Қазақ ССР-інің тіл туралы» заңындағы «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» – деген жолдар тілдің ұлт өміріндегі аса маңызды рөлін айқындай түсті. Осы заңда

қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі ресми түрде атап көрсетілді. Десек те КСРО-ның құрамындағы елдің тіл туралы заңда айқындалған шараларды жүзеге асыруы саяси тұрғыдан шектеулі болатын.

Сонымен, кеңес өкіметі жылдарында «Зерттелуі, жасалуы іс жүзінде қолданылуы және сақталуы жағынан қазақ тілінің грамматикасы кезінде Орта Азиядағы өзге де түркі тілдес халықтарға үлгі боларлықтай дамыды. Бірақ, кейінірек ол қарқын бәсеңдей берді. XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы саяси қуғындар тіл мәселелерімен айналысатын ғалымдарды да сырт қалдырмады. Тоқырау жылдарындағы большевиктердің тіл саясатында ұстанған бағыттары қазақ тілінің де дамуын тығырыққа әкеп тіремей қоймады. Соның салдарынан қазақ тілінің көптеген мәселелері тыңғылықты тиянаққа жеткізілмей, орта жолда қалып қойды. Қазақ тілі грамматикасының кейбір ережелері екіұшты болып, ауызшада ғана емес, жазба түрде көпшілікке арналған сөздердің өздерінде қалыптан ауытқу жиі көрініс бере бастады. Қазақ тілінің бірқатар ережелері тайғанақ, жеткілікті тұжырымдалмаған, қайшылықты күйде қалды...

Кеңес кезінде қазақ тілі әмбебап тіл бола алмады, қоғам өмірінің барлық аяларында толыққанды қолданылмады, парламент және үкімет деңгейлерінде, өндірісті басқару мен жүргізуде қолданылған жоқ; қазақ тілінде халықаралық және республика шеңберінде ресми ақпараттар алмасу жүзеге асырылған жоқ; ғылымда дерліктей қолданылмады, қоғамдық өмірдің елу аясының онында ғана – мәдениетте, білім беруде, бұқаралық ақпарат таратуда ішінара қолданылып келді...

Қазіргі қазақ тілі заңды түрде мемлекеттік тіл деп жарияланған. Мемлекеттік тілді қолданып, қоғам мүшелерінің бәрі өмірлік қызметін атқара білуге тиіс, бірақ іс жүзінде, белгілі себептерден оны қоғам мүшелерінің бәріне үйрету жүзеге асырылмай отыр» (Қ. М. Жүкешев. Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі және даму философиясы. Алматы, 2008, 20, 40-беттер).

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ

1991 жылдың ызғарлы желтоқсан күндерінде әлемнің үштен біріне билігін жүргізіп тұрған КСРО-ның қабырғасы қаусап, шаңырағы ортасына түсті. Бір күнде картадан өшіп, жер бетінен жоғалып кеткен империяның орнынан жаңадан 15 мемлекет бой көтерді. Солардың қатарында түркітөктес Әзербайжан, Қырғызстан, Түркіменстан, Әзбекстан секілді республикалармен бірге Қазақстан да 1991 жылдың 16-шы желтоқсанында өз тәуелсіздігін жариялады.

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы «толарсақтан саз», қан кеше жүріп күрескен асыл армандары шындыққа айналды. Қазақ халқы да заманалардан жүрегінің түбіне сақтап, аялап келген ұлттық ұлттық асыл армандарын жүзеге асыруға кірісті. Кез келген тәуелсіз мемлекеттің ең алдымен шешетін мәселесі мемлекеттік тіл туралы болмақ. Осы мақсаттағы шаралардың бірі ретінде тіл туралы заңды толықтырулармен, өзгертулермен тәуелсіз мемлекеттің мүддесіне орай қайта қабылдады. Халық бұл заңнан еліміздің егемендігіне қызмет ететін, көптің ойынан шығатын шын мәніндегі мемлекеттік тілді көргісі келді. Өкінішке орай, бұл үміт ақталмады.

Ең бастысы тәуелсіз елдің мемлекеттік тілін төрге шығару мақсатымен тәуелсіз елде қабылданған тіл туралы заңның шылауына орыс тілі тағы да жармасып, қалмай қойды. Турасын айтқанда, орыс тілінің қазақ тілін, орыс рухының қазақ рухын тұншықтыруы ресми түрде заңдастырылып, ұлтқа қарсы жасалынып жатқан рухани қылмыс заңдылық сыпат алып, ашық түрде жалғасын тапты.

1989 жылы кеңес өкіметі жылдарында қабылданған заң қазақ тілі туралы болса, жаңа заң «Тілдер туралы» аталып, Қазақстандағы барлық тілдердің жырын жырлады. Құдды бір, Қазақстандағы басқа ұлттардың тілдері қазақ тілінен

теперіш көріп, соларды қысымнан құтқару мақсатында қабылданғандай. Сөйтіп, көп үміт күткен, аңсап жеткен тәуелсіздік кезінде өзіміз өз қолымызбен қабылдаған, қазақ тілінің қоғамдық өміріміздегі өзіне лайықты толық қанды орнын алуға қызмет етеді деген заңымыз үміттің үдесінен шықпай отыр.

Басқа біреулер тәуелсіз елде сол ел халқының тіліне мемлекеттік мәртебе беру үшін күресіп жатыр дегенді естісе, сенбес еді, не түсінбей, бұл қалай деп, күлер еді. Сенбек түгілі, күлмек түгілі, жыласаң да Қазақстанда мұның өзі шындыққа айналып отыр.

Күні кеше тәуелсіздіктерін бізбен қатар алған елдердің бәрінде де туған тілдері салтанат құрып, ұлттық мәдениеттерінің, ұлттық болмысының дамуына тұғыр болып отыр. Біз де тәуелсіз елміз ғой, неге бұлай деп, қаның қайнап, мұның жауабын іздеп, дал боласың. Сөйтсек, мұның түсінбейтін ештеңесі жоқ, бәріне де өзіміз кінәлі, барлығы да өзімізге байланысты екен.

Үш жүз жылға жуық уақытқа созылған орыс отаршылдығы қазақ ұлтын рухани жағынан оңайлықпен оңалмастай орысшылдықтың айықпас созылмалы ауруына шалдықтырған. Ұлттық сана – сезімін орысшылдықпен лайлап, ұлттық иммунитетінен айырған. Қазір заң жүзінде тәуелсіз ел болғанымызбен де рухани жағынан тәуелсіздікке қолымыз жете алмаған қалпында қалып қойдық. Нәтижесінде ұлттық болмысы, тілі әбден әлсіреген «интернационал» ұлтқа айналып, не қазақ емес, не орыс емес, ортасындағы дүбәра, ұлтын мойындамайтын космополиттер көбейе бастады. Сөйтіп, қазақ халқының ұлттық дамуы, оның ішінде бірінші кезекте тілі тұралаған тоқырауға ұшырады.

Халықтың ұлт ретінде дамуында оның саны шешуші рөл атқарады. Еліміздегі қазақтардың үлес саны жайлы статистикалық мәліметтерге көз салсақ, Қазақстандағы қазақтардың үлесі 1959 жылы 30%, 1970 жылы 32,6%, 1979 жылы 36%, 1989 жылы 40,1%, 1999 жылы 53,4%, 2009 жылы 63,1%, 2013 жылы 65,2 % болды. Яғни, қазақтар 1959 жылғы

30 пайыздан 2013 жылы 65,2 пайызға дейін өсіп, орыстар 42,7 пайыздан 21,8 пайызға дейін азайған.

Демограф Мақаш Тәтімөвтің есебінше, қазақтар әлемнің аймақтары бойынша алғанда Өзбекстанда – 2 560, Ресейде – 1 000, Түркіменстанда – 140, Қырғызстанда – 100, Украинада – 15, Тәжікстанда – 10, Белоруссияда – 5, Өзербайжанда – 4, Грузияда – 3, Молдавияда – 2, Латвияда – 2, Литвада – 1,5, Эстонияда – 0,9, Арменияда – 0,9, Қытайда – 1913, Монғолияда – 175, Ауғанстанда – 30, Түркияда – 25, АҚШ-та – 14, Иранда – 10, Германияда – 9, Канадада – 7, Францияда – 6, Пәкістанда – 5, Англияда – 4, Үндістанда – 3, Швецияда – 2, Араб елдерінде – 1, Австралияда – 0,9, Австрияда – 0,7, Аргентинада – 0,5, Бельгияда – 0,4, Нидерландыда – 0,3, Йорданияда – 0,2, Мысырда – 0,2, Израильде – 0,2, Сирияда – 0,1, Мароккода – 0,1, Тайванда – 0,1, Индонезияда – 0,1 мың қазақ тұрады (М. Тәтімөв. Қазақ халқының жиынтық саны. Кітапта: Қазақтану өрісі. Алматы, «Қазақ университеті», 2005, 174-бет).

Қазіргі Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде 9 орынды иеленсе, халық саны жағынан 62 орында. Жері кең болғанымен, халқының саны аз. Соңғы, 2013 жылғы халық санағының бойынша, Қазақстанның барлық халық саны – 16967 мың, оның ішінде қазақтар – 11058 мың (65,2%), орыстар – 3698 мың (21,8%), өзбектер – 511 мың (3%), украиндар – 306 мың (1,8%), ұйғырлар – 243 мың (1,4%), татарлар – 203 мың (1,2%), немістер – 182 мың (1,1%) және басқа этностар – 766 мың (4,5) адам болды.

Қазір елімізде 6 миллион басқа ұлт өкілдері тұрады, соның 1,5 миллионы – түркі тілдес, 2 миллионға жуығы – мұсылман діндес, 2 миллионнан артығы – шығыс халықтары, оның ішіне дүнген, кәрістер де кіреді

Бұлар – ресми мәліметтер. Сонымен бірге балама деректер де кездеседі. Осы жерде жуырда солардың бірі «Қамшы» сайтында жарияланған Күнсұлтан Отарбайдың мына бір материалына да назар аударар кеткеннің артықтығы болмас:

«Жеріміз кең болса да халқымыз аз. 2013-жылы 1 қыркүйекте ҚР Статистика агенттігінің төрағасы Әлихан

Смайылов Қазақстанда халық саны 17 млн. 75 мың адамға жеткенін хабарлаған болатын. Онда қазақтардың үлесі 11 млн. 1 мың 739 адамға жетті деп көрсетілген еді. Ал, биылғы мәліметке сүйенсек, қазақтар Қазақстанның 65,6 пайызын құрап, 11млн. 287 мың адамға жеткен. Алайда, жалпы әлемде қанша қазақ бар екенін ешкім нақтылы айта алмайды.

Қазақта «көп қорқытады, терең батырады» деген сөз бар. Көп болғанға не жетсін?! Жақында өзге елдер әлемдегі қазақтардың жалпы саны 20 миллионға жуық деген ақпарат тартты. Иә, сол межеге қашан жетеміз деп жүргенде бұл ақпарат бізді елең еткізді. Ал, біз осыған дейін жер бетінде 15 миллион қазақ бар деп келдік. Олай болса, сол шетелдіктердің санағына көз жүгіртіп көрейік. Негізі санақ Түркия үкіметінің зерттеуімен жасалған екен. Ресми деректер бойынша

1. Өзбекстанда 2 миллион 500 мың;
2. Қытайда 2 миллион 250 мың;
3. Ресейде 1 миллион 310 мың;
4. Моңғолияда 120 мың;
5. Түркіменстанда 125 мың;
6. Ауғанстанда 45 мың;
7. Түркияда 30 мың;
8. Германияда 17 мың;
9. Тәжікстанда 16 мың;
10. Иранда 53 мың 700;
11. Украинада 15 мың;
12. Францияда 15 мың;
13. АҚШ-та 10 мың;
14. Белоруссияда 5 мың;
15. Канадада 5 мың;
16. Әзірбайжанда 3 мың;
17. Грузияда 3 мың;
18. Пәкістанда 5 мың;
19. Молдвада 3 мың;
20. Англияда 2 мың;

21. Литвада 3 мың;
22. Швецияда 1 мың;
23. Эстонияда 1 мың;
24. Арменияда 1 мың;
25. Австралияда 1 мың;
26. Аргентинада 700;
27. Иорданияда 300;
28. Израильде 200;
29. Финляндияда 64;
30. Белгияда 2 мың;
31. Аустрияда 900

деп көрсеткен.

Бұл есепке сүйенсек, жер бетінде 17 миллион 800 мыңнан артық қазақ бар екен. Бұл есеп 2010-2012-2013 жылдардағы мәліметтер негізінде жасалыпты. Дәл қазіргі есеп бойынша жер жүзіндегі қазақтардың саны 18 миллион деуге негіз бар деп болжам жасапты түріктер.

1999 жылғы санақ бойынша, Қазақстан халқы 14 953 13 мың болса, ұлттық құрамы төмендегіні көрсетті: қазақтар – 7 985 000 (53,4%), орыстар – 7 985 000 (29,96%), украиндар – 547 100 (3,66%), өзбектер – 370 000 (2,48%), немістер 353 400 (2,36%), татарлар – 249 000 (1,66%), ұйғырлар – 210 400 (1,41%), белорустар – 111 900 (0,75%), корейлер – 99 700 (0,67%), әзербайжандар – 78 300 (0,52%), түріктер (75 900 (0,51%), поляктар – 47 300 (0,32%), дұңғандар – 36 900 (0,25%), шешендер – 31 800 (0,21%), тәжіктер – 25 700 (0,17%), башұрттар – 23 200 (0,16%), молдавандар – 19 500 (0,13%), ингуштер – 16 900 (0,11%), мордвалар – 16 100 (0,11%), басқалары 142 000 (0,9%).

Сонымен бірге жалпы саны 200-ден аспайтын 64 абазиндық, 185 абхаздық, 126 агул, 130 адыгей, 46 албан, 8 алеут, 33 белуджи, 30 вепсс, 25 долған, 15 ижор, 2 ителмен, 28 қарайым, 5 кет, 48 коряк, 3 лив, 8 манси, 19 нанай, 83 ненец, 1 негидаль, 8 нивх, 4 ороц, 313 рутуль, 20 рушан, 2 саам, 3 селкуп, 1 серб, 48 словак, 51 тат, 29 тофалар, 35 тува, 47 удэгей, 3 ульч, 39 хорват, 24 хантый 17 цахур, 19 чукот, 21

шугнан, 30 эвенк, 28 эвен, 6 юакир, 115 якут мекендеген (Э. Д. Сулейменова, Ж. С. Смагулова. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. Алматы, 2005, 15, 19-20 беттер).

Осы санақ бойынша, Қазақстанда тұратын қазақтардың 88 пайызы, орыстардың 3,6 пайызы қазақ тілінде еркін сөйлей алған; қазақтардың 92,4, орыстардың 0,8 пайызы қазақ тілін ана тілі санаған (Сулейменова Э. Д. Языки народов Казахстана. Алматы, 2007, 43-44 беттер). Ал орыстар өздерінің ана тілін 100 пайыз меңгеріп, 14,9 пайызы қазақ тілінде сөйлей алады.

«Соңғы санақ мәліметтеріне сүйенсек, орыстар – 3 774 000, өзбектер – 470 000, ұйғырлар – 227 000 адам санын құраған екен. ҚР Статистика агенттігінің мәліметінше, қазақтар саны өткен санақпен (1999) салыстырғанда 26,1%-ға өсті және 10 098,6 мың адамды құрады. Өзбектер саны 23,3%-ға өсіп, 457,2 мың адамды, ұйғырлар – 6%-ға өсіп, 223,1 мың адамды құрады. Байқағанымыздай, еліміздегі өзбек, ұйғыр ұлттарының саны арта түскен. Керісінше орыстар саны 15,3%-ға азайып, 3797,0 мың адамды құрады, немістер – 49,6%-ға азайып, 178,2 мың адамды, украиндар – 39,1%-ға азайып, 333,2 мың адамды, татарлар – 18,4%-ға азайып, 203,3 мың адамды, басқа этностар – 5,8%-ға азайып, 714,2 мың адамды құраған көрінеді» (Б. Карипов. Қазақстан түркі-моңғол мемлекетіне айналады. «Қазақстан-заман», 06.05.2014).

Статистика комитетінің деректеріне сүйенсек, Қазақстандағы: қазақтар 65,5%; орыстар – 21,5%; өзбектер – 3%; украиндар – 1,8%; ұйғырлар – 1,4%; татарлар – 1,4%; немістер – 1,1%; кәрістер – 0,6%; әзірбайжандар – 0,6%; дүнгендер – 0,4%; белорустар – 0,4% .

Қазір (01.01.2014) республикадағы қазақтардың үлесі облыстар бойынша Ақмола 49,2%; Ақтөбе – 81%; Алматы – 69,7%; Атырау – 91,8%; Батыс Қазақстан – 74,3%; Жамбыл – 72%; Қарағанды- 49,1%; Қостанай – 38,8%; Қызылорда – 95,8%; Маңғыстау – 90%; Оңтүстік Қазақстан –

72,8%; Павлодар – 49,8%; Солтүстік Қазақстан – 34,2%; Шығыс Қазақстан – 58,4% (Б. Бейсенұлы. Қазақтың қарасы көбейіп келеді. «Айқын», 22. 08. 2014) болып отыр.

Ал енді осыларды сандық көрсеткіші жағынан ретімен орналастырғанда:

1. Қызылорда – 95,8%;
2. Атырау – 91,3%;
3. Маңғыстау – 90%;
4. Ақтөбе – 81%,
5. Батыс Қазақстан – 74,3%;
6. Оңтүстік Қазақстан – 72,8%;
7. Жамбыл – 72%;
8. Алматы – 64,2%;
9. Астана қаласы 63,4%
10. Шығыс Қазақстан – 58,4%;
11. Алматы қаласы – 56,1%;
12. Павлодар – 49,8%;
13. Ақмола – 49,2%;
14. Қарағанды – 49,1%;
15. Қостанай – 38,8%;
16. Солтүстік Қазақстан – 34,2%;.

Бұл көрініс бойынша, қазақтар негізінен, республиканың батыс және оңтүстік облыстарына шоғырланған. Ал республиканың теріскей, орталық өлкелеріндегі Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Ақмола, Павлодар облыстарындағы қазақтардың үлесі тұрғын халықтың жарымына да жетпейді. Міне, осы бір солтүстік облыстардағы демографиялық ахуал мемлекеттік тіл саясатын қарқынды жүргізуге теріс әсерін тигізіп отырған бірден-бір негізгі фактор болуда.

Елдегі демографиялық ахуалды аңғартатын мына бір миграциялық деректерге назар аударалық. 2014-жылдың алғашқы тоғыз айында Қазақстанға 12 мың 264 адам қоныс аударса, 21 291 адам көшіп келген. Елге келгендердің 4 684-і қазақ, яғни 40 пайызы қазақ болса, кеткендердің 652-сі қазақ болып, 3 пайызды құрап отыр (А. Сарым. Ел-

ден кеткен қазақтар, олар кімдер? «Общественная позиция», 27.11.2014). Бұл мәліметтерден байқайтынымыз – қазақтардың елден кетуі күні бүгінге дейін тоқтамай, шет жақтарда тұрып жатқан қазақтардың тарихи отанына қоныс аударуы әлі күнге қарқын ала алмай келе жатқандығы. Тіпті қоныстанып жатқандардың жарымынан көбі 60 пайыздайының жат жұрттықтар екендігі ойландырмай қоймайды.

Профессор Э. Д. Сүлейменованың мына бір деректері ойлантпай қоймайды. Қазақ тілі мектепте 49,2%, жұмыста 31,2%, достармен ортада 47,2%, көршілермен араласқанда 51,2%, дүкендерде 24,8%, көлікте 27,6%, банктерде 22,4%, мемлекеттік мекемелерде 29,6%, базарларда 30,0%, газет-журналдар оқығанда 38,4%, көркем әдебиет оқығанда 48,8%, ғылыми әдебиеттерді оқығанда 45,6%, радио тыңдағанда 35,2%, теледидар көргенде 31,2%, интернетте 17,6%, компьютерде 16,8%, әскерде 28,0% қолданылады екен. Ал қазақ тілін орыстардың 1,8 пайызы жұмыста, 0,9 пайызы достарымен кездескенде 0,9 пайызы базарда ғана қолданып, басқа жерлердің барлығында да орыс тілін пайдаланған (сонда, 46-бет). Осы мәліметтерге назар аудара қарасақ, Қазақстанда қоғамдық өмірдің барлық саласында дерлік, орыс тілі қазақ тілін ығыстырып, басымдық танытып тұр екен. Осы жерде Карл Маркстің «тұрып жатқан мемлекетінің тілін нақұрыс немесе басқыншылар ғана білмейді» – деген сөзі еске түседі.

Өзбектердің 97 пайызы ана тілінде, 80 пайызы қазақ, ұйғырлардың 81,3 пайызы ұйғыр, 80,5 пайызы қазақ тілдерінде сөйлей алады. Осы көрсеткіштердің өзі-ақ Қазақстанда өзге ұлттарға, олардың тілдеріне жасалынып жатқан жағдайлардың өз дәрежесінде кндігін аңғартса керек.

Өздерінің ұлттық ортасы жоқ болғандықтан да осы аз санды ұлт өкілдерінің дені ұлттық болмысын жоғалта бастаған. Барлығын тізбелемей-ақ, Қазақстанда тұратын түркітектес алтайлықтардың 14,5, балқарлардың 26, гагауыздардың 15,2, ингуштардың 58,2, қарақалпақтардың

21,4, қарашайлардың 13,7, құмықтардың 32,7, ноғайлардың 20,9, якуттардың 7, қырым татарларының 37,1, мешкет түріктерінің 84,7; хахастардың 16,9, шорлардың 14,6 пайызы ғана ана тілін меңгерген. Бұл жерде назар аударатын тағы бір мәселе: Қазақстанда тұрғандықтан да бұлардың тілдерінің әлсіреуіне қазір елдің үштен екісіне жуығының ана тілі саналып отырған қазақ тілі емес, жиырмадан сәл-ақ астам орыс тілінің ықпалы айтарлықтай болып отыр.

Бүгінгі таңда (01.04.2013) қазақ елінде барлығы 130-дай этносқа жататын 17 миллион халық тұрады. Оның ішінде қазақтардың саны – 11058 мың адам, немесе 65,2 пайыз, орыстар – 3698 мың (21,8%), өзбектер 511 мың (3%), украиндар – 306 мың (1,8%), ұйғырлар – 243 мың (1,4%), татарлар – 203 мың (1,2%), немістер 182 мың (1,1%), басқалары – 766 мың (4,5%). Осы деректерге зер сала қарасақ, елімізде 11 миллионнан астам қазақ, 6 миллион басқа ұлт өкілдері, ары қарай нақтылай түссек, 1,5 миллион түркітөктес, 2 миллиондай мұсылман тұрады екен (А. Тойшыбайұлы. Тіл бірлігі – мемлекет тәуелсіздігінің кепілі. «Ислам және өркениет», 11-20.12.2013.)

Жуырда ғана Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы Әлихан Смаилов республикадағы «қазақтардың үлесі 65,6 пайызға жетті» («Дат», 20.02.2014) – деп мәлімдеді.

Халықаралық өлшем бойынша, жергілікті ұлттың көрсеткіші жалпы халықтың үштен екісінен асса, мұндай мемлекет бір ұлтты (моноұлтты) мемлекет саналады. Демек, халықаралық стандарт өлшемімен біз осы уақытқа дейін көпұлтты мемлекет болып келдік. Осы себептерден де Қазақстандағы тіл саясаты көптілді ел тұрғысынан жүргізілуде. Зерттеушілер көбіне республикадағы жалпы тілдік ахуалды, мемлекеттік қазақ тілінің көптілділік жағдайындағы басқа тілдермен қатар өмір сүру барысында туындаған проблемаларды анықтап, саралаумен шұғылданды.

Белгілі саясаттанушы профессор С. Борбасов Қазақстан қазақ ұлты құрған мемлекет болуына қарамастан, оның

ұлттық дамуында, әсіресе тілінің көптеген кедергілерге душар болып отырғандығына назар аударады: «Қазақ ұлтының этникалық өмірінің қалыпты дамуы жолына көптеген жасанды бөгеттер қойылуда. Тәуелсіз ел болған соң қазақ халқының барлық мәселелері өздігінен, біртіндеп шешіледі деген психологиялық ахуал қалыптасуда. Қазақ ұлтының этникалық бет-бейнесін, ұлттық мазмұнын сақтайтын құндылықтардың көмескіленуіне жол берілуде. Әсіресе, тілдік дамудағы олқылықтар қазақ ұлтының өкілдерін алаңдатады. Ақпараттағы орыс тілінің басымдылығы, шаруашылық пен финанс жүйесінде қазақ тілінің артта қалуы, орыс тілінің Қазақстандағы атқарушы биліктің тіліне айналуы қазақ тілін құру жағдайына қарай әкелуде. Мемлекеттік тіл тағдырына қазақ этносының тарихи аренада сақталуы мен өмір сүруі мәселесі тікелей байланысты болып қалуда» (С. Борбасов. «Қазақстандық ұлт» туралы. «saqar.kz» порталы. 13.12.2011).

Тіл дамуының саяси-әлеуметтік проблемалары

Қазақ тілін әлеуметтік тұрғыдан зерттеп жүрген философ Қ. Жүкешевтің пайымдауынша: «Қазақ тілі ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ қоғамымен біртұтас, оның аграрлық болмысына сәйкес дамыды. Оның тоқырауы Қазақстанның Ресейге толық бағыныштылыққа түсуімен байланысты болды. Қазақстанға орыс тілінің келуі, оның қызметіне толық жағдай жасалуы қазақ тілінің өмір сүру аралын тарылтып жіберді және бұл шара үкімет тарапынан пәрменді жүргізілді. Қазақ тілі қоғамдық-экономикалық өмірден, әкімшілік іс жүргізуден шеттетілді. Соның салдарынан біртіндеп, өзінің онтологиялық және конститутивтік қасиеттерінен айрыла бастады.

XX ғасырдың екінші жарымынан басталған халық шаруашылығын индустрияландыру шаралары қазақ тілінің қолданылу аясын одан ары тарылтты – ол өнеркәсіпте, ғылым мен техникада мүлдем қолданылмайтын, саясатта,

мәдениет пен білім салаларында ішінара ғана қолданылатын тілге айналды. Біртіндеп ұлттық тұтастықтың іргесі сөгіліп, орыс тілінде сөйлейтін, менталитеті басқа социум пайда болды. Жыл өткен сайын ол белең алып, екіжақты шынайылық – қазақ өміріндегі рухани дуализм орнай бастады. Алдымен, сауатты адамдардың өмірінде орын алған қазақша-орысша екідайлық кейінгі кезеңде бүкіл халық бұқарасына таралып кетті. Орыс тілінің ықпалының артуы қазақ тілінің ықпалының кемуімен қабаттас жүріп отырды. Кеңес Одағының құлауы алдында қазақ тілі мен ұлттық мәдениеттің жағдайы апаттық межеге дейін жетті» – дей келіп, мұның себебін «Бұл құбылыс қазақ ұлтының кінәсі нен немесе қазақ тілінің қауқарсыздығынан емес, тіл мәселелерімен айналысушылардың тарихтың сол сатысында ұлттық мәдениетті, тілді сақтап қалудың баламалы жолын көре алмауының салдарынан орын алды. ...тілші ғалымдар өздерінің теорияларын сол баяғыша құрып алып, тіл мәселелерін үйреншікті шеңберде ғана қарастырудан аспады. Соңғы 70 жыл ішінде тіл білімдері аясында сіресіп, қатып қалған қағидалар, азаматтық қоғамы адамы қабылдай алмайтын, индустриялы нарық жағдайында орындалмайтын, қиындатылған ережелер пайда болды. Қазақ тілінің «байлығы» және «бейнелілігі» туралы қағидалар осы уақытқа дейін үстемдік құрып, қазақ тілінің имманентті ерекшеліктері ретінде санаға орнығып алды... Біріншісі – Қазақстандағы тіл мәселелерін шешуге құзіретті ең басты интеллектуалдық күш – қазақ лингвистері өздерінің қарауына берілген ғылымдағы міндетін өзгелерге аударып қойып, бұл мәселені барынша ушықтырды. ...қазақ тілін индустриялы қоғам жағдайында әмбебап қолдануға даярлау және мемлекеттік тіл ретінде орнықтыру мәселесін ғылыми жолмен шешуге қазіргі қазақ лингвистикасының шамасы жетпеген... Екінші себеп – қазақ тілші ғалымдары өздеріне тиесілі миссиясын атқаруға шамасы келіп тұрса да, оған зауықты болмағандықтан бағытты өзге жаққа әдейі бұрып жіберген» (Жүкешев Қ. Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі

және даму философиясы. Алматы, 2008, 13-14, 114, 125-беттер)-тұрғыда көрсеткен.

Бұл жерде Жүкешевтің қазақ тілінің осындай күйге ұшырауының себеп-салдарларын әлеуметтік-саяси, ғылыми тұрғыдан дәл көрсетіп отырғанына айрықша мән берумен бірге оның мұндай жағдай «тіл мәселелерімен айналысушылардың тарихтың сол сатысында ұлттық мәдениетті, тілді сақтап қалудың баламалы жолын көре алмауының салдарынан орын алды» деген сияқты тілші ғалымдарды айыптау, қазақ тілінің «байлығы» мен «бейнелілігіне» күмән келтіру, мемлекеттік тіл болуға қазақ лингвистикасының шамасы жетпеді деген сияқты субъективтік пікірлерімен келісу қиын. Бұлайша тұжырым жасау қазақтың болашағын оның тілінің болашағынан көріп, осы жолда күресіп, опат болған қаншама боздақтардың, сыпайылап айтқанда, аруақтарын сыйламағандық болып табылады.

Осы жерде тағы да бір еске сала кететін жәйт: ұлт үшін, тіл үшін күрес не бір қиын-қыстау кездерде де бір сәтке де еш уақытта да тоқтаған жоқ; тоқтамайды да. Өйткені, тіл майданы – мәңгілік майдан. Кезінде ұлт көсемдері бастаған ұлт үшін мәңгілік ұлы майдан тәуелсіз ел болған бүгінгі күндері де жүріп жатыр.

Тәуелсіздіктерін алған соң, басқа ұлттар уақытты босқа жібермей, бірден бодандықтың былықтырған ауруларын емдеуге кірісіп кетті де ұлттық дамуға кедергі келтіретіндердің барлығынан дер кезінде арыла білді. Ал бізде отарсыздану саясаты жүргізілмеді де халқымыздың болмысына ғасырлар бойы батпандап кірген әлеуметтік кеселдер енді оған қолайлы қоғамдық – психологиялық жағдайларды барынша шебер пайдаланып, мысқалдап та шықпай жатыр.

Батыстың белгілі саясаттанушы ғалымы Э. Томсонның «Отаршылдыққа түскен ел отарлық қалыптан құтылғаннан кейін міндетті түрде отарсыздануы керек. Отаршылдардың өздері елден кетсе де олардың көлеңкесі қалады. Отаршылдық – азаттық алған елдің барлық саласында төбе көрсетіп отырады. Саяси жүйе өзгерсе де отаршылдардың ойран

салуынан әбден зардап шеккен «ұлттық сана» көп уақытқа дейін ойрандалған қалпында қалады. Оның өзгеріссіз қалуы – ең алдымен тілінде көрінеді» дегенінің дұрыстығын бүгінгі Қазақстанның өмір шындығы көрсетіп отыр.

Әдетте бір мемлекеттің ішіндегі, немесе халықаралық қарым-қатынастардың барлығы да тілдің орнын анықтаудан басталады. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмысы ағылшын, француз, неміс, орыс, қытай тілдерінде жүріп, оларға халықаралық тіл мәртебесі берілген. Сол сияқты әрбір мемлекеттің өз ішінде ресми жұмыс жүргізетін мемлекеттік тілі болады.

«Мемлекеттік тіл дегеніміз, көпұлтты, көптілді мемлекетте әдебиет пен баспасөзде, мәдениет пен өнерде, радио мен теледидарда, ғылым мен өндірісте, мектеп пен жоғары оқу орындарында, әскер бөлімдері мен сот істерін жүргізуде, ресми іс-қағаздарында, дипломатиялық қарым-қатынаста, құқық қорғау мен байланыс (почта, телеграф) орындарында – күнделікті тұрмыс-тіршіліктің бәрінде қолданыста болып, қызмет ететін, міндетті деп саналатын саяси-құқықтық негізі нығайтылған мәртебелі тіл» (С. Бизақов. Қазақ тілі қандай тіл? Алматы, «Арыс», 2010, 225-бет).

Демек, әрбір мемлекеттің ішкі тұтастығы тіл мәселесінің дұрыс шешілуіне тікелей байланысты екен. Мықты мемлекеттердің барлығы да рухани бірлікке тіл жағдайын дұрыс жолға салу, тіл туралы занды қатаң ұстану арқылы қол жеткізуде, яғни тілі мықты ұлт мықты, сол мемлекетті құраушы ұлты мықты мемлекет мықты болып отыр. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Қазақстан жағдайында бұл мәселе әлі күнге дейін өз шешімін тапты деу қиын. Тіпті, Қазақстан моноұлтты мемлекет пе, әлде көпұлтты мемлекет пе деген сауалдың да басы ашық тұр. Осы бір мәселенің дұрыс анықталмауы Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілінің мәртебесіне лайықты өз дәрежесінде қолданылмауына, мұның өзі мемлекеттік тілдің бүкіл Қазақстан халықтарын басын біріктіретін ұлтаралық ортақ қарым-қатынас тілі болуына айтарлықтай зардабын тигізіп отыр.

Жалпы халықаралық тәжірибеде мемлекеттік тілдің мәртебесі құқықтық тұрғыдан нақтылы анықталмаған. Кейбір мемлекеттерде мемлекеттік тіл дегендер атымен жоқ. Демократтар тіпті мемлекеттік тіл дегенді заңмен бекіту бір тілдің басқа тілдерге қктемдігін туғызады деп, бұған мүлдем қарсы. Оларға салса, бәрі еркін болуы керек; қай тілде сөйлеу – әркімнің өз еркі. Мұндай жағдай ешқандай талас тудырмайтын моноұлтты елдерде жүзеге аса алады. Ал көпұлтты мемлекеттерде ұлтаралық қарым-қатынастарды реттеп отырудың негізгі құралы ретінде олардың тілдерін заңдық тұрғыдан рәсімдемесе болмайды.

Б. Хасанов мемлекеттік тіл төмендегідей өлшемдерге сай болуы керек деп біледі:

- республика атын иеленіп отырған халықтың еркі;
- республиканың барлық аймағында табиғи тілдік ортаның болуы;
- мемлекеттік тілге деген қажеттілік;
- тілдің лингвисткалық және әлеуметтік-лингвисткалық тұрғыдан зерттелінуі;
- осы тілде сөйлейтіндердің республикадан тыс жерлерде де өмір сүруі (Б. Х. Хасанов. Казахско-русское двуязычие. Алматы, 1987, 25- бет).

Қазақстандағы қазақ тілі осы өлшемдердің барлығына да жауап бере алады. Сондықтан да ол – қазақ елінде мемлекеттік тіл мәртебесіне ие. Ал оның қаншалықты дәрежеде жүзеге асып, өмірдің, қоғамның талабы қаншалықты дәрежеде орындалып жатқандығы – өз алдына мәселе.

Басқа бәле тілден демекші, қазақ жерінде қазақ тілінің бел жаза алмай жатқандығы Қазақстанның Конституциясында жазылған бір-ақ сөйлемге байланысты болып отыр. 1993 жылы қабылданған Конституцияда орыс тіліне ұлтаралық қатынас тілі мәртебесі берілсе, 1997 жылы бұл аздай орыс тілді қазақ депутаттарының күш салуымен қазақ тілімен тең дәрежеде қолданылатын ресми тіл мәртебесін иеленді. Ата Занда бірінші пунктте қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі туралы айта келіп, соның артынша екінші пункт-

пен «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп жазылуының өзі мемлекеттік тілдің мәртебесін жоққа шығарғандай болып тұр.

Қазір Қазақстан Республикасының Конституциясындағы қазақ тілінің түбіне жеткен осы бір сөйлем құрымайынша, оның көсегесі көгермейтіндігіне көз жетіп отыр. Бұрынғы бодандық кезді айтпағанның өзінде тәуелсіздік тұсындағы қазіргі қазақ тілі басынан кешіріп отырған бар кемсітушіліктерге, көріп жатқан құқайларына басқа бөтен ешкім емес, Ата Заңымызда бадырайтып тұрып парламентте отырған халық қалауларының қолымен жазылған осы бір ғана сөйлем кінәлі.

Осы секілді көптеген себептердің салдарынан қазір «Қазақ ұлтының этникалық өмірінің қалыпты дамуы жолына көптеген жасанды бөгеттер қойылуда. Тәуелсіз ел болған соң, қазақ халқының барлық мәселелері өздігінен, біртіндеп шешіледі деген психологиялық ахуал қалыптасуда. Қазақ ұлтының этникалық бет-бейнесін, ұлттық мазмұнын сақтайтын құндылықтардың көмескіленуіне жол берілуде. Әсіресе, тілдік дамудағы олқылықтар қазақ ұлтының өкілдерін аландатады. Ақпараттағы орыс тілінің басымдылығы, шаруашылық пен финанс жүйесінде қазақ тілінің артта қалуы, орыс тілінің Қазақстандағы атқарушы биліктің тіліне айналуы қазақ тілін құру жағдайына қарай әкелуде. Мемлекеттік тіл тағдырына қазақ этносының тарихи аренада сақталуы мен өмір сүруі мәселесі тікелей байланысты болып қалуда» (С. Борбасов. «Қазақстандық ұлт» ұғымы туралы. «sagap.kz» порталы. 13.12.2011).

Еліміздегі тіл саясатының осылайша былқылдап тұруы барлық жағынан өзімізге байланысты, сыпайлап айтқанда, саяси қорқақтығымыздан, былқылдақтығымыздан болса, екінші жағынан, орыстардың тілі, ұлты үшін аянбай күресіп жатқандығы өз жемісін беруде. Империя ыдырағанда, орыстардың 25 миллиондайы жаңадан пайда болған басқа мемлекеттерде қалып қойды. Солардың көпшілігі орыс им-

периясының ыдырағанына көнгісі келмейді, көнген күннің өзінде де болашақта қалпына келетініне сенеді; өздері тұрған елдерде орыс тілінің екінші кезектегі тілге айналғанын мойындағысы жоқ. Олардың ойынша, тәуелсіздігін жаңадан алған халықтардың тілі әлі мемлекеттік тіл болуға дайын емес, сондықтан да орыс тілін бірден ысырып тастауға әлі ерте деп, бұған мысалға Қазақстанды алға тартады («Независимая газета», 10.07.1997).

Сонымен бірге Мемлекеттік Думада осы бағыттағы шараларға бағыт-бағдар беріп, қадағалап отыратын парламенттік фракция жұмыс жасайды. Ресей өкіметі «Шетелдегі отандастарды қолдау шараларының бағдарламасы туралы» арнайы қаулы қабылдап, шетте қалған орыс шашырандыларымен жұмыс істейтін мемлекеттік орган құрды. Бұл ұйым шетелдік орыстардың барлығымен дерлік байланыстар орнатқан. Олардың мүдделерін қорғауға барынша ат салысады; моральдық, материалдық жағынан жан-жақты қолдаулар жасап тұрады.

Осы сияқты орыстар тарапынан жүргізіліп жатқан шаралар өз нәтижелерін беруде. Оның нақтылы мысалдары Қазақстан жағдайынан анық көрінеді. Республикадағы орыстардың саны 2014 жылдың басында 3 685 009 болып халықтың 21,47 пайызын құрады. Енді осы орыстардың мүддесін қорғайтын төмендегідей ұйымдар жұмыс істейді:

- «Лад» Республикалық славяндық қозғалыс (ел бойынша 24 филиалы, 50 000 мүшесі бар).
- «Истоки» қоғамдық ұйымы
- Қазақстанның орыс қауымы
- Қазақстан орыс мектептері мұғалімдерінің ассоциациясы
- «Славян мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі
- Түрлі казак ұйымдары (Кому не на Руси жить хорошо? «Адам бол», 2014, №26, 4 июля 2014).

Міне, осы сияқты орыстар тарапынан жүргізіліп жатқан шаралардың нәтижесінде КСРО-дан бөлініп шыққан тәуелсіз мемлекеттерде, әсіресе Қазақстан мен Қырғызстанда жергілікті мемлекеттік тілдердің өз функциясын толыққанды

атқаруына ширек ғасырға жуық уақыт өтсе де күні бүгінге дейін орыс тілі шаужайына жармасуын қояр емес. Бұл мемлекеттерде орыс тіліне ресми ұлтаралық қарым-қатынас тілі мәртебесі берілген.

Қостілділік, «үш тұғырлы тіл» туралы.

Қазақстанда орыс тілін тақтан түсірмеу, ресми мәртебесін сақтау үшін не бір құйтұрқы әрекеттер жасалып жатыр. Солардың қатарында «қос тіл – қос қанатын», «үш тұғырлы тіл» сияқты саясаттың жүргізілуін атар едік.

Қостілділік дегеніміз – «адамның екі тілдің көмегімен қарым-қатынас жасауы» (Михайлов М. М. Двухязычие. Чебоксары, 1968, 3-бет); яғни адамдардың қоғамдық өмірде ана тілімен бірге басқа да шет тілінде сөйлеу құбылысы. Ал көптілділік – екіден көп тілдерде түсінісу.

Жалпы, қостілділік, көптілділік – әртүрлі этносқа жататын адамдардың, ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарды қамтамасыз ету мақсатында ерте замандардан келе жатқан әлеуметтік құбылыс. Ғалымдардың анықтауынша, болашақта халықтар арасындағы түрлі байланыстардың ұлғая түсуімен байланысты көп тіл білушіліктің де маңызы арта береді. Қазірдің өзінде-ақ көп тіл білушілердің саны бір тілділерге қарағанда, әлдеқайда көп (Ахметжанова З. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. Алматы, 2012, 472-бет). Қазір жер шарын мекендеген халықтардың 70 пайыздайы екі, не одан да көп тілдерді әртүрлі деңгейде меңгерген. Өйткені, қазір біз өмір сүріп отырған жаһандану дәуірі шегараларды білмейтін, көп тілде сөйлейтін заман.

Қостілділіктің екі – пайдалы және зиянды жақтары бар. Тағы бір қасиеті бірнеше тілді қолдану барысында оның осы екі жағының бірі ғана жүзеге асады (Г. Д. Алдабергенова. Явление билингвизма в перспективе исследования. В книге «Язык: система, функционирование». Алматы, 2007, 180-бет). Сондықтан да қостілділікті ақ, қарасын ажыратып барып, жүзеге асырудың маңызы зор.

«Екі тілді білетін адам бір тіл білетін адамнан жоғары тұрады... Әр адам қаржысы мен жағдайы келсе, үш тілді үйренгені жөн. – ана тілін, өзі тұратын мемлекеттің тілін және барлық халық үйренуге талпынатын тілді» (Исмаил Гаспринскийдің нақыл сөздері. «Аңыз адам», 2014, №20).

Шет тілін үйрену барысында адам басқа бір ұлттың сөзін, сөйлем құрау тәсілдерін меңгеру арқылы оның ойлау жүйесіне еніп, рухани әлеміне қадам басады; жаңа бір халықтың ұлттық болмысын ашады. Шет тілінде сөйлеу арқылы сол ұлтша ойлайды; мұның өзі сол ұлтпен іштей жақындастыра түсетін болады. Ең бастысы басқа тілдерді білу адам мен адамды, ұлт пен ұлтты, халық пен халықты жақындастыра түседі.

Тіл білуі барысында адамның қарым-қатынас жасау, әлеуметтену, білімін арттыру мүмкіндіктері екі-үш есеге дейін артады. Өйткені әр тіл өзінше бір тұтас әлем. Тіл үйрену арқылы адам жаңа бір әлемнің, әлемдік өркениеттің тағы бір ғимаратының есігін ашып, ішіне кіріп, таныса бастайды. Бірінші кезекте адамның ақпараттық, мәдени және экономикалық кеңістігі кеңейіп, таным-түйсігі арта түседі.

Осы мәселені арнайы зерттеген профессор Б. Хасанов «Қостілділік адамдардың рухани жағынан өсуіне жағдайлар жасайды. Адам үшін қостілділік – ойын жеткізу, шындықты тану құралы болумен бірге көпұлтты қоғамда қарым-қатынас жасау құралы да; бұл жерде оның негізгі компоненті (ана тілі) ұлттық компонентін сыпаттаса, басқа компоненті (екінші тіл) әртүрлі ұлт өкілдерін тану, басқа халықтардың мәдениеттерін игеру құралы болады. Қостілділіктің адамның үйлесімді дамуындағы рөлі орасан; өйткені ол көпұлтты қоғамда жан-жақты дамудың және де өзін танытудың аса маңызды құралы» («Двуязычие способствует духовному прогрессу личности. Для личности ее двуязычие – это средство выражения мысли, познания действительности и средство коммуникации в многоязычном обществе; при этом основной его компонент (родной язык) является характерным компонентом национального, другой же компонент

(второй язык) – средством познания личностей, представляющих разноязычные национальности и освоения культурных ценностей других народов. Велика роль двуязычия в формировании гармонически развитой личности, для которой оно – важное средство всестороннего развития и самовыражения в многонациональном обществе». Хасанов Б. Х. Казахско-русское двуязычие. Алматы, 1987, 12-13 беттер) – деп жазады.

Қостілділік мәселелерінен диссертация қорғаған Г. Д. Алдабергенова (Исследования влияния билингвизма на развитие личности детей. Диссертация на соискание кандидата филологических наук. Алматы, 1990) қостілді баланың айналасындағы тілдік күрделі жағдай оның интеллектуалды дамуының басты көрсеткіші саналатын мәселенің мән-жайын тез аңғаратын қабілетінің қалыптасуына көмектесетіндігін айта келіп, жалпы қостілділік 10-12 жасар балалардың ойлау қабілетінің дами түсуіне оң әсер етеді деген пікір білдіреді («...двуязычие положительно влияет на мышление детей и даже ряд преимуществ перед монолингвами») Язык: система, функционирование. Алматы, 2007, 183-бет). Сонымен бірге ол ана тіліне негізделмеген билингвизмнің тұлғаның ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына, ұлттық дәстүр, мәдениет рухында тәрбиеленуіне нұқсанын тигізетіндігін де ескерткен.

Соңғы кездердегі зерттеулер бірнеше тіл білетіндердің басқаларға қарағанда ұқыптырақ, ойын тез жинақтап айтуға қабілеттірек келетіндігін анықтап жатыр. Оның басты себебі адам бір тілден екінші тілге ойлауға көшкенде, оның миы ақпараттарды шапшаң реттеп, ең маңыздыларын тез іріктеп алуға машықтанады екен (Кирилл Стасевич. Иностранный язык помогает думать на любом возрасте. «Наука и жизнь», 2014, №7). Сондықтан да көп тілділік мәселесіне ғылыми тұрғыдан келіп, оның жақсы жақтарын да, теріс тұстарын да әрдайым ескеріп отырған жөн.

Осы мәселені арнайы зерттеген бірсыпыра ғалымдар қостілділіктің жас баланың ойлау қабілетінің дамуына кері

әсерін тигізетінін анықтаған. Ойлау барысында екі тілдің бір-біріне кедергі келтіріп, тежеу тудыратындығы, сөйтіп баланың ойлау жүйесінің қалыптасуындағы айтарлықтай кері әсер ететіндігін алға тартады.

Екінші шет тілін үйрену өмір қажеттілігінен туындап, еркіндік, теңдік, ізгілік ниеттерімен жүрсе ғана ол – пайдалы. Б. Хасановтың пайымдауынша, қостілділік екі жақты (қазақша-орысша, орысша-қазақша) болғанда ғана пайдалы. Негізінен, солай болуы тиіс. Өкінішке орай, бізде бір жақты жүріп жатыр (Хасанов Б. Х. Казахско-русское двуязычие. Алматы, 1987, 23-бет). КСРО-ның кезінде белгілі бір мақсаттармен жүзеге асырылған қостілділіктің бір бағытта ғана жүруі тәуелсіз Қазақстанда күні бүгінге дейін жалғасып жатыр.

Қостілділіктің бір жақты жүруі тіл үйренуді түрлі жолдармен мәжбүрлеп енгізу арқылы жүзеге асып, орны толмас зиян шектіреді. Профессор З. Ахметжанова басқа тілдің басымдығындағы қостілділік ана тілін қолдану аясын тарылтуға алып келіп, мұның аяғы ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына кедергі жасайтындығын айтады (З. Ахметжанова Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. Алматы, 2012, 476-бет).

Шет тілін білуге ұмтылушылықтың саяси-әлеуметтік, психологиялық, мәдени-антропологиялық себептері бар. Әрбір адам белгілі бір қоғамда өмір сүре отырып, сол қоғамның сұраныстарына, талаптарына сай өмір сүретіндігі белгілі. Демек, қостілділік те адамның қоғамдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында туындайтын табиғи құбылыс екен. Бұл – қостілділіктің, көптілділіктің пайдалы жағы.

Ғалым Н. Рсалиева шет тілдерін білудің мынадай позитивті тұстарын атайды:

«- генологиялық тұрғыдан жақындығы жоқ, мүлдем басқа мәдениет өкілімен тікелей, аудармашысыз, емін-еркін қарым-қатынас жасай аламыз (бұрын ондай мүмкіндік болмаған);

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, бұрын тек қана қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиет көздеріне жү-

гінетін болсақ, енді ғылымы ілгері дамыған шетелдердегі мол мағлұматтарға қол жеткізе аламыз;

- ғаламтордағы ағылшын тіліндегі мағлұматты игере аламыз;

- тілін меңгерген жастар және ғалымдар экономикасы дамыған мемлекеттерде білім алуға және сол озық тәжірибені елге алып келуге мүмкіндік алды;

- өз зерттеулеріміздің нәтижесін де шетелдердегі жоғары халықаралық деңгейдегі конференцияларға, конгрестерге, симпозиумдарға шығарып, көрсете алатын болдық;

- өзге мәдениеттердің көркем әдебиетін бұрынғыдай (негізінен) орыс тіліндегі аудармасынан емес, өз түпнұсқасынан да оқып, таныса алатын болдық;

- төл әдебиетіміздің озық үлгілерін де жетекші шетел тілдеріне түпнұсқасынан аудару үдерісі (баяу қарқынмен болса да) басталды;

- ағылшын тілін оқытудың методологиясын әлемдегі ең жетілдірілген тіл үйрету тәжірибесі ретінде (басқа да тілдерді оқытуға) пайдалануға болады;

- өндірістің қай саласында болса да, ағылшын тілін немесе басқа да шетел тілін білетін маманның жалақысымен салыстыралы түрде алғанда, жоғарырақ, т.с.» (Н. Рсалиева. Қазақстандағы үш тұғырлы тіл идеологиясының позитивті және негативті тұстары. Кітапта: «Түркітану мен қазақ филологиясының дамуы: ғылыми мұра және ғалым феномені. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары». Алматы, 2014, 320-бет).

Десек те, көп тіл білудің осындай пайдалы жақтарымен қатар, кері әсерін тигізетін тұстары да баршылық екен. Мәжбүрлі түрдегі қостілділік ұлтаралық алауыздықтарды қоздырып, оның қайнар көзіне айналады; қоғамдағы антогонистік қайшылықтарды күшейтіп, бір ұлттың екінші бір ұлтқа басымдығын жүзеге асырып отырады. Мұның соңы сөйлеушілердің бір бөлігінің, немесе толықтай ана тілін тастап, екінші тілге ауысуына, мұның аяғы өз тілінің жойылуына, ұлтының ассимиляцияға ұшырауына алып келеді. Демек, қостілділік ана тілінен екінші бір тілге, яғни өз

ұлттың рухани әлеміне өткеріп жіберетін көпір ролін атқарады. Ғалым Дэвид Кристал «Тіл ажалы» атты кітабында бір тілді, немесе ұлтты жоқ қылып жіберу үшін оларға қостілділікті енгізсе, жетіп жатыр деп, жазыпты. Сонда сөйлеушілерінің саны көп басым, яғни басқыншы тіл өзінен әлсіз тілді ассимиляциялап, жұтып жібереді екен.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан «қостілділік» пен «үш тұғырлы тіл» саясатының жағымды жақтарымен қатар мынадай негативті тұстары бар:

«- тілдерді үйрену кісінің басқа пайдалы амалдарға жұмсауға болатын ұзақ уақыты мен көп энергиясын алады;

- өндірісте кейде құжаттарды үш тілде толтыруға тура келеді; жұмыс бірнеше еселенеді;

- компьютерде тілдерді ауыстырып отырудың өзі де уақыт алады; кейде қай тілде тұрғанын білмей, сөйлемді жазып қойып, өшіріп, қайта жазуға тура келеді; бұл уақытты ғана алмайды, жүйкеге де елеулі дәрежеде әсер етеді;

- қазақ тілін екі үлкен тіл (орыс және ағылшын тілдері) фонетикалық тұрғыдан да, грамматикалық тұрғыдан да, лексикалық тұрғыдан да бағындырып алып ара жатқандай үдеріске куә болып отырмыз;

- үстем тілдерде сөйлейтін халықтардың тілімен қоса менталитетін де қабылдау кісіні өз мәдениетінен біртіндеп қол үзуге, соның салдарынан өз рухани құндылықтарына немқұрайлы қарауына, кейде тіпті аяқ асты етуіне дейін алып барады; т.с.с.» (сонда, 325-326 беттер).

Сонымен, қостілділік, басқа тілді үйрену ана тіліне негізделмеген жағдайда пайдасынан гөрі зияны аса қауіпті екен. Сондықтан да әрбір бала оның бойында ана тілі негізінде ұлттық ойлау жүйесі қалыптасқанша, алдымен, отбасында, сосын мектептің бастауыш сыныптарында міндетті түрде ана тілінде тәрбиеленіп, содан кейін барып шет тілдерін үйрену пайдалы болмақ.

Көбіне империялардың кезінде көрініс табатын қостілділік аз санды ұлттардың тілінің жойылып кетуіне апа-

рып соқтырады. Жаһанданудың барынша қанат жая түсуімен бірге тіл империализмі де күшейіп, қостілділік пен көптілділік басқаша сыпат алып келеді. Сондықтан да қостілділікке, «үш тұғырлы тілге» барынша назар аударуа түскен жөн.

Қостілділік туралы Дэвид Кристал өзінің «Тіл ажалы» атты кітабында былай деп жазыпты: «Тіл жойыларда қостілділік пайда болады. Екі тілді ерткен екі мәдениет өзара шайқасқа түседі. Ақырында жеңімпаз мәдениеттің тілінде сөйлеушілер көбейеді. Ал жаңағы жеңіліс тапқан шағын мәдениеттің тілінде сөйлеуден басқа емес, өзінің жас ұрпағы ұяла бастайды. Ана тілінде сөйлеуге қысылатын сол ұрпақ та «жеңімпаз мәдениеттің» аяғына жығылады. Аға ұрпақ – ата-ана қанша әуреленсе де өз балаларына ана тілін үйретуге шамалары жетпейді. Ең өкініштісі де – осында».

Шынтуайтына келгенде, Қазақстандағы қостілділік қазақтарды орыстандырудың бір жолына айналып отыр. Оған мына бір мысалдар көз жеткізеді: 1989 жылы Қазақстанда ана тілімен қатар орыс тілін де жетік меңгерген қазақтар 62,8 пайызды, ана тілімен бірге қазақ тілін де меңгерген орыстар 0,9 пайызды құраса, бұл көрсеткіш осы ретпен 1992 жылы 63 те 1-де тұрды. Қазақ тілінде сөйлейтін орыстар 1994 жылы 8,5 пайызды көрсетсе, арада екі жыл өткен соң, азайып, 7,7 пайызға түсіп кетті (Хасанов Б. Х. Социально-лингвистические проблемы функционирования казахского языка в Республике Казахстан. Автореферат диссертации на соискание степени доктора филологических наук. Алматы, 1992, 11-бет). Осындай жағдай күні бүгінге дейін жалғаса түсуде.

Сонда қостілділік дегеніміз де өнін өзгерткен, шапанын айналдырып киген ұлтсыздандырудың тәуелсіз Қазақстан тұсында жүзеге асып жатқан заманға лайықты «модный» бір түрі болып шығады. Қазақ тілінің қазақ қоғамында өзіне лайықты орнын алуына осы секілді сырты жылтырақ, іші былдырақ саясаттардың айтарлықтай кедергі келтіріп отырғанын айтпасқа болмайды.

Қостілділік қазақ ұлтын іштей ірітіп, аз болса да қолында қазақтың билігін ұстаған, өздерін ұлт «элитасы» санайтын шала қазақтарды іріктеп шығарды. Қазір ұлтының болашағы үшін күресте өздерін прогресшіл санап, үлкен мінберлерде қазақ атынан сөйлеп жүрген шала қазақтардың ұлтының келешегіне келтіріп жатқан зияндықтары оларды іште жүрген ұлт жауларына қосып отыр.

Қостілділік ақыр соңында өз тілін білмейтін, ұлтын мәнсіңбейтін, өздерін ұлттан жоғары санайтын космополиттерді, «мәнгүрттер» мен көзқамандарды» шығарды. «Мәнгүрт» деген жау қолына түсіп, қорлық пен зорлықтың неше атасын көріп, мүсәпір ғаріпке айналған жан. Ол – трагедиялық бейне. «Көзқамандар» білімді, ақыл-есі бүтін, дүние жүзі тарихынан сөз қозғағанда желдей еседі. Бірақ олардың білімі – өз ұлтына жанасымы жоқ космополиттік білім. Көзқамандардың қазіргі мұрагерлері өз ана тілін білмейді. Халқының салт-дәстүрін мансұқтайды. Елінің тарихын қадір тұтпайды. Ең қасіреттісі сол – олар еліндегі болып жатқан құбылыстарға өз ұлтының мақсат мұраты тұрғысынан емес, басқа бір елдің көзқарасы мен дүниетанымы биігінен қарайды» (Р. Бердібай).

Сөйтіп, ана тілін білмеушілік, немесе біле тұра мәнсіңбеушілік, оның орнына басқа тілде сөйлеушілік қазақ ұлтын іштей қақ жарды. «Қазақтар бүгін біртұтас ұлт емес. Бай-жарлы болып, орыс-қазақтілді болып, жарылып отырмыз» (А. Айталы. Қазақтың саны мен сапасының арасында алшақтық бар. «Айқын», 24.07.2014); қазіргі қазақ қоғамында тұтастық жоқ: ұлтқа, дінге, жүзге, руға, тілге, батысшылдарға, халықшылдарға бөлінеді; батысшылдар батыс мәдениетіне қарай бет алса, халықшылдар ұлттық дәстүр ауқымында өмір сүріп жатыр (С. Алибай. Болото мысли побеждает. «Адам бол», 2014, №41).

Бір халықтың тіліне қарай бөлініп, екі тіүрлі мәдениеттің аясында параллел өмір сүріп жатуы жақсылыққа апаратын жол емес; керек десеңіз, бір кездерде бұрқ етіп, тұтас бір халықты қақ жарып, екі жаққа лақтырып тастайтын аса

қауіпті құбылыс. Қазақстандық неміс жазушысы Г. Белгер бұл туралы «Қазақтардың қазір тілге байланысты жіктелуі – өте-мөте өткір мәселе. Байшыкештерге ана тілінің көк тиынға қажеті жоқ. Олардың тілі – доллар. Тілді сақтаймын деушілер – түгелімен жалаңаяқ, жарлылар. Жаны күйген базбіреулер бар кінәні орыс тіліне үйіп-төккісі келеді. Бұл – түбірімен қате. Қазақ тілінің басты жауы – ұлттық намыс пен рухтан жұрдай қазақтардың өзі» (Т. Сәукетаев. Қазақтың Герағасы. «Жас алаш», 28.10.2014) – деген пікір білдіріпті.

«Қос тіл жүрген жерде ешбір баланың қазақ тіліне деген ықылас-ниеті болмайды. Қос тілділік қай кезде де проблема туындатады. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне жетуін қиындатады, ұлттық саясатты әлсіретеді» (А. Осман. Тіл тәуелсіздігі – ел болашағы. Алматы, 2011, 297-бет).

Елімізде қос тілділіктің сақталып қала беруіне әсіресе шала қазақтар мүдделілік танытуда. Олардың ойынша, жуық арадағы Қазақстанның болашағы қос тілділікке тікелей байланысты. Әсіресе, Қазақстан билігінің және қазақ элитасының қос тілді болуы – өмір талабы. «Қостілділік – бізге алла сыйлаған үлкен сый. Сондықтан да біз мұны барынша тиімді пайдалана білуіміз керек. Қазақ тілін дамыту орыс тілінің есебінен жүрмеуі керек, керісінше қостілділікті сақтау бағытында жүруі керек деп біледі» (Ж. Жакупов. Шала қазақ. Алматы, 2009, 59-60 беттер).

Ана тілінен мақұрым космополиттер орыстардың Ресейі, немістердің Германиясы, француздардың Франциясы, жапондардың Жапониясы бар бар екендігі сияқты қазақтардың Қазақстанын түсінгісі келмейді. Өз ұлтын, ана тілін мойындамайтын, шындығында олай жасауға өресі жетпейтін, қолынан келмейтін «шала қазақтар» қазіргі таңда қоғамымызда уақытынша орын алып отырған өздерінің әлеуметтік жағдайын сақтап қалу үшін не бір құйтырқы әрекеттерге баруда.

Қолдан жасалынған осындай құйтырқы әрекеттердің бірі – «қазақстандық ұлт» мәселесі. Бұл атауды алғаш рет

ұсынып, қолданған орыс тілді атақты ақын Олжас Сүлейменов болды. (Ол 1999-жылы орыстың НТВ телеарнасына берген сұхбатында «В будущем в Казахстане будет жить одна нация – казахстанская» – деп мәлімдеген болатын). Кейін мұны оның пікірлестері іліп алып кетті. Олардың ойынша, «Қазақстандық ұлт» «американдық ұлт» сияқты жаңа жағдайдағы «заманға лайықты» жаңа адамзаттық әлеуметтік қауымдастықтың ұлттық атаулыдан жұрдай жаңаша бір түрі болмақ.

Орыс тілділердің көшбасшысы болып тұрған Олжас ақынның орысшылдық бағыты қазір ұлтшылдар тарапынан батыл тойтарыс алуда. Мән-жай түсінікті болу үшін солардың бірін толық келтіре кетейік:

«Өзінің ұлттық мүддесіне, тілі мен діліне қарсы шығумен таңқалдырмаса, іші пысатын Олжас ағамыз тағы да бүйректен сирақ шығарды. Еуразиялық экономикалық одақ туралы «Азаттық» радиосы тілшісі қойған сұраққа Олжекең: «Қазақстан үшін толық тәуелсіздік – үлкен қатер. Ежелден көрші келе жатқан елдермен одақтас болғанымыз жөн» – деп, түйеден құлағандай сылқ еткізіпті. Иә, бізде не десең де бола береді... Бұқара халықтың наразылығы бәрібір, билік разы болса, болды... Бірақ, «Тәуелсіздігімізге ешқандай да нұқсан келтірмейміз» деп сендірген билігіміз де бұған разы бола қоймас деп ойлаймыз...

Олжас Сүлейменов біз білгенде баяғыда Желтоқсан алаңын қазақ жастарының қанымен жуған Г. Колбиннің тапсырмасы бойынша «Известия» газетінде «Қазақстанда екі мемлекеттік тіл болуы керек» – деген мақаласынан бастап, ширек ғасырдан бері ұлттық мүддеге қарсы шығумен келеді. Басында ақын адам айналасындағы орыс-тілділердің әсерімен айтып қалған шығар деп өзімізді алдадық. Одан кейін де Олжекең талай рет қазақтың үстінен ат айдады. Тағы бір есте ерекше қалғаны – 2005 жылы Иманғали Тасмағамбетов Алматы қаласы әкімі кезінде «Алматы қазақшаланбай, Қазақстан қазақшаланбайды. Сондықтан, Алматыны мемлекеттік тілге көшіреміз» – дегенде,

жанталаса қарсы шыққан, Елбасыға дейін арыз жазған осы Олжас Сүлейменов еді... Иә, ол Ұлттық кітапханада өткен жиында «... Осы жерде менің досым Мұхтар (Шаханов) отыр, бірақ мен қазақ тілін Алматы қаласына енгізуге қарсы екенімді Президентке айтамын» – деп ашық мәлімдеген болатын... <http://www.qazaquni.kz/?p=1801>

«Алматыны қазақ тіліне көшірсек, әлеуметтік жарылыс болады» – деп соқты сонда Олжекең... Бұл барып тұрған айбарак бопсалау, яғни арандатушылық пиғыл еді... Бұл жеке өз қарақан басының қамы үшін, халықты жарға итеруге, «жарылыс жасауға» алдын ала шақыру еді.. Ал кейін Атазаңнан орыс тілі туралы бапты алу туралы Мұхтар Шаханов бастаған әйгілі «138-дің хаты» кезінде бір орыс жазушысы (аты есіме түспей тұрғаны, кезінде газетке жазғанбыз) Ұлттық баспасөз клубында: «Билік бізді неге мемлекеттік тілді үйретуге мәжбүрлемейді? Бұл біздің өз Отанымыз Қазақстанда мемлекеттік тілді білмеу барьерінен құтқарар еді... Әлде билік біздің осылай жайсыз жағдайда жүруімізді қалай ма?» – деген мағынада базынасын айтып, нағыз патриот екенін көрсетті. Ендеше, қайдағы «жарылыс», Алжас Амарович? Енді билік басындағы қазақша білмейтін қазақтардың арасында «Қазақ тілін мәжбүрлесек, Украина болады» – дейтіндер де көбейді. Жұртты алдын ала «жарылыс жасауға», «Украина болуға» шақырып, дайын сценарий ұсынатын ел тек біздің Қазақстан шығар... Осы кезде еске түсіп отыр, сол кезде «Қазақ үні» («Жас қазақ үні») газетінде менің «Орыстар неге Олжасты «Алжас» дейтінін енді түсіндім...» – деген сын мақалам жарияланған болатын... Кейін бұл атау, өкінішке орай баспасөзге жайылып кетті...

Кейін О.Сүлейменов Мәскеуде «Эхо Москвы» радиосында «...Әзірбайжандар мен қазақтар тек орыс тілі арқылы дами алады», -деп тағы да танытты... Содан соң, елдің көбісі Кедендік одаққа қарсы болып жүргенде, Олжас Сүлейменов Ақордаға: «Енді Мәдени одақ құрайық. Орталығы – Санкт-Петербург болсын. Атқарушы қызметіне

менің фирмам (...?) дайын» – деген мағынадағы, мәдени бодандық пен қаржылық мүдденің иісі аңқып тұрған хат та жазғаны белгілі болды.

«Әкесін сабағанды талай көріп едік, бірақ, арбаға байлап сабағанды бірінші рет көруім» – дегендей, Олжекең, кейінгі кезде тіл мен ділге қарсы шығуын былай қойып, енді тікелей өз ұлтының, өз қазақ халқының талай ғасыр мойнына бұршақ салып жүріп, Алладан тілеп алған қасиетті Тәуелсіздігін тәлкек ете бастады. Талай рет Тәуелсіздігімізді мансұқтайтын сөздерін қазақ қазынасынан қаржыландырылатын орыс тілді баспасөз жерден жеті қоян тапқандай, қуана жариялап, насихаттап жүрді. Енді, міне, соның бірі – «Азаттық» радиосына берген сұхбаты...

Иә, Олжекең тілшінің: «Дағдарысқа ұшырап жатқан Ресеймен жақындасу Қазақстанның экономикасы мен қауіпсіздігіне кеселі тимей ме?» – деген сұрағына: «Қазақстан үшін толық тәуелсіздік – үлкен қатер. Ежелден көрші келе жатқан елдермен одақтас болғанымыз жөн» – деп соғып кеп жіберді...

«Еуразия одағы идеясы туралы мен Назарбаевтан да бұрын айтқанмын» деп, омыраулаулағыш Олжекеңнің одыраң ойы неде сонда? Бұл – қазір бар қазақты ойландырып отырған сұрақ... Амал жоқ, «Азия»-мен бір кезде Алашты оятқан ақын Олжастың енді «ЕурАзиямен» елдің Толық Тәуелсіздігін тәрк етуге баруы – қазақ үшін Толық Қасірет болып тұр... Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі: «Тәуелсіздікке титтей нұқсан келетін болса, Еуразиялық Одақтан бірден шығамыз!» – деп бірнеше рет мәлімдегені белгілі. Ендеше, сарай ақынының сандырағын билік неге тойтарып тастамай отыр?!.

Онда «Толық Тәуелсіздік – үлкен қатер» – дегеніңіз, «Толық ми – үлкен зиян» – дегеніңіз шығар, Алжас Амарович?! Дені толық сау, миы жартылай емес – толық, білімі жартылай емес – толық, ұлттық ар-намысы жартылай емес – толық, ұлттық қаны жартылай емес, толық адам, яғни, Толыққанды Ел Тәуелсіздікті де Толық алады! Жарым-

жартылай емес... Сонда Сіз өзіңіз туған біздің қазақ халқын толыққанды емес, сондықтан тәуелсіздікті де толық алу зор қатер дегеніңіз бе? Ана сүті мен ана тілінің қуаты бірдей, оның бірі жетіспесе, ол бәрібір кемшілік-кеселін көрсетіп қояды. Ана тіліңіздің уызын ішпегендіктен жұқтырған Жеке өзіңіздің құлдық мінезіңізді Күллі қазаққа неге таңасыз? Сізбен қатар елге аты шыққан бұрынғы одақтас елдердегі, қазіргі Толық Тәуелсіз елдердегі қаламгерлер неге осылай өз ұлтына қарсы шаппайтынын Сіз бір мезет Толық ойлап көрдіңіз бе? Бұған, бабалардың сан жылдардан бергі армандаған, талай ұлыларымыз бен ұландарымыз құрбан болып, қанын төккен қасиетті Тәуелсіздікті тәрк етуге қисайып қалмай, қалай ғана аузыңыз барды? Бірақ бұлай айту үшін де... «Толық Тәуелсіздік – үлкен қатер» – деу үшін де Толық мидың... керегі жоқ шығар... Олжеке!

Ендеше, айналаңыздағылардың «Алжас» атауын ақтаған екенсіз, Алжас Амарович! (Қазыбек Иса. «Толық тәуелсіздік – үлкен қатер» – деу үшін толық мидың ... керегі жоқ, Алжас Амарович? «Қазақ үні», 03.12.2014).

Олжас Сүлейменовты қорғап, арашалайтындардың бірі мен едім. Қазаққа сіңірген еңбегі үшін Олжас ағаның атына шаң жұқтырмайтынмын. Алашты әлемге кез келген қазақтан артық танытқаны үшін Олжасқа қарсы сөз айтқан кісімен қызылкеңірдек болып дауласатынмын. Поэзиядағы ерекше үні үшін, бөлек қолтаңбасы үшін, ғаламат өлеңдері үшін ерекше құрметтейтінмін. Қазақтың тарихын көпшіліктен артық білетін қайраткер ақынға Ресейді «ұлы мемлекет» деу, «Қазақстанға толық тәуелсіздік – үлкен қатер» деп айтуы жұмсартып айтқанда жараспайды, жараспады.

Күннен күнге көңіл анадан да, мынадан да қалып барады. Жүрегіңде сыйлайтын тұлғалар азайған сайын, елдің болашағына да алаң күшейеді екен. Бірін бірі сатып, түрмеге жауып жатқан жүйенің төл «перзенттерінің» түрі анау. Елге жөн сөз, батыл сөз айтуы тиіс, елге қамқор болуға парыздар осындай алып тұлғаларымыз аласарған сайын ұлт болып қала аламыз ба, жоқ па деген күдік те құлағын қыл-

титып қояды. Өйткені Қазақстанды сатып жіберуге дайын әлгіндей «перзенттерге» тоқтау айтса, осы Олжекең айтар еді. Себебі, Олжасты бүкіл қазақ біледі әлі де жақсы көреді. Жүйенің перзенттеріне қоғам ішінде авторитет қалмағаны керек. Қазақтың сенетін адамы қалмағаны қажет оларға.

Назаланасың. Ана жақта қазақтың жаулары кеңкілдеп күліп отырғанын елестетесің де, қорланасың. Сол сөздерді Олжас неге айтады деп ашуланасың. Олжекеңнің Азаттыққа берген сұхбатын тыңдап отырғанда көз алдымда ең биік тауым құлады, жүрегім айныды, аңқылдақ, сенгіш бала қазақты аядым. Біз сенен бұрын оны білгенбіз деп айтатындарыңызды білемін. Мен де естіп-көріп жүрмін. Бірақ мен Олжасты ешқандай қателікке қимайтынмын. Амал қанша, Олжас та оттайды екен деп өзіме өзім әрең айтып отырмын. Өкінішті. (Ақберен Елгезек. Олжас та оттайды екен. «Қасым» порталы.).

«Қазақстандық ұлт» идеясын орыс, ағылшын тілдерінде сөйлейтін билік басындағы элита, трансұлттық корпорациялармен байланысты қалталы финанстық топтар, банкирлер, жалпы қазақ тілінде сөйлемейтін мәңгүрттер мен көзқамандар қолдап отыр.

Қырғыздың атақты жазушысы Ш. Айтматов «қазақстандық ұлт» туралы мынадай пікір білдіріпті: «Өздеріңе қойылып отырған «қазақстандық ұлт» идеясы, негізінен, американдық бағытқа жақындау, қателеспесем, тікелей ұлтсыздануға бастайтын жол сияқты» («Ана тілі», 28.10.2004).

Шындығында да бастауын «американдық ұлттан» алған бұл идеяның басты мақсаты ұлттық тілімізді, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы жасаған рухани құндылықтарымызды жойып, Қазақстанда қалай да қазақ ұлтын тықсырып, Қазақ республикасын емес, оның орнына ұлтынан жеріген космополиттердің, республикада тұратын кейбір шовинистік пиғылдағы орыстардың мүддесіне сай келетін орыс тілді Қазақстанды құру, сөйтіп қазақтың ұлтын орыстың, Батыстың тобырлық мәдениеті үшін құрбан ету болып отыр.

Қазір күн сайын өсіп, күннен күнге күшейіп келе жатқан қазақ халқының ұлттық даму үрдістері аса қарқынды. Бүгінгі өмір қазақ ұлтының, оның ұлттық құндылықтарының өміршеңдік сыпатын паш етіп, мемлекеттік біртұтастықтың кепіліне айналып отырғанын көрсетуде.

Соған қарамастан, космополиттер Қазақстанда қазақ ұлтының салтанат құратындығына сенбейді; қазақ ұлтының еліміздегі барлық этникалық топтарды ұлы мақсаттар бағытында өз айналасына топтастырушы, ұлттық идеяларды біріктіруші негізгі күшке айналып келе жатқандығын көргісі келмейді; керісінше, өз мақсаттары жолында «адам құқықтары», «толеранттылық», «азаматтық қоғам», «жеке меншік», «демократия», «еркіндік» деген сияқты толып жатқан негізгі мақсаты ұлтты жоюға бағышталған батыстан шыққан небір құйтырқы идеялар ұсынып, қолданып, күрес тәсілдерін өзгертіп, қаскөйлік әрекеттерін жалғастыруда. Бұл мысалдардан ана тілін білмеушіліктің салдарынан ұлтымыздың қаншалықты зардап шегіп отырғандығы анық көрінеді.

Қазіргі қазақ баспасөзі бетінде қостілділіктің ұлтымызға әкеліп жатқан зияндықтары жайлы біршама жазылуда. Солардың бірінде Зия Көкалыптың «Мемлекет ішінде ортақ рухтастықты, ортақ мүдделестікті, ортақ тілеулестікті қалыптастыратын – ең алдымен, ортақ тіл! Тіл бірлігі бірте-бірте дін бірлігі мен дін бірлігін де қалыптастырады. Сондықтан да тілдің бірлігі діннің бірлігі мен ділдің бірлігінен де жоғары тұруы керек!» – деген киелі сөзін келтіре отырып, қазіргі қазақ қауымының бет-пердесін төмендегіше ашып тастапты: «...қазір қазақ ұлты бірін-бірі іздемейтін, бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі ұқпайтын, бірін-бірі жатырқайтын, бірін-бірі бөгде санайтын, бірінің айтқаны екіншісіне ерсі көрініп тұратын, не болмаса екіншісінің айтқаны біріншісіне оғаш боп көрінетін, бр-бірімен ортақ тіл табыса алмайтын бөлек-бөлек екі ұлтқа айналды. Бұл ұлттың бірі қазақ тілді қазақтар болса, екіншісі орыс тілді қазақтар. Қазақ тілді қазақтарды «байырғы қазақ ұлтының

бүгінгі көзі, бүгінге жеткен жұрнағы, қара шаңырақ иесі» деп, қабылдасаңыз, ал орыс тілді қазақтар туралы бұлай деп айта алмайсыз. Бұларда қазаққа тән, қазақтыққа тән ешқандай белгі-бедер жоқ, ұлттық тіл жоқ, ұлттық түйсінім жоқ, ұлттық сезінім жоқ, ұлттық өріс жоқ, ұлттық діл жоқ, ұлттық рух жоқ, ұлттық тін жоқ, ұлттық намыс жоқ. Демек, «орыстілді қазақтар» дегеніміз – мүлде жаңа қауымдастық, қазақ ұлтының ұзақ жылдар бойы бодандық пен отарлықта болуының кесір-керінен пайда болған жаңа ұлт, жаңа қауымдастық. «Үйдің ішінен үй тігілді, ұлттың ішінен ұлт пайда болды» дегеніміз де осы» (Ә. Меңдеке. Ұлтбездерлік немесе ұлтбездерлікті мемлекеттік саясаттың құралына айналдыруға бола ма? «Ақиқат», 2013, №11, 58-59 беттер) – тұрғыдағы ойын білдіріпті.

Сонымен, қостілділік дегеніміз – ұлтты іштей ірітіп, үлгішілік жіктеулер туғызатын, сөйтіп, мұның аяғы ұлттық алауыздықтарға апарып, ұлтты құрдымға кетіретін, ұлт әлсіреген кездегі ұлттық тілдің жойыла бастауын байқататын жол, адамдардың суға кетіп бара жатқан ұлт тілінен оны осындай жағдайға душар еткен екінші бір тілге ауысардағы, ұлтсыздандардағы аралық сатысы. Қостілділіктің адамдардың күнделікті тіршілігінде пайдалы жағы көп болғанымен де түптің түбінде ұлттың тамырына балта шабар аса қауіпті құбылыс екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қостілділік екі тілдің теңдігі жайында жүрсе ғана екі тілдің де қатар дамып, байи түсуіне игі әсерін тигізе алады.

Қос тілің айналайын екен; енді бұған үш тұғырлы тіл мәселесі қосылды. Орыс тілінің өктемдігінен құтыла алмай жатқанда, аренаға әлемдік ауқымда жүріп жатқан жандандудың негізгі қозғаушы күші ағылшын тілі шықты. Білім-ғылымның, халықаралық қатынастардың негізгі тіліне айналып, әлем халықтарының жартысына жуығы қолдана бастаған ағылшын тілінің қарқыны тіпті қатты. «Берсе қолынан, бермесе жолынан» дегендей, ағылшын тілі төрден орын алуда. Қазақстанда да «үш тұғырлы тіл» саясаты жүргізілуде.

Үш тұғырлы тіл туралы да «Ал біз шындықты еш қашан айналып өте алмаймыз. Сондықтан да «үш тұғырлы тіл» дегенді неше жерден жек көруден еш пайда жоқ. Технология жетіліп, еліміз алға дамыған сайын оған мойынсұнбай тұра алмаймыз. Себебі ағылшын тіліне деген қажеттілік пен сұраныс әрдайым арта түсетіндіктен, басқа амалымыз да жоқ. Яғни ағылшын, орыс тілдерімен қатар ана тіліміз де елдегі барша жұртқа ортақ міндет етіліп, жаппай игерілісін дегенді «үш тұғырлы тіл» саясатының өзі меңзеп тұр ғой.

Демек, үш тілді де меңгеру талап етілетіндіктен, қазақша білмейтіндер ана тілімізді игеруге мәжбүр болады деген сөз» (Қ. Шамақай. Үш тұғырлы тілге қарсы шыққаннан пайда жоқ... «Абай.кз» порталы);

«Жалпы, үш тұғырлы тіл идеясы ешқандай ғылымға негізделмеген, педагогикалық өлшемдерге мүлде сыйыспайтын бастама. Оның үстіне үш тұғырлы тіл деген атауы да ақылға қонбайды. Байыбына барсақ, бірінші тұғырда тұратын тек мемлекеттік тіл болуы керек еді. Ал өзге тілдерді онымен бір сапқа қою – Конституцияға қайшы» (А. Осман. Тіл тәуелсіздігі – ел болашағы. Алматы. 2011, 316-бет) – деген сияқты түрліше пікірлер де айтылып жатыр.

«Бұл (үштілділік) – қазақ ұлтының қамын ойлағандықтан ойлап табылған ақыл емес, бұл – қазақты ұлттығынан айыру, ұлт емес, дүбіра бір нәрсеге – әйтеуір қарны тоқ, киімі бүтін болғанына мәз бір тіршілік иесіне айналдыру үшін әлдекімдер, не өздері, не шетел мәдениеттанушылары деп аталатын қаскөйлердің тапсырмасымен ойлап табылған қаскөйлік. Өйткені, көзін ашқаннан ағылшынша, орысша араластырып сөйлейтін байғұс сәби ертең өз ұлтының азаматы болайын десе де бола алмайды. Ал ең әуелі өз ұлтының азаматы бола алмаған адамның ешқашан кейбір орыстілділер айтатын «планетарный», «общечеловеческий масштабтағы» адам болуы мүмкін емес» (М. Кенжебай. Ұлтшылдықты орыстан үйрен. Сөйтіп құлмінезден арыл, қазағым! «Қазақстан-Заман», 21.08.2014).

Тағы да айтарымыз, ағылшын тіліне ешкімнің қарсылығы жоқ. Бар бәле осы «үш тұғырлы» тіл саясатын

жүзеге асырудың жолдарында болып отыр. Тіпті «үш тұғырлы» тілге Елбасының берген «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі. Негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» – деп, қадап айтқан түсініктемесі де ескерілмейтін болды.

Азамат ретінде әлі қалыптаса қоймаған жастарға жарқ-жұрқ еткен түрлі тәсілдермен әсер ету оңай. Сондықтан да қазіргі Батыс түпкі мақсаттарына жету үшін барлық күшті жастарды өздеріне қаратуға салып жатыр. Ағылшын тілінде жүріп жатқан жаһандандудың негізгі ақпараттық бағыты жастардың сана-сезіміне әсер етіп, олардың ұлттық тілінен, ұлттық құндылықтарынан ажыратып, дүниетанымын өзгерту арқылы ұлтсыздандыруға бар күшін салуда. Сол себепті де бүгінгі таңда еліміздің ертеңі саналатын жастар тәрбиесі шешуші мәселенің бірі болып отыр. Біз бүгінгі жас ұрпағымызды заманға лайықты ұлттық рух бағытында тәрбиелей алсақ, ертеңіміз жарқын; тәрбиелей алмасақ, күніміз – қараң. Бүгінгі күннің ащы шындығы – осылай.

Сондықтан да біздіңше, балаға шет тілін бала бақша түгілі бастауыш сыныптарда да оқытуға болмайды. Өйткені, А. Байтұрсынов ескерткендей, «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тіссе, әрине ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілеспек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз».

Кеңестік кезеңдегі және одан кейінгі дәуірдегі тіл саясатын зерттеген В. М. Алпатовтың анықтауынша, жас баланың сөйлеу тілі, сол арқылы ойлау жүйесі ата-бабалардан келе жатқан тұқым қуалаушылық арқылы ана сүтінің уызы-

мен қалыптасады («Как показывает современные исследователи, лишь при использовании материнского языка человек использует оба полушария головного мозга, не дублирующие, а дополняющие друг друга. Если же язык осваивается после 5-7 лет, то речь и восприятие речи на нем осуществляется одним левым полушарием, в результате чего языковая компетенция неизбежно неполна». В. М. Алпатов. 150 языков и политика: 1917-2000. Москва, 2000, 11-12 беттер).

Осы мәселе хақында Ресейдің Иркутск қаласында тұратын қандасымыз Алтай Байқал төмендегіше ойын интернетке шығарыпты: «Сөздер дегеніміз материалданған ойлардың атаулары болғандықтан, кез-келген адам сәбилік жас шағынан қандай тілде сөйлей бастаса – сол тілде ғана ойлай бастайды. Яғни, жас баланың жаңа қалыптаса бастаған ақылы сыртқы ойларды (нәрселер мен құбылыстардың мазмұн-мағынасын) өзін туғызған қоғамдық ортамен (отбасының, ұжымның) қарым-қатынас жасап, сөйлескен негізгі тілінде ғана қабылдайды. Осы негізгі қатынас тілі қандай ұлтқа тән болса, сол ұлттың тілі сол баланың ана тіліне айналады. Сондықтан да, өгейтілділігі үшін жас ұрпақтың өзі емес, олардың ата-аналары мен өмір сүрген ортасы кінәлі де күнәлі болмақ. Осы себептен де, ұлттық тілдің проблемасы өгейтілділерге қарсы күрес жүргізумен емес, керісінше, сол өгейтілділікті тудыратын объективті жағдайларды біртіндеп жоюмен шешілуі керек».

Жалпы адамның ойлау қабілеті сол ұлттың тілі арқылы ғана алғашқы мүшелде, яғни 13 жасқа дейін қалыптасады. Жас баланың бойындағы ген арқылы тұқым қуалап келе жатқан ойлау жүйесін сол негізде ана тілі арқылы ары қарай жалғастырса, ол баланың ойлау қабілеті тез жетіледі. Ал енді ойлау жүйесі әлі қалыптаса қоймаған жас балаға өзінің бойында бар ген арқылы келе жатқан ойлау жүйесіне сәйкес келмейтін тілді оқытса, ол баланың бұрыннан тұқымында келе жатқан ойлау жүйесі бұзылып, жаңа тілге негізделген жаңа ойлау жүйесі пайда бола бастайды. Сондықтан да А. Байтұрсыновтың «Бала ең алдымен, өз ана

тілінде ойлауы, сөйлеуі, білім алуы шарт», «әр бала өзінің ана тілінде 4 сыныпқа дейін оқуы керек содан кейін барып, басқа тілдерді оқуына болады» екендігін қадап тұрып айттып кеткенін барлық уақытта да естен шығармаған абзал.

«Әрбір азамат мұншама тіл білуі керек» деген тілге қатысты ешқандай халықаралық стандарт жоқ. Сондықтан да қалайда шет тілін, көп тіл білуді міндет қылмай, қажеттілігіне қарай үйренген жөн. Өйткені біздің басты мақсатымыз әлемнің кез келген елінде қызмет істей алатын әлемдік ауқымдағы азаматтарды дайындау емес, керісінше, еліміздің ертеңіне адал еңбек ететін жан-жақты білімді, парасатты ұлттық мамандар дайындау екендігін естен шығармайық.

Ал енді екі тіл қатар оқытылғанда, екі тілде қатар сөйлегенде, екі тілдегі ойлау жүйесі де қатар жұмыс істеп, бір-біріне кедергі жасайды. Қазақша сөйлеп тұрған адамның кей кездерде орыс тілін араластырып жіберетіндігі – осы екі тілдік ойлау жүйесінің қатар келіп, бір-біріне кедергі келтіретіндігінің нақты көрінісі. Екі тілдік ойлау жүйесі жұмыс барысында бір біріне кедергі келтіріп, нәтижесінде адамның ойлау қабілетінің дамуына айтарлықтай нұқсан келтіретіндігін ғалымдар айтып жүр.

Тілдің әлеуметтік мәселелерін зерттеумен айналысып жүрген профессор Б. Хасанов ана тілі негізіндегі үш тілділік проргесшіл құбылыс, ал ана тілінің емес, басқа тілдің үстінде пайда болған үштілділік, бұл түптің түбінде ана тілінен алыстатып, жаттандыруға алып баратын регресшіл, уақытынша құбылыс деп біледі. Өз тілінің базасындағы емес қостілділікті, үштілділікті біртілділікке алып барар жол санайды (Хасанулы Б. Языки народов Казахстана: от молчания к стратегии развития (социопсихологические аспекты). Алматы, 2007, 356-357 беттер).

Профессор З. Ахметжанова да балаға басқа тілдерді оқытуды оның ұлттық болмыстың негізгі белгілері қалыптасқаннан кейін барып, бастағанды жөн көреді. Ғалымның айтуынша, билингвизм баланың жас кезіндегі интеллектуалдық дамуын жылдамдатқанымен де өсе келе оның ой-

лау қабілетінің дамуына кері әсерін тигізеді. Сондықтан да қазір Қазақстанда барынша насихатталып жатқан үштілділікті, яғни балабақшадан, 1, 2 сыныптардан басталып ағылшын тілінің үшінші тіл ретінде оқытылып жатуын қауіпті құбылыс деп, бағалаған (З. Ахметжанова. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. Алматы, 2012, 446-бет).

Сонымен, бүгінгі күндері Қазақстанның білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан «қостілділік», «үш тұғырлы тіл» дегендеріміз – байқамаса, яғни ғылыми негізде жүргізбесе, тікелей ұлттық тілдің жойылуына, оның артында тұрған ұлтсыздыққа, ұлттың жойылуына алып баратын тура жол. Қазіргі күнгі «қазақтың жауы – ұлтсыздық. Бүгінде басымызда тұрған бар кесел, ертеңгі тұман мен күмән – түп-түгел осы ұлтсыздық дертінің зардабы... Тілі ұмытылған, діні мен ділі тәрік етілген, ата-бабасының аруағынан айрылған қауым көп ұзамай-ақ өз тұрғысына берік, қуатты, жігерлі басқа бір ұлт тарапынан ығыстырылып, жер бетінен мүлде аласталары, атын, затын өзгертіп, құл-құтан болып жүрсе де, кейінгі қожайынға бөгесін ретінде бір жола жойылуға тиістігі күмәнсіз. Арғы-бергі тарихта ешбір сатқын опа тапқан емес. Біздің соңымыздан кетеді және абыройсыз, қорлықта өледі. Бірақ бұл – алданыш емес, өшіп кеткен елді қайта тірілтпейді» (М. Мағауин. Ұлтсыздану ұраны. «Жұлдыз», 2004, №7, 114, 169-беттер).

Тіл – халықтың жаны. Сондықтан да тілдегі сырқаулар – ұлттың, халықтың жанындағы сырқаулар. Ауру асқынса, тірі жан өледі. Ұлт та сол сияқты; тілінің сырқаулары асқынып, біртіндеп құри бастаса, ұлт та біртіндеп әлсіреп, күндердің күнінде өмірмен қош айтысып, жоғалады. Бүгінгі қазақ қоғамындағы қостілділіктің, ана тілін білмей, тәрк етудің, ұлттық болмысын жоғалтып, басқа мәдениеттерге өтіп кетуінің салдарынан туындап отырған «мәңгүрттік» пен «көзқамандық» осы бір ұлт үшін аса қауіпті жағдайдың басталып кеткенінен хабар беріп жатқандай. Сондықтан да ана сүті бойына сіңбеген, бесік жыры әлдиі-

мен бойына нәр құймаған, ұлттық мәдениеттен тыс қалып, рухани ауруға ұшырағандардың көбеюі екінші жағынан ұлттың да рухани жағынан азғындау бағытында екендігін байқатса керек.

Әлемнің көптеген елдерінде, атап айтқанда Түркияда, Жапонияда шет тілі оқушылардың ойлау жүйесі бастауыш сыныптарда ана тілі негізінде қалыптасқаннан кейін барып, 13 жасынан бастап оқытылады. Мұның өзі адамның биологиялық, физиологиялық, әлеуметтік ерекшеліктерінен барып туындаған, әлемдік білім беру саласында өзін тәжірибеде ақтаған бірден бір дұрыс жол екендігін өмір көрсетіп отыр.

Шет тілін орталау сыныптардан бастап оқытудың тиімділігін Қазақстанда жұмыс жасап жатқан қазақ-түрік лицейлерінің іс-тәжірибесі анық байқатады. Бұларда ағылшынды 6-шы сыныптан бастап оқытудың нәтижесінде оқушылардың тілді меңгеруі тамаша жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Мұның барлығы да оқыту процесін ғылымның жетістіктеріне сүйеніп, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарына орай ұйымдастырғанда ғана мүмкін.

Қазіргі тіл саясатының кейбір мәселелері

Кез келген тілдің тағдыры сол тіл өмір сүріп отырған қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайға, жүргізіліп отырған саясаттың барысында тілдің қолданылу аясына тікелей байланысты. Қоғам қолайлы жағдай туғызса, тіл дамиды; керісінше болса, құлдырайды.

Енді бүгінгі қазақ тілінің хал-ахуалына көз салайық. Қазіргі Қазақстандағы қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қоғамдық өмірдің барлық саласында өзіне міндеттелген қызметін толық атқарып отыр деп, айта алмаймыз. Мұндай жағдай тілдің әлсіздігінен емес, саяси биліктің халықтан, ұлттық мүддеден қашықтап кеткендігінен, тіпті ұлтқа, халыққа қызмет ету міндетін сезініп, жүзеге асыруға келгенде, оны парыз ретінде сезінбеуден, сезінгенде де қауқарсыздығынан туындап отыр.

Соның салдарынан бүгінгі таңдағы қазақ қауымының ұлттық руханият аясында тұрмыс-тіршілік жасауына, ұлттық мақсаттарын, арман-аңсарларын жүзеге асыруға келгенде, көптеген қиындықтар туындап, халқымыздың ұлттық болашағына айтарлықтай қауіп төнуде. Тілі өрге шыға алмай, рухы жығылып, осындай күйге ұшыраған қазақ халқы өзінің ата-баба мекенінде, өз елінде өгейлік күйге түсіп, сырттан келген келімсектерге жем болып, жерінен, ұлттық байлықтарынан, рухани құндылықтарынан айрыла бастады. Тәуелсіздік алғанымызға ширек ғасыр уақыт болғанымен де қазақ өзін күні бүгінге дейін толыққанды ұлт ретінде сезіне алмай келеді.

«Бүгінгі күні қазақ халқының басына екі қауіп төніп тұр. Бірінші, Еуразия одағына кіру арқылы мемлекеттің тәуелсіздігін жоғалту болса, екінші қазақ халқы ассимиляциялануға ұшырап, ұлттық болмысынан айрылу... Бірақ та шыдамның да шегі бар дегендей, жағдай осы қалыпта жалғаса берсе, болашақта қазақ жастары ана тілінен, ата салтынан мақұрым болып, Батыстың өмір салтына еліктеп, түгелге жуық орыстанып, мәңгүрттеніп кетеді. Бұған бүгіннен бастап, тосқауыл қоймаса, ертең қазақ халқы әлеуметтік рухани жағынан екі топқа бөлініп, өзінің ұлттық қасиетін жоғалтып, толықтай ассимиляцияға ұшырауы мүмкін... Ассимиляцияға ұшыраған халықтың тәуелсіздік үшін күреспейтінін Қазақстан мен Беларусь халықтарының бүгінгі самарқау тіршілігінен көруге болады» (Е. Мұханғалиев. Қазаққа ұлттық идеология неге қажет? «Дат», 16,01.2014).

Әрине, бұлай болмауы тиіс. Десек те, өкінішке орай, осындай келеңсіз құбылыстардың бүгінгі қазақтың басына төне бастағандығы өмір шындығына айналып отыр. Қазақстанда орыстану үдерісі әлі тоқтамай жатыр. Аты, тегі, түрі қазақ, бірақ тілі, діні, ділі, дүниетанымы, іс-әрекеті мүлдем басқаша, аты қазақ, заты басқа мәңгүрттер, көзқамандар, шала қазақтар бүгінгі қазақ өмірінің шындығына айналуда. Ал басқа елдерде тұрып жатқан қа-

зақтардың ассимиляциялануы күшейе түсуде. Бұлар туралы ресми мәліметтер жоқтың қасы. Дегенмен де құрдымға кетіп бара жатқанның жан ұшырып шыңғырған дауысындай, оқта-текте болса да кейбір деректер жарыққа шығып жатады. Мысалы, «...қытай қазағының 2-3 пайызы қытайға айналды» (Елімізге үдере көшіп барайық. «Жас алаш», 21.01.2014). Қазіргі қазақтың басына осындай қара бұлттың төніп тұрғанын айта отырып, аяғы саяси-әлеуметтік апаттарға алып барып соқтыруы мүмкін екендіктен де мұндай жағдайларға жол беруге болмайды.

Әдетте, тіл мәселесін саясатқа араластыруға болмайды дегенді жиі естиміз. Біздіңше, тіл – саясаттың көкесі. Тіл мәселесі – ұлттың, халықтың, сол ұлт пен халық өзін-өзі қорғау, сақтау мақсатымен құрған мемлекеттің ең бірінші шешетін, барлық уақытта назарда ұстап отыратын орталық мәселесі. Өйткені, тіл дегеніміз, тек адамдардың арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық болмыстың негізі, халықтың ұлттық болмысын ашатын бірден бір кілт; сонымен бірге ол ұлттық идеологияның негізін құраған, қоғамды саяси, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан басқарудың бірден-бір қуатты құралы да. Тіл мәселесі оң шешілген елдің ішкі бірлігі, қоғамдық өмірдің түрлі салаларында жүргізіп жатқан саясаты да дұрыс бағытта болып, халықтың жағдайы жақсарып, мемлекеті де күшейе түсетін болады.

Тіл дегеніміз – тек (ген), ұлттың кілті (код). Ұлт болу үшін оның шыққан тегі, сөйлейтін тілі, сол тілде жасалынған мәдениеті, рухани құндылықтары, өмір сүру салты бір болуы керек. Ұлттық болмыстың негізі оның гендік, тілдік, рухани жақтарынан бірлігінде жатыр.

Тіл – адамзат баласының ғасырлар бойғы дамуы барысында өмір туралы білім-түйгендерін, ұлттық идеяларды адамның бойына құятын тамырлар, сақтайтын рухани қазына қоймасы. Тілін білмеген ұлтын сезіне алмайды, сондықтан да оның қадір-қасиетін шынайы түсініп, ұлтының рухани аясында өмір сүре алмай, өгейлік күй кешеді.

«Сондықтан да тіл – ұлттың бары, ұлттық идеяның басты негізі. Тілсіз ұлт болмайды. Тілін жоғалтқандар – өз қағынан жерннген маргиналдар» (А. Әлімұлы. Ұлт боламын десең, «руынмен у ішпе, қазақ!» «Ақиқай», 2014, №11).

Кезінде А. Байтұрсынов қазақ мектебінде оқып, ұлттық тәрбие алмаған баланың кейін ұлттына қызмет етпейтінін, сондықтан да балаларды қазақша оқыту қажеттігін ескерткен болатын. Осы ойды Жүсіпбек те қайталады: «Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды» (Жүсіпбек Аймауытұлы. Ұлтты сүю. «Жас алаш», 06.03.2001). Кезінде Мұстафа Шоқай да тәрбие мәселесіне аса мән беріпті: «Батыс тәрбиесін алған зиялыларымыздың аянышты жері – рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы еді. Батыс тәрбиесі көптеген туыстарымызды халқымыздың жан-дүнісіне сіңген, ұлттық тарихымыздың өн бойында жатқан шығыс зердесінен айырды. Олар, яғни, Батыс тәрбиесін алған туыстарымыз басқа жақтан жинаған білімдерін өз халқының өмірімен «шығыс зердесімен» бірлестіре алмады». Алаш ардагерлерінің ертенгі күннің қамымен болашақ ұрпақтарға өсиет ретінде айтылған осы бір сөздерінің шындығын бүгінгі қазақтың рухани өмірі айнақатесіз көрсетіп отыр.

Белгілі қазақ жазушысы Б. Нұржекеұлы «Мәселен, сен балаңды орыс мектебіне бердің бе, онда оны орыс деп есептей бер... Ал ағылшынша оқыса... Оның ойында бірінші ағылшын тілі тұрады... Сондықтан да өз ана тілімізді бірінші кезекке қоймасақ, ұтыларымыз көп. Халықтық бірлік тілден шығады. Біз қай күні жарылары белгісіз бомбаның үстінде отырған халық сияқтымыз» (Б. Нұржекеұлы. Әдебиетте мәдениет қалай барады. «Евразия.кз» порталы, 04.02.2005) – деп, қазір білім беру, тіл саласында қалыптасып отырған жағдайға аландаушылығын жасырмайды.

Қазақстанды басқарып отырған мемлекеттік қызметкерлердің 96 пайызы орыс тілді, қазақ тілін білмейді. «Мемлекет басында қазақтың небір сұлу жігіттері отыр. Бір ауыз қазақшаны зорға айтады. Ана тілін білмеудің маскара екенін

түсінбейді ғой сол мұндарлар» (Р. Бердібай). «...Үкімет патша заманындағыдай бұратана тайпаны сырттан басқаруға келген сияқты тек негізінен бір тілде сөйлейді. Және тіл білмегенді білместікке санамайды, ұялмайды. Үкімет отырыстары, министрліктердің коллегиялары, басқа жиналыстар бір тілде өтеді. Ілеспе аударма мәселесі министрліктерде жалпы шешілмеген. Үкіметте де. Ал енді елінің тілін, тарихын, ділін, дәстүрін терең меңгермеген Үкіметтің патриотизмі де жоғары болмайды» (А. Айталы).

Қазір елімізде облыс әкімдерінің халық алдында есеп беруі дәстүрге айналды. Сондай шараның бірі ретінде жуырда Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтанов Астанада жұртшылықпен дидарласқан. Бір ғана басқа ұлттың өкілі болуы мүмкін, қалғаны түгелдей қазақтар қатысқан жиында қырық минутқа созылған баяндамасын әкім негізінен орысша жасаған. Қазақша қойылған сұрақтарға да орыс тілінде жауаптар берілген. Осы жиынға қатысқан Ұлтжан Нығайтаров күйіне отырып, мынадай жолдар жазыпты: «Құрметті біздің мемлекеттік жоғары дәрежелі шенеуніктер, сіздер кімге жұмыс істейсіздер, кімге есеп беріп тұрсыздар, көрші Ресейдің басшысы Путинге ме, біздің мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа ма?

Шетел мемлекетінің иегері орыс халқына ма, өзіңіздің туған халқыңыз қазақ халқына ма? Кімге?

Бұның жауабы біреу-ақ.

Қай елдің мемлекеттік тілінде сөйлейсіздер және жұмыс істейсіздер – сол елге!

Баяндамаларыңды Назарбаевқа емес, Путинге беріп тұрсыздар!

Қытайша сайрасаңыз – Си Дзинпинге!

Французша сөйлесеңіз, мына дәл бізде қонақта жүрген – Франсуа Оландқа!

Орысша ресми есебіңізді айтсаңыз, еш күмән жоқ Владимир Путинге...

Украиндар да біраз біздің жолымызбен жүріп, енді қатты опық жеп отыр. Есің барда еліңді тап дегенді қашан түсінеді қазақтың министрі мен әкімі?

Қашан олар Путинге емес, Назарбаевқа жұмыс істей бастайды?

Қашан?» (Ұ. Нығайтаров. СҚО әкімі Сұлтанов Назарбаевқа емес... Путинге есеп бердіме? «Қазақ үні», 08.12.2014).

Өз ана тілін білмейтін, орысша сөйлейтін үкіметтің мемлекеттік тіл туралы заңды жүзеге асырады деудің өзі – күмәнді. Керек десеңіз, мұны заң бұзушылық, ұлтқа, халыққа, мемлекетке қарсы жасалынып жатқан әрекет деп, бағалауға да болады. Ұлттық, халықтық саясатты жүргізуі тиіс Қазақстанның қазіргі орыс тілді билігі қойды қасқырға бақтырғандай жағдайды елестетеді. Бірақ ащы шындық – осылай.

Өмірді орыстың көзімен көріп таныған, білімін орыстың дүниетанымымен орыс мектебінде жетілдірген, орысқа қызмет ететін орыстың рухымен суғарылған мәңгүрт пе, көзқаман ба, әйтеуір бір аты қазақ та, заты басқаның қазақ ұлтының мүддесіне, қазақ рухына, оның тілінің өсіп-өркендеуіне үлес қосады дегенге сену қиын. Қоспаса қоспай-ақ қойсын десек те олар жүрген жерінің бәрін де былғай береді екен. Қазақ қауымының ұлттық негізі от басынан бастау алатын болса, енді жат жұрттың тәрбиесін алғандар осы киелі шаңырағымызды бүлдіре бастады. Ұстаз, ақын Үмбетбай Уайдиннің «Кейде, оңашада, дастархан басында өткен-кеткенді айтып, ана тілінде сыр шертіп, сезімнің бөлісейін десең, үйде бөтен біреулер отырған сияқты. Бөтен біреулер деп, жатырқап отырғаным – өзімнің балаларым» («Қазақ әдебиеті», 1989, №12) – деп, айтуға ауыз бармайтын ауыр шындықты ашына жазыпты. Өзегін жарып шыққан өз баласынан жақын бар ма, адам баласына! Өзге тілде тәрбиеленудің арқасында өз баласының «бөтен біреу» болуынан өткен қазақта қандай сорақылық бар?

Өйткені, «Шетел тілдерін меңгеру барысында тағы бір стихиялы түрде орын алатын құбылыс, бұл – үйренушінің сол тілде сөйлейтін халықтың менталитетін қабылдауы. Тілдің отаны оқулықтарын өздері жасап беріп отырған жағдайда бұл тіптен мән бермей қалдыруға болмайтын

маңызға ие болады. Мәселен, тек жеке басы үшін өмір сүру принципі, дінсіздік, біздің діни ұстанымдарымызға мүлдем кереғар келетін жағдаяттар мәгіндер мен жаттығулар барысында ұдайы дәріптеліп, үйренушінің жадына егіліп отырады. Менталитет оқулықтарда ғана насихатталмайды; тіл ұстарту үшін үйренушінің тапжылмай отырып көретін фильмі арқылы да, басқа да қарым-қатынастың әртүрлі деңгейлерінде еліктеушілердің санасына еріксіз еніп кетіп жатады. Кей жағдайларда дамыған жоғары мәдениеттің үлгісі ретінде танылып, қабылданады» (Н. Рсалиева. Қазақстандағы үш тұғырлы тіл идеологиясының позитивті және негативті тұстары. «Түркітану мен қазақ филологиясының дамуы: ғылыми мұра және ғалым феномені». Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2014, 325-бет).

Қазір орысша тәрбиеленген осы «шаталар» қазақтың ұлттық мүддесіне ашық қарсы шығып, «іштен шыққан жау жаманның» керін келтіріп отыр. Оларда халыққа қызмет ету деген ұғым-түсінік, отаншылдық, патриоттық сезімдер жоқтың қасы; бар арманы – бар мүмкіндікті пайдаланып, ұлттың, халықтың, мемлекеттің есебінен қалтасын толтыру. Міне, осындай жағдайда билік маңында мемлекеттік қызметте жүрген отаншылдық сезімнен жұрдай қазақтардың тікелей қатысуымен Қазақстанның ұлттық байлығы талан-таражға түсіп жатыр. «Ай дейтін ажа, қой дейтін қожа» жоқ заманда бұлар биік лауазымын пайдаланып, миллионерлерге, алды әлемдік масштабтағы миллиардерге айналып, заңсыз иеленген байлығын халықтан сақтау мақсатымен шетел асып жатыр. Қалтасын параға толтырғандардың арқасында ұлттық байлықтың 80 пайыздан астамы Машкевич, Митгал, Ким, Ибрагимов, Шодиев секілді шетелдік алпауыттарға сатылып кеткен.

Ғылымда латынның өзін-өзі сақтап, өмір сүре білу қабілеті, өміршеңдігі деген ұғымды білдіретін **витаальдық** деген термин бар. Тілдің өміршеңдігі негізінен, сол тіл иелерінің ұлттық сана-сезімі, сөйлеушілердің саны, қо-

ғамдық өмірдің барлық салаларында қолданылуы сияқты көптеген факторларға байланысты. Қазіргі Қазақстандағы тілдердің жай-күйін жан-жақты зерттеген Э. Сүлейменова тіл өміршеңдігін айқындайтын негізгі бес түрлі факторды атап көрсетеді (Сулейменова Э. Д., Смагулова Ж. С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. Алматы, 2005, 62-63 беттер; Э. Д. Сулейменова, Н. Ж. Шаймерденова, Д. Х. Аканова. Языки народов Казахстана. Социолингвистический справочник. Алматы, 2008, 38-39 беттер). Олар:

1. **Әлеуметтік-саяси көрсеткіштер.** Бұған елдегі тілдердің орны заң жүзінде анықталып, олардың дамуына жан-жақты жағдайлар жасалуы жатады. Қазақстанда «Тілдер туралы» заң жұмыс істейді. Бұл заң бойынша, қазақ тіліне мемлекеттік, орыс тіліне ресми, ұлтаралық қарым-қатынас тілі мәртебесі беріліп, басқа тілдердің өмір сүру құқықтары заңмен қорғалған.

Осы заңның орындалуы қандай дәрежеде дегенге келетін болсақ, республикадағы тілдік қатынастар заңдық тұрғыдан реттеліп, тіларалық түсінбестіктердің алдын алуда бірсыпыра жетістіктерге жетті. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне орай қоғамымызда атқаратын қызметін жандандыру мақсатында қыруар шаралар жүзеге асырылды. Десек те, Қазақстанның мемлекеттік тілі саналатын қазақ тілі өзіне жүктелген міндеттерді түрлі объективтік, субъективтік жағдайларға байланысты өз дәрежесінде орындай алмай келе жатыр (Ол жайында төменде кеңірек әңгімелейтін боламыз).

2. **Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер.** Тілдің толыққанды өмір сүруіне сол тілде сөйлейтіндердің саны, оның ішіндегі ана тілі санайтындардың және қос тілділердің, атап айтқанда, қазақ-орыс, орыс-қазақ тілділердің ара қатынасы, басқа ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруге ұмтылысы тікелей әсер етеді.

Кеңес өкіметі кездерінде өз жерінде азшылыққа ұшыраған қазақ халқы бір жағынан, демографиялық өсу, екінші жағынан, шеттен оралған отандастарымыздың арқасында

енді ғана республика тұрғындарының үштен екісіне жетті. Қазіргі таңда қазақтардың табиғи жолмен өсуі саябырси түсуде; шет елдердегі қандастарымызды елге оралтумен айналысатын «Нұрлы көш» бағдарламасы тоқтады десе де болғандай. Қазақтардың 70 пайыздайы ғана ана тілін меңгерген; қалғандары – «шала қазақтар» мен «көзқамандар». Қазақтардың үштен екідейі (74,8%) қостілді де, орыстардың 15 пайыздайы (14,9%) ғана қазақ тілін меңгерген. Қазақ тілінің өзіне жүктелген мемлекеттік тіл функциясын толыққанды атқаруы үшін бұл процесс керісінше, яғни қостілділік қазақ-орыс бағытында жүруі тиіс.

3. Өзіндік лингвистикалық көрсеткіштеріне тілдің қалыптасу, даму параметрлері, өзекті мәселелерінің ғылыми тұрғыдан шешімін тауып жатуы, салалық терминологияның болуы, сөздік қорының дамуы жатады.

Сөздік қоры жағынан қазақ тілі әлемдегі бай тілдердің қатарында. Негізінен, қазақ тіл білімі қалыптасқан. Ұлттық қазақ терминологиясы даму үстінде. 90 мың сөз, 50 мың сөз тіркесі енген 15 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігі жарық көрген. Соған қарамастан, жаһанданудың кең өріс алып, «тілдік агрессиялардың» күшейе түсуіне байланысты қазақ тілінің көптеген зәру мәселелері (әліпби, орфография, орфоэпия, емле, терминология, т.б.) күн тәртібіне шығып, өз шешімін күтуде.

4. Әлеуметтік-функциональдық көрсеткіштер. Тілдің қоғам өмірінде өзіне жүктелген аса маңызды қызметтерін атқара білуі – тіл өміршеңдігінің басты белгісі. Тәуелсіздік жылдарында қазақ тілінің қоғам өмірінде жетекші қызметтер атқаруы бағытында елеулі табыстарға жетті. Осылай десек те ол өзіне жүктелген мемлекеттік тіл мәртебесіне лайықты қызметін қалыпты атқарып келеді деп айта алмаймыз.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде ең ақсап жатқан жері – осы тұс. Қазақ тілінің еліміздің саяси билігінен бастап, қоғамдық өмірдің аса маңызды білім, ғылым, бұқаралық ақпарат құралдары, экономика, халықаралық қа-

тынастар, сот, т.б. салаларда қолданылуы мүлдем сын көтермейді десе де боларлық. Мемлекеттік тілдің міндетіне жататын осы функциялардың барлығын дерлік ресмилік мәртебесі бар орыс тілі атқаруда.

5. **Ұлттық-мәдени көрсеткіштерді** ұлттық кәсіптің, ұлттық өнердің, атап айтқанда, театрдың, киноның, ұлттық спорт, ойын түрлерінің дамуы, ана тілінде көркем, ғылыми, іскерлік, оқулық, оқу құралдары, діни әдебиеттерінің шығып тұру деңгейі анықтайды. Тәуелсіздік жылдарында қазақтың ұлттық өнері, спорт түрлері біршама жанданып, дәстүрлі даму жолына түсті.

Бұл саланың да ақсап жатқан жақтары баршылық. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнері әлі күнге дейін басын көтере алмай жатыр; қазақ театры мен киносы өткен ғасырдың екінші жартысында шыққан биігінен төмендеп кетті; ұлттық спорт, ойын түрлері енді-енді ғана жандана бастағандай; орыс тілі білім мен ғылымдағы көшбасшылығын берер емес; қазақ тіліндегі оқулықтардың сапасы сын көтермейді; Қазақстан түрлі діндерді насихаттайтын әдебиеттердің негізгі таралу аумағына айналды; т.б.

Міне, осы бес түрлі көрсеткіш – әрбір тілдің өміршеңдігін айқындайтын негізгі өлшемдер. Осы өлшемдерді тәуелсіз Қазақстанның қазақ тіліне қатысты қолданғанда, оның мемлекеттік тіл мәртебесі барлығына қарамастан, өміршеңдік қабілеті, яғни виталдық деңгейі әлі күнге дейін төменгі дәрежеде екендігі, әлсіздігі бірден байқалады.

Бұл айтылғандардың барлығы тілдің өзіне, оның қоғам өмірінде атқаратын қызметтеріне қатысты болса, енді осы шараларды тікелей жүзеге асыратын халықтың ұлттық сана-сезімі мен экономикалық жағы тағы бар. Қазіргі таңда қаржылық жағынан қамтамасыз етілмеген кез келген шара жүзеге аспайды. Тілде де солай. Ағылшын тілінің әлемдік тілге айналуының ең басты себебі – оның артында тұрған Батыстың дамыған экономикасының барынша қаржылай көмек көрсетуі. Сонымен бірге қаржыны қанша төккенінмен, оны жүзеге асыруға деген халықтың ынтасы

жетпесе, ұлттық сана-сезімі қалыптаспаған болса, одан да ойдағыдай нәтиже шығуы екіталай.

Ең алдымен, тілдің жағдайы мемлекет жүргізіп отырған саясатқа тікелей байланысты. Әдетте, ұлттық мемлекеттерде мемлекеттік тілдің жағдайы жоғары болады да, қалғандары қысым көріп жатады. Ал Қазақстанда – керісінше. Басқа ұлттардың тілдік жағдайын жасау барысында мемлекеттік тілдің қоғамдағы орны қаға берісте қалып келеді. Ұлттық мемлекет ретінде қазақ халқының мүддесіне қызмет ететін ұлттық саясат жүргізілмей, әр тарапты бағыт ұсталынуы салдарынан ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы мен ұлттық психологияның орнығуы да тұрақтанбай, мемлекеттік тілді дамытуға жұмсалып жатқан қыруар қаржы өзін ақтамай, тиімділік танытпай жатыр.

Тілдік ахуал мәселелері

Қазақстандағы мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілінің жай-күйіне көз жіберсек, әлі күнге дейін толық шешімін таба алмай келе жатқан қыруар жағдайлардың куәсі боламыз. Өңгімені осы тіл мәселесінің бастауы іспеттес отбасылық жағдайдан бастайық.

«Бұлақ басынан тұнады» дейді дана халық. Болашақ қоғам иелерін, жас ұрпақты тәрбиелеу отбасынан басталады. Шаңырақ шайқалмай, отбасында ана тілі асқақтап, тәрбие ұлттық дәстүр бағытында жүріп жатса, ондай халықтың дамуы да тура жолда жүріп жатады.

«Балық басынан шіриді дегендей», біздегі тәрбие, тіл мәселесі отбасынан былығып, жат жұрттық бағыт алуда. Бодандық кезінде басқа тілде, бағытта тәрбиеленіп, білім алған шаңырақ иелерінің балалары да осы жолды ары қарай балабақшада, мектепте жалғастыруда. «Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайтынын» (Жүсіпбек Аймауытов) бүгінгі өмір дәлелдеп отыр. Тәрбие мәселесінің осылайша басқаша бағыт алу жағдайларына қоғамдық дамуымызда басшылыққа алып отырар ұлттық дәстүрлер-

ге негізделген ұлттық идеологияның болмауынан және де жаһанданумен бірге жаңаша сыпатта жүзеге асып жатқан демократиялық өзгерістердің кейбір кері әсерлері болса керек.

Бүгінгі мектептің жай-күйінен ұлттың ертеңін көруге болатындығын, сондықтан да алдымен, мектепті түзеу керектігін бізге өткен ғасыр басында ұлт қамын жеп, ұлы істер атқарып кеткен алашшыл азаматтар айтып кеткен тұғын. Мемлекеттік тұрғыдан атқарылуы тиіс бұл мәселенің де жағдайы көңілді көншіте бермегенімен де ілгерілеушілік бар. Тәуелсіздік алғалы бері елімізде 800-ден аса қазақ мектебі ашылды.

1991-1992-ші оқу жылында республика мектептеріндегі оқудың 28 пайызы орыс тілінде жүрсе, 2004-2005 оқу жылында бұл көрсеткіш 26,1 пайызға дейін төмендеген (О. Б. Алтынбекова. Этнологические процессы в Казахстане. Алматы. 2006, 92-бет). Тағы бір деректер басқаша сөйлейді: «2004-2005 оқу жылында жалпыға бірдей білім беретін мектептерде оқытудың 55,8 пайызы қазақ тілінде оқыды, 40,5 пайызы орыс тілінде, 3,8 пайызы басқа ұлттардың тілдерінде оқытылды» (Утешов С. К., Чинаилова А. М. Этносоциология. Алматы, 2011, 46-бет).

Бүгінгі күні бұл көрсеткіш 65 пайызды құрайды. Бұрынғы кездегілермен салыстырғанда, қазақша оқитын қазақ балаларының үлес саны өсе түскенімен де әлі күнге дейін орыс мектептерін жағалап жүрген қаракөз балалар санының да едәуір екендігі ойлантпай қоймайды:

«Статистикалық дерек бүгінде қазақ балаларының 37 пайызы орыс мектептерінде оқитынын айтуда» (А. Тойшыбайұлы. Тіл бірлігі – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі. «Ислам және өркениет», 11-20.12.2013).

Қазір Қазақстандағы барлығы 7516 мектептің 3843-і қазақша білім беріп, онда барлық оқушылардың 84 пайызы – 1 074 533, оның ішінде 2 500 бала басқа ұлттың балалары оқиды. 259 454 қазақ баласы 2067 орыс тілді мектепте білім алады. Бір деректерде «қазақ балаларының 14 пайызы орыс

мектептерінде оқиды» («Айқын», 14.02.2014) делінсе, оны 30-ға дейін жеткізетіндер де бар.

Ең соңғы дерек төмендегідей: «Қазақ тілінде оқытатын мектептер желісі тәуелсіздік жылдарында үздіксіз өсті: осы мерзімде олардың саны 1051 ұйымға артып, өткен оқу жылында барлық мектептердің 51,6 пайызын құрады. Қазақ тілінде білім алушылар қатары 626,2 мыңға артып отыр, барлық оқушылардың 64,5 пайызын құрады (31,7 пайызы – орыс, 3,8 пайызы өзбек, ұйғыр, тәжік және неміс тілдерінде). Сондай-ақ, ұлты қазақ балалардың 86,7 пайызы және 34 084 басқа ұлт кілдері қазақ тілінде білім беретін мектептерде оқиды» («Айқын», 12.09. 2014).

Осы жерде мектептерге қатысты тағы мына бір деректерді келтіре кетейік. Қазақстанда қазақ мектептерінің саны 2000-жылы – 3545, 2001- жылы – 3648, 2002-жылы – 3632, 2003-жылы – 3636 болса, орыс мектептері осы ретпен 2356, 2321, 2199, 2121 болыпты. Ал осы жылдарда 2008, 1999, 2062, 2069 қазақ орыс аралас мектептер жұмыс істеген.

Осында келтірілген деректерге қарай отырып, 2002-жылдан бастап, қазақ мектептерінің сандық жағынан өсуі тоқтап, керісінше, кейбір жылдарда кеми түскен, ал аралас мектептер ылғи да өсу үстінде көрінген деген сияқты ойлар түюге болады. Осы үрдіс күні бүгінге дейін жалғасуда.

Тағы бір деректерде бүгінгі таңдағы орыс-қазақ мектептерінің саны – 2161. Оларды аралас мектеп дегенімізбен іс жүзінде олардың да заты – орысша («Жас алаш», 29.08.2013). Өйткені олардың басшысынан бастап, орыс тілді болады да, жалпы мектептік істердің, олардың ішінде тәрбие жұмыстары да орыс тілінде жүреді.

Қазір бізде балаларды бөліп оқытудың пайдасынан гөрі зияны басым болып отыр. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде Қазақстан халықтарын біріктіретін қуатты күш болудың орнына аралас мектептерде орыс тілінің тасасында қалып жатыр. «Дәл қазіргі білім жүйесінде оларды бөліп-бөліп оқыту ұлт пен этностарды бір-бірінен қашықтатады» (Е. Айғалиұлы. Ұлтшылдық пен отаншылдық әрбір

Қазақстан азаматында болмаса, ол құрдымға кетеді. «Қазақстан-Заман», 29.05.2014).

«Астана қаласында 91 күндізгі жалпы білім беретін мектептің 77-сі, немесе 84,6 пайызы мемлекеттік, 14-і немесе 15,4 пайызы мемлекеттік емес мектептер. 77 мемлекеттік мектептің 24-і қазақ, 15-і орыс, 37-і аралас, 1 украин мектебі бар. Этникалық құрамы жағынан оқушылар саны: 77,9 пайыз қазақтар, орыстар 12,9 пайыз, украиндар 1,5 пайыз, немістер 1,2 пайыз, татарлар 1,1 пайыз, кәрістер 0,9 пайыз үлесте екен.

Жазушы Герольд Бельгер мынадай деректер келтіреді: «Алматыдағы кіші ассамблеяның дерегі бойынша, оңтүстік астанамызда мемлекеттік жалпы білімдік 171 мектеп бар екен. Оларда 182 576 оқушы оқиды. Ал, сол 171 мектептің 33-інде оққу қазақ тілінде жүреді екен. 72 мектепте сабақ орысша, 57-інде орысша-қазақша аралас, 3-інде ұйғырша, 2-інде орысша-ұйғырша, 1-інде орысша-қазақша-ұйғырша аралас оқылатын болып шықты.

«Аралас» дегенге менің о бастан күмәнім бар. «Аралас» болған жерде орыс тілінің басым екендігі өзінен-өзі түсінікті. Ол тұрмақ «таза» қазақ мектептерінде де оқушылар көбінесе орысша шүлдірлейді» (Геольд Бельгер. Тіл туралы тезистер. «Ақиқат», 2014, №10, 69-бет).

«Шынында да аралас мектептің пайда болу жолы бүкіл әлемдік отаршылдық саясаттың шығуы мен дамуы жолында туындаған саяси идеологиялық қоғамдық құбылыс... Аралас мектеп бұлақтың басында тұрып алып, су ағысын басынан бастап лайлап, ботана суға айналдыруда. Су басында тұрып, мемлекеттік тілді лайландырып жатқан аралас балабақшалар мен қаптаған аралас мектептерді ажыратпайынша, яғни бұлақ басынан тұнбаған соң, мемлекеттік тілдің орнығуы мен басымдық етуінің аулы алыс екенін ойланатын және шешуші әрекететуге кірісетін күн туды» (М. Мырзахметов. Аралас мектеп: бағымыз ба, сорымыз ба? «Қазақ үні», 08.12.2014)-екендігіне күні бүгінге дейін мән бермей келе жатқандығымыз өкінішті-ақ.

Алматы қаласы бойынша, 2012-2013 оқу жылында мемлекеттік жалпы білім беретін 185 мектепте 160 мың, 40 мемлекеттік емес мектепте 8590 оқушы білім алды. Оның ішінде қазақ тілінде 59 мектеп, орыс тілінде 62 мектеп, ұйғыр тілінде 3 мектеп, 56 аралас орыс-қазақ, орыс-неміс, 2 орыс-ұйғыр, 1 қазақ-орыс-ұйғыр мектебі жұмыс істейді» (Мемлекеттік тілдің мұңлы халі. «Жас алаш», 29.08.2013).

Білім беру мен тәрбие – егіз. Кезінде ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның бүкіл өміріне опат әкеледі» деген еді. Білім беру мен тәрбиелеудің ана тілінде жүру қажеттілігі жайлы орыстың ұлы педагогы К. Д. Ушинский «Басқа тілде оқыту баланың табиғи күші мен қабілетін әлсіретеді, сондықтан, оны ана тілінде оқыту керек» деп, ана тілінің бала тәрбиесі мен білім сапасына тигізер әсерін ерекше атап өткен.

Осы жерде тоқталмай кетуге болмайтын тағы бір мәселе бар. Ол – бізде әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кездерде кең өріс алған жастарды шетелде оқыту мәселесі. Мектепте балаға біліммен бірге тәрбие де беріліп, оның азаматтық позициясының қалыптасуында шешуші роль атқарады. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, шетелдерде білім алып, сол елдің, басқа халықтың тәрбиесін алып келген, яғни жат рухта тәрбиеленгендердің өз ұлтына адал қызмет етуі екіталай. Мұны қазақ қоғамының бүгінгі тіршілігі айқын көрсетіп отыр: билік басында орысша тәрбиеленгендердің отыруы салдарынан қазақтың даласын күні бүгінге дейін орыстың рухы кезіп жүр. Осы бір аса нәзік күрделі мәселенің ақ-қарасы жайлы Америка Құрама Штаттарының бұрынғы президенті, американдық демократияның атасы Томас Джефферсон тайға таңба басқандай тамаша айтып беріпті:

«Сонымен, жас американдық азамат Еуропада қандай білім алады? Жас адам онда оқиды, бірақ оған қоса ол ішімдікке, ат жарысына және боксқа әуестенеді... Жалпы

мұнда оқыған жас адам еуропалық рахат өмірге бой алдырып, өзінің туған еліне деген жеккөрушілік сезіммен қарайды, еуропалық ақсүйектерге жасалған артықшылықтарға басы айналып, өз еліндегі кедейлер мен байлардың бір қатарда тұруын өлердей жек көреді; солардың өмір сүру салтына бой ұрып, өзін соларға ұқсатуға тырысады, өзін ақсүйектердің, монархтардың тобына жатқызғысы келеді, өзіне түк пайдасы болмаса да солармен достық қарым-қатынаста болып, бар өмірін құр босқа өткізіп алады, әуейі, жылмақай әйелдердің тәтті исіне елтіп, өзіне және өзінің жақындарына кері әсерін тигізуге бой алдырады, сондай-ақ өзінің денсаулығына кері ықпалын тигізетін салдақы, жеңіл жүрісті әйелдерді аңсап тұратын болады. Немесе, күндердің бірінде болмай қоймайтын отбасылық тазалыққа деген шынайылығын жоғалтудың тәсілдерін үйренеді және ол қылығын сері жігітке жатқызатын болады, кейін ол еуропалық әйелдердің өтірік күлкісі мен олардың естен тандыраар әлем-жәлем жылтырақ киім-кешегін ұзақ уақыт ұмыта алмай, өз елінің қарапайым ақ адал әйелдерінің сұлулығын көргісі келмейді. Ол осы көріністер арқылы өмір бойы көше қыдырған жерлер мен үйренген істерін ойлаумен өткізеді, ол өз елінің экономикасы мен әдеп-дәстүрінен түсінік-пайымы жоқ, өз Отанының іс-тәжірибесін білмейтін нақұрыс, шетелдік марғау біреу болып оралады, ол өз Отанына өзінің ана тілінде сөйлеп, жаза білсе де тек шетелдік көзқараспен қарайды, себебі еркін елде ол өзге адамдар сияқты еркін сезінбейді және басқалар жеткен жетістіктерді де бағындыра алмайды.

Мен бұл жерде өзімнің байқағандарымды ғана сіздерге айтқым келеді. Мен жас адамның 15 жастан 20 жасқа дейін өзге елде тұрып, сол елдің тілінде сыпайы сөйлеп, әдемі жаза білген оқиғасын көрген жоқпын. Сол сияқты басқалардың да екі тілде бірдей жазып, сөйлегенін кездестірген емеспін. Адамның жас шағында өзіне қандай тіл жақын болса, сол тіл оның ана тілі болуы тиіс. Менің ұғымымша, Еуропаға барып білім алған американдық жас білім

жағынан да, моральдық және адамгершілік жағынан да, өзінің денсаулығы мен бақыты жағынан да көп нәрсені жоғалтады. Маған бұл жағдайлар Еуропаға келіп, көзіммен көргенге дейін жұмбақ күйінде қалып келді. Америкаға келіп көріңіздер, бізде кім барынша білімді, кім қызыл сөзге құмар, өзінің отандастары алдында кім қадірлі, олар кімге көбірек сенім білдіреді және кімді жоғары қызметке ұсынады? Олардың бәрі өз Отанында білім алып, жоғары тәрбие алғандар және мораль мен салт-санада өзара үйлесім тапқан жандар» (Қараңыз: Азат Үсен. Батысқа бала кетсе, айрылдым дей бер! «Қазақстан-заман», 24.07.2014).

Қазақстандағы білім беру саласының жағдайын мына бір цифрдан анық байқауға болады. Қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары Қазақстанда шығып жатқан барлық кітаптардың 8-ақ пайызын құрайды. Жоғары оқу орындарында қазақ тілінде оқитын студенттер 60 пайызды құраса, оларға арналып шығып жатқан оқулықтардың 17-18 пайызы ғана қазақ тілінде.

1991 жылы Қазақстандағы 8 881 балабақшаның 4734-і жас бүлдіршіндерді қазақша тәрбиелесе, қазір елімізде 648 ғана балабақша қазақ тілінде тәрбиелейді. Бұл көрсеткіштің күрт төмендеп кетуінің негізгі себептерінің бірі жалпы елімізде мектепке дейінгі мекемелердің тәуелсіздік алған жылдарда нарықтық экономиканың қыспағынан көптеп қысқарып кетуіне байланысты болса да бұл жағдайдың мүлдем сын көтермейтіндігі көрініп тұр.

Бұл фактілер Қазақстанның білім беру саласы болашаққа екі тілде сөйлетін, екі түрлі дүниетанымды, екі түрлі бағыттағы ұрпақ дайындап жатқандығын байқатады. Бұған елімізде жайлап бара жатқан түрлі діни ағымдарды қосыңыз. Сонда мұнымыз бір ұлтты іштей екіге жарып, бөлшектеп, арасына жік салу, іштей ірітіп, әлсірету болып шықпай ма? Ұлт бірлігінің, халық бірлігінің негізі тіл, тіл тұтастығы ұлт тұтастығының кепілі екендігін ұмытпайық.

Ал жоғары оқу орындарындағы орыс топтарының 70-80 пайыздайы тағы да – қазақтар. Сонда Қазақстанның білім

беру жүйесінде орыс мәселесін жоқтатпай, орыс рухының өмір сүруіне жағдай жасап отырған өзіміз, өзіміздің қара домалақтар екен. Өз қолыңды өзің кесесің бе, қайтесің енді...

Бүгінгі оқу орындарында орысша білім алып жатқан оқушылардың осыдан 20-40 жылдан кейін Қазақстан қоғамының белсенді азаматтары, көшбасшылары болатындығын ескерер болсақ, 2011 жылы маусым айының 29-ында қабылданған «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» және Қазақстан Республикасы Президенті қазақстандықтардың 2017 жылы 80, ал 2020 жылы 95 пайызы қазақша сөйлейтін болады дегенінің қалай орындалатындығы ойлантады.

2015 оқу жылынан бастап, ағылшын тілі мектептерде бірінші сыныптан бастап оқытылатын болды. Алға қойылған міндетті «асыра орындағысы» келіп, ағылшын тілін оқытуды бала бақшадан бастап жатқандарды да газеттен оқыдық. «Үш тұғырлы тілді» балабақшадан бастап енгізу тамырымызға балта шабумен тең. Өз тілін табанының астына басып тұрып, өзге тілде сайрап жүрер ұрпақ өсіру – болашақта мемлекеттігімізден айрылғанымыз» (Қараңыз: «Жалын», 2014, №4, 23-бет).

Болашағын ойлаған ел алдымен, мектебін түзейді. Біздегі осы мәселе сын көтермейді. Оның басты себебі бізде ұлттық білім беру жүйесі қалыптаспаған. Ұлт болып өмір сүруді қамтамасыз ететін – ұлттық тәрбие, сол тәрбиенің негізгі ошағы – мектеп. Мектебін, ондағы білім, тәрбие беру жұмыстырын ұлттық, халықтық мүдделерге орай жүргізбеген елдің еңсесі көтерілуі қиын.

Кешегі кеңес өкіметі жылдарында басқа ұлттарды ұлтсыздандыруға, ұлттық құндылықтарынан айыруға бағытталған орыстың білім беру жүйесімен жүрдік. Тәуелсіздік алғаннан кейін білім берудің ұлттық құндылықтарға негізделген, жаңа заманға сай моделін жасап, соған көшуіміз керек еді. Өкінішке орай, олай болмады. Тағы да жат жұрттардың жолымен кеттік. Қазір біздің қолданысымыздағы

Батыстық Болондық үлгіде ұлт болып өмір сүруге аса қажетті рухани құндылықтар мүлдем жоқ деуге болады. Білім берудің Болондық үлгісінің жақсы жақтарын алып, оны өзіміздің ұлттық тәрбие, білім беру дәстүрі негізінде рухани құндылықтарымызбен байытып жалғастыру жағы ескеріле бермеді.

Тәуелсіз ел екендігіміз, ертеңгі күні де өркениетті Қазақстан атты мемлекетте өмір сүргіміз келетіні рас болса, «біз ұлттық құндылықтарымызды қосып, ұлттық негізге құрылған білім берудің ұлттық моделін жасауымыз керек... Өзінің төл мәдени байлықтарын меңгермеген жан әлемдік өркениетті де жарылқамайды. Ұлт тағдыры білімге тікелей байланысты... Және оқу орындарының бағдарламасы ұлттық құндылықтарға негізделуі қажет. Ұлттық құндылық болмаған жағдайда жұтаң, бірыңғай білім баланы көгертпейді. Ұлттық құндылықтарын меңгермеген бала әлемдік дәрежеге шыға алмайды. Сондықтан әлемдік өркениеттің негізін қалайтын ұлттық құндылықтар екенін біз ескеруіміз керек» (К. Нәрібаев. Ұлт тағдыры білімге тікелей байланысты, сондықтан бізге білім беру жүйесінің ұлттық моделін жасау қажет. «Алаш айнасы», 28.05.2013).

Бұл айтқандарымыздың дұрыстығына тағы мынадай фактілер көзді жеткізе түседі. Кенестік дәуірде бір ғана Баянауыл ауданынан 10 академик шықса, соның 9-ы қазақ, біреуі ғана орыс мектебін бітірген. Қазақтан шыққан математика саласындағы ғылым докторы-профессорлардың барлығы дерлік қазақ мектебінде оқыған да тек біреуі ғана (А. Жеңсікбаев) орысша білім алыпты. Қазіргі әлемдік деңгейдегі М. Өтелбаев, А. Жұмаділдаев, У. Өмірбаев секілді атақты математик академиктеріміздің барлығы да – ауылдағы қазақ мектебін бітіргендер.

Ұлттық мектепте білім алғанның деңгейі басқа тілде оқығаннан жоғары болатындығын мына бір мысалдар анық көрсетеді. Мектепті үстіміздегі жылы (2013) бітіріп, «Алтын белгі» алғандардың 69,7 пайызы қазақ мектептерін бітіргендер. Түрлі халықаралық олимпиадалардан жүлделі

орындармен оралғандардың 73 пайызы – қазақ мектебінің оқушылары. 2013 жылғы тестілеу нәтижесі бойынша орташа балл 86,68 болса, солардың ішінде қазақ тілінде оқығандардың орташа балы 87,02-ні, орыс тілінде білім алғандардың орташа балы 85,99-ды құрайды. Бұл фактілер қазақ тіліндегі білім беру жүйесінің сапасы төмен деген теріс пиғылды пікірдің ешқандай негізі жоқтығын анық көрсете алса керек.

Ал енді басқа жұрттарға көз салатын болсақ та дәл осындай жағдайды байқаймыз. Қоғам дамуының көшін бастаған әлемдік саяси серкелер мен рухани жұлдыздардың дені – ұлттық топырақтың бар асыл қасиеттерін бойына сіңіріп, ұлттық мектепте, ұлттық рухта тәрбиеленгендер. Ғылым мен техника саласында жеткен тамаша жетістіктері үшін Нобель сыйлығын алған ғалымдардың көпшілігінің осы ұлттық мектептен шығуы да көп нәрсені аңғартса керек.

Сондықтан да «Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды... Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз халқына қызмет ете алмайды» (Ж. Аймауытов).

Адамдардың рухани тіршілігінде бұқаралық ақпарат құралдарының, үгіт-насихат жұмыстарының маңызы өте зор. Бұлар – қоғам мүшелерінің күнделікті әлеуметтік тұрмыс-тіршілігінде оларға мемлекеттік тұрғыдан рухани-саяси бағыт-бағдар беріп, тура жолға салып отыратын аса қуатты басқару құралы. Оларды төртінші билік атауы да, ақпарат құралдары кімнің қолында болса, билік соның қолында дейтіні де сондықтан.

Қазір әлемдік ауқымда ақпараттық соғыс жүріп жатыр. Батыста әбден күшіне мініп алған ақпараттық империализм басын көтерді. Қазақстан тәуелсіз ел болғанымен де оны Ресейдің ақпараттық отарлауы әлі де жалғасуда. Жан-жақтан жасалынып жатқан ақпараттық шабуылдар тәуелсіздігімізді бұзып, ұлттық болмысымызға қауіп төндіруде. Мұны қазіргі Қазақстанның рухани өмірінен анық көруге болады.

2005 жылы елімізде жұмыс істеген 2116 бұқаралық ақпарат құралының 23 пайызы қазақ тілінде, 77 пайызы өзге тілдерде шығып тұрған («Алматы ақшамы», 19.03.2013). Содан бері мемлекеттік тілдің қолданылу аясы өсті ме деген сауалдарға төмендегі деректер жауап береді. «2013 жылдың 15 наурызындағы мәлімет бойынша, елімізге тарайтын 7 000-дай басылымның 5 000-дайы Ресейде шығатындар да Қазақстанда мемлекеттік тіркеуден өткені 2111 ғана. Оның 344-і ғана мемлекеттік тілде жарық көреді». Қазақстанға тарайтын басылымдардың 90 пайызы орысша, 6 пайызы басқа тілдерде, 4 пайызы ғана қазақ тілінде («Жас алаш», 29.08.2013; 07.08.2014). Бұл мәліметтерден мемлекеттік тіл туралы заңның орындалмай, керісінше, қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени өміріндегі орнының құлдырап бара жатқаны анық көрінеді.

Жоғарыда айтқандарымызға мына бір мәліметтерді қоса келтірсек, артықтығы болмас. 727 қазақ және орыс тілді, 282 үш тілді бұқаралық ақпарат құралдары, республикада тұратын басқа этностардың тілінде өнім шығаратын 33 баспахана жұмыс істейді. Қазақстанның телеарналары 11 тілде (өзбек, украин, ағылшын, поляк, ұйғыр, неміс, кәріс, дүнген, түрік, татар, парсы) хабарлар береді.

Қазақстан баспасөзінің осындай «интернационалдық» бағытынан елімізде, әсіресе солтүстік облыстарда халқымыздың мүддесіне қауіп төндіретін ахуал қалыптасып бастады. Оған көз жеткізу үшін мына бір жолдарды оқиық:

«Көзіміз көріп жүргесін айтамыз; бұл өңірде қазір Ресей идеологиясы ашықтан-ашық насихатталуда. Облыс орталығында (Павлодар) орыс тілінде шығатын төрт-бес тәуелсіз газет бар. Олардың негізінен осы бағытта жұмыс істейтінін байқау қиын емес. Тіпті Ресей-Украина қақтығысы басталғанда, «Ертең-ақ Украинаның тас-талқанын шығарамыз» деп жазып жатты. Бұл нағыз арандату болса да оларға қой дейтін адам табылмады. Облыс өңіріндегі халықтың 99 пайызы орысша оқиды. Солай болғасын, осы газеттер арқылы біздер қазір ресейше ойлаймыз, болашаққа

ресейше қараймыз, ресей идеологиясымен өмір сүреміз. Осының себебі шығар, екібастұздық Нұрлан Игенов қазір Донецкіде сепаратистердің қатарында соғысып жүр. Егер осылай бола берсе, бізден әлі талай «нұрландар» шығары даусыз.

Құдайға кінәлі болсақ та айтайық, Егер Ресей бізді өзіне қосып алам десе, тіпті қару көтеріп, қан төгіп керегі жоқ. Тек төлқұжатымызды өзгертіп, әкімдіктің төбесіндегі туды алмастыра салса болды. Әйтпесе, басқасы дап-дайын тұр. Тіліміз орысша, өмірге көзқарасымыз, таным-түсінігіміз де ресейше, көшелердің атаулары да орысша. Тіпті ештеңені өзгертіп керегі жоқ... Ал бүкіл облыс бойынша қазақ тілінде шығатын бір де бір тәуелсіз газет жоқ. Тіпті ешқандай саясатқа араласпай-ақ, жай ғана тарихи-танымдық тақырыпқа ел мен жердің тыныс-тірлігі жайлы мақалалар басатын бір ақпараттық алаң болмай тұр қазақ тілді оқырмандар үшін. Бірінен соң бірі ауысып жатқан әкімдер мен қазақшаны шала түсінетін оның орынбасар идеологтарына бұл мәселе тіпті қажет емес. Сонда болашағымыз не болмақ? Амалсыздан орыстілді басылымдарды оқимыз, солардың айтқанына сенеміз. Яғни, Павлодар өңірінде «ресейлену идеясын» өзіміз қолдан жасап алдық деген сөз» (С. Байбосын. Ресейлену саясатын өзіміз қолдан жасап алдық. «Жас алаш», 06.11.2014).

«Жас алаш» басылымы осы материалға тіл жанашыры Руза Бейсенбайтегінің пікірін де қоса беріпті: «Өңірдегі ұлттық рух пен тілдің жағдайын айтып, сіздің басыңызды қатырмай-ақ қояйын. Тілдің жоғын жоқтағаным үшін маған қазір тек орыстілділер ғана емес, өзіміздің қазақ ұлтының өкілдері де қарсы болып алды» (сонда).

Бұл жолдарды оқып отырғанда, кімнің болса да халықтық мүддеге қызмет ететін мемлекеттік идеологияның әлсіздігінен туындап отырған жағдайға алаңдаушылық білдірері анық.

Жаңа заманда интернеттің қоғамдық өмірде алатын орны күн сайын арта түсуде. Шекараны, тосқауыл атаулыны

білмейтін интернет арқылы қазіргі заманның адамдары үйінде отырып-ақ әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан оқиғалардан сол заматында-ақ хабардар. Осы сияқты көптеген артықшылықтарының арқасында интернет қазір ақпарат құралдарының ішінде алдыңғы орынға шығып келе жатыр. Ғылым мен техниканың ең соңғы жаңалықтарына, Батыстың аса қуатты экономикасының қолдауына сүйенген жаһандану үдерісінің негізгі арналарының біріне айналып отыр.

Интернеттің осындай артықшылықтарын тәуелсіз елдер де өз мүдделеріне пайдалануды барынша қолға алып жатыр. Мемлекеттік, ұлттық мақсаттарға қызмет ететін электронды ақпарат құралдарын көптеп ашып, олардың жұмысын күшейтіп, жат-жұрттық идеялардың алдына тосқауылдар қоюда. Бұл жағынан келгенде, біздегі жағдай онша мәз емес. Рас, бұл салада да азды-көпті атқарылып жатқан жұмыстар бар десек те, олардың көпшілігінің басқа тілдерде екендігін айтпасақ лажың жоқ. Қазақстан интернетінің 80 пайызы орысша, 11 пайызы ағылшынша, 7,5 пайызы ғана қазақ тілінде екен (Алдан Смайылов. Тәуелсіз Қазақстанның жеті қазынасы: төл мәдениет пен туған тіл. «Егемен Қазақстан», 2013 жыл, 21 желтоқсан). Сонда интернетті пайдаланатын Қазақстанның халқының 90 пайыздан астамы, әсіресе еліміздің ертеңі саналатын жастарымыз түгелге жуық басқа тілдер арқылы келіп жатқан жат идеялармен суғарылуда. Айтарға сөз жоқ.

Ал қазіргі заманның негізгі ақпарат құралына айналған телеарналардың жұмысы мүлдем сын көтермейді. Қазақстандық телеарналар қазақ тілінде 10, орыс тілінде 82, өзге тілдерде 8 пайыз хабар таратады, ал телеарналарда көрсетілетін фильмдердің 3-ақ пайызы ғана қазақ тілінде («Айқын», 01.03.2013) дегенге тіпті сенгің келмейді. «Телерадио хабарларын тарату» туралы заң (2013) бойынша, еліміздегі телеарналардың қазақ тіліндегі хабарлары 50 пайыздан кем болмауы керек. Бірақ бұл заңның орындалмай жатқандығы көрініп тұр. Астана телеарнасының

19 сағаттық бір күндік бағдарламасының 3 сағаты ғана қазақ тілінде берілген (Т. Бейісқұлов. Сөзбұйдаға түскен қайран, ана тілім. «Жас қазақ үні», 12.03.2011-18.03.2011). Тіпті қазақша хабарлардың ішіне орыс тілі кіріп, аралас тілді хабарлар көбейе бастады.

Міне, осылайша Қазақстанда жүріп жатқан «ақпараттық экспансия – ең алдымен, халықты мәңгүрттендіреді, елімізді космополиттік мемлекетке қарай ығыстырады, патриоттық сезімімізді, ұлттық менталитетімізді жоғалтады. Ал экономикалық жағынан алғанда, бұл адамдардың өз Отанына жұмыс істеу психологиясын жояды. Яғни, әрқайсысының көкейінде алып қалу, жымқырып қалу, кесіп алу, ойсыратып тастау деген сияқты психология жатады» (М. Тоқашбаев). Дәл қазіргі кездегі ақпарат айдынындағы жағдай қауіп төндіріп отыр дегеннен гөрі, біртіндеп шындыққа айнала бастады десе де боларлық.

Кітап – білім бұлағы. Десек те бұл саладағы істер мүлдем сын көтермейді. 1980 жылы Қазақстанда тәулігіне 4 кітап шығып тұрған болса, соның үштен екісі қазақ тілінде жарық көрген. 50-100 мың данамен шығатын қазақ кітаптарының тиражы қазір екі мыңнан аспайды. Бұрын әлемдегі кітапты көп оқитын халықтардың бірі болсақ, қазір кітап оқымайтын, есесіне интернеттегі ұлтымыздың мүддесіне жат пиғылдармен сусындап жатқан жұртқа айналып бара жатырмыз.

«Басылым таралымының күрт кемуіне жұртшылықтың сатып алу қабілетінің азаюы, кітап дүкендері санының көлденең індет келгендей сиреуі аз әсер етіп отырған жоқ. Бізде бұрын ведомстволар, кәсіподақтар қарауындағыларды есептегенде, жарты мыңға жуық кітапхана бар еді. Содан қалғаны қазір 43 дүкен. Алматыдағы 37 дүкеннен бесеуі ғана істейді. Өзгелері тып-тыйпыл құрыды. Ауылдағы 200-дей арнайы кітап дүкендері, сельпо сауда орындарындағы кітап сататын бөлімдер (төрт жүзден аса) – бәрі бұл күндері «көрген түстей, сағымдай»... Республика бойынша, бұрынғы 20 мыңдай кітапханадан қалған сар-

қыт – 3,5 мың ғана кітапхана. Олардың өздері де шықпа жаным шықпамен күнелтуде» (Ш. Елеуқенов. Сұлулыққа іңкәрлік. Алматы, 1999, 295-бет).

Осы жолдардың жазылғанына 15 жылдай уақыт өтсе де бұл жағдай әлі күнге дейін өзгере қойған жоқ. Бұл айтылғандарға қосарымыз, осы қалған аз ғана кітап дүкендерінен соңғы кездерде шығып жатқан қазақ тіліндегі кітаптарды табу тіпті қиын. Олардың барлығы дерлік, негізінен орыс тіліндегі кітаптарды сатумен айналысады. Бірлі-жарымды қазақ кітаптарына орын бұрыштағы бір қуыстан бұйырған... Сонда бізде екі мың ғана тиражбен шығып жатқан қазақ тіліндегі кітаптар кітапханаларға таратылып кетсе, әр жерде бір қалған кітап дүкендеріне түспесе, қалың оқырман кітапты қайдан тауып алып оқиды...

Әрине, проблема бар. Бар болғанда бізде ғана емес, жаһандану жайлаған көптеген елдерде бар. Ұлтқа, халыққа деген жанашырлық, игі ниет болса, бәрін жасауға болады екен. Жасағанда да әркім өзінше, мүмкіндігіне қарай жасап жатыр. Мысалы, шведтер арнайы референдум өткізіп, «біз аз ұлтпыз, Еуроодаққа кіру біздің ұлттық мүдделерімізге, ең алдымен тілімізге, ұлттық құндылықтарымызға нұқсан келтіруі мүмкін» – деп, оған кірмей қойды. Евроны ақша ретінде қолданбай, өздерінің кронымен-ақ басқа елдермен сауда-саттығын жасап, қарқынды дамып келеді. Шағын ел ешкімнен кем болмай, тіпті өмір сүру деңгейі жағынан Еуропадағы алдыңғы қатарда тұр. Швецияда сырттан келген инвестициямен бірге жат мүдделер де келеді деп, шетелдік қаржыларға да тосқауыл қойылған. Соған қарамастан, швед тілінде ғана сөйлейтін Швеция Еуропадағы дамуы жоғары елдердің қатарында.

Шведтер ұлттық құндылықтарын сақтау жолдарын да таба біліпті. Осылайша, соңғы жылдарда швед тіліндегі газет-журнал, кітап тиражының күрт азая бастауын тоқтатты. Жаһанданумен бірге интернет арқылы ағылып жатқан ақпараттар тасқынына қарсы өз құндылықтарын қоя білді. Қолданылған кешенді шаралардың барысында идеология-

лық сала қызметкерлерінің материалдық жағынан қолдау күшейе түсті. Идеологиялық жұмыстарды материалдық жағынан қолдап отыру ірі бизнеске тапсырылған. Мысалы, Жазушылар Одағын, кітап басып шығару істерін материалдық жағынан қамтамасыз етіп отыру елдің ірі кеме жасау компанияларына міндеттелген (Рой Медведев. Непрерывное развитие языков: их влияние друг на друга и конкуренция. «Наука и жизнь», 2006, №3).

Мемлекеттік тіл сол мемлекеттің қоғамдық өмірінің барлық бағыттарында дерлік қолданылатын қарым-қатынас құралы болуы тиіс болса, қазақ тілінің ғылым, халықаралық қатынастар, экономика-қаржы салаларындағы жағдайын айтуға ауыз бармайды. Қазақстанның ғылымы, әсіресе жаратылыстану ғылымдары әлі күнге дейін негізінен орыс тілінде «сөйлейді»; қорғалып жатқан диссертациялардың 7-8 пайызы ғана қазақ тілінде.

Саяси биліктің ең жоғарғы органы болып саналатын Қазақстанның парламенті орыс тілді; ол қабылдаған заңдардың барлығы да орыс тіліндегі нұсқасымен қабылданып, қазақ тіліне аударылады. Сондықтан да орыс тілінің орамдарымен сірестіріп аударылған заңдардың қазақ тіліндегі нұсқасы түсінуге қиын соғып, орысшасына жүгінуге мәжбүр етеді.

Қазақ тілінің өзіне тиесілі орнын қамтамасыз ету мақсатында көтерілген шаралардың барлығы дерлік, осыны жүзеге асыру үшін заңдық тұрғыдан қадағалау, күресу міндеті саналатын ресми билік тарапынан қолдау таппай отыр. Мысалы, 2004-жылы депутат А. Айталының «Парламенттегі «Депутаттыққа кандидат қазақ азаматтарының мемлекеттік тілді, елдің мәдениеті мен тарихын білуі міндетті» деген түзетуі бойынша «Мәжіліс депутаттығына кандидатты тіркеу» деген 89-шы бап бойынша дауыс берудің барысында мәжілістен қатысқан 97 депутаттың 55-і қарсы, 4-і қалыс болып, 38-і ғана жақтап дауыс берді. Ал «Сенат депутаттығына кандидатты тіркеу» деген 73-ші бап бойынша қатысқан 95-тің 60-ы қарсы, 2-і қалыс, 33-і жақ-

таған (Қазыбек Иса. Мемлекеттік тілге қарсы шыққан парламент таратылуы тиіс. «Қазақ үні», 25.02.2014). Қарсы дауыс бергендердің жарымынан көбі қазақ екендігіне таң қалмасқа лажыңыз жоқ.

«Стратегия» талдау орталығының мәліметі бойынша, 2001 жылы қазақ тілі мемлекеттік органдарда 4,7; Мәжіліс пен мәслихаттарда 34 пайыз ғана қолданыста болса, бұл көрсеткіш қазір де онша өзгере қойған жоқ. Қазақстанның саяси билігіндегі мәжіліс депутаттарынан бастап, министрлерге шейін бірлі-жарымы болмаса, 96 пайызы орыс тілді. Мемлекеттік тілді қолдануға үлгі болуға тиіс парламенттің, министрліктердің, агенттіктердің, түрлі деңгейдегі әкімдіктердің жұмыс бабындағы отырыстарының барлығы дерлік орыс тілінде жүреді. Тәуелсіздік алған 23 жылдың ішінде негізінен қазақтар Қазақстан парламенті бір ғана заңды қазақ тілінде («Көші-қон туралы») қабылдаған.

Жалпы Қазақстан билігінің 70-75 пайызы (кей деректерде 90 пайыз) қазақ болса, солардың 70 пайызы орыс тілді де, 30 пайызы ғана қазақша сөйлейді («Жас алаш», 29.08.2013). «Кейбір министрлік пен мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлерінің ұлттық құрамына қарасақ, 90 пайызы өзіміздің қаракөз қазақтар. Сөйте тұра, сол 90 пайызы түгелдей әлі де орысша сөйлейтініне таң қаласың... Ресми мәліметтерге сүйенсек, мемлекеттік органдарда ресми тілдің қолданылуы сол баяғы 80-90 пайыз болса, мемлекеттік тілдің қолданылу аясы небәрі 10-20 пайызды құрап тұр» («Ислам және өркениет», 11-20.12.2013).

«Арбаның алдыңғы доңғалағы қалай қарай доңғаласы соңғысы да солай қарай доңғалайды». Мемлекеттік тіл мәселесіне келгенде, биліктің жоғарғы сатысындағы жағдай осындай болса, одан кейінгілер де осы деңгейде көрінеді. «Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеруі бойынша анықталған аталмыш сандар өңірлік аспектілердің негізінде әртүрлі арасалмақты бар екенін нақтылай түсті. Айталық, Ақмола облысында бұл үлес – 43,6 пайыз, Қостанай облысында – 40,9, Жамбыл облысында – 40,3, Павлодар

облысында – 35,7, Солтүстік Қазақстан облысында – 37,1 пайыздық мөлшерді көрсетті» (Э. Оразалиева. Тіл – ұлттық құндылықтың темірқазығы. «Ана тілі», 06-12.02.2014).

Мұның өзі бүкіл билік саласында істің негізінен орыс тілінде жүріп, қазақ тілінің төменге ысырылып, аударма тілге айналуына апарып соқтырды. Осы секілді келеңсіз жағдайлар мемлекеттік қызметтегі әрбір азаматтың мемлекеттік тіл қазақ тілін білуі керектігі туралы заңның орындалмай жатқандығынан туындап отыр. Осының өзі-ақ Қазақстандағы «Тіл туралы» заңның орындалуын қадағалап, жүзеге асырып отыруға тиіс саяси биліктің тілдік бетбейнесін аңғарта алса керек.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл

Тіл туралы заңның 4-ші бабында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанда тұратын әрбір азаматтың парызы» делінген. Заңның орындалуы талап етіледі, онда да орындалмаса, түрлі мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Саяси мәні бар, еліміздің ішкі бірлігі үшін аса маңызды осы бір баптың орындалуы мүлдем сын көтермейді.

«Мемлекеттік статус билік жүйесін қамтымай, қазақ тілінің мәртебесі көтерілмейді, бағы жанбайды» (М. Қозыбаев. Өркениет және ұлт. Алматы, 2001, 224-бет). Ал тілдің бағының жанбауы ұлттың бағының жанбауы, ол өз кезегінде қоғамымыздың рухани жағынан артта қалуына жол ашатындығы, оның салдары қоғамның әлеуметтік өмірінде түрлі келеңсіздіктерге апарып соқтырары анық.

Бұл туралы «Қазақ үні газетінің редакторы Қазыбек Иса 2011 жылы «20 жылда ешкім, ешқандай мемлекеттік қызметкер 20 сөз үйренбесе, онда біздің заңымыздың не құны қалды?» – деп, ащы шындықты ашына жазды. Тіпті «Қазақ мемлекетінің аты – Қазақ Республикасы болуы тиіс. Кешегі 70 жыл билеген кеңес империясы кезінде де Қазақ Республикасы еді» – деп күйінеді. Қазақстанда мем-

лекеттік тіл туралы заңның өрге баспай, тіпті кейбір жерлерде кері кетіп бара жатқандығына «Қайта Кеңес кезінде қазағы басым Атырау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан секілді облыстарда іс қағаздары тек бір тілде, қазақ тілінде болатын. Қазір екі тілде» екендігін мысалға келтіреді.

Мемлекеттік тіл саналатын қазақ тілін республика аймағында тұратын басқа ұлт өкілдерінің, әсіресе орыстардың білгісі де келмейді. Салыстыру үшін басқа республикалардағы осы бір жағдайдың көрінісіне көз салайық. Бұрынғы КСРО құрамында болған республикаларда тұрып жатқан орыстардың мемлекеттік тілді білуі 1989 жылы Литвада – 33,4; Арменияда – 32,9; Грузияда – 22,5; Латвияда 21, Әзірбайжанда -14,2; Эстонияда – 13,6; Молдавияда – 11,2 пайыз болса, Қазақстанда бұл көрсеткіш 0,8 ғана («Литературная газета», 09.10.1991). 1999-жылғы санақ бойынша, орыстардың мемлекеттік тіл – қазақ тілін білуі 16-ақ пайызды құраған. Қазір арада біраз уақыт өтсе де, тәуелсіз Қазақстандағы тіл жағдай бұдан көп өзгере қойған жоқ сияқты.

Тіл мәселесі – аса нәзік саяси мәселе. Бұған Украинада болып жатқан саяси оқиғалардың бір себебі де осы тіл мәселесі болып отырғаны көз жеткізеді. Бұрын бұл елде де орыс тілі украин тілімен бірге мемлекеттік тіл мәртебесінде болатын. Бірақ соған қарамастан, орыс тілі қоғамдық өмірдің барлық саласында дерлік, әсіресе орыстар көбірек тұратын шығыс облыстарда басым болып келді. Мұның өзі ұлтжанды украиндардың наразылығын туғызбай қойған жоқ (А. Тойганбаев. Мы не должны повторять «судьбу Украины». «Общественная позиция». 09.10.2014).

Украинаның Жоғары Радасы украин тілін ғана мемлекеттік тіл деп жариялағанда қабылданған шешімді түсіндіре келіп, парламент спикері «Егер Украинада орыс тілі тағы да мемлекеттік тіл болып қалса, онда украин тілі, онымен бірге мемлекеттің өзі де жоғалады» – деп мәлімдеді. Байқамаса, бір мемлекетте екі мемлекеттік тілдің қатар қоланылуы қаншалықты қауіпті екендігін украин тілінің сабақтары аңғарта алса керек.

«Жығылған үстіне жұдырық». Тәуелсіздік алғаннан кейін де орыс тілінің озбырлығынан құтыла алмай, шырмалып, жат рухтан уланып, ес жия алмай, отарсыздану саясатын жүргізуге шамамыз келмей, есеңгіреп жатқанымызда, тура бізді оның саяси уысынан қашан шығарымызды аңдып тұрғандай, ағылшын тілі келіп, тарпа бас салды. Есімізді жияр-жимас тағы да ағылшын тілді жаһандануға келіп қойып кеттік. Сөйтіп, бұрын екі тілді болып келген Қазақстан енді жаһанданудың арқасында үш тілді елге айналып келе жатыр. Қазір елімізде «үш тұғырлы тіл» саясаты жүзеге асырылуда. Десек те мұның да ойланатын, бұқпантай жақтары баршылық екен.

Әрине, тіл білген – жақсы. Көп тіл білген сайын адамның өрісі де, өресі биіктей береді. «Өзге тілдерді неғұрлым көп меңгерген сайын, солғұрлым дүниетанымы кеңейіп, рухани байи түседі» (Н. Назарбаев). Әсіресе қазіргі таңда халықаралық қатынастың, ғылым мен техниканың тіліне айналып отырған ағылшын тілін білу өмір қажеттілігіне айналуға. Бізге де ағылшын тілін білу керек. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды. Біздің қарсылығымыз – ұлттық мемлекет Қазақстанда үш тілдің, яғни қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қатар қойылуы, іс жүзінде үшеуінің бірдей қолданылуы.

Міне, осының салдарынан әлжуаз қазақ тілі бұрын барлық мемлекеттік мекемелерде қолданылып келе жатқан орыс тілінің қазақша аудармасына, яғни аударма тілге айналып келсе, енді оның орыс тілімен қатар ағылшын тілінің де қызметшісіне айналып кету қаупі туып отыр. Қазірдің өзінде-ақ ғылым саласындағы іс қағаздардың барлығы дерлік үш тілде толтырыла бастады. Көшедегі мекеме аттары мен жарнамалар да ағылшындана түсуде. Бұрындары Алматының көшесімен келе жатқанда, жан-жағындағы қаптаған орыс тіліндегі жазулар орыстың қаласында келе жатқандай әсер беретін; енді соларды ағылшын тіліндегілер ығыстыра бастағандай. Занда көрсетілгендей, алдымен қазақ, содан кейін барып басқа тілдегі аудармасы жазы-

лу керектігін ешкім орындап жатқан жоқ. Түсінсең, түсін, түсінбесең, жөніңе жүре бер, жолың ашық дегендей. Мұның заңсыздығын, қолайсыздығын байқап, дабыл қағып жатқан қарапайым халықтың пікірін елеп, шара қолданып жатқан өкімет тағы жоқ.

Туған тілдің адамның бет бейнесінен бастап, оның бүкіл физиологиялық болмысына тікелей әсер ететіндігі қазіргі ғылым үшін жаңалық болмай қалды. Адамның денсаулығындағы, өміріндегі тілдің аса маңыздылығы жайында интернет торабында жарияланған мынадай жолдарға көзіміз түсті:

«Ақ қан (лейкоз) ауруының себебі? Жауап: Ана сүтімен берілетін қандағы тектілікке берілетін белгілердің (діл білімінің) жетімсіздігінен және тілдің дұрыс болмауынан (шайпау сөйлеуден, тіл мінезінен, ана тілін толық меңгермеуден) бауырға әсер етіп, бауыр жұмысының қуаттылығының әлсіздігінен пайда болады...

Ана тілін меңгермегеннен ұрпағына, тағдырына қандай зиян келеді? Жауап: Қаны сұйылып, түрлі дертердің бастаушысы болып, тұқымында ынжықтық пайда болады. Ұрпағы азады...

Ана тілін меңгермеуден, дұрыс сөйлемеуден және еркектің ұрықтық белгісіне, болашақ нәсілдік ұлтық ұрпақтарына қандай әсер береді? Жауап: Тақым қағар қуаты кеміп, бойкүйездік пайда болады...

Әйел затының ана тілін меңгермеуден, әйелдік жыныс қуатына қандай әсерін тигізеді? Жауап: Әйел жатыры төмен түсумен, бала тұрақтамайды. Жыныстық аурулармен ауру мүмкіндігі артады...

Балардың іштен пайда болатын жүрек ақауларымен, өмірге келу себептері? Жауап: Ата-ананың тілдік дертінен ұпақтың жүрегіне ақау түседі...

Ана тілі толық жетіліп қалыптаспай, өзге шет тілдерін зорлап үйретуден қандай рухани зиян келеді? Және адам баласы қай жаста тіл қуатының жетіліп қалыптасуы пайда болады? Жауап: Мұндай жастардың, адам баласының

жүрек иманы жетілмейді. Екі жүзділік мінез пайда болып, тағдырынан зиян береді. Ана тілі қуаты 13-жаста ғана кемелденіп толысады...

Ана тілі толық қалыптаспай шет тілдерін зорлап оқытып үйретуден қандай рухани теріс әсерлер пайда болады?

Жауап; Жүрек иманы болмайды. Екі жүзділік мінез қалыптасады.

Қай жаста ана тілдік қуаты толық жетіліп, діл білімі қалыптасып болады? Жауап; Он үш жаста толық пісіп жетіледі».

Осы жерде тағы бір мәселенің басын аша кеткен жөн сияқты. Кеңес өкіметі жаппай орыстандыру саясатын қарқынды жүргізіп жатқан жылдарда өкімет басшысы Н. С. Хрущевтің «орыс тілін неғұрлым тезірек меңгерсек, коммунизмге соғұрлым жылдамырақ жетеміз» дегені сияқты қазіргі біздің тіл саясатымыздан дәл осындай болмағанымен де осыған ұқсас жағдайды көргендей боламыз. Бізде ағылшын тілін жақсы білсек, ғылымымыз да, экономикамыз да дамып, өркендей береді деген жаңсақ ұғым қалыптасқан. Дұрыс емес. Әлемдік тәжірибе мүлдем басқаша «сөйлейді». Мысалы, мемлекеттік тілі ағылшын тілі саналатын Үндістанның қарыштап алға кеткенін көре алмай отырмыз.

Ұлттық болмысқа, рухани құндылықтарына арқа сүйеген Англия, Жапония, Қытай, Малайзия сияқты елдер ғана қоғамдық, экономикалық дамудың барлық салаларында тамаша жетістіктерге жетіп келеді. Бұл жерде бұл елдердің қазіргі халықаралық қарым-қатынас, ғылым тіліне айналып отырған ағылшын тіліне емес, ұлттық тілді күшейтіп, оны ұлттың, ұлттық менталитеттің қозғаушы күшіне айналдыру арқылы қол жеткізгендігін атап айтқымыз келеді.

Осы пікірге көз жеткізу, салыстыру үшін мына бір мысалды да келтіре кетейік. «Ашық мұхитқа шығу мүмкіндіктері бірдей, жан саны, діні, тарихы ұқсас, бір географиялық аймақта көрші орналасқан ҚХР мен Үндістанның өзгешелігі тілі мен соған сүйенген менталитетінде. Біздегі орыс

тілі сияқты ағылшын тілін мемлекеттік деңгейде 97%-ға дейін қолданатын Үндістаннан әлемдегі бұл тілді небәрі 5-ақ пайызы меңгерген Қытай экономикалық, әлеуметтік, стратегиялық жағынан озып тұр» (Жанұзақ Әкім. Стратегиялық алғышарттар алаңдатады. «Президент және халық», 19.04.2013)

Қазақ тілін емес, орыс, ағылшын тілдерін білген адам мәдениетті, осы тілдерді жақсы меңгерсек, өркениетке тура барамыз деген сияқты жалған түсініктердің бар екендігі де жасырын емес. Балабақшадан бастап білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан үш тұғырлы тіл саясатының да осы тұрғыдан ойласарлық тұстары баршылық. Ұлттық ғылымды дамытудың орнына оны жаппай ағылшындандыру да осындай мақсатты көздейді. Әйтпесе, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша ғылыми мақалаларды Батыстың имфакт-фактор журналдарында қып-қызыл ақшаға ағылшын тілдерінде жариялауды талап ету кімге пайдалы, кімге зиян. Ойланып көрейікші. Қазақтың тілі мен әдебиеті қазаққа ғана керек. Сондықтан да қазақ тілінің, қазақ ұлтының арқасында өмір сүріп отырған Қазақстанда қазақтың тілі, сол тілі арқылы рухы салтанат құруы керек.

Тіл білімінде бір тілдің екінші бір тілге басымдық жасауын «тіл басқыншылығы», «тіл империализмі», «тіл қырғыны», «глоттофагия» деген сияқты терминдермен атайды. Тәуелсіз Қазақстан ел аман, жұрт тынышта өзінің мемлекеттік тілі қазақ тілін орыс тілінің (енді оған ағылшын тілі қосылды) озбырлығынан сақтай алмай отыр. Қазіргі тіл саясатында қалыптасып отырған орыс тілінің қазақ тілінің алдын орап, жағасына жармасуының тоқтамауына байланысты қазақ тілінің өміршендік қабілетінің төмендеу жағдайы жалғаса түсуде.

Қазақстанның билігі әлі күнге дейін орысша сөйлейді; қазақтардың бір бөлігі алдымен қазақша-орысша көстілділікке, одан орыс тіліне ауысуы жалғасуда; білім-ғылымда, ақпарат құралдарында, іскерлік байланыстарда орыс тілі басымдық танытуда. Қазақ тілінің өміршендік қабілетінің

төмендеуі қазақ халқының ұлттық болмысының бұзылуына, әлсіреуіне апарып соқтыруда.

Бұл мәселеде мынадай нәрселер есте болғаны жөн:

«Тіл болмаса, ұлт та болмайды...

Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің...

Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз...

Тіл ешбір уақытта өзге нәрселерге бас имеске тиіс. Біз оны бергіректе сүюге һәм түрлі жұқпалы шет тілдерден сақтауға борыштымыз... (Ғ. Қараш);

«Өз тілін өзі білмеген – ел болмайды... Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды» (Х. Дос-мұхамедұлы);

«Ұлттық рухтың негізі – тіл» (М. Шоқай);

«Тілсіз ұлт – тілнен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді» (М. Жұмабаев);

«Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?» (М. Әуезов);

«Тіл тұтастығы -ел тұтастығы» (І. Омаров);

«Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл» (Н. Назарбаев).

Бұл жерде біз ұлыларымыздың ұлағатты сөздерін еске түсіріп отырғанда орыс тіліне мүлдем қарсы болып, оның бізге керегі жоқ деп отырған жоқпыз. Керісінше, керек. Өйткені, біздің ғасырлар бойы орыстармен бір мемлекетте өмір сүруіміздің салдарынан орыс тілінсіз өмір сүре алмайтындай, қиналатындай күйге түскенбіз. Осылай дей отырып, біз орыс тілін ұлы тіл, орыстың жай халық емес, «ұлы орыс» екендігін, яғни орыстардың басқалардан жоғары екендігін миына сіңіріп, олардың басқа бір елдің ішкі саясатына араласып, мемлекеттік тіліне жасап жатқан

озбырлықтарына қарсымыз. Олардың ойынша, орыс жүрген жерлердің барлығында да орыс тілі ресми-мемлекеттік тілретінде қолданылуы керек.

Орыс тілінің тағдыры Қазақстанда шешіліп жатқан жоқ. Қазақстансыз-ақ орыс тілі өзінің ұлттық шеңберінен шығып, халықаралық тілге айналған. Ол БҰҰ, ЮНЕСКО, МАГАТЭ, ЮНИСЕФ, ТМД, т.б. көптеген халықаралық беделді ұйымдардың ресми және жұмыс тілі бола отырып, ұлтаралық, этносаралық, мемлекетаралық қарым-қатынастарда айтарлықтай қызметтер атқарып келеді. «Мир» телерадиокомпаниясы бұрынғы КСРО құрамында болған елдердің барлығына орыс тілінде хабарлар таратады. Орыс тілі Ресей Федерациясы мен Белоруссияда мемлекеттік, Қазақстан мен Қырғызстанда ресми тіл, Әзірбайжанда, Молдавияда, Тәжікстанда, Түркіменстанде ұлтаралық қарым-қатынас тілі, Арменияда, Грузияда, Литвада, Украинада, Эстонияда ұлттық азшылық тілі мәртебесін алған.

Сондықтан да елімізде орыс тіліне жасалып жатқан қамқорлықсыз-ақ оның әлемдегі жетекші тілдердің бірі болып қала беретіндігі есте болып, оның орнына қазақ тілінің мемлекеттік заңды мәртебесін заңды түрде толыққанды атқаруына жағдайлар жасау әрбір азаматтың халық алдындағы парызы болып табылмақ. Өйткені, қазақ тілі қазақтарға ғана керек; қазақ тілі басқа елдерде емес, Қазақстанда ғана өсіп-өніп, дамып, өркен жая алады.

Біздің бұл дегендерімізге орыс тілінің мұрты қисайып қалмайды. Өйткені, орыс тілі – әлемдік ауқымдағы ұлы тілдердің бірі. Оның үстіне орыс тілін осындай биік дәрежеге жетуіне барлық жағдайларын жасап отырған Ресей, орыс халқы бар.

Осы жерде тағы да болашаққа сабақ боларлық өсиеттер қалдырған ұлылардың пікірлеріне жүгінейік. Түркі бірлігінің идеологтарының бірі Ш. Маржани (1818-1889) он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында «Өзінің дінін, тілін, елін білгендер ғана орысша оқыса, ол жақсы. Оны білмей, орысша оқыса, одан қайыр күту қиын» – деп жа-

зыпты. Мұның айқын мысалын бүгінгі күндері Қазақстандағы орыс тілінің қорғаушылары болып жүрген Олжас Сүлейменов, Әуезхан Қодар сынды ұлт мақтанышы боларлық орыс тілді азаматтардың іс-әрекеттерінен көріп жүрміз. Бұлардың ойынша, Қазақстан басқа елдерден өзгеше; сондықтан да ол моноұлтты мемлекет бола алмайды; көп ұлтты болғандықтан да республикада қазақ тілімен бірдей орыс тілі де мемлекеттік тіл болуы тиіс.

Ал жиырмасыншы ғасырдың басында алаш қозғалысы көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынов «Өз тілімен сөйлескен өз тілі мен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» (Алаштың тілдік мұрасы. А., 2009, 60-бет), – десе, Халел Досмұхамедұлының «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш; өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі – зор қата» (Алаштың тілдік мұрасы. А., 2009, 132-бет), Ғұмар Қараштың «Тіл болмаса, ұлт та болмайды. Яғни, ол ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады... Ана тілін білмей тұрып, ешбір білім-өнерді таратуға мүмкін емес. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің... Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз...Тіл ешбір уақытта өзге нәрселерге бас имемке тиіс. Біз оны бегірек те сүюге һәм түрлі жұқпалы шет тілдерден сақтауға борыштымыз» (Алаштың тілдік мұрасы. А., 2009, 106-107- беттер), қазақ педагогикасынан алғаш оқулық жазған Жүсіпбек Аймауытов «Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды... Қазақтың тұрмыс-салт, қиял-ғажайып және жан-жануарлар туралы ертегілерін оқып, жыр-дастандарымен сусындап,

исламның негізі – шариаттың талаптарын білген бала ешқандай да мәдени экспанцияға бой алдырмайды» – деп, тілдің ұлт өміріндегі аса маңыздылығын, білім, тәрбие жұмыстарының ұлттық арнада жүргізу қажеттілігін оқыр көз, есітер құлақ болса, айтудайын айтып кеткен.

Кезінде М. Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегендейін болашақта қазақ болып, Қазақстан мемлекетінде өмір сүргіміз келсе, сол кезде өмір сүретін ұрпаққа ұлттық тәрбие беруіміздің қажеттілігі – бүгінгі күні күн тәртібінде тұрған аса зәру мәселе. Ұлтымыздың тағдыры осы ұлттық тәрбие беру мәселесінің қалай шешім табатынына тікелей байланысты.

Өйткені, «Тілді білмеген адам ұлттың жан дүниесін де ұға алмайды. Тіл тағдыры – ел тағдыры. Менің бар арманым да, тілегім де – Қазақстанда тұрып жатқан әрбір қазақстандық, қазақ тілін білсе, ұлттың болмысын ұқса екен деймін. Ана тіліміз – тұғырына қонса, асқақ арманымыздың орындалғаны. Қазақстан өркениетті елдердің қатарынан ойып тұрып орын алса, бүкіл әлем қазақ деген халықты қастерлеп сыйласа, біз үшін бұдан асқан бақыт жоқ...» (А. Осман. Латынға көшу – тарихи маңызы зор қадам. «Жас қазақ», 09.03.2013).

«Шала қазақ» мәселесі

Қазақстан жағдайында мемлекеттік тіл саясатын жүргізгенде, ғылыми негізге сүйенген жүйеліліктің жоқтығы, білімсіздік, науқаншылдық сияқты көптеген шылықтардың орын алуы біздің рухани өмірімізді көптеген келеңсіздіктерге ұрындырып отыр. Қоғамда тіл саясатының дұрыс жүргізілмеуі алдағы уақыттарда да орны толмас олқылықтарға, әлеуметтік қайшылықтарға апарып соқтыруы мүмкін.

Қазір қазақ тілі қоғамымызда өзіне лайықты орнын алып, заңды мәртебесін пайдалана алмауының салдарынан оның тілдік болмысы, табиғи заңдылықтары бұзыла түсуде. Оған онша мән берілмеуінің, қоғамымызда алатын орнының тө-

мендігінен рөлі төмендеп, «екінші сорттағы» тілге айналу қаупінен әлі ұзап шыға алмай жүр. Сұмдығы сол, біз өз елімізде тұрып, қазақша сөйлей алмайтын, қазақша сөйле деп, айта алмайтын, тіпті қазақша сөйлеуді ар санайтын елге айналдық.

Қазақшаға келгенде, тіл мәдениеті құлдыраған үстіне құлдырай түсуде. Бұл ойымызды қазақ тілінің жай-күйін әлеуметтік тұрғыдан зерттеп жүрген философ Қ. Жүкешевтің мына бір пікірлерін ұзағырақ болса да толықтыра кетсек деймін. «Қазіргі қазақ тілді баспасөзде мәтіннің жарымына дейінгі көлемде стильдік қателер жіберіледі. Ал теледидар арқылы сұхбат берушілердің сөздерінде 90%-ға дейін нормадан ауытқу ұшырасады. Орта мектептің кейбір оқулықтарында сөз саптаудан кеткен қателер мәтіннің 30% -нан 80%-не дейін, көшедегі жарнамалар мен қоғамдық көліктегі хабарлаулардағы бұрмаланған сөздер қазақша мәтіннің үштен екісіне жуығын қамтиды. Әдебиет, тарих секілді сөйлеумен түсіндірілетін сабақтардан оқушы бастауышы мен баяндауышы бар, тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері орнында, соңынан нүкте қойылған, стильдік дұрыс құрылған сөйлем естімейді. Қазақ жазушыларының көркем шығармаларында бір жарым, екі бетке дейін созылатын байланыссыз тіркестерден тұратын шұбыртпа сөйлемдер ұшырасады. Қазақша тілдік орта осындай өрескел қойыртпаққа айналғандықтан мектепті қазақша бітірген адамның өзі қазақша сөйлей алмайтын ахуал қалыптасқан» (Жүкешев Қ. М. Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі және даму философиясы. Алматы, 2008, 39-бет).

Қазақ жерінде болған Италияның қазіргі заман кәсіпкері, жиһанкез Ренальо Гаспирин Қазақстаннан алған әсерін «Мен әлемнің 141 елін аралаған адаммын. Солардың ішінде өз мемлекетінде өз тілінде өмір сүре алмай отырған бейшара халықты көрдім. Ол – қазақтар («Жас алаш» газетінің сайты)» – депті. Қазақтың аты осылайша да шығып жатыр.

Қазақстанда қазақ тілінің өзіне лайықты орнын ала алмауы салдарынан қазір қазақтың ішіне іріткі түсіп, бір

қазақтың өзі нағыз қазақ, шала қазақ (немесе, мәнгүрт) болып бөлінетін болды. Шала қазақтар қазір өздерінің ана тілін білмегені үшін намыстанып, үйренудің орнына, керісінше, ұлттық тілдің намысын жыртып жүргендердің өзін күнәлайтындай дәрежеге жеткен. Солардың бірі шала қазақ туралы «Шала қазақ» деген кітап жазған шала қазақ Жұмабай Жакуповты тындап көрелік:

«Қазіргі жағдайы мынадай: қазақ тілі Қазақстан халқының 70 пайыздайының негізгі тілі емес. Қазақстан азаматтарының 50 пайыздайы қазақ тілін мүлдем білмейді. Ал қазақ тілінің өзі объективтік жағдайларға байланысты (субъективтік жағдайлар да бар, бірақ олар қосалқы) Қазақстан қоғамының қазіргі өмірінен артта қалып қойған; оған жетілу үшін ұзақ та қиын істер күтіп тұр. Мәселеге осындай негізгі шындық тұрғысынан келуіміз керек.

Жағдай мынадай: біз қазір Ресейдегі орыс тілінің тазалығын көтеріп жатқандағыдай, қазақ тіліне шет тілдердің өктемдігі жайлы ойлауға жол бере алмаймыз. Онда принципінде басқаша жағдай – ел халқы түгелдей орыс тілін біледі; ал біз қазақ тілін дамыту үшін алдымен, өзіміздің шамамызға қарап алайық. Қазіргі таңдағы басты мемлекеттік міндет – қазақ тілін шала қазақтардың, содан кейін барып қалған орыс тілді қазақстандықтардың меңгеруі үшін қарапайымдандыру қажет. Жоғарыда мен келтірген мысалдарға орай, қазіргі ең бастысы – шала қазақтарды екі мыңдай қазақ сөзін еркін пайдалуға үйрету. Тіл бәйтерегінің өзегі болып табылатын базалық екі мың сөзді белсенді түрде қолдана білу осыдан өсіп шыққан сегіз мың сөзге жол ашады...

Шынтуайтына келгенде, тілдің күштілігі оның тазалығында, көп жасағандығында, болмаса, қолданылатын сөздердің санында емес. Тілдің қуаты – онда қанша адамның сөйлейтіндігінде. Сондықтан да бүгінгі таңда қазақ тілін күшейту оны күрделілендіру емес, белгілі бір қалыпқа түсіру, жүйелеу және қарапайымдандыру арқылы жүргені жөн. Қазақ тілі қалыпқа (стандартқа) түсуі керек».

«Нынешняя реальность такова, что для 70% граждан Казахстана казахский язык не является основным языком. 50% граждан Казахстана вообще не знает казахского языка. Сам казахский язык в силу объективных обстоятельств (субъективные обстоятельства тоже присутствуют, но они второстепенны) отстал от современной жизни казахстанского общества, и предстоит долгая и трудная работа по его модернизации. Из данных основополагающих реалий необходимо исходить прежде всего.

Дело обстоит таким образом, что мы не можем сейчас позволить себе рассуждать о засилии иностранных слов в казахском языке, как например, в России, где призывают к чистоте русского языка. Там принципиально другая ситуация – практически все население страны знают русский язык, мы же для развития казахского языка должны действовать согласно поговорке «Не до жиру, быть бы живу». Главная государственная задача сейчас – упростить язык для того, чтобы им овладели в первую очередь шала қазақ, а затем остальные русскоговорящие казахстанцы. Относительно вышеприведенного примера, главное сейчас – научить шала қазақ свободно пользоваться теми двумя тысяч слов являет собой, прибегая к другой аллегории, ствол языкового дерева, от которого произрастают ветви с восемью тысячами вторичных слов...

Ведь, в конечном счете, сила языка состоит не в его чистоте, древности и количестве используемых слов. Нет, сила языка в том, сколько людей на нем говорить. Поэтому очевидно, что усиление казахского языка на данном этапе должно произойти в результате не его усложнения, а стандартизации, систематизации и упрощения. Казахский язык должен быть стандартизирован» (Ж. Жакупов, Шала қазақ. Алматы, 2009, 38-39 беттер).

Үзіндіні ұзағырақ келтіргеніміз, сонымен бірге орыс тіліндегі түпнұсқасын да қоса бергеніміз өздерін бүгінгі қазақ халқының заңды бір бөлігі санайтын «шала қазақтардың» ана тілі турасындағы көзқарастарымен толығырақ,

нақтырақ таныстыру ниетінен. Цифрларды өз мүдделеріне орай бұрып пайдаланған (қазақ тілін қазақтардың 70 пайызы негізгі тілі санамайды, ал 50 пайызы мүлдем білмейді дегені шындықты бұрмалау, жағдай керісінше) «шала қазақ» автордың пікірлерінің дұрыс-бұрыстығын өзіңіз салмақтай жатарсыз. Біздің мақсатымыз, біздің қоғамымызда қазір осындай ойлар айтылудың жайдан-жай еместігі. Олардың шектен шыққандығы соншалық, қазақ тілін шала қазақтардың үйренуіне оңайлатып, қарапайым етіп қайта жасауды бүгінгі күнгі мемлекеттік маңызы бар мәселе деп, ұсынады.

Десек те, мына бір мәселені анықтай кеткен жөн. Кезінде И. В. Сталин «Марксизм және тіл білімінің мәселелері» атты атышулы еңбегінде «Тарих тілдің күшпен ассимиляцияландыруға қарсы табандатқан тұрақтылық пен қайсар қарсылығын көрсетіп отыр. Кейбір ғалымдар осы бір құбылысты түсіндірудің орнына таң қалумен шектелуде. Бірақ та таң қалуға ешқандай да бір негіз жоқ. Тілдің тұрақтылығы оның грамматикалық құрылымы мен негізгі сөздік қорының тұрақтылығымен түсіндіріледі» («История отмечает большую устойчивость и колоссальную сопротивляемость языка насильственной ассимиляции. Некоторые историки вместо того, чтобы объяснить это явление, ограничиваются удивлением. Но для удивления нет здесь каких-нибудь оснований. Устойчивость языка объясняется устойчивостью его грамматического строя и словарного фонда»). (Қараңыз: А. Попов. О некоторых проблемах языковой полтики в Казахстане. «Трибуна-ашық алаң» 04.06.2014) – деп, жазыпты..

Осы үзіндіні келтіре отырып, айтпақ болғанмыз – тілдің «мықтылығы» «шала қазақ» Ж. Жакупов айтқандай, сөздік қорының азды-көптігіне, грамматикалық құрылымының тұрақтылығына емес, сол тілде сөйлейтіндердің санына, грамматикасының қарапайымдығына тікелей байланысты деген пікірінің біржақтылау екендігі. Тілдің өмірі онда сөйлейтіндердің азды-көпті болуына, қолдануға, үйренуге

ыңғайлы келуіне тікелей байланысты болғанымен де оның грамматикалық жағынан әбден қалыптасып, жетілгендігі, өзіндік ерекшеліктерін жүзеге асырып, айқындап отыратын негізгі заңдылықтарының (мысалы, қазақ тілінде – үндестік заңы) сақталуы да шешуші рөл атқарады.

Тілдің грамматикалық заңдылықтары дегеніміз – тіл өмірін қамтамасыз етіп отыратын негізгі шарттар болумен бірге әрі ең соңғы бекініс те. Тіл заңдылықтарының бұзыла бастауы – тілдің басына үйіріліп келе жатқан қара бұлттың алғашқы көрінісі. Қазақ тілі қазір дәл осындай жағдайды басынан кешіріп отыр деуге болады.

Осы жерде 60 миллиондай адам сөйлейтін күрд тілі мен бар-жоғы миллиондай адамның ана тілі саналатын эстон тілін де мысалға келтіре кетуге болады. Халқының саны көп болғанымен де күрдтер мемлекеттігін құра алмай келе жатқандықтан да олардың тілі өгейдің күйін кешіп келеді. Ал эстондар болса, халқының саны аз, бес жүз жылдай басқалардың отары болғанына қарамастан, өз тілдерінде сөйлеуінің арқасында тілдерін ұмытпай, басқа ұлттарға жұтылмай, тарихтың сәтті сағаты соққанда, ұлттық мемлекетін құрып, тілін мемлекеттік тіл деп, жариялады. Демек, әртүрлі тарихи жағдайларда әртүрлі факторлар алға шығады екен.

Осы сияқты, Ж. Жакуповтың тілді үйренуге оңай болуы үшін оны қалыпқа түсіру керек, яғни грамматикасын оңайлатып, сөздік қорын азайту керек деген пікіріне де қосылу қиын. Бұл жерде біздің айтпағымызды неміс Герольд Бельгер төмендегіше түйіндепті: «Мен мұнымен келіспеймін; не үшін қазақтар өзінің тіл байлығын жасыруы керек» («Но я не могу согласиться: почему казахи должны скрывать свое языковое богатство?» (Г. Бельгер. За казахский язык буду биться насмерть. «Караван», 09.07.2010).

Біздіңше де ана тілін меңгеру оның сөздік қорын барынша барынша азайту, грамматикасын қарапайымдандыру, оңайландыру, яғни тұрпайыландыру арқылы емес, керісінше, сол тілдің өзіндік ерекшеліктерін, негізгі заңдылықтарын, қасиеттерін тани түсу арқылы жүру керек.

Тілді үйренудің бірнеше сатылары бар. Тілді үйренген адам бірнеше деңгейден өтеді; яғни бірнеше сатылары бар; алдымен, сол тілде түсінісе алатын болады; содан кейін содан кейін еркін сөйлеп, газет-журнал оқи алады; соңында толық меңгеріп, сол тілдің айдынында еркін жүзеді.

«Шала қазақ» автор өзінің ана тілінен, ұлттық мәдениетінен, туған жерінен алыстаған «шала қазақ» екенін мойындап, тіл жоқшысы Мұхтар Шахановтан көмек сұрағандай болғанымен де кітабының көп жерінде осындай күйіне риза да сияқты көрінеді. Ана тілін білмей өскеніне орыстандыру саясатын жүргізген отаршылдық заманды, үйренуге қиын қазақ тілін кіналап, тілді қарапайымдандырудың орнына сол күйінде сақтауға, тіл тазалығына шақырып отырған тілші ғалымдарды, тіл жанашырларын айыптайды.

Кітаптың мұқабасына берілген куәлігінің көшірмесінен аты-жөнін қазақша жазудың орнына «Жакупов Жумабайды» оқып, ұлтын «шала қазақ» деп, анықтағаны қазақ тілін мазақ кылып тұрғандай.

«Алаш айнасы» порталы бір топ орыс тілді қазақ азаматтарының осы мәселеге орай пікірін жариялапты. Мәселе түсінікті болуы үшін журналист К. Сәтиеваның «Орыс тілі орыс саясатының құралы екенін жоққа шығармайық» тақырыбымен берілген материалын өзгерпей, сол күйінде бердік.

«Қазақстан мемлекетін құрушы ұлт – қазақтың еліміздегі саны 11 миллионнан асып жығылады. Алайда оның 4 миллионға жуығы орыстілді екен. Геосаяси кикілжің құралының бірі орыс тілі екендігінің куәсі боп отырған бүгінгі жағдайда осы солтүстік көрші тілін еркін қолданушы қазақтарымыз өзге елдің, нақтырақ айтқанда Ресейдің саяси капиталы боп шыға келуде. Мұны олар біліп, түйсініп жүр ме?.. Жалпы, еліміздің тіл саясатына қандай да бір өзгеріс керек секілді. Сондықтан «Аллаш айнасы» интернет басылымы мұның жайын орыстілді қазақ мамандарының өзінен біліп көруге тырысты...

Жалпы, бүгіндері біз Ресей мен Украина жағдайында тілдің тек өзара қарым-қатынас құралы ғана емес, соны-

мен қатар оның саяси капитал екенінің куәсі боп отырмыз. Орыстілділер мүддесін қорғау деген ресейлік саяси түсініктің пайда болуы қазір әлемнің көп елін алаңдатып отыр. Мысалы, көктемде Польша сыртқы істер министрлігі орыстілділердің, орыс ұлтының өзге мемлекеттің азаматы болуы қауіп төндіретін жағдайға жеттік, енді осы бағыттағы саясатымызды жаңаша тұрғыда қарастыру қажеттілігі туып отыр деп мәлімдеген. Осы жағынан алғанда, халық санының 20-ға жуық пайызын құрайтын орысы бар, оған қоса орыс тілін қолданатындары басым ел ретінде бұл жайтқа Қазақстан да бей-жай қарамауы тиіс деп ойлаймыз. Мұндайда қандай амал қолданған тиімді? Бұл сауалға еліміздегі орыстілді қазақ мамандарының өзін тартып көрдік.

Марат Шибұт саясаттанушы: – «Орыстілді халық мүддесін қорғаймыз» дегені – Ресейдің қысылған кезде аузынан шыққан сөзі. Ол тек Украина жағдайында тиімділік танытып отыр, әйтпесе бұл Ресейдің сыртқы саясаты үшін жат дүние, сондықтан ол болашақта қолданылмайды, одан қорқып-үркудің қажеті жоқ деп есептеймін.

Ал өзіме келетін болсам, мен қазақ тілінде үш әдістемелік оқу құралын жазып шықтым. Өз саламда мемлекеттік тілде оқулық тапшы. Осы жағынан алғанда, қазақша шамалы болса-дағы, кейбір қазақша судайларға қарағанда мен секілді білікті мамандардың қоғамға берері мол деп есептеймін. Жалпы, әсіресе көпэтносты Қазақстан үшін тілді саясат құралына айналдырмау керек деп санаймын.

Досым Сәтбаев саясаттанушы: – Мен, әу бастан, Қазақстан халқы қазақ тілі маңында тұтасу керектігін айтып келемін. Бірақ ұлтаралық алауыздық туындамас үшін біздің билік тіл саясатында өте сақ қимылдауда. Бұл осыған дейінгі жағдай. Енді билікке бұл реттегі ұстанымын ақырындап қатайта бастау керек. Өйткені, Украинадағы жағдай үстем тілдің геосаяси қақтығыс алаңында ұтымды пайдаланыла алатындығын көрсетіп беріп отыр. Сол секілді бұл жайт Қазақстанның өзге ел ақпараты колониясына айналып отырғандығын айқындай түсті. Демек, бізге тіл жағынан да қауіпсіздігімізді нығайта түсу қажет.

Құдайға шүкір, мемлекетті құрушы ұлттың саны 60-70 пайызға жетті. Соның арқасында қазір қазақтілді медиа сегменттердің қарқыны артып, сапасы да жақсарып, орыстілділермен үзенгі қағыса жарыса алуда. Қазақтілді әнші бір Қайрат Нұртастың өзіне бүтін стадион толы халықты жинау түкке тұрмай тұр. Демек, қазақтілді өнімдерге, қызмет түрлеріне сұраныс күннен күнге артып барады. Қазақ тіліндегі мектептер қатары да молая түсуде. Алдағы 20 жыл ішінде ана тіліміздің иммунитеті толыққанды қалыптасады деп сенемін. Ендеше бүгіндері ішкі саясат та іркілісін доғарып, осыған қарай ыңғайлана түсуі қажет. Бастысы, қазақ тіліндегі өнімдердің сапасын арттыруымыз керек. Сонда ол жаппай қолданысқа енгізіліп, мемлекеттік тілді білуге өзге этностардың құлшынысы өздігінен артады. Мен ауызекітілде қазақша түсінемін, балам балабақшадағы қазақша топқа барады.

Олжас Құдайбергенов, қаржыгер-маман: – Мен мектепті орысша оқыдым. Үйдегі қолданыстағы сөз де орысша болды. Сондықтан 11-сынып бітіргенше қазақшаны мүлде түсінбедім. Ер жете келе, өз ана тілін білмеу масқара жағдай екенін ұқтым. Тәубе, ортамда қазақша сөйлейтін адамдар болды, соның арқасында ауызекі тілдегі өз ана тіліммен табыстым. Бірақ ғылыми, күрделі құрмалас сөйлемдерге келгенде, кідіріп қалатыным рас.

Қазіргі ғасырда уақыт ақша ғой. Көбіне маман болған соң елдегі, әсіресе қаржы саласындағы оқиғаларға түсініктеме беру үшін журналист қауым менің пікіріме жүгініп жатады. Телефонның арғы жағындағы адамның да, өзімнің де уақытымды үнемдеу мақсатында, айтқан сөзім бұрмаланып кетпес үшін де еркін меңгерген – орышамды қолдана беремін. Әйтпесе достарыммен, отбасымда қазақша сөйлеймін. Тілімді жетілдіре түсу үшін көркем әдебиеттерді оқимын. Украина жағдайынсыз да мен ана тіліме үлкен құрметпен қарап, оны жеткілікті деңгейде меңгеру үшін қолымнан келгеннің барлығын істеп жүрмін деп айтар едім.

Мағбат Спанов, белгілі экономист: – Мен экономикалық интеграцияны жақтаушылардың бірімін. Еуразиялық

экономикалық одақтың еліміздің дамуына үлкен серпін беретіндігіне де сенімді едім. Бірақ осындай бірігу жүріп жатқанда Ресейдің империялық пиғылын танытып, бауырлас елмен дүрдараз болуы, мені қатты ойлантып тастады. Орыстілділердің өзі осыдан кейін экономикалық одақты бұлар саясиландырып жібермей ме деп күмәнданып та қалды.

Украинадағы жағдай бүкіл қазақстандықтың дүниетанымына әсер етті деп есептеймін. Елімізде ешкім де КСРО-ның қайтып келгенін қаламайды. Біз тек экономикалық одаққа қосылып жатырмыз десіп жүрміз. Басқасына еш келіспейміз.

Өзімнің қазақшам шамалы, оған қатты ұяламын. Сондықтан өз балаларымды, туған-туыстарымның балаларын қазақ мектебіне бергіздім. Солардың деңгейінде үйде қазір қазақша сөйлесеміз. Қалай дегенмен де орысша сөйлейтіндерді шеттетуге, кемсітуге болмайды деп ойлаймын. Онсыз да олар өз кемшілігін біліп, іштей қуыстанады. Қазақ ешқашан кісі бетіне басып, батырып қатты айтқан емес қой, мұндайда қаны қазақ үшін ым да жетіп жатыр».

Негізінен, ана тілін білмейтіндерді «шала қазақ» деп келсек, басқа да пікірлер бар. Солардың бірінде мынадай ойлар айтылған: «Шала қазақ» ана тілін толық білмейтін емес, ұлттық аядан – оның тарихынан, мәдениетінен, рухынан тысқары өмір сүріп, оның жері, игілігі, мемлекеттілігі сияқты бар жақсылығын өзінің жеке басының пайдасына жаратып жүрген, қандай жағдайда да елін қорғауға шықпайтын адам» («Шалақазақ – не тот, кто не знает в совершенстве родной язык, а тот, кто живет вне национальной сферы – ее истории, культуры и духа, кто эксплуатирует все казахское – место, блага, государственность в корыстных целях, кто точно не пойдет защищать страну ни в каком виде». М. Бистаев. Кто на самом деле шалаказахи. параллельные миры все равно столкнутся. «Адам бол», 2014, №41).

Автор осы ойларын жалғастыра келіп, мұндай жағдайдың жалғаса беруі елдің ертеңі үшін қауіпті екендігіне назар

аударады. Жалпы, ана тілін білу аз, басты мәселе халқының өткенін, бүгінгі күні немен өмір сүріп жатқанын біліп, рухани құндылықтарымен өмір сүріп, болашағына қызмет ету деп біледі. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, халқымыздың көпшілігі өз ұлтының қандай ұлт екендігін біле бермейді, білгісі де келмейді. Көзі ашық шалақазақтарға қарағанда, қазір қоғамымызда қалыптасып отырған осы бір келеңсіз жағдайға назар аударыңқырау керек деген ой айтқан.

Қатарында Гарвард та бар, әлемдегі атақ-дәрежесі өте мықты жоғарғы оқу орындары арнайы шақыртумен алдыратын қазақтың атақты математигі Асқар Жұмаділдаев ағамыз еліміздегі ең көп оқылатын тұлғаның бірегейі боп саналады. Ол кісінің сұхбаты шыққан кез келген басылым газет-журнал дүңгіршектерінен бір мезетте жоқ боп кетеді. Өйткені ұлтым деген ұлы бар да, ондай ұлды ұлықтар ұлт та қарап қалмасы белгілі. Сол ғалым ағамыз, нақтырақ айтқанда, интеллектуальдық салада қазақтың брендіне айналған Асқар Жұмаділдаев бізге берген бір сұхбатында ана тіліне қосар үлесі туралы мынандай пікір айтқан еді: «Мен тек қазақ тілінде сұхбат беремін. Бірақ олар орыс, ағылшын тілдерінде де жарық көріп жатады. Жергілікті орыс басылымдары да менен талай сұхбат алды, әрдайым қазақшама берікпін. Олар оны аударып береді. Менің осы ұстанымым ана тіліме шөкімдей болсын қосқан үлесім деп есептеймін». Міне, еліміздегі көзі қарақы, орыстілді оқымысты қазақ қауым Асқар ағамыздың осы тілдік ұстанымын үлгі-өнеге етсе деген тілек білдіре отырып, сөйткенде олар қазақтілді өнім сапасының артуына өзінше үлес қосар еді дей келе, орыс тілі орыс саясатының құралы екенін тағы бір мәрте еске салғымыз келеді» (К. Сәтиева. «Алаш айнасы» порталы).

Егеменді ел болып табылатын Қазақстанда қазақ халқының ұлттық мүддесі қорғалмай, ұлттық рухының, ұлттық мәдениетінің тамырына балта шабылып, жат жұрттық экспанцияға ұшырап отырғандығы байқалады. Туған тіл туралы тағы бір жүрекжарды толғанысты тыңдайық:

«Тіл тағдыры, тәуелсіздігі – талай-талай талқылауға, талас-тартысқа түскен тақырып. Тіл тағдыры талай тарландарымызға тыным таптырмаған, түйткілі тарқамаған тақырып. Тарихты терең талдасақ, тіл тағдыры толғантқан талай танымал тұлғаларымыз түрмелерге тоғытылған, тамұққа түсіп төбеттерге таланған. Тоталитаризмнің «товарищтары» Тұрарларымызбен тапанша тілінде тілдесті. Тәуелсіздігіміздің туы тігіліп, тайпа тағдыры тұрақтағалы тіліміздің түбегейлі тірілуін, туған тұғырына тік тұрып тұрақтауын тай-тұяғымызбен, түгеліміз тіледік. Тілінің тілеуін тілемейтіндердіңтізіміне:

- төл тілінде түсініспейтін тексіздерді;
- тегін танымайтын тасбауырларды;
- тікішегін тезекке толтырып, тамаққа тойғанына тоқмейілсіген тоғышарларды топтастырдым.

Тағысын-тағы тізбелесек, топтасқан тұжырымсыз топастар, тіл тарихын түрпілеп түзетуге талпынып тоқайласқан тұрлаусыз тантиқтар, тұрпайы түсініктерімен тәнімізге тағылған таңба тәрізді. Табаны тайғанақтап тұрған тіл тағдырына толғанбайтын, тәубені түсінбейтін, тәкаппар, төресымақ, табысқой танысыма тіл тазалығы туралы түсіндіргенімде, тулаған тайдай тарпынып, талағы тарс түсті.

– «Трагедизирuishь! Таласып-тартысуға тұрмайтын тақырып. Тағынан түспейтіндердің таңдаған «трасттылық», «традициялық», «транспаренттік», «толеранттық» туралы тілшілердің тапқан терминдерінің түпнұсқасын талқылауың – тантиқтардың теориясы. Так-то, Төреке!»

– «Тогда твоя теория тоже – твердолобая тупость (тәржімасы – топастық). Таңдағандарың – «тоталитарлық» тіл! Тұран тіліміздің тарихи тұптамасын түсінбейтіндердің, тіл тағдырын тендерге тоғытып, тікелей табысты тілейтіндердің тұжырымдамасы».

Тәйтiк топаспен тәжікелесiп, түк таппадым. Тоқтадым. Тәңiрден тәзiмiмнiң таусылмауын тiледiм. Тiл тәңiрегiндегi тиiпқашпа талқылауларды түкке тұрмайтын текетiреске теңейдi. Тiлiмiздi Тойфл тәсiлiмен тестiлеп-ақ тұғырына

тұрғызбақ. Тілді тестілеп тәлімдейтін тұжырымдамаларына түсінбеймін. Тулақтай тырысқан тіліме тірек табылып, табалдырықтан төрге тартар тарихи тұлғалар табылса, тұнжырауым тарқап, түркітектес, текті тілімнің төрде тұрған тойында той-толатып тамадалық талантымды танытармын. Толғауы тоқсан тебіренісімнің тобықтай түйіні – тілімнің тағдыры.

Тіл тақырыбын талдасақ:

- тіл тарихы табанға тапталған тақырып;
- тіл төркінін талдасақ – тамыры терең тақырып;
- тынысы тарылып, тығырыққа тіреліп тұрған тақырып;
- туған төрінен тұғырын таппай тұрған тақырып;
- талқылай-талқылай төзімді тауысқан тақырып;
- түбің түскір тексіздердің тәлкегіне түскен тақырып;
- тоны тігілгенмен, түймесі тағылмай тұрған тақырып;
- тіл тақырыбы – «тоқалдан туғандай» тақырып;
- табанын тас тескен, тасмандай тақырып;
- талапайға, талан-таражға, төндерге түскен тақырып;
- тіземен таптап, тезге тартып түзетуге төзбейтін тақырып;
- тілмашқа телмірген, тәржімашыға тәуелді тақырып;
- тар телпек тақиялы төбелтаздар түсінбейтін тақырып;
- толғағы толып, туғалы тұрған тақырып.....

Тек, тіл тақырыбының толғағы талықсып, түсік тастамауын тілейік» (Мұхамбедия Ахметов. Тіл тағдыры. «Жас казак», 09.09.2014).

Әдебиеттің аулынан аулақта жүрген қарапайым оқырманның жүрек түкпірінен шымырлап шыққан жан айқайы қазақ тілінің жай ғана тілдердің бірі емес, құдіретті қасиеттерімен де ерекшеленетінін осы бір жолдар айғақтап тұрғандай.

Бодандық кездерде тұралап қалған тіліміздің бар жетіспеушіліктерін отаршылдық сасаттан көріп келсек, енді бүгінгі егеменді елімізде қалың қазақтың төрт көзі түгел көз алдында, айдың, күннің аманында, ұлттың болашағына жасалып жатқан ұлы қылмыстарға кім жауапты? Ойланатын жағдай.

«Туған тілінді қорғау – туған Отаныңды қорғаудан да маңыздырақ. Отаныңды жау басып алса, оны ерте ме, кеш пе, әйтеуір азат етеріне сенесің. Ал тілің жауланса – бітті. Басқа тілге көшіп, туған тілін ұмытқан және өз ата байлығына қайта оралуға мойны жар бермейтін жалқаулар мен ұлттық рухын жоғалтып үлгерген, өзіне түрі ғана ұқсайтын қандастарың жаудан бетер қарсыласады. Олардың үлкен бөлегінің ана тілін мойындамай, өзге тілдің мүддесін ашық түрде қолдауының арқасында ұлт жойылуға бет алады. Әлгі бейшара ұлт үшін бұған теңдес қасірет болмас» (Бедретдин Далан).

Ана тілін ұмытқан мәңгүрттердің, көзқамандардың, космополиттердің көбеюі тілге ғана емес Отанға да аса қауіпті. Қоғамымызда орын ала бастаған маргиналдық құбылыс, Батысқа көзсіз бас июшілік ұлтқа төніп келе жатқан қара бұлттың алғашқы хабаршылары іспеттес. Сондықтан да ана тілін білмейтін мәңгүрттердің бойында сатқындық қасиеттердің берік ұялайтындығы, олардың «кімнің тарысы піссе, соның тауығы», яғни барлық уақыттарда да өзі тәрбиеленген өктем тілдің жағында екендігі, демек, ұлт басына ауыртпалық түскенде кез-келген уақытта басқа тілде сөйлейтін басқа ұлттың жағына шығып, сатып кететіндігі әрдайым есте болғаны жөн. Бұдан шығатын қорытынды – ана тілін білмейтін, сол тілде жасалынған рухани құндылықтардан бейхабар, сөйтіп, ұлттық тамырынан ажыратылған космополиттердің пайда бола бастауы ұлт үшін, сол ұлттың ұлт болып өмір сүруін қамтамасыз ететін мемлекет үшін аса қауіпті құбылыс.

Космополитизм дегеніміз – «әр ұлттың төл мәдениетін дамытудан гөрі жаһандану процесі арқылы бүкіләлемдік бірегей мәдениет қалыптастыруды артық көретін шектеулі дүниетанымдық бағыт» (Қазақстан, Ұлттық энциклопедия. 4-том. Алматы, 2002, 667-бет) болса, осы жолға түскен космополит – өз ұлтының мәдениет аясынан шығып, басқа біреулердің мәдениет қорасына кіріп кеткен қашқын, немесе өз ұлтының тілін, мәдениетін тәрк етіп, тастап кет-

кен сатқын. Өздерін ұлттан жоғары, бүкіләлемдік азамат санайтын олар – шын мәнінде, ұлты қабылдамай, шығарып тастаған, рухани тамырынан айрылған сілімтіктер. Ана тілінен айрылу арқылы туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімдерінен айрылған олар – қай жер өмір сүруге қолайлы болса, сол жерде жүретін, кімнің тарысы піссе, соның тауығы болатын отансыздар.

Оның айқын мысалын қазір Украинада болып жатқан саяси оқиғалардан анық көруге болады. «Украиналық оқиғалар ішінде бізді ерекше тіксіндіргені – сондағы орыстілді украиндардың да орыстың «сойылын соғып» шыға келгендігі! Ол да – заңдылық. Себебі, Тіл – Тектен де күшті алапат. Адам санасы қай ұлттың тілінде сөйлеп түбегейлі қалыптасса, адамның өзі де сол ұлттың жолында өледі. Артық айтқандық немесе әдейі жала жапқандық емес; алдажалда басымызға күн туа қалса, орыстілді өз қандастарымыз ішіндегі әбден «қағынан жерігендерден» де аяушылық күтудің өзі бекершілік болатындай; өз басымыз күнделікті тіршілікте де сол бауырлар безбүйректігінің айқын нышандарын үнемі байқап қалып жүреміз» (Т. Әбдікәкімұлы. Қазақтың құпиялы қайран Тілі!.. «Ұлт. кз» . 21.05.2014).

Әрбір ұлт алдымен, тілін сақтауға ұмтылады, сақтай алмаса, ұлтымен де, сол ұлтты қорғау, сақтау мақсатымен құрылған мемлекеттігімен де қош айтысуына тура келеді. «Халықты біріктіріп, мемлекеттің төрт құбыласын түгендеу мемлекеттік тілден басталады» (Ж. Әкім. Ұлыстың ұлы жолы. Орал, 2011, 96-бет). Тіл бір мемлекеттің ішінде тек ұлтты ұйыстырушы ғана емес, сонымен бірге онда тұрып жатқан барлық этностардың да басын біріктіруші міндетін де атқарады. Ал «қостілділік», «үш тұғырлы тіл», «көп ұлтты мемлекет» сияқты саясаттың ойланбай жүргізілуі мемлекеттік тілдің осындай аса маңызды ұйыстырушылық қызметін атқаруына кедергі келтіріп, қоғамның біріге түсуіне емес, керісінше, тілдік, ұлттық, әлеуметтік, саяси жағынан ыдырауға апарып соқтырады. Сондықтан да ана тіліне жасалып жатқан әрбір қарсы әрекет қазақ ұлтының,

мемлекетінің монолиттене түсуіне, сол себепті де ұлтқа, мемлекетке қарсы жасалынып жатқан қастандық, сатқындық саналуы тиіс.

Сондай қылмыстың бірі – елімізде қос тілділіктің заңдастырылуы. Тіпті орыс тілінің ресмилік мәртебесіне қанағаттанбай, оны мемлекеттік деңгейге дейін көтеру жөніндегі пікірлер де баспасөз бетінде қылаң беріп тұратын болды. Мұның өзі бір ұлттың тіліне, діліне, табынарына қарай екіге бөліну қаупін туғызып отыр. Қазақстанның халықтық, ұлттық тұтастығын қамтамасыз етуі тиіс қазақ тіліне қарсылық мемлекетіміздің түп-тамырына, болашағына балта сілтеумен бірдей. Қазақ тілі тәуелсіз болмай, Қазақстан тәуелсіз бола алмайтындығы, оның әлемдік өркениеттен өзіне лайықты орнын ала алмайтындығы барлық уақытта есте болуы керек.

Қазақстанды қазақтар тұратын тәуелсіз мемлекет дейтін болсақ, оның тәуелсіздігі ең алдымен, ұлттық мұраттарға негізделген ұлттық идеологиядан көрінуі тиіс. Ал ұлттық идеологияның темірқазығы ұлттық тіл саналады. Ұлттық тілдің жағдайы қалай болса, мемлекеттің тәуелсіздігі де сондай дәрежеде болады. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз ету қазақ тілінің республикамызда алатын орнын нығайтпай, мүмкін емес. Сондықтан да тіл еліміздің қауіпсіздігінің негізі; ертеңгі күнге артқан арман-аңсарларымыздың барлығы да осы қазақ тілінің тағдырына тікелей байланысты.

Осы жерде үндінің аса көрнекті мемлекет қайраткері Рабиндрант Тагордың «Әрбір халық өзінің ұлттық қасиетімен әлемге таныла білуі керек. Егер ол ұлттың өркениетке қосар үлесі болмаса, онда жер бетінен оның жойылу қасіретінің басталғаны. Және де бұл адамзат тарихының дамуында-кешірілмес күнә» (Қараңыз: «Айқын», 24.07.2013) дегені еске оралады.

Кезінде Ататүріктің «Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және өз ұлттық бейнемізді алдымен, біздің өзіміз бар сезіміміз, ақыл-ойымызбен, іс-әрекетімізбен құр-

меттеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын біліп қойғанымыз жөн»; «Дүниедегі ең әдемі, ең бай және ең оңай тіл – түрік тілі. Түрік ұлтының жүрегі және санасы болған түрік тілі, түріктердің адамгершілігін, салт-дәстүрін, ескерткіштерін, құндылықтарын, қысқаша айтқанда, түрік ұлтын ұлт қылған барлық нәрсені сақтап келген қасиетті қазына» – дегенін де естен шығармауымыз керек.

Біздің әлемдік өркениеттен өзімізге лайықты орнымызды алу, дамыған елдердің қатарынан көріну, Қазақстанды таныту, бақытты қоғам орнату үшін өмір сүріп жатқандығымыз рас болса, оған тек қана қазақтың сөзін сөйлеп, қазақтың ұлттық болмыс-бітімімен, ұлттық мәдениетімізбен, ұлттық әдет-ғұрып, салт-санамызбен ғана қол жеткізе алатындығымыз әрдайым есте болғаны жөн. Кезінде Н. С. Хрущевтің орыс тілін неғұрлым тез меңгерсек, коммунизмге соғұрлым тезірек жетеміз дегеніндей, ағылшын тілін тез үйренсек, соғұрлым өркениетке жақындай түсеміз деген сияқты мазмұндағы насихаттың да көздегені – басқа нәрсе. Сондықтан да Р. Тагор айтпақшы, тілімізді, ұлтымызды жоғалтып алып, тарих алдында кешірілмес күнә жасап алмау үшін ойланайық.

Ана тілін толыққанды мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерудің әлемдік тәжірибелері жеткілікті. Алысқа бармай-ақ, көршіміз қырғыз елінде бұл салада атқарылып жатқан жұмыстарға назар аударалық. Біріншіден бұл ел Қазақстан республикасы сияқты Қырғызстан республикасы емес, Қырғыз республикасы аталады. Мұнда да күні кешеге дейін қырғыз тілі мемлекеттік тіл де орыс тілі ресми тіл болып келген. Мұндай жағдайдың опа бермесіне көздері жеткен қырғыз ағайындар «Қырғыз Республикасының мемлекеттік тілі туралы» заңын түзетулермен, толықтырулармен қайта қабылдады. Республикада іске қосылған жаңа заңда орыс тілінің ресми тіл мәртебесін алып тастады да, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуын бақылауға алып, қатаң шараларды жүзеге асыра бастады.

«Жаңа заңда мемлекеттік қызметке бару үшін қырғыз тілінен емтихан тапсыру, іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізу, ресми кездесулерде қырғызша сөйлеу, талап етіледі. Қолданыстағы заң бойынша, мемлекеттік тілді білуге президент, премьер-министр, спикер, Жоғарғы сот пен Конституциялық палата төрағалары міндетті болса, ұсынылған жобада бұлардың қатарына үкімет мүшелері мен олардың орынбасарлары, статс-хатшылар, губернаторлар, қала мэрлері, әкімдер мен олардың орынбасарлары енгізілген. Сонымен қатар заңды бұзғаны үшін жеке тұлғаларға – 5-10 мың сом, ұйым басшыларына – 20-50 мың сом айыппұл салу көзделген. Лауазымды тұлға екінші рет заң бұзса, оған салынатын айыппұл 100 мың сомға дейін өспек (1 сом – 3 теңге)» («Жас қазақ», 15.03.2013).

Осы сияқты заң Ресей Федерациясында да қабылданды. Жаңа заң бойынша, орыс тіліне жат сөздерді араластырып сөйлеген адам ақшалай айып төлейді.

Рухсыз халық өмір сүре алмайды. Рух көбіне ұлттық сыпатта болса, ал «ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» (Мұстафа Шоқай). Тіл түзелмей, рухтың түзелмейтіндігі, рух түзелмей ұлттың түзелмейтіндігі, өз кезегінде қоғамның жаңарып, өмірдің орнығып, өрге баспайтындығы – аксиома.

Бүгінгі Қазақстан жан-жақтан – Батыстан, Шығыстан, оңтүстіктен, солтүстіктен анталап қаптап келе жатқан түрлі саяси, рухани қауіп-қатерлерге қарамастан, Еуразияның қақ ортасында астындағы бас бермейтін асау тұлпарымен алысып, көкпар шауып қызықтап жүрген, ойында ештеңе жоқ далақпай секілді. Аты қазақ, тегі түркі болғанымен, тілі орыс, діні араб, ділі америка, киімі қытай, экономикасы Батыстың нарығы, ұлттық болмысы әбден әлсіреген, ұлттық даму жолына түсе алмай, адасып келе жатқан халықты көз алдыңызға елестетіңізші.

Орыстың аюына ғасырлар бойы таланған қазақты енді Батыстың жарқ-жұрқ етіп, жылмындаған жезөкше, жалмаңдаған жалмауыз жаһандануы есін жияр-жимас, ойлануға шамасын келтірмей, айқара құшақтап, жібермей, жылы

құшағына тартып, қыса түсуі салдарынан рухани тынысы тарылып, өкпесі қысыла түсуде.

Жаһандануға жұтылып кетпеудің, бұдан шығудың, аман-есен қалудың бір ғана жолы бар. Ол – тілін сақтай білу, сол тілде жасалынған мәдениетті, рухани құндылықтарды қалқан ету. Яғни, ұлттық болмысын жоғалтпаған халық қана алдағы ғасырларда жоғалып кетпей, өмір сүре алатын болады.

Ұлтжанды азамат Мырзан Кежебай тіл басқыншылығына ұшырап, азғындап бара жатқан қазақ қауымын сауықтырудың бір ғана жолы бар, «ол – ұлтым, қазағым деп, жүрегі қан қақсайтын азаматтарға Ресейдегідей жан-жақты қолдау білдіріп, мемлекетті қазақыландыру үдерісін бастау» – деп біледі. Ол Қазақстанның ұлттық даму жолына түсуін қамтамасыз ететін 6 түрлі міндетті ұсынады:

«1. Ең әуелі Қазақстанда Ресейдің қардай бораған баспасөзіне тоқтау салу керек. Өйткені, қазір Қазақстанда қаптаған орыс баспасөзі мен орысша телеарналар әлдеқайда қазақшадан көп болғандықтан бізде Ресей саясатын емін-еркін жүріп жатыр.

2. Еліміздегі телеарналарды түгел қазақыландыру қажет. Өйткені, теледидар – ХХІ ғасырдың ең күшті де қауіпті құралы....

3. Орыс мектептерін, аралас мектептерді, орыс балабақшаларын азайту керек...

4. Мемлекеттік қызметке тұратындар қазақ тілінен емтихан тапсыруы керек...

5. ...іс қағаздарын қазақша жүргізу мәселесін дереу қайта қозғау керек.

6. «Орыс тілі – ресми тіл» деген бапты алып тастау керек» (М. Кенжебай. Ұлтшылдықты орыстан үйрен! Сөйтіп құлмінезден арыл, қазағым! «Қазақстан-Заман», 21.08.2014).

Саясаттанушы Айдос Сарым қазақ тілін, ұлтын, мемлекетін сақтап қалу үшін «Ең бастысы Қазақ ұлттық мемлекеті туралы конституциялық заң керек деп біледі. Ол

«- Заң еліміздің унитарлық құрылымы мен тұтастығын тағы да растап, оған қарсы шығуға қатаң тыйым салуы керек;

- Қазақстан Республикасының Қазақ Республикасы болып аталуын қамтамасыз етуі керек;

- Еліміздің барша тұрғындарын шығу тегіне қарамастан «қазақ» деп тауып, қазақ халқының мемлекет құраушы статусын айқындауы тиіс» – дей келіп, нақтылы ұсыныстар айтқан:

«Қазақ ұлттық мемлекеті туралы конституциялық заңда бірнеше ірі-ірі мәселе қарастырылуы керек:

- заң Қазақстан Республикасының қазақ ұлттық мемлекет екендігін айқындап, қазақ ұлттық мемлекеттігінің, тәуелсіздігінің мызғымас принциптері мен мүддесін белгілеуі керек (оның ішінде интеграциялық жобаларға қатысу-қатыспау туралы мәселе бар);

- заң еліміздің унитарлық құрылымы мен тұтастығын тағы да растап, оған қарсы шығуға қатаң тыйым салуы керек;

- заң Қазақстан Республикасының Қазақ Республикасы болып аталуын қамтамасыз етуі керек;

- заң еліміздің отарсыздануына қатысты басты принциптерді анықтап, осы үрдістердің мемлекеттік саясатқа айналуына жол ашуы керек (осының ішінде коммунизмді қылмыстық идеология деп танып, оған саяси-құқықтық баға беру, еліміздегі жаңа ономастикалық және топонимикалық саясаттың негіздерін жасақтау мәселелері де бар);

- заң еліміздің барша тұрғындарын шығу тегіне қарамастан «қазақ» деп тауып, қазақ халқының мемлекетқұраушы статусын айқындауы тиіс;

- заң қазақ ұлттық мемлекетінің дүние жүзінде тұрып жатқан барша қазаққа қатысты тарихи жауапкершілігін, Қазақ әлемін құру саясатының негізін қалау, қазақ көшін жандандыру мәселелерін көтеруі керек;

- заң қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін тағы да айқындап, әрбір шенеунік пен депутатты қазақ тілін еркін

білуге міндеттеп, мемлекеттік тілді меңгеруге міндетті кәсіп пен қызмет түрлерінің тізімін бекітіп, барлық мемлекеттік мекемелер мен қызметтердің мемлекеттік тілде қызмет етуін, іс қағаздарын қазақша жүргізуге міндеттеуі тиіс;

- заң еліміздегі барлық бала-бақшалардың тек қазақ тілінде болуын қамтамасыз етіп, орта, ортакәсіптік және жоғары білім беру мекемелерінің ұлттық мүддеге сай жұмыс істеуін қамтамасыз етуі керек» (А. Сарым. Ұлттық мемлекет туралы заң керек. «Қазақ үні», 08.12.2014).

Жаһанданудан ешкім – біз де, басқалар да құтыла алмайды. Оған қарсы болу аз, одан аман қалу үшін дәл қазір нақтылы шаралар қолданбасақ, оның ұлтымыздың болашағына тигізер зардабы ауыр болмақ. Одан аман-есен шығудың бір ғана жолы бар: Ол – оған бейімделу. Бейімделе білген ғана аман қалады; олай ете алмағандар құрдымға кетеді. Жаһандануға бейімделу дегеніміз – оның ығына жығылып, өзгенің ұсынғанғанының барлығын талғамай ала беру деген емес, керісінше, пайдалысын ғана алып, зияндысын бойға дарытпай, өз ұлтыңның рухани тамырына терең бойлау деген сөз.

Ең бастысы қазақ осындай әлем-жәлем құрама қалыппен ғана өркениетке жете аламыз деп, ойлайды. Өзгенікін көбірек алсақ, бойымызға сіңірсек, соғұрлым мәдениеттіміз деп біледі. Шын мәнінде, бәрі керісінше болуы керек. Табиғат түрліше құлпырып тұрған қызғалдақтарымен көз тартса, адамзат қоғамы жер бетінде тіршілігін әрқайсысы өзінше жасап жатқан, бір-біріне ұқсамайтын халықтарымен көркем.

Орыстың атақты жазушысы В. Распутин 1986 жылы желтоқсан оқиғасынан кейін Қазақстанға келгенде, журналистерге берген бір сұхбатында қазақтың ұлттық болмысы барлық кезде де сақталуы керек; өйткені қазақ мені өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен қызықтырады; орысша сөйлеген қазақ мені қызықтырмайды, өйткені ол сөйлегенді мен де сөйлеймін, ол білгенді мен де білемін; сондықтан да мен қазақтың қазақ, қырғыздың қырғыз, орыстың орыс болып қалғанын қалаймын; сонда ғана олардың арасында бір-

біріне деген шынайы құрметтеушілік, махаббат орнай алады деген еді. Бүгінгі күндері осы айтылған ойлардың мәні тереңдігіне көз жетіп отыр.

Елбасынан бастап, ұлт зиялыларына дейін, қайнаған өмірдің қақ ортасында жүріп болып жатқан келеңсіздіктерді күніге көріп, басынан өткеріп жатқан ұлт жанашырларына дейін дабыл қағып, айтудай-ақ айтып, айтудан кенде болып жатқан жоқ сияқты. «Қазақ тілі өзінің барша құдірет-қуатымен әлемдік тіл кеңістігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ тілінің жетістігі украин, өзбек жіне орыс тілдерінің жетістігі сияқты, бүкіл адамзатқа ортақ мән-мазмұндық байлықтың бір бөлігі. Әлем халықтарының бірде-бірінің сөздігінде ұшыраспайтын, тек қазақ тілінің мүмкіндіктері арқылы нақтылы құбылысты танып-түсінуге болатын сөздер бар», «Бізге Ана тілімізден асқан тарихи мұра жоқ. Ендеше, оны жан аямай қастерлеуден асқан биік парыз жоқ», «Ана тілін қадірлеу – әр азаматтың перзенттік парызы» (Н. Назарбаев. Ой бөлістім халқыммен. Алматы, -2006, 79-104 беттер), «Қазақ тілі – ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап», «Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін де ұят саналуға тиіс», «Өркениет өнегесі – өз тіліңмен өмір сүру», «Қазақ елі барда қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді», «Ұлтты күшейтудің бір тетігі – туған ана тілі», «Менің де ел басшысы ретіндегі де, қазақ ретіндегі де парызым – қазақ тілін өсіріп, өркендету» («Егемен Қазақстан», 31.05.2008) деген сөздерден қазақ тілінің бар қадыр-қасиеті, қоғамдық өміріміздегі аса маңызды орны, оны дамытуға тиіс халық, елбасы алдында тұрған міндеттер анық көрінеді.

«Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз», «Қазақтың қазақтығының басты белгісі – қазақша сөйлеуі» (сонда) деген сөздері басылып қалған көңілді қанаттандырып, бір марқайтып тастаса, артынша-ақ қазақ министрлерін, тіпті үкімет басшысын қабылдағанда, орысша сөйлеп отырғанын теледидардан көргенде, марқайып тұрған көңілің су сепкендей басылады...

Түріктер «түрік – түрікше сөйлесетін адам» – деп біледі. Осы қағида әлемнің көптеген елдерінде басшылыққа алынады. Сол сияқты «қазақ – қазақша сөйлейтін адам». Кезінде Ататүрік «Түрікше сөйлеспейтін адам түрік мәдениетіне, жамағатына мүше екендігін айтатын болса, оған сену дұрыс емес» – деген екен. Тағы да сол сияқты қазақ тілінің мәселесін орыс тілінде талқылайтын билік басында отырған орыс тілді қазақтардың да орыс тілінде айтқан сөздеріне де сенгің келмейді. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген елбасының сөзі де ұмыт қалғандай.

Халық барлық уақытта да алдыңғы толқын ағалардың үлгісіне қарап, тіршілік жасайды. Тіл туралы қабылданған заңның қағаз жүзінде қалмай, лауазым, зиялы қауым өкілдерінің тілге жанашырлықпен айтқан сөздерінің сол заматта желге ұшып кетпей, жүзеге асуына ат салысу – елбасыдан бастап, қарапайым адамға дейін алдында тұрған абыройлы міндет. Бұл ретте дана халқымыздың «Арбаның алдыңғы донғалағы қалай қарай домаласа, соңғысы да солай қарай домалайды» дегенін естен шығармаған жөн.

Кезінде түркі халықтарын бірлікке шақырып, сол идеялары үшін түрікшілдікпен айыпталып, қуғын көрген Ысмайыл Гаспарлының (Исмаил Гаспринскийдің) ұлт тұтастығы, халықтардың бірлігі «тілде, ойда, істе – бірлікте» екендігін ескерткен сөзі бар. Кезінде Түркия республика болып құрылғанда, оның көсемі Ататүріктің осы бір өміршең қағиданы басшылыққа алып, елін қуатты мемлекетке айналдырды. Мұндай тәжірибелер тарихтың сынынан өтіп, өзін әбден ақтаған. Міне, бізде осы жағы жетісе бермейді.

Бізде тіл туралы заң да, айтылған жақсы ойлар да бар. Жеткілікті. Бірақ солар қағаз жүзінде қалып қойып, өмірге енбей жатыр. Сөз басқа да, іс басқа болып тұр. Ал Қазақстанның қазіргі саяси-рухани өмірі сөз бен істің бір арнадан көрінуін талап етеді.

Ұлт патриоттарының бірі Р. Бердібай кезінде «Мемлекеттің аты «Қазақ республикасы» болмайынша, елдегі барша жұртшылық қазақ халқының төңірегіне ұйыспайынша,

келешегіміз күнгірт болмақ. Кез-келген елде негізгі ұлт болады және басқа диаспоралар соның маңына топтасады; сөйтіп оның ұлттық мемлекетін құруға көмектеседі» – деп, жазған екен. Ұлт өмірі үшін аса маңызды осы бір мәселе күні бүгінге дейін бізде өз шешімін таппай келеді.

Өткен жылы қабылданған «Қазақстан 2050» стратегиясында елімізде жүргізіліп жатқан тіл саясатына жаңаша көзқараспен қарап, болашақ даму бағытын айқындап беруі көңілге үміттің отын қайта жаққандай болды. Мұнда қазақ тілінің «қазақ ұлтын біріктіруші басты фактор», «Қазақстан халқын біріктіруші», «қазақ тілі – біздің рухани қазынамыз» екендігін баса айта келіп, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ деп атайтын боламыз» деп жарияланды. Бұл сөздерді ұлтының ертеңіне елендеулі ұлтжанды азаматтар көптен күткен еді.

Елбасының 2014 жылғы халыққа жолдауында да көңіл қуантарлық ойлар айтылды. Онда ұлттық тілге, ұлттық рухани құндылықтарға, бір сөзбен айтқанда, ұлттық идеяларға негізделген «Мәңгілік ел» бағдарламасы жарияланды. Жолдаудағы «Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ол – қазақ тілі Мәңгілік елдің мәңгілік тіліне айналды. Тіл мәселесін біз даудың емес, ұлттың ұйытқысы үшін пайдалануымыз керек» – деген көтеріңкі рухпен айтылған жолдар еліміздегі қазақ тілінің мәселесіне келгенде көңілге қуаныш ұялатқандай болады.

Десек те осы уақытқа дейін ұлттық даму жолына түсе алмай, басын тауға да, тасқа да соғып, әбден әлсіреген қазақ қауымы осыдан жүз жыл бұрын қалай тура жолды іздесе, бүгінгі күні де сол қалпында алысқа көз жіберіп, жар жағасында тұр. Мағжан айтпақшы, артта жүріп өткен бір жол да, алда сан тарау жолдар тосып жатыр. Қайсысына түсеміз, тағдырымыз соған байланысты.

Өзірше көрініп тұрған екі жол бар. Оның бірі ұлттық даму жолы да, екіншісі – аузын арандай ашып келе жатқан

жаһандану атты жалмауыздың ырқына жығылып, жарқ-жұрқ еткен қызығына тоймай, үлде мен бүлдеге оранып,...

Ал біздің қазақ ұлты, кешегі бір замандарда әлемге түркілік мәдениеттің не бір асыл үлгілерін жасаған көк түріктердің қара шаңырағы қалған қазақ жерінде өмір сүріп жатқан бүгінгі ұрпақтарының бірі, тәуелсіздігін жариялаған егеменді ел, болашақта өркениетті ел боламыз деп алдымызға таудай мақсаттар қойып, ертенімізден үлкен үміт күтетін халық екендігіміз рас болса, ұлттық жаңғыру жолына түсуіміз керек. Басқа жолдар – құрдымға апаратын жолдар.

Қазақстан бүкіл қазақстандықтардың қоғамдық-саяси ортақ үйі болса, сол үйдегілердің рухани бірлігін, рухани тұтастығын, рухани өмірін қамтамасыз етуге қызмет жасайтын мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Ресей Федерациясында тұратын түрлі ұлттың өкілдері өздерін ресейліктер санайтын болса, солардың барлығын бір мемлекеттің халқы ретінде ұйыстырып отырған – орыс тілі. Қазақстанда да қазақ тілі мемлекеттікті нығайтуда дәл осындай рөл атқаруы тиіс. Көп тілділік, көп дінділік, көп мәдениеттілік белгілі бір уақыттарда ғана өзін ақтағанымен де түптің түбінде жарылатын бомба сияқты. Бұған әлемдік тарихтың тәжірибелері мен қазір көп ұлтты, көп дінді елдерде болып жатқан саяси оқиғалар көз жеткізбей қоймайды.

Әрбір тәуелсіз елдің мемлекеттік рәміздері болады. Мемлекеттің туы, әнұраны, елтанбасы сияқты тілі де – оның басты рәміздерінің бірі. Көкбайрақ, елтаңба, әнұран ресми жағдайларда қолданылатын рәміздер болса, тіл – күнделікті тұрмыс-тіршілікте адамның адам екендігін, ұлттың ұлт екендігін паш етіп отыратын мәңгілік рәміз. Ресми рәміздер түрлі жағдайларға байланысты өзгеріп отыруы да мүмкін. Ал тіл – мәңгілік рәміз. Ол ешуақытта өзгермейді. Ол ұлтпен бірге жасап, өмір сүреді; ұлт дамыса, оны паш етеді; ұлт өлсе, онда да сол тілде сөйлейтін ең соңғы адам өлгенде барып, өледі. Сол мемлекеттің тәуелсіздігі, еркіндігі, ұлттық рухани даму деңгейі, болашағы, барлығы да осы

мемлекеттік тілінің жай-күйінен байқалады. Тілі мықты болса, елі де мықты, тілі әлсіз болса, елі де әлсіз. Тіл – сол ұлтты, мемлекетті өрге сүйрейтін рухани локомотив. «Қазақ тілі – қазақтың маңдайындағы жалғыз жарық жұлдызы... Әрбір ұлттың құндылығы мен ерекшелігі – тілінде» (А. Осман. Тіл тәуелсіздігі – ел болашағы. Алматы, 2011, 235, 294-беттер).

Адам үшін ең қымбаты – өмір. Адамзат қоғамының ғасырлар бойғы даму тарихына көз жіберсек, оның адам баласына бақытты қоғам орнату бағытында жүріп отырғандығын байқар едік. Ал адамның бақытты өмір сүруі үшін ол қоғамда қандай жағдайлар жасалуы керек. Философтардың анықтауынша, адамдарды бақытты қылатын ұлттық, жалпыадамзаттық негізгі байлықтар төмендегіше.

Біріншіден, адамның өмірін, денсаулығын, қауіпсіздігін, ішіп-жемін, тұрмысын қамтамасыз ететін **виталдык (vitalatynның өмір деген сөзі. Философиялық тұрғыдан витализм ұғымы тірі организмнің өмір сүрушілік қабілеті дегенді білдіреді) құндылықтар.**

Екіншіден, қоғамның тең құқылы мүшесі болуын қамтамасыз ететін заңды мәртебесінің, мамандығының, отбасының, байлығының болып, солардың арқасында қоғамдық өмірге белсене араласуы секілді **әлеуметтік құндылықтар.**

Үшіншіден, ар, намыс, парыз, әділеттілік, достық, махаббат, үлкендерге құрметтен тұратын **моральдық құндылықтар.**

Төртіншіден, наным-сенім еркіндігі, мінәжат орындарының болуы секілді **діни құндылықтар.**

Бесіншіден, дәстүрге, жаңадан кіріп жатқан жаңалықтарға орай әдемі киініп, әдемі жүріп, қоршаған сұлу ортаны сезініп, соған үйлесімді, әдемі қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін сұлулық, стиль, идеал, үйлесімділіктерді қамтитын **эстетикалық құндылықтар** («Трибуна», 2013, 18 желтоқсан).

Жалпы айтқанда, қазіргі адамзат қоғамында қоғам дамуының деңгейін байқататын осы құндылықтар басшылық-

қа алынып, негізі қаланған. Десек те, түрлі себептерге байланысты адамдардың осыншама құндылықтардың арқасында бақытты өмір сүруіне барлық жағдайды жасап отырған мемлекетті кездестіру қиын.

Әрбір мемлекет өзінің дамуында екі түрлі байлыққа арқа сүйейді. Материалдық байлық пен рухани байлық – ұлттық өрлеудің басты шарты. Ал егер рухани байлықтың ұлт тілі арқылы жасалып, әдебиет, мәдениет, өнер, ұлттық дәстүр, ұлттық тәрбие, ұлттық ғылым түрінде ұрпақтан ұрпаққа беріліп, сол ұлт өкілдерінің толыққанды қалыпты өмір сүруін қамтамасыз етеді дейтін болсақ, сол тілдің кемуі ұлттық рухани қазынаның кедейленуіне апарып соқтырады. Мұның аяғы рухани азғындыққа, ашаршылыққа алып келеді. Ал рухани азғындық пен аштықтың қоғамдық өмірдің тұрақтылығына қауіп төндіретіні анық. Қазіргі қазақ қоғамын тоғышарлық жайлап, рухани азғындық елесі кезіп жүр. Ресми билік тарапынан мемлекеттік тілдің құрметтелмеуі салдарынан ұлттық рухани байлығымыздың құлдырап бара жатқандығы бүгінгі күннің басты трагедиясына айналып отыр.

Алдағы уақыттарда мұндай келеңсіздіктердің алдын алып, қоғамымыздың қалыпты дамуын қамтамасыз ететін бір ғана жол бар. Ол – елімізде тұратын барлық ұлт өкілдерімен бірге негізінен қазақтың мүддесіне негізделген мемлекеттік идеологияны жасап, соны басшылыққа алу. Қазақстанға қызмет ететін, мүддесін қорғайтын идеология болғанда ғана елімізде болып жатқан материалдық және рухани байлықтарымызды талан-таражға түсуден қорғап, аман сақтап қала аламыз. Сондықтан да елімізде жүріп жатқан ұлтсыздандыру саясатының алдына тосқауыл қойып, керісінше, ұлтқа, халыққа, мемлекетке қызмет ететін ұлттық саясатты жүргізетін ұлттық идеологияны төрге шығару – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін зәру мәселесі болып тұр. Бізді аузын арандай ашып келе жатқан жаһанданудың аранына түсіп кетуден аман алып қала алатын бір ғана ұлы күш – ұлттық идеология екендігі әрдайым есте болғандығы жөн.

Тарих – адастырмайтын ақылшы, сабылдырмайтын сабақ. Кезінде Түркия республика болып жарияланып, көп тілді мемлекетте тіл мәселесі өткір талқыланып, күн тәртібіне қойылғанда, Ататүріктің «Біз баянсызға, уақытшалыққа құмар болмауға тиіспіз. Баянсыз нәрсе – қай уақытта болса да – баянсыз. Баянсыз нәрсе сыр бермей тұра алмайды: біраз күннен, не біраз жылдан кейін қоясы аймандай болып, ашылып қалады. Сондықтан біз де баянсыз нәрседен аулақ болайық. Қиын да болса баяндыға ұмтылайық.

Түркияда тұратын 78 ұлттың өкілдерін бір тілде, түрік тілінде сөйлеуге шақырамын. Өйткені бір мемлекетте бір тіл ғана болуы керек. Көптілді, көпділді, көпдінді мемлекеттердің өмірі ұзаққа бармайды. Ондай елдердің болашағы жоқ! Сондықтан да біздің Түркия бір-ақ тілде, түрік тілінде сөйлеуге тиіс!» (Қараңыз: Ә. Нұртайұлы. Бірлігіміз баянды болуы үшін. «Жас алаш», 01.05.2014) – деп, елін жарқын болашаққа бастаған тарихи шешім қабылдағанын тарих дәлелдеп отыр.

Осы бір ғана мысалдың өзі-ақ ұлт тағдырының қандай да бір қиын кезеңдерінде болмасын, тіл мәселесіне келгенде, шегінуге болмайтындығын, барлық уақыттарда да ұлттық мүдденің жоғары тұруы керектігін дәлелдеп тұр.

Қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тірегі, қазақ рухының қан тамыры, бүлкілдеп соғып тұрған жүрегі. Денеге қан жүрмесе, оның тіршілігі тоқтайтындығы сияқты, қазақ рухының бойына қазақ тілі арқылы ғана мүмкін қан жүрмесе, қазақ ұлты да, сол ұлт құрып отырған Қазақстан мемлекеті де түптің түбінде жойылмақ.

Мұхтар Әуезовтің «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?» – дегені кімді болса да ойландыруы керек. «Тіл – елдің барша тірлігінің тұтас архитектурасын асқақтата ұстап тұратын рухани Атлант» (Т. Әбдіәкімов).

Сонымен, осы уақытқа шейін түрлі объективтік, субъективтік себептердің салдарынан Қазақстан мемлекетінің

мемлекеттік тілі саналатын қазақ тілі өзіне жүктелген міндеттерді өз дәрежесінде орындап, өз тұғырына қона алмай келеді. Ауруды емдеу үшін алдымен, оның диагнозын дұрыс қою керек. Осындай мақсаттармен баспасөз беттерінде, басқа да түрлі ақпарат құралдарында түрлі мазмұндағы әр қилы пікірлер бой көрсетуде.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болуға әлі жетілмеген, дамымаған, тек ауылда ғана қолдануға жарап, қалада, білім-ғылым, саясат, экономика, халықаралық қарым-қатынас сияқты салаларға шамасы келмейтін төменгі сатыдағы тіл деген мазмұндағы отарлық кездегі пікірлер күні бүгінге дейін қалмай келеді. Тіпті қазақ тілінің байлығын көрсететін синонимдерді, туыстыққа, мал шаруашылығына байланысты сөздердің көп болып, өндіріске қатысты атаулардың аздығын оның кемшілігі деп, көрсеткен пікірлер де айтылды. Синонимдерді, туыстықты білдіретін сөздердің барлығын қысқартып, олардың орнына бір-бір ғана атаудан қалдыруды да ұсынды. Мұның аржағында қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын, болмысын жойып, еуроқалыпқа салу, халықаралық термин ретінде шет сөздерді көбірек енгізу арқылы ассимиляцияға ұшырату тұр.

Әрине, мұның барлығы да ұлтына шын жаны ашитындардың сөзі емес. Бұл – жат жұрттың тәрбиесін алып, өз ұлтына мұрнын шүйіре қарайтын нигилистердің, іштен шыққан «шұбар жыландардың» айтатыны. Халқының саны жағынан әлемдегі 6-7 мың тілдің ішінде жетпісінші орында тұрған, тіл байлығы, тіл тазалығы жағынан да алдыңғы қатардағы, әлемнің жиырма миллионға жуық халқы сөйлейтін тіл туралы осылайша пікір білдіру сыпайылап айтқанда, ақылға сыймайды; ниеттің тазалығынан емес.

Қазақ тілінің негізгі ауруы – бодандықтың салдарынан бойымызды әбден меңдеп алған құлдық сана мен қазіргі заманда әлемдік ауқымда жүріп жатқан жаһандандудың ақпараттық шабуылдары барысында әлсіреп жатқан ұлттық сана-сезіміміздің қайта оянып, қалпына келе алмай жатқандығы.

Тіл түзелмей, адам да, ұлт та, экономика да, қоғам да түзелмейді; мемлекеттің де, ұлттың да болашағы күңгірттен береді. Өз елінде өз тілінде сөйлемеген, ұлттық дәстүрімен, ұлттық рухани құндылықтарымен өмір сүрмеген, ұлттық мүдделеріне қызмет етіп, болашағы үшін күреспеген адамның мен қазақпын деп айтуға хұқы жоқ. Өйткені тіл – адамзат қоғамындағы әрбір адамның өмір сүруінің рухани өзегі, өмір сүру формасы. Тілі қандай болса, қоғамы да – сондай. Ұлттық тілге, сол тілде жасалынған руханиятқа, рухани құндылықтарға, ұлттық патриотизмге арқа сүйеген ұлттың, мемлекеттің ғана мерейі үстем.

Сондықтан да еліміздің қоғамдық-рухани өмірінде ұлттық тіл саясатын барынша батыл қолға алып, қарқынды жүргізетін уақыт жетті. Бұл дегеніміз – қоғамдық өмірдің барлық саласында іс қағаздарын Қазақстандағы мемлекеттік тіл – қазақ тіліне көшіру деген сөз. Өйтпесек, қазақ тілі қазірдің өзінде-ақ аударма тілге, қоғамдағы тұрмыста ғана қолданылатын екінші тілге айналып бара жатыр. Мұның өзі сайып келгенде, қазақ ұлтының, қазақ ұлты құрған Қазақстан мемлекетінің болашағына қауіп төндіріп отыр. Тәуелсіз мемлекет екеніміз рас болса, еліміздің ішкі-сыртқы тыныстіршілігінің, іс-әрекетінің барлығынан да қазақтығымыздың исі аңқып тұруы керек. Сонда ғана барып Қазақстанның рухани, экономикалық, саяси тәуелсіздігі басталады.

Ұлттық идея, ұлттық идеология мәселелері

Қазақ тілі – қазақ жерін, қазақ елін, қазақтың мүддесін қорғап, болашағын қамтамасыз ететін отаншылдықтың, отансүйгіштіктің, ұлттық патриотизмнің қайнар көзі. «Әсіресе біз сияқты саяси жаулары көп ұлттар үшін ең үлкен сүйеніш отансүйгіштік моралі (патриотизм) бола алады. Отансүйгіштік мораліміз күшті болмаса, тәуелсіздігімізді де, азаттығымызды да, Отанымызды да толық қорғай алмаймыз. Сондықтан түрікшілдік ұлт және Отан мұраттарын бәрінен де жоғары бағалауы керек» (З. Көкалып. Түрікшілдіктің не-

гіздері. Алматы, 2000, 104-105 беттер). Түріктің патриоты айтқан бұл сөздердің тікелей бізге де қатысы бар.

Әрбір ұлттың, мемлекеттің ертеңі өзін-өзі қорғай білуіне тікелей байланысты. Ұлттық идеология – мемлекеттің өзін-өзі қорғай білу иммунитеті. «Бөтен кісі қазаққа ешқандай жақсылық артып әкеліп бермейді. Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр жүзінде бәйге алмайды» (Ә. Бөкейхан). Ал мұның өзі сол тіл арқылы ғасырлар бойы жасалынған ұлттық рухани құндылықтар бойына сіңген адамның ғана қолынан келетін ұлттық патриотизмге тікелей байланысты екендігі тағы да аян.

Демек, ұлттық патриотизм мен ұлттық намысты қалыптастыратын да, дамытатын да – ұлттық тілге негізделген ұлттық идеялар. Ұлттық тілде ұлттық тәрбие алмаған ұлтына қызмет ете алмайды; қиын-қыстау кездерде ұлтына қорған болып, ол үшін отқа да, суға да түсетін патриот бола алмайды. Яғни, ұлт атаулының, мемлекет атаулының тағдыры ең алдымен, тіл мәселесінің, соған сүйенген ұлттық идеялардың қалай шешілгендігіне тікелей байланысты.

Ал ұлттық идеяның өзегі – ұлттық тіл. Өйткені, «... бабалардан қалған тілің ұлттық идея болу керек... Қазақты біріктіретін бірден-бір қасиетті күш ана тілі болуға керек» (Герольд Бельгер. Тіл туралы тезистер. «Ақиқат», 2014, №10, 69-бет).

Патриотизм жайлы Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов «Қазақстандық патриотизм» деген әлі дүниеде жоқ ұғым, тумаған сиырдың «бұзауы». ...Ал қазіргі қоғамда ешқандай идеология жоқ. Адамдардың бар мақсаты қандай жолмен болса да (адал, арам) ақша табуға ғана бағытталған... Патриот болудың негізгі төрт шарты бар. Олар: 1) Отанын, жерін қорғау;

2) өз ұлтының ана тілін ардақтау;

3) ұлттық дәстүрді сақтау;

4) ұлтаралық интернационализм идеясына адал болу.

... Ал жерді қорғау орнына сатайық деп жүргендерді, сатып үлгергендерді немесе ел аман, жұрт тынышта одан үзіп,

көршілерге бөліп бергендерді қалай патриот деуге болады? Мемлекеттік мәртебесі бар өзінің асыл ана тілі тұрғанда, үлкен-кіші жиын-жиналыстарда, өзінің отбасында өзге тілде сөйлейтіндерді қалай патриот дерсің? Ұлттық дәстүрді ұстанбайтын ұл-қыздан қандай патриот шықпақ? Өзге ұлттың ұлын өзінен төмен санайтын санасыздан қандай салихалы азамат өспек?

...Патриотизм – қоғамдық сананың бөлінбейтін бір бөлігі. Шынайы патриотизм ұлтшылдықпен үйлеспейді, шовинизммен сыйыспайды, космополиттікпен қабыспайды.

Қазіргі «қазақстандық патриотизм» деп жүргеніміз, қызуы тез тарап кететін қымыз патриотизм, орысша айтқанда, «квасный патриотизм». Бізге елін, жерін, тілін, ұлтаралық ынтымақты қорғайтын, республиканың гүлденіп, алға басуы үшіншыбындай жанын аямайтынадамдар тәрбиелейтін патриотизм қажет. Әрине, ондай патриотизм бүгін болмағанмен, оған болашақта қол жетері хақ...

Өз басым Қазақстан тәуелсіз ел болып аталғаннан кейін патриотизмнің асыл арқауынан айрылып қалды деп есептеймін. Тәуелсіздікті пайдаланып, үлкенді кішілі азаматтарымыз коррупция қаһармандарына айналып кетті. Жемқорлық жайлаған елде патриотизм байыздай алмайды.

...халыққа тәуелсіздік қажет. Патриотизм – тәуелсіздік қорғаны. Патриоттар – Отан тірегі. Ел патриот болмай, еркіндікті сақтай алмайсың.

Патриотизм – ақыл, ой, сананың салтанаты, табанды тәрбиенің жемісі. Патриоттық тәрбие бойына сіңбеген, бала күнінен ерлер туралы ертегілер тындап, елдікті, ерлікті мадақтайтын тақпақтар жаттап, эпостық шығармаларды етене қабылдамаған адамдар бойында бес кісінің күші болса да патриот бола алмайды.

...Идеологиясыз елде патриотизм болмайды, патриоттар бой көрсете алмайды. Идеологиялық тәрбие ғана патриотизмді ұштап, қайрап, жетілдіріп отырады. Тәрбиенің күшімен шындалған патриотизм қынаптан суырылған қылыштай жарқ етіп, Отанды басқыншы жаудан қорғау сағатында өз қуатын көрсетеді.

...Отаншылдық – адамның туған ел мен өскен жерге деген шексіз сүйіспеншілігі. Сол үшін жан қиюға әзірлік. Отаншылдықтың екінші аты – патриотизм. Ал ұлттық намыс – жеке ұлттың өзіндік моральдық кодексі...

Патриоттық тәрбие мәселесі мемлекеттің түбегейлі жүргізіп отыратын ісі болуы керек...» (Әзілхан Нұршайықов. Патриоттық қанға сіңген қасиет пе? «Ақиқат», 2010, №10) – деп, жазыпты. Патриотизм жайлы бүгінгі қазақ зиялыларының ортақ ойы ретінде халық жазушысының жүрек жарды пікірлерін ұзағырақ болса да келтіре кетуді жөн көрдік.

Патриотизмнің, қазақшалап айтқанда, халқын, туған жерін барынша сүйіп, соған адал қызмет ете білу, яғни ұлтшылдық (мұны тек «менікі ғана болсын, қалғандары не болса, сол болсын» дейтін әсіреқызыл шовинизммен шатастырмау керек. Д. Ы.) қасиеттің ұлттың ұлт болып, мемлекеттің мемлекет болып өмір сүруінде қаншалықты маңызды екендігін кезінде алашшыл Аймауытов төмендегіше пайымдапты: «Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр.

...Бір халықтың ұлтшыл адамдары көбейсе, ұлты үшін жанын салып, сол ұлтты көркейтуге тырыспақ. Адамның өз басының көркеюімен ұлт көркеймейді, ұлты көркейсе, өзі көркейеді. Бір ұлт бақытты болса, ол бақыт сол ұлттың ішіндегі адамдарға да ортақ» (Ж. Аймауытов. Шығармалары. 6 том, Алматы, 2013, 144-бет).

Отаншылдық, ұлтшылдық – туған жердің қасиетін, тарихын, сұлулығын, байлығын мақтан тұту, ана тілін, сол тілде жасалынған рухани құндылықтарды, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді қадірлеу секілді толып жатқан сезімдердің барысында қалыптасқан өзіңнің туған жеріңе, еліңе, мемлекетіңе деген сүйіспеншілік, оны ішкі-сыртқы жаулардан қорғауға барлық уақытта да дайын болу, қажет болған жағдайда жанын пиде ету. Бұл – көбіне ұлттық сана-сезім

оянып, қоғамның дамуы ұлттық дамуға сай жүрген кезде қалыптасатын құбылыс.

Д. Көшім «патриотизм» мен «ұлтшылдықтың» арақатынасын «Патриотизм – жеке адамның өзі азамат болып тұрған еліне деген қатынасы, байланысы жағынан бағаланатын мемлекеттік идеология болса, ұлтшылдық – сол ұлттың мемлекеті болмаса да өмір сүре береді» деген тұрғыда ажыратып, ұлтшылдыққа «Қазақ ұлтшылдығы өмір бойы өзін қорғау, ұлттық құндылықтарын сақтап қалу бағытындағы ұлтшылдық болып келді. Қазіргі қазақ ұлтшылдығы да қарсыластарының жапқан жаласы мен ойдан шығарған өсектеріне қарамастан осы бағытта қалдық. Бұл – қазақ ұлтшылдығының өзіндік ерекшелігі. Басқа ұлттарға үлгі боларлық ерекшелігі» (Д. Көшім. Бізге қандай ұлтшылдық керек? «Алаш айнасы», 31.05.2014) деген тұрғыда айқындапты.

«Патриотизм деген – елдің дербестігіне нұқсан келтіретін сыртқы күштерге қайрат көрсету, олармен саналы түрде күресе білу» (Н. Ешмағамбетов. Сабыр түбі – сары алтын. «Президент және халық». 30.05.2014)-екен.

Ұлттың ұлт болып, мемлекеттің мемлекет болып өмір сүруін қамтамасыз ететін «ұлтшылдықтың», «отаншылдықтың» (патриотизм) негізін тіл құрайды. Өзінің тілін қастерлеп, ұлтын, халқын сүймеген адамнан ешуақытта ұлтына адал қызмет ететін ұлтшыл, елін қасық қаны қалғанша қорғайтын патриот шықпайды. Сондықтан да халқының бойына сол тілде жасалынған ұлттық құндылықтары тамырлап кеткен ұлттың өмірі ұзақ, мемлекеті мықты болады.

Ұлттық идея ұлтпен бірге пайда болып, ұлттық санасезім негізінде осы біз кімбіз, бұрын кім болдық, тамырымыз қайда жатыр, немізбен ерекшеленеміз, мәдениетіміз қандай, адамзат тарихында қандай орын алып келдік, қазіргі қоғамдағы орнымыз қандай, болашақта қандай жолмен жүруіміз керек деген сияқты сандаған сауалдарға жауап іздеу барысында ғасырлар бойы дамып, қалыптасады. Ұлттық идеялар бұрын да болған, қазір де бар, болашақта

да өмір сүре береді. Ұлттық идеяларсыз ешқандай ұлт, мемлекет, қоғам өмір сүре алмайды. Өйткені, әрбір жеке адамды алға сүйрейтін арман, ұлтты, мемлекетті өрге тартатын ұлы қозғаушы күш, ол – идея, халық өмірін жақсартудың түрлі жақтарын жақсартуды көздейтін идеялардың жиынтығы – ұлттық идеология.

Ұлттық идея туралы Жанұзақ Әкім «Ұлттық идея дегеніміз, халықтың әріден алғанда дәуірлік, беріден алғанда ғасырлық мұратын айқындайтын, келешек ұрпаққа жол көрсететін шамшырақ бола алатын заманалық рухани философия. Оның негізгі міндеттері – ұлт пен түркі халықтарын біріктіру арқылы қоғамды тұрақты дамытатын стратегияны анықтау, ұлттық зиялылар мен кәсіпкерлер ішінен ұлттық элита қалыптастыру... Қазақтың бойындағы мәңгілік қасиеті оны құрайтын ру-тайпалары арқылы ықылым заманнан бері сақталып келеді. Қазіргі заманның міндеті осы мәңгі қасиеттерді біріктіріп, оны жаңғырған, өміршен ұлттық идея түріне келтіру болып табылады» (Әкім Ж. Түркі өркениеті негізіндегі қазақ идеясы. Алматы, -2007, 304 бет) – деп жазады.

«Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы» атты ұжымдық еңбекте: «Ұлттық «МЕН» – ді қалыптастыратын тетіктер мен жағдайаттар сан алуан. Оған көшедегі қаптаған жарнамалардан бастап, енді ғана дүние есігін ашқан сәбидің құлағына естілген ән мен үнге дейін кіреді. Солардың бәрінің басын қосатын, бәрін өгіздей өрге сүйрейтін күдірет Ұлттық идея деп білгеніміз жөн» дей келіп, «Ұлттық идеяны таппайынша елде жүріп жатқан реформалар қарын тойдырудың ғана міндетін атқарып шығатындай көрінеді. Ұлттық идеясы жоқ Қазақстанда өмір сүру қазақтан басқаның бәріне майдай жағатын шығар, бірақ, түптің-түбінде өкініште қалатыны – қазақтар. Өзін-өзі жарылқамағанды басқалар ұшпаққа шығарады деудің еш қисыны жоқ. Көлдей жайылып келе жатқан жаһандандудың табанында жаншылып қалмау үшін де ұлттық идеяның өзектілігі мен қажеттілігі күн санап артып келеді» (Сей-

дімбек А., Әбжанов Х., Салғараұлы Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. Астана, «Фолиант», -2012, 248-бет) – делінген.

Демек, ұлт бар жерде сол ұлттың өсіп-өнуін қамтамасыз етіп отыратын ұлттық идея да болады. Ұлт жоқ жерде ұлттық идея да жоқ. Екеуі – егіз. Бірінсіз бірі өмір сүре алмайды. Шын мәніндегі ұлттық идея бір ұлтқа қызмет еткенімен де еш уақытта басқа ұлттарға қарсы бағытталмайды; керісінше, көп ұлтты мемлекеттерде барлық халықтың ортақ мүддесін негізгі ұлттық идеялармен ұштастыра, үйлестіре отырып, олардың бір бағытта дамуын қамтамасыз етеді. Осы бір аса күрделі мәселеде мемлекеттік тілдің осы елде өмір сүріп отырған барлық этностар мен ұлыстарды біріктіруші функция атқаратындығы әрдайым есте болғаны жөн.

Ұлттық, мемлекеттік дамудың тағдыры осы ұлттық идеялардың дұрыс айқындалып, халықтың санасынан берік орын алып, алға қойған міндеттерді орындауға жұмған жұдырықтай жұмылып кірісе алуына тікелей байланысты. Мысалы, қоғам дамуының негізіне жапондықтардың еңбекке ерекше қабілеттілігі алынған Жапония ғылым мен техниканың, экономиканың дамуында тамаша табыстарға жетті. Ұлттық идеяларға сүйену Сингапурде, Малайзияда, Оңтүстік Кореяда да тамаша табыстарға қол жеткізді.

Сонымен, «Ұлттық идея ешқандай да ешкімді тұйыққа тірейтін құбылыс емес. Қайта ол ұлтты өздері қатарлы ұлттармен бәсекелестікке түсіріп, өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылуға бағыттайтын бірден-бір жол. Ол ұлт тұтастығын күшейтіп, заман, уақыт талабына сай өзгенің жақсысын қабылдау арқылыоны эволюциялық жолмен бәсекелестікке лайық дамытып, ғаламдастыру дәуіріндегі өзінің күн астындағы орнын ешкімнен, ешқандай ұлттан кем емес дәрежеде алуына ықпал етеді. Оны орындауға ұйымдастырып, бас-көз болатын мемлекеттік аппарат, әміршілдік-әкімшілік жүйе... Содан соң ұлттық идея қатып, сіресіп қалған ұғым-түсінік емес. Ол – уақыт, заман көрінісіне әрі

талап-тілегіне орай эволюциялық жолмен дамып отыратын қадір-қасиет. ...қазақ зиялыларының ұлтшылдығы ешбіреуге қысым, қоқан лоққы жасамайтын, үнемі өзін-өзі қорғаумен, қорғаныспен келе жатқан ұлтшылдық» (А. Әлімұлы. Ұлт боламын десең, «руыңмен у ішпе, қазақ!» немесе ұлттық идея туралы ой. «Ақиқат», 2014, №11).

Америкада мемлекетті құраушы негізгі ұлт болмағандықтан да ұлттық идеология жеке адамның еркіндігіне, адам құқықтарының сақталуына негізделді. Ал Иранда ұлттық идеология ежелгі классикалық парсы мәдениеті мен исламдық дәстүрге сүйенеді. Ал өздерін ерекше қабілетті санайтын еврейлердің бір кездегі тарихи отанына оралып, ұлттық ошағын құру туралы армандарынан, діни дүниетанымынан тұратын сионизм бұл күндері Израильдің біртұтас ұлттық идеологиясына айналып отыр. Бұл мысалдардан ұлттың алдында тұрған ұлы міндеттерді қалыптасып отырған нақтылы тарихи жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып шешуге халықты бір жұдырықтай жұмылдырып, көтере алатындай ұлттық идеология жасаудың аса маңыздылығы көрінеді.

Ататүріктің «Қай кезде де ұлттық мұрат пен ұлттық мүддеге басымдық беруіміз керек. Халықаралық саясат, еларалық жағдай – мұның бәрі ұлттық мұрат пен ұлттық мүддеден төмен тұруы керек»» дегеніндей, Қазақстан мемлекетінде де оның тілінен бастау алған рухани құндылықтарына бет бұрып, барынша халықтық мүддеге қызмет ететін ұлттық саясат жүргізу – бүгінгі күннің өмір талап етіп отырған басты талабы.

Өкінішке орай, күні бүгінге дейін Қазақстанда ұлттық идеология жоқ деуге болады. Оның басты себебі: Қазақстан көпұлтты мемлекет, сондықтан да бір ұлттың мүддесін қорғайтын ұлттық идеологияның жүргізілуі онда тұрып жатқан басқа ұлттардың құқықтарын аяққа таптау, яғни идеологиялық диктатура болып табылады-мыс. Бұл жерде негізгі мәселе Қазақстанның қазақ ұлты құрған, негізінен өмір сүретін, сондықтан да ең алдымен, осы халықтың тілі, ұлттық мүддесі қорғалу керектігі ескерілмей келгендігі

көзге ұрады. Осы мәселе хақында белгілі қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков «Бізге мықты идеология керек!» деген ойын төмендегіше негіздепті: «Конституция бойынша, біз идеологиясыз мемлекетпіз. Бізге идеология керек. Әйтпесе... мынау қай қоғам? Біз қайда барамыз? Не үшін ата-бабамыз қан төкті? Мына ұлан байтақ жерімізді не үшін қорғады? Қан қайда қалды? Мен осылай ойланып жүрмін. Өз-өзіме сұрақ қоям. Бірақ... билікте, Үкіметте негізінен қазаққа айтатын бір ауыз сөзі жоқ адамдар отыр («Араша.кз» порталы, 12.06.2012), профессор Қ. Атабаев «Дегенмен, ең қауіптісі, жүйелі ұлттық идеологияның болмауы нәтижесінде, бір ұлттың ішінде бірін бірі түсінуден қалған бірнеше әлеуметтік топтардың пайда болып, қазақтың біртұтас ұлт ретінде жойылу қаупінің айқын көріне бастауы» – деп, дабыл қағады.

Қазақстандық неміс жазушысы Герольд Бельгер «Министр, депутаттарды, Президенттің маңайындағы білгіш-белсенділерді қазақша сөйлету керек. Сөйлей алмайды екен, кеуделеріне үлкендігі таба нандай «Сақау» орденін тағу керек. Бізде кедір-бұдыр, шұбар, қотыр сөйлеу дағдыға айналған. Оны көбінесе өзіміз сезбейміз. Тілді қор қылудың басы – осы.

Көшелердегі ірі-ірі мекемелер мен зәулім дүкендердегі жарнама-жазуларға бірауық назар аударыңызшы. Бүкіл Қазақстан қазақ үшін емес, шетелдіктерге арналып, солардың құзырына бағышталғандай. Мұны құлдық психология демеі не дейміз?» (Герольд Бельгер. Тіл туралы тезистер. «Ақиқат», 2014, №10, 70-бет) – деп, ашына жазады.

Шындығында да ұлттық саясат жүргізу, ұлтқа қызмет ету, ұлтжандылық, ұлтшылдық – кейбіреулер ойлайтындай, тек өзіміздің ұлтыма ғана болсын деп, басқаларды жау көру емес, керісінше өз ұлтына қызмет ету арқылы жалпы жұртқа, басқа да ұлттарға қызмет ету деген сөз. Өйткені өз ұлтын сүймеген, өз ұлтының қадір-қасиетін білмеген басқа ұлттарды да сүйе алмайды, олардың да өзі сияқты, өз ұлты сияқты адамдар екенін түсініп, жақын араласып кете ал-

майды. Ұлтты ұлтқа, нәсілді нәсілге қарсы қоятын, өзін өзгелерден жоғары қоятын әсіре ұлтшылдық («шовинизм») пен нәсілшілдіктің жөні бөлек. Біз оған қарсымыз.

Кеңес өкіметі жылдарында ұлтжанды азаматтарды «Дүниені ұлтшылдар бүлдіреді: бір ұлтты екінші ұлтқа дұшпан қылып өсіреді. Ұлтшылдар құрыса, дүниедегі жалпы жұрт бір ауыл, бір бауыр болып кетер еді» деп, айыптап құғындай бастағанда «Абай» журналы оған жауап ретінде «ұлтшылдықтың кісішілдікке ереуілдігі жоқ: әр ұлт тегіс мәдениетті болып теңелсе, кісішілдік өзі де өркендейді, ұлтшылдардың мақсаты басқа ұлттарға қастық ету емес, өз ұлтын қатарға қосу. Кісішілердің өзі де мәдени жұрттан шықпақ. Ұлтшылдық намысын білмеген жұрттан кісішілдік қайдан шықсын!» (Мәнен Тұрғанбаев. Ұлтшылдық. «Алаштың тілдік мұрасы». Алматы, 2009, 179-бет) – деп жауап берген екен.

«Ұлттардың қалыптасуының, сақталуының, дамуының тірегі мен қозғаушы күші ұлтшылдық болып табылады. Ұлтшылдық – саяси тілмен айтқанда, ұлттық идеология» (Т. Сайдуллин. Алты алаш туралы түсінік. «Қазақ әдебиеті» 30.08.2013). Бұл жердегі ұлтшылдықты кеңес өкіметі қалыптастырып кеткендей, басқалардың барлығына да жоқ, тек өзіме ғана болсын дейтін теріс мағынада емес, керісінше, ұлтжанды азаматтың жалпы адамзат баласын, оның ішінде өз ұлтын ерекше сүйіп, бүкіл ғұмырын оған адал қызмет етуге арнауы деп, ұғынған жөн. Ұлтшылдықтың ең алдымен, тілін, туған жерін, ұлтын сүюден басталатындығы белгілі.

«Ұлтшылдық идеясы – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз бар болса, ол да өмір сүреді» (Мұстафа Шоқай).

Кеңес өкіметі жылдарында ұлтына адал қызмет еткен ұлтын сүйген азаматтарды «ұлтшылдықпен» айыптап, қудалағаны белгілі. Міне, осы кездерде Мұстафа Шоқай ұлтшылдық пен шовинизмді шатастырмауға шақырып, олардың аражігін тамаша ашып берді: «шовинизм деп, басқа ұлттардың өмір сүру құқықтарын өз ұлтының мүддесі үшін құрбан ету айтылады» (Алаш көсемсөзі. Алматы, 2010, 47-бет).

«Ұлтшылдық арқылы ғана ұлт қалыптасады, ұлтшылдық ұлт тудырады» (Эрнст Гелнер). Сондықтан да ұлттың өмір сүруінің бірден-бір шарты – ұлтшылдық. Ұлтшылдық болмаған жерде ұлт та болмайды. Ұлтшылдық – ұлттың өмір сүруін қамтамасыз етіп отыратын басты қорғанышы. Ұлтшылдығы әлсіресе, ол елдің ұлттық иммунитеті де жойылып, жеке ұлт ретінде өмір сүру қабілетінен айрыла бастайды. Сондықтан да әрбір ұлт өзін сақтау үшін ұлтшылдыққа негізделген, ұлттық арман-аңсарлардан тұратын ұлттық идеологиясын жасап, оны жүзеге асыратын мемлекеттігін құрып, соның аясында ғана толыққанды өмір сүре алады. Демек, ұлттық идеологиясының болуы ертеңін ойлаған әрбір ұлттың өміршендігінің басты шарты екен.

Гректің идея-ұғым және логос-білім сөздерінің бірігуінен тұратын идеология – белгілі бір әлеуметтік топтардың, ұлттардың мұраты мен мақсаты, мүддесі мен мұқтаждықтары, өзі өмір сүріп отырған өмірге, қоршаған ортаға, әлеуметтік оқиғаларға қатысты көзқарастары жайлы пікірлері мен идеяларының жүйеленген жиынтығы (Қараңыз: Политический словарь. Под редакцией В. П. Халифова. Москва, -1995, 58-бет; Философский энциклопедический словарь. Москва, -1989, 206-бет).

Идеология дегеніміз – «Идеология – кез келген мемлекеттің рухани мәдениетінің жоғары формасы» (Д. Кшибеков. Национальная идея. Алматы, 2007, 199-бет). Яғни, кез келген мемлекеттің қоғамдық даму деңгейін ол жүргізіп отырған ұлттық, мемлекеттік идеологиясынан көруге болады. Ғылыми жағынан жан-жақты негізделген идеология мемлекеттік саясатта қоғамдық өмірдің сандаған проблемаларының ішінен ұлттың, мемлекеттің жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін басты мәселелерін іріктеп алып, шешіп отыруы арқылы даңғыл жолға бағыттап отырады. Ал қоғамдық дамудың бағытын айқындап, бағыт-бағдар беріп отыратын идеология болмаған жағдайда ұлттың, мемлекеттің болашағы бұлыңғыр.

«Жалпы, ұлттық идеология дегеніміз – белгілі бір халықтың, этностың, ұлттың алдағы уақытта өмір сүруінің

өзіндік ұстанымдарының жиынтығы. Егер ұлттық идеология болмаса, ұлт өзінің өмір сүруін тоқтатады. ... мемлекет ұлттық негізде дамығанда ғана ол жетік дамиды. ... ұлттық идеологияның жоқтығы мандайымыздан соғады да отырады. ... Ендігі идеология Қазақстанда тұратын ұлт диаспораларының қазақ халқының төңірегіне шоғырлануы, қазақ мемлекеттігін нығайтуға үлес қосуы айналасында өрбуі қажет.. ...» (М. Тоқашбай).

«Бізге ұлттық идеология не үшін қажет дейтін болсақ, біз қазір өтпелі кезеңді басымыздан өткеріп жатырмыз. Қазақ халқының алдында болашақта ұлттық тәуелсіздігімізді, болмысымызды, мүддемізді, құндылықтарымызды, тілімізді қалай сақтап қаламыз деген сауал тұр. Ұлттық идеология осы сұрақтарға теория жүзінде негізделген, ғылыми дәлелденген объективті жауап беруі керек. Себебі қазақ халқының қазіргі жағдайы өте ауыр және болашағы өте бұлыңғыр. Сондықтан біз әуелі қазақ халқы мұндай жағдайға қалай және не себепті тап болды деген сұрақтарға жауап іздеуге тиіспіз» (Е. Мұханғалиев, «Мәңгілік ел» қазаққа ұлттық идеология бола ала ма? «Дат», 27.02.2014).

«Кеңес өкіметінің кереауыз идеясынан кейін идеология деген сөзді ауызға алудан қашатын болып алдық. Мүмкін, бұл да жөн шығар. Бірақ, өз алдына егемен ел боламын деген мемлекет Ұлттық Идеядан бас тартпау керек еді.

XX-шы ғасырдың сұңғыла саясаткерлерінің бірі Уинстон Черчил: «Ұлыбританияның жауы да жоқ, досы да жоқ, ұлттық мүддесі ғана бар» деген. Ұлттық мүддесі жоқ елдің ұлттық мемлекет те жоқ деген сөз бұл.

Қазақта ұлттық идея бар ма? Бар, әрине. Оның ең **біріншісі**, ата-бабамыздың қаны мен терінің арқасында аман қалған ұлан-асыр ұлттық территориямыздың тұтастығын сақтау. **Екіншісі**, сол кеңістікте өмір сүріп жатқан өзіндік дәстүр-салты, әдет-ғұрпы бар жұртымызды жаһанданудан сақтап қалып, оның шын мәніндегі ұлттық тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Қаза берсең, шыға береді. Бүгінгі таңда соның ең бастысы – ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесін күшейтіп, бүкіл

дүние жүзіндегі мәдени ұлттық экономикалық, әлеуметтік дамудағы озық үлгілерді өз бойымызға терең сіңіріп алу болып тұр.

Республикамызда ұлтаралық татулық бүгінде өз жемісін берді. Бұл да біздің ұлттық идеямыздың маңызды бір саласы еді. Ендігі мәселе ұлттық рухымызды тексіз космополитизмге айырбастап алмауымыз керек.

Қазақтың ұлттық идеясын аспаннан іздеп керек жоқ. Бәрі де Абайда тұр. Қанағат. Еңбек. Талап. Ой. Рахым. Абай бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол деп тегін айтпаған. Біздің қазақ Абай айтқан бес нәрседен қашып, бес нәрсеге асығуы керек. Ұлттық идея, міне,— осы!» (ақын *Серік Ақсұңқарұлының фейсбуктегі жеке парақшасынан*).

Ұлттық саясат жүргізу тікелей ұлттық идеологияға сүйенеді. Ал ұлттық идеология бір ұлттың басқа ұлттарға диктатуралық жолмен өктемдігін жүргізу үшін емес, керісінше солардың да қамын жауапкершілікпен ойлай отырып, мемлекетті құрып отырған ұлттың мүддесін қорғау, барлық ұлттардың тату-тәтті қатар бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету, соңында барлық халықтармен бірге мемлекетті күшейту үшін қажет.

Сондықтан да «Ұлттық мұратты бекіту – қоғамдағы барлық күштің рухани бірлік негізі» (Е. Сыдықов. Қазақтың рухани жерұйығы. «Егемен Қазақстан», 08.11.2014); ертеңін ойлаған елдің ең алдымен, ойластырар, мешер мәселесі болып қала бермек.

«Әсіресе жас мемлекетке идеология керек. Себебі: біріншіден, біздің ұлттық мәдениетіміз, санамыз заман өзгерген сайын сырттың ықпалына түсті. Күлтегін мен Тонькөктің сына жазуындағы ұлы идея – тәуелсіздік идеясы бүгінгі заманға сол қалпында жеткен жоқ. Өзгерістерге ұшырады (Жұртбай Т. Біртұтас алаш идеясы. Алматы, -2014, 3-бет; Сүре сөз. Алматы, -2005, 134-бет).

Қазақстан жағдайында елімізде ұлттық идеология мемлекеттік идеология негізіне алынып, ең алдымен, көпшілік халықтың, содан кейін басқа да этностардың мүдделері

қорғалғанда барып, қоғамымызда тыныштық орнап, қалыпты дамитын боламыз. Дәл қазір қазақ қоғамында осындай жағдай бар деп, айта алмаймыз.

Талдаушылардың байқауынша, қазіргі қазақ қауымында ұлттық мемлекеттік идеология жоқ. Оның есесіне үш түрлі мемлекеттік идеологияның компоненттік белгілері көрініс береді.

Оның біріншісі – «**мемлекеттік-идеологиялық**» бойынша, Қазақстанның саяси және экономикалық тәуелсіздігі табанды түрде қорғалады; территориялық тұтастығы сақталады; тәуелсіз сыртқы саясат жүргізіледі; басқа да этникалық топтардың заңды мүдделері мен құқықтарын құрметтей отырып, мемлекеттік басқаруда ұлттық (қазақ) компоненттер арта береді; мемлекет дегеніміз, территория ғана емес, ортақ мәдениет, ал бүкіл Қазақстанның мәдениетінің ядросы қазақ мәдениеті болады; ал қазақ мәдениеті түркі мәдениетінің, түркі мәдениеті өз кезегінде әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі.

Ал екіншісі «**девелопменталистік**» негізінен, қоғамдық-экономикалық дамуды ғана көздейді. Негізгі мақсаты – Қазақстанды саяси, экономикалық тұрғыдан барынша дамыған елге айналдыру («Қазақстан 2030», «Қазақстан-2050 бағдарламалары»), сөйтіп, даму деңгейін «азия барыстары» атанған Сингапур, Малайзия сияқты елдердің деңгейіне жеткізу; «алдымен, экономика, саясат соңынан». Бұл жердегі ұлттық компонент этникалық тегіне қарамастан, қазақ деп, бөліп жармастан, барлық Қазақстан халықтарын осы биік экономикалық мақсаттарға жету жолында топтаса түсуге қызмет етеді.

Үшіншісі – «**демократиялық**». Демократиялықта негізгі стратегиялық мақсат – Қазақстан халықтарының бірлігі; жеке адамдар мен қоғамдық мүдделердің үйлесім табуы; ұлтаралық татулық арқылы жан-жақты дамыған қоғам құру; әлемдік қоғамдық дамудың озық тәжірибелеріне сүйене отырып, өзгелерге ұқсамайтын, тек бізге ғана тән Қазақстандық даму моделін жасау (Қараңыз: Михаил Калишев-

ский. Казахстан: Национальные особенности идеологического строительства. «Фергана.ру», 13.11.2013).

Шындығында да қазіргі Қазақстанның қоғамдық дамуынан, идеологиялық бағытынан осы үш түрлі модельдің белгілері айқын көрінеді. Сөз жүзінде ұлттық мәселелер басым көрінгенімен де іс жүзінде екінші және үшінші бағыттың мақсаттары жүзеге асырылуда. Кейде үш түрлі бағыт тоқайласып қалғанда, бір-бірімен үйлеспей, қайшылыққа ұшырап та жатады. КСРО-ның кезінде «Қазақ республикасы» аталып келген елдің тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттықты білдіретін «қазақ» сөзінің орнына территорияның атын білдіретін «Қазақстан» атауының қолданылып, «Қазақстан Республикасы» аталуын, сонымен бірге ресми іс қағаздарында «қазақ» сөзінің орнына көбіне «қазақстандық» атауының қолданылуын, конституция бойынша, қазақ тілі мемлекеттік тіл бола тұра президенттік, парламенттік биліктің барлық сатыларында дерлік орыс тілінің қолданылуын осындай себептермен түсіндіруге болады.

Тәуелсіз елдің басты бір ерекшелігі – сол мемлекетті құрған титулды ұлттың болуы. Мемлекет сол титулды ұлттың мүддесін қорғайды; оның мәңгілік сақталуына қызмет етеді. Қалай десек те Қазақстан мемлекетін құрған – қазақ. Сондықтан да қазақ еліндегі барлық мәселе осында бірге өмір сүріп жатқан диаспоралардың да жағдайын да ойластыра отырып, негізінен, қазақ халқының болашағына орай, яғни «Мәңгілік ел» болуын қамтамасыз ету тұрғысынан шешілуі тиіс.

Қазақстан қазақ ұлтының атынан құрылған ұлттық мемлекет бола тұра күн бүгінге дейін ұлттық идеологиясыз өмір сүріп келді деуге болады. Оның басты себептері елімізде тұрып жатқан өзге де ұлттардың қамын жеу, басқа этностардың қазақтарға деген оң көзқарасын сақтау, ұлтаралық шиеленістердің алдын алу болатын. Ұлтқа, мемлекетке қызмет ететін ұлттық идеологияны жасап, оны іске қосу бүгінгі күннің аса маңызды мәселелерінің бірі болып

күн тәртібінде тұр. Міне, ұлт үшін, Қазақстан мемлекетінің болашағы үшін аса маңызды осы бір толғағы әбден жеткен мәселе саяси тұрғыдан өз шешімін табар күн де тұған сияқты.

Орыстың ұлы жазушысы Ф. М. Достоевскийдің «Асқақ идеясыз адам да, ұлт та өмір сүре алмайды» деген болатын. Шындығында да үлкен жетістіктер алға үлкен мақсаттар қою арқылы ғана қол жеткізеді. Әр адам өмір бойы арман қуалап өмір сүріп, бақытына қол жеткізетін болса, ұлт та – осылай. Әрбір ұлттың қоғамдық даму жолын дұрыс айқындауы ұлттық идеялар арқылы ғана жүзеге асады. Осы уақытқа дейінгі Қазақстан жел қалай қарай соқса, солай қарай ығатын ескексіз қайықты көзге елестетсе, енді барар жері де, басар тауы да анық, оған қалай барудың жолдарын да, қандай қиындықтар кездесе де оны қалай жеңуді білетін демократиялық зайырлы мемлекетке айналары анық.

«Ұлттық идея дегеніміз, халықтың басым бөлігі қабылдаған ұлттық құндылықтар жүйесі болып табылады. Ал ұлттық идеяның құндылықтарын ұлттық саясат, ұлттық мәдениет, ұлттық мүдде, ұлтқа қоғамдық бетбұрыс құрайды» (Ә. Қайдарова, Рухы күшті ел ғана мықты мемлекет бола алады. «Айқын», 05.02.2014).

Сонымен, орынды пайдалана білсе, ұлттық идеялар, сол ұлттық идеялардан тұратын ұлттық идеология – қоғамның, оның ішінде ұлттар дамуының бағыт-бағдарын дұрыс көрсетіп тұрар бірден-бір шамшырағы. Ұлттық идеясыз бір де бір ұлт өмір сүре алмайды; одан бас тартқан ұлттың болашағы жоқ.

Тарихқа көз жіберсек, қоғамдық өмірдің қарқынды даму жолына түсіп, аз ғана уақыттың ішінде тамаша табыстарға қол жеткізіп, бүгінгі күндері әлемдік өркениеттің көшін бастап отырған елдердің барлығы да осы ұлттық идеологияны ту етіп, оның бар мүмкіндіктерін пайдалана білгендігін көреміз.

Англияның, Германияның, Жапонияның екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қоғамдық-экономикалық даму

жеткен қарышты қадамдары ұлттық идеялардың қозғаушы күштерін іске қоса білудің арқасында ғана мүмкін болды. Осы жолдың өміршендігін өткен ғасырдың соңында Сингапур, Оңтүстік Корея, Таиланд, Малайзия сияқты елдер тағы да дәлелдеді. Сондықтан да біз Қазақстанның мемлекеттік іргесін бекіте түсетін, мемлекет құрушы қазақ ұлтының арман-аңсарларына негізделген ұлттық даму жолдарының өзегіне айналатын ұлттық идеологияның жасалуына, тәуелсіз Қазақстанның осы жолмен дамуына аса мүдделіміз. Сонда ғана барып біз территориямыздың тұтастығын, халқымыздың бірлігін сақтап, экономикалық, қоғамдық-саяси, рухани дамуға қол жеткізіп, тәуелсіздігіміздің туын биікке көтере аламыз.

Ұлттық идеологияда туған жердің, қазақтардың барынша қасиетті санаған атамекеннің амандығы, қазіргі сөз саптаумен айтқанда, территория тұтастығы негізгі мәселе болып табылады. Өйткені, тұратын «үйі», яғни тіршілік ететін, өсіп-өнетін жері болмаса, ондай ұлттың болашағы жоқ. Жер бетінде алты мыңдай тіл, яғни ұлт бар десек, соның екі жүзге жуығында ғана мемлекеттігі, демек жері бар. Сонда тілдердің көпшілігінің, сонымен бірге оларды сақтауға тиіс ұлттардың да ертеңгі күні – бұлыңғыр. Әлемдегі барлық соғыстар ұлттардың тіршілік ету үшін ұлттарақтай жер үшін таластарынан туындаған десе де болады.

Сондықтан да бір тілде сөйлеп, сол тілде жасалынған рухани құндылықтармен, материалдық байлықтарымен өмір сүретін ұлт құрған мемлекеттің ең алдымен ойластыратыны, шешіп, жүзеге асыратын саясаты территориялық тұтастықты сақтау болып табылмақ. Сондықтан да туған жерін сүйеге, отаншылдыққа тәрбиелеу, қажет болған жағдайда қасық қаны қалғанша өзі өскен елін, жерін қорғауға дайындау сияқты мәселелер ұлттық идеологияның негізін құрайды. Сол сияқты қазақтар үшін «Бабаларымыздан қалған жер – біздің жеріміз. Оны жас ұрпақбілу керек және есте сақтау қажет. Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі ең бастысы – оларды ұлттық құндылықтарға баулу. Өйткені,

ұлттық құндылықтар – кез келген ұлттың ең биік игілігі» (Е. Сыдықов. Қазақтың рухани жерұйығы. «Егемен Қазақстан», 08.11.2014) әрдайым есте болғаны жөн. .

Осы уақытқа дейін Қазақстанда қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты мемлекеттік идеология ретінде көп-ұлтты республиканың тұтастығын сақтайтын ұлтаралық келісімге барынша мән беріліп, барлық ұлттардың құқықтары бірдей қорғалып келсе, енді еліміздегі демографиялық ахуалдың өзгеруіне байланысты қазақ халқының мүддесіне басымдық беретін кез келген сияқты. Бұл дегеніміз – әрине, басқа ұлттардың есебінен деген емес, керісінше, оларға да жағдай жасай отырып, мемлекет құраушы ұлттың мүддесіне басымдық беру деген сөз. Өйткені, ұлттық идеология – ата-бабалар мекенінде ғасырлар бойы өмір сүріп жатқан қазақтардың арман-аңсарларын жүзеге асыратын, бақытты болашаққа бастайтын, ең соңында бақытты қоғамға қол жеткізетін бірден-бір үміті.

Қазақты сақтайтын бірден-бір қорған – ұлттық идеология. Оның болмауы, немесе әлсіздігі халықты ұлтсыздануға соқтырып, мұның аяғы ұлттың жойылуына алып барады. Өкінішке орай, қазіргі қазақ қоғамында ұлтсыздандудың кейбір нышандары өріс бере бастады. Ұлттық тілдің, ұлттық мәдениеттің әлсіреуі салдарынан ұлттық намыс, ұлттық рух сияқты ұлтты өрге сүйрейтін ұлы күштер жоғала бастады. Ал «Ұлтсыздану – ұлтты бір-біріне қарама-қарсы, ымыраға келмейтін жікке қақ бөледі. Өз ұлтының тамырынан ажыраған бейбақтар пиғыл-ниетімен, тілімен, күнделікті өмір тұрмысымен, жүріс-тұрысымен, қылықтарымен оқшауланып, туған ұлтының мәдениетіне, дәстүріне, жатжұрттың, бөтен елдің түсінігімен қарап, көзге шыққан сүйелдей көрінеді... Біздің қазіргі билікті «қазақшыл» деуге мүлдем келмейді. Жалпы, Ұлтсыздандудың басшылықтан, әкімшіліктен бастау алып, олардың отбасылары, туған туыс, көрші-қолан, атқосшылары арқылы жалпақ жұртқа «жұқпалы сырқаттай» тарайтындығын жоққа шығаруға болмайды. Сосын, ұрпақ алмасқан сайын жат болмыс, бөтен

тіл, бөгде мәдениет күшейіп, өз ұлтының тілі мен ділі, салт-дәстүрі әлсіреп, жойыла бастайды» (Достан Қ. Ұлтымызды ұлықтайтын – қазақтың қара баласы. «Айқын», 26.12. 2012).

Ұлттық идеология орынды қолдана білсе, сілтегенін кесіп түсер, пайдалана алмаса, өзіне де, өзгеге де зақым қылар алмас қылыш сияқты. Әсіре қызыл ұлттық идеялардың шовинизмге, нәсілшілдікке апарып ұрындыратыны әр-дәйім есте болғаны лазым.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы халыққа жолдауында мемлекетіміздің саяси даму бағыты «Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы.

Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы... Қазақ Елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!» – деп айқындалды. Қоғамдық дамуымыздың осылайша айқындалуы еліміздің ұлттық даму жолына түсуіне үлкен серпін әкелер елеулі тарихи оқиға, рухани өміріміздегі жаңа дәуірдің басталуы деп түсіндік.

Бұл жерде мына бір жәйт әр-дәйім есте болуы керек: біз алға қойған ұлттық мақсатымызға елімізде бірге қатар өмір сүріп жатқан бауырлас халықтарды, басқа да этностар мен ұлыстарды топтастыра білсек қана жете аламыз. Осы бір аса маңызды мәселе жайында Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі, Қазақстан күрділерінің «Барбанг» қауымдастығының төрағасы, филология ғылымдарының докторы, профессор Князь Мирзоев «Біз бір ел, бір халық болып, ұйымдаса білсек, жеңбейтін жауымыз жоқ. Сондықтан да ассамблея үшін маңызды мәселенің бірі – Қазақстан халқы бірлігінің факторы ретінде мемлекеттік тілді дамыту болмақ» (К. Мирзоев. Бірлігіміздің факторы – мемлекеттік тілді дамыту. «Алматы ақшамы», 20.04.2013) – деп жазды.

Сонымен, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы қасиеттеп келген тілімізді, сол тілде жасалынған не бір асыл рухани құндылықтарымызды, жалпы ұлтымызды Батыстан аузын арандай ашып келе жатқан жаһандандудың аранына түсіп кетуден қорғап, сақтап қала алатын – тек ұлттық идеология ғана. Сондықтан да «мен қазақпын» дейтін әрбір саналы азаматтың, одан қалды біртұтас ұлттың қазіргі заманға лайықты қалыпты өмір сүруін қамтамасыз етіп, өркениетке қарай бастайтын толыққанды ұлттық идеологияның қажеттілігі бүгінгі аумалы-төкпелі заманда аса зәру мәселе ретінде күн тәртібінен түспейді.

Тіл үшін күрес жалғаса береді

Егер ұлт тілінен, сол тілде жасалынған ұлттық құндылықтарынан айрылса, әр халық өзіндік ұлттық даму жолынан жаңылса ары қарай не болмақ? Жер бетінде бар халық бір тілде сөйлеп, бірдей ойлап, бір-бірімен оңай түсінісіп, жер бетінде тыныштық орнай ма, әлде...? Енді, осы бір мәселені қозғап, әлеуметтік желіде жарияланған мына бір материалға көлемдірек болса да көз жүгіртіп, азырақ ой елегінен өткізейік:

«Онда халық азғындыққа ұшырайды, өз тегінен, өз ұлттық концептісінен айырылады. Мәселен, Атлантида деп ат қойып жүрген өркениет өз миссиясынан жаңылғандықтан да Құдай оған зауал жіберді. Еврейлер де дәл солай болды. Қазіргі дәуірде де сол жағдай қайталанып жатқан тәрізді. Өз миссиясынан айырылған халықтардың барлығы азғындалуда. Дәл Америка құрамасы осынау азғындықтың бастамасы еді. Себебі өзге континентке аяқ басқан ағылшындар өз функциясынан айырылды... Ал этноцентристік танымды, ұлттық мүдде дегенді ғаламдану құбылысына айналдырған Еуропа да азғындықты бастан кешіріп жатыр. Еуроцентристік санадан басталған бұл құлдырау ұлтсыздану ғасырына әкеліп берді. Еуропа фетимизм, гендерлік саясат, гомосексуализм, демографиялық дағдарыс тәрізді дерттерге шалдықты...

Ал үш мың жылдық тарихы бар көшпенді жұрттың тікелей ұрпағы қазақ халқы туралы не айтуға болады? Бізде де ұлтсыздану ғасырына еліктеушілік, өзгеге мойын бұрушылық психологиямен бұл процесті бастан кешіріп жатқанымыз шындық. Сондықтан да біз антиэтностық эраның құрбанына айналудың алдында тұрмыз, филогенетикалық жадымыздан айырылғалы отырмыз. Бұл қасіретті айналып өту үшін не істеуге болады? Ұлттық символ – тілімізді, тарихи жадымызды қалпына келтіретін философиялық танымымызды ояту қажет. Жоғарыда айтқан тіл де, миф те біздің еншімізде бар дүниелер. Бір ғана қазақ тіліміз хақында қандай тамаша пікірлер мен фактілер бар: қазақ тілі – ең бай он тілдің қатарына жатады (нақтырақ айтсақ 3 орын!), қазақ тілі – архетипін сақтап қалған көне тіл, қазақ тілі – түрік халықтары ішіндегі ең икемді және көркем тіл, қазақ тілі – мәдениетке бай тіл, қазақ тілі – тінін жоғалтып алмаған таза тіл.

Тегінде, мәдениеті мықты халық қана көркем тілді жасай алады. Бұл қарапайым ғана формула. Ал қазақ халқы өзінің кемел мәдениетімен көркем тілді қалыптастырып отыр. Әлемдегі көнелігін ең жоғарғы сапада сақтап қалған тіл – араб тілі. Бұл халықтың тілінің бай және таза болу себебі, Құран түскен ғасырдан бері (VIIғ.) өз тілдерін нормалауды жүзеге асырып отырды. 14 ғасыр бойы өз тілдерін нормаға түсіру арқылы лингвистикалық потенциалын арттырумен болды, олар тілді нормалауды саналы түрде бастаған алғашқы халық еді. Бұл тілдің 14 ғасыр бұрынғы тілден еш айырмашылығы жоқ. Ал ағылшын тілі кешегі 3 ғасыр бұрынғы типіне еш ұқсамайды. Қазақ тілі де өзінің тамаша мәдениеті арқылы өз тілін сан ғасыр бойына сақтай алды. Түркі халықтарының барлығы қазақ тілін түркі тілдерінің – түп-тегі, түркі тілдерінің ішіндегі ең таза да көне, әрі көркем тіл ретінде мойындайды. Тіпті, Осман түріктері қазақ тілін бүкіл түркі халқының ортақ тілі қылайық деген де ой суыртпағын танытқан болатын. Кім білсін, болашақта түрік халықтарының ортақ одағы құрылып жатса, қазақ

тілінің түрік халықтары арасындағы статусы орнығатын болар. Барлығын да абсурд ретінде көргеніміз дұрыс болмас. Түркология ғылымына тек қазақ тілі арқылы келуге болатынын тағы ұмытпайық. Ал түркология саласына қызығушылық танытқан шетелдік ғалымдар міндетті түрде қазақ тіліне арқа сүйейді. Себебі, қазақ тілі түркі дәуірінің көнелігін сақтаған тіл. Ал өз кезегінде қазақ тілін меңгеру өзге де түркі тілдеріне жол ашып береді.

Орыстар өздерін Кирилл мен Мефодияның ұрпағымыз деп санаса, онда неге өзге тілдерге қамқорлық жасамаймыз деген ойды айтады. Бұл екі шіркеу шәкірттері Византия дәуірінде «үш тілдік доктринаның» (шіркеу тілдері – еврей, грек, латын) дәуірі жүріп тұрғанда «әр тіл Құдайға құлшылық ету құралы» деп, өзге тілдерді де сақтап қалуға тырысқан. Және ол үшін славян халқына кириллица қарпін ойлап тауып, орыс тілінің көне нұсқасын жасаған. Содан бері бұл қаріп славяндар үшін еш қадірін жоғалтқан емес. Демек, орыс халқы әлем алдындағы өз миссиясын есіне түсірді. Ал біз ше?

Біздің миссиямыз – тіліміз, діліміз, мәдениетіміз үшін күресу болар. Біз, түркілер мәңгілікті аңсаған жұрт едік қой. Бұл әсте абсурд емес, бұл шындық! Тарихи әрі мәдени байлығымызбен неге ұлттық идеологиямызды құрай алмай отырмыз? Жалғыз ғана қазақ тілі ұлттық идеологияға сұранып тұр ғой?! Кеше ғана бұл әлемді билейін деп тұрған тіл еді ғой. Қыпшақ дәуірінде бұл бүкіл еуропалықтар үйренуге ниет еткен тіл болатын. Бүгінгі дәуірде де біздің тілді үйренгісі келіп отырған шетелдіктер бар және олар ең бірінші болып біздің мәдениетімізге қызығушылық танытып отыр. Адамзат өркениетінде үлкен орын алатын ұлы мәдениет түріктестердің керемет мәдениетін жоққа шығаратын еуроцентристік сана әлі күнге дейін әсер етпегенде, бүгінгі дәуірде біздің мәдениетімізге деген ынта мүлдем басқа ракурста болатын еді.

Алайда, қазірдің өзінде этностық-эгоистік принципті ұстанған еуроцентризм ернеуін жиып келе жатыр. Демек,

ертенгі таңда әлемдік толеранттылық тенденциясы бойынша біздің мәдениетке қызуғушылық одан әрі артуы ықтимал. Мәдениетке деген қызуғушылық тілді меңгеруге деген жолды ашып бермек. Қазақтың өзі менсінбей жүрген өз тілін өзгелер пір тұтып журуі әбден мүмкін. Қазақ тілін лингвистикалық жағынан алсақ та өте тиімді тіл. Орыс тілі мен қытай тілі сияқты үйренуге аса қиын да тіл емес. Тек жоғарыда айтқан қазақ тілінің көптеген пиарға сұранып тұрған қасиеттерін біз өз дәрежесінде дәріптей алмай отырмыз. Қазақ тілі болашаққа бағыт ала алатын, векторын кардиналды бағыттап алатын тіл. Тек біраз ғана қолдау мен қолдану ғана керек. Шынымен де, қазақ тіліне пиар жетіспейді. Біздің миссиямыз – тіл үшін күресу» (Қ. Слямбеков. Тіл – мифология, ұлттық идеология. «Мемлекеттік тіл» порталы, 20.12.2013).

Түбін қазып келгенде, жер бетіндегі майдандардың барлығы да тіл үшін болған. Өйткені, «Тіл – мәдени өркендеудің басты факторы. Тіл жоқ жерде халық біріншіден, ұлттық бет-бейнесінен айрылып қалады, екіншіден, рухани, мәдени тозғындауға ұшырайды. Тілсіз, сөзсіз ақыл мен ойды қозғай алмайсың. Ал ой-санасыз сөз жоқ. Яғни, сөйлей білмесе, хайуаннан айырмасы аз» (Тельжан Шонанұлы); «Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті» (Мағжан Жұмабаев); «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін білмеген ел – ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт» (Халел Досмұхамедұлы). Демек, тіл дегеніміз – адам, ұлт, ұлттың өмірін қамтамасыз ету үшін құрылатын мемлекет, жекелеген адамдардың, ұлттардың, мемлекеттердің мүддесі.

Тіл – ұлттың жаны мен қаны. Жансыз, қансыз тіршілік иесі болмайтындықтан да тілсіз ұлт болмайды. Сондықтан

да ұлттық мемлекетте ұлттық тіл мәселесінің дұрыс шешім табуы шешуші роль атқарады. Күнделікті әлеуметтік өмірде туындап отыратын тіл мәселелерін күн тәртібіне дер кезінде қойып, шешіп отыратын тіл саясатын жүзеге асыру қоғамдық дамудың бірден-бір кепілі.

Қазақ тілінің мәселесі тәуелсіз ел болсақ та шешілмей, ол үшін күрес күн сайын жалғасуда. Тіл мәселесі күн тәртібінен түспей, ақпараттық құралдардың бетінен түспей, айтылудай-ақ айтылып жатыр, оны есітер құлақ, ұғар жан болса. Енді осы тақырыпқа қатысты бір күнде (19.09.2013) баспасөз бетінде көрінген материалдарға құлақ салайық:

«Біздің ана тіліміз – біздің анамыз. Анасынан айрылған бала қандай күйге ұшырайды!? Сол сияқты қазақ тілі жоғалса, қазақ ұлты да жойылады. Өйткені ұлттың өзегі – ұлттық тіл. Өзек кеткеннен кейін өзге компоненттер (мемлекеттілік, территориялық тұтастық, гендік бірөнкейлік: бетіміздің жалрақтығы мен түсіміздің қоңырқайлығы және т.б.) ұлтты сақтай алмайды және ұлттың сақталуына кепіл де бола алмайды. Ұлтты сақтайтын және ұлттың сақталуына кепіл бола алатын жалғыз-ақ шарт, жалғыз-ақ құндылық бар. Ол – ұлттық тіл. Ол – біздің ана тіліміз. Демек, жасырыны бар, жасырын емесі бар, көзге көрінетіні, көзге көрінбейтіні бар, ана тілімізге қарсы қылық-құлықтар мен үлкенді-кішілі әрекеттердің барлығы да біздің елімізде бұдан былай «қылмыс» деп бағалануы тиіс. «Қазақ ұлтына, қазақ ұлтының болашағына қарсы бағытталған қылмыс» деп бағаланып, қатаң жазалануға тиіс» (Мемлекеттік тілді қолдау – ел бірлігін қолдау! «Жас алаш», 19.09.2013);

«...Ал біздің билік қайрансыз халқын жаһандану деген тажалдың аузына айдап салып, алқындыру, қылқындыру дүрбелеңін әлдеқашан бастап жіберді. ...Қазақстанда әлем таныған осы мемлекеттің атын алған ұлттың мүддесі әбден аяққа тапталып, тұралаған, жылап-еңіретерлік жағдайда. Қазақ қазақтығын айтуға арланады. ...қазақ мүддесімен, қазақ тілімен ойы ұштаса бермейтін орыстілді қазақтар күшейіп тұр. Билік аппаратының буынды жерлерінің бірінде солар қонжиып отыр. «Қорықсаң, орыстанған қазақтан қорық»

деген екен аузы дуалы бір ағамыз. Сол рас болып шықты. «Қара орыстар» азайған орыстардың орнын ой-түсінік, мақсат-мүдделерінің қазақ тілділерге қабыспайтындығымен еселеп толтырды» (Талғат Айтбайұлы. Тіл үшін күресе білейік. «Жас алаш», 19.09.2013);

«Қазақ тілінің мемлекеттік тілінің мәртебесінің аяққа басылғаны сондай, оны кез келген көлденең көк атты мазаққа айналдыратын болды. Мемлекет өзінің қарым-қатынас құралы ретінде қазақ тілін қорғай алмауы арқылы мемлекеттік мәртебенің мазаққа ұшырап отырғанына назар аударатын мезгіл қашан тұмақ? Енді қазақ тілі мемлекет пен халықтың арасындағы қатынас құралы есебінде қалыптаспағаны былай тұрсын, оны кейбір қаскөйлер елдегі ұлтаралық, этносаралық, адамаралық қатынастағы ең даулы нысанға айналдыруға шебер болып алды. Және бұл жағдайларда зардап шегетін де, жазаланатын да қазақ тілінің тұтушылары ғана болып отырғанын сіз жақсы білуіңіз керек.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, мекемелердің, мемлекеттік қызметшілердің бұл тілді қорлағаны аздай, енді коммерциялық ұйымдар қазақ тілді азаматтардың құқықтарын көрер көзге масқара ететін жағдайға душар болдық. Бұл жайт қазақтарды былай қойғанда, қазақ тілді қазақстандықтардың өз елінде, өз жерінде күнделікті қорлануы нормаға айналды. Мемлекет мұны көрмегендей кейіп танытып отыр. Бұдан әрі қазақтілді азаматтар өз тілі арқылы амалсыз азаматтық қорғанысқа көшуге мәжбүр болуда. ...Біз Қазақстанның азаматтары ретінде де, қазақ халқының өкілі ретінде де бұдан ары мұндай қорлыққа шыдай алмайтынымызды ескертеміз. Мемлекет өз міндетіне, елдегі құқықтық-тәртіптік әділетке араласпаса, амалсыз азаматтық күш-жігерге жүгінеміз. Себебі Қазақстанның бейбіт өміріне тіл мәселесін талғажу етіп, шырқын бұзуға итермелейтін жағдайға қол қусырып қарап отыруға біздің дәтіміз шыдамайды. Ел – ортақ, жер – ортақ, Отан – ортақ» (Ендігі жерде азаматтық күш-жігерге жүгінеміз! ҚР мемлекеттік хатшысы Марат Тәжинге бір топ Қазақстан азаматтарының ашық хаты. «Дат», 19.09.2013);

«Философияда ұлттық элемент-бітім өте маңызды және ашық-айқын. Ана тілі, өз философиясы жоқ халық – балық; өркениетті халық емес... Философия (халық рухы) тек ана тілінде креативті, жасампаз. «Шынайы асыл дүниелер тек ана тілінде туындайды» (Гегель). В. Гумбольдтың айтуынша, «тіл – рухтың мәңгі жаңғыртушы қызметі, тіл – әлем және дүниеге көзқарас». Тіл философиясында ойлаудағы ой неғұрлым адуынды болған сайын, яғни өз ана тілінің талабына неғұрлым сезімтал болса, соғұрлым кенен сыр мен кемел сезімге бөлене береді... Ұлы ұлт болу үшін әрбір қазақ ана тілін жетік білуі керек... Философиялық тілдік мән – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем, халықтың жаны, ділі, рухы, елдік қасиеті, мәдени мұраның үзілмес өзегі, білім, әдептілік, тәрбие тұғыры.

Қазақстанда әлі күнге дейін тілдік нигилизм ауруы, ТІЛФОБИЯСЫ, дәлірек айтсақ, этнотілдік ренегаттық (опасыздық) орын алуда. ...Үлкен кісіге, ат төбеліндей биліктегі қазаққа, бәрімізге ана тіліміздің мүддесі, құдіреті – көк тиын. Бір ұлт – бір тіл, бұл ұлылық пен өркениеттіліктің белгісі мен көрінісі. Ана тілді, мемлекеттік тілімізді түп-негіздемей, түбегейлендірмей, біз қазақ ешқашан шын мәнінде тәуелсіз, өркениетті, егеменді, еркін, ұлы ұлт бола алмаймыз. Қазақ неғұрлым орыс, ағылшын және өзге тілдерге аз тәуелді болса, соғұрлым ұлық бола береді және керісінше» (Н. Иманқұл. Қазақ философиясының болмысы мен уақыты. «Дат», 19.09.2013).

Мемлекеттік қазақ тілінің қазіргі жай-күйінің қанағаттанғысыз екендігі жайлы қатты сындар айтқан, тіпті сол тілдің иесі, осындай күйге ұшыратып отырған қазақ халқының ұлттық болашағы жайлы күмәнді пікірлер айтуға дейін барып, пессимизмге ұрынған материалдар да жеткілікті. Соның бірінен мынадай жолдарды оқимыз:

«Мемлекеттік тіл. Бұл енді айтыла-айтыла жауыр болған тақырып. Өз тілінде сөйлемесең, ұлт атанып, мемлекет болудың қажеті жоғын айтудың өзі артық. Кейде ойлайсың, осы мемлекеттік тіл атанып жүрген Қазақ тілін қай

жерде қолдануға болады екен деп. Ешқай жерде қолдана алмайсың! Президенттің өзінен бастап, кез келген деңгейдегі шенеуніктер өткізетін ресми жиындардың барлығы тек орыс тілінде ғана. Сот процестері де тек орыс тілінде жүреді.

Құқық қорғау ұйымдарына (сот, прокуратура, полиция) немесе депутаттардың атына жазылатын өтініш-арыздың барлығы тек орыс тілінде ғана болуы керек. Әйтпесе ешкім түсінбейді, сосын аяқ асты қалып қоюы мүмкін. Кез келген әкімдердің есебі, кәсіпорын басшыларының жиналысы тек қана орыс тілінде өтеді.

Кез келген қоғамдық орындарда, мемлекеттік мекемелерде сізбен тек орыс тілінде ғана сөйлеседі. Қазақ тіліндегі басшыларды тек жасы алпыстан асқан адамдар ғана алып оқиды. Енді оншақты жылдан кейін, олар кеткесін, қазақ тілінде оқитын оқырман болмайды деген сөз. (Менің бұл айтқандарым солтүстік облыстарға ғана қатысты). Осының барлығын күнде көзіміз көріп жүргесін, қазақ тілінің болашағы жоқ екенін түсінесің. Ендеше, ұлттық тіліміз жоғалатын болса, «Қазақ елі» деген атау қанша қажет бізге?

Анау славян тектес украин мен белорус бізден көш артық. Егер олар орыс тіліне көше салам десе, оп-оңай. Тілдері төркіндес, ұқсас. Бірақ мылтықпен атам десең де, бұл екі ұлт орыс тілін тіл деп мойындамайды. Ал бізге не болған?! Неліктен соншама намыссызбыз, сорлымыз?! Кешегі күні ел тағдыры үшін майданға шыққан украиндықтардың бірінің орысша сөйлегенін көрдіңіз бе? Жоқ, сөйлемейді олар. Себебі қазақ емес.

Әкім қаралардың көбі, әсіресе жас шенеуніктер қазақша білмейді. Қазақша сөйлемек түгілі, жазып берген мәтінді қақалып-шашалып әрең оқып шығады. Бұлар ешқашан қазақ тілін үйребейтініне мен бәс тігем. Ал енді неге үйренгісі келмейді дейсіз ғой? Себебі олар бұл тілдің болашағына сенбейді. Тілдің ғана емес, Қазақ мемлекетінің болашағына сенбейді. Бұлардың көбі түбі күні Ресейге қосыламыз, қазақ тілінің қажеті қанша деп ойлайтындар секілді. Түсінікті тілмен айтсақ, бұлар – нағыз халықтың жауы, мемлекеттің

жауы. Ең сұмдығы, елдің болашақтағы билігі де осылардың қолында. Ендеше, бұлар басқарған қандай Қазақ елі болмақ?!» (С. Байбосын. «Қазақ елі» қай қазақтың елі болмақ? Ұлт.кз. Тәуелсіз интернет басылым. 26.02.2014).

Осы жерде мына бір деректер Қазақстан билігіндегі тілдік ахуалдың ащы шындығын шынайы көрсете алады. Қазақстан парламенті еліміз тәуелсіздігін алған 23 жылдың ішінде 2 500 заң қабылдаған. Соның 2-і ғана қазақ тілінде де қалған 2 448-і орыс тілінде жасалыныпты. Қазақ тіліндегі заңдардың барлығы да – аударма заңдар. Аударылғанда да түп нұсқаны дәл беру мақсатымен жолма-жол тәржімалаудың салдарынан қазақтың өзі қазақтың тілін орысшасын оқып барып, салыстырып қарамаса түсінбейтін сіреспе тіркестерге айналған. Басқасын былай қойғанның өзінде, Қазақстанның Ата заңы – Конституцияны оқығанда да осындай күй кешесіз. Биліктің орыс тіліне «адалдығы» соншалық осы уақыттар ішінде бір де бір заң жобасын қазақ тілінде парламентке ұсынбаған.

Жеті жасынан қазақтардың арасында өсіп, қазақ, неміс, орыс тілдерінде бірдей жазатын Қазақстандық неміс жазушысы Герольд Бельгер елімізде қалыптасып отырған тілдік ахуал туралы «Солай десек те, баяғы қазақтар жоқ, қазақ өзгеріп бара жатыр дедім ғой. Ол рас. Бұл неден көрініс беріп отыр? Туған тіліне немкетті қарайтын қазақтар көп. Тіл әлі де болса ұлтты ұйыстырушы тетікке айнала алмай отыр. Мұны қалай айтпайсың?! Мен ұдайы жазып та, айтып та келе жатырмын, қазақтар айталық, америкалық, ағылшын немесе француз, тіпті іргедегі орыс болуға ұмтылмаулары керек. Қазақ болып қалу жағын көбірек ойлау керек. Егер мұны істемесең, туған тіліңнен, тарихыңнан, мәдениетіңнен, діліңнен біржолата айырылып, дүбәра күйге түсесің. Ел-жұртқа күлкі, мазақ боласың. Алла тағала қазақтарға ниетіне қарай Тәуелсіздікті сыйлады. Жұрт қатарлы ел болу мүмкіндігін берді. Көбі осыны түсінбейді. Мұны бір деңіз. Екіншіден, «дос жылатып айтады» демей ме, осының бәрін қазаққа жаным ашыған соң айтамын.

...Тағы бір айтатын жағдай, мемлекеттік тілді дамыту мәселесін қаулы-қарарлармен, заңдардың күшімен шешем деу – бос әурешілік. Санада сілкініс болмай, ештеңе шықпайды. Алдымен, мұны қазақтардың өздері түсінулері керек. Қазақтар үйде де, түзде де өз тілдерінде сөйлесе, сең қозғалар еді. Өкінішке қарай, олай болмай отыр. Бір ғана мысал, біздің үйдің қасында қазақ мектебі бар. Осы арамен балалар ерсілі-қарсылы өтіп жатады. Солардың бәрі орысша сөйлейді. Тыңдап тұрып қорланамын. Кейде шыдай алмаған соң, әлгілерді тоқтатып, ұрса бастаймын. Балаларды мектептен әкетуге әке-шешелері, ата-әжелері келеді. Олар да балаларымен орысша шүлдірлесіп бара жатады. Осыған не дейсің. Әбден сүйектеріне сіңіп кеткен. Керек қылмайды-ау, керек қылмайды! Мұндайлар немістердің арасында да бар. Оларды да, өз тілінен жерінген қазақтарды да ұнатпаймын. Ұнатпағаны сол – жек көремін» (Жарасбай Сүлейменов. Герольд Бельгер. Әдебиет туралы айтуды қойдым. «Абай. кз» порталы, 27.11.2014) – деп, ашына жазады.

Белгілі жазушы Қ. Сәрсекеев «Тәуелсіз мемлекет құрғанымызбен, оны нағыз ұлттық елге айналдыра алмай жатқанымыз арқаға аяздай батады. Мемлекеттік мәртебе алған тіліміздің де жыры таусылар емес. Өзінің мәртебелі тұғырына қонар деген үміт күшті, әрине» (Қ. Сәрсекеев. Осы біз кіміз? «Қазақ», 21-28.11.2014) – деп, бар жақсылықты алдан күтеді.

Қазақ тілін зерттеп жүрген Польшадағы Адам Мицкевич атындағы университеттің профессоры, түркітанушы Генрик Янковски қазақ тілінің қазіргі жайы туралы «Қолдану аясы бойынша бірінші орында түрік тілі тұр. Басқа түркі тілдерінің түрік тіліндей мүмкіндіктері жоқ. Қазақ тілінің шетелде оқытылуы дамымай жатыр әрі тілдің күнкөрісі жоқ. Шетелде оқыту жағын қарастырған жөн. Біздің университетімізде қазақ тілі Түркітану бөлімінде оқытылады. Түрік тілін үйренушілер қатары басым. Түркия – бір тілді мемлекет. Экономикалық тұрғыдан дамыған, көптеген серіктестері бар мемлекет ретінде өмір сүру қолайлылығы қарастырылған

ел болып табылады. Қазақстанда екітілділік мәселесі бар. Барлық құжаттар екі тілде дайындалады. Халықаралық қарым-қатынастар орыс тілінде жүргізіледі. Қазақстанда екітілділік тұрғанда қазақ тілі еш дамымайды. Сол себепті, бірінші, екітілділікті жою керек. Ата заңға өзгертулер енгізіліп, орыс тілінде емес, қазақ тілінде дайындалуы керек. Екіншіден орыс тілінде қарым-қатынас жасаудан арылу керек. Үшіншіден, осы елде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерімен қазақ тілінде қарым-қатынас жасау керек. Әрине, олар өз ана тілінде сөйлегенімен, өмір сүріп жатқан мемлекет иелеріне құрметпен қараулары керек және сіз де құрмет көрсетіп, олардың өз ана тілдерін меңгеріп, ұмытпауларына мүмкіндік жасауыңыз керек. Бірақ бұл олардың тілінде сөйлеу керек деген сөз емес, сөйлеу міндет емес» (Д. Сүлеймен. «Екі тіл тұрғанда қазақ тілі еш дамымайды» – дейді Польшадан келген ғалым. «Қазақстан-заман», 25.12.2014) – деген ойлар айтыпты.

Сонымен, Қазақстанның тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де орыс тілінің өктемдігі жалғасып, рухани бостандыққа қол жеткізе алмай келеді. Соған қарамастан, «великоорыстық» пиғылдағы түрлі славяндық ұйымдар Қазақстандағы орыс тілінің «қиын жағдайы» туралы «мәселе» көтеріп, қазақ билігіне қысым көрсетуін тоқтатар емес. Қазақстанның ақпарат кеңістігінде бұл бағытта ашық «майдан» жүріп жатыр. Шын жағдайдың қалай екендігіне жоғарыда біршама тоқталып өттік. Енді осы мәселелер хақындағы пікірлерімізді дәлелдей түсетін Қазақстанның белгілі орыс жазушысы марқұм Иван Щеголихиннің мына бір сөздерін алға тартқымыз келеді: «Қазақстандағы орыс тілінің жағдайы тырнақшаның ішіндегі туысқан Украинадағы оған деген өшпенділіктің өршіп тұрғанын айтпағанның өзінде, Прибалтикадағыдай, немесе Молдовадағыдай қиын емес... Қазір жоғары билік орыс тілінде мәжіліс өткізіп, талқылау өткізетін, жарлықтар беретін әлемде екі ғана мемлекет бар: Ресей мен Қазақстан» («В Казахстане отношение к русским не такое хамское, как

в Прибалтике или в Молдове. Не говоря уже о братской, в кабычках, Украине, где к москалям ненависть наибольшая... Кстати, сегодня есть только два государства в мире, где на вершине власти заседают, обсуждают и отдают распоряжение на русском языке» (И. Шеголихин. Не стану искать побед. «Простор», 2011, №1).

Тіл дегеніміз – ұлт. Бұл туралы М. Құлмұхаммед «Қазақстанская правда» газетінде (08.2004) «Тіл – қашанда ұлттық идеяның басты құрамдас бөлігі және мемлекеттік идеологияның негізі... Тіл ең алдымен, нақты бір ұлттың мәдени-тарихи тәжірибесінің жиынтығы, ерекшелік белгісі және тұрақтылық атрибуты, күрделі бірегей рәміз және оның өзін-өзі өркениеттік анықтауының бастауы» – деп жазды.

Ұлттың өмір сүруінің негізгі шарты – өзінің ұлттық болмысын сақтай білуі. «Ұлттық идея – ел тәуелсіздігінің берік тұғыры. Ұлттық идеясы жоқ елдің тәуелсіздігі тұрлаусыз. Сондықтан тәуелсіздіктің баянды болуының бірден бір алғы шарты мен темірқазығы – ұлттық идея» (Б. Төлепберген. Ұлттық идея – тәуелсіздік тұғыры. Алматы, 2011, 3-бет).

Қазіргі Қазақстанның тіл саясатының негізгі бағыттары төмендегіше айқындалған: «Қазақстанда мемлекеттік тілдің рөлі, орыс тілінің ресми мәртебесі және барлық этностар мен олардың мәдениеттерінің тең жағдайда дамуы туралы мәселе шешімін тапқан. Биыл біздегі тілдер туралы алғашқы заңнамаға 25 жыл толады. Болашақта бүкіл азаматтардың мемлекеттік тілді білуі бізді бұрынғыдан бетер теңдестіріп, бірлікті нығайта түседі. Міне, ширек ғасырдан бері біз тіл саясатында айқын бағытпен келеміз – мемлекеттік тілді біртіндеп дамытудамыз және бүкіл этностар тілдерінің дамуы үшін жағдайлар жасаудамыз. Бүгінде тұрғындарының көпшілігі кем дегенде екі тілде сөйлейтін және ойлайтын елдер көп емес. Қазақстан солардың қатарында, бұл – біздің ұлттық байлығымыз. Біз үш тұғырлы тілді дамыту бағдарламасын жүзеге асырудамыз. Бізде 15 тілде 60 БАҚ жарық көреді, оның ішінде этномәдени орталықтардың 34 газеті мен 26 сайты бар» (Нұрсұлтан Назарбаев. Болашақта

бүкіл азаматтардың мемлекеттік тілді білуі бізді бұрынғыдан бетер теңдестіріп, бірлікті нығайта түседі. «Ана тілі», 24.04. 2014).

Десек те бүгінгі орыс тілінің тасасында қалып қойған қазақ тілінің тағдыры қазақ қауымын толғандыруда. Түрлі жиындарда, ақпарат құралдарында талқылау жалғаса түсуде. Тіпті, тіл саясаты саяси сыпат ала түскендей. Сондай талқылаулардың бірі «Қазақстандық саяси шешімдер институтының» ұйымдастыруымен «Ұлттық мемлекет және Қазақстанда ұлттық мемлекеттің құрылуы» тақырыбында өтті.

Негізінен, саясаттанушылар қатысқан жиынның негізгі мәселесі тіл болды десе боларлық. Саясаттанушы Р. Жұмалы Қазақстанда ұлттық мемлекет құру үшін алдымен, тіл мәселесін шешіп алу керектігін алға тартты. Расулдың республика тұрғындарының едәуір бөлігінің қазақ тілін білмеуі ауыспалы кезеңде біртіндеп іске қосылып, қоғамды одан әрі бөлшектей түсетін жарылатын мина; сондықтан да болашақ үшін алдымен, қазақ тілінің, сонымен бірге басқа да тілдердің мәртебесін заңдық тұрғыдан дұрыс шешіп алуымыз керек; қазақ ұлтшылдары еш уақытта Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдеріне қарсы шыққан емес, олардың басты талап ететіні – халыққа, оның мәдениеті мен тіліне құрмет қана; қазіргі республика ақпарат кеңістігінің 50 пайыздайы Ресейдің бақылауында болса, бұл кедендік одаққа мүше болуымызға байланысты күшейе түсетіндіктен де Қазақстанның ұлттық даму жолына кедергілер қойылу қаупі бар; ақпараттық және экономикалық жақтарынан тәуелділік Қазақстанның алдында тарихи жағдай туа қалған кездерде саяси мәселеге айналып, елдің тәуелсіздігіне қауіп тудыруы мүмкін (А. Шарипова. Какое государство построит Казахстан. «Адам бол», 2014, №26) деген пікірлері кімді де болса, ойландырарлық.

Талқылау барысында сөз алған «Аспандау» қорының президенті Қ. Нұров бұрын ұлтшылдар «Қазақстан қазақтар үшін» деген ұран көтеріп келсе, енді бұл «Қазақстан

Республикасында тұратын барлық қазақтар, бірігіндер!» болып, жалғасып жатыр; қазақстандық трайбализм қазір рулық, жүзге бөлінушілік негізде емес, жемқорлық (коррупциялық) түрге айналған; бір ғана этностың емес, Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлттардың мүддесін қорғайтын ұлттық мемлекет құрылысының жалпы принциптерін іздеудің уақыты келіп жетті деді.

«Ұлт тағдыры» қоғамдық қозғалысының жетекшісі Дос Көшім қазір этникалық қазақтар жалпы ел тұрғындарының 70 пайыздайын құрайтындықтан да Қазақстан – шын мәнінде де қазақ мемлекеті екендігін қадап айтты.

А. Құсайыновтың айтуынша, мемлекеттің қазақ, неміс қазақстандық болуы – екінші кезектегі мәселе; басты мәселе қазақтармен бірге басқа да этностардың өздерінің болашағын осы елдің ертеңімен байланыстыратындай жағдай жасауда; Қазақстан халықтары жан-жақты дамыған мемлекет құруға бір кісідей ат салысып, мүдделі болғанда ғана «қазақстандық» аталатын ұлт пайда болады.

Философия және саясаттану институты теориялық және қолданбалы саясаттану бөлімінің меңгерушісі Р. Қадыржанов «ұлт» («нация», «национальность») сөзінің мағыналарына түсініктеме берді. Бүкіл әлемде қолданылатын «нацияның» этноспен ешқандай қатысы жоқ; ол адамның бір мемлекетке деген азаматтық қатысын білдіреді, сондықтан да Батыста «сіздің ұлтыңыз кім?» дегенді онша түсіне бермейді; қазір біздің ұлтқа қатысты қолданып жүрген «национальность» советтік қоғамның жемісі екен.

Саясаттанушы А. Чеботарев мәселеге басқаша қырынан келіп, тәуелсіздік жылдарында мемлекет пен ұлт бірге үйлелісінде түрде дамыған жоқ, соның салдарынан бізде ұлт күні бүгінге дейін қалыптасқан жоқ; біздегі мемлекетті билік басындағы элита өзінің ыңғайына қарай құрды; осы сияқты себептерден Қазақстанның Конституциясында ұлттық жағынан республиканың қандай мемлекет екендігі айқындалмаған деді.

Осы жиыннан жазылған есебіне Алма Шәріпова «Жергілікті тұрғындары пайыздық жағынан көпшілікті құраға-

нымен де бүгінгі Қазақстан этникалық мемлекет болып табылмайды. Қазақтар арасындағы басқа этностар мәдени, тілдік белгілерімен ассимиляцияға түспеуде... Сондықтан да әзірше Қазақстанда ұлттық мемлекет құру этникалық белгілері бойынша жүрмейді, бірыңғай ұлтты (барлық этностардың жиынтығын) қалыптастыру басқа, ұлттан тысқары негізді, жолдарды іздеуді талап етеді» (А. Шарипова. Какое государство построит Казахстан. «Адам бол», 2014, №26) – деген қорытынды жасапты.

Әрине, пікіралысу барысында кей жағдайларда артықкем кетіп жату – заңды. Жоғарыда айтылғандардың кейбіреулерімен дауласуға да болар еді. Қазіргі қазақ қауымында елдің ертеңі үшін айтылып жатқан пікірлердің алуандығына назар аудару мақсатында олай етпедік. Десек те орыс тілді журналистің орыс тіліндегі журналда жарияланған мақаласының соңында берілген қорытындының бір жақты, қазақтың емес, басқаша көзқараспен жазылғанына назар аудару кеткіміз келеді.

Белгілі ғалым, профессор С. Борбасов «Коммуникация, финансы, экономика және ақпарат, бұқаралық мәдениет пен жарнама орыс тілінде болғандықтан «қазақ ұлты» үшін әлі де зор еңбек жасау керек, перманентті күнделікті қаракеттер жасай беру керек. «Қазақ ұлты» бар, бірақ ол әлі басым емес. Сондықтан ол үшін күресу керек. Алда атқарылар істер өте көп» – дей келіп, енді «Не істеу керек?» – деген сауал қойып, оған өзі төмендегіше жауап беріпті.

«Біріншіден, этнодемографиялық дамуды пайдаланып елдегі этнолингвистикалық ахуалды өзгертудің кешенді шараларын іске асыру қажет. Қазақстан халқы қазақша сөйлеген жағдайда ғана «қазақ ұлты» жеңіске жетеді. Ел тұрғындары орыс тілін тандаса халақтың абсолютті басым көпшілігі бола тұра «қазақ ұлты» жойылып «қазақстандық ұлт» деген жаңа әлеуметтік қауымдастыққа қосылады. Ол қауымдастық перспективасында орыс тілінен де безініп, әлемдік ағылшын, немесе қытай тілдерінде көшуі де ықтимал. Бірақ, олай болуы алыс перспективада. Қазіргі таңда қазақ тілінен орыс

тілі мүлде басым жағдайда. Осы ахуал «қазақстандық ұлт» құру идеясына негіз болып отыр. Бұл идеяның ар жағында қазақ ұлтын этнос ретінде жойып жіберу мақсаты жасырынып тұрғаны айқын.

Екіншіден, «қазақ ұлтының» пассиварлық сапаларын ояту шараларын жүргізу міндет. Қазақ тілін ғана сақтау жеткіліксіз. Қазақстанда қазақ рухы барлық салалардан, өмірдің барлық ашық және жасырын қалтарыстарынан сезініп тұруы қажет. Телебағдарламалардың басым көпшілігін қазақшалау, кәдімгі жарнамаларды қазақша сөйлеу, ұлттық құндылықтарды көрнекі насихаттау, баспасөзде қазақ тілін бірінші кезекте шығару, әкімшілік қызметі, финанс жұмысы және шаруашылықта қазақ тілінде жүргізу арқылы «қазақ ұлтының» жаңа, екінші тынысын ашуға болады. Елдегі реисламизация үрдісі, білім мен ғылымның қазақ тіліне бетбұрыс жасауы, балабақшалар мен мектептердің қазақ тілінде қызмет етуі сияқты көптеген факторлар қазақ ұлтының келешегіне деген сенімдейді нықтайды. Ұлт саясатының елдегі әлеуметтік, этникалық және қоғамдық келісімді, өзара татулықты нығайту мақсаттары құптарлық. Осындай әлеуметтік этникалық тыныштықты қазақ ұлтының тілдік, мәдени, рухани және шаруашылық өркендеуіне пайдалану арқылы қазақ ұлтының сақталуын қамтамасыз етуге болады» (С. Борбасов. «Қазақстандық ұлт» ұғымы туралы. saraп.kz. 13.12.2011)- деген пікірін білдіріпті.

Шәкірттері Конфуцийден: «Егер бір елге басшы болсаңыз, алдымен не істер едіңіз?» деп сұрапты. Сонда Конфуций: «Ойланбастан ұлттың тілін тәртіпке салар едім» дейді. Мұны естігендер қайран қалып, себебін сұрапты. Сонда Конфуций: «Тілі бұзылса, ұлттың рухы мен әдет-ғұрпы да бұзылады. Рухы мен әдет-ғұрпы бұзылса, әділет пен ақиқат жоғалып, халық шарасыздықтан жойылу қаупіне душар болады. Қысқасы, тілі бұзылған ұлттың келешегінен үміт күтуге болмайды. Мұндай жағдайдың алдын алған дұрыс» (Жолымбет Мәкіш. «Тіл бұзылса, ұлттың рухы бұзылып, халық жойылу қаупіне душар болады». «Қазақ үні», 15.12.2014) – деген екен.

Иә, қазақ тілі үшін, қазақ ұлты үшін үлкен күрес жүріп жатыр. Өйткені, ол – біздің ертеңіміз, болашағымыз. Сондықтан да біз ертеңімізге бей-жай қарай алмаймыз. Ертеңін ойлау, болашақ үшін күрес – өмірдің негізгі заңы болғандықтан да әрбір «мен қазақпын» деген азаматтың бұл мәселеден, яғни тіл үшін күрестен тыс қалуға құқы жоқ. Тіл үшін күресу – әрбір қазақтың, Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір азаматтың ұлт алдындағы, ел алдындағы, мемлекет алдындағы азаматтық парызы.

Қазіргі қазақ қауымында қалыптасқан тілдік ахуал, одан шығудың жолдары жайлы ақпарат құралдары бетінде көптеген пікірлер айтылып жатыр. Солардың бірі зейнеткер Ратбек Арынұлы «Ал, қазақ тіліне шындап төнген қауіп-қатерден құтылудың жолы бар ма, тілімізді қалай сақтап қаламыз? Бұл сұрақ қаны қазақ болып тамырында аққан, жүрегі қазақ деп соққан әр адамды ойландыруы керек. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұлтымызды, тілімізді қорғап қалу үшін не істейміз?» – дей келіп, қазақ тілінің жағдайын жақсартуды көздейтін 11 ұсыныс айтыпты:

«1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабындағы «орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөйлем алынып тасталсын. Шын мәнінде, орыс тілі тең емес, артықшылыққа ие болып, мемлекеттік тіл дәрежесінде қолданылып жүр...

2. Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау – Парламенттің кезек күттірмейтін міндеті...

3. Парламентке баратын заңның жобасы тек қана қазақ тілінде даярлансын.

4. Ресейден келетін орыс тілді басылымдарға – газет, журнал, кітаптарға қатаң түрде шектеу қойылсын.

5. Қазақстанда орыс тілінде шығатын басылымдарға да шектеу қойылсын...

6. Қазақстанда кем дегенде үш телеарна таза қазақ тілінде жұмыс істесін. Ал басқа телеарналар кем дегенде 50 пайыз қазақша хабар тарататын болсын...

7. Тілдің бастауы – мектеп. Қазақстандағы аралас мектептер түгелдей қазақшаға көшірілсін. Орыс мектептеріне

де шектеу қойылып, барлық қалалардағы қазақ, орыс мектептерінің саны бірдей болып теңестірілсін. Қазақ балаларына орыс мектептеріне баруға тыйым салынсын.

8. Барлық мектептердегі қазақ тілі пәнінің сағат саны көбейтіліп, ұлттық бірыңғай тестілеудегі (ҰБТ) қазақ тілінің балы есепке алынсын...

9. Баланы үш тілде оқытуға жол берілмесін. Ең әуелі бала ана тілін толық меңгеріп алсын, қойыртпақ тіл ешкімге опа бермейді, мұнда ең алдымен, қазақ тілі жапа шегеді. Қазақ тілін толық меңгерген бала ғана тілдерді тереңдетіп оқытатын топқа (орыс, ағылшын, қазақ) баруға рұқсат етілсін.

10. Қазақ тілін толық білмейтіндер мемлекет басқаруға жіберілмесін. Парламентке депутаттыққа сайланбасын. Сол сияқты мемлекеттік қызметке де қабылданбасын.

11. Қазақ тіліне шабуыл, қарсылық күшейіп келеді. Сондықтан қазақ тілін қорғайтын арнайы заңға баптар енгізілсін... (Р. Арынұлы. Қазақ тіліне қатер төнді. «Жас алаш», 07.08.2014).

Мұның барлығы да дұрыс қой. Ең бастысы рухани өмірімізде орын алып жатқан осындай бассыздықтардың бастауы республикамыздың Ата заңы – Қазақстан Республикасының конституциясында жатқандығын біреу біліп, біреу біле бермейді. 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш конституциясында «Қазақ халқының өзін-өзі билеу құқығын мойындай отырып, мемлекет құраушы қазақ халқының еркін білдіре отырып, Қазақстан Республикасы құрылады» – деп, тайға таңба басқандай жазылған еді. Ал қазіргі қолданыстағы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституцияда мұндай тіркес жоқ. Сөйтіп, қазақ халқының өзін-өзі билеу құқығы заңдық тұрғыдан мойындалмаған; Қазақстанның Ата заңында республикадағы қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт мәртебесі бекітілмеген болып отыр. Сонда біздің егеменді ел, тәуелсіз Қазақстан деп жүргеніміздің барлығы әншейін жай сөз болып шыққаны ма? Біз қазақ тілі мемлекеттік

тіл болуы керек, қазақ тілі тәуелсіз еліміздің мемлекеттік идеологиясының өзегі болуы керек деп жатырмыз; ал сонда Ата заңымызда қазақ халқының Қазақстандағы мемлекет құраушы ұлт ретіндегі мәртебесінің бекітілмеуін немен түсіндіруге болады?

Тіл майданы – мәңгілік майдан. Майданда жеңіп шыққан мықтылар ғана жақсы өмір сүре алады. Біздің ата-бабаларымыз да ана тілімізді не бір алмағайып замандардан аман-есен алып шығып, сақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізді. Қазіргі қазақтың адам болып, жер басып жүргенінің өзі, қазақ болып, Қазақстан атты мемлекетте алшандай басып, өмір сүріп жатқаны, «мен қазақпын» деп, қазақ атын жамылып, жер-жаһанды шарлап, әлемге танылып жүргені де – осы ана тілдің – қазақ тілінің арқасы. Ал оны көзінің қарашығындай сақтап, болашаққа аманаттау – бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған аса маңызды міндет. Сондықтан да қазақ тіліне қызмет ету, сол арқылы мемлекетімізді нығайтуға ат салысу әрбір қазақстандықтың Отан алдындағы ең бірінші азаматтық борышы болып табылады

Қазақ тілі дегеніміз – әрбір қазақ, сол қазақтардан тұратын ұлт, сол ұлт құрған Қазақстан мемлекеті. Демек, Қазақстан – аты да анықтап тұрғандай, қазақ елі, қазақ халқы, қазақ ұлты.

Тіл дегеніміз – ұлттық қоғамдық-экономикалық дамудың негізі. Сондықтан да тілін дамытпай, ұлттық экономиканы дамытуда жетістіктерге жетемін деу – неғайбыл. Дамыған елдердің барлығы да тілі мен экономикасын қатар жүргізіп отырғандығы көрінеді. Бұл туралы Гарвард университетінің профессоры Эдвард Биттен әлеуметтік парақшасында «Соңғы жарты ғасырда АҚШ пен Ұлыбританияда ағылшын тілі мен жоғары оқу орындары экономикаға қызмет етті. Тіл мен экономика бір-бірін дамытты. Біз бұл мәселені күні бүгінге дейін құпия ұстап келген едік» -деп жазыпты.

Қазақ ұлты деген сөз – қазақ тілі деген сөз. «Толыққанды тілсіз толыққанды ұлт болуы мүмкін емес» (Н. Назарбаев. Ой бөлістім халқыммен. Алматы, -2006, 80-бет). Қазақтың

қазақтығы – оның тілінде. Қазақ тілі жоқ болса, оның өзі де, яғни қазақ та жоқ.

Қазіргі қазақ тілі – кешегі Еуразияның кең даласында ат ойнатып, еркін өмір сүріп, әлемде теңдесі жоқ көшпелілер мәдениетін жасаған қазақ тайпаларының, жеріміз бен елімізді жолбарысша қайрат қылып қорғаған Алпамыс батыр мен Қобыланды батырлардың, қазақты қайтсем бақытты қыламын деп, жерұйық іздеп, аңыраған Асан-Қайғының, күңіренген Қорқыттың, жұртының жоғын жоқтаған Ақтанберді, Бұқардай жыраулардың, еркіндік үшін атқа мінген Исатай мен Махамбеттердің, заманының зарын зарлаған Мұрат, Шортанбайлардың, тілінен бал тамып, елін ұйытқан Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің, күмбірлетіп күйге бөлеген Құрманғазы, Тәттімбеттердің, елінің азаттығы үшін арыстанша алысқан Кенесары ханның, Ақан мен Біржандай сал-серілердің, Абайдай дана данышпандардың, Мағжандай ұлы ақындардың, әуелетіп ін салған Әміредей әншілердің, ең соңында бүгінгі егеменді ел тәуелсіз Қазақстанда жарқын болашаққа бет алып, өмір сүріп жатқан қазақ атты халықтың тілі.

Қазақ тілі – қазақты қазақ қылып тұрған ұлтының ең бір қасиеттісі. Өйткені, қазақты ұлт ретінде қалыптастырған барлық қасиеттер осы тілі арқылы жүзеге асқан; осы тілінің арқасында ғана сақталынып, бүгінгі ұрпаққа жетіп, халқын ұлт ретінде сақтап отыр.

«Тіл тек қатынас құралы емес. Ол – халықтың жүрегі, ділі, діні, мақсат-мүддесі ой-арманы, болмыс-тірлігі...

Қазақ тілі – жаралы тіл. Оған күн сайын жара салатын – өзіміз. Атадан қалған рухани байлықты шұбар-шұбар, кедір-бұдыр, мәнсіз, сәнсіз, көріксіз, жұтаң, қаны-сөлі жоқ былжырақ, қойыртпақ бірденеге айналып келеміз» (Герольд Бельгер. Тіл туралы тезистер. «Ақиқат», 2014, №10, 69-70-беттер).

Қазақ тілі – қазақ халқының жүрегі, ақыл-ойы, сана-сезімі, дүниетанымы, ұлттық болмысы, ең соңында ұлт болып өмір сүруінің басты шарты. «Тіл бұзылса, ми да бұ-

зылады» (Мұхамедия Ахметов). Миы бұзылған адамның қалыпты өмір сүруі екіталай. «Тілің болса ғана – тірісің. Тілің болмаса – өлісің» (Қазыбек Иса). Сондықтан да Қазақстанды өзінің ұлттық мүдделерін қорғайтын мемлекет ретінде құрған қазақ ұлты екендігі мойындалып, оның тілі төрге шығып, салтанат құрғанда ғана еліміз өркендеп, ұлттық рухани құндылықтар негізінде ұлттық мәдениетіміз, әдебиетіміз тура жолда дами түсетін болады.

Академик Р. Сыздықова айтқандай – «Халық өмір сүру үшін – тіл өмір сүру керек», «Адамның тәніне қуат берер асыл нәр – ананың ақ сүтінде болса, жаныңа қуат берер асыл нәр – ананың тілінде», «Тіл – халық қазынасы. Құр қазына емес, ғасырлар бойы сақталған, арзаны кетіп, асылы қалған мол мұра, халық мұрасы, ұлт мұрасы», «Ұлтының жоғын жоқтаған шын күрескер болу үшін тілін білу – ең қажеттілік», «Қазақ тілі сақталса, қазақ халқы сақталады. Ең соңғы құлайтын қамал – тіл. Барлық амал-әрекет – сол қамалды құлатпау» (Н. Домбай. «Тіл сақталса, халық та сақталады». «Ана тілі», 14.08.2014).

«Тілді бұзу – ұлтты өліруге үлес қосу» – деп білетін А. Әбдірәсілова «Тіл өлсе, ұлттың өлетінін бәріміз де білеміз. Ендеше, тілді бұзу арқылы ұлтты өлтіруге күн санап, бір тамшыдан үлес қосып жүргенімізді неге ұғынбаймыз? «Тіземнен сүріндірсең сүріндір, тілімнен сүріндірме» деген қазақ едік. Сөз қадірі кетсе, қазақта қандай құндылық қалмақ? «Ойланбай тұрып, ойлан» деген нақыл бар Шығыста. Біз тым болмаса, сөйлемей тұрып ойлануды үйренсек, аз олжа болмас еді.

Сөз киесінен қорқу – қазақтың қанына біткен бір қасиет. Сол қасиетті санамызда сақтап қала алмасақ, ұлт болып ұйысып тұрмағымыз да екіталай. Сөз қадірін жоғалтқан ұлт өз қадірін жоғалтады. Біздің үлкен-кіші замандастарымыз өзін сыйлағысы келсе, сөзін сыйласын, сөзге жауапкершілікпен қарасын, сөз үйренсін, сөз ұғынсын. Өкінішке орай, біздің қоғамда тілбұзарларға арналған заң жоқ. Сөз алдындағы жауапкершіліктің бәрі арға жүктелген. Ендеше,

арымызға абай болғанымыз» (Абай. кз. ақпарат порталы) – деп жазады.

Тіл төрге шықпай, ұлт төрге шыға алмайды, ұлт оңбайды, ұлт көркеймейді, ұлт дамып, бақытты бола алмайды. Ал ұлт бақытты болмай, сол ұлтты құрайтын әрбір адам бақытты бола алмайды. Сондықтан да әрбір азамат ұлттының өркендеуі үшін күресіп, шын бақытын содан табады. Бұл – әрбір саналы азаматтың ойында жүрер аксиома.

«Айта-айта «Алтайды» Жамал апай қартайды» – демекші Қазақстандағы қазақ тілінің мәселесі айтудай-ақ айтылып жатыр; есітір құлақ, ұғар азамат болса. Ұлт зиялылары, халық өкілдері қанша шырылдағанымен, тіл мәселесіне келгенде, қазіргі қазақ билігінің ұстанымы басқаша болып отыр. «Тілдер туралы» заңда бәрі айтылған дейді.

Тәуелсіздік алғанымызға, тіл туралы заң қабылдағанымызға да ширек ғасырдай уақыт өтіпті. Осы уақыттар ішінде елімізде, әлемде қаншама өзгерістер болды. Бірақ өзгеріссіз тұрған бір ғана нәрсе бар. Ол – қазақ тілінің қазақ елінде өзіне тиісті мемлекеттік тіл мәртебесіне лайықты орнын ала алмауы. Бұған ешуақытта келісуге болмайды. Өйткені, қазақ барда Қазақстанның жерінде ең алдымен, қазақтың тілі естіліп, әні шырқалып, сол тілде жасалынған рухани құндылықтар салтанат құруы тиіс.

Қазақ ұлтының, оның тілінің өз елінде, өз жерінде отырып, осындай аянышты күй кешуінің ең басты себебі – Қазақстанда, қазақ мемлекетін құраушы ұлт қазақ халқының ұлттық мүддесінің рухани тұрғыдан аяққа тапталып жатуы. Сондықтан да өзінің мемлекеттігін құрып отырған қазақ халқының мүддесін қорғайтын ұлттық идеология салтанат құрмайынша, қазақ тілінің жағдайы жақсарып кетуі екіталай. Ұлттық идеологияның негізі тіл болғандықтан да сонда ғана барып, Қазақстанның әрбір азаматы қазақ тілін меңгеруге мүдделі болады. Өйтпеген жағдайда қазақ тілінің көрген күні сол баяғыша жалғаса бермек.

Бұрын бодан болдық дедік. Енді бостандыққа жетіп отырғанда, осы қасиетті де киелі тілімізді көзіміздің қа-

рашығындай сақтап, аса қымбат ұлттық құндылығымыз ретінде бағалап, бұрынғы мөлдіреген табиғи қалпына қайта келтіре алмасақ, онда, бізге – қазақтарға ұлт ретінде үлкен сын. Олай ете алмасақ, ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір тарих сахнасын босатуға мәжбүрміз. Бұған күнәлі бүгінгі ұрпақ – біз боламыз. Мұны осы тілді ғасырлар бойы алақанына салып, мәпелеп, бізге жеткізген ата-баба рухы, тарих кешпейді. Олай болса, ана тілінің қасиеті мен құдіретіне бас ие отырып, қазақты ұлт ретінде сақтап отырған, алдағы уақыттарда да сақтай беретіндігі, сондықтан да оған адал қызмет ету әрбір қазақтың азаматтық парызы екендігі әрдайым есте болғаны жөн.

Өткен ғасырдың басында Ж. Аймауытов «Сол кезде халықты меңгеріп ұстап тұратын азулы, айдынды хан сықылды бір күш керек еді, халықтың бақытсыздығына қарай жақсының сиреген кезінде күш кетіп, мынадай соққы жолықты (бұл жерде орыс отаршылдығын айтып отыр. Д. БІ.). Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген халге ұшырады. Кемеңгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға килікті. Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, суыққа шынығып, қуатты, қайратты денелі өсетін қазақ тазалығы жоқ, аласа жер үйге кіріп, аурулы, нашар болып, мыжғырланып, еңсесі көтерілмей өсетін қалыпқа түсті. Осы себепті адамның есімі де кеміді. Әрине, тән қуатты болса, жан қуатты, ажарлы болады. Нашар жаннан осал мінездер туады... Жауыздық, залымдық, қара бұлттай қоршап, халықты астаң-кестең қылып, өзді-өзімен ағыстырып, көзді шел қаптады. Күннен күнге өршіген қалың сасық тұманнан шыға алмай, адасып келіп-келіп түсіп отырған халіміз, міне, осы күнгі» (Ж. Аймауытов. Қазақтың өзгеше мінездері. «Ақиқат», 2014, №11) – деп, ашына жазған екен.

XXI ғасырдың басында қазақтың тағы бір атақты жазушысы, белгілі қоғам қайраткері Ә. Кекілбаев «Мынау өліпталып келген тәуелсіздікті ақымақ иттің алдына қойған ас

сияқты төгіп алатын болсақ, ертең біздің күніміздің не болатыны әлі белгісіз. Оның үстіне бізге алтын сандықтың үстінде отырған алты жасар бала деп қарайтындар бар... Соған әлі де көзім жетіп келе жатыр. Жер астында жатқан байлық қазақтың бағы ма, соры ма, оны тарих шешеді. Тарихтың өрмегін сен тоқымайсың, ұлт тоқымайды. Тарихтың өрмегін бүкіл адамзаттың коллизиялары тоқиды. Сен соның қайсысына шыдам бере аласың, қайсысына ақылың жетеді, қайсысына күшің жетеді, қайсысына айлаң жетеді, қайсысына арамдығың жетеді» (Ә. Кекілбайұлы. Сырым – дала демократиясының реформаторы. «Орал өңірі», 13.09.2007) – деген қауіпін жасырмайды.

Араға бір ғасырдай уақыт салып, бірі қазақтың бодан кезінде, екіншісі тәуелсіздік тұсында айтылған осы бір сөздерден байқағанымыз – отарлық кезде де, егеменді ел болсақ та қазақтың төбесінен қауіптің қара бұлтының арылмай қойғандығы. Әзірше сыртқы жаудан гөрі ішкі жаудың, сары орыстан гөрі қара орыстың арам пиғылды бет пердесі күннен күнге ашыла түсуде. Тіпті, белгілі ақын, қоғам қайраткері О. Сүлейменовтің өзі қазақ елінің егеменді ел ретіндегі болашағына сенбейді; тәуелсіз болудың өзі Қазақстан үшін аса қауіпті санайды («Если мы будем полностью независимы, тогда это большая опасность для Казахстана. Мы должны быть в союзе со своими давними соседями». Азаттық радиосы, 21.11.2014).

Қара бұлтың кетпей қоюының ең бастысын Ж. Сейітнұр «Мемлекеттің күллі саласында функционалдық тұрғыда басым отырған орыс тілі өзі қаласын, я қаламасын қазақ тілінің өркен жаюына кедергі келтіруде» (Тәуелсіз ұлттың мәртебесі. «Қазақ әдебиеті», 12.12.2014) – деп, көрсетіпті. Сонда «біз тәуелсіз елміз» деп, жүргеніміздің өзі қалай болар екен? Бұдан шығатын қорытынды – тәуелсіздігімізді ештеңкеге жалтақтамай, барынша қорғай, сақтай білуіміз керек, әйтпесе, өзіміз мерт боламыз.

Қазақстандық неміс жазушысы Герольд Бельгер «Қазақ ұлтының болашағы зор. Қазақ – осы кезге дейін рухани

мүмкіндігін аша алмай келе жатқан ұлт. Шынайы тәуелсіздікке әлі жеткен жоқ, біртіндеп, мысықтабандап келе жатыр. Қазақ оянуы керек, сол кезеңді қазағыммен бірге көргім келеді» (Дат», 30.10.2014) – деп, армандайды.

Қазақ тілі жайлы ойларымызды ұлы Аханның (Ахмет Байтұрсыновтың) мына бір

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлылығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.

Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де қамын қатар ойлау керек» (Ахмет Байтұрсынұлы . Тіл-құрал. Алматы, 2009, 331-бет) деген сөздерімен түйіндеп, Н. Назарбаевтың «Біздің ең жоғары бағалайтынымыз – Тәуелсіздік. Ата-бабамыздың қанымен, терімен келген тәуелсіздікті біз ешкімге бере алмаймыз. Оны қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек. Сондықтан бұл жөнінде ешқандай күдік болмасын» – деп, Ұлытауда қалың қазаққа арнап айтқан ұлағаты ойларымен аяқтаймыз.

МАҚСАТ – ТҮРКІЛІК БІРЛІК

«Түрік халқы – батыр халық! Түрік халқы – арыстан ер халық! «Кімнен таяқ жегендей, біздің түрік баласы?! Алдырып жүрген дұшпанға арасының аласы!» Бұл нақыл сөзді біз ұмытпауымыз керек! Бәріміз бір болсақ, жеңбейтұғын жауымыз жоқ».

Мұстафа Шоқай

Жердің жүзін өрмекшінің торындай шырмап, жайлап бара жатқан жаһандану толқынына бодандықтан есін жия алмай жатқан күйі қазақ елі де ойланып жатуға мұршасы болмастан қойып кетті. Жаңа дәуір біздің алдымызға мүлдем жаңа жолдар ашып, ұлттық, өмірлік мәні бар тың мәселелерді шешу міндеттерін ұсынып отыр. Әдетте, бұрын жүрмеген жерлердің ой-шұқырлары көп болады. Жарқ-жұрқ етіп, алыстан өзіне тартатын жағымды жаңалықтарымен өзіне баурап, жарқын болашақтікі деп түскен жолымыз қайда апарады, адастырып, құрдымға бастап кетпей ме деген мазмұндағы сан-сапалақ сауалдар көзі ашық әрбір қазақты мазалайтыны тағы да анық.

Өмірдегінің бәрі жалған; мәңгілік ештеңе жоқ. Бүгін бар, ертең жоқ. Бұл дүниеден бәрі де өтеді; бәрі де өзгереді; бәрі де өткінші, уақытынша. Кезінде бүкіл әлемді ұсынса да ұстаған небір патшалар, небір империялар болған. Бүгін соларды оқыған бірлі-жарымдар болмаса, қалың көпшілік біле бермейді. Кешегі мықтылар мен жақсылар бүгінгі күні басқаша бағалануы мүмкін. Ахаңның (Ахмет Байтұрсыновтың) «Асықпаңдар, артымызда қазы бар, Сүйегіміз таразыға талай әлі тартылар» деген жолдарында адам өмірінің бүкіл философиясы жатқан жоқ па!?

Десек те жаһандануды өткінші ғана нәрсе деп, одан бейтарап қала алмайтындай жағдайдамыз. Қалайық, қаламайық,

одан біз сырт қала алмайтын сияқтымыз. Қалай десек те жаһандану бүгінгі күннің шындығына айналып, бізді ертеңгі күннің қамын жеуге мәжбүрлеп отыр. Егер де біз ғаламдасудың алға тосып отырған мәселелерін шешуге қазірден дұрыстап, шындап кіріспесек, ол бізбен жақсылап тұрып айналысып, өз дегенін істейтін болады. Ендігі біздің алдымызда тұрған мәселе – жаһандануға қалай кіреміз, қандай жолмен жүреміз, не ұтып, неден ұтыламыз деген сауалдарды барынша саралап барып іске кірісу.

Жаһанданудың алғашқы кезеңіндегі тәжірибелерге сүйене отырып, осы төңіректе кейбір ойлар қозғауға болады. Бұл реттегі ең басты мәселе ғаламдасудың ұзын құрығынан ешкімнің қашып құтыла алмайтындығы анық болғандықтан да бұл үдерістен барынша пайдамен, аз шығынмен шығу жақтарын ойластырған жөн. Нақтылай айтқанда, ұлтымыздың, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне септігін тигізетін қоғамдық дамудың, ғылым мен техниканың, технологияның соңғы жетістіктерін мүмкіндігінше пайдаланып, титімдей болса да, зиян келтіретіндерінен бойды аулақ салған дұрыс.

Жаһанданудың әсеріне ең алдымен, көп ұшырайтын, көп ұтатын да, ұтылатын да – ұлттық тіл. Бір сөзбен айтқанда, тіл майданында тілін сақтай білген ұтады да, сақтай білмеген барлық жағынан да ұтылып, ең соңында ұлтын жоғалтып тынады. Қазақ тілінің жағдайына келгенде, осы уақытқа дейін жетістіктерімізге қарағанда, өз шешімін таппай жатқан мәселелердің, ұтылыстарымыздың басым жатқандығы ойлантпай қоймайды.

Қазақ тілі – әлем тілдерінің ішінде ешқайсысынан кем емес, тілдік қасиеттері жағынан келгенде, алдыңғы кеудеден көрінетін кемел тілдердің бірі. Демек, қазақ тілі – жаһандық тіл майданына салып жібергенде, бұзып-жарып шыға алатындай, әбден жетілген, «мың өліп, мың тірілген» күрескер, өміршен, сұлу да көркем тілдердің қатарында. Сонда, бар гәп қазақ тілінің нашарлығында, болмаса, замана ағымына ілесе алмауында емес, сол алдаспан ана тілін заманға лайықты ұстанып, баптап, жал-құйрығын күзеп, бәйгеге қоса алмай жүрген қазақтардың өзінде.

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазылған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» (Ахмет) екендігін әрдайым есте ұстай алмағандығымыздан да ана тілімізді осындай күйге ұшыратып отырмыз.

Турасын айтқанда, Қазақстандағы қазақ тілінің осындай мүшкіл халі өз ұлтынан жиренген кейбір қазақтардың ана тілін менсінбей, жаһанданудың арқасында қазақ елінің есігін сығалап, ішке кіре алмай жүрген келімсек тілдердің арбауына түсіп қалуынан туындап отыр. Іштен шыққан жау жаман демекші, қазіргі қазақ қоғамында ана тілін білмейтін мэнгүрттердің, көзқамандардың көбейе түсуі біртұтас ұлтты екіге жарып, оның болашағына шындап қауіп төндіре бастады.

Ауруды емдеу үшін алдымен, оның неден пайда болғанын анықтайды. Диагнозы дұрыс болса, ол ауруды емдеуге болады; ал оны анықтай алмай, ауруға сәйкес ем қолданылмаса, дімкәстің беті бері қарауы қиын. Бір жақсысы қазақ тілінің әлеуметтік жағынан ауруға ұшырауының себептері де, диагнозы да белгілі. Ендігі мәселе сол қазақ тілінің еңсесін түсіріп, кежегесін кері тартып тұрған кеселдерден арылтып, оның толыққанды өмір сүруі үшін жағдайлардың барлығын жасап, оны қоғамдық өміріміздің төріне шығарудың жолдарын шұғыл қолға алмаса, уақыт кеш болып қалуы мүмкін.

Қазақ халқының үш ғасырға жуық орыс отаршылдығының қол астында болуы оның ұлттық, рухани жағынан дамуына орны толмастай олықықтарға ұшыратты. Патша өкіметі негізгі соққыны қазақтың ұлттық сана-сезімін өзгертуге бағыштап, мұны қазақ тілін қоғамдық өмірдің барлық саласынан дерлік ығыстырып шығару арқылы жүзеге асыру көзделді. Міне, осындай саясат жүргізудің барысын-

да қазақ тілі орыс тілінің көлеңкесіне, тек ауылдың анайы қазақтарының тіліне айналды. Мұндай жағдай кеңес өкіметі жылдарында да жалғасып, тіпті орыс тілін неғұрлым тезірек меңгерсек, коммунизмге соғұрлым жылдам жетеміз дегенге дейін жетті.

Отаршылдықтың басты мақсаты – «орыс билігін, орыс мәдениетін, орыс тілін тек Ресейде ғана емес, Еуропа мен Азияда да үстем ету. «Социализм идеясын дүние жүзінде орнықтыру керек» деген ұрандаудың астарында да осындай тойымсыз ұры пиғыл жатыр» (З. Валиди. Тілден, діннен, айрылмаңдар! «Қазақ әдебиеті», 09.04. 1996)-болды.

Үш жүз жылдай бодандықтың астында тұншыққан қазақ тілі тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдан асса да, өз тұғырына қона алмай келеді. Қазіргі таңдағы ең алдымен, шешімін табуы тиіс мәселе – осы. Бұл проблема Ата Заңда көрсетілген қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін қағаз жүзінде қалдырмай, іс жүзінде орындалуын қатаң талап ету арқылы шешіледі. Ол үшін Конституцияда жазылған орыс тілі ресми тіл, ол мемлекеттік тілмен тең дәрежеде қолданылады деген бапты алып тастап, аттан түсіру керек. Сонда ғана барып, қазақ тілі шаужайына жармасқан орыс тілінің өктемдігінен құтылып, өзінің алдына қойылған мемлекеттік тіл мәртебесіне орай айқындалған міндеттерін орындай абыройлы орындай алатын болады.

Қазақ елі өркениетті елдер қатарынан көрінеміз десек, «қазақтың өз бірлігі, түркі бірлігі, ислам бірлігі – осы үшеуі біздің ел болуымыздың шарты» (Р. Бердібай. «Ел боламыз десек...», Алматы, 2000, 113-бет). Осындағы бірінші айтылған «қазақтың өз бірлігі» тек тіл арқылы ғана жүзеге асады. Бұл дегеніміз – күллі қазақтың қазақ тілінде сөйлеуі, сол тілде жасалынған рухани қазынамен нәрленіп, қазақша өмір сүру, яғни қазақша ойлап, қазақша сөйлеу, өмірге қазақтың көзімен қарап, қазақтың мүддесіне қызмет ету; ұлттық тілден бастау алатын «тіл бірлігі, ой бірлігі, іс бірлігінің» жүзеге асуы. Сонда ғана барып, ұлт біртұтас қоғамдық организм ретінде толыққанды өмір сүріп, тура жолда дами алады.

Тілге түскен сәл ғана сызаттың өзі ұлттың, халықтың қалыпты рухани жағдайда дамуына айтарлықтай зардабын тигізеді. Сондықтан да біз еліміздің ертеңін ойлайтын болсақ, осы бағыттағы жұмыстарды тілдің жағдайын жақсартудан бастау керектігі талас тудырмайды. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, бұл салада батыл түрде қолға алынуы тиіс қыруар жұмыстардың күтіп тұрғанын еске салудың артықтығы жоқ.

Жаһанданудың сөз алысып, сөз беріскен тіл майданында мықты, қуатты, отқа салсаң, жанбайтын, суға салсаң, батпайтын, әбден сайланып шыққан тілдердің ғана жолы болатындығы анық. Бұл жағынан келгенде, ағылшын тілі әзірше алдына ешкімді салмай тұр. Миллиардтан астам сөйлеушілері бар қытай, хинди тілдерінің өзі ағылшын тіліне иіліп, сыр беріп, жол беріп тұр.

Ал қазақ тілі ше? Қазақ тілі ағылшын түгілі, көршілес жатқан туысқан әзірбайжан, өзбек, түркімен, тіпті қырғыз тілдерімен салыстырғанның өзінде де ұтылатын, кем түсіп жатқан жақтары баршылық. Бізден басқа мемлекеттік мәртебесі бар түркі тілдері Батыстан аранын ашып келе жатқан жаһанданудың ауанын тез байқай қойды да, тастүйін бекініп, жан-жағын қымтап алды; келсең келе бер дегендей, әрекеттерін жасауда. Ал бізше ?

Жан-жағымыздан анталап, ішке кіруге әрекеттеніп, сығалап, тіміскіленіп, тесік іздеп жүрген арам пиғылдылардың көптігіне қарамастан, баяғы «қонақжайлығымызды» паш етіп, «қош келдіңіздер, жоғары шығыңыздар», «біз көпұлтты елміз», «біз толерантпыз» деп, есік-тереземіздің барлығын ашық-шашық тастап, өзге жұрттардың, солармен бірге өзге тілдердің, мәдениеттердің жайлауына барынша жағдай жасап жатқан жайымыз бар.

Қонақжайлылықтың да, төзімділіктің де, сыйластықтың да шегі бар емес пе? Шектен шыққан, жат жұрттықтардың алғашында ішімізге имене кіріп, қазір ұлттық үйіміздің төрін бермей, рухымызды лайлап жатқан осындай жағдаймен біздің жаһандану заманында табыстарға жете алуымыз екі-

талай. Қазақтың тілі дәл қазір халықаралық аренаға шықпақ түгілі, өз үйінде өзіне өзі келе алмай, ішкі жағдайын реттей алмай жатқаны тағы да – ақиқат. Қазақ тілінің жағдайын жақсартуды ел ішілік жағдайды жақсартудан бастау – кезек күттірмейтін аса зәру мәселе. Біздің бұл жерде негізгі айтпақ болып отырғанымыз – әлемдік жаһандануға ешбір дайындықсыз, ойланбастан қойып кетуіміздің салдарынан ұлтымыздың көп ұтылып, зиян шегіп жатқандығы.

Сонда не істеуіміз керек? Жаһандану біздің өз өзімізге келіп, ойланып алайық, мұрсат бере тұрындар дегенімізге қарап жатпайды. Міне, осындай жағдайда құрдымға кетіп қалмау жағын қарастыруымыз керек. Ол жағын қалай ойластырамыз, қайдан табамыз?

Біздіңше, ондай жол бар. Ол үшін ең алдымен, ұлтты сақтап қалатын, халықтың мүддесін қорғайтын ұлттық идеологияны мемлекеттік саясатқа айналдырып, оның орталық мәселесі ұлттық тілді, ұлттық мәдениетті сақтау болу керек. «...қазақ тілі мен мәдениетін дамыту міндетін шешпейінше, ұлттық саясат мүмкін болмайды» (Н. Назарбаев. Ой бөлістім халқыммен. Алматы, -2006, 87-бет). Ұлттық идеологияға негізделген мемлекеттің басты міндеті Қазақстанның материалдық, рухани құндылықтарын талан-таражға түсуден, жаһанданудың жағымсыз әсерлерінен жастарды, қарапайым халықты қорғау болуға тиісті. Сонда ғана қазақтың тілін, сол тілді қолданатын халықты жойылып кетуден сақтауға болады. Бұл – ұлт болашағының бірден-бір шарты.

Одан кейін міндетті түрде орындалуға тиісті екінші шарт ол – жаһандануға түркітектес елдермен бірге бару. Өйткені жаһанданудың барысында түрлі себептермен өзін сақтай алмаған ұлттардың жаһанданудың жемтігіне айналып кету қаупі зор. Әсіресе, біз сияқты өз тілін, рухани құндылықтарын қадірлей алмай, Батысқа табынып отырған елдер үшін бұл жолдың жөні бөлек. Қатар отырған түбі бір тілдерді бұзып-жарып өту кімге болса да оңайға түспесі анық.

«Түрік» деген сөз (тарихта 542 жылдан белгілі) «күшті», «ержүрек», «айбынды» деген мағынаны білдіреді» (А. Тоқтабай. Түркі халықтарының этномәдениеті. Алматы, 3-бет). «Түрікшілдік – түркі халықтарын бірлікке, өзара байланыстарын нығайтуға үндейтін қоғамдық-саяси ағым» (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8 том, Алматы, 2006, 603-бет).

Түркі халықтарының бірлігі бүгін ғана көтеріліп отырған мәселе емес. Жалпы бірлік мәселесі қоғамдық өмірдің аса бір қажетті шарты екендігі әлімсақтан белгілі. Бірлік сақталған жерде ғана толыққанды өмір бар. Ұлттық бірлік ұлт өмірінің бірден-бір шарты. Ұлттық ішкі бірліктің сақталуы – ұлт өміршеңдігінің басты кепілі. Сондықтан да бұл мәселе түркі халықтары қоғамдық өмірдің даму жолына түскелі бері күн тәртібінен түскен емес. Түркі әлемінің бірлігі жетпей, құлдыраған, біртұтас болып, әлемді аузына қаратқан тұстары да тарихта жеткілікті.

«Солтүстік Азия мен Кіші Азияның, Байкал мен Балқанның аралығындағы ұлы кеңістікті, дүниедегі ең үлкен екі құрлықты иен жайлаған түркі халықтарының бағы жанып, мәртебесі биіктеген де, сәтсіздікке тіреліп, қасірет шеккен де кезеңдері аз болмаған. Тегі, тілі, салты, кәсібі, дәстүрі ұқсас туыс жұрттар өзара ынтымақ тапқан кезде даңқы көтеріліп, ісі оңға басқан, ал алауыздық дертіне ұшырап, беоөкесі қашқан тұста сырт жаулардың қармағына түскенін, тарихтың бұралаң жолдарында қанша рет қайталанғанын толық баяндайтын кітаптар әлі жазылған жоқ» (Р. Бердібай. Ататүрік және түркі бірлігі. «Фйқап», 2013, №4, 16-бет), Әсіресе соңғы бес ғасырдай уақыт бір кездерде әлемдік өркениетке айтарлықтай үлес қосқан түркі әлемінің берекесі қашыңқырап, соның салдарынан тұтастығына сызат түсіп, бір-бірінен ажырай бастады.

«Бөлінгенді бөрі жейді», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дегендей, көпшілігі бодандыққа ұрынып, этнос ретінде жойыла бастады.

Өткен ғасырдың басында түркі халықтарының не ел болып қалу, не тозып, тарихтың сахнасынан түсуі тарихтың

таразысына қойылған сәттерде түркі бірлігі жаңаша мазмұнда барынша қайтадан көтерілді. Түркі жұртын этнос ретінде сақтап қалудың бірден бір жолы ретінде «тілде, ділде, істе бірлікте» (Ысмайыл Ғаспарлы) болуға шақырған түркішілдердің ұраны түркі әлемінің көгінде қалықтады.

Мұны түсінген түркі әлемінің халықтары барынша бірлікке ұмтылғанымен де астыртын қарсы күштердің жасырын әрекеттерінің барысында бұл мақсатқа қол жеткізе алмай келеді. Керісінше, бір кездерде бір бір шаңырақтың астында Алтайда тұрған көк түріктің ұрпақтарының арасы бір-бірінен қашықтай түсіп, алды құрдымға құрып бара жатқандай көрінеді. Сондықтан да бүгінгі жаһандану үдерісі барынша қатты қарқын алып, мұның өзі түркі әлемінің тұтастығына, болмысына айтарлықтай зиянын тигізіп жатқан тұстарда бұл мәселе барынша өзекті болып отыр.

Түрікшілдік дегеніміз не? Бұған Зия Көкалып төмендегіше анықтама береді: «Түрікшілдік» түрік ұлтын («түрік ұлты» бұл жерде барлық түркі халықтары мағынасында, Д. Ы.) биіктету деген сөз». Бұл жердегі басты мәселе түрік ұлтын көтеріп, басқаларды төмендету емес, керісінше, басқа ұлттарды да мойындай, олардың озығынан үйрене стырып, өз ұлтынды сүйу, оған адал қызмет ету болып отыр.

Тағы бірде З. Көкалып «Түрікшілдік – бар ынтасымен тек өзінің бірегей мәдениетіне ғана ғашық болу, бірақ шовинизм немесе фанатизм емес. Еуропа өркениетінің құндылықтарын толық және жүйелі түрде ала отырып, онда басқа ешқандай ұлттық мәдениетті жатсыну немесе төмендету ниеті жоқ. Керісінше, барлық ұлттық мәдениеттерді бағалаймыз және құрметтейміз. Тіпті, біз бірқатар жамандықтарын көрген ұлттардың да саяси ұйымдарын құрметтеумен бірге олардың мәдени туындыларына таңданамыз, ойшылдары мен өнер адамдарына құрмет көрсетеміз» (З. Көкалып. Түрікшілдіктің негіздері. Алматы, 2000, 74-бет) – депті.

Түрікшілдіктің түркі халықтарын ынтымаққа, бірлікке шақырудан басқа ешкімге зияны жоқ, бейбітшіл ағым екен-

дігіне қарамастан, отаршылдар одан өздерінің зымиян ойланының жүзеге асуына кедергі келтіретін, түркі халықтарын күшейтетін бірден-бір қауіпті көріп, қорқып, түп-тамырымен құртуға барынша әрекет жасады. Түрікшілдікке, түркі бірлігіне шақырған түркі халықтарынан шыққан ұлт зиялылығын «пантүркішілдік», «ұлттық шовинизм», «панисламшылдық», «діни фанатизм», «реакцияшыл қозғалыс» деген не бір саяси айыптаулармен айыптап, дүркін-дүркін жазалаулар ұйымдастырып отырды.

Ал шын мәніне келгенде, түркішілдік түрік халықтарын басқалардан ерекшелейтін әсіре ұлтшылдық емес, керісінше, алпауыт елдердің өздерін жоғары санайтын өктемшіл, шовинистік, отаршылдық саясатына қарсы қойған қорғаныстық мақсаттағы түркі халықтарын бірлікке шақырған ұлт-азаттық қозғалыс болды. Отаршылдық саясат күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқандықтан да ұлт азаттығына негізделген түрікшілдік қозғалысы да өмір сүріп, түркі халықтарының бостандыққа, бақытты өмірге жету жолындағы бірден-бір қозғаушы, біріктіруші күшке айналуға.

Қазіргі заманның қоғамдық дамуында негізгі екі жол көрініп тұр. Оның біріншісі барынша насихатталып, өмір сүруге ең қолайлы, бақытқа жеткізетін жол деп, ұсынылып жатқан Батыстық құндылықтарға негізделген американдық өмір салты болса, екіншісі әр халықтың өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, ұлттық құндылықтары негізіндегі ұлттық даму жолы. Қазір шамасы келген мемлекеттердің көпшілігі екінші жолға түсіп, өзіндік болмыстарын сақтап қалуға тырысып жатыр. Шамасы келмегендері амалдың жоқтығынан да бірінші жолға түсуге мәжбүр болғанымен де, «суға кеткен тал қармайды» дегендей, өзін сақтап қалудың қолдан келер соңғы әрекеттерін жасау үстінде.

Біз жаһандандудың осы екі жолының қайсысына түсуіміз керек. Біріншісі – құрдымға апаратын жолға түскіміз келмейтіні – түсінікті. Ал екінші жолға шығу үшін тілі, сол тілде жасалынған мәдениет, ұлттық сана-сезім, экономика, жалпы мемлекет күшті болуы керек. Бір сөзбен айтқанда,

ұлттық болмысымызды сақтай алатын, барлық жағынан да бәсекелестікке қабілеттілікті талап етіп отыр. Бұл жағынан келгенде, бізге ойлануға тура келеді. Шындығын айтқанда, біз сияқты ұлттық дамуында әлі де жеткенінен жете алмай келе жатқаны көп елге жаһанданудың жолымен жеке дара жүру аса қауіпті екендігіне бүгінгі күндері көзіміз анық жетіп отыр.

Жаһанданудың алғашқы аяқ алысында әсіресе шағын ұлттарға қауіп қатты төніп тұр. Оның қарқын алып, күшейе келе ірілерге де ауыз сала бастауы анық. Қазірдің өзінде миллиардтан астам қолданушылары бар қытай, хинди тілдерінің өзі де ағылшын тілінің алдына тосқауыл қоя алмай отыр. Түрік ғалымы Ферхад Тамирдің ағылшын тілі қазіргі түрік тілінің ішіне дендеп кіріп жатыр; қазір қауіпі онша болмағанымен де сезіле бастады; 2-3 ұрпақ ауысқан соң, үлкен ұлттық проблемаға айналуы мүмкін деген сөзі ойға оралады. Түркі халықтарының ішіндегі ұлттық мәселелері біршама мығым шешілген 80 миллиондай түріктердің өзі жаһанданудың ұлт болашағына тигізер әсері жайлы толғана бастауының өзі басқа аз санды халықтар үшін көп нәрсені аңғартуы тиіс.

Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік Түркия республикасының он жылдығына орай өткізілген салтанатты жиында сөйлеген сөзінде «Ең алдымен, мен біртұтас түркі ұлтшылымын, яғни ұлтжандысымын, солай тудым, солай өлемін. Түркі бірлігі күндердің күнінде шындыққа айналатындығына сенемін. Өзім ол күнді тікелей көрмесем де, оны түсімде көре отырып, көзімді жұмамын. Ертеңнің тарихы өзінің жаңа кезеңдерін түркі бірлігімен бастайтын болады. Әлем бейбітшілік пен тұрақтылықты сол кезеңдерден табады» (Қараңыз: Қ. Аманжолов, Қ. Рахметов. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1997, 8-9 беттер) – деп, түркі бірлігінің болашағына үлкен үміт артқан болатын.

Өткен ғасырдың соңына қарай КСРО ыдырап, түркі-тектес Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан тәуелсіздік жолына түскенде, достық қолын

алғаш созған туысқан түріктер болды. Кезінде Түркияның президенті, бірнеше дүркін премьер-министрі болған С. Демирел «Кеңес Одағы ыдыраған кезде біз Қазақстанның әлемге Мәскеу терезесінен ғана қарамағанын қаладық. Тәуелсіздігін жариялаған елдердің алдында келесі бір қиындық тұрды. Қазақстанға нарықтық экономикаға көшу керек болды. Міне, осы тұста Түркия елі Қазақстанның жанынан табылып, қолтығынан демеді. Өзінде жоқ қаржыны өзгелерден несие алып, Қазақстанға берді. Түркияның да сол кезде асып-тасып бара жатқан байлығы жоқ болатын. Бірақ соған қарамастан, бұл біздің бауырларымызға қосқан үлесіміз болсын деп, өзгеден үнемдеп, 1 млрд долларлық несие бағдарламасын аштық. Егер Қазақстан бұл несиені дәл мерзімінде төлемесе, онда бұл қаржыны Түркия өз есебінен төлеуге мәжбүр болатын. Қазақстан өзіне алған міндеттемесін уақытысында орындады. Кейін Қазақстанның осы іс-қимылы француздардың, жапондардың, американдықтардың сеніміне кіруге жол ашып, шет ел инвестициясының келуіне алғы шарттар жасады. Осылайша қазақ елі Түркия арқылы әлемге терезе ашты» («Алматы ақшамы», 16.12.2014) – деп, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы екі елдің арасындағы бауырластықтың жүзеге аса бастау көріністерін қанағаттанғандық сезіммен еске алады.

Жаһандану үдей түскен бүгінгі таңдағы түркі бірлігі хақында түрік ғалымы, профессор Әбдіуақап Қара төмендегіше ой айтқан: «Бүгінгі таңдағы түркі халықтарының мәселесі жаһандану деп айтылған ұлы мәдениеттердің кіші мәдениеттерді жалмап-жұтып жатқан кезінде бір-біріне жақын немесе туыс мәдениеттердің өзара ынтымақтастықта ұлттық ерекшеліктерін сақтау мәселесі болып табылады. Жаһандану дәуірі өздерін басқа елдерден оқшаулаған елдер ұтылған, өзге елдермен ортақ нүктелер тауып, ынтымақтастық пен достықты көп жақты дамытқан елдер ұтқан дәуір» (Ә. Қара. Түркі дүниесінің ортақ әліпби жүйесі бола ма? «Түркістан», 14.03.2013).

Қазақ зиялыларының пікірлері де осы арнада көрінуде. Мысалы, академик Өмірзақ Айтбайұлы түркілік тұтастық-

қа қол жеткізу қазіргі замандағы түркі мемлекеттерінің алдында шешімін күтіп тұрған аса маңызды мәселе деп біледі: «Егер түрік халықтары ортақ бірлестікке қол жеткізіп, үлкен одаққа айналмаса, түптің түбінде шағын елдер ретінде ірі мемлекеттерге жем болуы ғажап емес. Сондықтан да біз биік мақсаттарға ұмтыла отырып, шағын болса да үздіксіз қадамдар жасай бергеніміз абзал. Бұл қадам мәдени өріс, тілдік тұтастық саласындағы рухани қарым-қатынастардан бастау алғаны тиімді» (Ө. Айтбайұлы. Тіл-тірес. Алматы, 2014, 314-315 беттер).

«Жаһандану дәуірінде қазақтың болашағы түбі бір түріктердің етене жақындасуына тікелей байланысты екеніне күмәндануға болмайды» – дейді Түркі халықтарының Дүниежүзілік Ассамблеясының президенті Е. Сұлтанмұрат.

«Бөлінгенді бөрі жейді», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді қазақ. Ы. Алтынсариннің бір әңгімесінде мынадай оқиға суреттелген. Бір-бірімен ұрысып-таласып, тату болмаған балаларын әкесі шақырып алып, қолдарына бір-бір шыбықтан ұстатып, сындырындар дегенде, бәрі де қиналмай, оп-оңай сындыра салады. Ал енді мынаны да сындырындар деп, бір бума шыбықты бергенде, біреуі де сындыра алмайды. Сонда әкесінің «Сендер бір-біріңмен тату-тәтті болмай, жекедара жүрсендер, қолдарындағы сынған шыбық сияқты күй кешіп, көрінгенге қор боласындар, ал барлық уақытта бірге болсандар, сендерге ешкім тиіспейді, тиіскен күннің өзінде де шамасы келмейді» деген ақыл-өсиет айтқан екен. Осы бір аталы сөздің тек қана туысқан адамдардың ара қатынасында ғана емес, ұлтаралық, мемлекетаралық қатынастарда да аса маңыздылығына, өзінің мәнін жоймағанына жазылғанына ғасырлар өткеніне қарамастан, күні бүгін де көзіміз жеткендей болады.

Түркі халықтарының тарихы мен бүгінін ойлағанда, осы бір нақыл сөздер ерекше бір маңызға ие болғандай. Өткенімізге көз жіберсек, түркі халықтарының салтанат құрған, сонымен бірге өзара бір-бірімен тату болмауы сал-

дарынан ұтылған тұстары да аз болмапты. Әсіресе азулы көршілеріміздің түрлі жымысқы әрекеттер жүргізіп, іштей алауыздықтар туғызып, «бөліп ал да билей бер» мақсатындағы саясатынан көп зардап шегіпті. Осындай зымияндықтардың салдарынан түркілік тұтастық, бірлік бұзылып, шетке шығып қалған кейбір ұлттардың аранның аузында тұрғаны қазір жасырын емес. Ішкі алауыздықтардан, басқа да түрлі себептерден туындаған мұндай келеңсіздіктерге алдағы уақыттарда тосқауыл қоя алмасак, мұның өзі түркі әлемінің болашағына деген айтарлықтай зардаптары болуы мүмкін.

Сонымен, жаһандануға жұтылып кетпес үшін бізге ең қолайлысы – түркілік жол, яғни тегі, тілі, рухани құндылықтары ұқсас, бір түркі халықтарымен бір болу. Бұл тек қазақтар үшін ғана емес, түркі тектес қырық шақты ұлттың да болашақта жойылып кетпей, аман қалуының бірден-бір жолы түркілік тұтастық екендігін бүгінгі өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Түркілік даму – біздің болашағымыз деп отырғандағы біздің басты дәлеліміз – олардың тегінің, тілінің, рухани құндылықтарының бірлігі, біртұтастығы. «Түркі әлемінің эпостары – қазіргі түркі тектес халықтардың тарихы мен мәдениетінің біртұтас екендігін терең түсініп, жете сезіну үшін теңдесі жоқ құнды қазыналар. Сонау есте жоқ ежелгі замандардан бері бауырлас түркі халықтарының асыл қазынасы болып табылатын эпостар олардың даму тарихындағы небір қиын-қыстау кезеңдерде халықпен бірге жасасып, бірге сақталып келеді» (Н. Назарбаев. Ой бөлістім халқыммен. Алматы, -2006, 83-бет).

Халықаралық Түркі академиясының экс-президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор Шәкір Ыбыраев «Ал әлемдік жаһандасу үрдісінен қазақ жұртының үні естілетін жолға келсек, бұл – түркі әлемінің жолы. Түркілік тұтастық, түркілік ортақтық арқылы рухани бірлігімізді дамыта алсақ, сол жолмен жаһандасуға ілессек қана біздің мәдениетіміз де, әдет-ғұрпымыз да, жүріс-тұ-

рысымыз да белгілі бір дәрежеде өзгеріссіз сақталып қана қоймай, оның жоғары деңгейде болуына өзіміз жауапты болған болар едік. Сөйтіп қана қазақ өзінің үлес салмағын жаһанның жұмырланған уысынан алып шығар еді» (Ш. Ыбыраев. Түркілік рухани бірлік идеясы қазақтың ұлттық мәселесі болуы керек. «Алаш айнасы», 26.02.2013) – дейді.

Жалпы өмірге келген әрбір адамның өзін қоршаған қоғамнан, табиғаттан тыс өмір сүре алмайтындығы, оның болашағы айналасымен қарым-қатынасының қалай құрылуына тікелей қатысты болатындығы сияқты ұлттардың дамуында да бұл – ерекше маңызға ие. Адамдардың бақыты отбасынан басталып, ары қарай ағайын-туыстарымен, көршілерімен, әріптестерімен, жерлестерімен, достарымен, пікірлестерімен дегендей, жалғаса береді. Сонда жақсы адамның достары, тілеулестері көп болып, ол ұлттық, мемлекеттік деңгейге көтеріліп, халқына қызмет етеді.

Ұлттың да, сол ұлт құрған мемлекеттің өмірі де осы сияқты өзін қоршаған елдермен қарым-қатынастарына тікелей байланысты. Әрбір ұлт алдымен, туыстас халықтармен, көршілерімен туыстық, тату-көршілікте болып, содан кейін барып, басқа елдермен де араластарын дамытуға тиіс. Бұл – табиғи дамудың, бейбіт қатар өмір сүрудің даңғыл жолы.

Сондықтан біздің де жаһандануда ғасырлар бойы адамзат тарихының күре жолдары арқылы дәлелденген осы бағытпен, яғни түркі тектес халықтармен достық, ынтымақтастық, аралас-құраластық жолымен жүргеніміз абзал. Біз үшін жаһандасу алдымен, туысқан түркі халықтарымен бұрынғыдан да жақын араласа түсу, жат-жұрттықтардың жағымсыз ықпалына көп түсе бермей, олардан пайдалы, аса қажеттілерін ғана алып, өзіміздің ұлттық, түркілік құндылықтарымызды, болмысымызды бірлесіп байыту, сақтау бағытында болуы керек. Сонда біз өзімізбен бірге, басына жойылу қаупі төніп келе жатқан басқа да бауырлас ұлттардың аман қалуына септігіміз тиетін болады. Мұның өзі бір ғана ұлттың емес, түркі халықтарының барлығының

да мүддесіне сай келетін, соған қызмет ететін бірден-бір тура даңғыл жол болып табылмақ.

Әрине, осылай істеген жөн деп, айту бар да оны іске асыру тағы бар. Ойға алған нәрсенің жүзеге асатыны, сонымен бірге сырттай қарағанда мүмкін сияқты көрінгенімен де аспайтыны да жеткілікті. Сол сияқты бұл идеяны түркі тектес халықтардың барлығы дерлік қолдағанымен де оған кіріскен кезде алдан қаптап шыға келетін шешуі қиын проблемалардың бой бермеуі салдарынан көрінгенге жем болып жатқанымыз да жасырын емес. Күрмеуінің көптігі соншалық, бұл идеяның кейбір тұстарының өмір шындығына айналуына күмән келтіріп, орындалуы екіталай дейтін дейтін пікірлер де кездеседі.

Түркі тектес халықтар бір кездерде Алтай тауларын мекен етіп, өсіп-өніп, жетіліп, асқан жаугерлік өнері мен қайқы қылыш, үшкір найзаның арқасында Еуразияның ұланғайыр жерін басып алып, емін-еркін мекен етті. Уақыттың жылжуымен бірге заман да өзгеріп, қылыш пен найзаның күні өте бастағанда, ішкі алауыздықтардың салдарынан өздерін қорғай алмаған түркі халықтарының көпшілігі бодандық қалыпқа түсті. Түркілердің түтіні бір ғана жерде – Түркия шаңырағында ғана тұзу шығып тұрды.

Түркілер тарих сахнасына шыққаннан бастап, түркі халықтарының бірлігі күн тәртібінен түскен емес. Түркілік руханияттың көшбасшылары болған Қорқыт, Махмұд Қашғари, Қожа Ахмет Иассауи, Жүсіп Баласағұн, Әлішер Науайы, Низами Гәнжәуи, Физули, Мақтымқұлы, Рабғузи, Молла Панах Вагиф, Машраб Бабарахым, Мырза Алекпер Сабыр, Абай Құнанбаев, Зия Гөк Алып, Ғабдолла Тоқай, Абдурауф Фитрат, Абдулла Қадыри, Заки Валиди Доған, Ысмайыл Ғаспарлы, Мағжан Жұмабаев, т.б. түркі тілдерінде қалдырған шығармаларында ел бірлігін, тыныштықты, өзара ынтымақтастықты жырлап, әлемдік өркениеттің үлкен бір саласына айналған түркілік мәдениеттің классикалық үлгісін жасады.

Қазақ поэзиясындағы ғасырлардан сыр шерткен жыраулық поэзия түркілік моральды, халықтар арасындағы

тату көршілік достықты жыр етуімен ерекшеленеді. Өткен жүзжылдықтың басындағы алаш поэзиясы түркішілдік идеяларымен суғарылған. Ғасыр басында Мағжан Жұмабаевтың поэзиясы түркі бірлігін, түркілік азаттықты барынша батыл жырлаған жауһар жырлары өмірге келді.

XX ғасырдың бас кезінде қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты түркі бірлігі саяси тұрғыдан батыл түрде күн тәртібіне шықты. Сол кездегі Түркістан өлкесінің зиялылары топтасқан Ташкент қаласында тәуелсіз Түркістан мемлекетін құруға әрекеттер жасалынды.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығының аумағында қазіргі Орталық Азия республикалары мен Қазақстанның оңтүстігін қамтыған Ресейдің құрамындағы Түркістан автономиялық советтік социалистік республикасы құрылды. Республиканың басшылығында Т. Рысқұлов бастаған Түркістан коммунистік партиясы мен Ресей социал-демократиялық партиясымен тікелей байланыста болған Мұсылмандар бюросы (Мұсбюро) тұрды.

Көп ұлттардан құралған республикада ұлтаралық қақтығыстардың алдын алу мақсатымен онда тұратын башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, сарт, татар, түркімен, өзбектерді түрік туының астына топтастырып, мемлекетті түркі халықтарының елі деп санау ұсынылды. Сонымен бірге республикаға тәжіктерді қосу, сондай-ақ басқа да түркітектес халықтардың кіруіне жол ашу, сөйтіп, РСФСР-дың құрамында Еділден Памирге дейінгі ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан Түркістан (Тұран) республикасын құру жоспарланды.

Болашақ Түркістан республикасы жайлы ұсыныстармен саяси билікті таныстырып, орталықтың оң саяси шешім шығаруына қол жеткізу мақсатымен құрамында Т. Рысқұлов, Г. Бех-Иванов, С. Тұрсынхожаев, Н. Хожаев бар делегация Мәскеуге аттанады. Бірақ Кремль бұл ұсынысты қабылдамай тастайды.

Ресейде В. И. Ленин бастаған большевиктік (коммунистік) партия билік басына келген кезде елдегі бодан басқа ұлт-

тардың барлығына теңдік беремін деп, жар салды. Осы уақыттарда Қазақстанда да ұлттық автономия мәселелері көтеріліп, ұлт тәуелсіздігін түркілік тұтастықтан көрді. Ысмайыл Ғаспыралының түркішілдік идеялары жер-жерлерде қолдау тауып жатты. Кезінде түркі халықтары арасындағы ынтымақтастыққа шақырған, үндеген пікірлері үшін Ы. Ғаспыралы халықтар арасындағы достықты нығайтқаны үшін бейбітшілік саласындағы Нобелдік сыйлыққа да ұсынылған болатын. Бірақ та бұл идеялардың жүзеге асуына жол берілмеді. Ы. Ғаспыралыдан бастап, түркі бірлігін қолдаушылардың барлығы да «пантүркішілдікпен» айыпталып, «халық жауы» ретінде жазалауға ұшырады.

Түркі тектес халықтардың біртұтас мемлекет болып, үлкен саяси күшке айналуынан сескенген кеңес өкіметі «әр ұлт өзін өзі билеуі керек» деген ұстаным негізінде өмірге Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан одақтас республикаларын өмірге әкелді; қалғандары автономиялық республика, автономиялы облыс, автономиялы аудан мәртебелерін алды.

Сөйтіп, жиырмасыншы жылдардың соңына қарай басқа ұлттарға бағытталған саяси қысымның күшеюі, көк түріктің ұрпақтарының арасына іріткі салу барысында түркінің ұрпақтарының әрқайсысы өзінше өмір сүріп, өзінше тон пішіп, жеке дара тіршілік кешкенімен де түркілік бірлік идеясы мәселесікүн тәртібінен түпкілікті түсе қойған жоқ.

Бір халықты билеп-төстеу үшін алдымен, оның қандай ел екендігін біліп барып, соған орай басқару қолға алынады. Міне, осындай мақсаттармен түркі халықтарының тілін, мәдениетін, тарихын, әдет-ғұрпын зерттеу барысында тұтас бір түркология ілімі пайда болды. Кеңес өкіметі орнаған соң, халқының үштен біріндейін құрайтын түркі тектес халықтарды маркстік-лениндік ілім тұрғысынан қайта тану қолға алынды. Түркология іліміне идеологиялық тұрғыдан жаңаша бағыт, жаңаша мазмұн беру мақсатымен ғылыми-зерттеу мекемелері ашылып, онда білікті ғалымдар жұмыстар жүргізе бастады. Осындай бағыттағы ірі шаралардың

бірі 1926 жылы ақпан айының 26-нан наурыздың 6-сына дейін Баку қаласында өткен түркітанушылардың бірінші құрылтайы болды. Оған түркі нәсілді жұрттардың көпшілігінің өкілдері мен Түркияның Көпірлі-зада, Құсайын-зада секілді профессорлары, Кеңестер Одағынан Бартольд, Олденбург, Крымский, Самойлович, Малов, Ашмарин, Щерба сияқты атақты түркітанушылар қатысқан.

Он күнге созылған алқалы жиында түркі әлемінің тіліне, мәдениетіне, тарихына, қазіргі жағдайына қатысты он төрт мәселе талқыланған. Дегенмен де жиында талқыланған негізгі тақырып латын әліпбиіне көшу болды. Осы орталық мәселе бойынша Қазақстаннан А. Байтұрсынов «Пән сөздерінің жүйесі туралы», Н. Төреқұлов, Е. Омаров «Әліпби сыны пән жағынан, әліпби сыны іс жағынан» баяндамалар жасаған. Атақты түркітанушылардың баяндамалары мен шығып сөйлеген ғалымдардың сөздерінде түркі халықтарына ортақ әліпби жасаудың оң жақтары мен келеңсіз тұстары, оны жасау, жүзеге асыру барысында туындайтын қиындықтар егжей-тегжейлі сараланды. Бұл пікірлер күні бүгінге дейін өзінің маңызын жоғалтқан жоқ.

Тек қазақтың ғана емес, жалпы Түркістан халықтарының азаттығы үшін шетелде қуғында жүрсе де алысып өткен М. Шоқай 1939 жылы түркі халықтарының ынтымақтастығы жайлы арнайы мақала жазды. Мұстафаның «Түрік бірлігі – турасын айтқанда, «мұғажұраттағы түрік топтарын бірлестіру» мәселесі өз алдына жаңа мәселе болып тұр. Ол қазірге дейін ауызекі әңгімелеріміз бен жазған мақалаларымыздың басты тақырыбына айналды. Осындай бірлік жасау үшін ұмтылыс та болмай қалған жоқ. Өкінішке орай, мұндай ұмтылыстар осы күнге дейін ешбір нәтиже бермей келе жатқан болса, ол түрік топтарының осындай бірлікке ықыласының жоқтығынан (ықылас жоқ болса, онда мұндай ұмтылыс та болмас еді) емес, өмір сүріп отырған жағдайдағы соған барғызбай жатқан себептерінің үстем болуында еді» (Мұстафа Шоқай. Түрік бірлігі хақында. «Айқап», 2013, №2, 7-бет) – деп жазғаны арада жетпістен аса

жыл өткеніне қарамастан, күні бүгінге дейін шешімін таппай келеді. Мұның басты себебі Мұстафа көрсетіп отырғандай, түркі халықтарының «бірлікке ықыласының жоқтығынан емес», керісінше, «соған барғызбай жатқан себептердің үстем болуынан», яғни мұны жүзеге асыруға қолайлы саяси жағдайлардың болмауынан. Сондықтан да «түрік топтарын бірлестіру мәселесі – саяси мәселе» екендігін атап көрсетеді.

XX ғасырдың соңына қарай, әзірбайжан, қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен тәуелсіздіктерін алып, тарихтың сахнасына қайта шығуына байланысты бұл мәселе тағы да көтерілді. Өйткені егемендігін жариялап, тәуелсіз даму жолына түскенімен де азулылардың азу тістерінің арқаға батуы әлсіремек түгілі, күшейе түскен еді. Тоқсаныншы жылдары жолындағыларын жалмауыздай жалмап келе жатқан жаһандандудың жаманшылықтарынан сақтанудың бірден-бір жолы күш біріктіру екендігін сезіне бастаған түркі тектес мемлекеттер тарапынан барынша қолдау тапқанымен де бұл мәселе екі мыңыншы жылдарда да түпкілікті шешімін таппай, әлі күнге дейін күн тәртібінде тұр.

Түркі бірлігі мәселесіне кері әсерін тигізіп тұрған негізінен екі түрлі жағдай бар. Оның біріншісі ғасырлар бойы бодандықта болып, тәуелсіздіктерін енді ғана алып, ғасырлар бойы аңсаған ұлттық даму жолына түсе бастаған елдердің өз егемендіктерін сақтап қалуға, жеке дара болуға деген заңды ұмтылыстарынан туындап отыр. Сонымен бірге енді ғана жеке ел болғанда, сол тәуелсіздіктерін көзінің қарашығындай, шаң жуытпай сақтап отыруымен бірге түркі тектес республикалардың көшін бастаған лидерлердің «ортақ өгізден оңаша бұзауым артық» деген жеке билеп төстеушілік пиғылдарын да байқағандай боламыз.

Жаһандану үдерісі барынша бел алып келе жатқан қазіргі заман мемлекетаралық түрлі одақтардың көбейіп, ықпалдасуларды өз ыңғайларына, мүдделеріне қарай бұрып, бірлесіп пайдаланып қалуға ұмтылыстарымен ерекшеленеді. Халықаралық қарым-қатынастардың саяси, экономикалық, мәдени деген сияқты сан-салалары бар болса,

бірігулер түрлі бағыттарда жүріп жатыр. Мысалы, Солтүстік Атлантикалық Одақ (НАТО) батыс елдерінің саяси мүдделері негізінде құрылған ұйым болса, Еуропалық Одақта экономика басшылыққа алынған. Осы сияқты түрлі одақтар Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде, Тынық мұхит аймағында да бар. Белоруссия, Қазақстан, Ресей кедендік одақ құрып жатыр. Осы сияқты одақты, яғни түркі халықтарының мүддесін халықаралық ауқымда бірлесіп қорғауға қызмет ететін ұйым құру бүгінгі күн қажет етіп отырған басты талаптардың бірі болып отыр.

Басында таза экономикалық ұйым ретінде жоспарланған Кедендік одақтың алғашқы адымдары ойдағыдай болмай жатыр. Халықаралық жағдайлардың ушыға түсуіне байланысты бұл одақтың да саяси сыпаты байқала бастады. Мұның өзі Кедендік одаққа ашық қарсы шығушылардың қатарын көбейте түсуде. Солардың бірі жазған мақаланың тақырыбы «Басқыншымен одақтан гөрі, түркілік ынтымақтастық дұрыс» аталады. Мақаладан «Путиндік» Ресей өзінің империялық пиғылын бұрын да, қазір де жасырмай, Еуразиялық одақ деген атпен оны қайта қалпына келтіруді ұсынып отыр. Бұл үшін ол Кедендік одаққа кіргісі келмегендердің жеріне әскермен басып кіріп, оның бір бөлігін өзіне қаратуға дайын...

Кедендік және Еуразиялық одақтың жұмыс тілі ретінде орыс тілі жарияланды (құдды кеңес кезіндегідей), ал еуразиялық интеграция ауқымында қазақ тілі туралы әңгіме болмағанды да. Еуропалық одақта 24 ресми тіл болса, Кедендік одақ пен Еуразиялық одақта – бір ғана тіл. Қазақстанда Ресеймен, немесе Белоруспен бірлескен кәсіпорын ашсаңыз, оның ресми тілі – орыс тілі. Кедендік одақ мүшелері үшін орыс тарихшыларының күшімен, орыс историографиясы тұрғысынан тарихтан бірыңғай оқулық дайындалуда. Тілдік, тарихи ауқымда біріздендіру міндетті түрде ортақ идеология мен насихатқа алып келеді (мұның өзі Қазақстанда орыс бұқаралық ақпарат құралдарының басымдығын қамтамасыз етеді); мұның артында саяси

егемендіктен арылу қашық емес» («Путинская» Россия не скрывала и не скрывает своих имперских амбиций и предлагает восстановление империй под вывеской Евразийского союза. Для этого Россия готова и на военное вторжение, аннексируя часть территории страны, не пожелавшей войти в состав Таможенного союза...

Стоит отметить, что в контексте евразийской интеграции разговор о казахском языке не велся – рабочим языком в Таможенном и Евразийском союзе объявили русский язык (как в советское время). В Европейском союзе – 24 официальных языка, а в ТС и ЕАЭС – один. При открытии в РК совместных предприятий с Россией или Беларусью официальным языком будет русский. Уже готовится единый учебник по истории для членов ТС, естественно, российскими историками, с позиций российской историографии. Унификация в языковой и исторической сфере неминуемо приведет и к общей идеологии и пропаганде в ЕАЭС (чему способствует господство российских СМИ в РК), а там недалеко и до потери политического суверенитета» (Д. Ельдесов. Лучше тюркское содружество, чем союз с агрессором. «Трибуна-Саяси қалам», 01.10.2014) – деген жолдарды оқимыз. Д. Елдесов Ресеймен одақтың экономикалық, саяси, рухани жақтарынан да тиімсіз екендігін дәлелдей келіп, оның орнына түркі елдерінің ынтымақтастық ұйымын құруды ұсынады.

Түркі әлемінің саяси, экономикалық, қауіпсіздік сияқты сан қырлы жақтары бар. Түркіаралық қарым-қатынастарды дұрыс бағытта дамыту үшін қоғамдық өмірдің, ұлтаралық, мемлекетаралық жақтарын қамтитын осы сияқты мәселелері уақтылы шешімін тауып, алдан шығатын кедергілердің жолын кесіп отырмаса, ниет қанша дұрыс болғанымен оны жүзеге асыру қиын болады.

Сондықтан да түркі бірлігі бағытында атқарылар жұмыстарды үйлестіріп отыру мақсатында 2011 жылдың қазан айында Алматы қаласында Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесі (Түркі кеңесі) құрылды. Бүгінгі таңда оған төрт мемлекет – Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан,

Түркия мүше. Алғашқы Алматыда өткен саммитте «Алматы декларациясы» қабылданып, онда түркі әлемінің экономикалық, қауіпсіздік, әлеуметтік-мәдени мәселелері талқыланып, осы бағытта алда атқарылар жұмыстардың ауқымы айқындалды.

2012 жылы Бішкек қаласында өткен екінші саммит «Білім, ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастық» мәселелеріне арналды. Жыл сайын әр елде кезектесіп өтіп отыратын түркі елдері басшыларының басқосуларында түркі әлемінің жарқын болашағына септігін тигізетін маңызды мәселелер шешімін тауып отыратын болады деп күтілуде.

Қазір Түркі кеңесінің тұрақты хатшылығы осы ұйымның жұмысын үйлестіріп, жүйелі түрде жүргізіп отыр. Сондай-ақ Түркі кеңесі барлық түркітөктес халықтарға ортақ әліпби, ортақ терминдер жасақтауды ұсынып, түркі бірлігін руханият, білім-ғылым жағынан жақындастыра түсетін шараларды қолға алып жатыр.

Қазір түркі халықтары арасындағы ынтымақтастықты нығайта түсу мақсатында бірнеше халықаралық ұйымдар жұмыс жасайды. Солардың ішінде Түркітілдес елдердің парламенттік ассамблеясы (ТүркПА) да бар. 2008 жылы қараша айында Стамбулда құрылған бұл ұйымға Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия мүше. ТүркПА түркітөктес елдердің арасындағы парламентаралық қарым-қатынастардың механизмін қалыптастыру, саяси көзқарастардың арасын жақындастыра түсу, ақпараттар алмасу, түркі мәдениетін насихаттау, экономикалық байланыстарды ұлғайту, бірлескен жобаларды жүзеге асыру, түркі әлеміне қатысты проблемаларды шешу жолдарын табу мақсатындағы түркі елдерінің парламенттік ұйымы болып табылады.

Саясат – ұңғылы мен шұңғылы көп, аса күрделі қоғамдық құбылыс. Саясаттың желі бірде оңнан, бірде солдан соғып, кейде ұйытқып, құбылып тұрады. Бұдан халық пайда көріп те, зиян шегіп те жатады. Ал сол саясаттың дұрыс бағытта болуына мәдениет тікелей әсер етеді. Мәдениеті жоғары дамыған елдердің саясаты да халыққа жақындау

болып, қоғамның сара жолда дамуына тікелей ықпал жасайды. Ал мәдениеттің өзі болса, оның ұлт пен ұлтты, халық пен халықты жақындастыратын қасиеті бар. Міне, сондықтан да халықаралық қарым-қатынастар көбіне мәдени байланыстардан басталып, ары қарай түрлі салаларда жалғасын тауып жатады. Жаһандану дәуіріндегі қазіргі дәуір де мәдени қарым-қатынастардың барынша кең өріс алуымен ерекшеленеді.

«Әлемге құлашын кең жайып келе жатқан жаһандық үрдісі түркі тектес елдердің рухани сипатына қауіп төндіретінін ескерсек, оған тек дәстүрді сақтау, ынтымақтастықты дамыту арқылы ғана қарсы тұра алатындығымызды ұмытпағанымыз жөн» (Ж. Құдайбергенова. Қазақстан – Түркия: ортақ құндылықтардың қайта жаңғыруы. «Ақиқат», 2014, №6, 107-бет).

ТҮРКСОЙ (Түркі мәдениеті мен өнерін дамыту халықаралық ұйымы) – түркі мәдениеті мен өнерін бірлесіп дамыту мақсатындағы халықаралық ұйым. Бұл ұйымның өмірге келуі түркі бірлігі идеясымен тікелей байланысты. Бұл ұйымды құру туралы шешім 1992 жылдың көктемінде түркітілдес алты мемлекеттің мәдениет министрлерінің Стамбулда өткен басқосуында қабылданған болатын. Қазір ұйымға алты тәуелсіз ел – Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Саха, Түркіменстан, Түркиямен бірге Ресей құрамындағы Алтай, Башқұртстан, Татарстан, Хахасия, Тува, Молдавиядағы Гагауз және Солтүстік Кипр Түрік – мүше.

Бұл ұйым түркі халықтарының мәдениеті мен өнерін насихаттау, оны жаңа заманға лайықты дамыта түсу, жалпытүркілік сыпаттағы өнер туындыларына басымдық беру жұмыстары арқылы түркі халықтарының арасындағы туыстық, достық, ынтымақтастық қарым-қатынастарды түркілік өршіл рух негізінде қалыптастыру бағытында қыруар жұмыстар атқарып келеді.

Түркі әлемінің рухани бірлігі жолында Түркі академиясы да жемісті жұмыстар атқарып келеді. 2009 жылы

Нахичеванда (Әзірбайжан) өткен түркітілдес елдер басшыларының саммитінде Қазақстан президенті Н. Назарбаевтың түркі халықтарының біртұтас тарихын, мәдениетін зерттейтін халықаралық ғылыми-зерттеу орталығын құру туралы ұсыныс жасауымен Астана қаласында 2010 жылдың 25 мамырында ашылған Түркі академиясы осы уақыттар ішінде көңіл толтырарлық бірсыпыра істердің басы-қасында болды. Түркі академиясының басты мақсаты төмендегіше айқындалған:

«- көне дәуірден бүгінге дейінгі түркі әлемі тарихына, тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне тән заңдылықтар мен динамиканы, тарихи оқиғалар мен өзгерістерді және ондағы тұлға мен адам факторын, әсіресе түркі мемлекеттерінің әлемдік өркениеттегі орны мен ерекше үлесін төлума деректер негізінде ашу;

- түркілер мұрасын қазіргі жас ұрпақтың санасы мен дүниетанымына сіңіру; – дүниежүзіндегі түркілерге қатысты мәліметтер мен ғылыми зерттеулерді қазіргі электрондық ақпараттар жүйесіне түсіру, топтастыру, сөйтіп іргелі ізденістерге жағдай жасау;

- түркі халықтары арасында ынтымақ идеясын ұстанып, тіл, әдебиет, тарих, мәдениет туыстығы мен ортақтығын ғылыми ізденістің өзегіне айналдыру».

Түркі әлемінің рухани тұтастығына қызмет етіп келе жатқан Түркі академиясы жылына төрт рет жарық көретін «Алтайтану және түркітану» журналын, жылына бір рет «Қазіргі түркология» сериясымен бір томдық «Түркологиялық жинақ» шығарады. Бұларда түркі халықтарының көне жазба ескерткіштерінен бастап, тіліне, әдебиетіне, тарихына, мәдениетіне, дүниетанымына қатысты ғылыми жағынан маңызды, оқырманын қызықтыратын материалдар жүйелі түрде жарияланып тұрады.

Түркі академиясы жүзеге асырып келе жатқан игілікті істердің қатарында осы уақытқа дейін түркітану саласында жарық көрген іргелі еңбектерді жүйелі түрде қайта бастырып шығаруын атап айтар едік. Түркі дүниесін зертте-

ген түркілік және басқа да ел ғалымдарының 6 тілде жазылған 15 кітабы, «Қазіргі түркология» сериясымен 24 еңбегі жарық көріп, бүгінгі күннің рухани игілігіне айналып жатыр. Академия жалпытүркілік маңызы бар 20 ғылыми жоба бойынша жұмыстар жүргізуде.

Академия екі жылда бір рет өткізіп, бүгінгі күнгі түркітанудың өзекті мәселелерін талқылауға арналып отыратын халықаралық түркологиялық конгресс те дәстүрге айналды.

Түркі халықтарының бірлігі бағытында жұмыс жасауды мақсат тұтқан ұйымдардың бірі – «Түркі әлемінің журналистер одағы». 2013 жылы Ескишехир қаласында 26 елдің 200-ден астам ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен құрылған түркілік журналистер ұйымның биылғы (2014) жылғы наурыздың 19-23 аралығында өткен құрылтайына Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түркіменстан сияқты түркітектес елдермен қатар, Ауғанстан, Белгия, Германия, Голландия, Ирак, Иран, Кипр, Македония, Молдова, Ресей, Румыния секілді әлемнің 31 елінен 370 журналист қатысып, қазіргі ақпарат құралдарының алдында тұрған келелі мәселелерді талқылап, түркілік құндылықтарды насихаттау жайындағы ойларын ортаға салды.

Осы жиында сөйлеген сөзінде Түркі журналистері федерациясының бастығы Атилла Сертел: «Түбі бір, тарихы мен тағдыры бір елдерден жиналған бауырлас халықтардың ауызбіршілігіне зиян келтіруге тырысқандар көп. Бірақ олар түркі бірлігіне нұқсан келтіре алмайды. Түркі журналистерінің басты мақсаты – Түркиядағы сияқты адамдардың сенімін, әке-шешесінің атын сұрамай-ақ, бауырластық сезімін ұсыну. Біз соғыс болып жатқан бауырлас елдердегі жазықсыз құрбан болған балалар, аналар мен бауырларды көргенде, жанымыз жай таппайды, қайғырамыз... Біздің журналистердің міндеті – дауларды, қиындықтар мен түйткілдерді бүкпесіз айтып, оларды шешудің жолдарын қарастыруға ықпал ету. Дәлелдеуді қажет етпейтін нәрсе – шындықты ешкім тұншықтыра алмайды»- деп, мәлімдеді.

Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының басшысы Д. Қасейінов түркі бірлігі жолында журналистердің алдында

тұрған қыруар міндеттер турасында айта келіп, осы бағытта жемісті еңбек етіп келе жатқан бір топ әріптестерге сыйлықтар тапсырды (Н. Жоямергенқызы. Түркі журналистерінің құрылтайы. «Түркістан», 03.04.2014).

Жуырда ғана «Қазақпарат» мынадай бір хабар таратты:

«АСТАНА. ҚазАқпарат – Осынау кең ғаламға түркі дүниесінің рухани әлемін паш ететін «Түркі әлемі» атты жаңа телеарна іске қосылды. Қазақ және түрік тілдерінде хабар тарататын бұл арна тәулік бойы жұмыс жасайды.

Онда түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, өнері, әуені, яғни мәдени және рухани мұралары туралы хабарлар беріледі. Сондай-ақ Қазақстанның туризм саласының әлеуетін паш ететін материалдар көрсетіледі. Телеарнаның ғаламтордағы мекен-жайы www.turkalemitv.com.

Айта кетейік, телеарнаның ұйымдастырушысы – Түркі халықтарының мәдени қоры. Олардың күшімен шыққан «Түркі әлемі» халықаралық газетінің жарық көріп келе жатқанына биыл 15 жыл толып отыр. Басылым қазақ, түрік және орыс тілдерінде «Көкейкесті», «Түбі бір түркілер», «Таным», «Түркітану», «Тағылым», «Білім көкжиегі», «Туған өлке» және тағы басқа түрлі айдарлары бойынша мақалалар жариялайды, деп жазады qazaq-alemi.kz. (Қазақпарат. 28 маусым 2014, 03:39). Мұның өзі түркішіл жандардың армандаған асыл армандарының біртіндеп жүзеге аса бастауының бір көрінісі болса керек.

Түркі әлемінің тұтастығы жолында елеулі еңбек етіп келе жатқан қоғамдық ұйымдардың бірі түркішіл-тұраншыл бағыттағы қайраткерлердің басын біріктіріп келе жатқан – Түркі Халықтарының Дүниежүзілік Ассамблеясы (ТХДА). Бұл ұйым 1990-жылы Мәскеуде өткен Шығыс халықтарының құрылтайынан бастау алып, 1991-жылы Қазан қаласында Түркі Халықтарының Дүниежүзілік Ассамблеясы (ТХДА) болып, қайта құрылды. Академик Е. Сұлтанмұратов басқаратын ТХДА негізінен, түркі халықтарының басын біріктірудің, өркениетті даму жолдарын анықтаудың ғылыми негіздерін жасау, насихаттау, ендіру мәселелерімен айна-

лысады. 2014-жылдың 24-26 мамырында өткен ТХДА-ның кезекті құрылтайына түркі халықтарының жұрт таныған қоғам, ғылым қайраткерлері қатысып, түркілік дүниетаным, ортақ тіл (анатүрік тілі), қоғамдық дамудың түркілік жолы жайлы аса маңызды шешімдер қабылдады.

Түркілік жолға түсу үшін түркілік идеологияны, түркілік дүниетанымды басшылыққа алатын бұл ұйым біздің, яғни түріктердің этникалық тамыры бір екендігі жайлы ақиқатты орнына қоятын уақыт әлдеқашан болды (Давно пора поставить на место истину о том, что мы все турки, имеющие единые этнические корни), қазіргі түрік ұлты – туысқан халықтардың шоқжұлдызынан құралған суперэтнос (Современная туркская-тюркская нация, это суперэтнос, состоящая с созвездий родственных народов), сондықтан да осы сәттен бастап, бізге зиянын тигізіп келе жатқан терминдер мен ойларды лақтырып тастап, «қысылмай» өзіміздің түрік екендігімізді мойындайық; қажет болған жағдайда ғана анықтай түсетін башқұрт-түрік, қазақ-түрік, құмық-түрік, татар-түрік, осман-түрік, ұйғыр-түрік, салар-түрік деген үлгіде қолданайық («Поэтому с этого момента, отбросив вредоносные термины и суждения, давайте «не стесняясь» признаем себя турками. Только при необходимости употреблять уточняющие слова как турки-башкурты, турки-казахи, турки-кумыкы, турки-татары, турки-османцы, турки-уйгуры, турки-салары...») деген пікірлерді ортаға тастады. Шындығында да мықтап тұрып ойланатын мәселе.

Түркілік бірлік бағытында «Түркі әлемі жазушылары мен өнер қайраткерлері қоры» (TURKSOY), «Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры», «Ақсақалдар кеңесі» секілді қоғамдық ұйымдардың жұмыстары да қанат жайып келеді.

Енді түркі халықтарының бірлігі мәселесінің оның болашағы үшін маңыздылығы хақындағы қазақ зиялылары тарапынан айтылып жатқан кейбір пікірлерге назар аударайық:

Түркі академиясының экс-президенті, академик Ш. Ыбыраев: «Осы ретте әртүрлі саяси айыптаушылар, ғылыми пікірді құбылтушыларға да бір нәрсені ерекше айтқым ке-

леді. Түркітілдес егемен мемлекеттердің қай-қайсысы да еш уақытта да бірігіп бір ғана мемлекет, бір ғана ұлт бола алмайды. Ондай үрейді тастау керек. Қазірдің өзінде жас түркілердің әлемдік кеңістікте бөлек-бөлек мемлекет, өз алдына бір-бір ел болып отырғаны – зор жетістік. Ал сол жетістікті еселеу үшін рухани-мәдени мәсеелемен шектеліп қалмай, экономикалық-саяси жақындықтан қорқақтамау керек. Өйткені, халықаралық аренада да біздің ортақ мүддемізді қорғайтын тұсымыз көп. Ал саясаттағы бірліктен күллі түркі этносы ұтады... Кім ықпалдастыққа ұмтылса, сол ұтады; соның экономикасы да, мәдениеті де байиды... Әрине, түркінің бірлігі алпауыт елдерге мәселе тудыруы мүмкін, алайда бұл ортақ дұшпаннан басқа ешкімге де кедергі келтірмейді. Бұдан түркі мемлекеттері ұтпаса, ұтылмайды».

«Түркі әлемі» газетінің бас редакторы Ахмет Дағдұран «Егер біз Еуропа одағы секілді түркі халықтарының одағын құрсақ, бізге ешкімнің тісі батпас еді. Еуропалық одаққа кіретін елдердің тілі, діні, мәдениеті әртүрлі. Олар бір-бірімен ғасырлар бойы соғысқан. Алайда олар бүгінде экономика туралы ойланып, бастарын біріктіруді ұйғарды. Ал түркі халықтарында ауыз біршілік болмағандықтан, байлықтарымыздың қызығын басқалар көруде».

«Жалпы, түркі бірлігі мүмкін бе?» деген сауалға саясаттанушылардың пікірлерінен оны жүзеге асыру жолындағы қиындықтардың объективтік, субъективтік себептерін аңғарғандай боламыз:

Сайын Борбасов, философия ғылымдарының докторы, профессор:

«Жалпы, «Түркі бірлігі», «Түркі одағы», тіпті «Үлкен Түркістан» немесе «Тұран ынтымақтастығы» деген секілді бастамалар, идеялар әр заманда әр қырынан көтерілді. Өйткені түбі бір түркі халқы «қашанда бірге болсақ, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығарсақ, ешқашан ешкімнің таптауына түспейміз» деп армандаған. Ол – шындық. Жұдырықтай біріккен түбі бір ұлтты ешкім басып ала алмасы да, айдауға сала алмасы да хақ. Бірақ неге екенін қайдам,

осындай идея болғанымен, түркі жұрты әлі күнге кемелді бір одақ құра алмады. Сонау тәуелсіздік алған тоқсаныншы жылдары елімізді түркі бірлестігі іспетті елес кезіп жүрді. Сол кезде, тіпті арнайы плакаттар да шығарылды. Онда түркі жұртының шежіресі, қайдан шығып, қалай таралғаны көрсетілген үлкен бәйтерек бейнеленген. Сол тұста түркі елдеріне арнайы сапар жасаған түрік президенті Тұрғыт Өзәл «түбі бір түркі, бірге болайық» деген ұран тастаған. Бірақ аяқасты ол қаза болып кеткен соң, бастама жалғаспады. Араға ондаған жылдар салып, осы керемет бастаманы Елбасымыз былтыр Түркияға сапарлай барғанда тағы көтерді. Сөз жоқ, оңды бастама. Ұтарымыз мол, ұтылысымыз аз болар еді.

Өкінішке қарай, тәуелсіздік алған жиырма жылдан астам уақытта түркі жұрты небір іргелі экономикалық одаққа, не геосаясатта салмақты орны бар бірлестікке айнала алмады. Рас, мәдени, рухани байланыс бар. Бірақ ол одақтық деңгейге көтеріле алған жоқ. Неге? Біріншіден, түркі мемлекеттері басшыларының арасындағы бірін-бірі мойындағысы келмейтін амбиция. Екіншіден, экономикалық дамуының әркелкілігі. Үшіншіден, түркі жұрты шашылып жатыр. Бұл да бір себеп. Бұдан өзге тағы бір мәселе, біз қанша іргемізді ары саламыз десек те, көрші жатқан Ресейден кете алмаймыз. Жеті мың шақырымның үстінде ортақ шекарамыз бар. Сонау кеңестік дәуірден бірге байланысып жатқан экономикамыз бар. Еліміздің индустриялы қуатты облыстарымыздың бәрі Ресеймен шекаралас жатыр. Олардың тегершегін айналдырып, жақсы жұмыс істеу үшін амалсыз Ресеймен қарым-қатынас мықты болуы керек. Демек, біз осындай жағдайда, әлі іске аспаған тек идея ретінде қалып отырған Түркі одағы үшін, түркілік мүдде үшін Ресейді құрбандыққа шалып, ат басын өзге жаққа бұра алмаймыз.

Екінші бір мәселе, яғни көрші жатқан алып ел – Қытай. Бұл мемлекет қазір әлемде экономикалық қуаты жағынан АҚШ-тан кейінгі орынды иеленуде. Құдайы көрші. Алысберісіміз жаман емес. Біз осы екі елге көбірек мән берудеміз.

Осыдан келіп Түркі жұртымен одақ құру мәселесі кейінге ысырылуда».

Айдос Сарым, саясаттанушы:

«Түркі бірлігін құруды өзіміздің алаш арыстары да ойлады, бірге болуға тырысты. Арғы-ата бабаларымыздың да арманы сол еді. Мұның артында тарихи, мәдени, тілдік, діндік және басқа да негіздері бар екені сөзсіз. Мысалы, қарап отырсақ, посткеңестік кеңістіктегі көптеген интеграциялық жобалардың іске аспай жатуының басты себебі, астарында үлкен рухани негіз жоқ. Халықтың ықыласы жоқ. Мысал үшін көшеге шығып, кез келген қазақтан сұрашы, Ресеймен одақ болғысы келе ме, жоқ па? Әрине, «жоқ» дер еді. Соңғы кезде байқап отырмыз, Ресейдің саясаты, саясаткерлерінің сөзі өзгерген. Олар Кедендік одақ дегенді, Кеңестік империяны жаңғыртудың басы деп қабылдайды. Бұл біздің мемлекеттің мүддесіне қайшы келетін дүние. Біз көбіне интеграция дегеніміз – екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынас, сауда-сауттық, пайда табу деп қабылдасақ, олар керісінше саяси мәселелерді алға қояды, яғни әскери, геосаяси мәселелерді. Жалпы, «бүгінгі күні бұл қиын екен, түркі одағы құрылуы екіталай дүние» деп қарауға болмайды. Яғни, біз ондай бола ма, болмай ма дегеннен гөрі, түркі елдері арасындағы түрлі байланыстарды ұлғайта беруіміз қажет. Мұның ақыры үлкен бірлестікке алып келуі әбден мүмкін. «Пазыл» деген ойын бар. Кішкентай кішкентай мозайкалар шашып тастасаң түсініксіз. Суретімен ретінкелтіріп орнына келтірсең, ортақ бір картина пайда болады. Түркі халқы дасол шашылып жатқан ойынға ұқсайды. Ретін келтіріп құрастыра алсақ, әлемде өзіндік орны, салмағы, айтар уәжі бар мықты одақ дүниеге келер еді. Біздің түбіміз бір. Сондықтан бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару қиын емес. Тек ниет болса – болғаны.

Құдайға шүкір, қазір жақындасуға деген талпыныс бар, сондай бір үдерістер жүріп жатыр».

Қамбар Атабаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор:

«Дәл қазір Түркі жұрты саяси, не болмаса экономикалық одаққа айналып кетеді деп айту қиын болар. Бұл өте ұзақ жүретін үдеріс қой. Ал мәдени, рухани бірлестікке, одаққа айнала алады. Бұған қарсы уәж айту мүмкін емес. Өйткені мыңдаған жылдық тарихымыз бір, тамырымыз бір, мәдениет ортақ. Осы жағынан келгенде «иә» деуге болады. Қазір бұның алғышарттары жасалып жатыр. Мәдени, рухани байланыс жанданып келеді. Экономикалық қарым-қатынас та жаман емес. Осыларды реттеп, жөнге қойып алсақ, саяси іргелі одаққа айналу қиын бола қоймас» (Түркі одағына не кедергі? «Айқын», 26.07.2013).

Жуырдағы бір сұхбатында саясаттанушы С. Барбосов түркі бірлігі жайындағы бұрын білдірген пікірлерін нақтылай түсіп, оның жүзеге асу мүмкіндігіне сенбейтіндігін ашық білдіріпті: «Бұл – бос идея, утопия. Қазіргі жағдайда тіптен мүмкін емес. Рас, кезінде Тұран, Түркістан идеялары болған. Бірақ ол іске аспады. Ал қазір жағдай тіптен өзгеше. Мынаған қараңыз. Орта Азияда жатқан елдердің даму қарқыны әртүрлі. Мәселен, Қазақстанның жиынтық өнімі қалған республикаларды қосқанда олардан үш есе көп. Сондай деңгейге көтеріліп алып, біз қалған мешеу мемлекеттерді «сүйретпе» қылып неміз бар? Өзіміздің хал-ахуалымызды кемітіп аламыз. Бұл – бір. Екіншіден баяғы түріктік кезеңдегідей емес, тіл де өзге, мәдениет те өзге, саяси ұстаным да басқа.

Біз өркениетке иек артқан, зайырлы қоғам құрып отырмыз. Мысалы, қырғыздардың жайы белгілі, билікті мойындамай, алашапқын тірлік кешумен күндері өтуде; өзбектерде дін жағы тым басым; тәжіктердің дамуы бөлек; түркімендер жеке басқа табынудан аса алмауда. Осы жағдайда тұрғанда, бес елдің басын қосамыз деу – далбаса тірлік. Ең дұрысы, бірімізбен біріміз ағайын-туыс, көрші ретінде сыйласып, белгілеген шегарамызды бұзбай, тату өмір сүрсек, соның өзі жеткілікті. Ынтымақ болса, қақтығыс болмайды. Демек, «бес елдің басын біріктірсек» деген утопияның заманы өткен. Қайтып келу жоқ. Ол жөнінде әңгіме қозғаудың

өзі артық» (С. Әмірбекұлы. Бес ел біріге ала ма? «Айқын», 17.01.2014).

Иә, Сайын мырза бүгінгі таңда қалыптасып отырған жағдайға тура қарап, шындықтың шырайлы жағын емес, идеяның жүзеге асуына кедергі келтіріп отырған көлеңкелі жақтарын бұлтақтатпай, турасын айтып отыр. Шындығында да біздің айтып отырғанымыз біреулерге ертегі сияқты көрінуі де мүмкін. Өйткені, жаһандану дәуірінде түркі халықтары бірікпек түгілі, олардың бір-бірімен қарым-қатынастары, ішкі жағдайлары күрделене түсуде.

Түріктің танымал ғалымдарының бірі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Невзат Иалчынташ «Түркістан» газетіне берген сұхбатында «Түркілердің тығыз қарым-қатынас орнатуы, бірін-бірі жатырқамауы үшін ұрпақ ауысуы керек. Ескі ұрпақтың бойында кеңестік режим күштеп таңған қорқыныш бар, түркілер бір-біріне сенбейді. Олардың басым бөлігі – коммунистік идеямен уланғандар. Екіншіден, түркілерге ортақ әліппе керек. Сонда ғана дертімізді, ой-пікірімізді аудармашысыз түсінеміз. Қазір түркілердің көпшілігі қазақша оқи алмайды. Неге? Өйткені кириллицамен жазылған... Сол үшін барлық түркі елдері латын әліппесіне көшуі тиіс... Тағы бір мәселе түркі әлемі ортақ түркі тіліне көшуді қолға алуымыз қажет... Меніңше, түркі бірлігінде аса маңызды рөл атқаратын Қазақстан латын әрпіне көшсе, ұтарымыз мол» (Невзат Иалчынташ. Түркі әлемі бірігуге мүдделі. «Түркістан», 27.11.2014) – депті.

Ресейдегі, Қытайдағы, басқа да елдердегі түркілік этностардың ұлттық жағдайлары нашарлаған үстіне нашарлай түсуде. Мысалы, бұрын Ресейдегі долғандардың формальды түрде болса да ненецтермен бірге автономиялы округі болатын. Жуырда басқару жүйесін жетілдіреміз деген сылтаумен осы округ жойылды. Енді долғандардың аты өте сирек аталуы мүмкін. Оның үстіне Ресей Федерациясында тұрып жатқан түркі тектес этностардың арасындағы өзара қарым-қатынастар өте нашар. Тіпті араларында бірін-бірі көре алмаушылық сияқты дерттер орын алған.

Қытайдағылардың жағдайы да оңып тұрған жоқ. Ұйғырлардың қытайларға қарсы бас көтеруі жетіскен жағдайдың нышаны емес. Осында тұрып жатқан басқа да түркітөктес ұлттардың ұйғырларды қолдаудың орнына бейтарап қалып, тіпті айыптап жатуларының өзі көп нәрсені аңғартса керек. Осындай жағдайлардың, басқа да көптеген саяси, әлеуметтік факторлардың салдарынан басқа елдерде тұрып жатқан түркітөктес халықтардың ассимиляциялану үдерісі үдей түсуде.

Басында саяси билігі жоқ халықтар түгілі тәуелсіз болып отырған Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Әзбекстан, Түркіменстан, Түркия елдерінің арасындағы байланыстардың өзі біркелкі емес. Бейтараптығын жариялаған Түркіменстан түркітөктес елдердің түрлі саяси, экономикалық, мәдени шараларына қатыса бермейді. Әзбекстанның көршілері Қазақстан мен Қырғызстанмен қарым-қатынастарында түсініспеушіліктер орын алуда. Қазақстан мен Түркия жақындай түскенімен Әзбекстан мен Түркия арасында салқындық бар. Қырымның Ресейге қосылуын осы екі ел айыптаса, біздің ел қолдады. Азербайжан мен Арменияның арасында Қарабақ дауы күні бүгінге дейін шешілмей келеді. Енді Армения кедендік одаққа кіргелі жатыр. Сонда біз бауырлас әзербайжанның жерін тартып алып, бермей отырған армяндармен одақтас болғалы отырмыз. Айта берсек, ұлы идеялардың алдында кесе көлденең тұрған осы сияқты басты қатыратын сайқымазақ саяси мәселелер жеткілікті...

Десек те кез келген идеяны жүзеге асырудың оңайға түспейтіні тағы бар. Адам баласы армансыз өмір сүре алмайды. Адам сол армандарына жету жолында алдында тұрған проблемаларды шешу үшін өмір сүреді. Түркі халықтарының барлығына ортақ бір арман болса, соның өзі, екеу болса, соның бірі – осы бірлік, бірлік арқылы басқаларға жем болмай, бақытты өмір сүру. оған жетудің жолдарынан гөрі сол жолдарды жауып тұрған тосқауылдарды көріп тұрсақ та тоқтамастан ұмтыла беретініміз де сондықтан.

Дей тұра бұл арман неге орындалмасқа дейміз. Кезінде орындалуы мүмкін емес деп саналып келген идеялардың

жүзеге асып жатуы өмірде бар. Мысалы, тілін, жерін, елдігін жоғалтқан еврей халқы сан ғасырлар әлемнің түкпір-түкпірінде сандалып жүрсе де рухын жоғалтпай, тарихтың сәтті сағаты соққан кезде дайын тұрып, Израиль мемлекетін құрған жоқ па?

Шіркін, тәуелсіз ел болсақ деп, армандап, жүргенде, бір күні қараптан қарап тұрып, ешкім тиіспей-ақ өзінен өзі-ақ әлемдік империя КСРО-ның шаңырағы ортасына түскен жоқ па? Мына өмірде бәрі де мүмкін. Біз осындай жағдайларға дайын болуымыз керек. Қарап тұрмай, арманды күндерге бір табандап болма да жақындай беруіміз керек...

Өмір дегеніміз, аса күрделі қарама-қайшылықтардың жиынтығынан, жақсы мен жаманның күресінен тұрады. Сол сияқты түркілік бірлік идеясы да өмірдің өзі ұсынып отырған, түркі әлемінің гүлденген болашағына қызмет етіп, көптің көкейінен шыққанымен де қолға алып, іске кіріскен кезде алдыңнан қыруар қиыншылықтардың қаптап шыға келетіндігін өмірдің осындай даму философиясы тұрғысынан түсіну керек.

Қиындықсыз тіршілік жоқ. Қолға алар мәселе неғұрлым халыққа пайдалы, қажет болса, оны жүзеге асыру да соғұрлым күрделіленіп, қиындай түседі. Кей жағдайларда құрбандықсыз да болмайды. Елінің ертеңін ойлаған әрбір зиялы азамат ұлтының жағдайын ойлап, болашағына көз тігіп отырған. «Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін» – деген А. Байтұрсыновтың сөзі әрбір ұлтжанды азамат өмірінің мәні мен сәні секілді. Ал бүгінгі күнгі қазақ шындығы, әлемде болып жатқан жаһандандудың барысы еліміздің ертеңі түркілік бірлікте екендігіне көз жеткізіп отыр. Түркілік бірлік – ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған түркі халықтарының жарқын болашағы.

Сондықтан да «... бүйректен сирақ шығармай, туыс халықтар арасына жік кіргізбей, егемендігімізді қадірлейміз десек, өміршең ұлттық мүдде мен болмысымызды, аймақтық қажеттікті көзден таса етпейміз десек, халқымыздың басына орасан зобалаң әкелген қателіктен тағлым аламыз десек,

түркі жұртының ішкі бірлігі, рухани-этникалық жақындығы мен өзара ынтымақтастығына ұмтылып, өз ұлтын, тілін, мәдениетін, рухани байлығын, өткені мен тарихын бәрінен жоғары қойып, ел болып, еңсе көтеріп, өркендеуіміздің кепілі болар саясат ұстаналық» (С. Бизақов. Түбі бір түркілер. Алматы, 2000, 11-бет).

Жас ғалым С. Шілдебай түркішілдіктің негізгі мақсатын былайша айқындайды:

«1. Түрік әлемінің түбі бір туысқандық бірлігі мен мәңгілік ынтымағын қажырлы түрде мүмкін болған шаралар арқылы тоқтаусыз насихаттап отыру;

2. Қазіргі күннің өзінде саяси тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендікке қол жеткізіп үлгерген түрік халықтарының мемлекеттілігін баянды ете отырып, экономикалық, ақпараттық-идеологиялық, мәдени және рухани салада толық дербестікке қол жеткізу;

3. Түрлі империялар мен мемлекеттердің құрамында өз тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан, ұлттық және азаматтық құқығы шектеуге ұшырап отырған түрік халықтарының («татар, башқұрт, ұйғыр, т.б.) ұлт-азаттық қозғалысына тікелей және халықаралық ұйымдар арқылы демократиялық тұрғыда саяси, мәдени және рухани қолдау көрсету;

4. Саны жағынан іргелі, халықаралық аренада салмағы бар түрік мемлекеттері (Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Солтүстік Кипр Түрік республикасы) тарапынан саны аз, болашақтағы түрлі саяси-демографиялық дүмпулердің кесірінен ассимиляцияланып, тозып-құрып кетуі мүмкін түрік ұлыстары мен халықтарына олардың өз болмыстарын сақтауларын қамтамасыз ету үшін жан-жақты көмек көрсету» С. Шілдебай. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. Алматы, 2002, 184-бет).

Түркі әлемінің аса көрнекті қайраткерлерінің бірі Зия Көкалып ХХ ғасырдың басында

«Түрікшілдердің алыстағы мұраты – «Тұран» деген атау астында бірігіп отырған оғыздарды, татарларды, қыр-

ғыздарды, өзбектерді, якуттерді тілде, әдебиетте, мәдениетте біріктіру. Бұл мұраттың шындыққа айналуы мүмкін бе, әлде мүмкін емес пе? Таяудағы мұраттар үшін мұндай пікірлер айтуға болады, ал алыстағы мұраттар жайында айту қиын. Өйткені алыстағы мұраттар – адам рухын шексіз құмарлыққа ұмтылдыратын өте тартымды қиял.

Жүз миллиондаған түріктердің бір ұлт ретінде бірігуі түрікшілдер үшін рахатқа бөлену емес пе? Тұран мұраты болмағанда, түрікшілдік мұндай қарқынмен тарамас еді. Дегенмен, кім біледі? Бәлкім, болашақта Тұран мұратының жүзеге асуы мүмкін болар. Мұрат – болашақты жаратушы. Кеше түріктер үшін қияли мұрат болған ұлттық мемлекет бүгін Түркияда шындыққа айналып отыр» (З. Көкалып. Түрікшілдіктің негіздері. Алматы, 2000, 19-20 беттер) – деп жазған екен. Бұл сөздер осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын айтылса да мәнін жоғалтпай, ХХІ ғасырдағы түркі әлемінде жалғасын тауып жатуының өзі заңдылық сияқты.

«Заманымыздың Қорқыты» атанған Рахманқұл Бердібай «Заманалар бойында әрбір күштің қанжығасында кеткен түркі халықтарының ес жинап, ел болуды ойлайтын кезі келді. «Таң атпаймын десе де, күн қоймайды» дегендей, тәуелсіз, азат даму аңсары барған сайын жетекші бағдарға айнала бермек... Кешеге дейін үні естілмей, өзгелердің тасасында қалған халықтардың болашағы нұрлы, қадамы игілікті болатынына сенім зор...

Сондықтан түркі халықтарының бұдан былайғы жерде көктеп, көгеретін бір-ақ жолы бар. Ол – Ататүрік салған жол – түрікшілдік жол» (Р. Бердібай. Ел боламыз десек... Алматы, -2000, 208-бет) – деуі түркі нәсілдес әрбір азаматы ойлантары анық.

Уақыт өткен сайын жер бетіндегі тіршілік те күрделіленіп, халықаралық жағдай ушыға түсуде. Түркітектес халықтардың болашағы олардың бірлігіне тікелей байланысты екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сол себепті де бұл мәселе күн тәртібіне бұрынғыдан да өткір қойылып, нақтылы шешімдер жасап, оны жүзеге асыратын әрекеттерге баруды күтуде.

«Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркия, Өзбекстан және басқа да түркітөктес халықтар – тіліміз ғана емес, тілегіміз де бір елдерміз. Бұлардан артық жақынымыз жоқ десек, артық айтқандық емес. Демек, осы елдермен ықпалдастықты артыру – алда тұрған үлкен мақсаттарымыздың бірі... Бұл әсіресе қазіргі кезде үлкен маңыздылыққа ие. Құрлығымызда қандай үрдістер дамып жатқандығын көріп отырмыз... Бұлардың бәріне Қазақстан үлкен аландаушылық танытып отыр... Біздің елдеріміз бар салада бір жерден шығатын, үйлесімді саясат жүргізіп жатса, бұл біздің барлығымыздың мүддемізге сай келер еді» (А. Шәріп. Түркі ұйымдары үйлесімді жұмысқа көшіріледі. 11.11.2014. «Айқын»). Жуырда (10.11.2014) Алматыда өткен Түркітілдес елдердің Парламенттік ассамблеясының (ТүркПА) Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының отырысында осындай мәлімдеме жасалынды.

Қазақстанның президенті Н. Назарбаев «Егер түркі әлемінің бірігу идеясына қазіргі ағымдағы тарихи кезең тұрғысынан баға беретін болсақ, онда әлгі бірігу идеясының ықпалдастырушы және жұмылдырушы мүмкіндіктері шамалы сияқты көрінуі әбден мүмкін. Бірақ уақыттың неғұрлым кеңірек шеңбері тұрғысынан келетін болсақ, оның даму перспективасына көз жүгіртетін болсақ, онда тарих бізге нақты алғанда әрбір түркі халқы түркілердің мәдени әлеміндегі бөлінбейтін құрамдас саласы екендігіне көз жеткізе дәлелдеп береді... Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам Ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оны шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» (Н. Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы, -1999, 121-бет)-түрік бірлігінің болашағына сенетіндігін білдірді.

Сонымен, түркі әлемінің жарқын болашағы тікелей оның бірлігіне байланысты болып отыр. Әрбір түркі ұлты өзінің туыстас халықтарымен бірге болғанда, соларға арқа сүйегенде ғана өзін, өзінің ұлттық болмысын ұлт ретінде сақтап, ұлттық дәстүрлерін дамыта алады. Сонда ғана барып, қазір әлемнің түкпір-түкпірінде шашырап, өз бетімен бөлекше тіршілік күн кешіп жатқан түркі халықтары тұтас бір алып этносқа айналып, әлемдік өркениеттің дамыған бір алып бөлшегіне айнала алады. Ол үшін әрбір түркілік азамат түркішіл болуға, өзін де, өзге де түркітөктес халықтарды біртұтас түркі атты суперэтностың құрамдас бір бөлшегі ретінде сезіне білуі тиіс. Осылай болғанда ғана елу шақты түркі төктес халықтардың ұлттық мәдениеттері түркілік бағытта дами келе, өзін де, өзге туыстарыныкінен байытып, жаңадан жаңғырған жасампаз жалпытүркілік мәдениеттің жасалуына жағдайлар жасайды.

Иә, бір кездерде тұлпарларының тұяғы Еуразияны дүрілдетіп, қайқы қылыштары дұшпандарын дірілдетіп, ұлылары әлемдік өркениеттің дамуына өшпес үлестер қосқан, бүгінгі күндері тоз-тозы шығып, алды құрдымға қарай құлдилап бастаған түркі жұрты жаһандандудың жұмырына жұтылып кетпеуі, келесі ғасырларда да түркі әлемінің қанат жайып, өркендей беруі үшін қиын-қыстау кездерде үзіліп қалған тарихи, рухани, мәдени, саяси-экономикалық табырларын қайта қалпына келтіріп, түркілік бірлік бағытын ұстану қажеттілігі – бүгінгі күн талабы. Осылай болса ғана түркі әлемінің болашағы – жарқын.

ОРТАҚ ТІЛ – ӨМІР ТАЛАБЫ

Жаһандану үдерісі үдеген сайын әлем халықтарының арасындағы түрлі қарым-қатынастардағы тілдің рөлі де арта түседі. Құрлық пен құрлықтардың, ұлт пен ұлттардың, мемлекет пен мемлекеттердің арасындағы байланыстардың күшейе түсуі шегараларды бұзып, өзіндік ерекшеліктерді азайта береді. Еркін аралас-құраластықтың барысында Батыс пен Шығыс, өркениет пен өркениет, мәдениет пен мәдениет, мемлекет пен мемлекет, ұлт пен ұлт, тіл мен тіл бәсекеге түседі.

Адамзат қоғамының жүріп өткен жолдарына көз жіберсек, бүкіл тарихтан не өмір, не өлім үшін болған ұлы күрестердің жалғасын көреміз. Қоғамдық өмірдің барысында болып жатқан осындай үдерістердің нәтижесінде рулық, тайпалық құрылымдар ыдырап, қауымдасудың, қарым-қатынастардың түрлері де жетіле түсті. Сол ұлы майдандарда қаншама ұлттар, сол ұлттар құрған мемлекеттер, империялар құрдымға кетті десеңізші. Адамзат қоғамының негізгі даму заңы саналатын осы бір үдеріс күні бүгін басқаша сыпатта жалғасуда.

Өмірде жүріп жатқан осындай өзгерістер адамдардың күнделікті тіршілігіндегі бір-бірімен сөйлесу, тіл қатысу жақтарына да әсер етіп, шағын тілдердің өзімен туыстас тілдермен ұштасу процесі қатар жүрді. Сонымен бірге, тілдің өткеніне көз салсақ, бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі үдерістің қатар жүріп отырғанын байқаймыз. Оның бірі біз жоғарыда айтып өткен тілдердің туыстас тілдерді өзіне қосып алып, іріленуі, күшейе түсуі болса, екінші жағынан, өсіп-өнген тілдің ыдырап, жаңа тілдердің пайда болуы дер едік. Бұған түркі тілдерін мысалға келтіруге болады.

Осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын қазақ тіл білімінің атасы А. Байтұрсынов «Біздің түрік тілі әуелде бір тіл бо-

лып, содан соң ел бұтақтап өскенде тіл де бұтақталған. Түбірі бір болса да түрі басқаланып, түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен... Тілдің басқалануына себеп болған әр түрлі бөтен жұртпен сыбайлас болып, араласқандықтан» (Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл тағлымы. Алматы, -1992, 395-бет) – деп, жазған екен.

Бір кездерде бір тілде сөйлеген түркі халықтары бүгінгі күндері ондаған тілдерде өз ойларын білдіреді. Туыстас тілдердің өсіп-өніп, жетіліп, жеке тіл болып, көбейіп жатуы, әрине, жақсы құбылыс. Десек те, қазақта «бөлінгенді бөрі жейді» деген сөз бар. Түрлі себептермен қоғамдық дамудың барысында туыстас ұлыстарынан бөлініп қалған аз ұлттарды жан-жағын жайпап келе жатқан «жалмауыз ұлттар» айналып қарамай, жұтып жатыр. Қазіргі тіл майданы барынша қарқынмен жүріп жатқан заманда бөлінгеннен гөрі бірігіп, жұмған жұдырықтай біртұтас болып, өзгелердің өктемдігіне көнбеу өміршеңдіктің бірден бір белгісіне айналып отыр.

Сонымен, осы үдеріс бүгінгі күндері де жалғасып жатыр. Бір жағынан, жаһандану арқылы адамзат қоғамы біртұтас дүниеге айналып жатса, екінші жағынан, осы бағытта жүріп жатқан ұлттар мен мемлекеттердің іштей геналогиялық, идеологиялық жақтарынан бірігіп, топ, аймақ, одақтар құрып жатуы да заңдылық танытуда. Осындай жағдайларда тілдер бұрындары бір ұлтқа, немесе мемлекетке қызмет етіп келсе, енді бірнеше ұлттар мен мемлекеттер деңгейінде қолданылатын аймақтық, ұлтаралық қарым-қатынас тілдері пайда болды. Мысалы, қазір Тәуелсіз елдер достастығында (ТМД) орыс, Латын Америкасында испан, Үндістан түбегінде хинди, Шығыс Африкада суахили тілдері аймақтық қарым-қатынас тілі болып отыр. Ал ағылшын тілі әсіресе білім-ғылым, экономика, саясат салаларында басымдық танытып, халықаралық тілге айналды. Сондай-ақ ағылшын, қытай, неміс, орыс, француз Біріккен Ұлттар ұйымының ресми жұмыс тілдері мәртебесіне ие.

Осы жерде мына бір жағдайға да тоқтала кеткен жөн. Қазір әлемде өмір сүріп жатқан мемлекеттер бір ұлтты және

көпұлтты болып келеді. Бір этностан тұратын елдерде сол ұлттың тілі сол мемлекеттің ресми тілі болатындықтан бұл мәселенің төңірегінде дау жоқ деуге болады. Ал осында тұрып жатқан жергілікті емес диаспоралардың ресми тілде сөйлеуге қарсылығы болмайды. Мұндай мемлекеттерде өмір сүріп жатқан аз ұлттардың түптің түбінде тілдерін жоғалтып, негізгі ұлттың құрамына сіңіп кету қаупі күшті.

О баста мемлекеттер ұлттардың өзін-өзі қорғау, сақтау мақсатымен бір ұлтты болып құрылғанымен де кейіннен күшейе келе өз ықпалын кеңейту үшін жүргізілген басқыншылықтардың барысында көпұлтты мемлекеттерге, империяларға айналған. Мысалға кезінде әлемнің үштен біріне жуығын өзіне қаратқан КСРО-да қолданылған ұлтаралық қарым-қатынас тілі орыс тілі болды. Орыс тілі күні бүгінге дейін Ресей Федерациясында өмір сүріп жатқан жүзден астам ұлт пен ұлыстардың, сонымен бірге өткен ғасырдың соңында осы елден тәуелсіздігін алған мемлекеттердің арасындағы өзара қарым-қатынас тілі болып отыр. Қытай тілі де – осында тұрып жатқан ондаған халықтардың ортақ тілі.

Көпұлтты мемлекеттердің идеялық-саяси негіздері де түрліше. Солардың ішінде бұрыннан келе жатқаны, күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспегені – түбі бір туысқан ұлттардың бірігіп, үлкен ұлт жасау мәселесі. Кезінде панславяншылдық, пангерманшылдық, панираншылдық, панмоңғолшылдық, панүндішілдік, пантүркішілдік секілді қозғалыстар тілі туыстас халықтардың басын қосып, бәсекеге қабілетті, жан-жақты жетілген ұлт жасауды мақсат тұтты. Мұндай ағымдардың тууының негізгі қайнар көзі – олардың бір этникалық топқа жататын түбі бір туысқандығы мен тілдерінің жақындығынан бір-бірін еркін түсінетіндігі, сол тілде ерте кездерде жасалынған рухани құндылықтардың ортақтығы, ұлттық болмыстарының ұқсастығы сияқты көптеген факторлар.

Екінші дүниежүзілік соғыстан соң, екіге бөлініп қалған немістер осындай идеяны көтеріп, біртұтас үлкен мемле-

кет құруға қолдары жетті. Екі Вьетнам да осылайша бірікті. Қазір «бір ұлт, бір мемлекет» идеясы Оңтүстік Корея, Солтүстік Корея болып бөлініп кеткен корейліктердің алдында тұр. Жеке-жеке мемлекеттері бар бола тұра өздерін туысқан, бір ұлт санайтын румындар мен молдавандар бірігу мәселесін көтеріп жатыр.

Этникалық жағынан туыстас ұлттардан құралған мемлекеттерде тіл мәселесі көбіне табиғи түрде шешіледі. Әртүрлі ұлыстардың тілдерінде жергілікті ерекшеліктердің салдарынан азын-аулақ түсінбестіктер туындап жатса, бұлар араласа келе біртіндеп жойылатын болады. Әдетте мұндай жағдайда үлкен этностың тілі ресми тіл рөлін атқарады.

Қытай Халық Республикасындағы қытайлар тілдері түрліше бірнеше этностардан құралған. Қазіргі қытай тілі сол этностардың тілі болып саналатын Солтүстік, У, Сян, Ган, Хакка, Юэ, Минь секілді ірі және одан ары қарай тарамданып кететін барлығы 36 диалектіден тұрады. Бұлардың ішіндегі халықтың көшілігі сөйлейтін негізгілері – пекин, чжэцзян, кантон, фуцзян диалектілері. Бір қызығы – кейбір этностардың тілдері бір-бірімен сөйлескенде, түсінісе алмайтындай дәрежеде болғанымен, жазуы – бір. Сонда тілдерінің айырмашылығы соншалықты – қазақ, қырғыз, түрік тілдері секілді жеке тілдердегі этностардың басын құрап, бір ұлтқа айналдырып жіберген жазу, нақтырақ айтсақ, иероглиф болып отыр.

Қытай ұлтының әдеби тілінің негізіне Пекин диалектісі алынған. Бүкіл Қытайда мемлекеттік, әдеби тіл осы диалектіде қалыптасып, жергілікті жерлерде сол өлкенің өзіндік тілдері қатар жүреді. Бұл дегеніміз – бүкіл Қытайда барлық этностар үшін жазу ортақ та, жер-жерлерде сол ортақ иероглифтерді өздерінше оқып, өздерінше сөйлейді деген сөз. Сонда қытай иероглифтері туыстас әр түрлі тілдерде (диалектілерде) сөйлейтін жеке ұлт дерлік көптеген этностардың басын біріктіріп, ұлт құраушылық аса маңызды факторға айналып, ұйымдастырушылық рөл атқарып отыр. Бұл мысалдан шығатын қорытынды: түркі тектес

елдерге де осындай ортақ жазу, яғни әліпби қабылдау, сол әліпби арқылы ортақ тілді қалыптастырып, сол ортақ тілде ғасырлар бойы бірге жасаған ортақ құндылықтарын қайтадан іске қосу, енгізу арқылы түркі әлемін мәдени жағынан жақындата түсуге болар еді.

Туыстық негізде өмірге келген түркішілдік идеясы ХХ ғасырдың басынан бері барынша көтеріліп келе жатқанымен де түрлі себептермен жүзеге аспай келеді. Дүние жүзі халықтарының әлемдік бірыңғайлануы күшейген қазіргі таңда бұл мәселе күн тәртібіне тағы да барынша өткір қойылып отыр. Біздің осы еңбегіміздің мақсаты да осы бір күрмеуі қиын мәселені жүзеге асырудың мүмкіндіктеріне көз салу болып табылады.

Ал көп ұлттар тұратын саяси құрылымдардың екінші бір түрі – федеративті, конфедеративті мемлекеттер. Бұған Үндістан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы, Швейцария конфедерациясы секілді елдер жатады. Бұл мемлекеттерде өмір сүріп жатқан ұлттар белгілі бір деңгейдегі саяси мәртебелерді пайдаланады. Мысалы, Ресей Федерациясындағы татарлардың, башқұрттардың, сахалардың, шуваштардың, Қытай Халық Республикасында ұйғырлардың автономиялық республика, гагауыздардың Ресейде автономиялық округ мәртебелері бар. Мұндай мемлекеттерде тұрып жатқан ұлттардың тілдері саяси мәртебелеріне орай автономиялық республика, облыс, аудан, округ аумағында ғана сол мемлекетті құрып отырған ұлттың ресми тілімен қатар қолданылады.

Десек те мұндай мемлекеттерде қанша дегенмен де аз ұлттардың ұлттық жолмен дамуына мүмкіндіктердің шектеулі екендігі дау тудырмайды. Бұл дегеніміз – үлкен мемлекеттерде өмір сүріп жатқан аз ұлтты тілдердің де аяғы тұсаулы деген сөз.

Көпұлтты мемлекеттердегі тіл мәселесі – барынша күрделі. Бұларда аз ұлттардың құқықтары заң жүзінде қорғалғанымен де іс жүзінде теперіш көруде. Бүкіл іс қағаздары мемлекеттік ресми тілде жүргендіктен жергілікті жердегі

автономдық мәртебедегі тілдердің өрісі тарылып бара жатыр. Ұлтаралық қарым-қатынастардың, аралас-құраластықтың ұлғайып, миграцияның күшейіп, автономды территорияларда тұрып жатқан жергілікті этнос өкілдерінің азшылыққа ұшырауы да бұл үдерісті жылдамдата түсуде.

Қазіргі заманда таза бір ұлттан тұратын мемлекетті кездестіру қиын. Әдетте халқының 70 пайыздан астамын бір ұлт құраса, мұндай мемлекет моноұлтты мемлекет болып саналады. Әлемдегі мемлекеттердің көпшілігі осы бірұлтты мемлекетке жатады. Бір ұлттан тұратын мемлекетте сол ұлттың мүддесі қорғалып, тілі, рухани құндылықтары үстемдік құрады.

Аралас-құраластық күшейіп, бірыңғайлану барынша өріс алған Батыстың моноұлтты мемлекеттерінде көпұлттану үдерісі қарқынмен жүріп жатыр. Мұндай мемлекеттерде тіл мәселесі түрліше шешімін тапқан. Жергілікті ұлттар тұтас отырған Швейцария конфедерациясында олар автономия құқықтарын пайдаланады. Германия мен Францияда тұрып жатқан түріктер мен арабтар сан жағынан біршама болуына қарамастан бұл елдерде олардың тілдеріне ешқандай саяси мәртебе берілмеген. Мысалы, Францияда тұратын арабтарды араб деп атамай, француз дейді.

Бұл жерде мынадай бір мәселе бар. Қазақтың «ұлт» сөзі қазір халықаралық қолданыстарда екі түрлі мағынада қолданылып жүр. Біріншісі – біздегідей, этностық ұлт мағынасында да, екіншісі – нақтылы бір мемлекеттің азаматы дегенді білдіреді. Сонда Франция, Түркия сияқты елдерде сол мемлекеттің азаматы болса, оны ұлтына қарамастан, француз, түрік деп атайды.

Ал Америка Құрама Штаттарындағы жағдай мүлдем басқаша. Өткен ғасырларда байлық, бақыт іздеп, Еуропа, Азия, Африка елдерінен келген келімсектерден құралған Американың ұлттық құрамы – сан-сапалақ. Сан ұлттардың мидай араласуы салдарынан араларындағы ұлттық ерекшеліктері жойылып кеткен адамдардың басын қосып, ұйыстыратын – тек мемлекет, мемлекет болғанда да Америка

Құрама Штаттары аталатын мемлекет. Сондықтан да олар өздерін американдық санайды.

Сонда американдық дегеніміз не? Бір адамның қандай мемлекетте тұратындығын анықтайтын азаматтық па, болмаса, көптеген ұлттардың қосындысынан пайда болған ұлттық дамудың ең жоғары сатысында тұрған жаңа супер ұлт па, болмаса, түрлі этностардан құралған адамзат қауымдастығының жаңа үлгісі ме? Бұған жауапты философтар мен саясаткерлер бере жатар. Бізді қызықтыратыны – осы елде тіл мәселесінің қалайша шешім тауып жатқандығы.

Сонымен, жан-жақтан жиналып, жаңа жерге қоныстанған халықтың алғашқы кездегі өмірлері онша жайлы бола қойған жоқ. Бір жағынан, осы құрлықта бұрыннан тұрып жатқан жергілікті индеецтерді қырып жерін тартып алу жүріп жатса, екінші жағынан әр елден келген этностық топтар арасында ықпалын күшейту, үлесті көбірек қамту қалу мақсаттарында өзара қырқыс басталды. Мұның аяғы Оңтүстік пен Солтүстіктің азамат соғысына ұласты. Жеке-леген этностардың, әлеуметтік топтардың арасында туындаған осы сияқты көптеген қақтығыстарды басынан өткерген ел түрлі ұлттар мен нәсілдердің қатар өмір сүруіне мүмкіндіктер беретін қоғамдық құрылыстың үлгісін тапқандай болды. Ол адамзат баласының осы күнге дейін жасаған демократиялық құндылықтарына негізделген барлық адамдардың тең құқылылығын жариялаған қоғам еді.

Адам құқықтарының теңдігіне негізделген Америка Құрама Штатарында ұлт, тіл мәселесі жоқ десе де болады. Өйткені, бұл елде нәсіліне, ұлтына қарамастан, барлық адамдардың құқықтары бірдей, теңестірілген. Сонда ұлт мәселесі, оның тілі деген сияқты әлемді дүрліктіріп жатқан күрделі мәселелер бұл елде өзінен өзі күн тәртібінен түсіп қалған.

АҚШ қоғамында адамдар арасындағы тең құқылы қарым-қатынастарды орнату тіл мәселелерін реттеумен қатар жүрді. Алғашында мемлекеттік тілге халықтың көпшілігі сөйлейтін ағылшын тілі ұсынылды. Бұған француз, және

де басқа тілдегілер қарсы шықты. Сол кезде бұл ұсынысты алып тастап, тілдерді еркін бәсекелестікке жіберді. Мәселені әділ сыншы – уақыт шешті. Біраз уақыт өткен соң, ағылшын тілі өміршеңдігін танытып, қоғам көпшілігінің қолданысына қол жеткізіп, бәсекелесі француз тілін ұлттаралық қатынастардан ығыстыра бастады. Сөйтіп, ағылшын тілі сандаған нәсілдер мен ұлттардан құралған Америка Құрама Штаттары секілді алпауыт мемлекеттің этносаралық, мемлекеттік тіліне айналды. Күнделікті қым-қиғаш тіршіліктің барысында ұлттаралық қатынастардың арасында туындайтын не бір қиындықтарынан өткен ағылшын тілінің енді әлемдік тілге айналу шеруі жүріп жатыр.

Қазіргі әлем тілдерінің жай-күйіне көз жібергенде, тіл мәселесін шешудің бірнеше үлгілерін байқадық. Ең бастысы – ұлт тәуелсіз болмай, тіл тәуелсіз болмайды екен. Мұндай бақыт тілдердің барлығының басына қона бермеген. Әлемде 6 мыңдай тіл бар болса, тәуелсіз мемлекеттердің саны 2 жүздей ғана. Сонда қалғандарының барлығы дерлік кіріптарлық халде деуге болады. Осы тілдердің барлығының да өмір сүргісі келеді. Ұлтының, тілінің болашағы үшін күресіп жатқан халықтар да, сонымен бірге тағдырдың дегеніне көніп, әйтеуір өлместің күнін көріп жүргендер де бар.

Ұлттаралық қақтығыстардың көпшілігі осы тіл мәселесінің, осыдан туындайтын ұлттаралық қатынастардың дұрыс шешілмеуінен туындап жатады. Сонда барлық тілдердің, ұлттардың мүдделері, құқықтары ескерілетін әділ шешім бар ма? Міне, әлем ғалымдарын толғандыратын негізгі мәселенің бірі – осы. Бұл саладағы тәжірибелер мен жетістіктердің кейбіреулеріне жоғарыда тоқталып та өттік. Ізденістер жалғасуда.

Қазір әлемдік деңгейде халықаралық қатынастар күшейген сайын ортақ тіл мәселесі күн тәртібіне өткір қойылуда. Мемлекетаралық деңгейде бұл міндетті ЮНЕСКО-ның ресми тілдері ағылшын, қытай, неміс, орыс, француз тілдері атқарып жүр. Бұлар мемлекетаралық деңгейде шешімін

тапқан. Ал ұлтаралық қарым-қатынастарда қалай болмақ? Мәселе осылай қойылғанда, қым-қиғаш проблемалар қаптап кетеді. Бар бәле ұлтаралық қарым-қатынас тілі болуға ұмтылған тілдің аз санды тілге тізесінің батуынан шығады, немесе бірнеше тілдің осы рөлді атқаруға қатар ұмтылысы барысындағы бәсекелестіктен туындайды.

Осы мәселені әділ шешу мақсатымен ғалымдар барлық халықтарға ортақ эсперанто тілін жасады. Он тоғызыншы ғасырдың соңында эсперанто тілін поляк дәрігері Л. Заменгоф роман, герман, славян тілдерінің көпшілікке кеңінен тараған сөздерінен грамматикасын оңай қылып жасап, қолдануға шығарды. Алғашында жұртшылықтың зор ықыласын тудырып, жиырмамыншы ғасырдың басында халықаралық деңгейге дейін көтерілген бұл жасанды тіл соңынан ойлағандай болмай, үмітті ақтамады.

Эсперанто тілін 5 миллиондай адам қолданып, қоғамдық өмірдің түрлі салалары бойынша жүздей журнал шығарып, оларда 100 мыңнан аса ғылыми мақала жарияланғанымен де жасанды тіл жасандылығын жасап, қалың көпшіліктің қолданыс тіліне айнала алмады.

Жоғарыда әр жерлерде аймақтық ұлтаралық тілдердің пайда бола бастағанын айтып өттік. Бұл жерлерде де тіл бәсекелестігі күшті. Кезінде ағылшындар Үндістаннан кеткен кезде, осы елдің ұлтаралық қатынас тіліне халқының саны жағынан көп хинди ұсынылған. Бірақ бұл бастама басқа тілдер тарапынан қолдау таппай, қарсылыққа ұшыраған соң, ұлтаралық қарым-қатынас тілі рөліне ағылшын тілін қолдануға, яғни мемлекеттік тіл ретінде жариялап, мойындауға тура келді. Қазір үнділер мемлекетінде екі тіл, яғни хинди тілі мен ағылшын тілі ресми түрде қатар қолданылады.

Түркі тектес халықтар бір кездерде Алтай өңірінде өсіп-өніп, бір тілде сөйлегенімен де кейіннен Еуразияның шығысынан батысына дейінгі ұланғайыр аймаққа жайыла жайғасып, тіршілік жасауына тура келді. Әртүрлі географиялық орта, кәсіп, көршілерімен қарым-қатынастар олар-

дың тілдеріне де әсер етіп, ондаған тілдерге бөліне бастады. Оңтүстік түркілеріне араб, парсы тілдерінің, батыстағы түркілерге еуропалық тілдердің ықпалы күшті болып, олардың аралары айтарлықтай алшақтай түсті. Сөйтіп, түркі әлемінің ортақ рухани жұлдыздары Қожа Ахмет Иассауи, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Сүлеймен Бақырғани секілді ұлыларымыздың түрік тілінде жазған шығармаларын түсіне алмайтын күйге жеттік; бір-бірінен жырақта қалған түркілердің өзара түсінісуі қиындай түсті.

«Егер тіліміз ортақ болса, түрік бірлігінің мәселелері әлдеқайда тезірек шешілер еді. Сондықтан біз бәрімізге ортақ сөздер мен қағидаларды негізге ала отырып, ортатүрік тілін заманға икемдеп жасауымыз қажет. Ол тіл, негізінен, бәрімізге таныс құрамдардан құралатындықтан, оны үйрену кез келген түрікке ауыр болмайды» (Е. Солтанмұрат. Түркі әлемінің тағдыры таразыға түспекші. «Түркістан», 23.04.2009).

Мұның айқын мысалын алысқа бармай-ақ, қазақ пен түрік тілдерінің арасынан анық көруге болады. Түбі бір болған түркі тілінің екі бұтағы екі жаққа қарай дамуының барысында онда сөйлейтін адамдар өзара ұғыса алмайтын дәрежеге жеткен. Оған мына бір мысалдар арқылы көз жеткізе аламыз.

Орысша	Түрікше	Қазақша
Анализ	Analiz	Талдау
Архив	Arsiv	Құжатжай
Афиша	Afis	Жарқағаз
Баклажан	Patlican	Кеді
Видеокассета	Video	Бейнетаспааа
Газета	Gazete	Үнжария
Гимн	Himn	Әнұран
Девальвация	Devalvasion	Құнсыздану
Документ	Docuraan	Құжат
Дубликат	Duplicate	Телнұсқа
Жираф	Zurafa	Керік

Жюри	Juri	Қазы алқасы
Инвентарь	Envanter	Мүккаммал
Интеграция	Entegrasyon	Ықпалдау
Интервью	Entervyu	Сұхбат
Каталог	Katalog	Тізімдеме
Кворум	Korum	Жиналым
Класс	Klas	Сынып
Кредит	Kredi	Несие
Комплекс	Kompleks	Кешен
Комплект	Komple	Жинақ
Композитор	Kompozitor	Сазгер
Конкурс	Konkur	Байқау
Консервант	Konservasyon	Қосынды
Контракт	Kontrakt	Шарт
Космос	Kosmos	Ғарыш
Курс	Kurs	Бағам
Маска	Maske	Бетперде
Музей	Muze	Муражай
Паспорт	Pasaport	Төлқұжат
Парк	Park	Саябақ
Помидор	Domates	Қызанақ
Ракета	Raket	Зымыран
Реклама	Reklam	Жарнама
Телеграмма	Telegraf	Жеделхат
Тренер	Antrenor	Бапкер
Универсал	Universel	Әмбебап
Финиш	Finis	Мәре
Штемпель	Istampa	Мөртабан
Эксперт	Eksper	Сарапшы
Юбилей	Jubile	Мерейтой

Бұл мысалдардан ұғатынымыз, өзінің тәуелсіздігін еш уақытта жоғалтпаған түрік тілінің өзінде де шет сөздердің көптігі, көп болғанда да жат сөздері көбейіп кетті деп, ма-засызданып жүрген қазақ тілімізге қарағанда да көбірек көрінеді. Осы жерде назар аударатын негізгі бір мәселе; орыс, түрік тілдеріндегі бірдей терминдер күні кешеге дейін

бізде де сондай болатын. Біз оларды тәуелсіздік алғаннан кейін қазақшаладық. Сонда осы жағдайға байланысты біздің халықаралық атауларды қазақ тіліне аударғанымыз дұрыс па? Жат сөздер қаптап, өкпесі қысылып тұрған қазақ тіліне жан кіргіземіз деп, жүріп, түрік бауырларымыздан, әлемдік ғылыми қалыптардан алыстап бара жатқан жоқпыз ба? «Былай жүрсең, арба сынады, былай тартсаң, өгіз өледінің» кері. Сонда қалай, не істеуіміз керек?

Тағы бір мысал. Қазақ тілінде орыс тілінен келген диалект деген атау бар. Осы сөз әзірбайжанша – ләһча, өзбекше – лахжа, ұйғырша – ләхжә, түрікше – лехше, т.б. аталынады. Сол сияқты «мәдениет» атауы түркі тілдерінің көпшілігінде осылай аталып, түрік тілінде «култур» алынған. Сонда «бүйректен сыйрақ шығарып тұрғандай, басқаша болып тұрған осы сияқты терминдерді мамандар келісе отырып, бір ізге түсіруге болады ғой.

Міне, бүгінгі түркітануда көп болып, мамандар бас қосып, ақылдасып шешетін осы сияқты өмірдің өзі ұсынып отырған өзекті мәселелер баршылық. Негізгі мақсат алдағы уақыттарда осы сияқты алшақтықтарды жойып, түркілік бағытта бір-бірімізге жақындай түсуге ұмтылған абзал. Бұл туралы ғалым Ғарифолла Әнес «Сондықтан да бүгінгі ғылым мен білім дамуымен пайда болған кәсіби сөздердің орнына ислам әлемінде, соның ішінде түркі жұртында қолданыста жүрген ортақ атаулармен толықтырсақ, көне мұраларымызға қайта оралып, рухани жағынан байи түскен болар едік. Біріншіден, түркі-мұсылман халықтарының тілдік қарым-қатынасы бір-біріне жақындай түссе, екіншіден, ұлттық мәдениетіміздің асыл дінгегін қайта тіктеген болар едік» (Ғарифолла Әнес. Түркі халықтарына ортақ атау. «Терминология және аударма», 2014, №1, 61-бет) – деген пікір білдіріпті.

Тілді орынды-орынсыз кіріп кеткен жат сөздерден тазартуда қазақ тілшілерінің біршама жұмыстар атқарғанын айта кеткен жөн. Әйтпесе, бұрын жоғарыда келтірілген мысалдардағы қазақ терминдерінің көпшілігі орыс, түрік

тілдеріндегідей нұсқада болатын. Бұл терминдердің қазақша сөйлеп тұруы іздене білсе, халықаралық деп жүрген терминдердің көпшілігінің қазақша, не басқа түркі тілдерінде баламасы бар екендігіне, болмаса, оларды қазақшалауға, не түркілендіруге болатындығына көз жеткізеді. Бұл мақсатқа бірлесіп, ойласып жұмыс істеу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Біздіңше, мысалда келтірілген қазақша терминдердің көпшілігі түркі тілдерінің ортақ термині ретінде қолданылуға сұранып тұр.

Түркі бірлігінің түп қазығы түркі тілдерінде жасалған түркі халықтарының ортақ рухани құндылықтары болатындығында ешқандай талас жоқ. Ал сол ортақ рухани құндылықтарды әр тілде сөйлейтін халықтарға жеткізетін түркіаралық қарым-қатынас тілі қай тіл болмақ деген мәселенің төңірегінде түрліше пікірлер бой көтерді. Түріктер сан жағынан көп, әрі тілі халықаралық қарым-қатынастарда басқа тілдерге қарағанда, біршама тәжірибесі бар екендігін алға тартып, түрік тілін түркіаралық ресми тіл ретінде көргісі келетіндіктерін білдірді. Мұны әсіресе әзербайжандар қатты қолдап, латын жазуына көшкенде, әліпбилерін түрік орфографиясына барынша жақындатты. Өзбектер Орта Азиядағы саны көп әрі түркі әлемінің орталығында жатқан халықпыз дегендей сыңай танытты. Түркіаралық халықаралық тіл түрік те, өзбек те болмайды, ол жаңадан түркілік негізде жасалынған тіл болады деген пікір де көрінді. Сонымен бірге түркі әлемінің көшбасшысы болғысы келетін түркілік мемлекет басшыларының жеке бастық пендешілік амбициялары тағы бар.

Әрине, бұған жеке ел болып, тәуелсіздіктің дәмін татып қалған басқа ұлттардың көнгісі келмейтіні – заңды. Өйткені халқының санына қарамастан, тілдердің барлығы да – бірдей, ұлы, тең хұқылы. Міне, осы сияқты көптеген объективті, субъективті жағдайлар бір-бірімен шырмала келіп, түркі бірлігін жүзеге асыруға айтарлықтай қиындықтар туғызып отыр.

Әр ұлттың өз тілін түркіаралық ресми тіл болғанын қалауы түсінікті болса керек. Осы бір өте нәзік мәселені барынша әділ шешуге ұмтылыс барысында түркі тілдерінің ішіндегі ең аз санды, жаһандануға жұтылып бара жатқан ұлттың тілін түркіаралық қарым-қатынас тілі қылайық, сонда біз бір жағынан, бір ұлтты жойылудан сақтап қалсақ, екінші жағынан, қанша дегенмен де өз ішімізде бір тілдің өктемдігі жойылып, тілдер теңдігі сақталып, әділдік салтанат құрады деген де пікір айтылды.

Қазір түркіаралық қарым-қатынас тілі ретінде ортатүрік тілінің алғашқы үлгісі жасалып, қолқолданыла бастады. Тегі қазақ қырым татары Вадим Алданұлы Миреев пен татар Ильнар Валеев бірлесіп түркі сөздерінің негізінде жасаған ортатүрік тілі жуырда өткен Түркі халықтарының Дүниежүзілік Ассамблеясының құрылтайында негізгі баяндаманың тіліне айналып, жан-жақтан келген қонақтардың бір-бірімен сөйлесу, түсінісу құралы ретінде алғаш рет қолданылды. Жиынға қатысушылар ортатүрік тілін алдағы уақыттарда да түрлі түркіаралық жиындарда ортақ қарым-қатынас құралы ретінде қолдана беруді, Молдавиядағы Комрат гагауыз университетінде оқыта бастауды, сондай-ақ түркі әлемінің жаңалықтарына арналған интернет-газет шығарып тұруды ұсынған шешім қабылдады. Сөйтіп, ортатүрік тілін тәжірибеде батыл қолданып, жетілдіре беруге шақырды.

Латын графикасындағы ортатүрік тілі арнайы жасалынған әдістемемен компьютерлік бағдарлама арқылы барлық түркі тілдерінен сөздерді іріктеп, сұрыптап алу арқылы жасалынған. Ғалымдардың пікірінше, бұл тілдің болашағы зор. Өйткені, бұл тіл ешқандай тілге артықшылық, не қысым көрсетпейді. Керісінше, лексикалық қоры бір болғандықтан да барлық түркі тілдерінің жандана түсіп, дамуына жолдар ашады.

Соңғы жылдары Тәшкендегі Ортатүрік тілі халықаралық ғылыми-зерттеу институтының директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор, өзбек ғалымы

академик Бақтияр Кәрімов те ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, түркіаралық қарым-қатынас тілі ретінде ортатүрік тілін қолдануды ұсынады. Ал ортатүрік тілі қолдан жасалынған жасанды тіл емес, түркі халықтарының бәріне бірдей ортақ түркілік түбірлі сөздерден тұрмақ.

Ғалымның ойынша, бейтарап тіл ретінде танылып, ұлтаралық қарым-қатынас құралы, жалпытүріктік, жалпы адамзаттық маңызы бар ақпараттарды жинақтау қызметтерін атқаратын орта түрік тілін жасау түркі халықтарының арасындағы өзара түсіністік пен тең хұқылы байланыстардың арта түсуіне, сондай-ақ түркі әлемі одан қалды, жалпы адамзат қоғамындағы жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың әлеуметтік-экономикалық, саяси-хұқықтық, ақпараттық-коммуникативтік, кәсіптік-біліктілік, рухани-интеллектуальдық жағынан дами түсуіне барлық қолайлы жағдайлар туғызатын болады («Создание усредненного языка ортатюрк, выступающего в функциях добровольно признанного языка межнационального общения, накопления информации общетюркской и общелеловеческой значимости способствовало бы развитию взаимопонимания и равноправного сотрудничества между тюркскими народами, социально-экономическому, политико-правовому, информационно-коммуникативному, профессионально-квалификационному, духовно-интеллектуальному развитию личностей и социальных групп, как тюркского мира, так и всего человечества»).

Б. Кәрімов түркі тілдерін математикалық әдіспен зерттеу барысында түркі тілдерінің ішінде өзінің түркілік түбірін көбірек сақтаған тіл қазақ тілі (60 пайыз) екендігін анықтап, оны ортатүрік тілінің негізі ретінде қолдануды ұсынады; бір сөзбен айтқанда, ортатүрік тіліне қазақ тілі алынып, қолданылғаны жөн деп біледі. Бұл ұсыныстың қолдаушыларымен бірге қарсыластары да болатындығы анық.

Бақтияр Каримов орта түрік тілін жасаудың төмендегідей оң факторларын атайды:

«1) Создание среднетюркского языка ортатюрк (анатюрк) методом усреднения норм тюркских языков, признание его в качестве языка межтюркского межнационального общения, языка информацииимеющей общетюркское и мировое значение и достижение признания его в качестве одного из языков ООН. Это обеспечивает равноправие всехтюркских языков между собой, каждый из тюркских народов имеет право использовать свой тюркский язык как государственный язык в своем национальном государстве и развивать его в меру своих возможностей. Механизм усреднения при создании норм языка «ортатюрк» дает близость к языку предков современных тюркских народов и внесение в язык ортатюрк основной части своего языкового наследия каждой из тюркских наций;

2) Создание системы усредненных языков для родственных языков;

3) Создание всемирного общечеловеческого языка на основе всех языков мира посредством системы усредненных языков;

3) Поддержка концепции государственного статуса национальных языков;

4) Поддержка концепции «понятных» языков. Близкородственные языки могут официально быть признанными в качестве «понятных» языков на территориях других государств;

5) Создание координированной системы алфавитов национальных тюркских языков ;

6) Создание координированной системы терминов тюркских языков;

7) Поддержка концепции межязыковой толерантности;

8) Поддержка концепции культурного разнообразия и защиты национальных языков;

9) Целесообразно каждый год 21 февраля отмечать в тюркском мире «День родного языка», солидаризуясь в этом

процессе с решениями ЮНЕСКО» (Б. Р. Каримов. Наследие и перспективы тюркской цивилизации и путь инновационного повышения статуса казахского языка. «Мәдени ықпалдастық және өркениеттер бірлігі» атты 5 Халықаралық түркология конгресі. Түркістан, 19-20 сәуір, 2013, 41-бет).

Өзбек ғалымдары аймақтарда қолданылатын ұлттаралық қарым-қатынас тілдерін жасаудың өзіндік үлгісін ұсынады (Б. Р. Каримов, Ш. Ш. Муталов. Усредненные языки: попытка решения мировой языковой проблемы. Ташкент, Издательство «Фан» Академии наук Республики Узбекистон, 2008). Бұл үлгі бойынша, ол тіл жергілікті жерлердегі туыстас тілдердің барлығына бірдей ортақ болып келетін лексикалық қордан жасалады да бір де бір тілдің мүддесіне қайшы келмейді. Керісінше, туыстас тілдер бір біріне жақындай түсіп, бір бағытта, бірінде барын екіншілері пайдаланып, байып, бір арнада дами түсетін болады.

Мысалы, Б. Каримов қазір түркі халықтарының ұлттаралық қарым-қатынас жасауы ортақ түркі (ортатүрік) тілі арқылы болуы тиіс деп санайды. Бұл үлгі бойынша, ол түркі халықтарының жарымына жуығы сөйлейтін түрік, немесе басқа тілдерді ұсына салмайды. Ғалым бұл тілдің өзегіне түркілік түбірлі сөздерді алып, соны бүгінгі күннің талаптарына сай қолдануды ұсынады. Ал қандай тілдегі қандай сөзді алу мәселесі ғылыми тұрғыдан арнаулы әдістеме арқылы шешіледі. Білікті маман ғалымдардың қатысуымен арнайы жасалынған компьютерлік бағдарламаның көмегімен жүзеге асатын бұл тәсілде тілдерге деген бейтараптық барынша сақталынатын болады.

Қазақтар **самолет** сөзінің орнына түріктің **ұшақ** сөзін алды. Басқа да түркі тектес тілдер де осылай жасаса, бір сөздің мағынасы туыстас тілдердің барлығына бірдей түсінікті болады. Сол сияқты түркі тілдерінің көпшілігі **компьютер** сөзін қолданса, ал анадолы түріктері мұны **білгісары** деп алған. Басқа түркітектес халықтар білгісарының не екенін түсінбеуі мүмкін. Сондықтан да бұл сөздің түркітектестердің барлығында да түсінікті болуы үшін лексикалық жағынан

бірыңғайландырған абзал. Сонда жаңа заманға, ғылымға байланысты жекелеген атауларды түрліше алудың барысында бір бірінен алшақтап кеткен түркі халықтары осы процесті кері бұрып, яғни дұрыс табиғи жолда жүруін реттеп отыру арқылы бір бірімен жақындаса түсіп, бәсекеге қабілетті күшті ортақ тілінің арқасында әлемдік өркениеттегі өзіне лайықты орнын иемденетін болады.

Өзбек ғалымының пайымдауынша, орта түркі тілінің мынадай артықшылықтары бар:

1. Ортақтық этникалық тілдердің базасында жүзеге асырылғандықтан да оны арнайы үйреніп жатудың қажеттілігі жоқ; ол туыстас тілдегілердің барлығына да түсінікті.

2. Ортақ тіл этникалық тілдердің ешқайсысына жатпайтындықтан да олардың ешқайсысына да басымдық бермей, тіл саясатынан туындайтын ұлтаралық алауыздықтардың жолын кеседі.

3. Ортақ тіл мемлекеттік тілге жергілікті тілдердің бірі ұсынылғанда кездесетін мәжбүрлеу әрекеттерін жояды.

4. Ортақ тіл бұрынғы отаршылдардың тілін мемлекеттік ресми тіл болып қалу мүмкіндігінен айырып, рухани саладағы олардың ықпалын әлсіретеді.

5. Шекаралармен бөлінген туысқан халықтардың арасындағы қарым-қатынастардың жақсара түсуіне қызмет ететін болады (Б. Р. Каримов, Ш. Ш. Муталов. Усредненные языки: попытка решения мировой языковой проблемы. Ташкент, Издательство «Фан» Академии наук Республики Узбекистан, 2008, 13-14 беттер).

Идея – жақсы. Бірақ оны жүзеге асыруға келгенде, күтпеген кедергілердің қаптап кететіні тағы бар. Бар мәселе осы бір жақсы идеяны қалай жүзеге асыруда жатыр. Ниет дұрыс болса, алынбайтын қамал жоқ. Іс басталса, қалғаны біртіндеп жөнге келеді. Тағы да бұл істің тар ұлттық шеңберде ғана емес, кең түркілік ауқымдағы сана-сезімді қажет ететіні тағы да анық.

Профессор С. Бизақов түркі халықтарының ортақ тілі 30-40 жылда қалыптасуы мүмкін деді. Ол «Түрікшіл идея-

ны, түрік әлемінің бірлестігін насихаттап, елдіктің қамын көп болып жұмыла ойласып, бір түбірден тараған туыс халықтардың тілінің, ділінің, рухани бітім-болмысының, мәдениет пен өнерінің ортақтығын, тұтастығын сездіріп, қайта қауыштыру – олардың ынтымағын күшейту бағытындағы баға жетпес игілікті іс» (С. Бизақов. Түбі бір түркіге ортақ тіл. «Түркістан», 2013, желтоқсан) – санайды.

Түрік А. Дағдұран «Әрине, біз бірігейік-бірігейік дегеннен ештеңе шықпайды. Халықтардың басын қосатын – ортақ тіл. Түркі халықтарының өкілдері жиналған жиындарда орыс тілінде сөйлесуіміз – өзімізді-өзіміз сыйламағандығымыз. Сондықтан түркілерге ортақ байланыс тілі қажет. Барлық түркі тілдерінде 30 пайыз араб, парсы, орыс сөздері бар. Біз түркі халықтары барлығымыз бірігіп, кірме сөздерді қолданыстан шығарып, оның орнына ортақ түркі сөздерімен алмастырсақ болады» -дейді.

Қазақ жазушысы Д. Амантай «Түркі халықтарына ортақ жасанды тіл жасаудың ешқандай қажеті жоқ. Қазіргі таңда түркі тектес халықтар бас қосқанда, бір-бірімен орыс тілінде сөйлеспесін деп, ортақ тілді қолдан жасаудан ештеңе шықпайды. Өйткені, бірте-бірте Ресейдің бізге деген ықпалы азаяды. Сондықтан орыс тілін ығыстыру үшін біз, ең алдымен, қазақ тілін дамытуымыз керек. Жалпы, әлемдегі және Қазақстандағы кез-келген мәселені біз қазақтың ұлттық мүддесі тұрғысынан қарағанымыз жөн. Егер, бүкіл түркі тілдеріне ортақ тілді іздейтін болсақ, онда ол – қазақ тілі. Көк түркінің көне шаңырағы – Алтай тауының аймағы, яғни Қазақстан. Демек, қазақ жері – кез-келген түркі халқының өсіп-өнген алтын бесігі. Көне түркіден тарағандардың барлығы да батыс пен шығысқа, оңтүстік пен солтүстікке осы ата-қоныстары қазақ жерінен кеткен. Қазіргі таңда Қазақстан бастап, Қазақстанды мекен ететін барлық ұлт өкілдерінің тілі де, барша түркілердің халықаралық тілі де қазақ тілі болуы керек» – деп, өзге ұлт өкілдерінің біріне ұнап, екіншісінің көңлінен онша шыға бермейтін ой тастапты.

Ал түрік журналисі Жүсіп Пилтан «Меніңше, түркілердің ортақ тілін қалыптастыру төңірегіндегі мәселе бүгін ертең шешілмейтін секілді. Себебі – түркіге ортақ тіл тұрмақ, ана тіліміздің тағдырын шеше алмай, мәртебесін көтере алмай отырғанда, әзірге бұл мәселе тек әңгіме жүзінде қала бермек. Кезінде түркіге ортақ қайраткер Мұстафа Шоқай барша түркі халқының ортақ тілі ретінде қарақалпақ тілін ұсынған болатын. Бұл идея белгілі себептермен жүзеге аспады. Одан кейін саны ең аз түркі халықтарының тілін түркіге ортақ тіл етіп алайық деген де пікірлер болған. Енді міне, түркі жұртына ортақ сөздердің сөздігін жасап, ортақ тілді қолдан жасап, алайық деген де ұсыныстар айтылып жүр. Қалай десек те бұл мәселені уақыттың еншісіне қалдырып, әзірге қазақтарды қазақша сөйлетіп алсақ дұрыс болар еді» – деп, ащы шындықты жайып салды.

Түркі халықтарына ортақ әліпбиге, ортақ тілге көшуге біз өзіміздің ішкі рухани жағдайымызды, ең алдымен, ана тіліміздің қоғамдық-рухани өмірімізде алатын орнын жөндеп алып барып кірісуіміз керек. Өйтпесек, әліне қарамай, әулиеге қоныптының кебін киеміз. Қалай десек те, жаһандану дәуірінде түркі халықтарын тозып кетуден сақтайтын бірден-бір жол ортақ тіл негізіндегі түркілік бірлік бағытында жатыр. Түркі әлемінің болашағы осы бірлік арқылы ғана жарқырай түспек.

Жиырмамыншы ғасырдың басында түркі әлеміне төніп келе жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени қауіп-қатерді алғашқылардың бірі болып, жан-жүрегімен сезінген, одан сақтанудың бірден бір жолы түрік тілі, туыстық негізіндегі түрік бірлігі деп, осы бағытта күреске шығып, ұрандатқан Ысмайыл Ғаспарлы барлық түркі тектес халықтарға ортақ грамматика жасамақ болған.

«Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болып, сонан соң, ел бұтақтап өскенде, тіл де бұтақталған. Түбірі бір болса да, түрі басқаланып, түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен... Тілдің басқалануына себеп болған әр түрлі бөтен жұртпен сыбайлас болып, араласқандықтан... Егер де

Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлы іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек» («Тіл тағлымы», Алматы, 1992, 395-бет) – деген екен кезінде ұлы қазақ Ахмет Байтұрсынов.

Демек, осыдан бір ғасыр бұрын күн тәртібіне қойылған түркілік ауқымдағы аса маңызды проблема күні бүгінге дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Қазір әлемде, түркі қауымдастығының өз ішінде қалыптасып отырған саяси, мәдени жағдайлар бұл мәселені жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер туғызумен бірге оны шешу жақтарын да өткір алға қойып отыр.

Бұрындары барлық мәселе әскери қарудың күшімен шешілетін. Қазіргі заманның өзіндік ерекшелігі алдыңғы қатарға әскери қару емес, идеологиялық майдан шықты. Кімнің тілі мықты, сол тілде жасаған руханияты күшті болса, сол рухани құндылықтарды базасы мығым ақпараттық құралдармен тарату, насихаттау арқылы іске көшті. Нақтылай айтатын болсақ, үстіміздегі ғасырда өркениеттердің, мәдениеттердің, тілдердің басқыншылық шабуылдары жүріп жатыр.

ОРТАҚ ӘЛІПБИ МӘСЕЛЕСІ

Әліпби «дыбыс не буын жүйелі жазудағы графикалық таңбалардың дәстүрлі ретпен тізілген жиынтығы» (Қазақ совет энциклопедиясы. 1 том, Алматы, 1972, 310-бет), «Жазуда қолданылатын әріптердің белгілі бір тәртіппен орналасқан жиынтығы» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2 том. Алматы, 2006, 447-бет), «жеке дыбыстық элементтердің символдық таңбалары арқылы сөздердің дыбыстық келбетін бейнелейтін таңбалар жүйесі» (Ғ. Қалиев. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2005, 49-бет), «тіл дыбыстарының жүйелі түрде таңбаланған кестесі» (Г. Қортабаева. Латын әліпбиіне көшсек... «Таң-Шолпан», 2014, №3) тұрғыда анықталып жүр.

Қазақ тіл білімінің атасы А. Байтұрсынов «Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмбағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақшы» (А. Байтұрсынов. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. «Ақиқат», 2014, №5, 3-бет) – деп, айқындапты. Мәселеге осы тұрғыдан келіп, қазақ әліпбиі туралы пікірін «Қазақ әлдеқашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуымызға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, француздыкінен, ағылшындікінен оңай, оңтайлы» – деп, түйіндепті.

Жалпы жазу, сызу өнерінің дамуы – адамзат қоғамы дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Әлемдік өркениеттер осы жазудың пайда болған кезінен бастау алады десе де болғандай. Адамзат баласының дами түсуіне түркілік өркениетімен үлес қосқан көк түріктің ұрпақтары осыдан 1500 жылдай бұрын сына жазуларын, яғни 35 әріптен тұ-

ратын әліпби ойлап тауып, әлемдегі ең көне жазба ескерткіштердің бірінен саналатын Орхон-Енисей жазбаларын қалдырды.

Еуразия құрлығында емін-еркін өсіп енген көк түріктің ұрпақтары өзін қоршаған көптеген елдермен мәдени тығыз қарым-қатынастарда болып, оларға түрлі салаларда ықпал етумен бірге өзіне керектілерін ала білді. Міне, осындай алыс-берістердің барысында, түрлі тарихи жағдайлардың әсерімен бабаларымыз түркілік сына жазуларынан басқа көне ұйғыр, соғды, қытай, тибет, настури-сурани, манихей, брахми, пасса-па, печенег, құман, ибрани, грек, армян, славян, араб, латын, кирилл әліпбилерін қолданған (Е. Қуанышбаев. Түркі өркениетінде алфавит мәселесі. «Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы». Астана, 2012, 109-бет).

Соңғы ХХ ғасырдың өзінде-ақ қазақ халқы әліпбиін 3 рет өзгертіп, араб, латын, кирилл жазуларын қолданып келіпті. Шындығына келсек, осылардың барлығы да қазақ халқының ыркы, болмаса, қазақ тілінің мүддесі тұрғысынан емес, жат жұрттардың саяси мақсаттары үшін жүзеге асырылған. Қазіргі жер бетіндегі қазақтар үш түрлі жазуды қолданады. Қазақстанда кирилл, Қытай, Ауғанстан қазақтары араб, Өзбекстандағы, Түркіменстандағы, Түркиядағы қандастарымыз латын графикаларын пайдаланады. Сонда бір қазақтың үш түрлі әліпбиді қолдануы ұлтты іштей жікке бөліп, ұлттық дамуға, ұлттық тұтастыққа кері әсерін тигізуде.

Ал, мәселеге түркілік ауқымда келетін болсақ, мұнда да – тура осындай жағдай. Әлемнің түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан түркі халықтары қазір тұрып жатқан мемлекеттері қолданатын араб, кирилл, латын әліпбилерімен сауатын ашып, жазуын жазып, білімін алып, тіршілік жасауға мәжбүр. Тіршілігін жасап жатқаны жақсы ғой. Бірақ та... Мәселенің барлығы осы «бірақта» жатыр. Алфавиттің алуандығы бүгінгі заман күн тәртібіне шығарып отырған түркілік тұтастыққа сызат түсіреді. Керек десеңіз, бір-бі-

рінен ажыратып, ара жігін ашып, бір-бірімен жау қылып жіберуге дейін баруда.

Өкінішке орай, осындай процесс қазір жүріп жатыр. Мұның ақыр соңы негізгі топтан ажырап, алыстап кеткен бөлшек тобырларды біртіндеп, алдымен, тілінен, рухани құндылықтарынан айырып, соңынан ұлт ретінде жер бетінен жоғалып кетуіне алып келмей қоймайды. Тарихтың ащы сабағы – осындай. Бұдан шығудың, яғни түркітекес көптеген халықтардың ұлт ретінде жойылып кетпеуінің бір ғана жолы бар. Ол жол – түркілік бірлік жолы.

Түркі тектес халықтардың рухани бірлігіне ортақ тіл, сол ортақ тілдің ортақ әліпбиін жасау арқылы қол жеткізуге болады. Түркілік ортақ әліпби жасау мәселесі өткен ғасырдың алғашқы ширегінен бастап көтеріліп, талқылана бастады. 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайында талқыланған негізгі мәселенің бірі осы еді. Әліпби бойынша баяндаманы А. Байтұрсынов жасап, бұл мәселенің оңай шешіле салмайтын күрделі жақтарына назар аударды: «Түркі жұрттары әлібби түзейміз десе, бәрі қосылып, бір әлібби түзе алмайды; өйткені тілдеріндегі дыбыстарының түрлері бірдей емес. Дыбыстары бірдей болмаса, бәріне бірдей жалпылап әлібби жасауға болмайды, өйткені олай жасалған әліббидің не әріптері тұс келмеске тиіс, не әріптерінің дыбыстары тұс келмесек тиіс. Сондықтан түрік жұрттары үшін бір әлібби түзеу деген мәселені – бір әліббиді негізге алып, түрік жұртының әр қайсысы өз тіліне үйлестіру деп түсіну керек. Солай болған соң бізге ең әуелі негіз боларлық әлібби керек; сол әліббиді қарастырып табуымыз керек» (А. Байтұрсынов. Әліпби тақырыпты Ақметтің баяндамасы. Кітапта: «Алаштың тілдік мұрасы». Алматы, 2009, 78-79 беттер). Міне, Ахмет айтқан ортақ әліпби жасаудың проблемалары күні бүгінге дейін өз шешімін таппай, күн тәртібінен түспей келеді.

Бұл саяси, мәдени маңызы бар мәселені шешу оңайға түспейтінін сол кездің өзінде-ақ «Солай болған соң, әріп

алмастыру деген жеңіл мәселе болып шықпайды. Бұл – ел жағынан да, елдің шаруасы жағынан да ауырлығы зор мәселе екендігін еске алып отырып шешетін нәрсе. Үстін қарап, ат үстінен айтқандай, сөзбен жеңіл шеше қоятын мәселе емес. Салақ қарауға болмайтын салмақты мәселе» (сонда, 29-бет)- деп ескерткен де екен.

1926 жылы Баку қаласында өткен түркітанушылардың бірінші құрылтайында Нәзір Төреқұлов «Түркі жазуларына унификация керек. Өйткені, бәрі бірдей сөйлейді, бірақ әртүрлі жазады» (Стенографический отчет 1 пленума ВЦКНТА. Баку, 3-7.06.27. Москва, 1927, 117-бет) – деген мәселе көтерген. Шындығында да түркі халықтарының тілдік қоры бір болғанымен де әліпбилерінің түрліше болып, түрліше жазуы олардың арасындағы рухани қарым-қатынастарды алшақтата түскен.

Араб халқы жиырмадан аса елде өмір сүріп, әр елде өзінше сөйлейді. Оның басты себебі араб тілі әрқайсысы жеке тіл дерлік негізгі Мағриб, Египет-Судан, Сиро-месопотам, Аравия, Орта-Азия диалектілер тобы сияқты үлкен бес диалектіге бөлінеді. Бұлардың әрқайсысы ары қарай тағы да іштей тарамданып кете береді. Сондықтан да араб әлемінің шығысындағы Ирақтың арабы мен батысындағы Мағрибтық (Морокконь) бір-бірімен сөйлескенде, еркін түсінісе алмай, едәуір қиындықтар туындайды. Өйткені, әр елде, аймақтарда, негізінен, жергілікті тілдер – диалектілер қолданылады. Ал жазу, оқуға келгенде, ешбір кедергі жоқ. Өйткені, арабтың әдеби тілі (Құранның тілі) барлық арабтарға ортақ; барлық араб елдерінде мемлекеттік тіл, барлық ресми іс-қағаздар, оқу-тәрбие, білім-ғылым араб тілінде. Сонда әр қайсысы бір бірімен туыстас тілдерде сөйлейтін араб тектес этностардың басын біріктіріп, бір ұлт қылып ұйыстырып тұрған бәріне бірдей ортақ араб әліпбиіне негізделген ортақ әдеби араб тілі болып тұр. Бұған жету оңай болған жоқ. Ортақ араб әліпбиіне негізделген ортақ араб тілі қалыптасу барысында бір жарым мың жылдық ұзақ күрес жолдарынан өтті. Осы мысалдың өзі-ақ түркі тектес

халықтардың басын рухани жағынан біріктірудің бірден бір жолы ортақ әліпбиге негізделген ортақ тіл екендігін дәлелдеп тұрған жоқ па?

Тағы бір мысал. Қытай тілі бір-бірін түсінбейтін үлкен-үлкен жеті диалектілік топты құрайды. Бұлардың әрқайсысы диалекті деп аталынғанымен де әрқайсысы қазақ, карақалпақ, қырғыз деген сияқты жеке тілдер дерлік. Сонда осы түрлі тілдерден, ұлттардан бір қытай тілін, ұлтын жасап тұрған қытай жазуы, иероглиф болып тұр. Барлық қытайлықтарға ортақ әдеби, ресми тіл ретінде Пекин диалектісі алынған. Бүкіл қытай тектес ұлыстар осы ортақ жазудың, яғни иероглифтің аркасында бір ұлт болып, ұйысып отыр.

Бұл жерде ескеретін тағы бір мынадай жағдай бар. Қытай диалектілерінің арасы тым алшақ; тіпті кейбіреулерінің арасы 90 пайызға дейін басқаша болғандықтан бірін бірі мүлдем түсіне алмайтындай жағдайда. Олар ортақ иероглифті әрқайсысы өз диалектісінде, яғни өз тілінде түрліше оқығанымен де бір мағынада ұғынады. Қытай тіліндегі бір ұғымның жазылуы бір де әр диалектіде оқылуы, айтылуы басқаша. Осы сияқты себептерден Қытай телеарналарының хабарларында экранда міндетті түрде иероглифтік жазу қоса беріліп отырады. Сонда экран алдында отырған әр түрлі диалектіде сөйлейтін көрермен хабардың кейбір сөздерін толық түсінбегенімен де жазуды оқып, ұғынады.

Иероглифтері, әртүрлі ұғымдарды бейнелейтін таңба-жазулары ұқсас болғандықтан да қытайлар мүлдем басқа тіл саналатын жапон, корей тілдерін де белгілі бір дәрежеде оқып, түсіне алады.

Отаршылдық кезінде жеке ұлт ретінде кириллицаның негізінде жеке-жеке әліпби жасап алған ортаазиялық түркітөктес республикалар тәуелсіздік алғаннан кейін латын жазуына көшу барысында да бір-бірімен жақындасу мәселесі күн тәртібіне өткір қойылды. Осындай мақсатпен ақылдасу ретінде бірнеше басқосулар болып өтті. Атап айтқанда,

1991 жылы Стамбулда өткен тіл ғалымдарының жиынында, 1992 жылы 29 қыркүйек пен 2 қазан аралығында Бішкекте өткен Түрік республикалары мен Түрік мемлекеттік құрылымдары Білім министрлігі өкілдерінің 2-ші халықаралық конференциясында, 1993 жылы 8-10 наурыз аралығында Түрік іскер топтары мен Даму агенттігі (ТИКА) ұйымдастыруымен Анкарада өткен 5 тәуелсіз түрік республикаларының өкілдері қатысқан «Әліпби мен емле мәселелері» атты халықаралық конференцияда, 1993 жылы 21-23 наурызда Анталияда өткен «Түрік мемлекеттерінің достық, бауырластық және ынтымақтастығы» тақырыбындағы құрылтайда, т.б. түрлі деңгейдегі жиындарда талқыланып, нәтижесінде 34 әріптен тұратын жалпытүріктік әліпбидің жобасы ұсынылды.

Жаңа әліпбиге Әзірбайжан 1991 жылы 25 желтоқсанда, Түркіменстан 1993 жылы 12 сәуірде, Өзбекстан 1993 жылы 2 қыркүйекте көшті. Түркі халықтарының барлығына ортақ, әмбебап әліпби ұсынылғанымен де бұлар жаңа әліпбиге көшу барысында негізінде 1926 жылы түркітанушылардың бірінші құрылтайында Бакуде жасалынған нұсқаны басшылыққа алғанымен де іс жүзінде әрқайсысы өз жолымен кетіп, жақындаса түсудің орнына өзіндік ерекшеліктерін сақтап қаламыз деп, ортақ алфавиттен алшақтай түскен. Мысалы, ұсынылған түркілік ортақ әліпбиден алшақтық екі әріп болса, Түркімендегі 30 әріптің ішіндегі 7-і өзгеше. Ал өзбектер керісінше ағылшынның 26 әрпін сол күйінде еш өзгеріссіз ала салған (Азер Хасрет. Мы ошиблись, вы не ошибаетесь. Почему бы Казахстану не перейти на общетюркскую латиницу? 31703720137 <http://www.azerhasret.com/?p=3542>) Сөйтіп, түркі халықтарының латын алфавитіне көшуіндегі алғашқы тәжірибелері көңіл көншітпейді; ортақ әліпбиге, ортақ тілге көшудің тарихтың өзі алдымызға әкеліп ұсынған бір мүмкіндігін пайдалана алмай, қолдан жіберіп алдық.

Осы жерде Ресей Федерациясындағы татарлардың латын графикасына көшуге әрекет жасағанын айта кеткен жөн. 1999 жылдың қыркүйек айында Татарстанның президенті

Мінтемір Шаймиев «Латын графикасына негізделген татар алфавитін қалпына келтіру туралы» заңға қол қойды. Татарстанның Мемлекеттік Кеңесі қабылдаған қаулыда заңды іске асыру 2001 жылдың қыркүйегінде басталып, 2011 жылдың соңына қарай аяқталатын болып белгіленді. Бірақ Ресей Федерациясының Мемлекеттік Думасы 2002 жылдың 15 қарашасында «Ресей Федерациясы халықтарының тілі» туралы заңындағы Ресей Федерациясындағы мемлекеттік тілдердің барлығы «кириллица негізіндегі алфавитті (орыс алфавитінің әріптерін) қолданады» деген тұжырымға сүйене отырып, бұл қаулыны заңсыз деп тапты. 2004 жылдың ақпанында Татарстанның Мемлекеттік Кеңесі орыс Конституциясындағы әр республиканың өзінің мемлекеттік тілін белгілеуге құқы бар деген бапқа сүйеніп, ал алфавиттің сол мемлекеттік тілдің бір құрамдас бөлігі екендігін алға сала отырып, Ресейдің Конституциялық сотына шағым түсірді. 2004 жылдың 16 қарашасында Ресейдің Конституциялық соты Мемлекеттік Дума қабылдаған заңда конституциялық нормалардан ешқандай ауытқушылық жоқ деген шешім шығарды. Сөйтіп, татарлардың латын жазбасына көшпек болған талпынысы осылайша жеңіліс тапты. Мұның аяғы Мәскеудің нұсқауымен Қазан университетіндегі татар тарихы факультетінің жабылуына ұласты.

Бұл оқиғалар Ресейдегі саны жағынан ең көп түркітөк-тес халық саналатын, қоғамдық сана-сезімі басқаларға қарағанда жоғарылау татар халқының ұлттық намысына ауыр соққы болып тиді. Татарстан Республикасы аталатын мемлекеттік саяси құрылымы бар татарлардың өз жерінде отырып, ұлттық мәселелерін өздері шеше алмайтындығына, барлығы да Кремльге барып тірелетіндігіне көз жеткізді. Бұл оқиға тек татарлардың ғана емес, осы елде тұратын этникалық азшылықтардың барлығының да ұлттық намысын қорлаған, сонымен бірге Ресей Федерациясы билігі ұлттық саясатының бет-пердесін де ашып берді.

Осы бағыттағы біраз мәселелер латынға көшуді енді қамдастырып жатқан Қазақстан мен Қырғызстанның қан-

дай бағытты ұстануына байланысты болып отыр. Бұл елдер де жеке тәуелсіз елміз, өз ісімізді ешкімді араластырмай өзіміз шешеміз деп, түркілік бірліктің емес, тек ұлттың жолымен ғана кетсе, ортақ әліпбидің, ортақ тілдің ауылы алыстай түспек. Ал егер бұл екі республика әліпбилерін ортақ жоба негізінде жасап, оған сол ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне қатысты кейбір дыбыс-әріптерді енгізумен ғана шектелсе, бұған кейін Түркия осы күнге дейін қолданып келе жатқан әліпбиін осы негізде жетілдіре түсіп, қосылса, сонда ғана барып бұл бағыттағы ізденістер мен күрес тоқтамайтын болады.

Тәуелсіздік алғалы бері әліпби мәселесі Қазақстанда күн тәртібінен түскен емес. Бұл туралы жиырмамыншы ғасырдағы аса көрнекті түркітанушылардың бірі Рахманқұл Бердібай былай деп жазды: «Бұл күндері түркі халықтары үш алфавитті – араб, латын және кириллицаны қолданып жүр. Алдағы кезде үш алфавиттің біреуіне, атап айтқанда латыншаға көшу – түркі халықтарын рухани бірлестірудің ең қажетті жолы деп білеміз. Кириллицаға өткен соңғы елу жыл ішінде бұл алфавиттің сәтсіздігінен түркі халықтары бірінің жазуын екіншісі түсінбейтін халге жетіп, аралары алыстай түсті. Бұл алфавит біздің тілдік ерекшеліктерімізге қолайлы келмейтінін өмірдің өзі көрсетті» (Р. Бердібай. Ататүрік және түркі бірлігі. «Айқап», 2013, №4).

Түркі халықтарының арасындағы бауырластық, ынтымақтастық, достық, бір сөзбен айтқанда, түркі бірлігі бағытында жұмыс жасап жатқан Түркі кеңесі мен Түркі академиясы да осы бір аса маңызды ортақ мәселеге ерекше мән беріп, бірсыпыра жұмыстар атқарып келеді. Түркі бірлігінің негізі рухани құндылықтардың ортақ жазуда жазылуының маңызы зор екендігіне назар аударып, түркі халықтарының барлығына да бірдей әліпби жасау мәселесін көтеріп, қолға алып отыр.

«Қазақстан – 2050» стратегиясында «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс

принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туады»- деген тұрғыда алдағы уақыттарда латын жазуына көшу міндеті алға қойылды. 2012 жылдың желтоқсанында жаңа жыл қарсаңында отандық жетекші телеарналар өкілдерімен кездесу кезінде: «Латын қарпі бізге дүние жүзінің халқымен, әлемнің ғылыми-білімімен қарым-қатынас үшін керек. Егер латын әліпбиін енгізуге ақылмен келе алсақ, біз компьютер тіліне көшеміз, балаларымызға және бізге экономикалық және ғылыми кеңістікке еруге оңайырақ болады. Бұдан қашып құтыла алмаймыз, бұл – келешектің талабы. Сондықтан, біз осыған ұмтылуға тиіспіз. Бірақ, бұл мақсатқа біз үлкен сарабалдықпен, байыптылықпен келуіміз керек», – деп атап көрсетті. Сонымен, қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру рухани өміріміздегі елеулі оқиғалардың бірі болғалы отыр.

Қазақстан жағдайында латын әліпбиіне көшу мәселесі тәуелсіздік алғалы бері дүркін-дүркін көтеріліп, әсіресе соңғы он жылда күн тәртібінен түспей келеді. «Қазақстан – 2050» стратегиясында ел алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі ретінде алға қойылғаннан соң, бұл мәселе ерекше қарқын алып, латын жазуын енгізудің саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени-рухани, техникалық, психологиялық сияқты жақтарын ғылыми-қоғамдық сараптамадан өткізу шаралары жүрді. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшірудің теориялық, практикалық жақтарын талқылаған түрлі жиындар, баспасөз беттерінде пікіралысулар ұйымдастырылды. Рухани жағынан әркелкі қазақ қоғамында да түрліше пікірлер бой көтерді. Латын әліпбиіне көшуді көпшілік қолдағанымен де оған қарсылар да шығып, өз дәлелдерін ұсынып, пікірталас қыза түсті.

Енді қазіргі дәуірдегі қазақ қоғамы үшін аса маңызды осы бір мәселенің қаншалықты деңгейде талқыланып жат-

қандығын аңғарту мақсатымен «Түркістан» (11.01.2013) газетінде өткен осындай талқылаулардың біріне (көлемділеу болғанына кешірім сұрай отырып) көз жүгіртейік. «Латын әліпбиі: Білім – әлемдік, тәрбие – ұлттық» тақырыбында өрбіген пікіралысулар төмендегіше жалғасты:

«Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деген болатын. Бұл мәселе қоғам тарапынан қызу қолдауға ие болуда. «Түркістан» газетінің төрінде бас қосқан белгілі тіл ғалымдары мен тіл жанашырлары латын әліпбиіне көшудің негізгі тетіктері жайында әңгіме өрбіткен еді.

К. Адырбекұлы: Қазақстан мемлекет болып құрылғалы бері, XX ғасырдың басында араб әліпбиі біраз қолданыста болды. Одан бертінде А.Байтұрсыновтың төте жазуы енді. 1939-40 жылдары қазір тілге тиек етіліп отырған латын әліпбиін де қолдандық. Содан кейін кеңестік саясаттың ықпалымен орыстың кириллицасына көштік. Осылай қазақ халқы біраз әліпбиді басынан өткерді. Ал тәуелсіз ел болғалы латынға көшу туралы мәселе жиі көтеріле бастады. Президенттің өзі 2006 жылы Ассамблеяның жиынында латын әліпбиіне көшу жөнінде мәселені қозғаған болатын. Елбасы жуырда Халыққа арнаған жолдауында бұған қайта мән берді. Енді міне, мемлекеттік құжат ретінде қабылданды. Шын мәнінде, латынға өту арқылы көп мәселенің шешілетіні рас. Әлімхан мырза, осы тұрғыда өз пікіріңізді білсек...

Ә. Жүнісбек: Бұл мәселені іліп әкеткендеріңіз үшін алғыс айтқым келеді. Бұған БАҚ қозғау салмаса, тағы бол-

майды. Кейбіреулер «2025 жылға дейін кім бар, кім жоқ?» деуі мүмкін. Осы жерде бір ұсынысым бар. Біз 2025 жылды күтпей, әрі кетсе 2015 жылы өтуіміз керек. Алдымызда, яғни 2017 жылы ЭКСПО көрмесі келеді. Сол уақытта бәріміз латын әліпбиін меңгеріп, бір кісідей сөйлеп отырсақ, қандай жақсы. Әуелі латын қарпіне көшудің мерзімін шешіп алу керек. Тағы бір жайт, көпшілік жұрт әліпби ауыстыру дегенді бір таңбаны екінші таңбаға алмастыра салу деп түсінеді. Қазірдің өзінде латын әліпбиіне қатысты 100-ге тарта жобаның үлгісі бар. Оны кім жасамай жатыр дейсіз? Ерінбеген адамның бәрі жоба ұсынып, тіпті оны бірден Елбасының атына жолдауда. Ал олар министрлікке, министрлік біздің институтқа қайта жібереді. Сенсеңіз, қазақ тілінде қанша дыбыс бар екендігін білмей-ақ жоба ұсынып жатқандар кездескен. Ол ол ма, әріп пен дыбысты айыра алмайтындар да бар екен. Компьютердің 26 түймешесіне 42 әріпті қайтсек сыйдырамыз деп әлек болғандар да жетерлік.

Д. Мыңжасарқызы: Қазір «Латын әліпбиіне өтеміз бе, өтпейміз бе?» деген мәселе талқыланбайды. Негізгі сұрақ – «Қалай өтеміз?» дегенге келіп тіреледі.

Ә. Жүнісбек: Бұл екі сатыдан тұру керек. Бірінші саты – қолымыздағы жазуымызға реформа жасап алу керек. Бүгінгі жазудың емле-ережесі – орыс-қазақ әліпбиіне келеді. Бұл мәселені мемлекеттік деңгейде көтеру керек. Қазақтың сөзінің әрбір үндес әуезін сақтайтын және морфем құрамын, буын тұрқын, тасымал ережесін бұзбайтын әліпби жасау қажет. Мысалы, қазіргі балалардың бәрі «мый» емес, «ми» деп сөйлейді. Мұны мұғалімдердің өзіне түсіндіру қиын. Өйткені өзіміз әу баста солай үйреттік. Латынға өткеннен де қиын жұмыс осы болады. Екінші, профессор Байынқұл Қалиев деген әріптесіміздің есептеуі бойынша, төл сөзімізге кіріп кеткен кірме таңбалардың емле-ережесін түсіндіру үшін 40 бап керек екен. Егер латынға баптап өтіп кетсек, 40 емле-ереже бірден жеңілдейді, оқыту, әдістеме, көзтаным әлдеқайда жақсарады. Демек, қазақтың тіліне

шын жанымыз ашыса, оның үндесін, әуезін, морфемін бұзбайтын әліпби жасау керек. Осы қалпында өтсек, былықшылықтан арылмаймыз. Сондықтан қазіргі жазуымызға реформа жасауды Тіл білімі институты мемлекеттік деңгейде ұсынуы керек. Бұған көп дегенде, бір-екі жыл уақыт кетеді.

К. Адырбекұлы: Латын мен кириллица әріптері бір-біріне өте ұқсас. Айырмашылықтары да шамалы. Қазіргі әліпбиге реформа жасағанда біраз әріптерді алып тастауға тура келмей ме?

Ә. Жүнісбек: Төл сөзіміздің құрамындағы қажет емес әріптерді алып тастап, соған лайық емле-ереже жасау қажет. Білсеңіз, 1950 жылдың ортасына дейін біздің жазуымыз дұрыс еді. Орыстың «игі ықпалы» деген үрдіс келді де, төл сөздердің құрамын жазу бұзылды. «Мый» деп жүргеніміз сол кезде «ми» болып кетті. Ол кезде де осындай үлкен айтыс болды. Ұлт зиялылары пікірін айтып, қарсы шықты. Бірақ саясатқа басып жіберіп, орыстың мүддесін қорғаушылар жеңген еді. Біз реформа жасағанда жаңа дүние ойлап таппаймыз. Мақсат – табиғи тіліміздің айтылымы мен жазылымына көшу. Бүгінде тарихшылар тарихымызды түгендеп жатыр. Құдайға шүкір, Абылай ханды мақтанышпен айтатын дәрежеге жеттік. Саясатта да, мәдениетте де ілгерілеушілік бар. Кенже қалып жатқаны – жазу мәселесі. Осыған келгенде кертартпалық бар. Алдымен жазуымызды бір ізге түсірсек, содан кейін латынға көшу сатысын бастау қиын емес.

Ғ. Әнес: Латын өзіміздің өмірімізде тұр. Қазір шетелге шығатын құжатымыз латын тілінде, жолдағы көше атауларының бәрі ағылшын тілінде. Біз соны зерттеп көрдік. Жер-су аттарының нұсқаулығы жоқ. Сіздің паспортыңыз бір нұсқаулыққа негізделіп толтырылуы керек. Ал бізде бәрі былығып кеткен. Парламент Ономастикалық ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қолға алды. Қазір латын әліпбиінің 100-ден астам жобасы бар екен. Бұлардың көпшілігінің дауласып жүргені компьютердегі 26 әріпке қазақтың әліпбиін сыйғызғысы келеді. Бұл болмайтын

мәселе. Біз бұрын түркітілдес халықтардың кітабын қиналмай оқи беретін едік. Сондықтан ортақ әліпби керек.

Д. Мыңжасарқызы: Әріптерді қосарлап беруден қашу керек дейсіз бе?

Ғ. Әнес: Түркі тілінің маманы ретінде қарашай, ноғайдың газет-журналын қарап отырамын. Оларда жүз беттік мәтін екі есеге көбейіп кеткен. Өйткені әріптерді қосарлап жазады. Бұл дұрыс емес. А. Байтұрсыновтың әліпбиі дәйекше арқылы жазылады. Дәйекше деген болмайды. Дәйекше болса құмықтың әліпбиіне ұқсап кетеміз. Мұның керегі жоқ. Бізге 26 әріп жетеді. Бұл жұмысты тілші-ғалымдарға беру керек. Әркім өз идеясын ұсынуда. Біздің ұстаным біреу – бүкіл түркі халықтарына ортақ әліпби жасау қиын болса да, бір-біріміздің мұрамызды оқи алуымыз керек. 2014 жылы Астанада Түркі саммиті өтеді. Сол кезде біраз дүние шешімін табады деп ойлаймын. Тағы бір мәселе – әліпби ауысқаннан кейін орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер жасалады. Бізге компьютердің көмегімен мәтінді латынға аударатын бағдарлама жасау керек.

Д. Мыңжасарқызы: Әлімхан аға, қазір «Әліпби ауыстыру көп шығын әкеледі. Тіпті сонау жылдардан бері келе жатқан бай мұраларымыздан айрылып қаламыз» дейтіндер бар. Бұған не дейсіз?

Ә. Жүнісбек: Бұл – қарсы топтың бірінші айтатын уәжі. Кириллшілердің дәйегі – бұрынғы орыс жазуы негізіндегі жазба мұраларымыздан айрылып қаламыз, ертең оларды ешкім оқи алмай қалады деген қауіп екені рас. Орыс жазуын бүгін-ертең ешкім өшіріп тастайын деп отырған жоқ. Оқулықтар жыл ретімен бірте-бірте латын жазуына көшіріліп отырады. Әдеби шығармалар мен көпшілік ғылыми еңбектер де сол ретпен жаңа жазуға ауысып отырады. Бұрынғы жарық көрген шығармаларымызды, мысалы «Абай жолын», ұлы ақынның шығармаларын т.б. қайта баспай отыра алмаймыз ғой, қайта басамыз және оны латын әліпбиімен теретін боламыз. Латынмен жаздың не, кириллицамен жаздың не, сол бояу, сол қағаз. Ендеше олар латын үлгісінде

толық болмаса да жеткілікті түрде үзбей жалғаса жарияланады. Ендеше жазба мұрағаттарымыз оқылмай, мақұрым қаламыз деп уайымдамай-ақ қояйық. Шын мәнінде, жазушы Қабдеш Жұмаділов айтпақшы, «Оқылатын шығарма қай әліпбимен жазылса да оқылады, оқылмайтын шығарма қай әліпбимен жазылса да оқылмайды».

К. Адырбекұлы: 2017 жылы өтетін ЭКСПО көрмесі – әлемдік шара. Онда жарнамалардың басым бөлігі ағылшын тілінде, яғни, латын қаріптерімен жазылатыны анық. Осы беделді, халықаралық көрмені басты назарға ала отырып, латын әліпбиіне көшу дайындықтарымызды жеделдетуге болар ма еді? Көрмені ұйымдастырушы мемлекет ретінде тиісті мамандарымыздың сақадай-сай болғаны жөн шығар.

Ә. Жүнісбек: Бұл мәселе тағы да билікке тіреледі. Егер Үкімет, министрлік дұрыстап қолға алса, болды. Қиын түгі жоқ, үлгісі бар, әдістемелік құралдары дайын. Алысқа бармай-ақ қояйық, орфографиялық және орфоэпиялық сөздікте жасайтын үлгі тұр. Тек қана емле-ережені жаңарту керек. Ал мына түрінде өтсек, былық-шылықтан құтылмаймыз. Сөздіктерге көз салсаңыз, пәленбай мың сөз өз ұясында тұрған жоқ. Міне, мұның бәрін ретке келтіру керек.

Б. Қойшыбай: Осының бәрін латын әліпбиінің негізінде жасасақ, әлдеқайда жылдам болатын еді. Кезінде латын әліпбиі туралы Орынборда Ахандардың да айтысы болды. Бірақ түркі халықтары іс жүзінде біріккен жоқ. Әрқайсысы латын әліпбиін өзінше түзеді. Түріктер өз алдына кетті. Қазір көрші қырғыздың әрпін де оқи алмаймыз. Қазақтың әліпбиі де өзгеріске ұшырады. Сондықтан латын әліпбиін еш өзгертпей ағылшын нұсқасында қабылдау керек. Оны тек біздің дыбысқа лайықтау қажет. Сонда ғана жылдам өтеміз.

Ә. Жүнісбек: Дұрыс, біздікі ғылыми тұрғыдан келу ғой. Ұсынып отырғаным – қазақтың төл дыбыстарының басын ашып, латын әліпбиін соған лайықтап жасау. Қажет емес дыбыстар мен басы артық емле өзінен-өзі түсіп қалады. Бұл – латынға өтудің төте жолы. Жақында Стамбулда

Түрік кеңесі жиын өткізді. Оған өзбек, қырғыз, қазақ, әзірбайжан, түркімен сияқты түркі халықтарының өкілдері қатысты. Қазақстаннан Түркі академиясының президенті Шәкір Ыбыраев пен Тіл комитетінің орынбасары Шерубай Құрманбайұлы барып, түркі жұртына ортақ 34 таңбаның үлгісін алып келді. Олар «әр тіл осы үлгінің негізінде өзінің латын әліпбиін құрастырсын. Сонда біз бір-біріміздің жазуымызды тұрқына қарап түсінеміз» деген мәмілеге тоқтапты. Демек, емледе өзгешелік болса да, тұрқы түсінікті.

К. Адырбекұлы: Өлгінде ғана 1939-1940 жылдардағы латын әліпбиі қолданыста болды дедік. Демек, бізде тәжірибе бар. Неге сол тәжірибені бүгінгі күн талабымен жаңартып, қажетімізге жаратпасқа?

А. Осман: Латын әліпбиіне көшу туралы әңгіме бүгін басталған жоқ. Тәуелсіздік алған жылдары, тіпті одан да бұрын айтылды. 1994 жылы латын әліпбиі мәселесі бойынша Түркияға барған Әбдуәли Қайдар аға бастаған топ «34 әріптен аспайық» деген ортақ мәмілеге келіп еді. Міне, одан кейін бұл мәселе бәсеңдеп қалды. Бір өкініштісі, бізде табандылық жоқ. Айтылған мәселе сол күйі қалады. Бастаған істі соңына дейін жеткізуге дәрменсізбіз. Әлі күнге жалтақтап жүрміз. Кезінде қазақтан сұрамай-ақ, арабтан латынға, латыннан кирилл қарпіне көшірді ғой. Елбасы да «Латынға көшуіміздің тарихы бүгіннен емес, бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз», – деді. Кириллицаға өткізгенде түркітөктес халықтарды бір-бірінен алыстату, бөліп тастау саясаты болды. Құдайға шүкір, қазір тәуелсіз елміз. Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында латын әліпбиі туралы мәселені көтергеніне риза болдым. 2025 жылға дейін дайындық жасап, күтудің қажеті жоқ. Келесі жаңа оқу жылынан бастап барлық мектептің 1-сынып оқушылары латынша оқыса, олар 2025 жылы мектепті латын әліпбиімен бітіреді. Маған салса қазақтың табиғатына жақын А. Байтұрсынұлының әліпбиін алар едім. Латын әліпбиін сол жүйеге негіздеп жазсақ

дұрыс болар ма еді, кім білсін?! Қалай болған күнде де, балаға жеңіл, тез үйренетіндей жолды іздеу керек. Латын әліпбиіне көшу – мемлекеттің өзінің ісі. Ешкімнің көңіліне қарап, талқылаудың да қажеті жоқ. Соза берсек, уақыт өте береді. Білім – әлемдік, тәрбие – ұлттық. Сондықтан латын әліпбиін қазақтың табиғатына лайықты етіп жасауымыз керек. Менің ұсынысым осы. Біреулер көп қаражат кетеді дейді. Шын мәнінде, бел шеше кірісетін болсақ, бұған еліміздің мүмкіндігі де, әлеуеті де жетеді. «Қазақстанның келешегі – қазақ тілінде» дейміз. Қазақ қазақпен қазақша сөйлесе, басқалар қайда барады. Қазір өзге ұлт өкілдері де қазақ тілін мойындап келеді.

Ғ. Әнес: Жаңа оқу жылынан бастап 1-сынып оқушылары міндетті түрде латын қарпімен оқыса, 2014 жылғы балалар екінші сыныпта білім алуы керек. Сөйтіп 2025 жылға дейін 12 жылдық мектеп түгелдей латын әліпбиімен оқуы керек. Білім саласына министрлер келген сайын реформа жасайды. Бірақ қазақ мектебіне әлі реформа жасалған жоқ. Бізде орыс, аралас, қазақ мектебі деген бар. Бұл нонсенс. Басқа мемлекетте мұндай жоқ. Бізде мемлекеттік мектеп қана болуы керек. Қытайда, Өзбекстанда қазақ мектептері жабылу үстінде. Тілді саясатқа айналдырудың қажеті жоқ. Бір-ақ мектеп болуы керек. Бәрі латын әліпбиімен оқытылуы керек.

К. Адырбекұлы: Шынында да, біздің табиғатымызға Ахмет Байтұрсыновтың әліпбиі жақын. Ондағы қаріптер саны да мейлінше ықшамдалған. Енді латын қарпін сол кісінің өлшемімен алсақ ше?

Ә. Жүнісбек: Мына 28 таңбаны өзіміз ойлап тапқан жоқпыз, бұл Ахаңның дайындап берген дыбыстары. Біріншіден, Түркі кеңесі бір мәмілеге келді. Екінші, дәйекше қоюға келсек, біз ұлттық жобаның сыртында интернет-әліпби деген жоба дайындадық. Дыбыстарды қосақтап алуға да болады. Бірақ түркі жұрты қандай ортақ шешімге келеді, біз соған бет бұрамыз. Тіпті, соған бағынышты болып отырмыз. Бұрын «ж» әрпінің алдына «д» қойып «дж»

деп жаздық. Оны біреулер жазылған күйінде оқыды. Ал қырғыздар «к»-ны алып тастап, «к»-ны қалдырған. Бірақ олар «к»-дан айрылып қалды. Түріктердің өзі «к», «ә», «ң» әріптерінен қол үзді. Көрдіңіз бе, жазудың сөйлеуге деген ықпалы күшті. Адам бірте-бірте игеріп кетеді. Латынға көшу мерзіміне байланысты мынаны айтсам деймін. Егер латынға көшу туралы ресми шешім шықса, оны тек 1-сыныптан бастап оқытып отырмаймыз. Жаппай оқытылады. Қажет болса, оны ересек адам бір шайдың үстінде үйреніп алады. Ал мектептегі ағылшын тілін оқып жатқан балаға бәрі таныс.

Д. Мынжасарқызы: Әлімхан аға, бізге берген сұхбатыңызда латын әліпбиі жобасын жасаушылардың арасында дүрдараздық бар деп едіңіз. А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында жоба ұсынып жатқан ғалымдар неге біреуін жүйеге келтірмейді?

Ә. Жүнісбек: Ол жерде де бір-бірімен келіспей жатқан жағдайлар бар. Өзім қазақтың төл дыбыстарына көңіл бөлдім. Мысалға, біз «мый» деп жазамыз десек, екінші топ «ми» дейді. Кейінгі жастар «и», «я», «ю»-дан айрылмаймыз дейді. Айырмашылық сонда. Дәл қазір Тіл білімі институтында орнықты бір ұсынылып отырған үлгі жоқ. Астанадағы Түркі академиясы тап-тұйнақтай етіп бір үлгіні ұсынды. Қазір көптеген институттың ғалымдарынан комиссия құрылуда. Астанада да комиссия жасақталу үстінде. Түркі академиясының жоспары көп. Астанада, Бакуде бас қосамыз дегенді айтты. Солардың мәмілесінен кейін бірнеше жоба міндетті түрде жарияланады, талқыланады. Елбасы камшы басты, енді тоқтау болмайды. Сондықтан бұл шаруа түбіне жетеді.

К. Адырбекұлы: Көптің пікірі латынға көшуді жеделдету керек деген ұсынысқа саяды. Ел ішінде мұны жеделдетуге қарсылар да бар екендігін жақсы білеміз. Өйткені осынау жылдар бедерінде кириллицамен жазу мәдениетіміздің көшін түзеп те алдық қой. Тек тіл мамандары ай-

тып жүрген кейбір артық әріптері болмаса. Дегенмен, 2025 жылға дейін латынға өтудің нақты жолы қайсы?

Ә. Жүнісбек: Бізге тіпті 2015 жылы өтсек, кеш те, ерте де болмайды. Бұл бір жағы саясат. Ал жазу деген тек ғылыми негізде ғана орындалса, ұлттық сипатта болады. Қазір мынау дұрыс екен деп өтіп, кейін сынға ұшырап жатсақ, не боламыз? Қазіргі мақсат – комиссия бір тоқтамға келеді. Біреуіне тоқтамай, қосымша пән ретінде оқыта алмаймыз. Латын әліпбиіне өту әлемдік ақпараттық кеңістікке апаратын тиімді жол. Қазір қай жағынан болса да, түркі жұрты біріге берсін деген ұстаным бар.

Б. Қойшыбай: Мен де шұғыл өтудің жағындамын. Түбі бір түркі халықтары бір-біріне жақындауы үшін әуелі рухани дүниемізді оқи алуымыз керек. Ол үшін әрпінде айырмашылық болмауы мүмкін. Латын әліпбиінде бүкіл түркі халықтары бір үлгіні қабылдаса дейсің. Бірақ бұл мүмкін емес. Түрік өзінше кетті, өзбек бөлек кетті. Меніңше, ағылшындардың 26 әрпін пайдалану керек. Олар бірнеше таңбамен бір дыбыс береді. Осында бір мән бар. Бізде де екі таңбамен бір дыбысты беруге болады. Алғашқы Алтынсарин енгізген грамматикада әріптерді қосарлап жазатын. Одан басқа, тағы бір жолы бар. Мысалы, «ә» әрпі жүрген жерде жіңішке буын жүреді. Мұны ағылшындар сияқты дәйекшемен бермейміз бе? Бұл жылдамдатудың, әріпті сақтаудың жолы. Түбі түркі халықтары соған қол жеткізсе, бір-бірімізді оқи беретін боламыз. Француздар бір дыбысты үш әріппен жеткізеді. Бізге де солай етуге болады ғой.

А. Осман: Латын әліпбиін ағылшын әріптері негізінде жасауға келісемін. Себебі, онсыз да бала бірінші сыныпта ағылшын тілін оқиды. Балаға да қиындық болмайды. Біз әліпбиді тезірек шешіп алып, бірінші сыныпқа арнап оқулық жазуға кірісуіміз керек. Латынға көшуді неғұрлым ерте бастап, кириллицамен қатар жүргізу керек. Өзірбайжандар он жыл қатар алып жүрді. Олар латынға көшкен күнін той ретінде атап өтеді. Ұзынсонарға салудың қажеті жоқ. Латын әліпбиіне көшу – әлемдік көштен қалмаудың

бір жолы. Екіншіден, түркітөктес халықтарды жақындастыру. Үшінші, біз осы уақытқа дейін сіңісіп кеткен шовинистік көзқарастағы саясаттан арылатын едік. Бірде қазақ тілінің мүддесін қорғап Президентке хат жаздым. Сол кезде бір жігіттер маған: «Қазақ тілінің ахуалы жайында бір ғана хат келсе, ал орыс тілінің мүддесін қорғаған хат қап-қаптап келеді» деген еді. Сондықтан ештеңеге жалтақтамауымыз керек.

Б. Қойшыбай: Түркі жұрты 34 әріптен тұратын ортақ әліпби жасады дейді. 34 таңба өте көп. Оны ыңғайға келтіріп, азайту керек. Бұл қиыншылық тудырады. Қосымша әріп жасамай-ақ біразын дәйекше арқылы жазуға болады. Қоғамдық пікірмен санаса отырып, белгілі бір байламға келісіп, қосымша пән ретінде оқытсақ деймін. Бірақ мұны қазіргі әліпбимен қатар жүргізу керек. Біз бұған дейін латын әліпбиіне көшкен заманды бастан өткіздік. Бұл іс жүзінде түркі халықтарын бөлуге тырысты. Ал қазір көшсек түркі халықтары бір-біріне жақындасады. Біз 26 әріптен тұратын әліпби негізінде келісіп жасасақ, тілдік жақындасу әлдеқайда пәрменді болады.

Ә. Жүнісбек: Бұл жерде тағы бір кілттипан бар. Сіз дәйекше қою үшін екі түймешені басыңызға тура келеді. Бұл да есепке алынады.

Ә. Бәкірұлы: Латын әліпбиіне көшу не үшін қажет? Бұл сауалға Әлімхан мырза: «Түркі жұртының бірігуінің негізі ортақ жазуға тіреліп тұр» деді. Екінші, қазір компьютер заманында қазақ әліпбиін барлық жерде ашатындай жағдайға жеткізу керек. Мәселен, шетелдегі қазақтар біздің жазған-сызғанымызды қаз-қалпында оқитын мүмкіндікке ие болса. Үшіншісі, ұлттық санаға байланысты. Бұл туралы Смағұл Елубай отарсыздандыру саясатын жүргізу керек деді. Яғни, бұл ұлттық сананы өрістету. Ал қазіргі жағдайда негізгі фактор ретінде прагматикалық себебі басым. Бүкіл әлемдік кеңістікке ешбір қарама-қайшылықсыз ену қажет. Осы тұрғыдан келгенде Бейбіт Қойшыбайдың пікірін толық қолдаймын. Өйткені біз компьютердегі қа-

лыптасқан әріптерге қосымша штрих енгізсек, басқа жақта ол көрінбейді. Сондықтан латын әліпбиінің негізгі нұсқасын алып, үндестік заңына байланысты дыбыстарды бірлескен әріптерден жасау қиын емес. Сондықтан да жаңа әліпби қабылдайтын кезде негізінен үндестік заңына басымдық беру керек. Әлемге танымал философ Карл Поппердің кітабынан «Көшпенді халық – өркениеттен тыс қары қалып қалған, адамзат өркениетіне ешқандай үлес қоспаған, жартылай жабайы халықтың бірі» деген пікірді оқыдым. Шын мәнінде, олай емес екендігі тарихтан белгілі. Біздің төл жазуымыз болды. Өз тарихымызға құрметпен қарайтын болсақ, рәміздеріміз – елтаңба, әнұран, тудың қатарына ұлттық жазуымыз ретінде көне руна әліпбиін қосуымыз керек. Руна – түркі халқының төл туындысы. Яғни, ЭКСПО көрмесіне келушілерді «Қазақ әлімсақтан ұлттық жазуы бар халық» деген ұранмен қарсы алсақ деген ұсыныс бар. Қазақ үлкен жаңа істі бастар кезде, өткенге салауат айтып, ырым жасайды. Бүкіл халықтың жазуын өзгерту – жаңа ғасырға бастаған жаңа қадам. Біз үлкен істің алдында өткен тарихымызға ескерткіш қойсақ та, артық емес.

Д. Мыңжасарқызы: Ал өзбек, түркімен, әзірбайжандар латын әліпбиіне неге асығыс өтті? Білуімізше, олар әлі күнге кемшіліктерін түзеумен келе жатқан көрінеді...

Ә. Жүнісбек: Біз өзбектің, түркіменнің, әзірбайжанның тәжірибесінен де хабардармыз. Олар бірден саяси шешіммен өтіп кетті. Қазір қайта-қайта түзеп, әлекке түсіп жатыр. Тіпті, олар «латын әліпбиі құрысын» дейтін жағдайға келді қазір. Ал біз саяси емес, ғылыми шешіммен өтуіміз керек. Ғылым не дейді, соны басшылыққа аламыз.

Ә. Бәкірұлы: Ташкентке барғанымда мына жағдайға куә болдым. Студент өзбек тілінде реферат жазуға отырса, компьютерінде бағдарлама да, әріптері де жоқ екен. Бұл үнемі қайталанатын көрініс қой...

Ә. Жүнісбек: Латын әліпбиіне көшсек, арнайы бағдарлама жасалады. Майкрософт бәрін өзі жасауға дайын тұрған көрінеді.

Ә. Бәкірұлы: Онсыз да қазақ әрпінің бәрі бар ғой. Бір жұмысты екі жасаудың не керегі бар. Ең тиімді нұсқасы – қосарлы әріппен білдіру. Еуропа мемлекеттерінің өзі солай жасап жатыр. Латынға көшу – таза саяси мәселе. Кедендік одақ, экономикалық кеңістік мәселесі бар. Бұл одақтарға кіру деген сөз, біздің Ресейдің мемлекеттік тілінен ұзақ уақытқа ажырай алмайтынымызды көрсетті. Ендеше латын әліпбиіне көшу керек деген ұсыныс дер кезінде пайда болды. Мұның саяси астары осында жатыр. Екіншіден, біз экономикалық одаққа кірдік делік. Латын әліпбиіне көшсек те, Ресей кириллицадан ажырамайтын болса, біз де екеуін қатар алып жүреміз. Өйткені Ресеймен тығыз қарым-қатынас орнатқан елміз. Біздің тарихи тамырымыз да солармен байланысты. Ал, біз дербес экономиканы қалыптастыра алсақ, онда Ресейге тәуелді болмаймыз. Қазақ тілінің латынға көшуі осы үрдіспен қатар дамып отырмаса, бәрі сөз жүзінде қала береді.

Д. Мыңжасарқызы: Елбасы: «Латын алфавиті біздің жыл санауымыздан 800 жыл бұрыннан келе жатыр, яғни үш мың жылға жуық уақыттан бері бар. Дүниежүзі елдерінің 80 пайызы латын қарпін қолданады» дегенді айтты. Бұл тұрғыда Ресей де қарап қалмайтын сияқты.

Ә. Жүнісбек: Латын мәселесін Ресей бізден бұрын көтерген. Бірақ орыс халқында империялық амбиция басым ғой. Латын мәселесін Путин уысында ұстап отыр. Санкт-Петербургте өткен жиналыста Людмила Путина «Ешқандай реформа болмайды» деп еді, бәрі аузын жапты. Десе де, олар амал жоқ көшеді. Біздің латынды кешеуілдетіп келе жатқанымыздың өзі Ресейге жалтақтауымыздан.

А. Бәкірұлы: Латын әліпбиі тек қана қазақ тіліне, қазақ жазуына қатысты айтылып отыр. Бұның орыс тіліне қатысы жоқ. Біз бәрібір орыс тілін кириллицамен жазамыз. Қазақстанда тұратын халықтың ішінде қазақша сөйлемейтін, жазбайтындар бар ғой. Аюға намаз үйреткен таяқ демей ме?

Ә. Жүнісбек: Дұрыс айтасың. Латын әліпбиі – тек қазақтар үшін. Біз латынға өтсек, орыстар да өтеді деген пікір бар. Бұл дұрыс емес.

А. Осман: Сонда бір мемлекетті бөліп тұрсыздар ма? Қазақ қазақша, орыс орыс әліпбиімен, әзірбайжан әзірбайжан әліпбиімен оқу керек пе?

Ә. Бәкірұлы: Мемлекет онсыз да тілдік, діндік тұрғыдан бөлінеді. Бұл бөліну емес. Сіз ағылшынды кириллицамен жазбайсыз ғой. Сол сияқты емес пе? Орыс тілі қазақтар үшін шет тілі болып қалады.

Ә. Жүнісбек: Қазақстандағы орыс тілінің оқулығы кириллицамен жазылады. Кириллицаны өзгертуге біздің құқымыз жоқ. Оны тек Ресей өзгертеді. Ал орыс мектептеріндегі балалар өзінің туған тілін орысша, қазақ тілін латынмен оқиды. Оған дау жоқ.

Ғ. Әнес: Кириллица азғантай уақыт жүреді. Әрқайсымыздың ішімізде бір орыс бар. Біз солардың қамын ойлаймыз. Біз неге өз мемлекеттік тілімізді дамытпаймыз? Бұл – мемлекеттің мәселесі. Мұны саясаттандырмау керек. Өйткені, латын әліпбиі – өмір талабы. Ең алдымен, арнайы комиссия құрып, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін компьютерге бейімдеу керек.

Ә. Бәкірұлы: Түркі жұрты, әсіресе қазақ мемлекетінің латын әліпбиіне неғұрлым тезірек көшкенін қалаймын. Пікірталас та, кеңес айтатындар да көп. Бірақ оның жобасын жасайтын ғалымдар. Сондықтан арнайы комиссия құрылып, оларға қаржылық қолдау көрсетіп, сенім білдіріп, жауапкершілікті толығымен ғалымдарға беру керек.

К. Адырбекұлы: Бұл аса маңызды мәселеде ғылымның сөзі жүреді. Ғалымдар бізге бәрін зерттеп, екшеп ұсынуы керек. Бұған түркі халықтарының да өзара тиімді келісімдері қажет-ақ. Өйткені олар бірін-бірі жатсынбай, оқу үшін келісілген қаріптер саны керек екені анық. Латын қарпі – өркениеттің жазу, оқу құралы. Оған көшу туралы үлкен саяси жиында үлкен әңгіме басталды. Енді ғалымдар ана тіліміздің латын әліпбиіне көшуін жеделдетудің жолын қарастырса екен. Бәлкім, 2025 жылға дейін көшіп кетуімізге мүмкіндік туар».

Түркі академиясының президенті Дарқан Қыдыралы: – Иә, жаңа қаріп жаңарған елдің нышаны ретінде көнені келмеске кетіріп, ойды отарсыздандырады, сананы сілкіндіріп, жадыны жаңғыртады, мәдени тұтастықты орнықтырады, ұлттың қуатын арттырып, оның ақпарат кеңістігін дербестікке жетелейді. Бұл ретте әліппе тек өркениет пен мәдениеттің рәмізі ғана емес, мемлекеттің тәуелсіздігін де білдіретін айрықша символ. Ол мемлекеттің өз жолы мен таңдауы жүзеге асып отырғанын көрсетеді. Сондықтан ұлт үшін әліппе таңдау ісі өз қалауымен астана ауыстыру сияқты тарихи маңызы зор мәселе деп есептеймін. Қазіргі қаріптің қоғамда екі түрлі қолданылатыны белгілі. Мәселен, қазақ тілінде «Мәскеу», «Қарағанды» деп жазсақ, орыс тілінде «Москва», «Караганда» деп жазамыз. Латын қарпі арқылы емлені қазақшаландырсақ, бұл бірізге түсер еді. Бұл ел азаматтарының қазақ тілін тезірек үйренуіне септігін тигізеді. Сондықтан, жаңа әліппе бір жағы қоғамды біріктірсе, екіншіден жаһан жұртшылығымен байланысын арттыра түседі. Оның үстіне, кезінде кириллицаның әрбір түркі халқы үшін бөлек жасалғанын ескерсек, жаңа әліппе арқылы Қазақстандағы тамырлас халықтардың қазақ тіліне жақындығы артады. Бұл қазақ тілінің халықаралық деңгейде салтанат құруына, бәлкім болашақта қыпшақ тобындағы түркі тілдерінің тірегі болуына жол ашуы мүмкін» (Д. Қыдыралы. Алтаудың ауызбірлігі алаштың айбынын асырады. «Жебе», 25.04. 2013) – деп, жаңа әліпбиге үлкен үміт артатындығын білдірді.

Жазушы Б. Қойшыбаев «Латынға көшудегі мақсаттардың бірі – түркі халықтары тілдерін жақындатуға қол жеткізу болса керек. Ендеше, ең алдымен күллі түркіге ортақ әліпбиімізді анықтап, бекітіп алуға тиіспіз» (Латынға көшудің ескерілуге тиіс сатысы жөнінде. «Жас қазақ», 11.02.2013) – деп, жаңа әліпбиге көшудің түркі халықтарын біріктірудегі аса маңызды рөліне мән берді.

Қоғам қайраткері К. Қаптағаев «Құдай қазақтың тілеуін берді!.. Саяси шешім қабылданды! Латыншаға қазақ елі

көшейін деп бел шешті. Енді қазақ үшін нағыз белдесіп, табан тірескен күрес басталды. Бұл күрес рухани таза-ру үшін, отарсыздану үшін, қазақтың «мәңгілік ел» болып қалуы үшін болатын күрес.

Ал біз латынға тез көшу арқылы көп нәрсе ұтамыз. ...кім латынға көшпесе, оның келешегі болмайды, яғни, рухани жағынан өледі.

Сөйтсек қана қазақ бізге келіп жатқан жүздеген Ресей газет-жорналдарынан, тағы да басқа Ресей мүддесін бізге тықпалаған кириллицадағы ақпараттардан құтылады. Ресей газет-жорналдарын ешкім сатып алмайды! Яғни, орыс тілі қазақ елінде керексіз болып далада қалады. Сөйтіп, мемлекеттік тілді нақты ресми тілге айналдырамыз. Әйтпесе, «мемлекеттік тіл – қазақ тілі, орыс тілі – ресми тіл» болып әлем халықтарының алдында өстіп күлкі – анекдот болып жүре береміз.

Біз жеңсек, түбі бір түрік жұрты бірігеді! Бүкіл түркілердің атажұрты – қазақ даласын қазақ рухы жайлап, қазақ елі мәңгілікке бет алады. Бізге нақ рухани отарсыздану туады, мемлекеттік тілдің бағы жанады» (Латынға көшу – мәңгілік ел болу мәселесі. «Жас қазақ», 26.02.2013) – деп жазды.

Қазақстандық әзірбайжан қызы, ғалым А. Осман еліміздің рухани өміріндегі аса маңызды проблемалардың өзектісі болып отырған осы мәселе хақындағы ойларын төмендегіше білдіріпті: «...латынға көшу мәселесі – біздің елімізде әбден пісіп, жетіліп дер кезінде көтеріліп отыр. Латын қарпіне көшу – тілдік тұтастығымызға, оны сақтауымызға, тіліміздің өзінің жаңаша бір жаңғыруына жол ашары сөзсіз...

Латын әліпбиіне көшу қазақ тілінің өрістеуіне, қолданысының кеңеюіне жол ашады. Біле білсек бұл – тарихи маңызы зор қадам. Латынға көшудің келешегіміз үшін де, тіліміздің өркендеуі үшін де, өркениетті елдердің қатарына қосылу үшін де алар орны ерекше. Ел бірлігі ең асыл қасиет болатын болса, елімізді біріктіретін оның тілі мен әліпбиі болуға тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің

тазалығын сақтауға ықпал ететін латынға көшудің қажеттілігі туындап отыр. Осыны түсіне білуіміз керек» (Асылы Осман. Латынға көшу – тарихи маңызы бар зор қадам. «Жас қазақ», 09.03.2013).

А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері Н. Әміржанова осы салада жинақталған тәжірибелерді, басшылыққа алынған негізгі өлшемдерді пайдалана отырып, әліпби ауыстыру барысында орыс тілінен қазақ тілінде жоқ дыбыстардың еніп кеткендігіне назар аударды:

«Қазақ әліпби құрамына қазақ тіліне мүлде жат ц, ё, щ, э, ь, ь тәрізді таңбалардың барлығы кирил графикасына негізделген қазақ жазуына көшкеннен кейін енгізілгені белгілі. Болашақ латын графикасын стандарттау барысында бұл әріптерге қазақ әліпбиінен орын берілмеуі тиіс. Себебі, кирилл әліпбиінің түркі тілдеріне көп жағдайда сәйкес келмейтін тұстары көп... Әрине, бұлар қазақ тілінің тек фонемалық құрамына ғана емес, сол сияқты грамматикалық құрылымына да тіптен сәйкес келмейді. Жазуды күрделендіруімен қатар, көптеген шатасушылық туындатып, тілдің өзіндік табиғатына елеулі нұқсан келтіреді. Осыған байланысты түркітанушы-ғалымдар түркі тілдерінде кирилл әліпбиі қолданыла бастағаннан бергі уақыттарда бұл әліпбидің түркі тілдері үшін тиімсіз екендігін, оны ең болмағанда өзгерту, жетілдіру қажеттігі жөнінде айтумен келеді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатыссыз әріптер болашақ латын әліпбиіне енгізілмеуі керек» (Н.Әміржанова. Әліпби – ұлттың рухани байлығы. «Қазақ үні», 29.03.2013).

Белгілі ғалым, профессор Т. Жұртбай өз пікірін былайша білдіріпті: «Бұл қазақ ұлтының алдында тұрған тандаудың ең жауаптысы, әрі әр адамға тікелей қатысы бар шешім. Мен қазіргі жағдайда латын қарпіне көшуді толығымен қостаймын. Ресей тарапынан жүргізіліп жатқан ақпараттық-саясаттық әкімшілік ұйымдардың ықпалы болмай тұрғанда тез шешілуін қалай едім. Түркия, Қытай, Моңғолия, Ресейде қазақ халқының үштен бір бөлігі қоныстанған. Бұл

үлкен ұлттық ұйытқы. Дегенмен, осы мемлекеттердегі қандастарымыздың ана тіліне қысым жасалуы ойлантарлық жағдай. Ал оларды ортақтастырудың бірден-бір жолы латын қарпіне көшу. Латын әрпін білмейтін адам қазір дүниежүзінде кемде-кем. Тағы бір мәселе бар. Елімізде бір мекеме мен екінші мекеменің, тіпті баспасөз орындарының өзі жазған хаттарын жіберу үшін қаншама қиындыққа түседі. Ортақ әріп жоқ. Ал банк, экономика, тағы да басқа жүйелер кирилл қарпінде тұрғанымызда қазақ тіліне көше алмайды. Өйткені оның ең бастапқы негізінде қазақ қарпі тұрған жоқ. Тек сауда тұрғысынан ойластырылған мәселелер. Ал ол біздің халықаралық қарым-қатынасымызды толық өтей алмайды. Осы күнге дейін шетелге хат жіберіп, хат алу өте қиын» («Оңтүстік рабат» порталы, 26.03.2013).

Түрік ғалымы профессор Зейнеп Бағлан Озер әліпби ауыстырудың барлық жағынан да аса маңызды мәселе екендігіне назар аудара отырып, кейбір өзекті тұстары хақында ойларын ортаға салыпты. Мысалы, ол жаңа әліпбиді жасағанда, қазір қолданылып жүрген «Қ» әрпін сол күйінде қалдыруды ұсынады. Көптеген ғалымдардың әліпби жобаларында кездесетін «Q» қарпі қазақтың «Қ» дыбысын дәл бере алмайтындығын алға тартады (Зейнеп Бағлан Озер. Смена алфавита (К проблеме латинской графики). «У1 Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет, аударма және журналистика» атты халықаралық конференция материалдары. С. Демирел университеті. 24-26.2014, Алматы, 127-бет).

Академик Т. Кәкішев «Латын әліпбесіне көшуді біз сәл кешірек қолға алып отырмыз. Әліппе ауыстырудың пайдазиянын білмейтіндердің үрейшілдігі жаман болды. Атағы барларда үрей болған соң, іс басындағылар да үрпиісіп қарайды. Латынға көшу керек. Біз қатарымыздан кешігудеміз. Әзірбайжандар бірден көшіп, техника тіліне үйреніп қалды. Ал қасымыздағы Өзбекстан осыдан он жыл бұрын мектептерін латыншаға көшірген. Балалардың оқуын латыншаға көшіру арқылы олардың ата-аналары да сауатын ашып алды. Бүкіл адамзаттың 60-70 пайыздайы латын әліппесін

қолданады. Дүниежүзіндегі техникалық құрал-аспаптар латын әрпіне негізделген. Өркендеу заңы жасалғанды сақтап, бауырыңа басып жата бер демейді. Енді тартыншақтай берсек, көш соңында қалып қою – оңайдың оңайы. Елу елдің қатарына кіреміз десек, латын әрпінің пайдасы тимесе, зияны тимейді» (БАҚ.КЗ) – деген пікір білдірді.

Түркі академиясының экс-президенті, академик Ш. Ыбыраев «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Латынға көшу арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтай аламыз... қазаққа ұлт ретінде жойылып кетудің қаупін латынға көшуден емес, басқадан іздегеніміз орынды деп санаймын» («Қазақ үні», 01.02.2013) – деді.

Филолог ғалым Б. Елікбаев «Латын таңбалары қазақтың табиғатына жақын. Латын графикасына көшу бізге ең алдымен, орыс тілінің ықпалынан құтылу үшін қажет... Біріншіден, болашақта түркі халықтары латын таңбаларына көшеді... Екіншіден, латын әрпіне көшу арқылы біз әлемдік кеңістікке жақындаймыз» (БАҚ. КЗ) – деген ой айтқан.

Ғылым кандидаты Г. Қортабаева «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілін халықаралық дәрежеге шығарады» (Г. Қортабаева. Латын әліпбиіне көшсек... «Таң-Шолпан», 2014, №3) – дейді.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы жарияланғаннан кейін көп ұзамай-ақ бір топ қазақ зиялыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевқа, ҚР премьер-министрі С. Ахметовке, ҚР Парламент депутаттарына және қазақ халқына «Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз» тақырыпты ашық хаты жарияланды. М. Әлімбаев, А. Айталы, Ш. Елеукенов, М. Мырзахметов, М. Шаханов, Қ. Жұмәділов, С. Сматаев бастаған, барлығы 66 адам қол қойған ашық хатта латын әліпбиіне көшу барысында кездесуі ықтимал келеңсіз жақтары санамаланып, оған қарсылық білдірген. Авторлар «Латын қарпіне «Мемлекеттік тіл» деген аты бар да заты жоқ жалғыз қазақ тілі ғана көшпек. Бұл еліміздің бірлігіне, тұтастығына нұқсан келтірмей ме?»- деген сауал

тастай келіп, латынға көшу қазақ халқын екіге бөледі, осы уақытқа дейін жазылған әдебиеттерді оқи алмай қаламыз, кириллицадан айрылғысы келмейтін орыстармен арада түсініспеушілік күшейеді деген мазмұндағы қауіптерін де жасырмаған.

Латын әліпбиіне қарсы шыққан 66-ның ашық хатынан соң, пікіралысу өткірлене түсті. Латынға қарсылар

«Әліпби ауыстыру арқылы мүшкіл халде тұрған тіліміздің жағдайын онан сайын әлсірететінімізді көп адамның түсінбейтініне қайран қалудамыз. Бұл – енді айдай ақиқат шындық»;

«Кириллица – орыс тілінің негізінде емес, грек пен болгар тілдерінің негізінде құрастырылған әліпби. Кейбір шалағай қазақтар кириллицаны орыс мәдениетінің меншігі деп таниды. Сайып келгенде, кириллица – Шығыс Рим империясының қалдығы. Қазақ бұрынғыдан бетер білгенінен айрылып, топастанып кетеді. 80 жылдық тарихымыз жоғалады»;

«Латынға көшсек, жаппай сауатсыз елге айналатынымыз анық. Латынға көшу орыстың отарлау пиғылды саясатынан құтқара алмайды. Битке өкпелеп тонын отқа лақтырыпты дегендей, бар сауатымыздан бір күнде айрылып қалмайық. Орыстан құтылу үшін ТІЛІМІЗДІ, ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІ қорғай білейік. Құлдық психологиядан арылайық. СДКБ, Таможенный союз, Единое экономическое пространство, Единый союз деген қызылкөз отарлаушы әрекеттердің сатыларынан шығып құтылайық. Солардың барлығынан бас тартып, орыспен қандай болмасын, интеграциядан аулақ болғанымыз жөн»;

«Латынға көшіп, құлдық психологиядан арыла алмаймыз. Латынға көшетін тек қазақ мектептері болмақ. Сонда орыс тілінде оқитындар мүлдем қазақша оқып сөйлеуден қалады емес пе?» – деген мазмұндағы алаңдаушылықтарын білдірді.

Осы жерде «Кер жазуының ұлтымызға пайдасы мен латын харпіне ауысудан келетін зияндар және рухани кеселдер» деген тақырыппен интернет тораптарының бірінде

жарияланған, мәселені діни тұрғыдан түсіндіруді мақсат тұтқан мына бір материалға назар салайық. «Латын харпіне ауысудан болшақ ұрпақтарды не күтіп тұр?» – деген сауалға мақала авторы нақтылы түрде тоғыз пунктпен жанжақты толық жауап беруге ұмтылған. Солардың мәселеге тікелей қатысты кейбіреулері төмендегідей:

«Біріншіден, бұл әрекетке барған ғалымдарымыздың үш ұйықтап түс көре алмайтын ділі азып, тек өз атын қалайда тарихта қалдырмақ болған, қазақтың да ұлтық шовинизмдік мінезі бар екенінің көрінісі.

Үшіншіден, қазақ сөз ғылымында философиялық даналық түгіл, логикалық жан тану білімнің де жоғалып, ұлттың ұйытқсы ұрпақтардың саулығы, санның жетістігін ашықтайтын діл білімнің мүлде жоқтығын, ел билеушілерінің де сауатсыздығын ашық білдіріп тұр.

Төртіншіден, қазақ ғалымдарының сантау, сұрыптау, саралау арқылы әрбір рухани өзгерістерді жүйелеп тексеретін білім арқылы ортақ пәтуға шақыратын зерттеу институтының және тіл білімі ғылымның да мешеулігін білдіреді...

Жетіншіден, латын харпін пайдаланушы елдердің үндік қуаты жетіспей, замандық тербелістерді қамти алмағандықтан, көк жолдарына жалпы халық болып жалғана алмай, ілімдік 70 – тіл білімінің, имандық қуатының мүлде тоқтауы мен халқы жапай семіздікке және жүрек аурулары мен қаны азып, түрлі ми құрты сияқты жаман аурулардың да сол елдерден бастау алатынына да харпінің, тілінің де әсері болып жатқанын қаперге алмай, қазақтың да; «Алтауы араздастырып, аудағы дәм несібесін кетіріп» әсіресе нәзік жандылардың жапай семіздік дерті мен жүрек, өңеш ауруларына ұшырап, өмірге кеміс ұрпақтар әкеліп, немесе мүлде бала туу қабілетінің жоғалуына арналған ұлтық болмысымызға әдейі қастандық жасап, ел басшымыздың да тарихта мүлде масқара болуына ұйымдастырылап жатқан тікелей ібілістің қақпаны десек те қате емес!

Сегізіншіден, дін мен тіл біртұтас болып, дамуы да үндік жетілу мен таңбаға тәуелді. Аталарымыз; ««Тілеуің бірі от,

бірі су, Сөйледің екі түрлі тілінде адам. «Тілі екеудің діні екеу» деген сөз бар. Аңдамай бұзып алма ділінді адам» деген нақыл қалдырып, адамзатқа екі түрлі тілдің беріліп, ана тілі су тілі, рухтың тілі, от тілі болып ескептелетінін ескертіпті. Сондықтан біздердің 70-жыл ішінде кер жазуы үндік, таңбалық сипатымен ділімізді жетілдіріп, енді мейлі қандай жағдайда да су тілі, яғни ана тілі болып, ал латын тілі біздер үшін қашанан от тілі болып, латын харпін пайдаланған 20-40-шы жылдары, қазақтың ділі де діні де рухани жетімсіздікке, жұтауға, өлімге де ұшыраған, отқа оранған жылдары болып та саналады. Латын харпінен қуатылығы әлде қайда жоғары парсылар харпінен, үнінен де сақтануды аталарымыз; «Қызылбастан қыз алсаң, үн жоғалар, үн жоғалса көкіректен сөз жоғалар» деген нақылмен, қысқа үнді харіптен де көпірген қазақтың ұзын сөзі жоғалып, орнын түріктер сияқты, бұрау, қатайту, салу, қысу деген ұғымдарды «қыс», ал ажырату, босату деген ұғымдарды «сөк» деген қысқа сөздермен жастардың алмастырып алуы да хақ».

Құдайды қайта-қайта ауызға ала отырып жазылған материалдың соңында негізгі ой «Әрине, бұл шараны ұйымдастырушыларға ескерту сынақтар мен, оған да мойындағысы келмесе, онда ажал құшып, тағы да көптеген енді ғылым жолындағы, ел билігіндегі ағайындарымызға да қауіп төніп, жуық арда кейбіреулерінің жаназасына барып қалуымыз да ғажап емес» (жазылу стилін сақтауға мәжбір болдық) түріндегі қатал ескертумен аяқталған.

Баку-славян университетінің доценті Эльмира Ахундова «Латын қарпіне көшкеніміз... біздің қасіретіміз болды. Әзірбайжан және ағылшын тілін оқып жатқан балалар кириллицаны мүлдем білмейді. Олар осыған дейін басылып шыққан кітаптарды оқи алмайды» деген пікірін жолдапты.

Өзбекстанның еңбек сіңірген қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Гога Хидояттов «Меніңше, қазақ тілінің ресми іс жүргізу тәжірибесінде оның толыққанды қолданылуын қамтамасыз ете алмай, латыншаға ауыса

қою орны толмас өкінішке әкеліп соқтырады. Онсыз да орыс тілділер мен қазақ тілділер екіұдайылыққа ұшырап жүргенде, қазақ одан әрмен рухани алшақтыққа ұрынады. Қазір олар бір-бірін түсіне алмай, шекісіп қалып жүрсе, латыншаға көшкен қазақтілділер мен кириллицадан айрылғысы келмейтін орыстілділер (орыстармен қосылып алып), нағыз жаға жыртысуға көшеді. Ұлттың рухани екі жікке бөлінуі одан әрі тереңдейді. Онсыз да кириллица негізіндегі қазақшаға ене алмай жүрген орыстілділер латынша негізіндегі қазақ тілінің манайына да бара алмайтын болады» («Шын» порталы) – деген алаңдаушылығын аңғартыпты.

ҚР Парламенті Сенаты аппараты басшысының орынбасары Жандос Әнуарұлы Асанов «Қазіргі кезде латыншаның еш керегі жоқ: еш пайдасы жоқ. Өзбек пен түрікмен көшті, не тапты? Өзбектің латынға негізделген әліпбиін қараңыз: ағылшынның негізінде істей салған, қалай болса, солай, диаграфтар. Қорыта айтқанда, латын әліпбиінде дертті әп сәтте жазатын, ғылым мен технологияның жетістітерімен қас қағым сәтте қауыштыра салатын сиқырлы күш жоқ әрі латынға көшу бізді сүйкімді ете түседі дегенге мен сеніңкіремеймін» (Кітапта; «Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы» (А. Байтұрсынұлы әліпбиінің 100 жылдығына орай) ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. 2012 жылғы 28 қараша. Астана, 21-22-беттер) – деді.

«Жас алаш» газеті «Басқаның қателігі басыңа келмесін» айдарымен Жанна Иманқұлованың көлемді мақаласын басты. Мұнда автор латын әліпбиіне көшкен Өзбекбайжан мен Өзбекстанның тәжірибелеріне, Қазақстандағы қазіргі таңдағы тілдік ахуалға көз жібере отырып, жаңа жазу үлгісіне көшудің пайдалы жағынан гөрі келеңсіз тұстары басым деген қорытындыға келген: «Әліпби – халықаралық жағдайда түрлі мемлекеттердің, ұлттардың мәдени қарым-қатынасын жүзеге асыратын құрал ғана. Одан басқа жазудың ешқандай ұлттық сипаты да, мәні де жоқ. ...бар жазу-

дың негізі бір жазуға барып тірелгендіктен одан далбасалап, патриоттық, болмаса, бодандықта қалуды іздеудің тіпті қажеті шамалы...

Мұндай жағдайлар орын алған кезде орыстану процесі бұрынғыдан да тез, шапшаң әрі орыс тілін насихаттаушылар тарапынан еш шығынсыз жүзеге асады. Қазақ тілін өз қолымызбен саналы түрде құрдымға жібереміз...

Жазу өзгертудің орнына қазақ тілінің дамуы үшін жағдай жасауымыз қажет. Қазақ тілінің толыққанды мемлекеттік тіл қызметін атқара алмауы әліпбидің өзгеруіне қарап тұрмағаны ақиқат нәрсе» (Ж. Иманқұлова. Былай тартса, өгіз өледі, алай тартса, арба сынады. «Жас алаш», 30.05.2013).

Әліпби ауыстырудың проблемаларын, плюс-минустарын саралаған Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті Г. Қортабаева осы мәселенің ұңғыл-шұңғылына біршама тереңдеп барыпты. Ол пікір алысу барысында бой көрсеткен төрт түрлі пікірдің – 1) «егер басқа жазуға көшетін болсақ, соның (кирилл жазуындағының, Д. Ы.) барлығынан айрылып қаламыз»; 2) «араб әліпбиін қолдаушылар оны діні бір шығыс жұртымен қайта табысудың амалы...А. Байтұрсыновтың төте жазуын аңсаушылық тағы бар»; 3) «латын әліпбиін жақтап отырған ғылым мен қоғам өкілдері оны өркениет жетістіктеріне алып баратын бірден-бір төте жол деп, дәлелдейді. Оның үстіне түркітөкес елдердің бәрі латын әліпбиіне өтіп болды немесе өтіп жатыр»; 4) «көне түркілік жазуды аңсап отырған шағын топ. «Көк түрік» жазуын жаңғырту – есі есі кеткеннің ісі емес, түрік жұртының әлеми қоғам алдындағы елдік намыс-абыройын көтеретін іс» – (Г. Қортабаева. Латын әліпбиіне көшсек... «Таң-Шолпан», 2014, №3) бой көрсеткеніне назар аударады.

Әліпби мәселесін талқылауға шетелдік бауырларымыз да үн қосуда. Өзбекстандық қазақ ғалымы Маханбет Джусупов осы мәселенің ақ-қарасын, ұңғыл-шұңғылын тереңірек барлаған «Қазақ графикасы» (Казахская графика: вче-

ра, сегодня, завтра (кирилмца или латыница...). Москва. Российский университет дружбы народов. 2013) тақырыбында монография жазып шықты. Профессор қазақ тілінің тарихына, тілдік ерекшеліктеріне ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдаулар жасай келе соңғы бір ғасырға жетпейтін уақыттың ішінде жазу үлгісінің төрт рет өзгергенін, жазу үлгісінің қалыптасуы үшін 25 жылдай уақыт қажет екендігін, сондықтан әліпби ауысқан сайын қазақ халқының рухани, тілдік жағынан сауатсыздыққа ұшырап отырғанын, осы уақытқа дейін баспа жүзін көрген өнімдердің 90 пайыздан астамының кирилицамен жазылғанын, тек 10 пайыздайының ғана араб әліпбиімен жарық көргенін, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін танбалауға кирилицаның неғұрлым қолайлылығын айта келіп, қазіргі қолданылып жүрген кирилицалық жазу үлгісін өзгертпегуге шақырады.

Атақты түркітанушы академик Кеңесбай Мұсаев та жазу үлгісін ауыстыруға қарсылығын білдіріпті. Әліпбидің ұлт өмірінде атқаратын ұйыстырушылық, тарихи жадтық, мәдениеттің қоймасы ретіндегі аса маңызды қызметтеріне тоқтала келіп, «егер біз қазір жазуымызды ауыстыратын болсақ, болашақ ұрпақты өткен тарихынан айырамыз» («Эту историю уже у народа никому не отнять. Если сейчас поменять графику, мы у будущего поколения отнимем и эту историю. А надо ли?! Ведь мы сегодня стоим на том жизненном перекрестке, когда отчетливо видим, что без прошлого и без правды прошлого у народа нет грядущего будущего»). Мусаев Кеңесбай Мусаевич, Мухтасырова Толганай Пионеровна. Нужна ли латинская графика казахскому письменному языку? «Түркістан» порталы).

Біраз уақыттан бері қолданып келе жатқан кирилицаның арқасында баланың жастайынан орыс тілін білуге ұмтылушылық қасиетінің қалыптасатындығы, қазақтардың әлемдік өркениетке тек орыс мәдениеті арқылы ғана қол жеткізе алатындығы, қазақ халқының көзін ашқан орыс халқы мен орыс тілі, орыс тіліндегі ақпараттардың ғана шындыққа жақын келетіндігі жайлы пікірлерін білдіріпті:

(«- ребенок с малых лет должен был четко понимать, что без русского языка у него нет будущего, он окажется не способным добыть для себя кусок хлеба, не говоря уже о будущей профессиональной карьере;

- только русская культура и литература являются частью мировой культуры, которому нет равных или аналогов; а о казахской культуре умалчивалось и не сравнивали ее ни с чем, как бы ее нет;

- казахскому народу глаза открыл русский народ и русский язык;

- только информация на русском языке достоверна и объективна». сонда).

Ғалымдар әліпби ауыстырудың тілге тигізетін кері әсерлері мен экономикалық ауыртпалықтарына назар аударды. Жалпы алғанда, ұтыстан гөрі ұтылыстың ауырлау болатынын ескерткен. Одан да осыған кететін мол қаржыны қазақ тілін дамытуға, алда күтіп тұрған мәселелерді шешуге жұмсайық деген ұсыныс айтқан («Если сегодня присутствует русский акцент в нашей казахской речи, то теперь мы хотим перенять английский акцент?! Или уже англазированной турецкий акцент?! История перемен основ графики письма нам показывает, что всякая смена влияет на общий менталитет и характер народа. Какое мировоззрение должна формироваться у наших потомков через латинскую графику?! Сонда)

Әліпби туралы пікіралысу кей кездерде саяси сыпат алып, қыза-қыза «Латын әліпбиіне көшуге қарсылық – орыс кириллицасын қолдау, яғни ұлттық мүддемізге қарсылық. Орыстың кириллица отарынан шыққысы келмейтіндер қазақ тілінің жайын ойлағансып, елді адастыруға кірісіпті ғой»; «Бұл – қазақ ұлтына қас адамдардың ойлап шығарған зымиян саясаты. Жұрттың назарын әліпбиді өзгертуге аудару арқылы ҚАЗАҚ тілінің жалғыз ғана ресми тіл болып қалыптасуына кедергі келтіру»; «Бір әліппеден екінші әліппеге секіре берген елде қор жиналмайды. Бұл біздің төл әліппе емес, бұл орыс қазақ әліппесі деп жамандаса да

осы әліппеге біздің төл тоғыз дыбысымыз сиып тұр. Латын әліппесіне сиып тұр»; «Латынға көшіп керегі жоқ. Латиница мен кириллица егіз алфавит – екеуі де грек алфавитінен тараған» деген сияқты эмоциямен кетіп жатқан жерлері де бар.

Сонымен, әліпби ауыстыруға қарсылар негізінен, мынадай жағдайларға алаңдаушылық білдіреді: қазақ тілі мемлекеттік тіл болғанына қарамастан әлі күнге дейін халқының едәуір бөлігі болып келетін орыс тілді оқу орындары, мекемелер қай тілді, қай әліпбиді қолданатын болады; онсыз да ана тілін білуі жағынан «таза қазақ», «шала қазақ» болып бөлініп отырған халықтың ара-жігі ашыла түсетін болады; Ресей қоластында болған кездерде кириллмен шыққан фольклорлық, әдеби мұра, ғылыми еңбектер жаңа әліпбиге көшкен оқырманның назарынан тыс қалып, халықтың ғасырлар бойы жасаған рухани құндылықтарынан, мәдени дәстүрінен қол үзіп қалуы мүмкін; экономикалық дағдарыс өріс алған заманда әліпби ауыстыруға кететін шығын онсыз да қалт-құлт етіп отырған халықтың материалдық жағын ауырлата түседі; т.б.

Осы сияқты айтылып жатқан пікірлердің ішінде тағы бір мәселеге назар аударғымыз келеді. Ол – әліпби ауыстыруға саяси мән берушілік. Әдетте, негізінен адамдардың арасындағы қарым-қатынас құралы тілдің, сол тілдегі дыбыстарды бейнелейтін таңбалар жүйесі болып табылатын әліпбидің саяси сыпаты бар деп ешкім ойламайды. Мәселеге мән бере қарағанда, ойланарлық жәйттер бар екен.

Кез келген таңба сияқты кез келген әліпбидің де көзге көрінбейтін қасиеттері, жасырылған ақпараттық жүйесі болады. Әліпбидің «ішінде жасырылған» осындай сыпаттары оны қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланғандардың ойлау механизміне, жүйесіне, ақпараттарды қабылдау стереотипіне тікелей әсер етеді. Жазу таңбасы мен белгілі бір идеологияның, мәдениеттің арасында ажырамас бірлік барлық уақытта сақталады. Мысалы, кирилл жазуының артында славян әлемі, тарихы, мәдениеті, осыларды қорғайтын, на-

сихаттайтын идеология тұр. Орысша сөйлеген адам орысша ойлап, өмірге орыстың көзімен, славяндық дүниетаныммен қарайды. Араб әліпбиінің артында араб халқы, ислам діні, ислам әлемі, ислам мәдениеті, өмірді танып білудің исламдық философиясы тұр. Қытайдың иероглифінде қытай тайпаларының ерте кездерден бастап, бүгінгі күнге дейінгі дүниетанымы, яғни діни-философиялық көзқарастары сақталып қалған; оларды оқыған кезде қытай болып, қытайдың «ішіне» кіріп кетесің.

Ал Орхон-Енисей сына жазуларын оқығанда, бірден көз алдыңызға ерте кездердегі түркі тайпаларының тұрмыс-тіршілігі, олардың болашақ үшін күресуі, ұрпақтарына аманат етіп қалдырған өміршең өсиеттері ойға оралып, өмірге түркілік көзбен қарап, бойыңызды ерекше бір «мен де солардың бір ұрпағымын» деген сияқты мақтаныш сезімі билей бастайды.

Бұл турасында белгілі қоғам қайраткері, профессор Амангелді Айталы Англия, Испания сияқты мемлекеттер латын әліпбиін өздерінің отарлау саясатының құралына айналдырғанын айта келіп: «Кирилл» әліпбиімен де отаршылдық саясатты байланыстырудың қисыны бар. 1910 жылы 13-26 маусымда Қазан қаласында өткен миссионерлердің съезінде орыстар: «Алфавит» служит целям государственного объединения» – деп, ашық айтқан. Барлық бодан халықтарды бір тілде, орыс тіліне, бір дінге, бір әліпбиге ауыстыру – ХХ ғасырдың басында ойластырылған саясат. Енді бүгін сол саясаттың қасіретін шегіп отырған ұлттың бірі – біз, қазақтар» (А. Айталы. Бодан халықтарды бір тілде, бір дінге ауыстыру саясаты болды. «Қазақстан-заман», 30.01.2014) – деген пікірін білдірді.

Қазыбек Иса «Латын әліпбиіне қарсылық – ұлт мүддесіне қарсылық» («Қазақ үні», 19.02.2013) атты көлемді мақаласында осы мәселеге орай бірсыпыра тыңғылықты ойлар білдіріп, қызғылықты деректер келтіреді. Әліпби ауыстыру мәселесі өткен ғасырдың басында (1919) Ресейде де көтеріліпті. Латын әліпбиіне өтуді Ресей оқу-ағарту халық

комиссары А. Луначарскийдің айтуынша, Кеңес Одағының және дүниежүзілік пролетариат көсемі В. И. Лениннің өзі күн тәртібіне қойған.

«Мен орыс жазуын латындандырудың уақыты келетіндігіне күмәнданбаймын, бірақ қазір асығыс қимылдау шалалыққа соқтырады. Жаңа күнтізбеге ешкімнің қарсылық білдіре алмайтыны сияқты беделді ғалымдардан тұратын комиссия ұсынған академиялық орфографияға да қарсы ешкім сөз айта алмайды. Сондықтан да оны (орфографияны) тезірек енгізіңдер. Алдағы уақыттарда беделді мамандарды жинап, латындандыру мәселелерімен айналысуымызға болады. Біз өзімізге өзіміз келіп, буынымыз бекіп, тыныштық орнаған соң, бәрі орын-орнына келеді. («Я не сомневаюсь, что придет время для латинизации русского шрифта, но сейчас наспех действовать будет неосмотрительно. Против академической орфографии, предлагаемой комиссией авторитетных ученых, никто не посмеет сказать ни слова, как никто не посмеет возражать против введения календаря. Поэтому вводите ее (новую орфографию) поскорее. А в будущем можно заняться, собрав для этого авторитетные силы, и разработкой вопросов латинизации. В более спокойное время, когда мы окрепнем, все это представит собой») – деген В. И. Ленин Ресейдің болашақта латын әліпбиіне өтуге тиіс екендігін айтады.

Осы мақаласында Қазыбек Иса кириллицаның табиғатындағы империялық-ұлтшылдық сыпаты жайлы баяндаған мынадай бір құжатты келтіріпті. 1935 жылы Ресейдің латын әліпбиіне өту туралы шешім шығарып, латынның орыс нұсқасын жасаған мемлекеттік комиссия төрағасы, профессор Н.Ф. Яковлев былай деп жазады:

«Кез келген жазу үлгісі жазу техникасы ғана емес, сонымен бірге оның идеологиясы да – әліпби оны жасаған қоғам мен таптың идеологиясын бейнелейді (грек және латын әліпбиі шығыс және батыс империяларының әліпбиі, кирилица Петрдің азаматтық шрифті). (Всякая графика не только техника письма, но и его идеология – алфавит отражает

в себе идеологию создавшего его общества и класса (греческий и латинский алфавит эпохи восточной и западной империи, кириллица, петровский гражданский шрифт).

Орыстың азаматтық әліпбиі жүріп өткен тарихында самодержавиялық езгінің, миссионерлік насихаттың, әсіре ұлтшылдықтың, бұрынғы Ресей империясындағы аз ұлттардың әліпбиін орыстандыру құралы ретінде көрінді (генерал Кауфманның жазбалары, т.б.). Сонымен бірге бұл әліпби орыс империализмін шетелдерде насихаттау құралына айналды (славянофильство, т.б.). Латын әліпбиі қазіргі таңда халықаралық жазу деңгейіне дейін өсті, әсіресе, ол советтік және шетелдік Шығыста мәдени революция құралдарының бірі болып саналады. Советтік Шығыста (НТА, НДА, НГА) ұлттық латын әліпбилерін біріздендіру кейбір кемшіліктеріне қарамастан, халықаралық бірыңғай әліпби жасау жолындағы елеулі алға қадам басушылық болып табылады. (Русский гражданский алфавит в его истории является алфавитом самодержавного гнета, миссионерской пропаганды, великорусского национал-шовинизма, что в особенности проявляется в руссификаторской роли этого алфавита по отношению к нац. меньшинствам бывшей Российской Империи (записка генерала Кауфмана и др. документы). В то же время этот алфавит является орудием пропаганды русского империализма за рубежом (славянофильство, борьба за проливы). . Латинский алфавит в настоящее время фактически уже перерос в международную графическую основу, в особенности после того, как на советском и отчасти на зарубежном Востоке он делается одним из лозунгов культурной революции. Унификация национальных латинских алфавитов на советском Востоке (НТА, НДА, НГА), несмотря на некоторые ее недостатки, является реальным шагом вперед на пути к созданию единого международного алфавита).

Қазіргі орыс әліпбиі басқа да ұлттық жазулар (еврей, грузин, армян, т.б.) секілді Одақ ішіндегі ұлттардың бір-бірімен тілдік және мәдени араласуына, атап айтқанда,

күн санап өсіп жатқан халықаралық терминологияны пайдалануға кедергі келтіруде. Керісінше, Одақтағы барлық ұлттарға бірдей қылып, және де әлемдегі латын әліпбиінің ұлттық әртүрлілігін жоюға бағытталған латын негізіндегі әліпбиді енгізу ұлттардың арасындағы тілдік және мәдени өзара қарым-қатынастарды осы уақытқа дейін болып көрмеген деңгейде жеңілдете түсетін шешуші алғы шарттардың бірінен саналады (ұлттық облыстардағы және екінші сатыдағы екі тілді оқу жүйесі және тілдерді оқыту). Осы мағынасында латынға негізделген халықаралық әліпби халықаралық тілге бір адым алға басушылық болып табылады. Қазіргі уақытта орыс әліпбиі керісінше, басқа да әліпбилер сияқты дамудың қарқынына, халықаралық сөз қорын пайдалануға қайшы келіп келіп отыр. (Современный русский алфавит, как и другие национальные графики (еврейская, грузинская, армянская и пр.), затрудняют языковое и культурное общение национальностей внутри Союза, в частности, мешают пользоваться нарастающей во всех языках международной терминологией. Наоборот, введение международного алфавита на латинской основе, единого для всех национальностей Союза и предназначенного сменить национальные разновидности латинского алфавита во всем мире, явится одной из решающих предпосылок, которая в невиданной до сих пор степени облегчит языковое и культурное взаимодействие национальностей (система двуязычного обучения в нацобластях и во второй ступени, изучение языков). В этом смысле международный алфавит на латинской основе есть шаг на пути к международному языку. Наоборот, русский алфавит, как и другие национальные алфавиты, в настоящее время уже противоречит темпу развития и использования международного запаса слов).

Латын графикасы орыстың азаматтық жазуына қарағанда, қазіргі полиграфиялық техниканың, оқу мен жазудың физиологиясына неғұрлым сәйкес келеді. Бұл қазіргі латын графикасының бүгінгі адамның көзі мен қолы сияқты техника дамуының заманалық деңгейіне сай келуіне байланыс-

ты, ал қазіргі орыс әліпбиінің жазу түрлері (Шығыстың басқа да ұлттық әліпбилері сияқты) өндіргіш күштері, яғни жазу мен оқу техникасы дамуының неғұрлым төменгі сатысына жауап бере алады. Сол себепті де латын әріптерінің формалары орыстікімен кеңістік жағынан салыстырғанда, үнемдірек, неғұрлым дәлірек және де оқу мен жазуға ыңғайлылық, көркемдеуге әдемі де қолайлылық. Орыс әліпбиінің техникалық және графикалық жетістіктерін сақтай отырып, латын әліпбиіне көшу қағазды, металды және жұмысшы күшін (10-15%), жылға шаққанда, миллиондарды үнемдейді, оқу мен жазу үдерісін жеңілдетеді. Оның үстіне баспа индустриясы халықаралық әліпбидің бірыңғай стандартын енгізу арқылы қыруар үнем жасап, өндірісті ыңғайландыра түседі (күрал-жабдықтар шығыны, өндірісті стандарттау және ыңғайластыру). (Латинская графика в большей степени, чем русский гражданский шрифт, отвечает уровню современной полиграфической техники и физиологии чтения и письма. Это объясняется тем, что современная латинская графика, как и физиология глаза и руки современного человека, соответствуют современному уровню развития техники, тогда как графические формы современного русского алфавита (как и других национальных алфавитов Востока) отвечают более низкому уровню развития производительных сил, а следовательно и техники письма и чтения. Поэтому формы латинских букв по сравнению с русскими экономнее в смысле пространства, более четки и удобны для чтения и письма и более красивы и удобны для художественной стилизации. Переход на латинский алфавит с сохранением технических и графических достоинств последнего даст значительную экономию бумаги, металла и рабочей энергии (10-15%), что выразится в десятках миллионов ежегодно и облегчит процессы чтения и письма. Кроме того полиграфическая индустрия получит огромную экономию и рационализацию производства от введения единого стандартного международного алфавита (затраты на оборудование, стандартизация и рационализация производства).

Латын әліпбиін ендірудің техникалық және экономикалық, әсіресе баспаға байланысты қиындықтарынан қорқудың қажеті жоқ. Ұсынылып отырған тезистерден байқалатындай, латын әліпбиін енгізу бірнеше жылдарға жоспарланса, онда құрал-жабдықтарды түпкілікті жаңғырту қажет етілмейді. Екінші жағынан, латын әліпбиін енгізу арқылы баспа техникалық және экономикалық жағынан ұтып, латындандыруға жұмсалған шығынның орны дамыған экономиканың арқасында тез арада жабылатындығы сөзсіз.

Ал осында жұмыс істейтіндерді қайта даярлауға келсек, онда орыс жұртында сауаттылар мен хат танымайтындардың сан жағынан тең екендігі есте болғаны жөн. Ересек тұрғындар арасындағы сауаттылар 55 пайыздай. Сауаттылар көбіне ірі мәдени, өндіріс орталықтарына шоғырланған, олардың кейбіреулері латын әліпбиімен таныс, мұның өзі оларды қайта оқытуға көп жеңілдіктер туғызады. Халықаралық латын әліпбиіне көшу қиындықтарының барлығы да графикалық жағынан жетілген оңтайлы орфографияға көшу арқылы жуық арада сауатсыздықты толық жоюға қол жеткізуімен өтеледі». (Технические и экономические трудности введения латинского алфавита не следует переоценивать, в особенности в отношении полиграфии. Как это показывают прилагаемые тезисы, введение латинского алфавита не потребует коренного переоборудования, если латинизация будет рассчитана на несколько лет. С другой стороны полиграфия технически и экономически настолько выиграет от введения единого латинского алфавита, что расходы на латинизацию несомненно будут покрыты в ближайшее же время достигнутой экономией.

Что касается переобучения грамотных, то, во-первых, следует помнить, что количество неграмотного русского населения до сих пор почти равно количеству грамотных. Количество грамотного взрослого населения, повидимому, составляет около 55%. Грамотное население сосредоточено в наиболее культурных городских и промышленных центрах и частью уже знакомо с латинским алфавитом, что значитель-

но облегчает переобучение. Все трудности последнего компенсируются тем, что международный латинский алфавит, графически более совершенный и связанный с переходом к рациональной орфографии, несомненно в ближайшем же году обеспечит полную ликвидацию неграмотности (понижение срока обучения на неделю – месяц).

Осылайша латынға өтуге бекініп, орыс әліпбиін жасап қойған (үш нұсқасының бірі түрік нұсқасына негізделген) осы мемлекеттік комиссия шешімі В. И. Лениннен кейін Ресейдің билігіне келіп, қолына бар билікті шоғырландырған Сталинге ұнамады. Жаңа билікті әсіресе Түркияның латынға көшуі ойландырды. Түркі әлемінің жазу жағынан бір болуы оларды рухани жағынан жақындата түсетінінен сескенген Кремль өзінің бұрынғы шешімдерін өзгертіп, қолға алынғалы тұрған жұмысты тоқтатып тастайды. Осындай шешімге келуге басты себеп ретінде «латын әліпбиіне көшіру басқа ұлт өкілдеріне орыс тілін үйретуді қиындатып жіберетіндігі» алға тартылды.

Ұзақтау болса да үзінділерді толығырақ беріп отырған себебіміз осында көтерілген бірнеше мәселеге оқырман назарын аудара түсу. Оның ең бастысы – біз түгілі кириллицаның негізгі қолданушысы болып табылатын орыстардың өзі бір кездерде латынға ауысқысы келгендігі. Профессор Н. Ф. Яковлев бастаған беделді комиссияның тұжырымдамасында латынға көшу қажеттілігінің негізгі үш түрлі себебі көрсетілген. Соның ең бастысы «Орыстың азаматтық әліпбиі жүріп өткен тарихында самодержавиялық езгінің, миссионерлік насихаттың, әсіре ұлтшылдықтың, бұрынғы Ресей империясындағы аз ұлттардың әліпбиін орыстандыру құралы ретінде көрінді» – деп, орыс алфавитінің саяси сыпатына, орыс империализмінің басқыншылық саясатын жүргізу құралы болғандығына назар аударып, мұның өзі ертеңіне үлкен үміт артып, жаңа бақытты әділетті қоғам құрамыз деп жатқан елдің әліпбиі бола алмайтындығының айтылуы еді. Әліпбидің осы бір қарапайым халық аңғара бермейтін саяси сыпатын ке-

зінде жалпыхалықтық қоғам орнатамын деп ниеттенген В. И. Лениннің өзі де байқап, «халықтардың түрмесі» атанған патшалы Ресейдің әліпбиінен де арылғысы келгендігі ойлантады.

Өкінішке орай, Ленин қайтыс болған соң, Ресейде мемлекеттік комиссияның пікірі ескеріліп, әліпби өзгермеді; сонымен бірге патшаның отаршылдық саясаты да сол қалпында қалып, кириллица да бұрынғыдай империялық идеологияны жаңаша формада жүзеге асырудың құралы болып қала берді. Империялық пиғылдағы ойларын жүзеге асыруда әліпбиді идеологиялық қару ретінде пайдаланған Кремль төңкерістен кейін латын әліпбиіне көшкен түркітектес елдердің жазуын бірден кириллге ауыстырып, өз мақсаттарына жақындай түсті. Бұл жердегі ең негізгі мақсат ислам дінімен бірге келген араб жазуын тоқтату арқылы билік бірден екі қоянды бір оқпен атып алуды көздеді. Оның біріншісі – атеистік қоғамдағы ислам дінінің негізгі арнасы араб жазуын, оның оқылу, хабар, білім, дін тарату мүмкіндіктерін жапса, екіншісі – әліпби ауыстыру арқылы тұтастай бір халықты сауатсызға айналдырып, ұлттық рухани жадынан айырып, коммунистік рухта жаңадан тәрбиелеуді қолға алды. Әліпби ауыстыру арқылы жүргізілген ұлтсыздандыру саясатынан басқаларға қарағанда әсіресе түркі халықтары көп зиян шекті; ал орыстануға сәл-ақ қалған қазақ халқы үшін әліпби ауыстыру үлкен саяси мәселеге айналып, күні бүгінге дейін идеологиялық текетіретің өзегіне айналып келеді.

Орыс зиялылары өткен ғасырдың басында-ақ айтып кеткен осы бір ащы шындықты тез сезінген тәуелсіздік алған елдер бірден отаршылдықтың символы сияқты болып кеткен алфавитті ауыстыруға кірісіп кетті. Ал тәуелсіз елдер үшін аса маңызды осы бір мәселе Қазақстанда күні бүгінге дейін талқылаудан ары аса алмай келеді.

Осы бір тарихи құжатта сондай-ақ әліпби ауыстырудың техникалық және экономикалық жақтарына тиімді екендігі, дамыған жазу үлгісін адамдардың пайдалануына

қолайлылығы туралы айтқандары да бүгінгі күн мамандарының назарын аударарлық.

Шындығында да кез келген таңба жасырын, әдетте байқала бермейтін белгілі бір ақпараттың көзі болып табылады. Мысалы, «ай» мұсылмандықтың, «крест» христиандықтың белгісі, қазақтың әр руының өз таңбасы болған. Орхон-Енисей жазбалары жазылған сына жазулары түркілік мәдениеттің, кирил славяндық мәдениеттің, латын еуропалық мәдениеттің символы іспеттес. Әліпбилерде осы әр түрлі мәдениеттердің рухы жатыр; әліпбиді қолданған халықтың дүниетанымы, ойлау жүйесі, өмірді қабылдауы, көзқарастары секілді идеологиялық жақтарымен жіпсіз байланыс елеусіз ғана сақталынып жатады (Е. Дастан. Магия и реальность в языке: казахский язык и глобализация. «Қазақ үні», 19-26.08. 2014).

Қай халықтың әліпбиі қолданылса, сол халықтың еңсесі басып тұрады. Бұған мысалды алыстан іздемей-ақ, өзіміздің күнделікті тіршілігімізден анық көріп жүрміз; Қазақстан тәуелсіз ел аталғанымен де қазақ тілінің толық қанды мемлекеттік тіл бола алмай жатуынан, ішкі, сыртқы саясатымыздың Ресей саясатының Қазақстандық үлгісі сияқтануынан, тағы да басқа көптеген жақтарынан айқын аңғаруға болады. Саясат демекші, Қазақстанның Ресеймен бірге кедендік одаққа кіруі салдарынан қазір әліпби ауыстыру мәселесін талқылау күн тәртібінен түсіп бара жатыр.

Түрлі пікірлердің таласқа түсуі – шындыққа барар жол. Қазір қазақ баспасөзі бетінде айтылып жатқан пікірлерге құлақ түрсек, бұл мәселенің сан-салалы аса күрделілігі көзге түседі. Мұны кезінде А. Байтұрсынов та ескерткен болатын: «Екі әріпті теңестіріп, артық-кемін тексеріп, өлшеуге салғанда, таразының табан тірейтін нәрселері мыналар боларға тиіс:

1. тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?
2. қайсысымен басылған, я жазылған сөз оңай оқылады?
3. қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?

4. қайсысы баспаға қолайлы (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы да сонда).

5. үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?

6. көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық? (Алаштың тілдік мұрасы. А., 2009, 29 бет).

Ахмет осылай дей отырып, әліпби жасаудың ұстанымдарын (принциптерін) де анықтап берген. Олар: «1. Жақсы әліпби тілге шақ болу керек...2. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс...3. Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болу тиіс... 4. Жақсы әліпби үйретуге де қолайлы болуы тиіс» (сонда, 79-80 беттер).

Физика-математика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Мұхтарбай Өтелбаев, философия ғылымдарының докторы Дәуренбек Әубәкір, ағылшын тілінің маманы Күнсұлу Ерғалиева «Қазақ әліпбиі етіп, кирилдік алфавитпен қатар латын харпін қолдана бастау қажет; бес-он жыл өткенше таңдалған латын жазуын компьютерлік және техникалық байланыс жүйелерінде, алыс-жақын шетте жүргенқандастарымызбен Internet, E-mail жүйелері арқылы хат-хабар, ақпарат алмасуымызда, яғни елшілік жүйесіндегі мемлекеттік деңгейде, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару және оқу, білім беру ісінде қолдана тұрған дұрыс деп табылсын»- дей келіп, жаңа әліпби жасауда негізінен екі қағиданы басшылыққа алып отыруды ұсынды:

«1 қағида: Техникалық әліпби тек қана ағылшын таңбаларынан тұруы қажет, яғни қабылданатын әліпбиде ағылшын тіліне арналған әліпбиден басқа әліпбилердің танбасы болмауға тиіс және де әріптердің орналасу реті ағылшын тіліндегідей болуы тиіс.

2 қағида: Қазақ тілінде сөздер естілуімен жазылады; осыған мейлінше жақын халықаралық деңгейде орын алып отырған латын әліпбилік таңбаларын транскрипциялық оқу – ауызша айту жүйесін өз тілімізге оңтайлы етіп алуға жол ашылуы тиіс. Демек, балалар бүлдіршін жасынан бастап ағылшын әліпбиін екі тілүшін (қазақ ағылшын) бір ғана жаттап үйренгені дұрыс болар еді» (М. Өтелбаев,

Д. Әубәкір, К. Ерғалиева. Латын графикасын енгізу мәселелерінің жай-жапсары. «Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы», Астана, 2012. 56-бет). Мұндағы негізгі ой қазақ тілінің әліпбиінің негізіне ағылшын әліпбиін алу керек дегенге сайып, тілдің ұлттық ерекшеліктерін ескере бермейді.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері Н. Әміржанова «Әліпби құрастыруда тілдік, психологиялық, педагогикалық, графикалық және полиграфикалық факторлар ескеріліп жасалғандығын» қадап айтумен бірге «Жалпыхалықтық мәдени шараны, лингвистикалық маңызы бар бұл мәселені кідіртудің қажеті жоқ» деген пікір білдірді (Назира Әміржанова. Әліпби – ұлттың рухани байлығы. «Қазақ үні», 29.03.2013). Латынға көшкенде, тілдің әлеуметтік жағына назар аударудың маңыздылығы да ескертілді.

Г. Қортабаева жаңа жазуға көшудің төрт түрлі артықшылықтарын алға тартады. Олар:

«Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды (щ, ч, Э, ц, ю, я) таңбалайтын әріптерді қысқартып, қазақ тілінің табиғи таза төл дыбыстарының қалпын сақтау.

Екіншіден, артық таңбаларға қатысты емле-ережелер азайып, оқыту үрдісі жеңілдейді.

Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – компьютерлік жаңа технологиялар арқылы қазақ тілінің халықаралық ақпарат кеңістігіне еніп, халықаралық дәрежеге көтерілуіне мүмкіндік туады.

Төртіншіден, түркі дүниесінің алыптарының бірі Түркия латынды қолданады. Қазіргі уақыттағы толассыз жүріп жатқан экономикалық қарым-қатынас рухани-мәдени, ғылыми-ағарту жұмыстарына әкеледі».

Автордың негізгі ойы «Анық болатын бір мәселе бар. Ол – қазақ тілі бүгін бе, ертең бе міндетті түрде латын әліпбиіне көшеді» (Г. Қортабаева. Латын әліпбиіне көшсек... «Таң-Шолпан», 2014, №3) – дегенге сайған.

Пікір алысу барысында пікір екіге жарылып, технократтар жаңа әліпбиді түзу әлемдік үдеріске, компьютердің техникалық жақтарына сай келуі алға тартса, филолог ғалымдар әліпби түзуде басты ұстаным ретінде ұлттық ерекшеліктің тілдік негізін құрайтын дыбыстарды жеке-жеке дәл таңбалауды талап етіп жатыр. А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры, профессор Мырзаберген Малбақов жаңа әліпбиді жасарда 4 түрлі ұстанымды басшылыққа алуды ұсынды. Олар:

«- фонология бойынша қазақ тілінің дыбыс жүйесіне бағынуы;

- графология жағынан латын таңбаларының классикалық мазмұнынан ажырамауы;

- ұлттық келбетінің болуы;

- түркілік ұстаным, яғни жалпытүркілік бірігу ісіне қайшы болмауы» (Филологтар съезі: әліпби т-34 нұсқасы қолдау тапты. «Қазақ үні», 21.05.2013).

Өйткені «...әрбір сөз бен дыбыстың өзіндік ерекшелігі, эмоциялық бояуы мен рухы болатындығы даусыз. Бұларды, әрине, тек ол елдің ғасырлар бойы қолданып келген төл сөздерінен ғана сезінуге болады» (Ә. Қара. Түркі дүниесінің ортақ әліпбиі бола ма? «Түркістан», 14.03.2013).

Белгілі фонолог ғалым Әлімхан Жүнісбеков «Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайды. Реформа үш мәселені – дыбыс, әліпби және еміле-ереже – бірдей қамтиды: дыбыс өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы, әліпби сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда қорғаны мен оққағары; еміле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері. Осы үш мәселе бір-бірімен байланысты және қатар шешілмей, төл жазу қалыптаспайды. Ал әліпби ауыстыру қазақ жазуына реформа жазудың алғы шарты және ең төте жолы болып табылады. Егер латын таңбаларын баптап қабылдай алсақ, ондп көптеген тілбұзар әріптер мен емле-ережелер өзінен-өзі түсіп қалатындығын» (Ә. Жүнісбеков. Әліпби мәселесі. «Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы». Астана, 2012,

6-бет) ескертумен бірге «Әркім өз міндетін атқарсын: филологтар дыбыс жүйесін жаңа әліпбиге аман-есен өткізумен, графологтар әріптің тыңғылықты әрі жеңіл де жүйелі болуын қамтысын, грамматиктер емле-ережелерді жөндесін, филологтар жаңа әліпбидің қолданымын тексерсін, ал қолдарынан келсе, ақпараттық технологтар жаңа әліпбиге қажетті барлық программаларды қолға алсын, сонда бәріміз де міндетті теңдей бөліп, күрделі мәселені оңайлатамыз және тездетеміз» («Қазақ үні», 21.05.2013) – деген орынды пікір айтты.

Профессор М. Ескеева «Әртүрлі тарихи кезеңдерде түрлі саяси-әлеуметтік факторларға байланысты бірнеше жазу жүйелерін қолданған (түркі руникасы, көне ұйғыр, араб, көне латын, армян, славян, т.б.) түркі халықтары үшін маңыздысы – міндетті түрде 1000-1300 жыл бұрын қолданылған жазу жүйесіне оралу емес, түркі тілдерінің табиғи болмысын сақтап қалуға қызмет ететін, фонетика-фонологиялық жүйенің ерекшеліктерін дәл бере алатын, заманауи грамотологияның ғылыми-теориялық, методологиялық ұстанымдарына негізделген жаңа тұрпатты әліпби түзу. Бұл жерде әліпбиді меңгерудің психологиялық тұрғыдан қолайлы, әдістемелік жағынан жеңіл болуы, алфавитті қолданудың техникалық тұрғыдан ыңғайлы болуы, реформаны жүзеге асырудың материалдық-техникалық тұрғыдан тиімді болуы шарт. ...түркі халықтарының жаңа әліпбиін түзуге қатысты мәселелер жалпытүркілік континиумда қарастырылса, нәтижелі болмақ» (М. Қ. Ескеева. Ортақ түркі әліпбиі – жалпы түркілік сананы жаңғыртудың кепілі. «Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы». Астана, 2012, 23-24 беттер) – деп, бұл мәселені жалпытүркілік ауқымда қарастыруға үндеді.

Жалпы жазу тарихына көз жіберсек, біздің дәуірімізге дейін шамамен 1300 жылдары жасалған финики таңбалары жер бетіндегі алғашқы әліпби саналады екен. Өзінің алғашқы таңбалануын сақтап қалған «о» әрпі – ең ежелгі әріп. Қазір әлемде араб, латын, кирилица деген сияқты 65

әліпби бар. Ең көлемдісі 72 әріптен тұратын комбоджа тілінің әліппесі болса, ең шағыны 11 әріптен тұратын Бугинвиль аралында өмір сүретін роток деп аталынатын аз халықтыкі. Ал Қытайдың жазуы әліпбиге келе бермейді. Ханзудың иероглифінде 50 000 белгі бар да соның ішінде жиі қолданылатыны – 7 000. Қытаймен бірге жапон, кәріс сияқты халықтардың жазуы да таңбаға негізделгендіктен де олар бір-бірімен сөйлескенде түсінісе алмаса да оқығанда, жобасын ұға алатындай жағдайда (Қараңыз; Әліппенің тарихы. «Ана тілі», 03-06.2013).

Тілші-ғалым Б. Исхан «Қазірге кирилге негізделген әліпбиіміз, ең әуелі, тіліміздің дыбыстық жүйесін бүлдіріп, сосын өзге тілдік сөздерді сол қалпынша жаздырып-айтқызу арқылы ұлттық ой-санамызды құртуға негізделген болатын... Егер біз латыншаланатын жаңа әліпбиімізді өзіміздің төл дыбыстарымызға негіздеп құрастырмасақ, бір батпаққа белшемізден батып тұрып, одан шықпақ түгілі екіншісіне одан әрмен бататынымызды естен шығармауымыз керек. Ұлттық мақсат, мүдде көзделмесе, әліпби ауыстырудың түкке де қажеті жоқ» («Қазақ үні», 05.04.2013) – деген ойын кесіп айтқан.

«Жаңа әліпби қабылдап, ұлттық сананы қалпына келтіретін уақыт жетті. Егер арамызда әзір бар көнекөз табиғи зиялы қарияларымыздың ақылымен санамызды, ойлау жүйемізді, дүниетанымымызды шынайы қазақы қалпына келтірмесек, кейін кеш қаламыз – дүбәра халық боламыз. Тіл түзелмей сана да, ойлау жүйесі де, дүниетаным да қалпына келмейді. Ал біз қолданып жүрген шұбар тіл өміршең емес. Сондықтан әліпби ауыстырып, латын жазу жүйесіне көшетін уақыт жетті, енді кешіктірмеу керек. Бұл – жалпыхалықтық рухани мәселе» деп білетін биология ғылымдарының кандидаты, нейрофизиолог, тіл зерттеуші Рысбек Бейсетаев әліпби ауыстыру арқылы

1. Құлдық санадан арылу.
2. Шұбар тілден арылу (Тіл тазалығын қалпына келтіру).
3. Түркі әлемінің жазу жүйесінде бірлікті сақтау.

5. Әлемдік ақпарат алмасу жүйесінде бірізділікті сақтау» (Р. Бейсетаев. Бұған қазақ профессорлары жаппай қарсы шығатыны даусыз... «Төртінші билік», 08.04.2013) сияқты саяси, ғылыми-тәжірибелік жақтарынан аса маңызды мәселелердің жүзеге асқанын көргісі келеді. Жаңа әліпбиді жасағанда, тек филологиялық жолмен кетпей, физиологиялық жақтарын да ескеру қажеттілігін ортаға салып, кейбір дыбыстардың таңбалануы жайлы нақтылы ұсыныстар айтқан.

Жалпы түркілік бірлік – үлкен арман. Сол бірліктің негізі ортақ әліпбиде, сол ортақ әліпби арқылы жасалатын, ұсынылатын ортақ құндылықтарда жатыр. Сондықтан да жаңа қазақ әліпбиін талқылау барысында осы бір аса маңызды мәселеге де барынша назар аударылып жатыр. «Түркі әлеміне ортақ латын әліпбиін енгізу мүмкін бе?» деген сауалға филология ғылымының докторы К. Матыжанов «Жалпы, түркі әлеміне ортақ латын әліпбиін енгізуге болады. Бұл – жалпы түркітілдес халықтардың арманы. Өйткені барлық түркілер ертеректе бір тілде сөйлеген. Кейіннен заман ағымына сай тегі бір халықтардың сөздерінің дыбысталуында түрлі өзгерістер пайда болған. Бұл жәйт әр ел өз әліпбиін жасағанда да әсер етіп, әр ұлтқа сай төл дыбыстардың көбеюіне әкелді... Яғни, ортақ әліпби жасау мәселесі жолға қойылса, біз осындай төл дыбыстарымыздың жайын ескеруіміз керек...Сондықтан да әртүрлілік болмауы үшін негізгі ортақ дыбыстарды бір таңбамен берсек, тілдік тұрғыдан, жазу тұрғысынан түркілерге жақындай түсеміз. Осылайша ортақ дыбысталу жүйесі қалыптасып, түркітектес ұлттар ешқандай да кедергісіз бір-бірінің жазуын оқып, сөйлесе беруге жол ашылады» (Кенжехан Матыжанов. Иә. «Алаш айнасы», 18.04.2013) деп, жауап берген.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Латын әліпбиі: тәжірибе мен ықпалдастық» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда жасаған баяндамасында Түркі академиясының президенті,

тарих ғылымдарының докторы Дархан Қыдыралы да қазақтың жаңа әліпбиінің жалпы түркілік сыпатта болғанын жөн санады («Алаш айнасы», 08.06.2013).

Мамыр айында Бішкек қаласында өткен Түркі ақсақалдар кеңесінің мәжілісінде Түркия Президент әкімшілігінің басшысы Мұстафа Есен «Егер 34 қаріпті Қазақстан қабылдап, бұл түркі әлеміне ортақ әліпби болатын болса, Біз Түркия Республикасы Қазақстанның қабылдаған әліпбиін қабылдауға әзірміз» (Қанат Қазы. Қазақтар 34 қаріппен көшсе, Түркия да Қазақстанның үлгісімен жүруі мүмкін. «Алаш айнасы», 08.06.2013) -деп мәлімдеді,

Ал филология ғылымының докторы, белгілі тіл зерттеушісі Б. Хасанов мұндай саяси, мәдени, ғылыми маңызы зор мәселені асықпай, ойланып, зерттеп барып шешкенді жөн санайды: «Түркітектес 30-дан астам тіл бар дейміз. Сол тілдердің өзіне ғана тән дыбыстары бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Сол себепті де жалпы түркі әлеміне ортақ латын әліпбиін негізу мәселесін айтпас бұрын алдымен, осы тілдік ерекшеліктерді түпкілікті зерттеп алғанымыз жөн. ...әр халықтың өзіне тән ерекшелігін бұзуға, оған қарсы шығуға ешкімнің хақы жоқ. Ортақ латын әліпбиін енгізу деген мәселені қозғау үшін сол тілдерге сай заңдылықтардың бұзылмауын қадағалауымыз жөн... Ортақ әліпби жасасақ, осындай ерекшеліктер жойылып кетуі мүмкін... Бізге теориялық жағынан ортақ әліпби жасауға болады. Ол үшін фонетикалық тұрғыдан, функционалдық тұрғыдан әрбір дыбыс зерттеліп, соның негізінде тілдің өзгешелігіне мән беріп, тілге залал келмейтіндей жолды таңдап алуымыз керек.. Меніңше, ортақ әліпби енгізгеннен гөрі әрбір тілдің ерекшелігін ескере отырып, ортақ қор құру қажет сияқты» (Бақытжан Хасанов. Жоқ. «Алаш айнасы», 18.04.2013). Бұл жерде әліпби ауыстырудың аса күрделі де жауапты іс екендігі, оны жүзеге асыру барысында шешімін табуы тиіс мәселелер алға ұсынылған.

Қазірдің өзінде-ақ қазақ тілін латын жазуымен таңбалаудың жүзден аса жобасы ұсынылған. Солардың ішінен

тиімдісін тандап алудың өзі оңайға түспейтін түрі бар. Бұлардың барлығы да бір ұстаныммен жасалынбағандығы тағы да белгілі. Ендігі мәселе лингвистикалық, әлеуметтік, экономикалық, техникалық сияқты түрлі ұстанымды басшылыққа ала отырып ұсынылған жобалардың түйісетін ортақ нүктесін тауып, барлық жағынан да жауап бере алатын әліпбиді тандау күн тәртібінде тұр. Әзірше қоғамдық талқылау жалғасуда.

ҚР парламентінің депутаты Г. Сейтмағамбетованы «...латын алфавитін енгізген кезде, мәселен, орыс мектептерінде қандай әліпби болады? Кейбір БАҚ-та айтылған әңгімелерге қарағанда, орыс мектептерінде кириллица жүре береді, ал қазақ мектептерінде латын әліпбиі болады. Сонда бір мемлекетте екі түрлі әліпби бола ма?» («Латын әліпбиіне мемлекеттік тіл ғана көшеді». «Жас алаш», 29.03.2013) – деген сұрақ ойландырады. Осыған байланысты жаңа жазуға көшкен уақытта кириллица мен латын қатар жүріп, мұның өзі ұлтты екіге бөлуге апарып соқтырмай ма, қазір орыс тілінде жүргізіліп жатқан іс қағаздары, орыс мектептеріндегі оқу қай тілде жүреді деген сияқты сан-сауалдардың шешімін табу да оңай емес.

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Уәлихан Қалижановтың пікірінше, «кеңестік психологиядан құтылудың бір жолы – латын әліпбиіне көшу. Ал әдеби классикалық дүниелер өлмейді. Олардың барлығы ғылыми, әдеби айналымға қосылады. Алдағы 12 жылда қоғам, қоғамдық қатынастар өзгереді. Қазақстан халықаралық саяси, экономикалық мәселелерді Ресей арқылы шешпеуі керек» (сонда).

Филология ғылымдарының докторы, профессор Г. Пірәлиева «...20 жылдан асса да қазақ тілі мемлекеттік мәртебесін толыққанды мойындата алмай келеді, ұзаққа созған сайын оның қолдануы да сағызша созылып кете беруі сөзсіз. Сондықтан да латын жазу таңбасына 2025 жылы емес, керісінше тездетіп өтсек, отаршылдық санадан арылып, кеңестік дәуірдегі саясатқа негізделіп, бүгінде оқу

программаларынан алынып тасталған жағымды-жағымсыз кейіпкерлері көп рухани мүгедек туындылардан, төл тарихымыз емес, КСРО тарихы насихатталған жалған дүниелерден арылып, ұлттық қорымызды тазалап алмаймыз ба? Көркемдік құндылықтар мен таза трихифылыми деректерге негізделген монографиялық зерттеулерді де уақыт сынынан өткізіп, «Ғылыми қазына» жобасы бойынша жарияланып жатқан «Классикалық зерттеулер» арқылы жүйелеп, ақпараттардың есепсіз ағынынан елді адастырмай, шынайы шығарманы ғана шығаруды қолға алған жөн сияқты... Оған біздің саяси-экономикалық та, моральдық-құқықтық, психологиялық дайындығымыз да, тұрмыстық-материалдық жағдайымыз да жеткілікті» (Г. Пірәлиева. Латын қарпі бізге не береді? «Жас алаш», 27.03.2013) – деп, латын әліпбиін енгізуді соза бермей, тез арада бастап кетуді ұсынды.

Қаламгер Б. Шарахымбай «Қазақ жазуының болашағы латын графикасында» («Қазақстан-Заман», 21.02.2013) деп, көлемді мақала жазды. «Қазақ үні» газетінің бас директоры, белгілі ақын, қоғам қайраткері Қазыбек Иса «Шынайы тәуелсіздік латынға өтумен келмек» («Қазақстан-Заман», 21.03.2013) атты көлемді мақаласында латын жазуына көшуге қарсылық білдірген 66-ның «Ашық хатына» жауап берді.

Қытайлық қазақ С. Жанболатов елбасы Н. Назарбаевқа тапсырған жазбасынан үзінді келтіріпті: «Өзге елдегі біз Сіздің Қазақстанда қазақ жазуын латыншаға қайтарамыз дегеніңізді естіп қуанудамыз. Әрине, Қазақстанның латыншаға көшуі мұндағы тіл мәртебесінің мемлекеттік деңгейге толық жетуінен соң болғаны пайдалы. Бірақ болашақта көшетін латыншаның жобасын жуықта жариялап жіберсеңіздер, диаспорадағылар соған аунай берер едік. Бұл әр елдегі қазақтардың бет-бетімен латыншаның әр түрлі жобасына кетіп қалмауы, болашақта дүниедегі қазақтардың жазудағы бірлігі үшін өте пайдалы» («Ұлт» порталы).

Адамдардың арасындағы қарым-қатынастардың дамуы барысында электронды ақпараттық құралдардың алатын

орны күн сайын артып келеді. Осыған байланысты кей ғалымдар әліпби жасағанда, бүгінгі күнгі ғылым мен техниканың ерекшеліктерін, талаптарын ескере отырып, соған сай жасамасақ, ол ертең-ақ қолдануға қолайсыз болып, өзінен өзі-ақ істен шығып қалады деген пікір білдіреді. Бұлардың ойынша, әліпбидің компьютерде қолданылуы бірінші кезекте ескеріліп отыруы керек (А. Шәріпбаев).

Енді бір тараптағылар жаңа әліпбиді енгізудің өзі қыруар шығынға батыратынын, оның үстіне өткен кездерде кириллицамен жазылған рухани мұраларды келесі ұрпақтардың оқи алмай қалатындығы сияқты ойларын да ортаға салған. Ақыры әліпби ауыстыратын болсақ, өзіміздің түркілік төл жазуымыз – Орхон-Енисей жазбаларында қолданылған сына жазу үлгісіне көшіп, әлемдік өркениетке төл әліпбиімізбен, шынайы түркілік болмысымызбен барайық деген де пікірлер айтылуда (А. Мектептегі).

Әліпби ауыстыру мәселесінің көптің көкейінен шыққандығы соншалық, қазір ақпараттық, электрондық құралдарда жалпыхалықтық қызу пікіралысу қызу жүріп жатыр. Зиялы қауымнан бастап, қарапайым еңбек адамына дейін өз ойларын ашық айтып, ұжымдық талқылау барысында қоғамдық пікір қалыптасуда.

Әліпби ауыстырудың оңай шаруа емес екендігін кезінде А. Байтұрсынов екерткен болатын: «Хат мәдениеті бар халыққа бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес. Бірте-бірте барып алып кетуге бірталай уақыт керек, бірталай артық тұрған қаржы керек. Бірталай артық тұрған адамның күші, ісі керек. Әуелі ондай қаржы, күш пен іс екі әріппен қатар оқыту, сауат ашу істеріне керек. Екінші баспа дүкендерінде қатар дүкен құрылмақ, қатар жұмыс жүрілмек, басылып шығып жатқан нәрселердің бәрі екі әріппен бірдей басылып шығып тұрмақ... Солай болған соң, әріп алмастыру деген жеңіл мәселе болып шықпайды. Бұл – ел жағынан да, елдің шаруасы жағынан да ауырлығы зор мәселе екендігін еске алып отырып шешетін нәрсе. Үстін қарап,

ат үстінен айтқандай, сөзбен жеңіл шеше қоятын мәселе емес. Салақ қарауға болмайтын салмақты мәселе».

Сонымен, ұлттық тәуесіздігімізді баянды етуге, түркілік бірлікке бастайтын латын әліпбиіне алдағы уақыттарда көшу туралы саяси шешім қабылданды. Ендігі мәселе ұлт өміріндегі осы бір аса маңызды шараны қалай жүзеге асыру төңірегінде болу керек. Көз қорқақ, қол батыр. Өмірде жақсы мен жаманның қатар жүретіні сияқты жаңа әліпбиге көшу барысында кездесетін қиындықтар да шаш етекпен. Шешінген судан тайынбайды дегендей, жарқын болашағымызға қызмет ететін жаңа жазу үлгісін игеруде қандай қиыншылықтар болмасын, амалы болса, оларды алдын-ала болжап, оның ыңғайлы жолын тауып, қалайда аз шығынмен абыроймен орындап шығуға неғұрлым жылдамдық кіріскеніміз абзал.

Кедергілер бірден қаптап, бой беруі қиын болып кетпеуі үшін латынға көшуді сатылап жүргізген жөн. Жаңа жазуға ауысу үшін қазақ тілі алда кездесетін қиындықтардың барлығын жеңе алатындай қуатты болуы керек. Ол үшін толыққанды мемлекеттік тіл ретінде қоғамдық өмірімізде өзіне лайықты орнын алуы тиіс. Сонда ғана алға қойған мақсаттың үдесінен шыға аламыз. Олай етпесек, халық үлкен үміт күтіп отырған осы бір елдің ертеңіне тікелей қатысы бар маңызды шара сәтсіздікке ұшырап, ұлт басына қатер төнуі мүмкін екендігі әрдайым есте болуы керек.

Жүзеге асуы қаншалықты қиын болғанымен де түркі бірлігі – түркі халықтарының жарқын болашағы. Біз қалайық, қаламайық, түркі бірлігі – түркі халықтары үшін «не өмір, не өлім» сияқты мәселе. Қазіргі заманның беталысы бізден осы бір тұтас түркі әлемінің тағдырына тікелей қатысы бар ұлы идеяларды қаншалықты қиындықтарына қарамастан, тез арада қолға алып, іске асыруды талап етіп отыр. Осы бағытта пікір білдірушілердің барлығы дерлік, түркі бірлігіне, түркі халықтарының бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын ортақ тілдің қажеттігіне келген-

де, ойлары бір жерден шығып жатқандығын, ал оны қалай жүзеге асыру керек дегенде, пікір алуандығын көреміз.

Белгілі ғалым, қоғам қайраткері Мекемтас Мырзахметұлы әліпби ауыстырудың қазақ үшін аса маңыздылығын төмендегіше түсіндіреді: «Енді бүгінгі күнгі саяси-әлеуметтік, идеологиялық себептерді ескере отырып, түркі халықтарының бәріне ортақ, бірақ әр халықтың ұлттық ерекшелігі ескеріліп отыратын бір ғана жазу таңбасына өту – болашақ ұрпақтың өмірлік қажеттілігіне айналуда. Өйткені, біз, түрік халықтары саяси-әлеуметтік, идеологиялық жағынан бөлшектеніп, ыдыраудың соңғы шегіне жеттік. Енді рухани тұтастыққа қол созып әрекеттенбесек, алдағы кезеңде ұтылған үстіне ұтыла бермекпіз» (М. Мырзахметұлы. Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы, 2010).

Қазақстанның Кедендік одаққа кіруі қызу талқыланып жатқан мәселені су сепкендей басып тастады. Десек те қарқыны басылғанмен талқылау тоқтап қалған жоқ. Оқатекте болса да әліпби ауыстыруға қатысты материалдар әр жерден көрініп қояды. Солардың бірінде Серік Ерғали «Жаңа әліпбидің қажеттілігі қаріп ауыстыруда емес» – деп, мәселені кеңінен қозғайды. Автор күні бүгінге дейін қазақ тілінің төл әліпбиі жоқ, «қазіргі әліпби қазақ тілінің емес, орыс-қазақ тілдерінің ортақ әліпбиі» – дей келіп, өз ойларын төмендегіше өрбіткен:

«Біріншіден, қазақ тіліне тән дыбыстарды таңбалайтын әліпби қажет. Екінші сатыда шетелдік кірме сөздерді жазу емлесін ойластыруымыз керек. Кез келген кірме сөз қазақ тілінде тұтынысқа түсетіндіктен, ол қазақ тілінің лексикалық қорын байытатын тілдік бірлік қана емес, одан бас тарту да, құтылу да мүмкін емес. Тек қана оның тілге икем қолданысын қарастырып, ауызша әрі жазбаша тұтыныстың форматын нақты белгілеп, ережелеп, грамматиканың бір бөлігіне айналдыруға мәжбүрміз...

Алайда бұған дейін қалыптасқан әлемдік сөздерді тек қана орыс тілі арқылы енгізу салдарын жоюды қолға алу керек... Қысқасы, қазақ әліпбиінің жеңіл әрі сауатты жазы-

луы мен дыбысталуын барынша қарапайым, оңай, әрі тілге тән қағидаларды рәсімдейтін толыққанды тұжырымдамасын қолға алу керек. Бұл тұжырымдама қазақ тіліне тән жазым мен айтым үдерістерін бір-біріне мейлінше бауырластырған әліпбилік жүйені қамтығаны жөн...

Шын мәнінде, біз қазір қаріпті ауыстыруға басым назар аудару арқылы тілдің аса терең де күрделі ахуалын шешуді жайына қалдыратын түріміз бар. Шындығына келгенде, қаріпті ауыстырумен шектелу тілдің қордаланған мәселесін толық шеше алмайды да, шешілмеген лингвистикалық мәселелерді ушықтырып жібермек. Сондықтан қаріп ауыстыру – қазақ тілі үшін екінші пландағы нәрсе. Қазіргі ахуалға байыппен қарасақ, қазақ тілінің бітеу жарасы – емледе. Біз жазу реформасын қаріпті латындандыру үшін емес, керісінше латындандыру науқанын біз тіліміздің жазу мәдениетін реформалау үдерісіне көндіруіміз керек... Сауатты жазуға оңай, ережелері қарапайым әрі орындауға жеңіл, қайшылығы жоқ, бұралқы ережеге бағынбаған емлеге ие болуды мақсат ету керек. Сосын айтым мен жазымның арасы барынша жақын болғаны абзал. Қазіргі заманда тіл неғұрлым жазу мен айтуды қолдануға жеңіл болса, соғұрлым үйренуге жеңіл болады да оның үйренушілері көп болады» (С. Ерғали. Жаңа әліпбидің қажеттігі қаріп ауыстыруда емес. «Ақ жайық», 2014, №3, 193-197 беттер).

«Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз; бойынды қысып, тәніңді тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем де әліпби қолайсыз болады» (А. Байтұрсынов).

Сонымен, қазақ тілінің латын жазуы негізінде әліпбиін түзу мәселесі хақындағы пікіралысулар әлі бір арнаға тоғыса қойған жоқ. Жалпы түркілік руханиятты зерттеумен бірге «барша түркі тілдерінің жинақталған «әліпбиін әзірлеу» («создание консолидированного алфавита для всех тюркских языков») жүктеліп отырған Түркі академиясының мәселесі Қазақстан республикасының сенатында қаралғанда, сена-

тор Қ. Баймаханов біздің қалыптасқан өз кириллицамыз бар, сондықтан да жаңа жазу түріне көшудің қажеті шамалы; егер латыншаға көшсек, осы уақытқа дейінгі кириллицамен жазылған жазба құндылықтарымыздың барлығынан айрылып қалмаймыз ба деген қаупін жасырмады.

Түркі академиясының президенті Д. Қыдыралы осы сияқты латын әліпбиіне көшуге күмәнмен қарағандарға оған ешқандай негіз жоқ, оның үстіне бұл таяу келешектің міндеті екендігін ескерте келіп, «Өзбекстан, Түркіменстан, Әзірбайжан латын қарпіне көшкен. Сол сияқты Түркі академиясын құру кезінде оның міндеттері мен мақсаттарына «жинақталған әліпби түзу» Әзірбайжан мен Түркияның ұсынысы ретінде кіргізілген болатын... Осы бойынша «егер болашақта, яғни 2020, не 2050 жылдарға қарай Қазақстан латын қарпіне көшетін болса?» деп алынған. Жалпы, 1926 жылғы Баку конгресінің шешімі бар, сонда әліпбилерді жақындастыру туралы ұсыныс жазылған. Сондықтан Келісімге де енгізіліп отыр» (А. Шәріп. Латын әліпбиі керек пе? «Айқын», 03.10.20) – деген анықтама берді.

Парламентте өткен осы жиында сөз алған Білім және ғылым министрі А. Сәрінжіпов Түркі академиясының алдында тұрған жұмыстарға тоқтала келіп, негізгі міндеттердің қатарында түркі халықтарының әліпбиін түзуді атап айтты.

Тоқсан ауыз сөздің соңын атақты түркітанушы академик Әбдуәлі Қайдаридың мына бір пікірімен түйіндегіміз келеді: «Енді, орхонға немесе төте жазуға неге көшпейміз деген мәселеге келсек, тек қаріп ауыстыру, былайша айтқанда, бір таңбаның орнына екінші бір таңбаны алуда емес, қазақ жазуының әліпбиін өзгерту арқылы туған тіліміздің табиғи ерекшеліктерін (мәселен, дыбыс құрамын, буын жүйесін, риторикасын, орфография және орфоэпия жүйесін сақтау) қажеттілігінде болып отыр. Сонымен бірге, жазу алмастыру тек тіл саясатымен байланысты шаруа ғана емес, экономика мен демографиялық жағдайға да, қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени мәселелерге де, тіпті, еліміздің демократиялық үрдісіне де қажеті зор мәселе.

Айталық, басқа туыстас түркі халықтары латын жазуына көшіп жатқанда, қазақтардың олардан бөлектеніп орхон немесе төте жазумен жалғыз қалып қоюы – бүкіл түркі қауымдастығынан, олардың рухани-мәдени өмірінен қол үзіп, оқшалануымен бірдей болып шығады. Сондықтан, бізге орхонға көшейік, төте жазуға оралайық деген ешкімге қажеті жоқ ұсыныстар төңірегінде пікір-таласты қайта қоздатып, өрбіткеннен гөрі, Елбасы айтқандай, латыншаға көшудің барлық мүмкіндіктерін қарастырып, кешеуілдетпей бір тоқтамға келетін уақыт болды деп есептейміз. Қазақ елі таңдаудан да, талғаудан да өткен сияқты. Енді, тек латын әліпбиіне уақыт ұттырмай көшу жөнінде, яғни латыншаға қалай өтеміз, қандай үлгі-жобаларға басымдық берілуі керек деген мәселелерді ауызбірлікте жүзеге асырсақ, үлкен абырой болар еді» (Ә. Қайдари. Латын әліпбиі ауызбірлікті күшейтеді. «Егемен Қазақстан. 2013 жыл, 14 ақпан).

Сонымен, негізгі ойымызды түйіндей айтар болсақ, латын әліпбиіне көшу – қазіргі жаһандану барынша қарқын алып, ұлттық тілдерге, мәдениеттерге қауіп-қатерді күшейтіп тұрған кездегі заманның ұлт алдына қойып отырған басты талабы. Біз жаңа әліпбиге көшу арқылы ғана жат сөздермен барынша былғанған тіліміздің түркілік болмысын, бұзыла бастаған заңдылықтарын қалпына келтіріп, туысқан түркі тілдерімен табиғи түрде жақындай түсіп, сонымен бірге әлемдік өркениетке де жақындай беретін боламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың соңына қарай әлемнің үштен біріне жуығын өзіне қаратқан социалистік жүйенің ешкіммен соғыспай-ақ қараптан-қарап тұрып күйреп, шаңырағының ортасына түсуінен бастап, әлемдік дамудың жаңа дәуірі – жаһандану дәуірі басталды. Бұрын қоғамдық дамудың бірден-бір қозғаушы күші капиталистік және социалистік жүйеге бөлінген мемлекеттердің арасындағы идеологиялық, экономикалық текетірес енді мүлдем басқаша бағыт алып, қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтыды; бүкіл әлем шегарасыз майданның алаңына айналды. Бұған дейін социализмнің темір құрсауын бұзып-жарып өте алмай, Батысқа қамалып, қордаланып, қайнап-пісіп, біраз күш жинап алған жаһандану социализмнің орнында қалған елдерге лап қойды. Қазір жаһандану үдерісі әлемнің алыс түкпір-түкпіріне дейін қамтып, күшейген үстіне күшейе түсуде.

Жалпы жаһандану – кейбіреулер ойлайтындай, қолдан жасалған құбыжық емес; керісінше, қоғамдық дамудың жетіліп, түрлі қарым-қатынастардың, алыс-берістердің өріс ала түсуі барысында табиғи түрде өмірдің өзінен пайда болып, ілгерілеудің бірден-бір шартына айналған тарихи құбылыс; «жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі» (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3 том. Алматы, 2001, 610-бет). Қазіргі таңдағы қоғамдық-экономикалық дамуда елеулі табыстарға жеткен елдердің барлығы да жетістіктеріне осы жаһандану үдерісінің арқасында қол жеткізіп, енді осының бірден-бір қозғаушы күшіне айналып отыр. Барлық мәселе осы жаһандануды тиімді пайдалана білуде жатыр.

Қоғам дамуының негізгі екі жағы бар: оның біріншісі ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйенген экономика болса, екіншісі – мәдениет. Жаһандануды ғылым мен

техниканың, экономиканың, сауда-саттықтың дамуына тиімді пайдалана білгендер ұтты да, бұл қолынан келмегендер артта қалып қойды; яғни байығандар байи түсіп, кедейлер кедейлене түсті.

Жаһанданудың барысында Америка Құрама Штаттары бастаған Батыс елдері алға шықты. Азия, Африка, Латын Америкасы құрылықтарындағы елдердің экономикалық жағдайлары нашарлай түсті. Жаһанданудың табиғи жүрісін өз ыңғайларына қарай бұрып, күшке салу әдістерін қолдану барысында жағдайдың ушыққаны соншалық, қазір әлемнің бар байлығы Батыстың қолына шоғырлана түсіп, әлем халқының үштен бірі аштық жағдайында өмір сүруге мәжбүр болуда.

Қазіргі заманда «бәрі өзімде бар» деп, есік-терезенің барлығын жауып тастап, өмір сүру – онша ақылға сия бермейді; мүмкін емес десе де болады. Қалайық-қаламайық әлемдік мауқымда жүріп жатқан жаһандануға қатысуға мәжбүрміз. Бар мәселе өзімізге тиімді жағын пайдаланып, зиянды жақтарынан қорғана білуде жатыр. Осы сияқты күрмеуі күрделі мәселелерді дұрыс шеше білген Азиядағы Жапония, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур, Тайвань сияқты елдер қоғамдық, экономикалық, мәдени дамуларында үлкен секірістер жасап, тамаша жетістіктерге қол жеткізе білді.

Жаһанданудың мәдениет саласында жүруі нағыз жыртықшытық мылтықсыз майданға айналды. Мұндағы басты мәселе адамның сана-сезімі мен дүниетанымын жаулап алуға қарай ойысып, халықтарды ұлттық тілінен, мәдениетінен, болмысынан айыруды көздеді. Өмірдің мәні жалған дүниенің қызығын көріп қалу дегенге саятын батыстық философияның соңына ергендер дүние қызығын қуалап жүріп, тілінен, сөйтіп ұлтынан қалай айрылып қалғанын, сөйтіп мәңгүртке, космополитке айналғанын білмей қалып жатыр.

Қазір әлемде жүріп жатқан осындай тіл майданында әрбір екі аптада бір тіл, сол тілмен бірге бір ұлт өліп жатыр. Өліп жатыр дегенде, халқы қырылып деген емес,

ассимиляцияға түсіп, басқа ұлтқа айналып, сіңіп кетіп жатыр деген мағынада. Бұл дегеніміз – күшті экономикаға сүйенген Батыстық идеологияның дүниетанымын, өмір салтын енгізу арқылы бүкіл әлемді бір оқ шығармай жаулап алу деген сөз.

Жаудан өзін қорғай білген, өзіндік қалпын сақтай алған ұлт қана өмір сүре алады. Қазір әлемнің барлық жерінде дерлік жаһанданудың ұлттық атаулыға зиянды жақтарына қарсы сақтану амалдарын жасап жатыр. Тіпті, дамыған деген Еуропаның алпауыт елдерінің өзі ұлттық құндылықтарын, ұлттық мүдделерін мемлекеттік, заңдық тұрғыдан батыл қорғауға көшті.

Әлемдік ауқымда жүріп жатқан осындай келеңсіз құбылыстардың салдарынан әсіресе, түркі әлемі көп зиян көрді. Түрлі саяси-тарихи жағдайларға байланысты түркі халықтарының көпшілігі отаршылдықтың зардабын шегіп келді; мұндай жағдай күні бүгінге дейін жалғасуда. Отаршылдық саясаттың қитұрқылығы салдарынан билігі өзінде болмауы, түркілік этностардың жеке ұлтпыз деп, бөлшектеніп кетуі сияқты факторлар түркі әлемінің тұтастығына сызат түсіріп, тоз-тозын шығарды. Қазір елуге жуық түркі халықтарының көпшілігінің болашағы жарқырап тұрған жоқ. Ресейдің, Қытайдың, Иранның, тағы да басқа елдердегі түркі тектес халықтар қолында билігі бар ұлттар тарапынан қысым көріп, ассимиляцияға ұшырауда. Кейбір ұлт тілдерінде сөйлейтін санаулы ғана адамдар қалған.

Әр тарапта әлемдік ауқымда қарқынды жүргізіліп жатқан жаһанданудың теріс әсерлерінің салдарынан тәуелсіздігі өз қолындағы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түркіменстан сияқты елдер түркі әлемінің болашаққа ұмтылған көшін бастамақ түгілі, олардың арасындағы өзара саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастар көңіл көншіте бермейді. Бұларда түркі әлеміне қауіп төндіріп келе жатқан жаһандануға қарсы бірлесіп әрекет жасаудан гөрі жеке бастың қамын жасаушылық басым. Міне, осы сияқты көптеген факторлар түркі әлемінің болашағына қауіпін төндіре түсуде.

Түркі әлемін сақтап қалудың жолы бар ма? Бар. Біздіңше, ол – түркілік бірлік. Түркілік бірлікке қол жеткізгенде ғана біз өзімізді, басқа елдерде ассимиляцияланып бара жатқан бауырластарымызды сақтап қала аламыз.

Ал, түркі халықтарын сол бірлікке бастайтын жол бар ма? Бар. Ол жол – түркілік жол. Біздер, түркілер – тегіміз де, тіліміз де, рухани құндылықтарымыз да бір тұтас бір халықпыз. «Бөлінгенді бөрі жейді». Түркі әлемі тұтасып, біріккенде ғана біз ұлы ұлтқа айналамыз. Басқа жолдардың барлығы да – күмәнді.

Түркі халықтарының басын біріктіруге бастайтын ең алдымен, – шығу тегінің бір болуы. Туыстық сезім – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Сондықтан да адамдардың арасындағы қарым-қатынастарда аса маңызды психологиялық роль атқаратын осы бір факторды тиімді пайдалана білу аса маңызды.

Екінші – түркі халықтарының тілінің бір болуы. Шындығында да қазақ тілі, қырғыз тілі, өзбек тілі, түрік тілі деп жүргеніміздің барлығы да бір тілдің – түрік тілінің мәуелі бұтақтары ғана. Түркі тілдерінің түбірі – бір. Олардың бір-бірінен ажырап жүргені кейіннен басқа тілдерден енген сөздердің әр жерде түрліше алынуы.

Тілдік өзгешеліктер қандай елдің боданы болғанына, қандай әліпбиді пайдалануға тікелей байланысты туындады. Түркі халықтары араб әліпбиін қолданған кездерде араб-парсы тілдерінен көптеген сөздер енді. Әліпби ауысып, кириллге көшкенде, орыс сөздері қаптады; латынға көшкен қазіргі кездерде латын-грек тілдеріндегі халықаралық терминдер көбеюде.

Қазір түркі халықтарының біразы латын, біразы кирилл, енді біреулерінің араб әліпбилерін қолданулары олардың арасын қашықтата түсуде. Сондықтан да түркілік бірліктің бастауы ортақ әліпби қабылдаудан басталады деп білеміз.

Бүгінгі таңда түркі елдерінің көпшілігінде латын қолданылатындықтан да басқалардың да осы әліпбиге көшкені жөн. Қазір Қазақстан мен Қырғызстанда латын әліпбиіне

көшу мүмкіндіктері қызу талқылану үстінде. Біздіңше, Қазақстанда болашақта қабылдануға тиіс латын жазуы негізіндегі әліпби осы саладағы тәжірибелердің барлығын барынша саралап, түркі тілдері мен қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, ортақ түркі тілін бағдарға ұстай отырып қабылдануы керек.

Түркі халықтарының басын ортақ түркі тілі біріктіретін болады. Ол үшін түркі халықтарының барлығына ортақ, барлығында кездесетін сөздік қорын, осы негізде үндестік заңына негізделген түркі тілдерінің ортақ грамматикасын жасаудың маңызы зор. Түркілік сөздік қорын жасауда күні бүгінге дейін онша қолданыста болмай, немесе мүлдем пайдаланылмай келген көне сөздерді тірілтіп, айналымға түсіру бірінші кезектегі міндет болмақ.

Түркі тілдерінің толық сөздік қорын жасауда алдымен, түркілік терминологияны бүгінгі күн талабына орай, ретке келтіру керек. Терминдерді бір ретке келтіру алдымен, түркілік терминологияның негізгі принциптерін анықтап алудан басталғаны жөн. Біздіңше, түркілік ортақ терминдерді қабылдағанда, алдымен, түркілік атауларға басымдық беріп, содан кейін барып халықаралық терминдерге жол ашылуы тиіс.

Ал түркілік атаулардың да, халықаралық терминдердің де ғылыми тұрғыдан іштей анықталып алынатын мәселелері баршылық. Бұларды шешіп, анықтап отыруды осы мәселемен арнайы айналысатын мамандардың еншісіне қалдырған дұрыс. Осылайша, түркі халықтарының тілдерінде бір мағынаны түрліше беріп жүрген атауларды бір ізге түсіріп, ортақ термин қалыптастыру мәселесін тілші ғалымдар болып шешіп отырса, ортақ тілдің аясы артып, халықтардың бір-бірімен араласуы, түсінісуі арта түсер еді. Осы бір аса жауапты да қиын істі қолға алып, жүзеге асырып, үйлестіріп отыратын орталық Халықаралық Түркі Академиясы (Астана) болу керек.

Өзі сияқты басқа бір ұлтқа жалтақтамайтын, тәуелді болмайтын ұлт тәуелсіздігін, сол ұлт құрған мемлекеттің

тәуелсіздігін қамтамасыз ету мұнымен ғана шектелмейді. Тәуелсіздікті өзін-өзі толық қамтамасыз ететін мықты экономикаға, дұшпандарынан қорғана білетін мықты әскерге, қоғамды, экономиканы, өндірісті бәсекеге қабілетті етіп, дамытып отыратын ғылым мен техникаға сүйенген ұлттық идеология ғана қамтамасыз ете алады. Сонда барып, ұлтты ұлт қылып, ұстап тұратын ұлттық құндылықтар өркен жайып, халықтың толыққанды өмір сүруіне жағдайлар жасалады.

Әрине, бұл мәселелердің барлығы да оп-оңай орындала салатын шаруа емес. Дәл бүгінгі күнгі түркі әлемінің шынайы ахуалы тұрғысынан қарағанда, арман, қиял сияқты болып та көрінуі мүмкін. Несі бар?! Қазіргі заман арманның да, қиялдың да, тіпті ойға келмеген нәрселердің де жүзеге асып жатқан кезі емес пе? Армансыз адамның болмайтыны секілді болашағын ойламайтын ұлт та болмайды.

Бұл мәселе Еуразияның кең байтақ жерінде жасап жатқан түркі әлемінің бүгінгі жай-күйінен ертеңгі жақсы күндерге деген ұмтылыстарынан туындаған ойлардың бір парасы ғана. Әлемдік өркениетке өзіндік үлес қосып, адамзаттың тарихындағы ерлікке толы өшпес ізі сайрап жатқан 200 миллионнан астам ер түрік ұрпақтарының болашағы жарқын екендігіне сенгің келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Аймауытов Ж. Шығармалары. 6 том, Алматы, 384 бет.
- Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, -2007, 624 бет.
- Айтбайұлы Ө. Тілғұмырлар. Алматы, -2014, 400 бет.
- Айтбайұлы Ө. Тілтірес. Алматы, 2014, 400 бет.
- Алаш көсемсөзі. 1-10 томдар. Алматы, -2010-2011.
- Алаштың тілдік мұрасы. Алматы, -2009.
- Алдашева А., Сүлейменова Ә., Авакова Р. Түркі тілдері: хрестоматия-оқулық. Түркістан, -2004, 382 бет.
- Алпатов В. М. 150 языков и политика: 1917-2000. Москва, -2000, 224 бет.
- Алтай – прародина тюрков. Горно-Алтайск, -2013, 37 бет.
- Алтай в цивилизованном пространстве Евразии. Материалы международной научно-творческой конференции 22 марта 2013 года. Горно-Алтайск, -2013, 122 бет.
- Алтынбекова О. Б. Этноязыковые процессы в Казахстане. Алматы. -2006, 416 бет.
- Атлас народов мира. Москва, -1964.
- Аханов К. Тіл білімі. Алматы, -2010, 560 бет.
- Ахметжанова З.. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. Алматы, -2012, 564 бет.
- Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы, -2006, 200 бет.
- Әбілов Ж. Этнодеформация (Ұлттық сана мәселелері). Қызылорда, -2007, 176 бет.
- Әдебиеттану терминдерінің сөздігі (Құрастырған З. Ахметов, Т. Шаңбай). Алматы, -1996.
- Әкім Ж. Түркі өркениеті негізіндегі қазақ идеясы. Алматы, -2007, 304 бет
- Әкім Ж. Ұлыстың ұлы жолы. Орал, -2011, 351 бет.
- Базиев А. Т. , Исаев М. И. Язык и нация. Москва, «Наука», -1973, 247 бет.
- Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы, -1991, 463 бет.
- Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. Алматы, -1992, 448 бет.
- Байтұрсынов А. Тіл – құрал. Алматы, -2009, 348 бет.

- Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. Москва, -1962.
- Бейсенбайұлы Ж. Арғы түркілер ақиқатының ізімен. Алматы, -2006, 336 бет.
- Бейсенова Г. А. Проблемы глобализации и идентичности. Алматы, -2009, 204 бет.
- Бердібай Р. Достық кемесінде. Алматы, -1976.
- Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін. Алматы, -1996.
- Бердібай Р. Ел боламыз десек... Алматы, -2000, 400 бет.
- Бизақов С. Түбі бір түркілер. Алматы, -2000, 320 бет.
- Бизақов С. Қазақ тілі қандай тіл? Алматы, «Арыс», -2010.
- Бизақов С. Мир тюркских народов. Алматы, -2014.
- Блумфилд Л. Язык. Москва, -2002, 608 бет.
- Бодуэн де Куртэнэ И. А. Избранные труды по языкознанию. 2-том, Москва, -1963.
- Большой энциклопедический словарь. Москва, -2000, 687 бет.
- Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. 1 том. Астана, 2009, 564 бет.
- Бүркіт О. Түркітану. Оқу құралы. Алматы, -2003, 140 бет.
- Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. Алматы, -1996, 426 бет.
- Вахтин Н. Коренное население Крайнего Севера Российской Федерации. Москва, -1993.
- Гринев С. В. Введение в терминоведение. Москва, «Московский лицей», -1993, 309 бет.
- Гумилев Л. Көне түріктер. Алматы, -1994, 480 бет.
- Даниленко В. П., Канделаки Т. Л. Русская терминология. Москва, -1986.
- Джубатова Б. Н., Тулибаева Ж. М., Надирова Г. Е. Введение в востоковедение. Алматы, -2014, 322 бет.
- Джусупов М. Казахская графика: вчера, сегодня, завтра (кириллица или латыница...). Москва, -2013, 106 бет.
- Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Алматы, -1998, 384 бет.
- Елбасы және мемлекеттік тіл. Астана, -2011, 312 бет.
- Есім Ғ. Саяси философия. Астана, -2009, 376 бет
- Жүкешев Қ. М. Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі және даму философиясы. Алматы, -2008, 240 бет.
- Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, -2010, 608 бет.

Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, -2013, 640 бет.

Жұртбай Т. Сүре сөз. Алматы, -2005, 400 бет.

Жұртбай Т. Біртұтас алаш идеясы. Алматы, -2014, 368 бет.

Каксин А. Д. Хакасы: культурные традиции и их трансформация (конец XX – начало XXIв.). Абакан, -2013, 152 бет.

Каримов Б. Р., Муталов Ш. Ш. Усредненные языки: попытка решения мировой языковой проблемы. Ташкент, -2008, 32 бет.

Карпинский А. Е. Основы теории взаимодействия языков. Алматы, 1990, 181 бет.

Кекілбай Ә. Тіл және тәуелсіздік. Астана, -2007, 296 бет.

Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. Алматы, -1956, -1966.

Копыленко М. М., Саина С. Т. Функционирование русского языка в различных слоях казахского населения. Алматы, -1982, 112 бет.

Көкалып Зия. Түрікшілдіктің негіздері. Алматы, -2000, 130 бет.

Көшербаев Қ. Е., Құттыбаева Р. С. Қазақстандағы этносаралық қатынастар мәселелері. Алматы, -1996, 226 бет.

Кривоногов В. П. Хакасы в начале XXI века: современные этнические процессы. Абакан. -2011, 135-бет.

Кшибеков Д., Национальная идея. Алматы, «Дайк-Пресс», -2007, 340 бет.

Қабышұлы И. Тұран әлемі. Алматы, -2007, 320 бет.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 14 том. Алматы, -2011.

Қазақ совет энциклопедиясы. 11 том. -1977, 632 бет.

Қазақ тарихынан. Құрастырған Н. Құлмұхамбетова. Алматы, «Жалын», -2004, 464 бет.

Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы, -1998.

Қазақ тіл білімі мәселелері. Алматы, -1959, 174 бет.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3 том. Алматы, -2001, 720 бет.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8 том, Алматы, -2006, 704 бет.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9 том. Алматы, -2007, 688 бет.

Қазақстан – 2050. Терминологиялық анықтамалық. Астана, -2014, 396 бет.

Қазақтану өрісі. Редакциясын басқарған Ж. Молдабеков. Алматы, «Қазақ университеті», -2005, 204 бет.

Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. Екінші халықаралық түркология конгресі. Түркістан, -2006, 480 бет.

- Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, -1998.
- Қайдаров Ә., М. Оразов. Түркологияға кіріспе. Алматы, -1985, 166 бет.
- Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы, -1993, 43 бет.
- Қалиұлы Б. Қазақ тілінің көкейкесті мәселелері. Алматы, -1997.
- Қашғари М. Түбі бір түркі тілі. Алматы, -1993, 192 бет.
- Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. Алматы, -2011, 369 бет.
- Қойгелдиев М. Қазақ елі: ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (ХІХғ. – ХХІғ басы). Алматы, -2014, 432 бет.
- Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. Алматы, -1998.
- Литературный энциклопедический словарь. Москва, -1987, -752 бет.
- Махат Д. Тіл мен діл тағдыры: тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат. Астана, -2007, 192 бет.
- «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет, аударма және журналистика» атты халықаралық конференция материалдары. Алматы, 24-26.04. -2014,.
- Мемлекеттік тіл – ұлттық бірегейліктің негізі. Алматы, -2001, 320 бет.
- Михайлов М. М. Двухязычие. Чебоксары, -1969, 136 бет.
- Мусаев К. Формирование и развития терминологии на титульных языках республик Российской Федерации. Москва, 2000.
- Мұқан Шыңғыс. 10 причин, почему важно знать и говорить на казахском языке. Алматы, -2012, 448 бет.
- Мырзаханов Жакып. Тарих қойнауынан. Алматы, -2004, 240 бет.
- Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы, -2010.
- Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы, -1999, 296 бет.
- Назарбаев Н. Ой бөлістім халқыммен. Алматы, -2006, 244 бет.
- Народы и культуры Южной Сибири и сопредельных территорий. Материалы Международной научной конференции, посвященной 70-летию Хакасского научно-исследовательского института языка, литературы и истории (24-25 сентября 2014 года). Абакан. -2014, 254 бет.
- Оконешников Е. И. Лингвистические аспекты терминологии якутского языка. Автореферат. Якутск, -2005.

- Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Алматы, -2009, 368 бет.
- Осман А. Қазағым барда – мен бармын. Алматы, -2011, 368 бет.
- Осман А. Ә. Тіл тәуелсіздігі – ел тәуелсіздігі. Алматы, 2011, 480 бет.
- Өркениеттер диалогындағы түркі әлемінің ролі. Халықаралық ғылыми симпозиум материалдары. Алматы, -2009, 344 бет.
- Письменные языки мира. Языки Российской Федерации. Социолингвистическая энциклопедия. Книга 1. Москва, -2000, 656 бет.
- Письменные языки мира. Языки Российской Федерации. Социолингвистическая энциклопедия. Книга 2. Москва, -2003, 848 бет.
- Республика Алтай. Краткая энциклопедия. Горно-Алтайск, -2010, 366 бет.
- Реформатский У. А. Введение в языкознание. Москва, -1967,
- Рүстемов Л. З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. Алматы, -1989, 320 бет.
- Сайран Ә., Сейітқали М. Қазақтар және түрік әлемі, Алматы, «Баспалар үйі», -2009, 360 бет.
- Салғараұлы Қ. Түрік әлемі. Астана, -2010, 476 бет.
- Салғараұлы Қ. Ежелгі түріктер. Астана, -2012, 376 бет.
- Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы, -1998, 304 бет.
- Сәрсенбаев Т. Ұлтаралық қарым-қатынастар саясаты мен мәдениеті. Алматы, -2000, 88 бет.
- Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұлы Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. Астана, «Фолиант», -2012, 248 бет.
- Словарь литературоведческих терминов (Редакторы-составители Л. И. Тимофеев и С. В. Тураев). Москва, -1974, 509 бет.
- Социально-экономическое развитие Хакасии (XX-начало XXI века). Абакан, -2014, 250 бет.
- Сөз атасы. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер. Алматы, -1987, 208 бет.
- Сөз сарасы. Тіл туралы афоризмдер. Құрастырғандар: Е. Шәймерден, Е. Тілешов. Алматы, -2009, 160 бет.
- Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. Алматы, -2013, 497 бет.
- Сулейменова Э. Д. Языки народов Казахстана. Алматы, -2007, 304 бет.
- Сулейменова Э. Д., Смагулова Ж. С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. Алматы, -2005, 344 бет.

- Сулейменова Э. Д., Шаймерденова Н. Ж. Словарь социолингвистических терминов. Алматы, -2002.
- Сулейменова Э. Д., Шаймерденова Н. Ж., Аканова Д. Х. Языки народов Казахстана. Алматы, -2007, 304 бет.
- Тарихи-мәдени мұраның өркениеттер диалогындағы ролі. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, -2009, 520 бет.
- Татимов М., Татимова М. Глобализация демографии. Алматы, -2010, 147 бет.
- Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі қазақ тіл білімі. Алматы, -2011, 288 бет.
- Терминдер және олардың аудармалары. Алматы, -1990.
- Терминология мәселелері. 1-кітап. Астана, -2006, 288 бет. Терминология мәселелері. 2-кітап. Астана, -2006, 228 бет.
- Тоқтабай А. Түркі халықтарының этномәдениеті. Алматы, -2006, 328 бет.
- Төлепберген Б. Ұлттық идея – тәуелсіздік тұғыры. Алматы, -2011, 240 бет.
- Торкман А. Э. Ислам и глобализация. «Феномен глобализации в контексте диалога культур». Москва, -2010.
- Төрекұлұлы Н. Жат сөздер туралы. Астана, -2005, 72 бет.
- Трошкина И. Н. . Семья титульных этносов Южной Сибири. Абакан, 2014, 104 бет.
- Түркологиялық жинақ. Астана, -2012, 768 бет.
- Түркітану мәселелері: бүгін мен болашағы. Конференция материалдарының жиынтығы. Алматы, -2001, 639 бет.
- Түркітану мен қазақ филологиясының дамуы: ғылыми мұра және ғалым феномені. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, -2014, 380 бет.
- Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. Астана, -2002, 700 бет.
- Тіл әлемі. Белгілі қазақстандық ғалым М. М. Копыленконың 85 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 1-ші том. Алматы, -2005, 464 бет; 2-ші том, Алматы, 2005, 575 бет.
- Тіл білімі сөздігі (редакциясын басқарған Э. Д. Сүлейменова). Алматы, -1998.
- Тіл және руханият: өзекті мәселелер. Астана, -2010, 560 бет.
- Тюркские народы. Алматы, -2004, 382 бет.

- Утешов С. К., Чинаилова А. М. Этносоциология. Алматы, -2011, 120 бет.
- Ұлттық идея – отандастардың тәуелсіз Қазақстанның игілігі жолында бірігу факторы. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, «Атажұрт», -2011, 272 бет.
- Хабсагтарұлы Ф. Қазақ болмысы. Алматы, 2011, 360 бет.
- Хайруш А. Түркілер: тарихы мен тағдыры. Алматы, -2002, 160 бет.
- Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы. А. Байтұрсынұлы әліпбиінің 100 жылдығына орай ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Астана, -2012, 118 бет.
- Хаменей С. М. Толкование глобализации в исламе. «Глобалистика: международный междисциплинарный словарь». Нью-Йорк. -2006.
- Хасанов Б. Х. Языки народов Казахстана и их взаимодействие. Алматы, -1970, 216 бет.
- Хасанов Б. Х. Казахско-русское двуязычие. Алматы, -1987, 200 бет.
- Хасанұлы Б. Языки народов Казахстана: от молчания к стратегии развития (социопсихологические аспекты). Алматы, 2007.
- Червонная С. Қазіргі Ресей Федерациясындағы ұлттық азшылықтар проблемасы туралы. «Ұлттық азшылықтар проблемалары бойынша Еуропалық журнал». 2013, №6 (Swetlana Czerwonnaja. Probleme der nationalen Minderheiten im postsowjetischen Russland // «Europäisches Journal für Minderheiten»), 2013, Nr 2, Vol. 6. S. 78–100).
- Численность и расселение народов мира. Москва, -1962.
- Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы. Алматы, 2013, 904 бет.
- Шаханов М. Төрт ана. Алматы, -2014, 1022 бет.
- Шонанұлы Т. Үш томдық шығармалары. 3 том. Алматы, -2013, 384 бет.
- Шілдебай С. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. Алматы, -2002, 214 бет.
- Шілдебай С. Ресейдің Түркістанды отарлау саясаты (1867-1924 жылдар). Алматы, -2004, 114 бет.
- Шүкірұлы С. Тілтану белестері. Алматы, -2009, 248 бет.
- Язык: система, функционирование. Алматы, 2007, 379 бет.
- Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, -1997, 543 бет.
- Языковая ситуация и языковая политика в республике Алтай. Горно-Алтайск, -2010, 228 бет.

Языковые проблемы в Российской Федерации и законы о языках. Москва, -1994.

Jespersen J. Paper in international langvage. L. -1921. – S. 142.

Emine Gursoy-Naskali. Turk dunyasi gramer terimleri kilayuzu. Ankara, 1997,190.

Mustafa Uslu. Ansiklopedik turk dili ve edebiyati terimleri sozlugu. Istanbul, 2007, 382.

Seyit Kemal Karaalioglu. Ansiklopedik edebiyat sozlugu. Istanbul. 1978.

XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О. Жұбаева. Алматы, -2008, 640 бет.

Сондай-ақ, жұмысты жазу барысында «Абай», «Айқап», «Ана тілі», «Адам бол», «Айқын», «Ақиқат», «Ашық алаң – Трибуна», «Дат», «Дәстүр», «Жалын», «Жас алаш», «Жас қазақ», «Жұлдыз», «Егемен Қазақстан», «Қазақ», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ үні», «Қазақстан-Заман», «Мәдениет», «Президент және халық», «Терминологиялық бюллетень», «Туған тіл», «Түркістан», «Век глобализации» секілді «халықтың көзі, құлағы» саналатын баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде жарияланған материалдар қоғамдық пікір ретінде кеңінен пайдаланылды.

МАЗМҰНЫ

Жаһандану дәуірінің өзіндік ерекшеліктері	3
Әлемнің тілдік бейнесі	22
Жаһандану дәуіріндегі түркі әлемі	56
«Мың өліп, мың тірілген» қазақ тілі	107
Тәуелсіздік тұсындағы қазақ тілі	128
Мақсат – түркілік бірлік	274
Ортақ тіл – өмір талабы	312
Ортақ әліпби мәселесі	333
Қорытынды	392
Әдебиеттер	398

«Таңбалы» баспа орталығының президенті
Мырзабай ОМАР

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

МӘҢГІЛІК МАЙДАН
немесе тілдер тоғысындағы
түркі әлемі

Редакторы Ұлан ЕРКІНБАЙ
Тех. редакторы Санат ТӨРЕБАЙҰЛЫ
Корректоры Қуат ДҮЙСЕН

Басуға 03 12 2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂ Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 28,0.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс 62.

Біздің мекен-жайымыз:

Алматы қ., Алатау ауд., Молодежная көшесі, 11-үй.
www.tanbaly.com. Электронды адресіміз: tanbalykz@gmail.com
Қалта телефондары: +7 701 710 21 94; +7 701 232 90 57; +7 700 492 87 48